

84 5453-2
188

ГИБРДАТЫ ГҮММІР



АЛЧИНСТЫ И ВРЕМЯ

Байкен Эшімов

Жұмағали ЫСМАҒҰЛОВ

Бәйкен Әшімов

(Fұмырнамалық деректі хикаят)

АЛМАТЫ,
“ҚАЗАҚСТАН”
2008

ББК 84 Қаз 7-4
Ы 88

БҮЛ КІТАП ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ӘДЕБІЕТ
ТІЗІМІНЕ ЕҢГІЗІЛГЕН

Ысмагұлов Ж.
Ы 88 **БӘЙКЕН ӘШІМОВ.** Алматы: ЖШС “Қазақстан”
баспа үйі”, 2008. – 320 бет + 16 бет суреттер.

ISBN 9965-10-073-X

Ы 4702250201-07
00(05)-08

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-10-073-X

© Ысмагұлов Ж., 2008.
© ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”, 2008.

ТАМЫЗДЫҢ ТАҢЫНДА

Адам тағдыры. Азамат жолы.

Өмір дариясының арнасын бұзып, ағысын бұра тартқан ауыспақ заманның абы дәмін тата жүріп, құрдымның түңгішіне батып кетпеген, қайта, сол аласапыранның ақжал толқынына ілесіп аман қалған пендениң тағылымды пешенесі. Алмағайып астан-кестеннің алакеуім ақ тұманында ада-сып қалмай, оның не бір бұралан-бұрылыштарында тығырыққа қамалмай, даңғылға қарай жөн таба білген азамат жолы.

Өмірдің мән-мағынасы, оның терен философиясы туралы талай замандардағы не бір ғұлама ғалымдар мен ойшыл даңалардан қалған некилі ғибратты сөздер бар. Әр түрлі халықтың әр заманда оның өмір тіршілігінің ынғайына қарай лайықтап айтылған, өзінің ұғым-түйсігі мен таным-тұжырымынан туған тағылымды түйіндер.

“Ешкім де дүниеге дап-дайын күйінде, әбден қалыптастып келмейді. Ал өмір атаулының бәрі де үздіксіз қимыл үстіндегі даму, тынымсыз жетілу деген сөз”.

Бұл – біздің ұғыммызыға жақындау бертінде өткен Белинский сөзі. Адам өміріне соның берген аныктамасы. Қарапайым тіршілік қамынан ғөрі кітаби қағидаға қарай ойысатын ой сорабы.

Озге бір өрістен сөз түгендер, дүниеге келген адамның шарыз-қарызы жайында ой сауған Саллютий атты данышпаннның айтқаны мынау: “Өмір сүруге және өмірдің рахатын көруге лайықты бір-ак адам бар. Ол – өзінің алдына ізгі мақсат қойып, соның жолында өнегелі іс тындыратын немесе тереңнен ой толғап, артына өлмейтін сөз калдыратын адам. Ал әркімнің нақты қандай қызметпен шұғылданатынын торабы тоқсан түрлі табиғаттың өзі айтып береді”.

Адамның бойына біткен талабы мен табиғи дарынына ден қойған тағылымды сөздің бір сарасы осы болса керек.

Ал адамның ішкі талабын оятып, бойындағы дарын-қабілетінің қөзін ашатын нұсқаны Толстой былай түйіндейді: “Өмірден жиіркенбей, үнемі ләzzат алып өтудің бір-ак жолы бар: ол – тіршілікке қажетті жарық сәулені сырттан алмай, өзің оған шырақшы болу, оған өз жаныңың сәулесін түсіріп, жана білу”.

Осы айтылғандарды қарапайым халық тіліне аударып, қазақы қағидаға айналдырысақ, әлбетте “талапты ерге нұр жауар”, “көре-көре көсем боласын”, “ер туса – елдің бағы, ел қорғаны” деген қанатты қайырымдар көкейге үлдайты. Талай замандар бойы үйелмені үзілмей, елдің құт-берекесінің үйтқысы болған дала даналары мен алаш азаматтары дүниеге осылай келіп отырған.

Хикаямыздың кейіпкері Бәйкен Әшімұлы өзінің өміrbаянын былай деп еске алады: “Мен 1917 жылдың тамыз айында мал баққан жартылай көшпелі қазақ ауылында, орташа ғана ауқаты бар Жақып баласы Әшім деген кісінің отбасында дүниеге келіппін. Тамыз айы қазақ ауылшының қан жайлауда малын қүйлендіріп, маңайдағы ағайын-туғанмен аралас-құралас болып, сауық-сайранды күй кешетін бір алансыз кезені болса керек. Әсіресе біздің өнірде жаздың қыска таңында алтыбақанда шырқалған Ақан әні бүкіл жайлаудың сәні болып, әр адамның көкірегінде жанғырып жатар еді”.

Осы арада жергілікті ел өмірін қөніл қөзімен жіті көре білген автор қиялында даусызың бір шындық бар. Ол – осы өнірді, оның туып-өскен мекенді өлкесін мәнгі өлмейтін әсем әнімен де, еркіндікті ансаған, әсемдікке құмартақан жұртының серілік сәнімен де көркейтіп өткен ұлы Ақанның ел есінде сакталып, жалғастырылып келе жатқан әншілік, серілік дәстүрі еді. Әсіресе оның ата салтымен қанына сінген атбейлік үрдісі болатын.

Ақанның дүниеден өткеніне төртінші ғана жыл. Өмірінің соңғы кезеңінде біріне-бірі жалғаса келген қайғы-қасіреттен зар шеккен мұн-шерге толы өуені әлі ел құлағында. Сонау бір жылдары айышылық жерлерге дүбірі жеткен аламан бәйгеде Атығай-Қарауылды түгел сүйсіндірген Құлагер тұяғының дүбірі әлі де ел жүргегімен бірге соғып тұрғандай.

Сол кезде Ақанның атбөгілік өнерін мирас еткен бүл өңірдің жас серілерінің бірі ретінде ел аузына ілінген жігіт Әшім еди.

— Құлагерден кейінгі тәуір жылқы баласын іздесен Жақыптың Әшіміне бар, — деген сөзді әркімнің-ақ аузынан естуге болатын. Айтса айтқандай, шаруасы шағынғана шаңырактың күнкөрісіне шақталған бірер үйірдің сыртындағы санаулы қылқұйрық шетінен сәйгүлік болып шығатын. Жорғасы мен жүйрігі де, сұліктей сыландаған мақпал қарасы мен аламанның алдын бермейтін тарлан бозы да соның ішінен табылатын.

Тұнғыш нәрестесі дүниеге келген куанышының құрметтіне сол сәйгүліктердің екеу-ұшеуін алдына салып, Әшекен бір күні Саумалкөлдің базарына тартты. Арадағы күншілік жерді астындағы жирен қасқаның жедел аянымен мерзімді мезгілде жүріп өткен пысық жігіт бабындағы жылқыларын ойлаған бағасына оңай өткізді де, қаладағы бірлі-жарым “тамырларын” адақтап “амандық білгеннен кейін”, қоржының екі басын базарлыққа толтырып алып, кері қайтты. Сонда үйдегі жас босанған жары мен жөргектегі сәбиіне арнаған пұлынан басқа қаладан әкелген тосын хабары да бар еди.

— Қызық бар, — деді ол алдынан шыққан ауылдас ағайындарына, — қаладан естіп келдім: патшаның тағы құлапты. Күні кеше шіркеуіне барғанда соның амандығын тілейтін мұжықтар енді “еркіндік” деп еліріп отыр. “Бұдан былай заман өзгереді” деп өзегерейді шетінен.

Қаладан елегізіп қайтқан қағылез жігіт естіген жаңалығын осылай актара салды да, сәл ойланып қалып, көкейіндегі тағы бір ойын сұыртпақтап шығарды.

— Мениң Бәйкенім сол жаңа заманның төлбасы болады, әлі көрерсіндер, — деп көтеріле сөйледі. Өзі ойламаған осы сөзді айтуын айтып қалса да, тосындығына сәл тосылып тұрып, ішінен: “аузыма құдай салған шығар” деп топшылады. Бірақ ойының қалай іске асарын Әшекен ойланып үлгерген жок. Одан арғы жалғасын Бәйкен өз естелігінде былай сабактайды.

“Мен туған жылан жылы дәл сондай көңіл көркі болды ма, болмады ма, — ол арасы маған анық емес. Бірақ әйтеуір сол жылдың аяғы біздің үйге бір қаралы қайғыны ала келіпті. Мен алты айға толар-толастан ат құлағында ойнап жүрген

жігіт – менің әкем кенеттен қайтыс болады. Сөйтіп, мен туған әкемді көре алмай қалыптын".

Бұл күнде өзі талай балаға әке, ата болып, оның әр жағында елге аға атанған кісінің де өз әкесінің дидарын көре алмауы, әрине, өкінішті-ақ. Бірақ, "жетім қозы тас бауыр, маңырап да отығар" дейтін халық мақалында ашы өмірдің шындығы бар. Арыстай азамат мезгілсіз дүниеден өткенімен, құла төбел ауыл тірлігі тоқталып қалмаған. Жылы толып, асы берілгеннен кейін, жөргегінде баласы бар жас әйелді ағайындары әменгерлік жолымен қайын інісі Қабдолла деген жігітке қосады.

"Мен ес білгенде, біздің үйдің иесі сол Қабдолла ағам еді", – деп еске алады Бәйекен. Одан кейінгі есте қалғаны – бір шоқ қызыл қайынның бауырында шашырай орналасқан шағын ғана ауыл. Әр үйдің қора-қопсысы өз алдына жеке. Олай болатыны – әркім азын-аулак қара малын қыстығұні қолда ұстайды да, құн қыза бастаған шағырмак кездे жұқалап шөп шашып, шарбақтың ішіне бос жібереді. Жылқы тұяғы жақын маңайдағы шектеулі жерде тебіндеп жатады.

"Шектеулі" деген сөздің де өзіндік мәні бар. Бұл өнірдегі жерлердің көбі және ең шұрайлысы ертеректегі переселен жылдары ішкі Ресейден қоныс аударған қарашекпен шаруаларға кесіп берілген де, қазақ ауылдары бұрынғы ата қоныстарынан кейін ысырылған. Өріс-қоныстары тарылып, отысуы тапши, тақырға қарай көшірілген. Қыс қыстау мен жаз жайлаудың өрісі тарылып, мал басы едәуір шағындалып қалған.

Мұның бәрін бала Бәйкен, әлбетте, көрген жок. Кейінірек, үлкендерден естігені. Ал өзінің білетіні – туған ауылы Шабақбай одан гөрі көлемдірек Ақмолда деген елді мекен мен Аксеновка атты орыс поселкесінің екі ортасында, жогарыда өзі айтқан шоқ ағаштың бауырында бұғып жатқан жатаған шым үйлі қоңыр үйлер болатын.

Сонымен, уақыт өтіп жатты. Баяғыда әкесі ат үстінде тұрып: "балам ел ағасы болар ма" деп ырым еткен нәресте жеті жасқа жетті. Енді молданың алдын көріп, тіл сындыратын уақыты болды. Соны ойлаған Қабдолла ағасы мұны қолынан жетектеп, ауылдағы Нұғыман пірәдардың үйіне ертіп келді.

— Молдеке, мына бала сізге аманат. Сүйегі біздікі болғанда, еті – өзініздікі. Эйтеуір мұсылмандыққа бір қаратып берсөніз болады, — деді ағатайы қабағы тұксиген сәлделі карттың алдында қалбалақтап.

Соданбылай қарай екі жыл бойы молдекенің алдында шарт жүгініп отырып, асты-үстінде нүктесі көп болғанмен, иректері бір-біріне ұксас хадимнің қын қаріптерін қинала жүріп игергендей болды. Құранның алғашқы аяттарына тіл сындырып, құндіз аруақтарға, түнде тірілерге иман шарттарын бағыштайтын дәрежеге жетті. Бес уақыт намаздың тиісті рәқағаттарын жаттап, жайнамазға жығылуды үрренді. Сабактың ара-арасында пірәдар үйінін сүйін әкеліп, отынын ұсақтады. Жуандau ағаштарын арамен кесті, балтамен жа-руға төседі. Ұсақталған отынды молдекенің ауыз үйіндегі казандықтың қасына тасып беруді де ұмытқан жок.

Сейтіп жүргенде молдекенің алдынан шығатын күн де жетті. Арқа-басы кеніп, ауыл балаларымен емін-еркін ой-науға мұрсат алды. Бір күні Қабдолла ағатайы шешесімен тағы да ақыл қосып әнгімелесті.

— Жұрт жаңа окуға ден коя бастады. Бейкенге де кара танытпаса болмас. Ораз ауылына апарып, Бейсенбіден оқыткан жөн болар, сен қалай қарайсын? — деді ағатайы анасына қарап.

— Барса барсын. Оқығаны дұрыс қой, — деді анасы да костап.

Сонымен бұл көршілес Ораз ауылына (кейін “Жетістік” деген ұжымшар болған) барып, жаңағы Бейсенбі деген мұғалімнің өз үйінде тұрып оқитын болды.

Өз ауылындағы Нұғыман пірәдардың үйіндей емес, мұндағы оку одан едәуір көңілдірек көрінді. “А”, “б” деген әріптері көзге көрнекті, “ана”, “бала” деген сөздері де түсінікті; суреті бар кітаптан оқып, қарындашпен қағазға көшіріп жа-зудың өзі қызық. Ауылдағы анасы мен кішкентай бөпелерін сағынып жүрсе де, мектептегі окуға тез ауаланып, үрреніп кетті. Өзі де әжептәуір қара танып, қағаз бетіндегі таңбаны ежіктеп окуға көзі қарастанды. Әсіресе есеп сабағына елігіп, бірсыпыра сан үрренді.

Бірақ, бұл оку ұзакқа бармады. Бейсенбі ағайдың бағдарламасы бітті ме, әлде әрі қарай окуға үйдің жағдайы келмеді

ме, ол арасын білмейді. Әйтеуір Бәйкен бала бірер жылдай оқып, үйге қайтты.

Бұл кезде ауыл тұрмысына бірсыныра жаңалық кірген. Баяғыда “заман өзгереді” деп Саумалқөлдін орыстары айтқан сөз расқа шықты ма, әйтеуір бір соны леп сезіледі. Жоғары жақтан үекіл дейтін бір адамдар келе бастапты. “Тік-аяқ”, “қызыметкер” аталатын кісілер де солар құралыптас: киім киістері өзгеше, қолдарына ұстаған папкелері, мойындарына асынған сөмкелері бар. Сөйлейтін сөздері де өзгешелуе, бір түрлі қатқыл. Орталықта “кеңсе”, “қызыл бұрыш”, “кәперетіп” деген үйлер ашылып, төбелеріне “қызыл жалау” тігілетін болыпты. Сол жақтан “белсенділер” келе жатыр десе, бір түрлі ауыл адамдары үркісп, берекелері қаша бастайды. Ересектерді “жиналыс” деп кенсеге, “үйірме” деп, “саужой” деп мектепке қайта-қайта шакырғаннан жұрт ығыр болуга айналған. Бірақ осының бәрі балаларға қызық. Бұзау бағудан, қозы қайырудан қолдары босаса-ак, солай қарай жүгіреді. Үлкендер бас қосқан жерде асыр салып ойнаудан артық не қызық бар?..

Эрине, Бәйкен де соған елігеді. Бірақ Ораз ауылынан келгелі мұның аңсары ауып тұратын бір нәрсе бар. Ол – кітап. Қолына ала таңбалы қағаз түссе, соған шүқшиып қадала қалады. Кенсе мен оның бір жақ қапталындағы қызыл бұрышқа барғыштай беретіні де содан.

Алайда ауыл тұрмысы мұнымен де бір сабасына түсіп тұрақтай алмады. Алғашында жай келіп-кетіп, жұртты тұн баласына сарылтқан сансыз көп жиналыстардағы жалан ұран, жадағай сөзбен қайтып жүрген көп үекіл енді: “Мойынсерік!” – деп, “ТОЗ!”, “ТОЗ!” – деп, “Жойылсын жеке меншік!” – деп өзеурейтін болды. Оның аяғы “коммуна” деп, “қалқоз” деп дікілдеген беймаза науқанға айналды. “Ауылды көшіреміз”, “пункт саламыз” деп үй-үйдің тізімін алып, жаңа жерден қоныс қарастырған “землемірлер” (жер өлшеушілер) зіркілдеді.

Ақыры ауыл-аймақ көлемінде адам түсінбестей бір аласапыран басталып кетті. Қашаннан бері Айыртауға арқа тіреп, соның ығында паналап келген Шабакбай әuletі құнбатыс бетте мойыны қашық жатқан Рузаев ауданына қарайтын болды. Ауыл тік көтеріле көшіп, көршілес Ақмолдаға

барып қосылды. Екі ауыл бірігіп, Фрунзе атындағы ұжымшарға айналды.

Бұған, әрине, Шабақбай жағы наразы.

“ТОЗ!”, “ТОЗ!” деп жүріп, ақыры бізді тоздырып тынды. Енді “қалқоз! қалқоз!” деп қақылдап жүріп, қазан-ошағымыздан, өз бетімізben түтін түтетіп отырган баспанамыздан айырап ма екен мына сүмдар?! – деп ашынған сөздер олардың аузынан жи естіле бастаған. Сөйтсе, бұл пәленің басығана екен. Зобалаңның зоры алда екен.

Сол қасіретті тәптіштеп жатпас бұрын, сәл де болса көніл сергітер сөуледей жарқ еткен бір жақсылықты да айта кеткен жөн болар. “Көп зақымнан бір рақым” деп халық бекер айтпаған ғой, жанағыдай көп жамандықтың арасындағы жан жадыратар жақсылық нышан: жана құрылған колхозда тәптәуір мектеп ашылыпты. Кәдімгісій жүйелі бағдарламасы бар бастауыш мектеп. Аябергенов Хамзабай деген тәжірибелі мұғалім оқытады екен. Ораз ауылдан тілінің ұшымен ғана төттінің дәмін татқандай болған жас Бәйкенге бұл ойламаған олжа болды. Бой-басы таза, көзге де көрікті, ұзын бойлы аққұба кісіні көргенде, әрі именіп, әрі таңданып кірген жас өспірім баланың жанарындағы жалт еткен бір ұшқынды қафіlez ұстаз да қалт жібермей ұстап қалған.

Сол бетімен шәкірт бала екі жыл бойы үздіксіз дәріс алып, мұғалімінің ерекше ықыласына бөленді. “Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез” дейтін даналық нұсқаның шындыққа айналған бір сілемін мейірбан ұстаз осы тұста сезгендей болып еді. Төрт кластық окудың екі жылында бұрынғыдай ежіктеу емес, жүгірте оқып, хат танитын, сөз құрастырып қағазға түсіре алатын дәрежеге жеткен, бәрінен де есепке жүйрік зерек бала шәкірттердің алды болып көзге түсе бастап еді. Сондықтан да болар, төрт амалды еркін игеріп, көбейту кестесін көкейіне мықтап қондырып алған алғыр балақанды ұстазы қандай жақсы көрсе, зейінді оқушысы да мұғаліміне балалық албырт көнілмен сондай риясыз беріліп еді. (Кейін, есейе келе, бұл сезім оның жүргегінде “менің тұнғыш ұстазым” деген ізгі ұғым түрінде орнығып қалған).

Бірақ, дәл осы тұска келгенде, сол оқу да шорт кесілді. Алғаш ұжымдасқан жылы жұрттың бәрін жарылқап, “қой

үстіне бозторғай жұмыртқалатпак” болған белсенділердің ниеті бұзыла бастады. Керек-жарағыңың бәріне осы ауылдан аттап шықпай-ақ қолың жетеді деп ауыздарымен байытқан “кәперетіп” көсемдері де сөздерінен тайқып шықты.

Әдепкіде “Жойылсын жеке меншік!” деп кібіртіктеу естілген сөз енді лепірген ұранға айналып, нақты іс жүзіне асырыла бастады. Үй-үйдің қорасында қалған бірді-екілі қара-құра сұраусыз айдал апарылып, орталықтың шарбағына қамалды. “Асыра сілтеу болмасын, аша түяқ қалмасын!” деген аяр әулекіліктің әнгір таяғы ел басында ойнады.

Оған жалғаса “нәлөк” деген пәлесі шықты. Үй басына ауыр-ауыр салық салынды. Қылыштай жалаңдаған қызылкөз белсенділер үй-үйді тінткілеп, қора-қопсыны тіміскілеп жүріп, жұрттың құнделікті тірлігіне талышқ қылып отырған несіbesіне қол салды. Қазанын төңкеріп, қанарын қағып, адад дәм қалдырмауға ашық кірісті. Қолда қалған мал басы түгелдей қырылды. Орталыққа алынған қозылы қойлар, сауын сиырлар, құлынды биелер біртінде ізім-ғайым жок болды.

Адам біліп болмайтын осындаид даурықпа дүрмектің аяғы ашаршылыққа апарып соктырды. Қолында малы, қоржынында дәні қалмаған кедей ауыл қүйзеліске ұшырады. Біреуге-біреу қол ұшын берер, нәр татырап дәрменнен айрылды. Сондай дағдарысқа ұшырап, далғарлаған үйлердің бірі Қабдолланың қара шаңырағы еди.

– Қарағым, Бәйкен, – деді бір күні ағатайы, – сен окуынан қалдың. Мұнда бітіретін шаруа да қалмады. Біз құдайдың салғанын көрерміз. Ең болмаса сен өлмес қамынды ойла. Бірдеңе қылып қалаға жет. Сол жактан бір қорек табарсын. Енді бұл жерде отыра берме.

Сол кезде Сақып шешесі де дауыс қылып жылап жіберді:

– Тұла бойым тұнғышым, бір кетсең енді қайтіп көрем бе сені, жоқ па? Аллаға тапсырдым өзінді.

– Сонда сендер қалай күн көресіндер? Аштан өліп қалмайсындар ма? – деді бұл да көнілі босап. Жас та болса сезеді. “Пәленшениң үйіне ісік кіріпті”. “Пәлен адам бұрлығып өліпті” деген сыйыс бала құлағына жете бастаған.

– Біз тағдырдың жазғанына көнген жандармыз. Жас тілек сен аман бол, – десті ата-анасты.

БАҒДАРСЫЗ САПАР

Сөйтіп, ол, он бес жасар бала, қайда баарын анық біле алмаған бұлдыр ойдың жетегімен жолға шыққан. Кеше таңтеренгі әңгімеден кейін апасы (шешесін осылай аттайтын) киім-кешегін жуып, жыртық-тесігін жамап-жасқап, мұны сол белгісіз сапарға әзірледі.

– Құдай-ау, тым болмаса дорбасында азығы жок, құтысында сусыны жок. Құрығанда, серік болатын қарасын да табылмағанын қарашы, – деп түнімен қарадай қажып шыққан бойы, ертемен тұра салып кебеженің түбін қаққан қайран ана бес-алты түйір ацы құрт алып, қайнаган қара қоймалжын көже күйіне келтіріп суға езген де, құтыға қүйған. Кешегі “жок” деген сөз аузына қалай түсіп кеткенін өзі де білмей, ішінен тәубесіне қайтқан күйі, казандықтың қоламтасына көміп қойған “түйе көз” собалақтарын алып, оны да шүберекке орады. Құтымен бірге түйіншектеп, былтыр мектепке барғанда кітап-қағаздарын салып жүрген кенеп сөмкесіне орналастырды да, мойнына асып берді. Соңсоң таңтеренгі салқынмен Қабдолла ағатайы ауылдың сыртына қарай шығарып салды да, майдайынан бір сипап, Саумалкөлдің жолына туралап жіберді.

Сол бетімен жүріп кеткен Бәйкен шыққан күні бұрынғы ауылы Шабакбайдың жұртына жетіп, өз үйінің ескі шошаласына түнеп шықты да, содан бір жүргіншілерге ілесіп Саумалкөлге келді. Осы арадан Көкшетауға баратын кірешілер бар деп естігеннен кейін, солардың алдын-ала ертелеңтіп үлкен жолға шыққан.

... Жолаушы баланың керуен деп күткені парлап өгіз жеккен төрт арба болып шықты. Төрт көліктің алдыңғы үшеуін үш жігіт айдал келеді, ал соңғы арбаның айдаушысы жок. Оны алдыңғысына бас жіппен байлад, бос тіркеп алыпты.

Арқасынан таяқ ойнатып, айдал отырмаса, өгіз жарықтықтың өздігінен емпелендей қоймайтыны белгілі. Соған қарайлаған кірешілердің жүрісі онша өнімді емес екен. Алдарында кетіп бара жатқан жаяу жүргіншіні көргенде, бірінші көліктегі керуенбасы, іздегенге сұраған дегендей-ақ, сөзге келмestен ілестіріп алған.

– Ал, бала, ана соңғы арбаның тіркеуін ағыт та, алдына жайланаңып отырып алып, қос қасқаға ие бол, – деген. Сөйтіп,

бұл өзінің келе жатқан жолына енді кіреші болып қайта түсken.

Керуен басының қос қасқа дегені шаңырақ мүйізді екі қызыл қасқа өгіз еді. Ағаш жармаға көп қажалып, мойындары, шыбыртқыға көп тілініп көн терілері сірі бол кеткен өгіздер жас айдаушының таяғы көбірек тықылдай бастаған соң жүрістерін сергітіп, ілгергі көліктерден озып кетпесе де, тіресіп кейін тартпайтын болған.

Сонымен, бұлар, суға түстеніп, нұға түнеп дегендей, өгіз аяңының ауанымен арада үш конып, төргінші құннің бесінінде Көкшетаудың қарасының көзге іліктірген.

Жас басынан көп естіген Көкшетау есімі Бәйкеннің көкейіне терең ұялаған ұғым болатын. Сондықтан сонда бара-сың деп алғаш рет ауызға алынған құннен бастап осы ұғым бала санасында қайтадан оянып, жиі ойландырып келіп еді. Өзі туып-өскен Сырымбет саласы, ылғи да сонымен қатар аталатын Айыртау мен Саумалкөлдей егіз атау, бұлардан гөрі мойыны алысырақта жатқан Көкшетау, Бурабай ұғымдарымен ұласқанда, жас жігіттің ой көзіне әлдебір ғажайып ертегідей және сондай бір ғажайып адамдардың тіршілік базарына айналған керемет бір киелі өлкедей елестейтін. Өз үйінің табалдырығынан өз бетімен туғалы түнғыш рет мұндаид алыс жолға жападан-жалғыз жаяу-жалпы шығып кеткенде, оны алды-артына қаратпай еліктіріп әкеткен де, бәлкім, осындай бір тылсым күштің әсері болар.

Қалай болғанда да, бұғін таңтертең, соңғы қоналқадан аттанар алдында, кіреші жігіттердің: “амандық болса, бұғін кештетіп Көкшетауға құлармыз” деген сөзін естігелі, Бәйкен тіпті елегізіп, екі көзін алдыңғы қекжиекке қарай қадалтып қараумен болған. Енді міне, сонау көз ұшындағы көлденен тұтасқан көгілдір мұнар арасынан біргіндең қала сұлбасы айқындала бастағалы тіпті тағаты қалмай, жеткенше асықкан.

Көніліндегі құптілік те аз емес. “Көкшетауға барамын” деп алыстан мегзегендегі бимағлұм сөздің әсері бір түрлі де, дәл жақындаған келгендердегі “әлде қалай болады” деген бала жүргегінің үркек лұпілі тіпті басқаша екен. Мына көрінген Көкшетаудың көлемі артта қалған Саумалкөлден әлдеқайда үлкен тәрізді. Одан адаспай жөн тауып, іздең үйіне бара ала ма? Және ол үйден қандай барқадар табады? Рас, іздең

бара жатқан адамы – Есбай аға бөтен кісі емес. Жақын ағайындары. Шабақбайдан тараған екі үрпактың бірі – Кенжеғара әuletі бұлармен үш-төрт атадан қосылады. Қабдолла ағатайының айтуынша, ол – қандас туыс. Қолдан келген көмегін аяmas.

Осындай екі үдай ойдың ортасында далғарыңқырап отырғанда, бұлар қаланың шетіне келіп кіре берген. Бәйкен өгіз арбадан секіріп түсті де, алдыңғы көліктегі керуен басыны құып жетті. Содан анықтап жөн сұрап алмақ.

– Ағасы, кешегі өзініз айтқан балалар үйі қаланың қай жағында болады? Мен осы жерден түсіп қалайын.

– Дегідомды айтасың ба? Дегідом, мен білсем, мына бетте, – деп өзінен ересек жігіт қолын сол қанаттағы көлге қарай сілтеді. Ондағылардың сілтеуімен қаланың орта тұсынан “деректірдің” үйін де тауып алды.

Кәдімгі қаланың үлгісімен жұмыр бөренеден киып салған темір төбелі шағындау оңаша үй екен. Айнала тақтаймен қоршап тастапты. Қакпасының алдына келіп, ішке қарай итеріп көріп еді. Ашылмайды. Бұл жайлап тықылдатты. Бір кезде іштен аяқ тықыры естілді де, сәлден кейін сылдыр етіп тұтқаның шығыршығы айналды. Қакпа ашылып, ішінен ер кісі көрінді.

– Саған кім керек, шырағым?

– Есбай ағаның үйі осы ма? – деді бейтаныс адамның алдында тосылып қалған бала мұдіріңкіреп:

– Ие, осы. Ал өзін кімсің?

– Мен – Әшімнің баласымын. Сізге Қабдолла ағатайым жіберіп еді, – деп бұл өзінің бар шаруасынан біржола хабар берे жауап қатты.

– Кір ішке, – деп үй иесі қақпаны бекіте жапты да, мұны соңынан ертіп, үйге қарай беттеді.

– Үркія, мына жігіт – біздің Әшім деген жақын ағайдың баласы. Өзің билетін Ақмолдадан келіпті, – деп Есбай ағасы Бәйкенді әйеліне таныстырды. Соңсоң бұдан жөн сұрай бастады. Үйінің, ауыл-аймақтың амандығын, жалпы ел жағдайын сұрастырды. Сонау Айыртаудың ар жағындағы Ақмолдадан жаяулап жалғыз өзі бұл жерге қалай жеткенін ес-тігенде, әрі іштей таң қалып, әрі осындай алыс жолға ауыл баласын еріксіз айдаған себептің тегін еместігін ойлап, үй иесі біраз уақыт үнсіз отырып қалды. Соңсоң баланың өз жайына қарай ойысқан.

– Жарайды, Бәйкен, үйінің, ауылдың жағдайын естіп-біліп отырмын. Енді сонша жерден шаршап-шалдығып жеткендегі өз жөнінді айтшы, шырағым.

– Өз жөнім болғанда, – деп бастады Бәйкен, манадан бері бейтаныс жағдайға бойы үйренінкіреп және мұнымен үлкен кісіше байсалды сөйлескен ағаның жайдары міnezіне еркін-сігендей болып. – Ауылдың түрі өлгіндегі. Не оқу жоқ, не жұмыс жоқ. Ол түгіл жай күнкөрістің өзі қыынға айналып барады. Сонсон Қабдолла ағатайым мені сізге жіберді. Не кәсіп болса да, өйтеке қазынаның нанына іліктіру жағын ойласын, шамасы келгенше, деді. Ал өз басым, мүмкін болса, оқығым келеді.

– Оның дұрыс-ау. Бірақ бұл арада сен түсетіндей қолайлы оқу орны жоқ. Сені детдомға ала алмаймын. Қазір қайда болса да аштық жайлап барады. Сондықтан бізге таза пана-сызың қалған жетімдер ғана қатаң есеппен алынады. Және сенің жасың да балалар үйінен асып кеткен шығар. Қалғаның тағы ойластырып көрейік.

ҚАРА АЙФЫРДЫҢ ЖАЛЫНДА

Таңертенгі шайдан кейін Есбай ағай жұмыс үстеліне отырып, түнде түйген ойын қағаз бетіне түсіріп алды да, қалғаның жолаушы інісіне ауызша айтты:

– Бәйкен, шырағым. Қазіргі жағдай қайда да өте ауыр екенін жас та болсан білесің. Сенің оқығың келетін тала-бынды құптаймын. Сондықтан ойлап-ойлап келгенде, сені Қызылжарға жіберуге үйгарып отырмын. Онда Әбуләйіс Жұмабаев дейтін біздің елдің бір жігіті тұрады. Сонда бір техникумда сабак береді. Мен соған хат жазып отырмын. Соған қолайлы деген бір окуға түсіру жағын ойластыруды етіндім. Мына хатты соған апарып бер. Сыртына адресін жаздым, оқып көрген адам жөн сілтеп жіберер. Қазір екеуміз вокзалға барайық. Мен пойызға билет алып берейін. Сен дереу жүріп кет.

Бұлар жиналып сыртқа шықса, қақпаның алдында Есбай ағайдың ат-арбасы келіп түр екен. Соған міне салып, екеуі темір жол стансасына қарай тартты. Сөйтіп, бас-аяғы биенің бір сауымындау уақыттың ішінде билет те алынды, Бәйкен бала өмірінде тұңғыш рет пойызға да отырды.

– Бұл екі ара 3-4 сағаттық қана жол. Түс өлеңінде барып қаларсың. Әбуләйіске сәлем айт. Сені бір жайлы қылған соң хат жазып хабарлассын. Ал, шырақ, жолың болсын. Өзің де хат жазып, жай-жағдайыңды білдіріп тұргайсын, – деп Есбай аға қала берді. Бұл Қызылжар қайдасын деп жүріп кетті.

Вагон іші ығы-жығы адам. У-шу. Біреуді-біреу біліп болмайды. Жұрттың бәрі жанталасып, бос жерге жапа-тармағай орналасып жатыр. Бұл бір төменгі сөренің терезеге таяу шеттіне сыналай сыйылысып барып кіріп еді. Пойыз жылжығаннан кейін орын кеңейіп, бәрі де мамыражай қалыпқа келді.

Ие, бұл Бәйкеннің пойызды бірінші рет көруі еді. Көріп қана қойған жок, жолаушы болып, ішіне де отырды. Сондықтан ол пойыз орнынан қозғалған бойда-ак терезенің сыртына көз салды да, содан әрі ұзак уақыт қадала қарап қалған. Пойыз қаладан ұзап шықты. Алғашқы кездегідей емес, жүрісін де шапшаңдатып алған. Жер танабын қуырып барады. Табан астындағы шойын жолға ауыр тегершіктерін бір ырғақпен соғып койып, ілгері қарай өршелене зымырайды.

Бір кезде ілгерігі жаққа көзі түсіп еді, пойыз солға қарай бұрылған болуы керек, ұбақ-шұбақ созылған көп вагондардың алдында қою қара тұтінін будактатып зырқыраған паровоз көрінді. Осынша көп вагонды жалғыз өзі сүйретіп барады. “Шіркін, неткен күш!” Баланың осы ойын растанғандай арқыраған ағынды паровоз қатты ақырып, айқайладап жіберді. “Апыр-ай! Осыншама алып дәуді жүргізіп келе жатқан адамдар қандай екен!” деген бір ой тағы қылан берді.

Осы тұста есіне тұсті, бүгін тамыздың соңғы күндерінің бірі. Бұл он беске толды. Енді он алтыға аяқ басады. “Балалық осымен бітті. Мен – жігітпін. Ересектер қатарына қосыламын”, – деген ой мұны отырған орнынан сәл қозғалтып жібергендей болды. Соңғы, бір жұманың ішінде өзін есейіп, естияр болғандай сезінуінің бір себебі де осында болса керек. Бұл ұзак жолға шыққанда, тек аштықтан ғана емес, балалықтан да қашқан беті екен. Енді алды да бұрынғыдай бұлдыр емес, айқындалып ашила түскендей. Бойында әлдекандай бір сенім пайда болды.

Осы сенім пойыз тоқтап, жас жігіт Қызылжардың вокзал аланына түскенде де, бір түрлі ілгері қарай жетектеп, бойына жігер бергендей еді. Станса басы азан-қазан. Қара құрттай

қайнаған жұрт бірін-бірі басып озып, сапырылысып жатқанда, бұл ешкіммен, еш нәрсемен жұмысы болмай, тура қаланың қақпасына қарай тартты.

Күн ыстық, қала іші қапырық. Орталық көшелерге жеткенше пысынауга айналған. Бірақ межелі жердің қарасын көрмей тыныштық жоқ екенін білді. Бір-екі тұста жөн сұрап алды да, ақыры қүн еңкейе бере Әбуләйіс ағасының есігін қағатын сөтке жетті.

Бір бөлмелі шағын ғана үй екен. Үй тұрмыстары да, Көкшетаудағы Есбайдікіндегі емес, одан әлдеқайда жұпыны, ассу жағы тіпті жүдеулеу көрінді. Бірақ қабактары ашық, мұны жатырқамай, жатсынбай қарсы алды. Өзі бір техникумда мұғалім екенін естіген. Келіншегі Нұрзифа да түсі жылы, мінезі ашық, ажарлы аққұба әйел екен. Бой-басы күтімді, қалаша киінген, кентті жерде тәрбие алғаны көрініп тұр.

Шай үстінде Әбуләйіс ағасы сөз бастап, жөн сұрасты. Бұл келген жерін, аты-жөнін келген бойда айтқан. Енді әнгімені өзі қарай жалғастырып, оқығысы келетін ойын білдірді.

– Қанша оқыдың, қандай білімің бар? – деп сұрады ағай. Бұл Шабақбайда бір жыл Нұғыман пірәдардың алдында шәкірт болғанын, сонсоң Ораз ауылында Бейсенбі деген мұғалімнен бір жыл, Ақмолада бастауыш мектепте Хамзабай деген кісіден екі жыл оқығанын айтты. Бәйкен естіп келген: бұл кісі баяғыда өзі алдынан өткен Нұғыман пірәдардың баласы. Бір баласы шет жакта окуда деуші еді. Бұл – соның өзі.

– Оқуың аздау екен. Мұндағы ірі оқу орындарына түсуге бұл жеткіліксіз. Орысша білмейсің ғой? Сонда қалай болады?

– Маған қайда оқысам да бәрібір. Тек қазынаның нанына ілікsem болар еді, – деді Бәйкен туралап. Ағай ойланып қалды. Біраз бөгеліп отырып:

– Онда былай болсын. Осында, жаңағы өзің келген станцияның басында ФЗУ деген бар, темір жол жұмысшыларын дайындауды. Үш жыл оқып мамандық аласың. Орысша тіл үйренесің, сауатынды ашасың. Бәрі қазынаның есебінен. Реті келсе соған тұс. Арғы жағын кезінде көре жатармыз. Жарай ма?

– Жарайды, аға.

Таңтерен айтқандай-ак, Әбуләйіс ағайы Бәйкенді ертіп алып, ФЗУ-ға апарды. Деректіріне бірге алып кірді. Веретенников деген қасқа бас үлкен сары кісі еken. Үлгар едәуір сөйлесті. Деректір анда-санда бұған көз салып қарап қояды. Ақырында алатын болды-ау деймін, басын изеп, ағайдың қолына бір парак қағаз берді. Үл кісі отыра қалып мұның атынан өтініш жазды. Деректір шетіне қол қойып, табан жолда бүйрық шығартты. Оку бөлімінде соның көшірмесі деп бір жапырақ қағаз ұстадты.

Барлық шаруа бітіп, сыртқа шықкан сон, Әбуләйіс ағасы бұған окудың мән-жайын түсіндірді.

— Оку мерзімі үш жыл деп кеше айттым ғой. Шамасы, бірінші курста бастауыш, әрі қарай орталуа кластардың сабагы жүретін болуы керек. Саған ең қыны орыс тілі ғой. Сабағы да, тілі де. Соған құшінді сал. Үлгіріп кетерсін. Қүніне екі сағат оку, төрт сағат жұмыс істейді. Түсте бір мезгіл ыстық ас. Шамамен сегіз жұз грамм нан береді, бір күнге шақтап. Өзіндей балалар ғой, үйренесің. Эзірге бір қыны — жатақханалары жоқ еken. Жөнделіп бітпепті. Бір айсыз болмайды дейді. Қайтесің, амалдай тұрарсың. Үйді көрдің ғой, хабарласып келіп тұр.

Осындай ақыл, кеңестерін айтып, ертіп келген ағайы кейін қайтты. Үл өзімен-өзі болып жалғыз қалды. Оку ізден келген жері осы еken. Бірақ жылы шырай танытып, емірене қоймады. Біреуден бірдене сұрайын десе, тіл білмейді. Оқшырайып бір шетте онаша тұр. Ертен сентәбірдің бірі, сабак басталады дейді. Манағыдай емес, мектеп ауласына жанжақтан балалар жинала бастады. Бәрі өзі қатарлас, бәрі де орыс балалары. Бір кезде үл елең ете қалды. Бір қазак баласы келеді еken. Үл дереу қарсы жүріп амандасты. Екеуі шүйіркелесе кетті. Окуға былтыр келіп түскен жігіт еken. Жай-жағдайың бәрін біліп тұр. Үл окуға енді келген жөнін айтып, қолындағы қағазын көрсетті. І курсың 4-тобына жазыпты. Екеуі барып, оқитын класын көрді. Оку бөліміне барып, жана келгендеге беретін оқулық кітаптары мен қағаз-қарындашын, бір айлық нан мен ыстық астың талонын алды.

Бұл күнделікті кітап-қағаздарын жеңіл сөмкеге салып алды да, калған заттарын комендантқа апарып тапсырды. Сон-соң жаңағы жігіт мұны сабактан кейін жұмыс істейтін жерге

алып барды. Ол жерді “Депо” деп атайды екен, Бәйкен соны біліп алды.

Өз окуының жай-жағдайын білгенмен кейін әлгі жігіт қайтып кетті. Мектеп үйінің іші-сыртын тағы бір аралап көрді. Оқитын класына, оқу бөлімінің кеңсе бөлмелеріне көзін үйреткендегі болды. Соңсона үчилище орам-жайын аралап танысты. Тұсқі астын уақыты болған кезде, асханадан барып тاماқ ішті. Содан кейін осы маңайдағы қала көшелерін аралап кетті. Кешкісін асханаға қайта айналып сокты. Сөмкесінде наны мен қанты бар. Мұнда ыстық шай болады екен. Отырып тамақтанып алды. Енді жататын жер іздеу керек. Бұл вокзалға келді. Ішінде бірлі-жарым жүргіншілер бар екен. Отыратын, қисайып жататын ұзынша тақтай орындықтар көрінеді. Ынғайлылау деген бір шеткегі орынға барып біраз отырды да, караңғы түсін күтіп әрлі-бері кіріпшығып жүрді. Жұрт аяғы басылды-ау деген кезде әлгі орнына келіп қисайған бойы, тан атқанша түнеп шықты.

Бұл кешегі өзі көрген класқа келді. Оқушылар жиналыш қалыпты. Қарасыны жиырма шақты бала көрінеді. Артқы жақта бос орынға барып отырды. Бірінші сабак арифметика деген. Жүргілдеп, мұғалімнің келуін күтті. Бір кезде жасы мосқалдау кісі кіріп келді. Балалар орындарынан ұшып тұра келді. Оқытушы алдымен оқушыларды көзімен шолып қарап шықты. Бір нәрсе деп сөйлеп, сұраулы көзбен қарады. Шамасы, кім қайда, қанша оқыды деп сұрап тұрған сияқты. Бірнеше бала қолдарын көтеріп, бастарын шайқайды. Окуға жаңа келгендегі нышан танытады.

Мұғалім тақтаға бірден онға дейін цифrlарды жазды. Бұл Бәйкенге таныс, бәрін біліп тұр. Тек орысша білмейді. Оқытушы сандарды атады, бұл қағазға түсіріп алды да, астына латын әрпімен аттарын казақша жазып алды. Сонымен онға дейін сан билетін болды. Одан кейін косу, алу, көбейту, бөлу белгілерін көрсетті. Олар да бұған таныс. Қаншаны қаншаға косқанда, көбейткенде, бөлгендеге, қаншадан қаншаны алғанда не болатынын біліп тұр, тек аттарын үйрену керек. Бұл үлгіргенінше соларды казақ әріптерімен жазып алуға тырысты. Сонымен бір сабакта біраз нәрсені үйренгендей болды.

Абырой болғанда, мұғалім мұны тұрғызып еш нәрсе сұраған жок. Бұл да үнсіз отырып, мұғалімнің аузынан шыққан, тақтаға жазылған бейтаныс сөздер мен цифrlарды өзі

білестін латын әріптерімен дәптердің бетіне түсіріп алды. Келесі сабак – орыс тілі. Бұл пәнді де бұрын оқымағандар елоуір болып шықты. Орта бойлы, қырбық мұртты мұғалім дөрісті әліппеден бастайтын болды. Оқулықтың бірінші бетінде орыс тілінің отыз екі әрпі жазулы түр еken. Соны дауыстап оқып берді. Жай сөйлегенмен даусы ашық, әрбір орніті нәшине келтіріп, бірнеше қайталап оқиды. Бұл өткен сабакта істегеніндей, бұл жолы да әрқайсысын қағазға түсіріп, қазақ әліппесіндегі өзі білестін жиырма тоғыз әріпті сойкес келетіндерінің тұсына жазып қойды. Оған сыймаған үшін әріпті ашық қалдырыды. Оларды кейін біреуден анықтап сұрап алмак.

Сонымен бұл сабак та өтті. Білгенінен білмегені көп. Так-тага жазған әріптерді дәптерге түсіріп алғаннан басқа бір созіне түсінген жоқ. Бірақ ынтықтырган қызығы да барышылық. Содан түйгені – қайткенде де бұл тілді үйрену керек. Оның төте жолы қайсы? Мұны әзір білмейді; осындағы күніріпті ойлармен бірге деподағы жұмысқа қарай бетtedі.

Депо дегендері дағарадай кең, ұзыннан-ұзак созылған сарай секілді үй еken. Іші толған неше түрлі қондырғы, үлкен-лі-кішілі үстелдерге орнатқан құрал-саймандар, біреулері озінен-өзі әрі-бері жылжып, енді біреулері зырылдап айналып тұрган тағы бірденцелер.

Осы көріністерге ауаланып, оқушылардан сөл оқшаулашып қалған Бәйкен енді мұғалімнің айналасына топталып жиналып жатқан балаларға келіп қосылды. Бұгінгі сабактың мақсаты – жаңа келген оқушыларды депоның жалпы жұмысмен таныстырып, құрал-жабдықтарымен, сайман-астаптарымен, әр түрлі станоктарымен таныстыру еken. Соларға еріп, біраз уақыт бойы мына ұзын сарайдың ішін түгел арашып шықты.

Мұғалімнің не айтқанын анық түсіне қоймаса да, жаңа жылдан көрінген қондырғылардың қасына барып, кәдімгідей қолымен ұстап көріп, қайсысы қайткенде қозғалысқа келеді, қандай жұмыс атқарады, – солардан бірсыпира мағнұмат алғандай болды.

Деподағы бірінші жұмыс күн аяқталарда басқа оқушылармен бірге Бәйкенді де елең еткізген тағы бір жаңалық болды. Бұгінгі танысу сабагын өткізген мұғалім, – оны “инструктор” деп атайды еken, – ертеңнен бастап депоға келген

окушыларға осындағы жаттығу кезінде киетін арнаулы жұмыс киімі берілетін көрінеді. Мына кісі әрбір окушыға берілетін “спецовка”, – бұл да жұмыс киімінің арнайы аты болса керек, – олардың денелеріне шақ болуы үшін, қазір окушылардың бойларына қарап киім өлшемдерін көзben шамалап жазып алды.

Сонымен, бұғінгі жұмыс сабағы аяқталды, балалар деподан шыққан бетімен асханаға келіп түстік ішті. Бәйкеннің тاماқтан кейінгі уақыты бос. Енді кешегі кешкі аралаған көшелерден әрегірек, қаланың орта тұсына дейін барып, біраз қызықтаған бетімен, кештетіп өзінің үйренген мекені – вокзалға қайтқан. Кешегі орны бос екен, сол жерге түнемек болып, жайласа бастап еді, осы маңайды жинастырып жүрген үй сыйыруши әйел мұны көріп:

– Ты куда едешь, здесь места для отъезжающих пассажиров. Куда тебе ехать? – деп қайта-қайта кадала сұрады. Бұл анық түсінбесе де “кайда баrasың?” дегенін шамалагандай болды. Бірақ қапелімде аузына сөз түспей қалған. Түскенмен де, бар білетін қаласы Қекшетау болған соң қазақшалап соны атай салды. Әйел үндеместен кете берген. Бұл аландаған көңілі сөл орнына түскендей болды да, бұғін тағы түнеп шықты. Кешегі қалпымен сабакқа барды.

Бәйкеннің бұғінгі олжасы сол, кластың кейінгі жағында өзімен қанаттас партада жалғыз отырған бүйра шаш сары бала ептең қазақша біледі екен. Аты-жөні – Саша Дроздов.

– Кел, осында отыр, – деп қасындағы бос орынды нұсқады. Сонымен, бұлар енді қатар отыратын болды. Екеуі шүйіркелесіп сейлесіп кетті. Бәйкен одан өзі түсінбеген біраз нәрселерді сұрап, бойы жеңілденіп қалған. Сабактан кейін депога жұмысқа барғанда, кешегі айтқан киімдерін алып киіп, бұлар да, басқа окушылар да мәз-мейрам болып қалып еді,

Бірақ кешкі жатар орынға келгенде, мұның алдынан бір қолайсыздық тап болды. Вокзалға келсе, кешегі үй сыйыруши әйел тағы жүр екен, мұны көре салып, сөйлей жөнелді:

– Опять пришел? Опять в Kokchetav едешь? Бұл не дерін білмей, үнсіз басын изеген.

– Ну тогда все понятно, – деп үй сыйыруши кетіп қалып еді. Артынша аяғын шапшаң басып, үстінде темір жол қызметкерінің киімі бар бір ер адам жетіп келді.

– Ты что делаешь здесь? Почему сюда ночевать приходишь? А ну-ка уходи! – деп есікті нұскады. Бұл үнсіз шығып кетті. Енді мұнда келіп тұнеуге болмайтынын сезді.

Сонда қайда бару керек? Қонатын таныс үй жоқ. Әбулайстің үйі алыста. Және онда енді барудың ретін таптай түр. Амал жоқ, далада қону керек...

Бұл вокзалдан шығып, соның шарбағының тұсына келіп токтады. Жолдан қаға беріс, оңаша жер сиякты. “Осыдан қолайлысы болмас” деген оймен бір шөптесіндеу тұсына орналасты да, қолындағы сөмкесін басына жастап жата кеткен.

Таң ата ояна келсе, қатты тоңып қалыпты. Күндізгі жеңіл киімі күзгі тұннің салқынына онша пана бола алмаған екен, Әрдектеген бойымен орнынан тұра салып, күн көтерілгенше әрлі-берлі жүріп, біраз бойын жылытқан бойы асханадан ыстық шай ішіп алып, сабакқа келді. Сашамен жылы ұшырап көздесіп, бүгінгі күнді жаман өткізген жоқ.

Сабактан кейін, тұндең тоңғаны есінде қалған Бәйкен коменданттың кеңесіне барып, қоймадағы мақталы жылы шапанын алып алған. Сондықтан қоршау түбіндегі бүгінгі қоналқаға алаңсыз келіп еді. Бірақ бүгінгі тұннің ойламаған “сыйлығы” кешегіден де жаман болып шықты. Қаладағы жағдайдың киын екенін бұл шала-шарпы естіген. Аш-арық көп, айнала үрлыш-корлық, кісі тонаитын қарақышлар да бар скен. Бұл енді соған өзі душар болса керек. Шапанының сыртқы қалтасындағы бір айлық нан, асхана талоны жоқ болып шықты. Кеше кешке күндізден қалған нанымен асханадан шай ішіп шықкан да, талоның сыртқы жан қалтасына сала салған. Қазір соның орнын сипап қалып түр.

Қапалануға да, салдарын ойлап қайғыруға да мұршасы келген жоқ. Дереу жиналып, жолай асхананың қолжуғышынан беті-қолын шайып жіберді де, сабакқа барды. Кешегі сөзбен Сашаның қасына отырып, екі сабакты да ынтамен тындалды. Кейбір жерлерін сұрап алып отырып, жақсы түсінді.

Бәйкеннің қасындағы жолдасына қайта-қайта мойын бұрып, сұрағыштап отырганын байқаған мұғалім сабак арасында мұны орнынан түрғызып қойып, жай-жапсарын сұрастырды. Аты-жөнін, қайдан келгенін біліп, мекен-жайын анықтағаннан кейін:

– Оқасы жок, әуелі әліппені игеріп, оқуға төселиңкіреп ал. Сонсоң өзімен жеке сабақ өткізіп, орыс тілін үйренуіңе көмектесеміз. А ты, Дроздов, правильно делаешь, что помогаешь. Окажи и впрядь ему всяческое содействие, – деді.

Бұл кісі көп жыл аралас мектептерде сабақ берген орыс тілінің тәжірибелі маманы Виктор Михайлович Хомутовский деген кісі еді. Әсіреле қазақ балаларына орыс тілін үйретудің ерекшелігін жақсы игерген, өзі де ептең қазакша билетін, өте байсалды адам болатын.

– Ничего, Ашимов, бәрі жақсы болады, – деп бейтаныс шәкіртін көнілдендіріп қойды.

Сабактан кейін бұлар үшінші рет деподағы жұмысқа барды. Кешегі формалы жұмыс күімдерін киіп, дайын тұрган балаларды бүгін бірнеше топқа бөліп, әрқайсысына жетекші тағайындалды. Бәйкен, Дроздов екеуі, кешегі инструктордың тобында болып шықты. Бұлардың алғашқы бірнеше сабактағы міндеті депо ішіндегі құрал-жабдықтармен танысу еken. Әсіреле жекелеген ұсақ аспап-саймандарды көріп-біліп, аттарын жаттап алғаннан кейін, оларды рет-ретімен өз орындарына қою және іздегендеге қай аспапты қай шкафтан, қай сөреден табу керектігі ерекше ескертілді.

Сонымен бүгінгі жұмыс бітіп, енді қайтуға беттегенде, Бәйкен қарнының ашқанын бір-ақ сезінді: бірақ барып нан ала қоятын да, ыстық ас ішетін де талоны жоқ. Енді не істерін білмей, дағдарып қалған. Бар білетіні: бұл бетімен асханаға баруға болмайды. Жағдайын да ешкімге айтпады. Айтуға үялды. Сөйтіп, кешке дейін қалада қанғырып келіп, кешегі қоршау түбіне қайтадан тұнеді.

Тұнімен бойы тоңазып, ойы құлазып, бәрінен де қыны – шегі шұрылдап шыққан жігіт, әрине, ертеңгілік қоршау түбінен өте көнілсіз тұрып еді. “Қой, бұл болмас. Бүгін бір тіршілік жасайын” деген оймен ол алдымен сабағына кетті. Одан кейін деподағы жұмысына барды. Содан шыққан бойда барлық жағдайын қасындағы жолдасы – Саша Дроздовқа айтқан. Ол бірден түсінді. Мұнымен бірге еріп комендантқа келді. Жағдайын айтты. Ол сәл ойланып отырды да:

– Бұл менің қолымнан келмейді. Директорға арыз жазу керек. Мен өзім кіріп баяндайын, – деді ол екеуіне кезек қарап. Сөйтті де, Бәйкен атынан Дроздов жазған арызды алып, екеуін директордың қабылдау бөлмесіне қалдырыды да,

озі ішке кіріп кетті. Сәлден кейін директордың бұрыштамасын қолына ұстаған күйі көңілді шықты.

— Директор бір айға қайтадан талон жазып беруге рұқсат етті. Сонымен бірге Әшімовтың жағдайын ескеріп, дереу жатақханаға орналастыру жөніндегі тәртіп беріп отыр. Сен, Дроздов, өздерің жатқан бөлмeden бір орын босатындар. Кейін, жөндеудегі бөлмелер дайын болған кезде ауыстырапмыз, — деді.

Сөйтіп, жарты сағаттың ішінде барлық іс онына келді. Талон алынды, жатақханадан орын берілді. Бұл алдымен асханаға барып тамағын ішті. Соңсоң шаруашылық бөліміне барып, төсек-орын алды. Онысы ішіне сабан толтырған матрас пен жастық, асты-үстілі екі ақ жайылма, бір жамылғы болып шықты. Олардың аттарын да үйренді — жайылмасы простира, жамылғысы — одеяло деп аталады екен. Сашаның көмегімен өздерінің тобындағы балалар жататын бөлмeden бір темір кереует босатылып, бұған жеке орын тиді. Сөйтіп, бұл басқа құбыларымен бірдей толық құқықты оқушы болып шықты.

Сонымен, күндер өтіп жатты. Оқу да өз ауанымен жүріп жатыр. Біріне-бірі ұқсайтын да, ұқсамайтын да оқигалары бар. Алыстан аңсал келген оқуының қандай боларын білмесген, ол қандай болады деп ойламаған жас талап жігіт әр күннің жаңалығын жатсынған жок, бойы үйренгенінен беziңген жок, барлық зейін-зердесін сала, білмегенін үйренуге, үйренгенін жадында сактауға тырысты. Мұның қауіптенгені де, қиналғаны да орыс тілі еді. Жалғыз өзі көп баланың ортасына түсken соң күнделікті қарым-қатынастағы, сабак үстіндегі әрбір сөздің мағынасын, айтылуын анық аңғаруға тырысты. Реті келген жерде қайталап айтуға дағыланды.

Солардың бәрінде жатақхана қабырғасында Саша Дроздловтың көмегі, класта оқытушы Виктор Михайловичтің бұған деген ілтираты көп септігін тигізді. Орыс тілінің мұғалімі өзінің ойлаган мерзімі жеткен күні мұны қосымша сабакқа шақырып, онашада емін-еркін отырып, орыс сөздерінің мағынасын, айтылуын, жазылуын рет-ретімен, кисындымен, біртіндеп үйрете бастады. Әсіресе орыс сөздерінің айтылу мәнерін, дауыс екпінін (оны ударение дейді екен), әр түрлі мағынасына қарай айтылатын дауыс ырғағын көнілге оте қонымды етіп түсіндіреді.

Ал арифметика сабагы бұған тіпті киынға түскен жок. Өйткені ауылдағы Хамзабай ағайдан үйренген сан аттары, төрт амал, көбейту кестесі көңілінде сайрап тұрған. Солардың орысша айтылуын игеріп алғаннан кейін, бұл басқа окушылардан кем түспейтінін аңғартты.

Жатақханаға орналасып, қалыпты оқуға кіріскең кездегі бұған ерекше әсер еткен бір жаңалық деподағы алғаш жұмысқа барған бір күні бұлар паровозды көрді. Депоның сырт жағында стансадан осылай қарай келетін, қатар-қатар созылған кос табанды темір жолдар бар екен. Солардың депога іргелес ен жақын екі қатарына бірінен соң бірін тізбектеп екі паровоз келтіріпті. Алдыңғысы – алды-артына көз жетпестей керемет ұлken де, кейінгісі одан сол кішілеу. Балалар оны “кукушка” десіп жатыр.

Бәйкен алдыңғысына қарап, аумағына шынында да көз жеткізе алмай, қайран қалып тұр. Мұндай да керемет болады екен-ау! Қазактар айтатын “Қара айғыр” осы ма? Жоқ бұл айғырдан да әлдекайда дәу ғой. Мүмкін, айдаһар шығар?” Сол кезде мұның есіне түсіп, көз алдынан елес берген бір көрініс: бұл Қызылжарға келе жатқанда, ұбак-шұбак көп вагондарды тіркеп алып, қап-қара қою түтінді будақтатып, анда-санда ақырып-акырып қойып, ілгері қарай жүйткіп ба-ра жатқан паровоздың жүрісі еді.

Сонда бұл ойлаған осынша жүкті бір өзі сүйреп келе жатқан неткен күш; оны осылай жүйткітіп келе жатқан қандай адамдар? – деп. Енді міне өзі сол паровоздың қасында тұр. Жүргізуши машинистерін де көрді. Бұл соларға қызыға қарайды.

Бәйкенді сонсоңғы жігерлендіре түскен жәйт – алғашқы бір көргеннен кейінгі “деректрдің” ықыласы. Әнеу-күнгі та-мақ талоның жоғалтып алып, далада қонып, қиналып жүрге-нін естіген бойда, бұған жаңадан талон бергізгені, жатақханаға орналастырганы өз алдына-ау. Содан кейін бір күні аулада келе жатқанда қарсы келіп қалып, мұнымен тілге келіп сөйлескені қатты әсер етті:

– Ну как, устроился? Теперь учись, – деген бір сөздерді айтқандағы жылы жүзі көз алдында калған. Одан кейін бір кездескенде тіпті мұны фамилиясымен атап сөйлесті.

– Как, Ашимов, дела? Давай учись, все будет хорошо, – деп мұны иығынан ұстап, демеп қойғандай болды. Сабакқа

да, окушылардың тұрмыс-тіршілігіне де бұл кәдімгідей төсөліп қалды. Бөлмедегі, кластағы балалармен өздігінен тілге келіп, араласа бастады.

Көп үзамай оқу жылының бірінші жартысы аяқталып, корытынды шыгарыла бастаған. Бұл кезде Бәйкен оқыған топта орыс тілінен әліппе оқуы тәмамдалып, балалар түгелдей ауызша, жазбаша сабакқа едәуір төсөліп қалған. Сөйтіп олар бір басқыш жоғары класқа арналған оқу кітabyна көшіп еді.

Осы қарқынмен бірінші жартыжылдық аяқталды. Қысқы каникулға шығар алдында училище директоры 1-курстағы төрт топтың окушыларын жинап алып әнгіме өткізді.

– Біз, – деп бастады ол сөзін, – елдегі жағдайды ескере отырып, білімі әр түрлі деңгейдегі балаларды қабылдауға мәжбүр болдық. Окушылардың біразы бұған дейін мектеп табалдырығынан аттамағанын да білдік. Сондықтан олардың оқуын әліппеден бастауға тұра келді. Ондағы ойымыз алғашқы жарты жылдықта оларды оқу мен жазуға, арифметика есебіне жеделдете оқытып, бастауыш кластардың бағдарламасынан өткізу еді. Сол жоспарымыз біршама орындалған сияқты. Тіпті кейбір окушылар жақсы үлгерімге де жетті. – Осы тұста директор сәл бөгелінкіреп отырып, көзін Бәйкенге тоқтатты.

– Мәселен, – деп жалғастырды сонсоң ол сөзін, – алыстағы ауылдан келген және оның үстіне, мүлде орыс тілін білмейтін Әшімов осы айлардың ішінде орысша сауатын ашты. Тілін де едәуір жетілдірді. Ана тілінде екі класты бітіріп келген ол бізде ерекше зейінділік танытты. Мұндай окушының ынтасын біз барынша қолдап, көтермелеп отыратын боламыз.

Бұдан әрі директор 1-курстың балаларынан екінші жарты жылдықта жалпы бағдарлама бойынша бесінші кластың кейбір пәндері оқытыла бастайтынын, оларға қосымша негізгі мамандық бойынша слесарлық ісі мен металтану сабабы сингізілетінін, сөйтіп келесі жылдан бастап жалпы училище деңгейіне жеткізілетінін ескерptti.

Осыдан кейін бір-екі күн өткенде училище бойынша жарты жылдың корытындысына арналған жалпы жиналыш өткізілді. Сонда жасаған баяндамасында директор оқу озаттары катарында тағы да Бәйкеннің атын атады. Жиналыш

соңында директордың бүйрөгімен жақсы үлгерімге жеткен оқушыларға ақшалай сыйлық берілді.

Мөлшері қанша, ол аз ба, көп пе – онда шаруасы жоқ, әйтеуір жас жігіттің қалтасына өмірінде тұнғыш рет ақша түсkenі осы еді. Оның үстіне тағы бір естіген жаңалығы – 1-курстағы балалар екінші жарты жылдықта заңды оқушылар қатарына көшірілгеннен кейін оларға формалы киім мен азды-көпті стипендия беріледі екен.

Сонымен, аз құндік қысқы демалысқа шыққанда, Бәйкеннің училище формасынан басқа да ішкі-сыртқы киімдері дұрысталып, бой-басы бүтінделіп қалып еді.

Арада тағы екі-үш ай өтті. 1933 жылдың көктемі келді. Сабактың қызығына берілген жас жігіт бір күні жатақханаға келсе, алдында бір телеграмма күтіп жатыр. Аша салып өкүп жіберсе, ата-анасы осылай қарай көшіп келеді екен. Неге келетіндерін де білген жоқ, әйтеуір келетіндеріне қуанып кетті. Бірінші қуанғаны – үй іші аман екен. Екінші қуанғаны – артында анырап қалған анасын көретін болды. Көз алдында болмаған соң әйтеуір шыдап жүреді екен. Енді көргенше асығып, іші елжіреп кетті.

Айтқандай-ақ, күткен күні пойызben жолаушылары келіп жетті. Қауышу қуанышынан екі жақ мәре-сәре. Аздан кейін ес жиып, көз тоқтатып қараса, ата-анасында баяғы өң-түстен ныспы жоқ. Топтанып келген ауыл кісілерінің өзгелерінде де адам пернесі қалмалты. Өңкей аш-арық.

Жөндерін сұрастыра келсе, ауылдағы колхоз құлаған. Ауыл адамдарының өлгені өліп, қалғандары қанғырып кеткен. Ешқайда бара алмайтындары, құдай дес бергенде, “вербовка” дейтін бірденеге ілігіп, осы Қызылжардың маңында, “Возвышенский” дейтін бір “сақпозға” кетіп бара жатқан беттері екен.

“Сондағы істеген бар жақсылығым, – деп еске алып жүрді кейін Бәйекең, – бір айлық пайғіме бір келі қант, екі күннің кәртішкесіне бір келі 600 грамм наң әкеліп анама бердім. Сол күні кешке ата-анам басқа пойызben Булаев станциясына жүріп кетті. Сол жерден оларды жалдаған кеншардың адамдары қарсы алуға тиісті екен”.

Бір-екі айдан кейін оку жылы аяқталып, жазғы демалыс басталды. Бәйкен басқа еш нәрсеге аялдамай, дереу ата-анасының жаңа орналасқан жеріне ізделп кетті. Сондағы көр-

ген көрінісі бұған өмір бойы есінен кетпестей ауыр әсер етіп сіді.

Алystan аңқылдаپ келген жігіт көңілі осындай жағдайды көргенде су сепкендей басылды. Бірер күн үй-ішімен бірге болды да, келген ізімен кері қайтты. Ата-анасына сәл де болса бір көмек тигізу ниетімен темір жол депосына келді де, уақытша жалақылы қызметке орналасты. Бір-екі ай жұмыс істеп, тапқан ақшасына түп-түгел шай-қант, тағы басқа азық-түлік, шешесіне бір көйлектік кездеме алып, ерікті тұтқындағы туыстарына әкеліп тастап кетті.

ФЗУ-дағы оқудың екінші жылы басталды. Жаздай демалыста болып, бір-бірімен сағынысып көрікен окушы жолдастарының қуанышына ауаланып, “Возвышендағы” ауыр көріністен көңілі серги бастаған Бәйкен жаңадан қосылған сабактарға қызыға назар аударған.

Әткен жылдың екінші жартысында “Ботаника” деген сабак енгізіліп еді. Енді “География” деген бір жаңа пән қосылыпты. Ботаникадағы неше түрлі өсімдіктердің атын біле бермегендіктен, кітап дүкеніне барып, қазакша оқулығын сатып алған. Суреттеріне қарап отырып, кей өсімдіктердің қазаша-орысша аттарын қатар үйренген. Қазір де сөйтті. Қазаша нұсқасын қолға түсірді. “Жағрапия” деп аталады екен. Дүние жүзіндегі құрлықтарды, теңіздер мен мұхиттарды, өзендер мен көлдерді, жер бедерін, таулар мен ойпаттарды оқытады екен. Осындай атауларды екі тілдегі окулықтарды салыстыра отырып өз бетінмен үйренудің өзі қызық. Бұл соған әуестенді. Әуестеніп жүріп жаттығып та қалды. Өз тобында да бірсыныра жаңалықтар бар. Бұл енді класта староста болып сайланды. Курста құрылған волейболшылар командасының капитаны болып белгіленді. Сөйтіп, қоғам жұмысына да тартыла бастады.

Оқу өз ауанымен жүріп жатыр. Жас жігіт окушы өмірінің барлық қыр-сырына қанығып, өз ортасында аяғын нық баса бастағанын сезеді. Биылғы тіршіліктің бәрі айқын, бәрі түсінікті. Кей-кейде өзінің алғашқы келген кездегі жағдайын ойласа, бір түрлі құнгірт, түсініксіз күй көз алдына елестеп, өз-өзінен таң-тамаша қалады. “Ол кезде түк білмейді екенмін. Осы жағдайға қалай жеткенмін?” деген сиякты бір көмексі сезімнің жетегіне беріледі.

Адамның былтырғы күйінен биылғысы айқынырақ көрінсе, оның өсу үстінде екендігінің белгісі. Ал оған тоқмейіл-сімесе, сол өсу үрдісінің тоқырамайтының нышаны. Ал енді өзімен бірге оқитын жолдастарынан өзге де көпшіліктің аузына аты ілінсе, жұрттың бәрі мұны “Ашимов” деп фамилиясымен атамай, “Байкен! Байкен!” деп өз атымен ғана атаса, сол көпшілік арасында беделінің артқандығы. Жас жігіт өзінің осы жағдайына асқақтамайды. Іштей сәл елігіп қана қарайды.

Бұл кезде жігіт көнілін аландататын бір-ақ нәрсе бар еді. Ол – өзіне таяу жерде ғана қыншылық өмір кешіп жүрген ата-ана тұрмысының қындығы. Таяуда, қыскы демалыс кеziнде, соларға тағы бір барып қайтқан. Бір тәуірі – былтыр жаздағыдай емес, қыста тоңбайтын басспана алыпты. Артық-ауысы болмаса да, күнделікті корекке жарайтын азық-түлікке де колдары жеткен сияқты. Соған шүкірлік еткен атана: “бізге аландамай окуынды оки бер”, – деп бұған тапсырып жіберген. Енді бұл жағынан да көнілі орныққандай.

Ерте қоқтемнің мамыражай шағырмак бір күнінде сабактан кейін мұны директор шақыртты.

– Ашимов, сен келесі жылы біздегі окуынды бітіресің? Содан әрі қандай ойың бар? – деп сұрады ол. Мұндай тосын сұраққа бірден жауап бере алмай, мұдіріңкіреп қалған жігіт сөзі де көмексілеу шықты:

– Білмеймін. Училище қайда жіберсе, сонда баратын шығармын.

– Дұрыс-ақ. Біздің беретін мамандығымыз жаман емес. Нағыз жұмысшыға керек мамандық. Оны бір бастаған соң жақсылап игеру міндет. Бірақ ауылдың жағдайын да ойлау керек. Қазір Қазақстан үлкен өзгерістер алдында тұр. Былтыр өлкенің басшылығы ауысқанын білетін шығарсың. Соңғы жылдары казақ ауылдары қатты күйзеліске ұшырағанын көзің көрді. Көп адам аштықтан қырылып қалды. Қалғандары босып кетті. Қазір соларды қайтарып әкеліп, бұрынғы шаруашылықтарды қалпына келтіру жұмыстары қатты қолға алынып жатыр. Соған мамандар керек болады. Сен әлі де окуың керек. Болашағың алда. Қайда оқимын десен де тусуіңе өзім көмектесемін. Осыны ойланған жүр, – деді директор сөзінің аяғында.

Осы әңгіме Бәйкенге көп ой салды. Училищеге келгелі орысша хат танып, тіл сындырғанның үстіне, ол оқуға да біраз жаттығып қалған. Бір дәмін татқаннан кейін әрі қарай оқи бергісі келетінін өзі де сезгендей. Бірақ мұндағы оқу мерзімінің жартысынан азы ғана қалды. Әр жағында жұмыс істеу керек. Осыны ойлаганда, қанаттана бастаған қиялы бір түрлі тұтынушының болушы еді, енді қайтадан сергіп, серпіле түскендей. Ендігі арманы – әрі қарай оқу. Оның нақты қандай түрде болатынына қиялы жетпейді. Бірақ қандай болса да, осы училищеде алған біліміне сүйенетінін анғаратаң сиякты. Сондықтан не болса да қазіргі окуын қаузай бергені дұрыс. Училище директорындағы әңгімeden кейін оның мықтап түйгені осындай ой болды. Сейтті де, бар ынтастын осы оқуға салды. Нәтижесінде екінші курсты да барлық пәндерден жақсы үлгіріммен аяқтады. Оқу озаттының алдыңғы қатарынан көрінді.

Бұл кезде негізгі пәннен паровоздың сыртқы құрылышына байланысты: оны тазалау, жуу, тағы басқа техникалық күтім шарттарын өтіп болған. Алдағы, соңғы курста техникалық байқау ережелерін игеру керек екен. Ол үшін ең алдымен паровоздың әр түрлі тетіктері мен тораптарын білу шарт. Ондай пән паровоздың материалдық бөлшектері деп аталауды екен. Оқушыларды соған дайындалған, көздерін үйрете беру үшін екінші курстың аяғында оларды бір апта бойы жүк таситын паровоз машинистерінің қасында практикадан өткізу белгіленеді екен. Оқу жылын озат аяқтап, жаңағы практикадан жақсы өткен оқушыға жазғы демалыс алдында он күн жолаушы пойызымен темір жол бойында тегін жүріп серуендеуге арнағы билет беріледі екен.

Бәйкен осы сыйлыққа ие болды. Өзуелі осы Қызылжар темір жол торабы көлемінде жүк пойыздарын тартатын паровозда практикадан өтті. Осыдан үш жыл бұрын алғаш рет пойызға мінгенде, “ана қара айғырды жүргізетін адамдар қандай екен?” деп армандаса, осы екі жылғы оқу кезінде бұл сол “қара айғырмен” әбден ауыл-үй конып алған. Енді соның тізігінің үстап, “айдап көру” дәрежесіне де жетті. Жас машинистермен жақсы тіл тауып, апта бойы солардың басы-қасында болды. Паровоздың оттығына көмір таастайтын кочегарлықтан бастап, ең алдыңғы жақта “қара айғырдың” дел-бесін үстап отырған аға машинистің орнына дейін еркін ба-рып жүрді.

Практика аяқталғаннан кейін училищеге келіп есеп берді де, он құндік серуенге жолдама алды. Соңсоң жазғы стипендиясын қалтасына салған күйі, батысқа қарай бағыт алды. Осы жолдағы Түмен, Қорған, Челябі, Свердлов қалаларына тоқтап, шамасы келгенше аралап көрді. Керемет зәулім үйлерді, сөүлетті ғимараттарды, ұшы-қырына көз жетпейтін алып өндіріс орындарын тамашалады. Үлкен станциялардың деполарына барып, жұмысшы жатақханаларында қонып жүрді.

Қайтар жолда Қызылжарды басып өтіп, шығыс беттегі Омбы, Новосибирь қалаларына дейін барды. Оларда да адам айтып болмастай мол қызықтарға кенелді. Он құндік серуенді тынымсыз жол үстінде өткізіп, қайтар жолда Булаев ауданының таяу бекетінен түсіп қалды да, “Возвышендегі” өз үйіне келді.

Бір жақсысы, мұндағы ата-анасының тұрмысы да бір сыдырғы дұрысталып қалыпты. Кеңшарда істеген жұмыстарына ай сайын жалақы беретін халге жетіпті. Село тұрғындарымен аралас-құралас болып жүріп, ауылдан келген ағайындар үй тұрмысын ұстауды, картопия отырғызууды, огород салуды, әр түрлі жеміс егуді үреніпті. Қолдарына бірер сиыр, бес-алты ұсақ мал ұстап, ауыздарын акқа, тістерін қызылға тигізіпті. Бірлі-жарым ат-арба ұстайтындары да бар көрінеді. Оның үстіне, арттағы ел жақпен де хабарласып, ондағы тұрмыстың да оңала бастағанын естіп, соны көңілдеріне місе тұтатын көрінеді. Енді бір-екі жылдан кейін вербовка мерзімі біткеннен соң, құдай жазса, елге де оралармыз деп қуандады екен.

Осындай естерін жиып, еңселерін көтеріп қалған үй-ішін көріп, бәрі мәз-мәйрам болып қалып еді. Бәйкен біраз күн туған үйінде аунап-қунап демалды. Үй ішлік ермектен қолы босаған кездегі Бәйкеннің бар ойлайтыны – әнеуқұнгі жолсапар кезіндегі қөрген-білгендері. Үлкен қалалардағы қайнаған Әмір, қайда барса да құжынаған халық.

Ал селодағы, өзі қөрген мына Возвышенкадағы шаруалар тұрмысы тіпті өзгеше: ешқандай сапырылысы жоқ, сабасына түсіп, саябыр тапқан тыныш тіршілік. Бірақ мұнда да қыбыр-қыбыр қымыл-әрекет, құйбендеғен еңбек.

Осының бәрін көзben көріп, ой жүзінде салыстырған жігіт санасының сан түрлі саққа жүгіріп, әр саладан ілік тартуы

қызық: өзірге колға ұстарат байлауы да, ойға тірек болар қазығы да жоқ. Ал бірақ өз-өзінен, әлдеқайда алағызып алып үшқандай алыс арманның елесі бар. Соның жетегіне әуеленіп, аз күнде көп ойдың түйткілінен әлдебір түйін түйген жас жігіт Қызылжардағы оқуына оралғанда, бұрынғыдан сәдәүір есейіп, естиярланып қалып еді.

Биылғы, соңғы оку жылында жоғарыда айтылған арнайы скі пәннен басқа тағы да үш пән қосылыпты: олар жалпы мектептердің оку бағдарламасына кіретін алгебра, физика, химия сабактары екен. Откен жылғы пәндерден үлгерімі жақсы болған Бейкен бұларға да қиналған жоқ, басқа баалалармен бірдей бастаған соң, ойдағыдай алып кетті. Сонымен бірге откен жылғыдай қоғам жұмысының да жаңа бір түрлері жүктелді. Солардың ішіндегі бүл үшін жаңалық болып көрінгені – саяси хабарламашы деген жұмыс. Мұның мәнісі өзінің курсындағы оқушыларға аптасына бір рет газет материалдарынан шолу жасап, ел ішінде, дүние жүзінде болып жатқан оқиғаларды хабарлап тұру екен.

Осындай оку мен қоғамдық жұмыс, олардың арасында алма-кезек сапырылысқан әр түрлі спорт ойындары мен көркем өнерпаздар үйірмесі деп жүргенде, училишdedе соңғы оку жылы да сынаптай сырғып ете шығып еді. Жігіт санасын біржола баурап алған қызу өмір ағысында “осыны ойластыра жұр” деген директордың былтырғы сөзі, әрине, оның есінен кеткен жоқ болатын. Мына оку бітпей жатып, оның ой-санасын билеп алған бір арман келесі оқудың жайы-тұғын.

“Ойлай жүрдің” ар жағы ең алдымен өзінің ет жақын жанашыр адамдарынмен ақылдасу ғой. Бейкеннің Қызылжар табанындағы ондай жақыны Әбуләйіс ағасы екені бізге мәлім. Бұдан үш жыл бұрын, бір жағы аштықтан қашып, бір жағы оку іздеп, Қекшетау арқылы Қызылжарға келгенде, оны қолынан жетелеп апарып, ФЗУ-дің директоры Веретенниковке тапсырған осы Әбуләйіс Жұмабаев деген ауылдас ағасы екені есімізде. Сонда орысша хат танымайтын Бейкен баланың атынан өтінішті өз қолымен жазған осы Әбуләйіс екенін де үмітқанымыз жоқ.

Оны, әрине, Бейкеннің өзі де үмітқан емес. Рас, алғаш окуға түскен жылы, Әбуләйіс ағасы мен Нұрзиға женгесінің конторгай түрмисын көргеннен кейін, отыз екінші жылдың

ақсүйек аштығында, қаншама қарыны ашып тарықса да, бейтансыс ортада тіл білмей, жалғыздық көріп зарықса да, бірдене дәметкендей сыйсып бара беруге бала жігіттің өзі де беттей алмаған. Енді міне, окуға әбден орналасып, етекжеңін жиып, бой-басын дұрыстаған кезде, сол тірлігін көрсету үшін, жақын жердегі, осы қаладағы аға-женгесіне барған.

Жекжатының жетіскенін көргенде балаша қуанатын қазақы мінездің риясыздығы-ай, шіркін! Үсті-басы мұнтаздай болып, формалы киіммен кіріп келген жас жігітті көргенде, қаперсіз отырған үй иелері қапелімде ан-таң боп қалғаны рас еді. Алдымен шырамытқан Нұрзифа женгейдің өзі болды.

— Құдай-ая, мынау біздің Бәйкен інішек қой, — дегенде аққұба келген ажарлы жас әйелдің өні тіпті нұрланып кетіп еді. Алыстан сағындырған туысы келгендей, дауысында шынайы қуаныштың нышаны ап-айқын сезіліп тұрған. Сол екі арада есін жиған Әбуләйіс ағасы да сөзге араласты.

— Бауырым-ая, Бәйкенбісің? Неғып хабарсыз кеттің осынша уақыт? Мен сені ауылға қайтып кетті ме деп іштей қапаланып жүр едім. Кетпегенін дұрыс болды фой, жарқыным.

Аға-женгениң өзімсініп айтқан үлкендік сөзін сабырмен тындалап, салмақтылық танытқан жас жігіт те жайдарылана жауап беріп жатыр:

— Көрмеген жердің ой-шұқыры көп демей ме? Үйренгенимше сол болды. Эйтпесе сіздерден жатырқайын деген ой менде болған жоқ. Өзім де келіп сәлемдесуге асырып жүргенім рас еді, аға-женге.

Міне осындан емен-жарқын тілектестік көніл үстінде Бәйкен өзін толғандырып жүрген болашақ жайында ақылдаспак болып, соңғы оку жылышын аяқ кезінде Әбуләйістің үйіне арнаіы келіп еді.

Әрбір сөзін асықпай ойланып айтатын әдетімен Әбекен бұл жолы да уәжін қарсы сұраптан бастады.

— Қарағым-ая, сені үш жыл бойы үкімет күшімен оқытып алып, енді еркінә жібере қояр ма екен әуелі? – деді ол.

Бәйкен бұл кісінің өзі білетін училище директоры Петр Иванович Веретенниковтың былтырғы айтқан сөзін және бұған деген ықыласын жеткізе айттып шықты.

— Олай болса сөз басқа, әрине, – деді енді ағасы сөз өрісін езге арнаға қарай бұрып.

— Сенің осы құймен-ақ тамақ асырайтыныңды білемін. Бірақ паровоздың айналасында май-май болып жүргенінен елге не пайда? Ылажы болса, оқып бақ. Ендігі заман – окулынікі, – деп токетерін бір-ақ айтты.

— Ал сонда қайда оқу керек? – деген сауалға ағасы тағы ойланып қалды.

— Сенің казіргі білімінмен жол түсіп тұрған бір-ақ оқу бар. Ол – Лениндең ауыл шаруашылық техникумы. Жақсы білім де, пайдалы мамандық та алып шығасың. Елден де алыс кетпейсің. Эр жағын тағы көре жатарсың.

Бұл әңгіме осымен бітті. Келесі күні Бәйкен директорға кірді.

— Кел, кел, Ашимов. Мен өзім де сені шақыртқалы отыр едім, жақсы келдің, – деп Петр Иванович мұны ықыласпен карсы алды.

— Мен сіздің былтырғы айтқан сөзінізден кейін көп ойландым, – деді жігіт директорға келген жұмысын бірден баяндап. – Жалғыз ғана бір тілегім – әрі қарай оқи беру. Бірақ алысқа барып оқуға жағдай келінкіремейді. Осы Ленин ауданындағы ауыл шаруашылығы техникумына түскім келді. Соған көмектесуінізді сұраймын.

— Өте дұрыс шешкенсін, Байкен, – деп бұл жолы училище бастығы шәкіртін атымен атап сейледі. – Өте дұрыс. Себебі, сен сияқты жас мамандар қазір ауылға өте қажет. Менің саған енді шынымды айтуыма болады. Бізге облыстағы басшы орындар былтырдан бері айтып келді. Осындағы арнайы оқу орындарында тәуір оқитын, болашағы бар деген талантты жастарды іріктеп алып, әрі қарай оқыту, сөйтіп, ауыл шаруашылығының мамандарын өзірлеу ісіне ат салысындар деп. Тіпті кейбір училищелерден биыл бітіретін қазақ балаларының тізімін де сұратып алып жатыр. Бізде ондайлар көп емес, өзің білесің. Мен тек сені ғана соған ыңғайлап жүрмін.

Директор осы сөзін өрі қарай таратып, тағы біраз ой өрбітті.

— Соңғы жылдары Қазақстанда болған ауыр жағдайды өзіңнің көзін қөрді. Қазақ ауылдары қатты қүйзеліске ұшырады. Жаңадан келген басшылық сол апattyн орнын толтырып, ауыл өмірін қайта жандандыруға қатты кіріспін жатыр. Сенің болашағың бар дейтінім, сен ауылда өскен жігіт-

сін. Бізде үш жыл оқып, жетіжылдық білім алдың. Және ол – техникалық білім. Темір жол маманысың. Өнеркәсіп пен транспорттан біраз хабарың бар. Орысша сауатынды да жетілдірдің. Енді ауыл шаруашылығы техникумын бітірсөн, нағыз таптырмайтын қызметкер болып шығасың, Бәлкім, жағдай тез арада түзеліп кетсе, тіпті әрі қарай да оқуыңа болар. Қайда барып оқимын десен де, саған жол ашиқ!

Петр Иванович отырган орнынан серпіле көтеріліп, екі қолымен қасқа маңдайын сипап қойды да, бір қиялға берілгендей, дауысын екпіндете сөйледі.

– Жарайды, Байкен. Осыған келісейік. Емтихандарынды жақсылап тапсыр. Сонсоң осы іске дайындала бер. Мен тиісті құжаттарынды қолыңа ұстаратамын да, қалаған оқуыңа жолдама беремін. Паровоз жөндейтін кісі қаладан табылады фой. Ал сендей жас жігіттің өмір өрісі басқаша болса керек, – деп орнынан түрегелген бойы, бұған оң қолын ұсынды.

Жігіт те өз-өзінен толқып, директордың кабинетінен бір түрлі жігерленіп шықты.

Арада аз күн өтті. Емтиханның бәрі ойдағыдай тапсырылып бітті. Бұған “Слесарь по ремонту паровозов” деген мамандық алып, училищені бітіргені жайлы куәлік берілді. Сонсоң директор әрі қарай оқуыңа байланысты мамандық бойынша жұмыс істеуден босатылатыны жайында аныктама мен қазіргі біліміне сәйкес қалаған окуга түсүіне жолдама қағазды қоса тапсырды.

Сонымен, училищедегі оку бітті. Алғашында жатырқай келіп, кейін бауыр басып кеткен ортасын кимағаны бар, белгілі бір белестен өткенине куанғаны бар, осындағы екі ұдай сезіммен Булаевкаға қарай бет алған ол үйінде санаулы күн демалды да, Қызылжардың ар жағындағы Ленин ауданының орталығы Явленка атты шағын кентке карай тартып кетті. Содан 7-8 шакырым жерде, Покровка дейтін селода ауыл шаруашылық техникумы бар деп еститін. Ескі оку жылы тарамай тұрып, жаңа оку жылышың алдын ертерек қамтып, ондағы оқудың жай-жапсарын біліп қайту деген оймен шықкан.

Техникумның оку бөліміне келіп сұрастырса, I-курсқа түсү үшін жетіжылдық білімі барлар емтихансызы, бұрынғы үлгіріміне қарай қабылданады екен. Мұның училищедегі бағаларын көргеннен кейін, оку бөліміндегілер ешқандай кү-

мәнсіз окуға алынатының айтты да, өтініші мен басқа да құжаттарын алып қалып, өзін қыркүйектің басына дейін демала бер деп қайтарып жіберді.

ЖЕР ҚҰНАРЫ – ЕЛГЕ ҚҰТ

Ленин ауданындағы ауыл шаруашылық техникумы кеңестік кооперативтендіру жоспарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысында ең алғаш үйымдастырышған орта дәрежелі арнайы оку орындарының бірі болатын. Бәйкен окуға келіп түсken 1935 жылы бұл әжептәуір нығайтылған материалдық базасы бар, ауыл шаруашылығына маман кадрлар даярлайтын іргелі оку орнына айналып, атағы облыс көлемінен алысқа тарай бастаған-ды.

Аудан орталығы – Явленка селосы Қызылжардан оңтүстік-батысқа қарай 80 шақырым шамасында. Ал техникумның өзі орналасқан Покровка поселкесі аудан орталығының іргесінде. Осы араға жоспар бойынша салынған техникум қалашығы тіпті облыс оргалығы – Қызылжардан келген жігіттің өзіне әжептәуір әсер етіп еді.

Оку корпусы ұзыннан-ұзак салынған бір қабат ағаш үй. Жатақхана да сол құралыптас үлгіде. Саманнан салынған болуы керек. Бірақ сырты көрікті. Аппақ шағаладай қылып, аққірішпен сылап тастапты. Есілдің жарқабакты биік жағасына жақын жердегі бір үлгімен осылай қанаттаса, қатарласа орналасқан шағын кенттің бір жақ шетінде – мұғалімдер мен техникум қызметкерлеріне арналған тұрғын үйлер.

Бәйкен агрономия бөлімінің 1-курсына келіп түсken. Мұнда сабак жалпы мектептің 8-класының бағдарламасы бойынша жүргізіледі екен.

Бәрі де орыс тілінде жүргізілетін осы сабактардың сыртында, арнаулы мамандық пәндерінен, мәселен, агрономия бөлімінде, өсімдік шаруашылығы, диқаншылық, топырақтану, ауылшаруашылық машиналары мен құрал-саймандары сияқты сабактар бар көрінеді.

Соның бәрі қосылып келгенде, ауыл шаруашылығы жайында бір-бірімен байланысты, бірінен-бірі туындайтын тұтас бір ғылым – ауыл шаруашылығы туралы жүйелі білім мен

практикалық мағлұматтар жиынтығы қалыптасады. Агрономия атты жалпы ғылымның жеке-жеке пән түріндегі тараулыры осылай сарапанады екен де, кең мағынада алғанда ауылшаруашылық өндірісінің ғылыми негіздері болып шығады екен.

Бәйкен техникумда оқыған жылдардың әрбір кезеңінде өте жақсы үлгірім танытудың үстіне жоғарыда аталған пәндердің әркайсысын оқу бағдарламасының шенберінде неғұрлым түбекейлі игеруге тырысқан. Әсіресе ауыл шаруашылық техникасын игеру, қолдану және өнімді пайдалану жолдарын өткенде, ол өз өріп тестерінің қатарынан көш ілгері жүрді.

Ол түсінікті де еді. Темір жол училищесін бітіріп, паровоз жөндеудің слесары деген күөлік алып шыққанда ол өз заманындағы өнеркәсіп өнідірісінің ең биік шыны саналған паровоздың барлық тораптары мен бөлшектерін түгел игеріп шыққан. Олардың қандай ақауы болса да қапысыз тауып, мінсіз қалпына келтірудің жолын жетік билетін. Сол кездегі ауыл қазақтары ертегідей қылып айтатын “қара айғырдың” қапталына қол артып, сауырынан сипап келген Бәйкенге шағын ғана дөнгелекті трактор, жабайы молотилка мен жай комбайн дегендер ойыншық секілді көрінетін. Сондықтан осы машиналарды өте бастаған алғашқы күндерден-ақ ол өзін ауыл шаруашылық техникасының маман механигі дәрежесінде де көрсете алып еді. Осы біліктілік пен осы алғырлық өзге пәндер үстінде де айқын таныла бастаған-ды.

Бұл өзі дүниеге келіп, көзін ашқанда көргені – ауылы. Есін біліп, етene танығаны – өз үйінің, өз ауылшының адамдары. Естиярлана келе, санасына сіңген бір сөзі – “шаруа”. Үй шаруасы, тіршілік қамы – әр шаңырақтың өз шаруасы, жеке шаруашылығы. Осыдан өрбіп келіп, міне енді ауыл шаруашылығы деген жалпы ұғым пайда болыпты. Бақса, мұның өзі бірімен-бірі байланысып, бірінен-бірі өрбіп, балалап жатқан күрделі ұғым екен. Ол шенбер берік болса, аумағы кең болса, ел тұрмысына ешбір қатер жоқ екен.

Өзінің оқып жүрген мектебі сол ауыл шаруашылығының техникумы деп аталауды екен. Сол мектепті бітірген адам ел тіршілігіне керекті азық-түліктің, барлық коректің қырсырын біліп шығады екен.

Ендеше ана жылғы ашаршылық неден болды? Соншама көп адам неліктен қырылып қалды? Осында мектептердің жоқтығынан болды ма? Әлде оның басқа бір себебі бар ма сен? Ойда-жокта пайда болған осы сұрақтың төңірегінде ол бас қатырып үлгірген жок. Техникумның екінші курсы аяқталды. Өткен сабактардың барлығын жақсы үлгіріммен игеріп, техникумның косалқы шаруашылығында тәжірибеден откен соң, жазғы демалысқа шықты.

Бұл кезде Булаевқадағы әке-шешесі совхоздағы шартты мерзімді аяқтап, елге көшіп кеткен. Соларды іздел, ол енді баяғы өзі келген еліне қарай жол тартты.

Айтпақшы, елге қайтқан ата-анаңы бұрынғы Фрунзе атындағы кеңшарға оралмай, Казгородок дейтін кент үлгісінде салынған мекенге орналасқан көрінеді.

Алдымен солардың ендігі тұрмысын көзben көріп, жай-жағдайларын білу керек. Соңсaн, өзі ана жылы бір жағы аштықтан қашып және, екіншіден, оқу іздел кеткелі бері сол ауылға қайтіп ат ізін салмаған еken. Елді сағынғаны енді ғана анық есіне түскендей.

Ойлап отырса, содан бері бес жыл өтіпті. Ауылдан жаяу-жалпы дорба арқалап шыққан жас өспірім енді жасы жиырмаға толып, жігіттік кемеліне келген шағы еken. Техникумда оқыған екі жылдың ішінде студент жолдастарының алдыңғы қатарында жүріп, бой-басын да түзеп алған. Ол кездегі техникум студенттері интеллигентше киінеді.

Оқудан жазғы демалысқа келген Бәйкен үстінде дүкеннің сәнді костюмі, мойнында галтук, басында кепке, аяғында сықырлаған кисық табан былғары етігі бар, қолына шағындау шамадан ұстаған кәдімгі “тікаяқ” бейнесіндегі жігіт болып келіп еdi. Бет-әллpetі ашаң, жоталы қыр мұрынды, ақ құба өніне шоғырлы қою қасы мен сол жақ шекесінен төмен қарай екі айырып таралған майда қара шашы өзгеше жарастық тапқан сымбатты да сипатты жігіт ағайын-туысқандарға да, бұрын білмеген бейтаныс адамдарға да бір көргеннен-ак көзге жылы ұшырап, бір түрлі көnl толтырарлық ілтипат сезімін туғызған.

Ал үй ішінің қуанышында шек жок. Оларды көріп, сағынышпен қауышқан жігіттің өзі де тебіреніс үстінде. Осы қыстың басында, Булаевқадан көшер алдында дүниеге келіп, қазір аяғын тәй-тәй басқан сәби інісі Қажынәбиді бір қы-

зықтаса, қос тұлымы желкілдеп, ертеңгісін мектепке қарай жүгіретін кішкентай қарындасы Раушаттың қуанышын көріп, тағы-толқиды. Жасөспірім қыздардың бәріне тән аң-қылдақ ашық мінезбен ол әйәй қекесінің алыстағы оқудан келгенін кластағы құрбыларына бірінші күні-ақ айтып үлгірілті.

Әрине, қуаныштың үлкені – ана жүрегінде. Табиғатында мінезі салмақты, қындық пен ауыртпалықтың неше түрін көре жүре, сыртына сыр білдірмей, үнсіз көтеретін көнбіс ана бұл жолы тұла бойын кернегеншаттығымен бірге шүкіршілік қанағаты аралас мақтаныш сезімін де жасыра алмаған. Қоныр қөзінің кірпігінде тұнған тамшыны іркіп тұрып, аналық мейір-мелдігі егіле-төгіле елжіреген.

– Қарағым, қарашағым!.. Өзің бе келген, әлде әкен бе мына өмірге қайта оралған. Аумай қалыпсың ғой, жарығым!.. Тек тірі бол!.. Қайда жүрсөң де аман жүр, әрдайым мерейін ұstem қорінсін, тынысым!.. – деген сөздерді бөліп-бөліп зорға айтқан. Ана жүрегінің барлық тәубесі мен тілегі осы сөздермен түгел жеткізілген.

Үй іші болып сағыныш мауықтарын басқаннан кейін Бәйкен “Казгородок” деп өзгеше ат берілген шағын шаһардың, қазіргі үғыммен дұрысын айтқанда, әжептәуір көркі мен көлемі бар үлкен поселкенің өмірімен танысуға жиналды. Бір өзгешелігі – әуелінде, қазактарды отырықшылыққа айналдыра бастаған науқан кезінде, аудан орталығына лайықтап үлттық рен бере салынған мекеннің тұрғындары негізінен қазақ көрінеді. Үлкен жатақханасы бар орта мектеп толымды жұмыс істей бастапты. Соны көргісі келді.

Айтпақшы, ана жылы өзін Көкшетауда қабыл алып, Қызылжарға өз қолымен окуға аттандырып салған Сүлейменов Есбай ағасы осында ауысып, аудандық балалар үйінде директорлық қызметте істеп жатыр екен. Алдымен сол туысқа барып сәлем бермек болды.

Аға мен іні алғашқы кездескен жолы-ақ едөуір сөз өргізіп әңгімелесті. Бұл екі оку орнында жүргендеге көрген-білгендерін, әсіресе облыс орталығы – Қызылжар тірлігінен көнілге түйгендерін айтты. Қазіргі оқып жатқан техникумының өмірін жан-жақты баяндап етті.

Жас жігіттің орнықты мінезіне, орамды сөзіне ырзалық сезімін қоса, ықыласпен тыңдал болған Есбай ағасы Бәйкен

інісінің жиырмаса келген жасына лайық бірсыптыра білімдік мағлұмат алып, ақыл толыстырып, жақсы азамат дәрежесінде қалыптасып қалғанына қөнілі толғанын аз сөзбен білдірді.

— Жарайды, шырағым, Бәйкен-жан! Дұрыс жолда келе жатқаныңа қуаныштымын. Элі де толысып, жетіле түсуіне тілектеспін. Мерзімді күнінде жақсылап дем ал. Ауылынды барып көр. Баяғы Шабакбай атамыздың ұрпақтары Ораз ауылына қоныс аударып барып тұргандағы Фрунзе колхозы бір рет құлап, енді қайта бас қөтеріп жатыр. Соның жай-күйін байқа. Сен енді ауыл шаруашылығының маманы болып шығасың ғой. Қазір де біраз нәрседен ой түйіп, көз қандырган боларсың. Ақыл-кеңесінді айта кет. Әр жағын кезінде көре жатарсың. Қазір заман түзеліп келе жатыр ғой. Иллағи, көлденен қесірінен аман болсан, әрі қарай оқимын десен де, сол жақтан келешегі бар бір қолайлы қызметке іліксен де, өзің білесің. Тек әйтеуір аман жүр, бауырым!

Сөзінің аяғын қөнілі елжірегендей тебіреніспен аяқтаған Есбай ағаның “көлденен қесір” деген сөзді айтқанда бір түрлі дауысы бұзылып, кібіртіктеп қалғаны байқалып еді. Оның мәнісін Бәйкен арада біраз уақыт өткеннен кейін, сонырак аңғарған. Бұл жолы аға ақылымен туған жердің топырағында қайтадан тамыр жайған жаңа ауылдарды көрмек болды.

Осындаған ойға бекінген ол Есбай ағасының күтімде тұрган бір күйлі атымен салт шығып, маңайдағы колхозды ауылдарды аралап қайтты. Бір шеті өзінің туған ауылы – Фрунзе колхозына дейін барды. Біраз адамдармен – шаруашылық басшыларымен, көнекөз қарттармен өнгімелесті. Содан алған әсері де әркилы. Құнгейі мен көленексі аралас, қөнілдің күптілігін сейілтпеген қайшылықтары да аз емес, әрі-сәрі күй еді. Жанды жадыратар жақсылығы сол – ел тоғая бастапты. Жұрттың айтуынша, соңғы жылдары егіннің шығымы жаман емес екен. Ал осыдан екі-үш жыл бұрын тары егісінің шығыны тіпті ғажап болыпты. Кейінгі жылдары бидайға да кол жеткен. Ал егіннің биылғы шығымы тіпті ересен деседі. Оны жинап ала алғанның өзінде, қирап, тамтығы қалған колхоздарда жөні бүтін қоймалар да жоқ. Енбек құнгеге берілетін астықты ел қайда сақтамақ? Ұн қылып үлгіртетін, қалғанын қамбаға салып сақтай алатын біздің халық па?

Ел аузынан естілетін уайым түрі осындай. Оның әр жағындағы ақсүйек аштықтың зардабы ел көкірегінде ашы за-пыран болып тұнып қалған. Тұтас бір ауылдан, тұтас бір атаның үрім-бұтағынан бірлі-жарым тірі қалған жандар енді ғана қыбыр-қыбыр кимылға келген.

“Осының себебі не? Ҫұрауы кімде?” Ал бұл өнірдің жер құнары қандай?! Ағаш ексен арба өнеді. “Тұгін тартсаң майы шығады” дейтін нағыз қара қыртыс күт-берекенің тұрган жері. Ендеше осы жерді мекендерген ел не себепті аштан қырылады? Оған ешқандай жауап жоқ. “Құдайдың салғанына” құлдық үрған момын халық.

Осындай ауыр ойлардың батпан жүгін арқалап, мұнайып орталыққа оралған Бәйкен мектептің кітапханасына барды. Әжептеуір кітап қоры жинақталыпты. Көбінше қазақ тілінде. Айтпақшы, ол техникумға түскелі бері ана тіліне әжептеуір жетіліп қалған. Өйткені қазақ тілі мұнда негізгі пәндердің қатарында оқытылады.

Қайтқанша үйде оқып жатайын деп ол бірнеше кітап жазылып алған. Ішінде белгілі ақын Бейімбет Майлиннің кітабы бар екен. Соны парактап, ақтарып отырғанда, “Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз” деген бір өленге көзі қадалып қалды. Айналасы бес-алты шумак қана өлең. Оқып қараса, сонда қазақ ауылының тарихы мен тағдырының ізі жатыр. Алғашқы шумағын оқығанда-ақ ол ауыл деген үғымның мәнін де, ауыл алдындағы өзінің міндетін де үғынғандай болды:

Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз,
Ауыл – дене, біз – қозғалтар жаңымыз.
Кел, еңбекші, қол ұстасып бір туган,
Жиналайық қалмай жасы-кәріміз.

Бәрі де ап-айқын. Баршага түсінікті қарапайым сөздермен жеткізе айтыпты. Ауыл деген үлкен бір алып дene екен. Біз, яғни ауыл адамдары – сол денеге тіршілік беріп, кимылға келтіретін жаны екенбіз. Ол үшін бәріміз бір тудың астында жиналышп, бірлікпен іс қылуымыз керек екен. Сондағы ақынның мегзеп отырған нысанасы қандай десенші:

Гүлдендіріп жіберейік нүр беріп,
Жасыл шалғын тұрсын bezep тұр беріп.
Танымасын, таңырқасын жат дүшпан,
Жарым жылда қарағанда бір келіп.

Жарым жыл дейді. Ақынның асыққан көңіліне не кінә бар? Жарлы ауылды жарым жыл түгіл, бес жылда адам та-нымастай қылып тұрлендіріп жіберсе арман не еді?! Бейім-бет осы өлеңді Қостанайдан 1923 жылы тамызда жазған екен. Қазір 1937 жылдың тамызы. Арада табандатқан он төрт жыл өтіпті. Тұрленіп, гүлденіп, өркенде кетудің орнына бұрынғысынан әлдекайда кері кетіп, адамының тәң жар-тысын аштықтың құрбандығына берген бұл ауылдың сон-шалықты қасіретті тағдырға ұшырауына не себеп, кім кі-нелі?

Алғашында алыстан талып естілген сыйызғының ызыңын-дай сырлы ой келе-келе сары даладан сарнап естілген зарлы гөйгөйге ұласты да, онашадағы, қаңырап қалған ауылдың денесіне қан жүгіріп, енді-енді ғана жан бітіп келе жатқанын көргенде, еңсесін батпандай басып, қаншама езгілесе де, окуына қайта оралып, студенттік өмірдің қайнаған қазанына араласқанда сейілгендей еді.

Бірақ мұндағы тіршіліктे де іштен тынған бір іркілістің тылсым зілі бар сияқты. Бір-екі ай көріспей, сағынысып қа-лып, бір-бірімен шүркырай ұшырасқан окушылар болмаса, оқытушылар жағында әлдекандай бір қобалжыған қорқы-ныш, үрей сияқты мазасыздық нышаны байқалады. Сөйле-ген сөздері бір түрлі өлшеулі, қарым-қатынастары да сал-қын, ресми. Сөйтсе, “халық жауы” деген бір пәле шығыпты. Солар әшкереленіп жатса керек. Техникум директоры Гри-горий Петрович Немцевич деген бір маңғаз бар еді. Соны қызыл жағалылар ұстап әкетіпті. Мұғалімдер мен студен-тер арасында да бірлі-жарым шетінегендер бар сияқты. Жұрт арасына сактық кірген себебі осындай көрінеді.

Сабак басталысымен көп ұзамай Бәйкен аудандық ком-сомол комитетіне шақырылды. Бірінші бастықтың өзі сей-лесті.

– Әшімов, сен, биыл жоғары курста оқисын. Қоғам жұмы-сына белсene араласып жүрсін. Комсомол үйымының өмі-рімен де таныссың. Сондықтан саған үлкен сенім артып, техникумдағы комсомол үйымының басшылығын саған тап-сырып отырмыз. Қазір ондағы үйымның қатары едеуір өсті. Соны ескеріп, биылғы конференцияда комсомол комитетін құрмакпыш. Бұл ұсынысымыз өтеді ғой деп ойлаймыз.

Аудан комсомолының жетекшісі негізгі ойын осылай ашық айтып алғаннан кейін оның салмағы да женіл болмайтынын ескертті.

— Еліміздегі саяси ахуал оқиғаға өте бай, — деп жалғастырды хатшы әңгімесін. — Өткен жылдың аяғында КСРОның жана Конституциясы қабылданды. Соның негізінде биыл Қазақстан одақтас республика болып жарияланды. Жыл аяғында одақтық Жоғарғы Қеңестің сайлауы болады. Келесі жылдың жазда дәл осындай шынайы демократиялық сипаттағы сайлау біздің Қазақстанда да өткізілмек. Осы сиякты аса маңызды саяси науқандар тұсында еліміздегі социалистік құрылыштың табыстарын халыққа жеткізіп, оны кеңінен на-сихаттайтын күш – біздің комсомол.

— Сонсон, — деп қолын шошайта сілтеп, сөзін ілгері жалғастырды. — Большевиктер партиясы осындай зор табыстарға жетіп отырғанда, тап күресі шиеленісе түсетіні белгілі. Қазір ел ішіндегі жағдай өте күрделі. Зан орындары саяси сенімсіз адамдарды әшкерелеп, халық жауларына қарсы құресті өрістетіп отыр. Комсомол сол құрестің де алдыңғы қатарында болуы керек. Оқушы жастар арасында саяси қырағылықтың күшетту міндет, — деп хатшы біраз мәселенің басын шалып өтті де, одан әрі партия басшыларының үлгісімен негізгі ойларын жалпылама нақыл сөзбен тұжырымдап токтады.

Бәйкен техникумға түскен жылдың комсомол қатарына өткен. Училищені жақсы бітіріп, қоғам жұмысынан біраз тәжірибе алып келген сауатты жасты, әрине, аудандық комсомол комитеті тез таныған. Келе сала ол саяси хабарлама жұмысына тартылды. Аудандық комитеттің талай тапсырмаларын орындауды. Аудан орталығы мен техникумның арасы жақын болғандықтан ба, әйтеуір жіңі-жіңі райкомға шакырылып, әр түрлі науқанға араласып, танымал белсенділер қатарынан орын алған. Сондыктan мынадай жауапты тапсырмадан бас тарта алмады.

Көп ұзамай техникумда комсомол үйіміның есепті-сайлау жиналысы өтті. Негізгі баяндама бойынша өрістеген жарыссөзде Бәйкен де сөйлемді. Мұның алдында аудандық комсомол комитетінде болған әңгіменің әсері бар, соның біразын жүйелей, аз сөзбен асықпай байсалды түрде сөйлеп шықты. Оқушы жастарға бұл сөздің ұнағаны олардың ду

еткізіп қол соққанынан байқалып еді. Айтқандай-ақ, жиналыс сонында ол бір ауыздан комсомол комитетінің хатшысы болып сыйланды.

Окудуң алғашқы екі жылында қоғам жұмысына қатынасып, көбінесе насихатшылық сипаты бар саяси хабарлама жағына тартылып жүргенде, сабакқа да уақыт бар, оның сыртында газет-журналдарды үзбей окуға дағдыланып, ой-өрісі едәуір кенеіп қалған сияқты еді. Енді комсомол үйімінің күнделікті жұмысы, өсіреке аудандық комитет тарапынан күн құргатпай беріліп жататын нұсқау, тапсырмалар толқыны мұны бірден баурап әкетті. Біріне-бірі жалғасып, бірін-бірі баса-көктеп, асып-төгіліп жатқан шаралар тасқынына мұның өзі де елігіп, бар ынта-жігерімен іске беріле бастаған.

Солардың ішінде дәл сол кезеңдегі бүкіл ел көлеміндегі күн тәртібінің ең бірінші мәселесі, саяси өмірдегі аса маңызды мемлекеттік міндет, әлбette, одакта тұнғыш рет жүргізіліп отырған КСРО Жоғарғы Кенесінің сайлауы болатын. Отken жылдың аяғында, кенестердің төтенше VIII съезінде кабылданған КСРО Конституациясына сәйкес өткізілген бұл сайлау, бүкіл дүниежүзілік-тариhi маңызы бар (сол кездегі саяси тілмен айтқанда) деп бағаланған.

Аудандық комитеттегі жолдастардың айтқан ақыл-кенестері бар және аз күндік тәжірибеде өзінің түйгені бар – Бәйкеннің жанағы ұлы науқанды өткізу уақытында көзі жеткен бір шындығы – бүкіл комсомол үйімінің күшін қоғамдық іске түгел жұмылдыру қажет екен, ол үшін ең алдымен комитет төнірегіне белсенді жастарды, оқу озаттарын топтастыру керек екен. Техникумға алғаш келіп түскеннен бастап, жұз-өндері жарасып, сабакқа бірге дайындалып, ой-нап-құліп жүрген жақсы жолдастары аз емес. Мысалы, анау Боев Павел, Жанпейісов Өмірбек, Физатов Жәлел, Лепехин Петр, Косарева Люба, Лимаръ Иван, Паханов, Петр сияқты алғыр жастарды қандай жұмысқа болса да тартуға әбден болатын еді. Бәйкеннің осы аталған жолдастарының ішінен кейін бүкіл республикамызға танымал белгілі қайраткерлер шықты. Солардың бірі – Жәлел Физатов Ұлы Отан соғысшынан Кенес Одағының Батыры атағын алып келді. Одақ пен Республиканың Парламентіне сайланды. Партия, кенес органдарында жауапты лауазымдар атқарды.

Осы сияқты пысық, алғыр студент жастар қатарынан белгілі бір шенберде комсомол активін жасақтап алғаннан кейінгі Бәйкеннің тағы бір таяныш еткені жастарға пейілі мен бейімі бар оқытушылар болды.

Оқушы қай пәнге ықыласты болып, үздік үлгеріп жүрсе, сол пәннің мұғалімі сол оқушыны ерекше жақсы көріп, іш тартатыны қайда болса да белгілі жәйт. Топырактану мен ботаникадан дәріс беретін оқытушы Владимир Иванович Ткаченко, орыс тілінің мұғалімі Мария Михайловна Федотова, қазақ тілі мен тарихтан сабак беретін Қажымұрат Элімбаев Бәйкеннің айырықша ілтипат білдіретін ұстаздары еді. Әсіресе, соңғы курста үйіне барғыштап, өзімен ұзак әңгімелесіп жүретін Қажымұрат ағайымен бүл тіпті пікірлес, сырлас та болып кеткен. Қазақтың тарихын, үлттық дәстүрін, мәдениеті мен әдебиетін, тілін біршама жақсы билетін, көп нәрседен хабары бар Қажымұрат жас жағынан өзімен тете-лес, есті інісіне іш тартып, одан ақыл-кеңесін де, әр жайдан өзі билетін мағлұматын да аямайтын.

Сайлау науқаны ойдағыдай өтіп, бүкіл техникум ұжымы аудан алдында абыройлы болып жатқанда, Әшімов бастаған комсомол үйімі бір өткелден өткен де, содан әжептеуір тәжірибе жинақтаған. Сонда Бәйкеннің өз басына ой түсіріп, көніліне мықты бір түйін түйгізген екі жәйт болып еді. Екеуі де Жоғарғы Кенеске депутаттық ұсынылып, халық қалаулысы, Отанның сүйікті азаматы деген зор атаққа ие болған екі кісінің өмірбаянына байланысты еді.

Біреуі – осы Солтүстік Қазақстан облысынан Ұлттар кеңесіне ұсынылған Иван Михин деген комбайншы. Селодағы қарапайым еңбеккер. Маман механизатор. Соның өмірбаянымен танысқанда назар аударғаны – соңғы жылдары егін даласында комбайнмен тындырған қыруар жұмысы. “Еңбек ер атандырады” деген қанатты сөз ауыл-селоның тіршілігіне де қатысты екен-ау. Сол жігітті осыншама абыройлы өтіп, атағын аспанға көтертіп отырған анау комбайн атты машинағой. Ауыл шаруашылығының техникасы дегенде әзірге алдыменен ауызға ілінері сол болғаны. Ендеше сол техника біздің ауылдарға қашан келеді? Келсе, ауыл жігіттері оны дәл Михин сияқты менгеріп кете ала ма? Соған қашан жетеді?

Бәйкен санасында терен із қалдырған екінші бір жәйт – Вильямс есіміне байланысты. Ие, топырактану сабағында

оқытушы Ткаченко айта беретін Вильямс. Бірде аудандық комсомол комитетінің шақыруымен бара қалса хатшының кабинетінде ұзын стол үстінде “Социалистическое земледелие” газеті жатыр екен. Бірінші беттегі көзілдірік киген қасқа бас адамның суретіне көзі түсे кетті. Бұл кім екен деп қараса, астына “Академик Вильямс Василий Робертович” деп жазылыпты.

Бәрекелді! Топырақ зерттеудің үлкен маманы ретінде мұгалім аузынан көп естіген Вильямс. Сол Жоғарғы Кенестің депутаттығына ұсынылыпты. Өзіміздің Михин сияқты, “Коммунистер мен партияда жоқтар блогының кандидаты”, халықтың қалаулысы, бүгінгі тіршілігімізге тікелей катысы бар нақты адам!

Осы мысалдың өзі-ақ мұның ауыл шаруашылығы жөніндегі анық жауабын тапқызбай жүрген жұмбақтың күрмеуін онан сайын шиеленістіріп жібергендей еді. Ана жылдары қазақ ауылдарын жайланаған ақ сүйек ашаршылық. Одан кейін өз-өзінен қаулап шыққан қалың тары. Ал биыл ауылдың қоймасына сыймай, үй-үйдің есігі алдына, қара жерге арбалап төгілген қызыл бидай. Осындай кереғарлық кездесіс оң ресе ме, әлде оның да бір занылығы бар ма? Қалай болғанда да, жолын тауып, қалыпты жағдайға келтіруге болмай ма?

Отыз екінші жылғы ашаршылықтың себептері жайында Бәйкеннің еміс-еміс естігендері бар. Солардың бірі – жиырма тоғызыншы жылы жаппай колхоздастыру жүргізілгеннен кейін Қазақстанда үш жыл катарымен қатты куанышылық болыпты-мыс. Сондағы егілген егіннен, себілген тұқымнан бір масақ өнім қайтарылмапты-мыс.

Осының өзі Жер-анаға жабылған жала емес пе екен? Жаңағы Вильямс сияқты Жер-ананы мәпелеп, оның бабын тауып, әуелі бар құнарын сақтаудың, сонсоң оны арттыра берудің қамын ойлаған дұрыс емес пе?

Жан-жактан қаумалаған осындай сұрақтардың жауабын іздегендеге, Бәйкен ойы түйіккә тіреле береді. Бірақ көнілінде орнықкан бір шындық бар: елдің несібесі – Жер-анада. Жердің құнары – елдің құты. Соны ақылмен, ғылымның айтқан жолымен пайдалана білу керек. Оған мұрындық болатын біз, ауыл шаруашылығының болашақ мамандары!

АЛДЫҢҒЫ ШЕПТЕ

Сайлау науқаны өтіп, техникум өмірінің мәселелері қайтадан ілгергі орынға қойылған. Сондағы алдымен ауызға алынғаны: жартышылдық аяқталып келеді, нәтижесі қандай болмақ? Әсіреле биылғы оқу бітіретіндердің жай-күйі нешік?

Осы қарсанда комсомол комитетінің мәжілісі шақырылған. Бәйкен сайлау науқанынан алып шыққан ойларын ортаға салды. Біз техникум қабырғасында алған білімімізді іс жүзінде қолдануды ойластыруымыз керек. Әсіреле агротехника ережелерін қолдану бағытында. Біздің үшінші курс екінші жартышылдықта көбінесе практика жұмысында боллады. Облыста шаруашылығы өркендеген күшті совхоздар бар. Ал колхоздардағы жұмыстың үйымдастырылуы нашар, шаруашылықтары әлсіз. Соларды қалайша ілгері шығару керек?

Біз, болашақ жас мамандар, осы жағын ойластырып, өзіміз кетіп бара жатқанда, техникум дирекциясының алдына тиісті ұсыныстарымызды бере кетейік. Бұл – бір.

Екіншіден, біздің техникумда физкультура-спорт дәреҗесі мәз емес. Көркемөнерпаздық жайы одан да тәмен. Күшті үйірмелер жоқ. Арамызда қандай таланттар бар, оны да білмейміз. Соларды үйымдастыруға өзіміз үткы болуымыз керек.

Хатшының бұл ойларын комитет мүшелері қолдаған. Әрқайсысы өз ұсыныстарын айтып, осы екі бағыттағы жұмыстың мазмұны мен көлемі біршама айқындалып калып еді. Бірақ оның болашақтағы өрісіне Бәйкеннің өз басы тікелей қатыса алмаған.

Жаңа, 1938 жылдың басында ол тағы да аудандық комсомол комитетінің шақырылды.

Әдетте кезекті тапсырма алуға келгенде, бөлім менгерушісінен немесе нұскаушылардың өзінен қайтып жүретін комсоргты бұл жолы, өткен күздегідей, бірінші хатшының өзі қабылдады. Қасында бір жігіт отыр.

– Кел, отыр, – деп алдындағы жанама үстелдің бос орындығын нұскады да, қасындағы жігітті таныстырды:

– Мына кісі Иван Боев, облыстық комсомол комитеті үйымдастыру бөлімінің менгерушісі.

Содан кейін хатшы бірден сөзін бастады: – Бәйкен, сен комсомол үйіміндағы аз уақытында өзінді жаксы көрсеттің. Комсомолға осындаі үйымдастыру қабілеті бар, жұмыста оты үшкіндап тұратын, идеялық жағынан табанды қызметкерлер керек. Біз жан-жақты ойластырып келіп, сені аудандық комитеттің аппаратына алатын болдық. Саяси оқу бөлімінің менгерушілігіне үйғарып отырымыз. Енді сол іске кірісуін керек.

Бәйкен алғашында сөздің мәнісіне түсініңкіремей қалған. Өзінің техникумдағы комитет жұмысына қосымша тапсырма екен деп ойлаған. Анықтап сұраса, оқудан да, ондағы қоғам жұмысынан да біржола босану, осында қызметке ауысу керек екен. Бұл мүлде күтпеген әңгіме еді. Сондықтан әдепкіде не дерін білмей, абдырап қалған.

– Менің оқуым бар емес пе, биыл бітіретін жылым.

– Білеміз. Білгендіктен де, осындаі шешімге келіп отырымыз.

– Жок, Алексей... Мен оқуымды бітірмей еш жакқа ауыса алмаймын. Сонсон, бұл жұмыс менің қолымнан келмейді, – деп Бәйкен ұсыныстан үзілді-кесілді бас тартатын ынғай білдірді.

– Сен бір нәрсені түсініп ал, Эшімов, – хатшының сөзі енді қатылдана бастады. – Комсомол жұмысы сауданың мәселесі емес. Ол – бір. Екіншіден, комсомол жұмысының мүддесі жеке адамның шаруасынан жоғарырақ. Сен оқуынның негізгі бағдарламасын еттін. Қалған жарты жыл – өндірістік тәжірибе. Оны осы қызмет үстінде-ақ өтесін. Өйткені ауыл-село жастарының бар қызметі біздің карауымызда. Мемлекеттік емтиханды сырттай дайындалып жүресін де, жазда өз курсынмен бірге тапсырасын. Сенің маман кадр болуыңа біз де мүдделіміз. Үшіншіден, мәселе аудандық партия комитетімен де, облыстық комсомол комитетімен де келісіліп қойған. – Юрченко осыны айтқанда, облыстан келген өкіл де басын изеп, ілтипат білдіріп қойды.

Бәйкен не дерін білмей үнсіз отырып қалған. Осы тұста әңгімеге өкіл араласты: “Сен атқара алмаймын деп бекер айтасың. Бүкіл техникум сен туралы өте жоғары пікірде. Өзіңмен бірге оқитын менің інім Паша да ылғи айтып отырады: біздің курста сабакты өте жақсы оқитын, саясатқа жетік бір жігіт бар, деп. Істеп кетесін, мына Юрченколар

саған көмектеседі, сонсон үйренесің. Кәне, жұмысына кірісе бер”.

Әңгіме осымен бітті. Бәйкен Ленин аудандық комсомол комитетінде саяси оқу бөлімінің менгерушісі болып шыға келді. Жұмысқа алғаш шықкан қуні Юрченко аппарат қызметкерлерін шақырып алып, мұны таныстырыды да, аудандық комитеттің алдында тұрган кезекті міндеттерден барлығына ортақ нұсқау берді:

– Біздің алдымызда тұрган бірінші кезектегі өте маңызды міндет – Қазак КСР Жоғарғы Кеңесінің сайлауына әзірлік. Ол сайлау маусым айында өткізілмек. Біз өткен жылғы үлкен сайлаудан бірсыныра тәжірибе алдық. Оны жинақтап, өзімізге қару етуіміз керек.

Ал бұдан кейінгі біздің күнделікті жұмысымыздың негізгі арқауы – ауыл-село жастарын оқуфа, колхоз-совхоз өндірісіне кеңінен тарту, олардың өндірістегі белсенділігін арттыру. Мұны біз жастарға коммунистік тәрбие берудің, оларды кеңестік патриотизм рухында тәрбиелеудің негізгі өзегі деп түсінуіміз керек.

– Қысқасы, жолдастар, біз социалистік құрылыштың алдыңғы шебіндеміз, осыны ұмытпаңдар, – дегенде, ол әдейі бұрылып, Бәйкен жаққа бір қарап қойды. – Ал оны ұмытпау үшін жастар бұқарасымен тығыз байланыста болуымыз керек. Шаруашылықтарға кезектесіп жиі-жиі шығып тұру керек. Жергілікті комсомол мүшелерінің жауапкершілігін арттыру керек, оларға бақылауды қүшайту керек.

Хатшы “жауапкершілік”, “бақылау”, “керек” деген сөздерді ерекше леп беріп, баса айтқан.

Сонымен Бәйкен алдыңғы шептеді. “Алдыңғы шептеді” деп бір қайталап қойды. Ертеңіне жұмысқа келіп отырып, орысшасын ішінен тағы қайталап айтты: “На передовом рубеже социалистического строительства”. Ал бірақ сол “алдыңғы шептің” қайда екенін білсе-ау бұл. Бәйкен біраз ойланып қалды. Бір тәуірі – ауыл-селомен байланыс үзілмесін, жиі-жиі қатынап тұрындар деген сөзі ұнап қалыпты. Сол есіне түскенде, бұл дереке жалпы бөлімге барып, аудандағы колхоз комсомол үйымдарының тізімін сұрады. Өзінің жұмыс орнына алып келіп, тізімді бастан-аяқ көшіріп алды.

Енді сол тізімге тесіле қарап, ой үстінде отыр. Тізімнен бір байқағаны – ауданда бірсыныра қазақ ауылдары бар екен.

Аттарына қарап отырып, бүгінгі тіршіліктерін де айқын көзге елестетуге болатын сияқты. Бәрі де жана ұғымдар, іске, қимылға жұмылған елдің бейнесі: “Өрнек”, “Өндіріс”, “Еңбек”, “Жаңалық”, “Бірлік”, “Алқа”, “Мәдениет”, тағысын тағылар. Солардағы комсомол ұйымдарының хатшыларын көзбен шоюп өтті. Бәрі де қазақ жастары. Енді бір ауық өз ауылдының: баяғы Шабақбай мен Ораздан қосылған Фрунзе колхозының жайын ойлады. Осындай бір бейнелі аттапағанына іші ауырғандай сезім пайда болды.

Енді бір ауық осы ауылдарда егін егіп, мал жайлап жүрген жастар арасында маман агроном, зоотехник, мал дәрігері немесе мал фельдшері деген мамандар бар ма еken? – деп ойлады. Өзінің техникумы есіне түсті. Онда оқитын қазақ балаларының тіпті аз еkenін, биыл бітірушілердің де бірен-саран ғана еkenін ойлап отырып, жаңағы өз сұрағына: “қайдан болсын” деген жауапты өзі айтты. Соңсоң аудан орталығындағы мекемелердің тізімін алды. Онда қазақтан бастауыш комсомол хатшылары аз еken. Осыларды салыстыра отырып, аудан көлеміндегі комсомол ұйымдарының есебін шығарды. Жалпы комсомол мүшелерінің санын сұрап алды. Ал енді комсомол жасындағы одақта жоқ жастардың саны қанша еkenін райкомолда ешкім білмейді еken.

– Оны кім біледі?

– Мүмкін аудандық статистика бөлімінде бар шығар. Солардан сұрастырып көру керек.

Бәйкен бұл сұракты да қойын дәптеріне түртіп қойып, аудандық тұтынушылар одағына тартты. Соның кітап саудасымен айналысатын қызметкерлерімен сөйлесіп, бір мәліметтер алмақ. Онда барғандағы білгені – ауданға КСРО Конституциясынан, Сайлау туралы ережеден және Кеңестердің VIII төтенше съезінің материалдарынан ауданға орысша, қазақша қанша кітапша түсті? Содан қаншасы ауыл-селоға жіберілді, аудан орталығына бөлінгені қанша? Солардан өткені қанша, қоймада жатқаны қанша?

Осы мәліметтерді алғаннан кейін раймагқа соғып, жаңағы басылымдардан бір-бір дана орысша, қазақшасын сатып алып, кеңсеге қайтты. Бүгінгі жұмыс күні осымен бітті, енді үйге қайту керек.

Осы кезде ғана есіне түсті, бұл жұмысқа алғаннан кейін, үй тұрмысы, тағы басқа тіршілік қамы сөз болғанда, бірінші

хатшының айтқаны: айлық жалақың мынадай, соған пәтер жалдайсын. Пәтер ақысына біз белгілі мөлшерде көмектесіміз. Қалған тіршілік өзіңмен. Ал пәтер табуға біздің қыздар көмектеседі. Сен техникуммен есебінді айырысып, заттарыңды алып келгенше, бұлар мәселенде шешіп қояр, – деп, өзінің алдындағы хатшы қызды шақырып алған да, тиісінше тапсырма берген.

Бұл қайтып келсе, пәтер дайын екен. Хатшы соның жайжапсарын түсіндірді. Осы кенсеге жақын жерде, үш бөлмелі ағаш үй. Иесі – қызымен тұратын бір әйел. Бір бөлмесін сізге бөліп береді. Ас-су, төсек-орын – бәрі өздерінен. Үш мезгіл тамағынызды өздерімен бірге ішесіз. Төсек-орынды мезгілінде ауыстырып, кір киімдерінде жуып тұрады. Соған төлейтінің – айына мынадай – деп кесімді ақысын айтқан. Осыған келіссеніз, қазір мен ertip барып, үйді көрсетемін. Үй иелерімен таныстырамын.

Бұл өрине, бәріне де келісті. Бір айтқаны: Катя (хатшы қыздың аты осылай екен), қазір менімен барғанда, алдағы екі айдың пәтер ақысын сіз өз қолыныздан беріп кетіңізші. Әр жағын өзіміз таныса жата келісерміз, – деп тиісті соманы қыздың қолына ұстатқан.

Содан кейін пәтер үйіне енді ғана оралып еді. Іші таптүйнактай жиналған үш бөлмелі үйдің бір бүйірдегі түйік бөлмесі бұған өзірленіпті. Бір кісілік шағын кереует. Екі басының жылтырағы бар, асты жұмсақ серіппелі темір төсек. Төсек-орын текшеленіп жиылған. Керек нәрсенің бәрі дайын, бәрі орнында. Орта жастағы үй иесі әйелдің аты-жөні – Дарья Денисовна, алтыншы класта оқитын қызының аты Лена екен. Сонымен, бұл көптен бері бірінші рет өз үйіне келгендей жайлы орналасып, үй иелерімен сыйпайы сыйлас-тық жағдайдағы жалғыз басты жігіттің өмірін бастаған.

Ертеңіне жұмысқа келген бойда кешегі ойларының жалғасын біраз пысықтап алды да, болімдегі екі қызметкермен әңгімеге кірісті. Бір жігіт, бір қыз – Николай мен Валя. Мұнда қызмет істегендеріне көп болмапты.

– Аудан орталығындағы бастауыш үйымдарда саяси оқудың жайы қандай? – деген сұрауға екеуі де жарытып ештеңе айта алмады. Бұл жұмыстан өздерінің де хабарлары шамалы сияқты. Бірақ екеуінің де сөздері пысық. Осы жұмысқа келгелі едәуір ширап, жұмысқа беріле бастаған қалыптары бай-

қалады. Келгелі тындырған жұмыстарына қарағанда, Николай жүріс-тұрысқа, ауызша тапсырманы орындауға, ал Валя кенседегі жазу-сзызуға бейімделіп қалған сиякты.

Бәйкен сәл ойланып, үнсіз отырып қалды да:

Онда былай болсын, екеуің бүгін-ертең, осы екі күнде, бір-екіден мекемеге барып, солардағы комсомол үйымда-рында саяси окудың жайымен танысып келіндер. Үйірме бар ма, әркім өз беттерімен не оқиды? Соны жайлап сұрастырып біліндер. Одан аргы жұмысты содан кейін ойластырайық.

Екі қызметкеріне тапсырма беріп жөнелткеннен кейін, өзі де қағаз-қаламын сайладап, парткабинетке кетті. Сонда барып, кабинет менгерушісінен партия үйымдарындағы саяси оқу жайынан сұрастырып көріп еді, өзі естіп жүрген әңгімелерден артық ештеңе біліп жарытпады. Соңсоң кабинетте отырып алып, екі күн бойы соңғы жылдағы газет-журналдардың тігінділерін актарды. Аудандық, республикалық жастар басылымдарын, насихатшыларға арналған теориялық және методикалық материалдарды шүқшия қарап, қойын дәптеріне бірсыптыра нәрселер жазып алды.

Бөлімнің қызы мен жігіті пәлендей мағлұмат әкеле алмапты. Тіпті кейбір комсомол мүшелері саяси оқу дегеннің не скенінен хабарсыз көрінеді. Бұл сірә, кездейсок нәрсе болмаса керек. Сонда не істеу керек?

Бәйкен қойын дәптеріне қайтадан көз жүгіртті. Жазғанда-рын бастан-аяқ қарап шығып, тағы ойланды. Біраз нәрсенің басы қосылыпты. Соны ой жүзінде қорыта келгенде, сана-сында “саяси оқу” деген бір жүйелі ұғым қалыптасқандай. Басы бар, аяғы бар – үлкен-үлкен мәселелердің ұзын-ырғасы айқындалғандай болды. Өзі бұрын байыбына бармай, атұсті шала-шарпы қарпыған жәйттер де орны-орнына келіп, көнілге конғандай. Соның бәрі дәл осы биылғы жылдың ерекше-ліктеріне бейімделіп, жүйеленіп түрғандай сезілді.

Енді осыны жүртқа қалай жеткізу керек? Аудандық ком-сомол комитетінің қолындағы мүмкіндіктер қандай? Эрине, топ-топ қылып бастарын қосып, мәселені талқылау керек. Истің жайын анықтап алып, оны жолға қоюдың жайын ақылласу керек. Ал соңсоң?.. Соңсоң оларға осы жұмысты қалай үйымдастырудың жән-жобасын түсіндіру керек. Жеке мәсе-лелердің мәнін ашып беру керек. Көнілге қонымды етіп жет-кізу керек.

Осындай ойларын тағы да корыта, пысықтап алып, Бәйкен бірінші хатшыға кірді. Алғашқы аптадағы өзінің әсерін айтып, істің нақты жайын баяндап шықты. Ол жайдың мәз емес екенін, көп жерлерде саяси оку дегеннің аты да, заты да жоқ екенін айтты.

- Ал сонда не істеу керек?
- Қолға алу керек те, ілгері бастыру керек.
- Қалайша?
- Біз бөлімде ақылдасып, біраз шараларды ойластырық.

Бірінші ұсыныс: алдымен аудан орталығындағы комсомол үйымдастырушыларын, саяси оқуға жауапты бюро мүшелерін, жекелеген насхатшыларды жинап, осы мәселеңі талқылау керек. Ол талқылау сөз жүзінде қалып қоймас үшін және бастауыш үйымдарға нақты көмек болуы үшін мұны жайғана жиналыс емес, бір күндік семинар-кеңес түрінде өткізу керек.

Бұдан әрі Бәйкен осы шараны үйымдастырудың жалпы жобасын нобайлап айтып шықты.

– Біз бөлімде отырып, екі-үш күнде осының нақты жоспарын жасайық. Ол үшін әлі де біраз үйымның жұмысымен танысып, қайда қандай тәжірибе, қандай кемшіліктер бар? Жұмысқа кедергі болып отырған қындықтар қандай? Осыларды аныктап алғаннан кейін жинақтаймыз.

Тегінде, семинар-кеңесті екі бөлім етіп жоспарлаған дүрс. Бірінші бөлім жұмыстың жалпы жайын талқылайтын көдімгі іскерлік кеңес болын. Төрт-бес үйымның хабарын тыңдайық. Сонсоң, соны қорытындылап, жалпы міндеттерге тоқталып, сіз сөйлесеніз жақсы болар еді. Оған материалды бөлім дайындал береді.

Екінші бөлімінде екі-үш тақырыптан нұсқау баяндамалар үйымдастырсақ. Айталық, Кеңестік Конституция туралы, кеңестік демократияның артықшылықтары туралы, Сайлау туралы Ереже жайында, т.б. Оларды өзіміз аныктап, орындаушыларын нақтылап береміз.

Сонсоң бюорода бекітеміз бе, басқаша бола ма, – оны сіз шешесіз. Осылай зандастырып алғаннан кейін, әр жағында екі аптадан асырмай, семинар-кеңесті өткізуге дайындал береміз.

Жоспар аудандық комсомол комитетінің бюросында бекітіліп, өткізілетін мерзімі белгіленді. Сол бойынша шакы-

рылатын адамдардың тізімі жасалып, бәріне хабарланды. Көптен бері мұндай шара өткізілмеген еken, сондықтан оның дайындығына аппарат қызметкерлері түгел қатыстырылды.

Ақырында, мерзімді күн жетті. Қеңес-семинар белгіленген жоспар бойынша іркіліссіз өткізілді. Оған қатысуышылардың барлығы бір ауыздан жоғары баға берді. Іске ете пайдалы болғандығын айтты. Аудандық партия комитетінің басқосуда болған өкілдері де өздерінің ой-пікірлерін білдірді. Бірер айдың ішінде аудандық комитет осы үлгімен алысырақ ауылдарда үш-төрт шаруашылық жастарының басын қосып, бір совхоз орталығы мен маңайдағы елді мекендерде жеке-жеке семинар сабактарын өткізіп, саяси оқу мәселесін бір желіпнітіп таstadtы. Бәйкеннің өзі де екі-үш қазақ ауылдарына барып, жастармен әңгіме-кеңес үйымдастырып кайтқан.

Сонымен арада біраз уақыт өтті. Қар кетіп, көктем келді. Шаруашылықтарда көктем егісі басталды. Қалыптасқан тәртіп бойынша, аудандық партия комитетінің үлгісімен комсомол да өз өкілдерін жібереді еken. Бұл да бір-екі колхозға оқіл боп барып қайтты.

Осындай жұмыстармен қат-қабат техникумдағы мемлекеттік емтихан мерзімі де жақындалап калған еді. Бұл енді кешкілік жұмыстан кейін велосипедіне мініп алып, техникумға қарай тартады. Велосипед демекші, Бәйкеннің бұған үйір болуы әуестіктен емес, жұмысқа қажет болғандықтан еді. Комитет қызметкерлерінің ауыл-селоға жиі шығып тұруына тұра келетінін жоғарыда айттық. Бірақ ауылға катынайтын көліктің жағдайы киын еken. Райкомолда жалғыз-ак ат бар. Оны қыста шанаға, жазда арбаға жегіп, бірінші хатшы пайдаланады. Қалған қызметкерлер қыста кез келген жүргіншіге мінгесіп барады. Ал жазда – әркім өзінің “самоходымен” қатынайды. Сондықтан бұл да жақында велосипед сатып алып, сонымен жұруді үйренген.

Сонымен бұл күн сайын кешкілік, демалыс күндері күндіз де техникумға барып, өзінің курсас жолдастарымен бірлесіп, емтиханға дайындалды, қажетті оқу құралдарын алды. Сөйтіп жүріп, ақырында экстернат ретінде мемлекеттік емтихандарын да ойдағыдай тапсырды. Ауылшаруашылық техникумын бітіргені жайында атtestatpen бірге “агроном-полевод” деген мамандық алып шықты.

ЖАУЫНГЕРЛІК САПТА

Бір күні кезекті іссапардан оралып, ертеңгісін жұмысқа келіп отыр еді. Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз бір қағаз алып кірді. Басына “телефонограмма” деп жазылыпты. Мұны аудандық әскери комиссариат шақырады дейді, дереу комиссардың өзіне келсін, депті. “Бұл не нәрсе екен?” – деп іштей сәл таңырқап қалды. Аудандық әскери комиссарды да, оның кейбір қызметкерлерін де білетін. Осоавиахим және басқа отан корғау мәселелерімен істес болып та қалатын. Бірақ бұлай шақырту деген болмаушы еді ғой деген екі ұшты оймен бұл военкоматқа кетті.

Барған бойда-ак комиссардың өзіне алып кірді. Ол шаруа жайын бірден хабарлады:

– Сіз әскери қызметке шақырыласыз, Эшімов жолдас, – деді ол қысқасынан қайырып. – Бұл не айтарын білмей мұдіріп қалған. Сәлден кейін комиссар да әскери тілден жай сөзге ауысып, жұмсарта сөйлемді. – Жағдай солай болып тұр. Бұл жаппай шақыру емес, ішінара іріктей шақыру. Бірақ кезекті мерзімді әскери қызмет ретінде. Жағдайды өзіңіз білесіз. Қызыл Армия қазір саяси дайындығы бар сауатты жастарға ете зәру.

Сондықтан белгілі талапқа сай келетін жігіттерді қарастырғанда, сіз дәл келіп тұрсыз. Бұл жөнінде аудандық партия комитеті де, сіздің өз бастығыңыз Юрченко жоддас та біледі. Сіз жөнінде облыстық комиссариатқа рапорт та жіберілді. Жолға дайындалыңыз. Бұрсігүні жүресіз.

Бәйкен өзіне айттар сөз қалмаганын түсінді, – Құп болады, жолдас комиссар! Мен дайынмын! – деп өзі естіген әскер тәртібімен жауап берді. Комиссар күліп жіберді. Енді екеуі де бұрынғы таныс қызметкерлерше қалыпты өуенмен жүру жайын сөйлесті де, бұл жұмыс орнына қайтып келді.

Жаңағы айтқанында, Юрченко барлық жағдайды біліп отыр екен.

– Амал жоқ, баруға тұра келеді. Сен жөніндегі пікір бізде де, аупарткомда да жақсы еді. Болашағынды ойластыра бастап едік. Облыстық комитетте Боев жолдас та сенің жағдайынды ылғы сұрастырып: “Көп ұзамай өзімізге аламыз. Біраз үйренген соң, дербес қызметке жоғарылатамыз”, – деп жүруші еді. Бәрі де осылай өзгерді ғой, жарайды, жолың болсын! – деді.

Сол күні жұмыстар есебін алып, үйіне хат жазды. Пәтеріне келіп, жолға өзірленді. Келесі күні техникумға барып, мұғалімдерімен қоштасты. Қажымұрат ағайдаң үйіне барып шай ішті. Біраз әңгімелесіп отырды. Үш жыл оқып бауыр басқан техникумнан ауданға ауысқанда байқамапты. Қимайтынын енді ғана сезгендей болды. Өзінің курсас жолдастары оқуларын бітіріп кетіп қалған. Солардың орнын сипағандай болып, техникум орамдарын бір аралап, жатақханаға кірді. Одан Есілдің жағасына барып, өзінің талай қыдырған, толқынына аунап жалдаған кездерін еске түсіріп біраз тұрды да, ауданға қайтты.

Келесі күні әскери комиссариаттың өзірлеген машинасымен Қызылжарға аттанып кетті.

Бәйкен облыстық әскери комиссариатқа келсе, мұның қай жерде, қандай әскери бөлімде қызмет ететіні күні бұрын белгіленіп қойған екен. Қолына жолдама қағазы мен пойыздың билетін алып, аулаға шықса, өзімен техникумда бірге оқыған курсас жолдасы Рәшид Әбдірахманов деген жігіт жолыға кетті. Ол да әскерге шақырылыпты, оның бағыты да бұл баратын Українаның Чернігов облысындағы Нежин қаласы екен. Бірін-бірі көріп қуанысып қалды, біріне-бірінің серік болатынын екеуі де көңілге медеу қылышты.

* * *

Бәйкен қызмет ететін атқыштар полкы қаланың қақ ортасындағы бір оңашаланған көрікті махаллага орналасқан екен. Казармадан барып орын алды. Қызыләскер киімінің жазы үлгіде тігілген формасын киді. Басындағы қызыл жұлдыз таққан пилоткасынан бастап аяқ киіміне дейін өзіне шапшақ болып, денесіне қона кетті. Қыша түстес гимнастерка мен галифе шалбар, белден қынап буылған жалпақ былғары белбеу – осы күйде өзін айнадан көргенде, бір түрлі танымай да қалған сияқты. Бұл өзгеріс бұрын жігіт ойына кірмеген тосын жағдай еді. Бірақ үйден жастай кетіп, ылғи оку соңында жүріп, жатақхана тұрмысына үйренген бұл әскер өміріне де тез көндігіп кетті.

Бұрынғы өзі көрген училище мен техникумның жағдайына қарағанда, казарманың ішкі көрінісі де, жалпы тұрмыс деңгейі де көш ілгері. Барлық жерде тәртіп, тазалық. Әрбір жауынгердің бас-басына керек-жарактың бәрі өзінің жанында, кереуетінің қасындағы қобдиша жәшіктे.

Бұл – қарапайым тұрмыс жағы. Ал соғыс өнеріне үйрету, оку-жаттықтыру, жауынгерлердің жалпы және саяси білімін көтеру жағы тіпті өзгеше. Бәрі жан-жақты ойластырылып, қызыл әскерлердің күн тәртібі, әр мезгілде шұғылданатын оку-жаттығу жұмысы, танңың атуынан кешкі үйқыға дейінгі бүкіл іс-кимылды, жүріс-тұрысы түгел кестеге түсірілген. Бәрі хаттаулы, бәрі есепте.

Полктың оку кабинеттері, көрнекі құралдармен, оку-жаттығу, дене шынықтыру-спорт аландары қажетті құрал-жабдықпен, неше түрлі снарядтармен, қондырғылармен қамтамасыз етілген.

Жаңадан келген жауынгерлерді полктың батальондарына, роталарына, взводтарына рет-ретімен, күні бұрын бөліп қойған екен. Бәйкен тіркелген взводтың алғашқы күнгі аланда өткен жиынында ондағы қырық төрт жауынгерді төрт бөлімшеге бөлді. Ол үшін барлығын бойларына қарай іріктеп, төрт-төрттен сапқа тұрғызғанда, алдыңғы лектегі төрт жігіт бөлімшесі командирлері болып тағайындалған. Сонда Бәйкен 3-бөлімшениң командирі болып шықты. Взвод командирі мен оның көмекшілерінен кейінгі, жауынгерлердің өз ішіндегі бастық осылар болады екен Оку-жаттығу сабактары әрбір взвод бойынша жеке жүргізіледі екен де, ішкі бүйрық-жарлық осы бөлімшесі командирлері арқылы жүзеге асырылады екен.

Взвод құрамындағы жауынгерлер Одақтың әр түрлі аймақтарынан келген әр түрлі ұлт өкілдері болғандықтан, олардың білім дәрежесі мен орыс тілін білуі де әр деңгейде екен. Сондықтан, Уставты түсіндірген кездегі нұсқаушының айтқанын жазып ұлгеру, сонсоң оның мағынасын бірден түсініп, игеріп кету әркімнің қолынан келе бермейді. Ал толық орта білімі бар, орысшага жетік Бәйкенге мұның бәрі, әрине, киынға түскен жок.

Содан кейінгі сабак – қару-жарақ түрлерін үйрену. Қызыл Армия бөлімдеріндегі негізгі қару – винтовка. Соның әрбір бөлшегінің атын, винтовка құрылымында атқаратын қызметтін, қарудың бөлшектерін тарату, майлап, қайта жинастыру тәртібін жете үйреніп, тез арада атқарып шығу – әрбір жауынгер үшін бұлжымайтын ереже.

Взводта аптасына бір рет саяси сабак өткізіледі екен. Оған белгілі дайындығы бар адам жауынгерлердің өз ішінен

тағайындалады екен. Осы сабактың ен алғашқы сағатында взвод командирі журналды көзімен сүзіп тұрып, Бәйкеннің фамилиясын атады.

— Я – красноармеец Ашимов, – деп бұл орнынан ұшып түрегелді.

— Сіз комсомолда қызмет істеп, саяси оқу ісімен айналысыпсыз ғой.

— Дәл солай, жолдас командир.

— Олай болса, взводтағы саяси сабакты өткізу сізге тапсырылады. Сол үшін рота саяси жетекшісінің орынбасары деңгөн әскери атақ беріледі. Осыған сәйкес киім формасын алаңыз. Ал өзініз бұрынғыша взводтың қатарында қала бересіз.

Бұл мәселе осылай тәмамдалды. Ал күнделікті газет-журнал материалдары бойынша аптасына бір сағат саяси сабак өткізу Бәйкенге ешқандай қындық туғызған жоқ.

Сол сияқты спорт залындағы снарядтар мен қондырғыларды пайдаланып жаттығуда да Бәйкен алда болды. Өйткені, турник, брусья сияқты қондырғылармен, волейбол ойынымен Бәйкеннің сонау ФЗУ, техникум жылдарынан бері айналысқаны бізге мәлім.

Осының барлығы жиналып келгенде, әскери бөлімдегі қызметтің алғашқы құндерінен бастап-ақ Бәйкеннің жауынгерлер арасында абырай-беделін асырып, оны ерекше бір құрметті орынға шығарған. Әрине, қындықсыз да болған жоқ. Әсіресе жорыққа шықкан кезде ол көп ынғайсыздықтарды бастан кешіргені бар.

Жорықтың қын жері – айдалада келе жатқанда, жанбыр демей, кар демей, дала демей, сай-сала демей жата қалып енбектеу немесе жер бауырлап жорғалау. Ондайда қолында винтовка, арқанда жұмарлап буып алған шинелін (оны скат деп атайды), белінде сапердің құрегі, бір жақ бүйірінде салпылдаған противогазын, екінші жағында сусын құйған құтың болады. Міне осындай жүкпен жүздеген метр жерге енбектеп немесе жер тағандап жорғалау, әлбетте, оп-оңай нәрсе емес. Оның үстіне саяси жетекші ретінде жауынгерлердің алдында қол бастап жүруі керек. Ақырында бұған да үйреніп кетті.

Шындығына келгенде, ол кездегі, яғни соғыстың алдындағы әскер қызметтің бірсыныра жақсы жақтары болды. Қатардағы қызыл әскерлерді қатаң тәртіпке, орындаушы-

лыққа, еңбеккорлыққа үйретумен бірге, олардың білімі төмендерін кәдімігі мектептегідей оқытып, сауаты мен саяси ой өрісін кеңейтетін. Бой-басының, киім киісінің, жүріс-тұрысының, былайша айтқанда, жалпы мәдениетінің дәрежесін көтеріп қайтаратын.

Әскер катарында қызмет ету әрбір жас адамның азаматтық борышы саналса, халық та кенестін әkeri қызметкерлерін қатты сыйлас, құрмет тұтатын.

Бір күні мынадай оқига болды. Бәйкен қасындағы бір-екі жолдасымен жексенбі күні көшеде қыдырып келе жатса, қаланың орталық алаңында топырладап бір жерге шоғырланған халық көрінді. Жан-жактан солай қарай жүгіре басып бара жатқан адамдар да байқалады.

“Не болып қалды еken?” – деп бұлар да солай қарай бұрылған. Сөйтсе, жаңағы қалың шоғырдың ортасында үстібастары сап-сары ала болып, оқалы киімдері жалт-жұлт етіп екі әскербасы тұр. Тани кетті – өздерінің корпус командирі Рокоссовский мен штаб бастығы Малинин еken. Тауда Қызыл Армияның жоғарғы дәрежелі басшыларына генерал атактары берілген, жаңа киім үлгілері енгізілген.

Осындай жарқыраған жаңа киіммен, айырым белгілерімен жарқ-жұрқ етіп келе жатқан екі генералды көшедегі жұрт қоршап алғып, қызыктап тұр еken. Эр түрлі сұрақтар беріп, әнгімеге де тартқан түрлері бар. Кейбіреулери өзімсініп, оқалы киімдерін, кеуделеріндегі жылтырақ белгілерін үстап көріп, мәз-мәйрам. Генералдардың өздері де ақжарқын, көнілді. Бәріне жылы шыраймен құле сөйлеп жауап беріп тұr. Қатардағы халықтың еліміздегі әскери қызметкерлерге деген ықыласы мен құрметі сол жылдары осындай еди.

Бұл кезде Бәйкеннің әскери қызметке келгеніне бір жыл толған. Мезгіл – 1939 жыл. Дүние жүзінде, әсіресе Еуропада халықаралық жағдайдың шиеленіп тұрған кезі. Гитлер Германиясы Испаниядагы республиканы тұншықтырғаннан кейін, маңайындағы елдердің бірінен кейін біріне шабуыл жасап, шетінен басып алғып жатыр. Бір күні шығысындағы Польшаға бас салып, ішіне кіріп кеті. Сол кезде Кеңес үкіметі тиісті келісім арқылы Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны туысқан екі одактас республиканың құрамына қосып алу жөнінде шешім қабылдаған.

Күні бұрын батыс шекараларға қарай жылжытылған кеңес-тік әскер бөлімдері осы жорықтың қалың ортасында болды. Бәйкеннің полкы Карпат өніріндегі Львов, Дрогобыч, Пере-мышль сияқты ірі-ірі қалаларды басып өтті. Одан әрі Сол-гүстік Буковино жеріне кіріп, Черновцы қаласына жетті.

Бір ғажабы, осындаи шерулі жорықта не Кеңес, не Польша әскерлері тарапынан бірде-бір оқ атылған жоқ, ешқандай соғыс кимылы жасалған жоқ. Қайда барса да, кала мен село халқы кеңестік әскер бөлімдерін аса зор өрлеумен, жарқын жүзбен қарсы алғып, қошемет көрсетті. Жорық аяқталып, батыстағы бауырлар Одақ көлеміне кіргеннен кейін, Бәйкендер шекараға таяу Новоград-Волынскі қаласында тұрактап қалды.

Бірақ тыныштық ұзакқа бармады. 1940 жылдың қысында Финляндия Кеңес Одағына қарсы соғыс ашты. Бәйкен қызымет ететін бөлім енді осы соғысқа қатынасатын болды. Бұлар темір жол эшелонына тиеліп, солтүстіктегі Архангельскіге келіп түсті. Осы жерде тым-тырыс үш айдай кідірістеп жатты: сол екі арада “ак финдерге қарсы” деп аталған түсініксіз соғыс аяқталып қалды да, бұлар келген іздерімен батыс шекарағы өздерінің тұрақты мекеніне қайтты.

Бұл кезде Бәйкен партия қатарына өткен. Жас коммунист. Әскери бөлімнің саяси өміріне белсене қатынасады. Әскери дәрежесі де өсіп, аға саяси жетекші атағын алған. Дербес бөлімдегі комсомол бюросына партия үйіміның атынан жауапты болып бекітілген.

Бейбіт өмірдің бейкүнә күндерімен 1941 жылдың көктемі келді. Бір күні “1938 жылы шақырылған жауынгерлер әскерден босатылады екен” деген сыйбыс естілді. Көп ұзамай, сол сыйбыс рас болып шықты.

Сонда мынадай ой келеді: бұкіл дүние жүзін селт еткізген Ұлы Отан соғысының дәл қарсаны. Осындаи апатты шайқастың боларын, жау жағының тұтқылы шабуылға әзірленіп жатқанын Кеңес үкіметінің басшылары білмеді ме? Халықаралық жағдай мейлінше шиеленісіп, оқиғалардың аяқ аlyсы айқын сезіліп тұрганда, саясат басындағы тәжірибелі басшылардың білмеуі мүмкін емес. Ал дәл солай болған жағдайда, сақадай сай тұрган саптағы сарбаздарын таратып, үйді-үйлеріне қайтаратын қадамды қалай түсінуге болады? Бейбітшілікке актық сәтіне дейін адап болайық деп әдейі жасалған тактика ма екен?

Қалай болғанда да, 1941 жылдың 10 маусымы күні Бәйкен мерзімді өскер қызметін аяктап, запасқа шығарылды да, елге қайтты. Арада бір пойыздан екінші пойызға ауысып жүріп, 18 маусым күні аман-есен үйіне жетті. Арада төрт күн өткеннен кейін, маусымның 22-сі күні соғыс басталды деген хабар дүнк ете қалды.

Соғыс туралы хабарды естігенде, Бәйкен алғашында онша селт ете қойған жоқ сияқты еді. Өйткені сол батыс өлкеде үш жыл өскери қызметте болғанда екі рет соғыстың шет жағасын көргені бар. Германия Польшаны басып алған жатқанда, біздің өскерлер құрамында Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны Одаққа қосып алу жорығына қатынасты. Бір оқ шығын қылған жоқ. Одан ақ финдерге қарсы соғысқа аттанып еді, бұлар бармай жатып, жанжал аяқталып қалды да, орта жолдан қайтты.

Сондықтан әдепкіде бұл да сондай бір болмаши кикілжің болар деп ойлаған. Үйде төрт-бес күн демалып, өскери комиссариатқа есепке тұруға барғанында, ондағылар да жайбақағат сияқты көрінді.

– Сіз жақындаған келдіңіз фой. Алаңдамай, қызметке орналасып, жұмысыныңды істей беріңіз. – Керегінде өзіміз тауып аламыз – деген.

Содан кейін бұл баяғы өзі көрген Казгородокқа барып, орта мектепке мұғалім болып орналасты. Өз үйі бұл кезде өздерінің туған ауылына жақындаған, Казгородоктан Беспаловка дейтін деревняға көшіп келген. Қазір сондағы “Перелом” атты колхозда тұрып жатқан.

Бәйкен мектепте өуелі өскери дайындық сабағынан және кейінірек, өзінің мамандығы бойынша, соғыстың қатал жағдайына байланысты жаңадан енгізілген ауыл шаруашылығын механикаландыру дейтін пәннен сабак берді. Ал соғыс, алғашқы ойлағандай емес, ел үшін қатал сынға айнала бастады. Мұның жасындағы жігіттер түгелдей дерлік өскерге алынып, азғана дайындықтан кейін майданға жөнелтіліп жатты.

Тұтқылдан басталған соғыстың ауыр зардабы көп ұзамай ел ішінде де біліне бастаған. Бүкіл елдің экономикасы сияқты, жергілікті жерлердің тіршілігі де соғыс жағдайына бейімделіп, қатаң тәртіпке көшірілді: техника атаулының іске жаратыны майданға жөнелтілді. Елдегі тұрмыс күрт

төмөнделеп, жағдай ауырлай түсті. Мектептің жоғары класс окушылары сабактан тыс уақытта ауыл шаруашылық жұмыстарына қатынасып, ересектердің жұмысын атқара бастады. Ел құлағы елеңдеп, Кенес информбюросының хабарын тыңдайды. Тындаған сайын еңсе түсे береді. Соғыстың алғашқы аптасында-ақ батыс шекарадан басып кірген жау әскерлері аз уақыттың ішінде бірсыныра жерді басып алды, күннен күнге ентелеп ішке кіріп барады.

Осындай қөнілсіз құндерде Бәйкен мектептің аға кластардағы ер балаларын әскери дайындыққа үртете бастаған. Аудандық әскери комиссариатқа, осоавиахим мекемесіне, оку бөліміне барып жәрдем сұрап, солардағы қалған-күткән оқулық қару-жарақтарды жиыстырып, мектеп жанынан шағын ғана әскери кабинет ашты. Соған әскер өмірін бейнелейтін, әскери Устав ережелері жазылған, ПВХО нормалары көрсетілген плакаттарды, әртүрлі схемаларды, суреттерді іліп, кәдімгідей көрнекі құралдар жасады. Одан төменірек кластардағы ауыл шаруашылығы жұмысына жарайтын окушыларды МТС-тың, колхоздың ауыл шаруашылық аландарына апарып, комбайн, трактор, тағы басқа ауыл шаруашылық машиналарымен таныстыруды. Жазғы маусымдарда солармен жұмыс істеуге өзірледі.

Бәйкен бұған дейін қазак арасында, қазақ мектебінде жұмыс істеп көрген жоқ-ты. Бірақ ауылда туып-өскендіктен онша тосырқаған жоқ, мұндағы мұғалімдермен тез шүйрекелесіп, танысып кетті. Қазақ балаларына да жұғысты болып, олармен де оңай табысты. Әскерден жаңа ғана келіп, үстінен формалы киімдерін әлі тастай қоймаған сыпайы жігіт оқытушылар мен окушылар арасында алғашқы құндерден бастап сыйлы болды.

Айналасы бір жылдай ғана, оның өзінде Отан соғысының алғашқы жылындағы өте қысылшаң қын кезенде өткізген Казгородоктағы мұғалімдігін сез қылғанда, ерекше бір тебіреніспен еске алатын қымбат адамдары бар.

Солардың бірі Рамазанов Фабдулхан деген кісі. Ол өзі мектептің жоғары кластарына орыс тілі мен әдебиетінен сабак беретін. Өзгелерден өзін ерекше оқшау ұстайды, жұртпен бейсаубат сөйлеспейді, көбінесе үнсіз жүреді. Ал сейлесе кетсе, өзгелер біле бермейтін бір жаңалық нәрсені айтады; содан оның жан-жақты білімдарлығы танылыш түрады.

Ал жеке қарым-қатынаста өте сыпайы, мәдениетті адам. Ішкі сарайы ақыл-парасатқа, адамгершілікке толып тұрғандай сезілетін. Бұл кісінің өзін түйік ұстап, бос сөзден аулак жүретін себебін Бәйкен кейін ұқты. Бақса, Фабекен отыз жетінің жаппай жазалау кезінде жаладан жапа шегіп, азар дегенде құтылып шыққан еken. Сондықтан сақтық жасайтын болса ккрек.

ЖОРЫҚ ЖОЛДАРЫ

Әскерге сүйт шақырылғанымен, Бәйкен бірден майданға жіберілген жоқ. Алдымен үш айлық даярлық курсынан өту үшін Харьков әскери-саяси училищесінде оқытын болды. Бірақ ол кезде Харьковтың аты ғана болмаса, өзі түтеген соғыс өргінің ортасында қалған-ды. Училище Ташкентке көшірілген еken, солай қарай тартты.

Тамыздағы Ташкенттің ми қайнатқан ыстығында келіп, онтүстіктің оттай қарыған алтап күніне біраз қақталғаннан кейін курстағы сабагын құлді-бадам бітірген бұл енді қарашаның қара сүйк ызығырығында Солтүстік-Батыс майданына тап болды. Бұл жолдама алып келген атқыштар ротасы, басқа да көп бөлім, бөлімшелермен бірге, Спас-Деменск қала-сының маңында, атышулы Сучань батпағының қалың қорысында, корғаныста түр еken. Бәйкен рота командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары болып тағайыйдалды.

Ұрыс даласындағы алғашқы әсерін оның майдан өмірінен алынған мынадай естелік жазбаларынан білуғе болады:

“...Корғаныс ұрыстары дегеніміз жаудың төпелеген артиллерия-миномет шабуылының астында жатып төмпештеген. Оның үстіне жау авиациясы төбеден тынымсыз бомба тоғытып жатады. Ал әскери қымылдар театры деп атайдындары – адам аяқ алып жүре алмайтын қопа-қорыс, тұтасқан батпак. Оған күзгі-қысқы лайсан қосылғанда, корғаныстың алдыңғы шебіндегі жауынгерлерге азық-түлік, оқдәрі жеткізіп берудің өзі бір қиямет көрінеді”.

Әрине, екі жақтың күші де, жағдайы да тең болмаған соң белсенді корғаныс қайдан болсын, аз күн ішінде Бәйкен келген ротаның адамдарынан 30-40 проценттей ғана қалды. Бірақ, обалдары не керек, осындау ауыр жағдайда, соғыстың от-жалынында сөздің шын мағынасында жанқиярлықпен ай-

қасқан жауынгерлер бұл кезде бірсыптыра пісіп, төбелеске төсөліп қалған еді. Қасекі жауға қайыспай қарсыласып, та-лай шабуылдарына төтеп беріп жатады.

Табандатқан үш ай бойы тырп етпей табан тіреп қорған-ған бөлімдер әскер қатарын толыктыру үшін қорғаныстың алдыңғы шебінен шегіндіріліп, кейін әкетілді. Бәйкен бұ-рынғы қызметінен жоғарылап, басқа бөлімге ауыстырылды. Сол тұста Ашхабадта жасақталып, майданға жаңадан келген 87-дербес атқыштар дивизиясына жіберілді. Көпшілігі тү-рікмен жігіттерінен құралған осы дивизияның негізінде 76-атқыштар дивизиясы жасақталып, Бәйкен сол дивизияның саяси бөліміне нұсқаушы болып тағайындалды да, бұдан былайғы жауынгерлік жолы осы құрамада өтеді.

Кеңес әскерлерінің 1943-44 жылдардағы тегеуірінді ша-буылдары кезінде 76-дивизияның бөлімдері, Батыс және I Белорус майдандарының құрамында болды. Ұлы Отан соғысының барысында күрг өзгеріс жасалып, кеңес әскерлері барлық майдандарда жаппай шабуылға шыққан осы кезеңде аса жауапты бағыттарда шайқасқан Батыс майданына мар-шал Жуков, ал I Белорус майданына Бәйкенге ертеден таныс, сонау 1939 жылы өзә қызмет еткен корпустың командирі болған маршал Рокоссовский қолбасшылық еткен-ді. 76-ди-визия осы екі майданның қанаттасқан жеріндегі ең бір ұрым-тас тұста, от пен оқтың қалың ортасында жүріп, ажалмен бетпе-бет айқасқан. Сондай бір аса қатты ұрыстар Смоленск облысының жерінде бірнеше күнге созылды.

Фашист басқыншылардың Мәскеу бағытындағы өлемен-дік шабуылында шешуші бекініс болған Смоленск қаласы-ның жау қолына екі рет түсіп, екі рет босатылғаны белгілі. Осы қала мен облысты екінші рет босатқан соғы шайқаста 76-дивизия Ельня қаласын алып, соның құрметіне “Ельня дивизиясы” атанды. Осы ұрыстың ең қызу, ең қатерлі өтінде жүрген Бәйкен Әшімұлы сол күндерді еске алғанда, мы-надай әңгіме айтады:

“Кейбір кісілер соғыстағы саяси қызметкерлерді тікелей атыс шебінен қағаберіс, кейінректе жүретін жансебіл адам-дар көреді. Бұл – бекер, қате түсінік. Соғыста қатерсіз, қаға-беріс жер деген ұғым болмайды. “Менің оғым әлі заводтан күйіліп шыққан жоқ” деген тәуекелмен шыбын жанынды шүберекке түйіп жүрмесен, қансоқтаның арасында бір күнге

де шыдай алмайсың. Үрейін ұшып, ажалыңнан бұрын өлесін. Ал татар дәмің таусылып, соғыс сағатын жетіп, тағдыр оғы турға келіп тұрса, сені қайдан болса да тауып алады”.

Ал енді саяси қызметкер, әсіресе дивизия сиякты ірі құрамаңың деңгейіндегі нұсқаушылар, күн демей, түн демей, соғыстың не бір түтеп тұрган шағында, ең алдыңғы шептегі атыс нұктелеріне дейін барып, яғни дивизия құрамындағы полк, батальон, рота, взвод, бөлімшелерін түгел қамтып, солардағы солдаттар мен офицерлердің ерлік қымылдары туралы, тұтас бөлімдердің саяси-моральдық ахуалы туралы мағлұмат алып келеді. Сонын нәтижесінде Корпустың, Армия мен Майданның саяси бөяімдері мен баскармаларына күн сайын жазбаша ақпар жіберіліп тұрады. Онда жекелеген жауынгерлердің ерлігінен бастап, бүкіл бөлімнің соғыс қымылдарына өстіп толық шолу жасалып, накты мысалдар келтіріледі. Оған дивизия саяси бөлімінің бастығы қол қояды. Мұндай жауапты документке қажетті фактілерді қағаберісте бой тасалап жүрген бірде-бір саяси нұсқауши жеткізіп бере алmas еді. Ал соның ішінде жалғыз ғана жалған дерек болса, ол басымен жауап берер еді.

Майдандағы саяси қызметкерлердің жауапкершілігі мен жанкештілігін Бәйкеннің мына бір жазбасынан да айқын көреміз:

“Дивизия саяси бөлімінің бастығы полковник Уткин байырғы маман офицер, сонау 1918-1920 жылдарда азамат соғысина қатысқан ардагер жауынгер еді. Василий Васильевич дивизиядағы барлық солдаттар, командирлер мен саяси қызметкерлер үшін аға сардар, парасатты ұстаз ретінде танылған-ды. Қауырт шабуыл кезінде ылғи алдыңғы шепте жүріп, солдаттарды жауып тұрган оққа қарсы алға бастап отыратын. Смоленск жерінде болған осындағы бір ұрыста, Ружино дейтін деревняның маңында Уткин екеуіміз алдыңғы шептегі шабуылшы солдаттар арасында болдық. Бір кезде туралап келген жау оғы полковникті катты жарапалап кетті. Қасындағы көмекшісі мен екеуміз екеулеп ұрыс даласынан алып шықтық. Халі онсыз да ауырлап қалған қайран сабаз, қолымызға көтеріп алған бойы, терен суды кешіп келе жатқанымызда жан кешті. Жаудан қашқан село тұрғындарының көлігі бар біреуін токтатып алып, полковниктің денесін ди-

визия штабына алып келдік. Барлық жауынгерлердің күрметіне бөлленген ер жүрек офицер, саяси қызметкер полковник Уткинді сол күні әскери рәсіммен арулап, ақтық сапарға шығарып салдық”.

Осы оқиға туралы Бәйкенмен бір дивизияда қызмет істеген ленинградтық офицер Крапивин Михаил Алексеевич соғыстан кейінгі бір хатында былай деп жазады:

“...Күні бүгінгідей есімде, Ружино станциясында біз бірінші рет кездесіп едік. Хуторға бекініс жасап жатқанымызда, бір күні таңтертең В.В.Уткин екеуініз алдынғы шептегі жауынгерлерге келдіңіздер. Сол жолы ол кісі оққа ұшты, ал сіз фашистердің иек астындағы бір жыраға құлаған деңесін плащ-палаткаға орап, алып шықтының да, Любимово дейтін селога алып келдіңіз. В. В. Уткин сол араға жерленді...”

1944 жылдың жазғы шабуыл операцияларында 76-дивизия Украинаның қыыр солтүстік-батысындағы Волынь облысында соғысып, Ковель қаласын босатуға қатысты. Сол үрыстарға қатысқаны үшін Әшімовке жолданған жеке құттықтауда былай деп жазылған еді: “Ковельдің батыс жақ бетіндегі немістердің аса мықты бекінісін бұзып өтіп, Батыс Буг өзеніне өту кезіндегі үздік соғыс қымылдары үшін, сол үрыстарға қатысуышы капитан Әшімов Бәйкен, Сізге Жоғарғы Бас қолбасшы, Кеңес Одағының маршалы Сталиннің бүйрығымен алғыс жарияланды”.

Шілденің қайнаған күндерінде I Белорус майданындағы 47-армияның құрамында шайқаскан 76-Ельня атқыштар дивизиясының бөлімдері, Батыс Буг бағытында шабуылды үрыс сала отырып, Кеңес Одағының Польшамен жapsарлас шекарасына шықты.

Жаудың бетін мықтап тойтарып, оны өкшелей қуған кеңес жауынгерлері барлық майдандарда ғажайып ерлік үлгілерін көрсетті.

Мәселен, маршал Рокоссовский қолбасшылық еткен I Белорус майданының әскерлері жедел қымылдап, алдарындағы кедергіні жапырып өтіп жатқанда, олармен қанаттаса қымылдаған I Украина майданының жауынгерлері де маршал Коневтің қолбасшылығымен Вислаға қарай ентелей ілгеріледі.

Осынау ұлы дүрмектің қалың ортасында 76-дивизия да болды. Санаулы күннің ішінде оның бөлімдері Батыс Бугтен 300 километрдей ілгері жылжыды. Вельки, Малый, Груд, Осувка, Мериамполь, Ситник және басқа көптеген елді мекендерді жаудан босатты. Бяла-Подельска қаласын азат етті. Сол ұрыстарда жауға ойсырата соққы берे отырып, қыруар қару-жаракты қолға түсірді.

1944 жылғы 14 қыркүйек капитан Б. Әшімовтың ерекше есінде қалды. Сол күні маршал Рокоссовскийдің сарбаздары Варшава түбіндегі Прага дейтін қаланы азат еткен. Сол соғыста бүкіл 47-армия, ал оның ішінде 76-дивизия, аскан ерлік көрсеткен. Ерікті поляк жауынгерлерінен жасақталған Войска Польсканың екі құрамасы – Тадеуш Костюшко атындағы I-жаяу әскер дивизиясы мен Вестерплятте қаһармандары атындағы I-танк бригадасының жауынгерлері кенес сарбаздарымен қоян-қолтық қымыл жасай отырып, өз отанын фашист басқыншылардан азат ету жолында өжеттіктің керемет үлгісін көрсетіп еді.

Сол ұрыстағы Бәйкенге жолданған құттықтауда тағы да мынадай сөздер жазылыпты: “Висла өзенінің шығыс жақ жағалауында немістердің маңызды тірек пункті – Варшава түбіндегі Прага бекінісін алу жолындағы ұрыстарға қатысушы капитан Әшімов Бәйкен, Сізге Жоғарғы Бас қолбасшы, Кенес Одағының маршалы Сталиннің бүйрығымен алғыс жарияланды.

Бұған дейін Қызыл Жұлдыз, I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, “Жауынгерлік енбектері үшін” медалімен наградталған Бәйкен енді “Вертути миллитари” орденімен қосымша көтермеленді. Сөйтіп, туысқан Польшаны, оның астанасы Варшава қаласын азат ету үшін болған шайқастарда оның жеке басының көрсеткен ерліктері Польша мемлекетінің ең жоғары дәрежелі жауынгерлік наградасымен марапатталды.

Осы шайқастың нәтижесінде Бәйкен саяси бөлімінде қызмет етіп, бүкіл жорық жолын катарында өткізген 76-дивизия Қызылтулы, Суворов орденді Ельня-Варшава атқыштар дивизиясы деген құрметті атқа ие болып еді. Бұлай деп корытындылай айтатын себебеміз – осы Варшава үшін болған шайқастарда капитан Б. Әшімов ауыр жараланып, госпитальға түсті де, өзінің жауынгерлік жорық жолын аяқтап еді.

Бәйкен сол жараланғаннан он ай бойы госпитальда жатты. Ауыр жарадан аман қалып, беті бері қарады. Көп ұзамай соғыс аяқталып, Женіс күні де жетті. Ел іші салтанатқа бөлеңіп, жеңіс мерекесін тойлап жатты. Сол кездерде бұл екі жыл бойы өзімен бірге талай шайқастарда қан кешіп, оқ пен оттың ортасында майдан өмірінің не бір қанкешті қасіреттерін бірге бастан кешірген қарулас жолдастарын терең тебіреніс үстінде еске алып жатты.

Ол өзінің қолында қаза болған полковник Уткинді еске алды. Соңсоң Уткиннің орнына дивизия саяси бөлімінің бастығы болған полковник Виталий Долгополовты ойлады. Ерекше тебіреніс сезімімен көз алдына елестетті. Сонау Варшава түбіндегі шайқаста қаты жараланған мұны ұрыс даласынан алып шығып, дәрігерлік-санитарлық батальонға табыс еткен нақ сол кісі болатын. Өзінді ажалдан арашалап алып қалған адамды қалай ұмытуға болады, оған деген алғыс сезімінді қалай жеткізуге болады?!

Дәл сондай қанды көйлек жолдастар, қимас достар аз болды ма майданда? Сонау Ашхабадтан жасақталған бөлімнен 76-дивизияга келіп қосылған Бахчи Атаев пен Ахмед Ахундов, жоғарыда аты аталған Михаил Крапивин, Борис Бондарев пен Николай Живов, тагысын тағы талай қарулас жолдастар, достар! Солардың бірде-бірін ұмытуға болар ма, сірә!

Жоқ, Ұлы Отан соғысының ардагер жауынгері Бәйкен Әшімов оларды ұмытқан жоқ. Олар да мұны ұмытпалты. Одактың әр түкпірінен келіп бастары қосылған әр үлттың өкілдері, тағдырлары ажал аузында қанмен беркіген айны-мас достар соғыстан кейінгі кезде бірін-бірі тауып алып, ұзак жылдар бойы бір-бірімен хабарласып тұрды. Кездесе қалса, құшак жайып қауышты.

Жаңағы Долгополов Виталий Арсеньевич, запастағы полковник, Львов қаласынан Бәйкенге өзінің “Батыс Бугтен Вислаға дейін” деген кітабын жіберді. Онда майдандас жауынгерлердің естеліктері жинастырылған екен. Кітаптың ішкі бетіне мынадай сөлемхат жазыпты:

“Бәйкен Әшімұлы Әшімовке! Қымбатты қарулас досқа, Польшаны азат ету үшін болған ұрыстарға қатысып, Батыс

Бугтен Вислаға дейін жорық жолынан бірге өткен жауынгер жолдасқа. 76-атқыштар дивизиясының бұрынғы саяси бөлім бастығы В. А. Долгополов. 20.04.1985 жыл”.

Ашхабадтан Бахчи Атаев бір суретші салған Бәкенін майдандағы суретін жіберді. Онда былай деп жазылған:

“Аса күрметті Бәйкен Әшімұлы! Ашхабадтағы өнер мұражайында суретші В. Н. Заичкиннің майдан өмірінен салған жүзден астам суреті бар. Солардың ішінде сізді бейнелейтін бір көріністің фотокөшірмесін ескерткіш есебінде өзінізге жолдан отырмын. Суретші Заичкин біздің дивизияға 1943 жылдың қазан айында республика мәдениет қызметкерлерінің делегациясы күрамында келген болатын. Қадірлі қарулас дос, Сізге шын жүрекten мықты денсаулық, зор бақыт және мәртебелі мемлекеттік қызметінізде жаңа табыстар тілеймін.

Сәлеммен және шынайы қүрметпен: отставкадағы генерал-майор Б. А. Атаев”.

Ұзақ жылдар бойы көріспей-біліспей, хабарсыз жүрген майдангер достардың ойда-жоқта бірін-бірі тауып алған қуанышының өзі бір жүрек тебірентерлік ганибет. Бәйкен 1963 жылы Ленинградтан бір хат алды. Оқып қараса, былай деп жазылыпты: “Күрметті Б. Әшімов жолдас! “Правда” газеттінің 28.03.1963 ж. санында “Кадрлармен жұмыс істеудің лениндік принциптері қатаң сақталсын!” деген мақаланы оқып, қатты толғандым. Өйткені, 1942 жылы Ашхабадта жасақталған 76-дивизияның саяси бөлімінде менімен қызметтес болған Б. Әшімов деген досым болып еді. Варшава түбінде (Прагада) болған шайқаста жарапанды да, одан көз жазып қалдым. Өте бір жарқын тұлғалы жан еді, ылғи ойымнан кетпей жүреді. Егер сіз сол капитан Б. Әшімов болсаныз, маган дереу хабарласа көрініз”.

Бұл кісінің “Иә, мен сол Әшімовпін” деген жауабын ала салысымен Михаил Алексеевич қуанышы қойнына сыймадандай шын көнілімен шаттана, былай деп қайыра хат жазыпты:

“Ура! Ура! Ура! Бұл неткен қуаныш еді, қымбатты Бәйкен! Мен сені таптым ғой. Осы қазір ғана сенің хатынды алып оқығанда, қуанғаннан көзімнен жас та шығып кетті. Саған зор рахмет! Қазіргі сенің арқалап жүрген жүгіннің қаншалықты ауыр екенін сеземін. (Ол кезде бұл кісі Қа-

рағанды селолық облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істейтін – Ж.Б.). Сені мактан етемін. Мен, сені сонау Сучань батпағында көргенде-ақ (әңгіме Солтүстік-Батыс майданы туралы болып отыр – Ж.Б.) ойлап едім: сенен тұбінде үлкен қызметкер шығады деп. Шын жүректен саған денсаулық, ал Тың өлкесінің енбеккерлеріне зор табыстар тілеймін...”

Бәйкен Эшімұлы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып істеп жүрген кезінде одақтық үкімет делегациясын басқарып жыл сайын болып тұратын дәстүрлі Познань жәрменкесіне барды. Сонда Польша мемлекетінің басшылары кеңес павильонын аралап көріп, Кеңес Одағының кол жеткізген табыстарына жоғары баға берді. Кеңес әскерлөрінің соғыс кезіндегі жанқиярлық ерлігі жайында жылы лебіз білдірді. Өздерінің елін фашизмнен құтқарып қалғаны үшін Қызыл Армияға алғыс айтты.

Поляк Біріккен жұмысшы партиясының бірінші хатшысы Эдвард Герек пен Польша үкіметінің төрағасы Петр Ярошевич басқа да ел басшыларымен бірге Кеңес делегациясының құрметіне қабылдау жасады. Сол қабылдау кешінде Польшаны азат етуге белсене қатынасқаны үшін, жоғары дәрежедегі Польша орденінің кавалері болғаны үшін Б. Эшімовкө зор құрмет көрсетті.

Осыдан біраз жыл өткеннен кейін, 1995 жылы 15 қантарда Польша Республикасының Қазақстандағы елшісі Станислав Чосек Бәйекене ел үкіметінің атынан мынадай адрес жолдады: “Екінші дүниежүзілік соғыстың құрметті ардагері Эшімов Бәйкен Эшімұлы! Польша астанасы – Варшаваның неміс-фашист оккупанттарынан азат етілуіне 50 жыл толған күні сол тарихи оқиғаларға тікелей қатысқан Сізден менің шын жүректен шыққан ыстық құттықтауымды қабыл етуінізді өтінемін. Сізге және Сіздің жақын адамдарыныздың бәріне мықты денсаулық, бақыт және игілік тілеймін...”

Сол, жылы, Женістің жарты ғасырлық мерейтойы карсанында Бәйекен мынадай жеке құттықтау хат алды:

“Құрметті Бәйкен Эшімұлы! Ұлы Отан соғысына қатысқан 47-армия ардагерлерінің кеңесі Ұлы Женістің 50 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтайтыды. Сіздің осы үрыстарда, жауынгерлік жорықтарда көрсеткен жанқиярлық ерліктеріңіз осынау тарихи Женіске сұбелі үлес болып ко-

сылды. Ол Ресей халқының тарихынан ең жоғары бағаға, шексіз алғысқа лайык.

Сіз 47-армияның құрамында Ресей мен Украинаның байтак жерінде, от пен оқтың астында, талай жүздеген шақырым жорық жолынан өттіңіз, фашист басқыншыларды Польша жерінде талқандауға қатыстыңыз.

Алыстанап бара жатқан қаһарлы күндерде жауынгерлік дос-тықты қанмен суарған ардагер сарбаздар Сіздің ерлігіңізді ешқашан ұмытпайды. Данқты Женістің жарым ғасырлық жарқын мерекесінде Сізге ұзак ғұмыр, мықты денсаулық, зор бақыт, үй-ішінізге игілік тілеп, басымызды иеміз.

*47-армия ардагерлер кеңесінің
төрагасы, гвардия полковнигі
Н. Н. Живов”.*

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТІГІЛГЕН ТУ

Госпитальда он ай жатып, емделіп шыққаннан кейін, 1945 жылдың шілде айында Бәйкен Әшімов елге қайтты. Әскери-дәрігерлік комиссия оған мүгедектік күөлік беріп, әскери есептен шығарды. Бұдан үш жыл бұрын дәл осы шілде айында қайыра әскерге алынып, содан майданға аттанып еді. Арада қансоқта, қатал соғыстың үш жылы өтті. Женіс сағатының соққанына да үш айдай уақыт болды. Майдангер жолдастары мен қарулас жауынгерлердің аман қалғандары бұл кезде үйлеріне жетіп, мәре-сәре болып жатқан.

Бұл да Қекшетау облысының Айыртау ауданындағы үйіне келіп жетті. Бұдан сегіз жыл бұрын, ауылшаруашылық техникумында оқып жүрген кезінде жазғы демалысқа бір келіп кеткенде, Казгородокта тұратын ата-анасы кейінірек Беспаловка дейтін деревняға көшкен. Ел арасында тұргандарымен, өздерінің туған ауылы Ақмоладаға жақындау ғой деп, ата-анасы осылай қарай ауысқан.

Мұндағы “Перелом” атты ұжымшар атағы дардай болғанымен, хал-жағдайы, соғыс кезіндегі барлық шаруашылықтар сияқты, тіпті күйзеліп қалған екен. Бір тәуірі, женістің желеуімен халықтың көңілі көтерінкі көрінеді. Ал тұрмыс жағы төмен. Тақ-түқ күнкөріспен отыр.

Бәйкен майданға кеткелі бері анда-санда, орайы келгендеғана, қысқаша хат жазып, амандығын білдіргені болмаса, ел жайынан, үй ішінен хабары аз еді, енді келіп қараса, тіпті жүдеп қалыпты. Сонау аштық жылдарынан бермен қарай, әйтеуір өлмешінің күнін көріп аман қалғандары болмаса, ылғи бірден-бірге көшіп-қонып жүргенде, үй мұлкі, киім-кешек, тәсек-орын жағы азып-тозып кетіпті. Үй ішінің адамдары, қайда болса да, жыл өткен сайын ересектер жағы қартайып, жастар есіп жататыны белгілі жәйт кой. Жеткіншектерінің алды – Раушат қарындасы биыл онжылдықты бі-

тіретін көрінеді. Екі інісі – Қажынәби мен Аманкелді де окуға жарап қалған. Әрқайсысының өз тілек-талаптары өз алдына.

Ал өз басының денсаулығы әзірге бір күйде. Соғыстағы ауыр жараның өзі жазылғанмен, зардабы әлі кете қойған жоқ. Бір аяғын сылтып басады. Новосибирскінің госпиталінен шығарда, дәрігерлер:

– Таяқты әзірге тастама. Тегінде, он жақ жамбасқа көп салмақ тұсірмеуге тырыс. Лажы болса, біраз уақыт жұмыстар іркіле тұрған дұрыс болар еді, – деп тапсырған. Бірак үй ішінің жағдайы мынадай болып тұрғанда, қызметсіз үйде отырудың жөні келмес, – деп түйді ол. Ата-анасымен, іні-қарындас бауырларымен, ауылда ағайын-туғандармен дидарласып, біраз мауық басқаннан кейін енді тұрмыс, еңбек, қарекет жайын ойластырды. Сөйтті де, аудан орталығы Володаровкаға қарай жиналды.

Володаровка кенті – қазақша аты Саумалкөл, баяғы бала Бәйкеннің аштықтан қашып, ауылдан шыққан бетте, жаяу-жалпылап келіп түнеп шыққан жері. Араға он үш жыл салып, өмірдің біраз өткелдерінен өткен жаралы жауынгердің: “Тұған жерім, ту тігетін тұғырым сен!” деп іздеп келе жатқан жері де осы. Сондықтан басқа жаққа бұрылмастан, тұра аудандық партия комитетіне келді.

Дес бергенде, бірінші хатшы орнында екен. Әдеттегі данғаза мәжіліс, жындардан да ада. Бөтен кісі-қара көрінбейді. Бір онашалық саябыр сәтке тұра келіпті. Капитан шеніндең әскери киімді, қолында таяғы бар майдангер жігітті көп күттірғен жоқ. “Кірсін”, – депті.

Бірінші хатшы Бәйкеннің өзі қатарлас немесе сәл ғана үлкендеу жас жігіт екен. Николай Иванович Бурлаков деген аты-жөнін қабылдау бөлмесіндеңі хатшы қыздан біліп алған. Сол бетімен майдандағы жауынгерлік салтымен өзінің аты-жөнін дауыстап айтты да, қойын қалтасынан партбилетін алып, кабинет иесіне ұсынды. Таяуда госпитальдан емделіп шығып, Женістің артын ала елге оралғанын, осы ауданда, өзінің туған елінде қызмет іstemек ойы бар екенін қысқаша өміrbаянымен қоса айттып шықты.

Өте жақсы, жолдас капитан! Өзіңіз сияқты айыртаулық жігіттер майданнан аман-есен Женіспен оралып, елге келіп жатса, біз оған аса қуанышты боламыз. Әсіресе сіз сияқты

саяси дайындығы мол ауыл шаруашылығының мамандарына өте зәруміз, – деп хатшы ақ жарқын ілтипат білдірді де, әлденені есіне түсіргендей бір сөт ойланып қалды. Сонсон дереу телефон тұтқасын көтеріп: “Фисенконы косыныз”, – деді. Одан әрі арғы жақтағы кісімен сөйлесіп кетті:

– Василий Акимович, біз сіздің іздеген адамынызды тауып отырымыз. Біраз уақыттан кейін барады. Сөйлесіп көрініз. Сонсоң хабарласарсыз, – деп тұтқаны орнына қойды. – Мен ауатком төрағасымен сөйлестім. Соларға бір іскер жаупты хатшы керек еді. Әзір басқа қолайлы жұмыстың реті көрінбей түр. Соны атқара тұрыңыз. Әр жағында тағы да көре жатармыз. Егер бәрі жақсы болып жатса, аудандық партия комитеті де, аудан еңбекшілері де сіздің енбегінізді бағалар деп ойлаймын, – деп кабинет иесі тағы да ашық мінез таныта күлді.

Хатшы осыны айтып, қолын стол үстінде жатқан темекі сауытына созды да, ішінен екі тал папирос алып, бірін Бәйкенге ұсынды.

– Рахмет, мен тартпаушы едім, – бұл сыпайы ғана ізет білдіріп, темекіден бас тартты.

О, Байкен Ашимович, сіз мықты екенсіз. Соншама уақыт майданда жүріп, темекіге әуес болған жоқсыз, ә? Онда былай болсын: Сіз қазір ауаткомға барыңыз. Төрағасы – жаңа мен сөйлескен Василий Акимович Фисенко деген кісі. Егер ол біздің ұсынысымызды қабыл етіп, сіз келісетін болсаныз, онда тұра ертеннен бастап жұмыска кірісініз. Аудандық Кенесстің келесі сессиясында заңды түрде сайланасыз. Әр жағындағы жұмысты өздерініз келісіп ілгері жылжыта бересіздер фой.

Бірінші хатшы тағы да сәл бөгеліп отырып, пікірін қайта жалғастырды.

– Сіз, Байкен Ашимович, осы ауданның ез перзенті екенсіз. Сондықтан бұл жерді менен кем білмессіз. Қазір қайда да жағдай өте ауыр, ол да сізге түсінікті. Ел соғыстан қатты қалжырап шықты. Халықтың тұрмысы, жасыратын несі бар, өте нашар. Егер осы жұмыска келісіп, іске кірісе қалсаныз, бір-ақ нәрсені есінізге салғым келеді. Жоқшылықтың зарын тартқан жұртшылық бәрі де аузын ашып, алақанын жайып, мемлекетке қарайды. Үкімет орындарынан көмек сұрайды. Арыз-шағыммен келеді. Алдымен осында келеді. Біз аудандық Кенеске сілтейміз.

Соларға тиісінше демеу білдіріп, ең болмаса көңілдерін аулап жылы сөз айту, етініштерін орындаудың мүмкіндігінше қисының тауып, жән-жобасын нұсқау, соған ықпал ету – біздің борышымыз. Сіз осы жұмысты жолға қоюдан бастасаңыз дұрыс болар еді. Ал соңғы айттарым: осы ұсынылып отырған жұмысты аз-көп демей, кабыл алыныз. Эр жағы, қайталап айтайын, өз жөнімен бола жатады ғой. Қайткенде де, бірлесіп істейтін боламыз. Әзірге сау болыңыз!

– Сау болыңыз, Николай Иванович, – деп бұл жолы Бәйкен хатшыны аты-жөнімен толық атады. – Зор рахмет Сізге, Сіздің ықылас-пейілініз беріңіз!

Аудандық партия комитетінен осылай олжалы болып, жігерлене желпініп шыққан жігіт сол бетімен аудандық атқару комитетінің төрағасына келіп, мәселені оқынан біржола шешіп шықты. Ертеңіне ертемен жұмыс орнына келген бойда төраға өзінің орынбасарлары мен бөлім менгерушілерін кабинетіне жинап алды, атқару комитетінің жаңа тағайындалған жауапты хатшысымен таныстыруды. Соңсоң бірінші орынбасарына қарап тәртіп берді:

– Қазір сіз Байкен Ашимовичті өзінің кабинетіне алдыңыз, жұмыс орнына отырғызыңыз. Содан кейін аппараттың қалған қызметкерлерін шақырып, бұл кісімен таныстырыңыз. – Енді төраға бұған қарай бұрылды: – Байкен Ашимович, мен сізді жаңа лауазымыңызben құттықтаймын! Жұмысыңыз жемісті болсын!

Сонымен бір күннің ішінде майданнан қайтқан капитан енбекшілер депутаттары Айыртау аудандық атқару комитетінің жауапты хатшылығына бекітілді. Өзімен істес болған қызметкерлер үшін ол бұдан былай: қазактарына “Бәке”, “Бәйеке”, ал орыстарына “Байкен Ашимович” аталатын болды.

Аппарат қызметкерлері жаппай құттықтап, жақсы тілектерін білдіріп, орын-орындарына тарақтаннан кейін, бұл кабинетінде оңаша қалған-ды. Жаңа орынның, лауазымды жана қызметтің кешеден бергі көңілді алдыңыз үшкандың куаныш сезімі бір сәтте сап болып, кенет толқыныс сезіміне ауысқан. Өзінен-өзі бір түрлі қобалжып, әлденеге аландагандай ма, әлденеден қауіптеніп үріккендей ме, – әйтеуір бір беймағлұм жалғыздық коршауында отырып қалды.

“Не істеу керек?”, “Неден бастау керек?” Жаңағы көп тілектердің ішінде бұған жүктелетін міндептің алуан түрлілігі де анғарылып қалған сияқты. Бәрі бұған бейтаныс. Кешегі аудандық партия комитетіндегі бірінші хатшы мен осындағы төрағаның айтқан сөздерін ойға алды. Қайсысының айтқаны есінде жоқ, біреуінің аузынан “штаб бастығы” деген сөз шығып еді. Соңғы бірнеше жыл өмірі әскер қызметінде, майдан жағдайында өткендіктен, жаңағы айтылған көп сөздердің ішінен бұған түсініктірегі осы болды. Ал кайденгейдегі болса да штаб бастығының жұмыс қөлемін ойлағанда, мұның күмәні мен құдігі тіпті қүшәйе түскең.

Осындай делсалдық күйде ол кабинетінен шығып, көрші болмедегі жалпы болім менгерушісіне кірді.

– Кеңес органдарының ішкі жұмысы туралы соңғы кездері қабылданған зандар, қаулы-қараптар, әр түрлі нұсқаулар мен ережелер бізде сакталған болар? – деп сұрады бұл.

– Иә, біз олардың барлығын бірынғай жинап жүрреміз, – деп болім менгерушісі, қағілез жас жігіт жіті жауап берді. – Қажет болса, қазір сізге апарғызып берейін.

– Сол дұрыс болар еді, – деді де, Бәйкен одан әрі өзінің жеке шаруасы жайында ақылдастып кетті. Бұл үшін қазіргі ен зәру, ен шұғыл мәселе – пәтер. Кеше ауатком төрағасы бұл жөнінде әңгімені бірден кесіп айтқан: “Коммуналдық пәтер туралы тіпті сөз қылуға да болмайды. Шығар жол біреу-ақ. Ол – жеке пәтер жалдау. Сондай бір қолайлы пәтер жағын карастыру керек”, – деген. Бұл енді жұмыс жағынан өзіне ен жақын қызметкермен осы жайында сөйлесіп тұр.

– Аппаратта шаруашылық жағымен айналысатын адам бар ма, әлде поссовет маңында білетіндер бола ма? – осы жағынан көмектессеніз екен. Реті келсе, оңаша үй дұрыс болар еді. Маған ен алдымен керегі осы шаруа, – деп өзінің жеке мәселесін осылай қадап айтқаннан кейін, ол орнына келіп, үстелінің үстіне әкеп қойылған үш-төрт папканы актаураға кірісті.

Күн жұма еді. Сол күні жұмыс аяғына дейін және кешкі жұмыста түннің бір уағына дейін сарылып отырып, барлық папкаларды актарып шықты. Жоғарғы Кеңестің Президиумынан бастап, ен төменгі органдарға дейінгі кеңестің барлық буындарының ішкі жұмыстарының күрылу принципін, жоғарыдан төмен қарай басқарылу тәртібін, әрбір органның

өзінен жоғары және төменгі буындармен байланысын, өзара қарым-қатынасын, әрқайсысының атқаратын негізгі міндеттерін, ол міндеттерді орындау жолдарын, т.б. мәселелерді түгел қамтыған бір жүйелі курстан өткендей болды. Әсіресе селолық аудандардағы кеңес атқару комитетінің ішкі жұмысы туралы Ереже, олардың құрылымы, штат кестесі, оларға жүктелетін міндеттер, олардың жұмысын үйімдастыру принциптері, жеке лауазым иелерінің міндеттері, оның ішінде жауапты хатшының атқаратын жұмыс шенбері түгелдей қойын дәптерге жазылып алынды.

Содан негізгі түйгені – аппарат жұмысының жалпы деңгейі; оның үйімдастырылу мәдениеті, жұмыстың іркіліссіз ырғағы, орындаушылық, атқарушылық тәртіптің мінсіздігі; жұмыстағы іскерлік пен сауаттылық, атқару комитетінде өзірленетін күжаттардың мазмұны, директивалық ұстанымдарға сәйкестілігі, баяндау стилінің жатықтығы; атқару комитетінен шығатын қатынас қағаздар мен хат-хабарлардың сауаттылығы, т.б. толып жатқан ағымдағы істердің жай-куйі көбіне-көп жауапты хатшының жұмысына байланысты болады екен.

Мұның бәрі – жұмыстың жалпылама жағы. Ал құнделікті жұмыстың тұрақты бөлшегі ретінде әрдайым назарда болатын төл міндет – ол кешегі бірінші хатшы мен төраға шегелеп айтқан: еңбекшілерді қабылдау, олардың шағымарыздарын барынша ұқыптылықпен карап, тиісінше шара қолданып отыру, олардың талап-тілектері мен мұн-мұқтаҗына мейлінше сергектікпен қарада.

Демек, ең бірінші кезектегі міндет – алдымен аппараттағы осы істің жай-куйімен танысып алу; сонсоң оны дұрыс жолға коюдың шүғыл шараларын ойластыру. Осы оймен жаңа хатшы келесі жұмыс күнінің басында арыз-шағыммен айналысадын, өзіне тікелей бағынышты қызметкерлерді шақырып алды. Жалпы бөлім меңгерушісімен бірлесе отырып, оларға бірсыныра нақты тапсырма берілді:

Сонымен, ауданға келгендегі бар жұмысын тындырып, сол күні кештете Бәйкен Беспаловқадағы үйіне жеткен. Ауданда қызметке тұрып келгенін естігенде, үй іші үлкен-кішісі болып естері кете қуанды. Шай үстінде Қабдолла ағасына карап, мән-жайды Бәйкен өзі баяндады.

Ағатай, ауданның үлкен бастықтары жаман қарсы алған жоқ. Райисполкомның жауапты хатшысы деген орын бос

екен. Соған орналастым. Бұл өзі аудан көлемінде жаман қызмет емес. Бірақ үй жағы қын екен. Бір үй жалдап келдім. Соған көшейік. Бірдене қылып құнімізді көрерміз. Келесі жексенбіде машина тауып алды келемін, соған дайын болындар.

— Е, бәрекелді, қарағым. Райисполком болса, неге жаман болсын. Қөшеміз. Сенің соңынан еріп қайда баруға да біз дайынбыз. Тек өзің аман бол, — деп Қабдолла ағасы бүкіл үй ішінің тілегін білдірді.

Таңертең ат-арбасын әзірлеп, басқарманың өзі келді. Кешегі уәде бойынша, аудан орталығына апарып салу үшін айдаушысын алды, шығарып салуға келген беті екен. Үй іші бұны көріп, тіпті мерейленіп қалды. Жүрерінде Бәйкен тағы бір шаруаның басын ашып кетті:

— Ағатай, — деді ол Қабдолла ағасына қарап, — мына кісіге тапсырып кеттім: мен келгенше колхоздан босату жөніндегі қағаздарынды, апам екеуінің, үй ішілік жағдаймен деген заңды негіз бойынша, әзірlep береді. Азын-аулақ еңбек құндерін болса, кейін есептесе жатарсындар. Әзірге колхоздағы мүшелік жылдарынды, атқарған жұмыстарың мен босану себептерінді дұрыс хаттатып ал. Түбінде керек болып қалады.

Уәделі күнде ол үйін аудан орталығына көшіріп алды. Қоздерін деревняда ашқан балалар ғана емес, үнемі колхоз жұмысында салпактап келе жаткан үлкендер үшін де аудан орталығы үлken қала болп көрінген. Үй іші ете көнілді, балалар жағы тіпті қуанышты. Енді орталық мектепте оқитын болады. Қара жұмыстан қажыған үлкендер жағы біртіндеп тұрмыстың түзелетініне үміт артады. Жан басына шактап карточкамен азық-тұлік аллады екен. Мүгедек майдангерге тиесілі сый-сияптарды да ара-тұра болып тұратын сияқты. Қызметкер отбасы деген атақтың өзі ата-анаға бір мерей болып көрінген.

Үй ішіндегі осындағы емен-жарқындық Бәйкеннің де көніл қүйіне игі әсер еткендей. Әскерден қайтқаннан кейінгі үлкен бір шаруасы орнына келгеннен кейін, ол жаңа орындағы жұмысына белсене кіріспін кеткен. Алғашқы құнгі тексерістердің нәтижесін қарастырып отырса, жағдай мәз емес. Басқа мекемелерді бір құдайдың өзі білсін, ал ауатком аппаратының өзіндегі шағым-арыздардың назардан тыс қалғаны

айдан анық көрінеді. Жыл басынан бері еңбекшілерден қаншама арыз-шағым түсті, оларды жолдаушылар кімдер; ол арыздар мен шағымдар кімге тапсырылды; олармен кім шұғылданды; нәтижелері қандай – бұл сұрақтардың бірде-біреуіне нақты, анық жауап алу мүмкін емес. Және бұрынғы болған істі қазбалап, әлдекімдерге сөз келтіру де ыңғайсыз. Не де болса, бәрін жаңадан, тақыр орында ұйымдастыру қажет.

Бәйкен осы жайларды ойға салып отырып, алдымен, шамалап болса да, халықтың қазіргі түрмис жағдайынан туындаитын талап-тілектердің шенберін анықтауға тырысты. Алдымен соғыс зардаптары: майданнан қайтқан жауынгерлердің еңбекке тартылуы, жұмысқа орналасуы, түрмистық жағдайлары; Отан соғысы мүгедектерінің мәселелері – алатын зейнетакылары, үй-жайлары, т.б.; майданда қаза тапқан жауынгерлер жанұяларының мұң-мұқтажы – оларға занды түрде төленетін жәрдемақылар мен берілетін жеңілдіктердің дұрыс жүзеге асырылуы, т.б.; көп балалы аналар құжаттарының мезгілінде қаралуы, оларға тиісті жәрдемақылар мен басқа да жеңілдіктердің дұрыс төленуі, т.б., т.с.с.

Бұл мәселелер негізінен әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі мен әскери комиссариатқа қатысты. Ал олардың сыртында толып жатқан жергілікті кеңес, әкімшілік, шаруашылық орындарына, мәдени-ағарту, коммуналдық, т.б. мекемелерге байланысты күн сайын туындал жататын сансыз көп мәселелер. Осы жүйелердегі жолсыздықтар мен олқылықтарды болдырмаудың басты бір жолы – осылар жөніндегі жұртшылық дабылдарына сергек қарап, құлақ қойып, назар аударып және дер кезінде тиісінше шаралар қолданып отыру.

Бәйкен Әшімұлы істің жайын төрағаға қысқаша баяндағаннан кейін, оны жолға қою жөніндегі өз ұсыныстарын айтты. Төраға толығымен мақұллады. Сөйтіп, бұдан былай аудандық атқару комитетіне келіп түсетін бірде-бір арыз, бірде-бір шағым немесе дабыл із-түзсіз жоғалмайтын және аяқсыз қалмайтын тәртіп енгізілді. Ол үшін жұртшылықтан келіп түсken хат-хабарларды тіркейтін жалпы журнал, сонсөн оларды мәселелерінің тақырыбына қарай бөлек тіркейтін салалық журнал (бөлімдер бойынша), оларды тиісті орындар мен орындаушыларға жібергендеңі қосалқы хаттың кө-

шірмесін тігетін арнайы папкалар ашу, осы істі атқаратын және бақылауға алатын нақты қызметкерді белгілеп отыру тәртібі берік орнатылды. Хат-хабар түріндегі арыз-шағым мәселесінің басы осылай қайырылды.

Ал енді белгілі бір мәселемен немесе арыз-шағыммен өздері келетін қарапайым еңбекшілерді қабылдау жайы бұдан ғөрі күрделірек болып шыкты. Мақсат – ауатком аппаратында осындаид адамдарды күн сайын белгілі бір уақытта қабылдау үшін жауапты қызметкерлерден кезекші болатын тәртіп енгізу. Оған, өрине, аппараттың ішкі қызметкерлерінің күші жеткіліксіз болады. Демек, дербес мекеме ретіндегі бөлім, басқарма басшыларын тарту қажет. Ол үшін, бәлкім, атқару комитетінің арнайы шешімін қабылдау керек болар. Тіпті әрілесе, бұл тәртіпті бүкіл аудан қөлемінде енгізу қажет болса, аудандық партия комитетімен келісіп, екі органның бірлескен құжатын әзірлеген де артық болmas еді. Сондыктан ол бұл жөніндегі ойларын ауызша жеткізумен бірге жазба түрде төрағаның атына қысқаша арнайы баянхат әзірледі.

Сейтіп, жұмысқа алғашкы кіріскендігі ауданының екі басшысымен әңгімede ауызға алынған екі мәселенің біріншісін біршама жолға койғандай, ал екіншісін ақырғы нүктеге жеткізбегенмен, оның да негізін жобалап қойды.

Бәйкеннің бұдан кейін, аппарат қызметкерлерімен жақынырақ танысып, істің жай-күйіне тереңірек үнілуге мүмкіндік алған кезде қолға алғаны жауапты хатшының лауазым күзырына жататын тікелей міндеттері, атап айтқанда, аудандық кеңестің кезекті сессия мәжілістері мен атқару комитетінің жоспарлы отырыстарын әзірлеп, өткізу жайы болды. Бұл мәселелердің жалпы жай-жасарынан мағлұмат алу үшін ол ең алдымен сессия мәжілістері мен атқару комитет отырыстарын өткізуіндегі айлық, тоқсандық жоспарларымен және өткізілген басқосулардың құжаттарымен танысып көрді.

Бұл жөніндегі әсер де бұлыңғы, күнгірт болып шыкты. Қаралған, талқыланған мәселелер тым жалпылама, жалаң сөздердің жиынтығы болып келеді: жалпы ахуалдың аудан немесе шаруашылық қөлеміндегі нақты көрінісі жоқ. Нақты істің он нәтижесі қайсы, кемшіліктері қандай? Оның орын алу себептері неліктен? Оларды жою үшін нақты қандай шаралар қолданылуы керек? Бұл сұрақтарға көбіне анық

жауап берілмейді, жалпы сөздердің астарында қалып қалады.

Кейбір қарапан мәселелердің талқылану материалдары жоғарғы органдардың тиісті актілерінен немесе құнделікті газет материалдарынан шала-шарпы көшірілген сияқты әсер қалдырады. Жергілікті өмірге тигізетін ықпалы жоқтың қасы. Жұмыстағы формализм қайда болса да ап-айқын көрініп түр.

Жауапты хатшы кенес органдарының басшылық және үйымдастыру-нұсқау жұмысы саласындағы жетекші материалдарды қайтадан бір қаастырып шықты. Бірсыныра мағлұмат алып, қажетті ойларын корытқандай болды. Соңсaн атқару комитетінің таяу құндерде болатын кезекті отырысина әзірленіп жатқан материалдармен танысты. Құн тәртібіне екі мәселе койылыпты: 1) Алдағы егін жинау науқаны кезінде орақшылардың мәдени-тұрмыстық қажеттерін өтеу шаралары; 2) Жана оку жылына әзірлікті аяқтау.

Қазір шілденің ортасы. Екеуде әбден мерзімі жеткенде талқыланғалы отыр. Өте маңызды мәселелер. Ал бірақ алдын-ала әзірленген материалдарға қарағанда, қалыптасқан ескі жораның таңбасы айқын танылып тұр.

Тек “талқыланды” деген белгі соғылуы үшін жадағай жа-лан фактілерді үстірт шолудан әрі бармайтын түрі бар.

Бәйкен алдымен бірінші мәселені әзірлеген қызметкерлерді шақырып алды. Өзінің ескертулерін санамалап айтты.

Тұрмыстық қызмет дегендегі негізгі мәселе – қызу науқан үстіндегі енбеккерлердің ішер асы мен жатар орны ғой. Олардан басқа керек-жарактың бәрі өздеріне бұрыннан мәлім. Солардың жетпейтін жағын баса көрсеткен жөн.

Ал қаулы бұдан әлдекайда ықшам және әрбір пункті мей-лінше нақты болсын. Орындаушылардың аттары атап көрсетілсе, жауапкершілігі арта түсестінің өздерін де білесіндер ғой. Қысқасы, дайындаған материалдарын отырыста қызу талқылау туғызатында болуын қаастырған мақұл.

Бірінші мәселенің шаруасын бітіргеннен кейін, екінші мәселенің қағаздарын оку бөлімінің өкілдерімен бірлесіп қарады.

Баяндамашы оку бөлімі менгерушісінің өзі болғандықтан, атқару комитетінің мүшелеріне берілетін анықтамаға оның негізгі көрсеткіштері түгел енгізілсін. Мұндағы басты

мәселе мектеп үйлері мен класс бөлмелерінің жөнделуі, қысқы отынмен, басқа да керек-жарапен қамтамасыз етілуі ғой. Ол жағын өзіңіз жақсы білесіз. Тұбінде, аудан орталығы мен үлкен селолардағы іргелі мектептердің жағдайы жаман болмас. Біздін ерекше назарымызға мұқтаждары – шағын қазак ауылдарындағы бастауыш мектептер-ау, шамасы. Сол жағын басыңқырай айтқаныңыз мақұл болар деп ойлаймын.

Алдын-ала жасалған дайындық нәтижесі жаман болған жоқ. Ауатком отырысы жақсы өтті деген пікірлер естілді. Шынында да қаралған мәселелер қызу талқыланып, жүрт отырыстан желпініп шықты.

Ертеңіне жұмысқа келіп жайғаса бергенде телефон сылдырып етті. Тұтқасын алып, құлағына тосса, бірінші хатшының өзі екен. “Байкен Ашимович!” – деп аты-жөнін толық атап, жайдары ашық дауыспен амандық-саулық сұрады. Жаңа орнымен құттықтады. – “Біз қателеспеген сияқтымыз. Ал өзіңіз өкінбейсіз бе?” – деген сияқты сыралғы сөздермен іштарта сөйледі.

– Естіп жатырмыз. Жұмысқа белсене кірісіп, әжептеуір жаңалықтар енгізіп жатыр екенсіз. Табысты болсын! Қызметті біліп істейтін ынталы коммунистерді аудандық комитет әрдайым бағалайды. Құнды ойларыңыз, тың бастамаларыңыз болса, бізben де бөлісіп тұрғайсыз. Біз тыңдауға әзірміз, – деп жылы лебізben сөзін аяқтады.

Бұл сөздерге Бәйкеннің көңілі кетеріліп қалды. “Ашық мінезді, қарапайым жігіт екен” деп ойлады ішінен. Сол екі арада мұны тәраға шақырды.

– Бір жақсы жаңалығымыз бар, Бәйкен Ашимович, – деді Фисенко бұл кіріп барғаннан. – Бізде бір құрметті мұғалім бар. Ұзак жылдар бойы ауыл мектебінде бала оқытып келеді. Биыл 60 жасқа толған. Соған еліміздің ең жоғары наградасы – Ленин ордені беріліпті. Мынау сол, – деп столының ұстіндегі ораулы қорапшаны көрсетті: – Арнаулы байланыс арқылы келді. Енді сол марапат иесін осында шақыртып, награданы табыс ету керек. Бұл Сіздің құзырыңыздағы шаруа. Ақсақал “Қосқөл” колхозында тұрады. Шақыртыңыз. Фамилиясы Аябергенов.

Тәрағаның осы сөзін естігенде құлағы елең еткен Бәйкеннің жүрегі қоса лұп еткен. “Ойпыр-ау, мынау Хамзабай аға емес пе? Ие, баяғы Ақмолда ауылында өзімді оқытқан үстазым ғой!”

Бәйкен сәл бөгеліп, ойланып қалды да, тәрағаға өз ойын білдірді:

— Василий Акимович, шақыртып алу қын емес. Оны істеуге болады. Бірақ дұрысырағы – үкіметтің үлкен наградасын сол жердің өзіне алып барып, ауыл адамдарының алдында, өз шәкіртерінің ортасында салтанатты жағдайда тапсыраса... Сол тиімдірек болmas па еді?

— Мынау дұрыс идея екен, — деп тәраға дереу Бурлаковка телефон шалды.

— Біз бұл бастамаларыңды колдаймыз, — деген жауап естілді арғы жақтан. — Ашимовтың өзі барып табыс етсін. Оку бөлімінің менгерушісін ала барсын. Аудандық комитет пен ауаткомың құттықтауын қоса жолдайық. Соны әзірлендер.

Мәселе осылай келісілді. Бұл дереу оку бөлімінің менгерушісіне телефон соғып, мән-жайды айтты. Ауылмен хабарласып, ертең кешкіге мектепте жиын әзірлету, оған ересек адамдармен бірге окушыларды да қатыстыру жөнінде тәртіп беруді тапсырды. Өзі құттықтау хаттың жобасын әзірлеп алып, аудандық партия комитетіне кетті. Онда барғаннан кейін, насиҳат бөліміндегі жолдастарымен бірлесіп, құттықтау хаттың толық нұсқасын дайындағы.

Ертеңіне кештетіп, Қоскөлге барса, мектеп іші лық толы адам. Алдыңғы жақта мойындарына қызыл галстук таққан окушылар. Жұрттың ду қол шапалақтауы үстінде КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығын оқып берді де, алтыны жалтжұлт еткен Ленин орденін жарқыратып Хамзабай ақсақалдың кеудесіне тақты. Аудан басшыларының құттықтау хаттың жария етті. Соңсaң ұстазының алдына келіп тұрып, оны жауырынан қаусыра құшактап, шын ниетімен құттықтады. Осыдан кейін ауылдық кенес, колхоз басқармасы, партия үйымы аттарынан құттықтау сөздер айттылды. Мектеп окушылары өздері әзірлеген тақпақтарын орындағы, қосылып ән айтты, би биледі. Эйтеуір, не керек, бүкіл ауыл болып ортақ қуанышты, салтанатты мерекелік жағдайда атап өтті.

Жиыннан кейін үйінде дастарқан басында отырып, Хамзабай ақсақал ізгі жүректі қақ жарып шыққан тілеулі сөзін айтты:

— Қарағым, Бәйкен, мынау орденді өзіннің әкеліп тапсырғаныңа соның өзін алғаннан кем қуанғаным жок. Қайда

жүрсөн де, сыртынан тілеуінді тілеп жүруші едім. Соғыстан аман-есен оралып, ауданда қызмет істеп жатқаныңды естігендे, құдайға бір тәубе дедім. Мерейін әрдайым арта берсін, шырағым!..

Әр түрлі оқиғалар тізбегімен күн артынан күн өтіп жатты. Аудан шаруашылықтарында егін пісіп, жаппай орақ басталды. Өзге жұмыстың бәрі тоқтап, жұрт жаппай осы науқанға жұмылдырылды. Әрбір шаруашылыққа солардың өз басшылығымен қоса жауап беретін аудандық өкілдер жіберілді. Сол “жауптылардың” қатарында Бәйкен жақында өзі барып қайткан “Қоскөл” колхозын сұрап алған.

Орақтың алғашқы күнінен бастап қара құзге дейін бір гыным таппай үнемі шабуылдаумен болды. Науқаның ең кызған қауырт шағында тіпті тамақ ішуге де мұрша келмеген кездерді бастан кешірді: қай жерде трактор тоқтап калды; қай алқапта комбайнға ақау түсті, қай жерде лобогрейка істен шықты; қай қырманның астығы тазаланбай, тасымалда іркіліс болды. Бұл ылғи сондай жерге алдымен жетеді. Дереу соны түзету шарасын іздейді. Керек жерінде қолма-қол көмектесіп те жібереді. Эйтеуір дамыл жок.

Осындай арпалыс үстінде қыркүйектің бозқырауы мен қазанның қара дауылсы өтіп, қарашаның карлы жаңбыры келді. Шаруасы құйзеліп тұрган шағын колхоз биылғы жылдың бүкіл егінін, әрине, түгел жинал бола алған жоқ. Бірде жүріп, бірде тұратын бес-алты комбайн мен екі бригаданың он шактты лобогрейкасы орған бидайды қырман басындағы қос барабан зорға дегенде бастырып үлгерді. Тұсken астық тұп-түгел мемлекетке өткізілді.

Күн райы күрт өзгеріп, науқанды әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік қалмай, дағдарып отырған күні колхоздың қос басына Бурлаков келе қалды. Оның да қабағы қатынды екен. Бірақ Бәйкенмен жайдары амандасты. Колхоз басқармасының төрағасы мен екеуін машинасына отырғызып алып, әлі орылмаған алқаптар мен қырмандарды аралап кетті.

Бұлар ұжымшардың егін даласын бір айналып шықты. Қырман басындағы астықтың жайын көрді, Жағдай белгілі. Бұғын таң атқалы бері осы өнірдегі шаруашылықтарды түгел орағытып келген бірінші хатшы барлық жердегі ортақ көріністі осы жерде қорытқандай болды.

— Жеткен жеріміз осы болар, — деді ол төрағаға қарап салқын үнмен. — Біз бұдан әрі күн сайын дікектеп мазалай бермеспіз. Бірақ біржола салғырттыққа да жол берілмейді. Күн райына қарап, бір сағат мүмкіндік болса да босқа жибермендер. Орак құралдары әзірге аңызда болсын. Алдымен қырмандағы қызылды қолмен желлісендер де кондицияға жеткізіп, элеваторға жөнелте беріндер. Ал ұшырындыдан тазарған ұшықтың жеуге жарайтынын колхозшыларға аванс растінде беру керек. Ақ бидайдың үстінде отырып нансыз болмасын. Одан гөрі тәуірлеуін түкымға құйындар. Әзірге менің айтарым осы. Әр жағындағы жағдайды күн сайын хабарлап тұрасындар ғой, сонда шешеміз.

Хатшы колхоз басшысына айттар сөзін осымен тәмамдал, Бәйкенге қарады:

— Ну, Байкен Ашимович, ваша миссия как ответственного уполномоченного на этом заканчивается. Давай поехали домой, — деп күлді.

Бірінші хатшының ак көніл, ашық мінезді жігіт екеніне Бәйкен жол бойы қаныға түскендей. Ол аудандағы жалпы жағдайды айтты. Облыстың жаңалықтарын шолып өтті. Мұның майдандағы бастан кешкен жайларын сұрастырып білді. Өз өмірінен біраз әңгімелер айтты. Осындай алма-кезек әңгімемен бұлар кештетіп аудан орталығына жетті.

Орталық қөшелерге шыға бергенде, айдаушы бастығына үнсіз мойынын бұрып қарап еді, бұл:

— Тура үйге тарт, — деді. — Пошли к нам, Байкен, поужинаем вместе. Ты, наверное, соскучился по-домашнему. Заодно с женой познакомишься.

Бұл жауап қайтарып үлгергенше, машина бірінші хатшының қақпасының алдына келіп бір-ақ тоқтады. Бәйкен бас тартуға ынғайсыз көріп, үй иесінің сонынан ерген.

— Принимай гостя, Лидия Васильевна, — деп Бурлаков есіктен қарсы алған әйеліне таныстыра бастады: — Байкен Ашимович, новый работник нашего района, о котором я тебе говорил.

— Пожалуйста, проходите, будем рады, — деп әйелі де жылы жүзбен қарсы алды.

Бұлар шешініп, жуынып, жайласқанша, коңақ бөлмеде үстел әзірленіп, дастарқанға тағам да қойыла бастаған. Был-кып піскен ыстық борщты сүйсіне ішіп отырған Бәйкенге үй иелері екі жақтан бәйек болып ықылас білдірді.

— Ал, кәне, таныстық үшін алып жіберейік, — деді Николай Иванович, әйелі шкафтың түкпір жағынан қолын созыңқырап алып шыққан бітеу шөлмекті ашып, мөлдір рүмкелерге құйып шыққаннан кейін. — Биыл жеңіс жылы болған соң, дастарқанымызға ескі дәстүрлер қайта орала бастады гой. Кәнекей, кел, Бәйкен!

Дәм үстінде шүйіркелескен жақсы әңгіме болды. Үйдің бәйбішесі әйелдік затына тартып, мұның үй ішін, орналасу жайын сұрастырды.

— Біз осы аудандікіміз. Үйім деревняда тұратын. Жақында ата-анам мен іні-қарындастарымды көшіріп алдым. Үй жағы киын, әрине. Бір бөлмелі шағын пәтерді уақытша жалдап алдық, сонда тұрамыз.

— Как, Вы еще не женаты? — деді Лидия Васильевна таңданған дауыспен. — Готовый жених, выходит.

Бұл әлі үйленбегенін, әскерден таяудағана оралғанын айтты.

— Ничего, Лида, мы сами поженим его, — деп үй иесі де әзіл аралас қостау білдірді.

Бәйкен сәл қысылғандай үнсіз қалды. Бірак үй иелерінің жылы шырайлы ықыласына іштей риза болып отыр. Астан кейін шамалы уақыт әңгімелесіп отырды да, бұл рақмет айттып үйіне қайтты. Тұнгі қаланың қаранғы көшелерімен оңаша келе жатып, жаңағы үйдегі сөздерді еске алды. Мұның ішінде бітеу жатқан ескі дерті қайта оянды. Жана танысқан жолдастар тілекtes ниеттерін білдіре айтқан сөздерімен сол дертін қозғап кетті. Осының дауасын қалай табу керек деген ауыр ой үстінде келеді.

Екі айға созылған астық жорығынан әбден шаршап шыққанын ол үйге келген соң ендіға сезінгендей. Бірак оны қажытқан нәрсе күн мен тұнді жалғастырған қызу науқан мен артық жүкті ауырсынып, сыздауы мен сырқырауын көбейткен аяқтын ескі жарасыға емес-ті. Бұған дейін жан дүниесінің әлде қайдағы бір түкпірінде бұғып жатып, соңғы кезде сана санылауынан сыналадап, жүрек тереңінен жүлгелеп сыртқа шыққан сыйызғының сыйырығындағы бір ескі сарын жүйке жүйесін қайтадан мазалай бастаған.

Бір кезде, сонау жастық шактың елең-алаңында осындағы бір сарын албырт жүректігі арманын ауылға қарай жетелеп, әлдебір қарымды іс-әрекетке шақырғандай болушы еді. Ол

өзінің болашақ мамандығына байланысты қиял самғауының сарыны болатын. Қазір сол сарын басқа бір өуенге ауысқан: өз жанының өзге бір асығын, өз жүргегінің алыс бір аңсарын іздең бебеулейтін сияқты. Сондайда мұның көз алдынан бертінгі жігіт шағында, кейінге деп сақтап жүрген сезім асылының бір үзік үшкынын, бір түнба тұнығын алыс сапар алдында еріксіз сыртқа лықсytқан кара көз қарындас бейнесі елес беріп тұра қалады.

МӨЛДІР КӨЗДІЦ ЖАНАРЫ

Иә, ол бір өн мен түстін арасындаған жағайып елесті шакеді. Енді қайтып көремін бе, жоқ па деген екіудай күмәнді мезетте асығыс айтылған, өз сезінің әсерінен өзі елтіп елжіреген, бірақ өкінбеген, қайта, ұзакқа кетіп бара жатқанда, артына үміт шудасының бір сабак үшіғын тастап кеткен сәт еді.

— Қарағым, Бақыт, біз бір-бірімізді білгелі бір жылдай уақыт болды. Менің дәл қарсы алдында, бірінші партада отырдың. Мен басқа оқушыларға қалай қарасам, олармен қалай сөйлессем, саған да солай қарап, сенімен де солай сөйлесуге тырыстым. Бірақ ол сыртқы ғана көрініс еді. Ішкі сезімім мұлде басқаша болатын.

Бүгін, майданға кетіп бара жатып, жай-қүйімді, жан сымды саған білдіріп кетпекпін... Бақыт! Мен сені сүйемін. Осы сапардан қайтып оралсам, болашақ өмірімді өзіңмен байланыстырығым келеді. Мен қазір бұған жауап талап етпеймін. Бірақ бір айтарым: егер көнілің осыған дауаласа, мені күт. Артымда өзім деген бір жан бар деп кетейін. Ал майданда қаза болсам, сенің асыл бейнендей ол дүниеге өзімдік ала кетермін...

Бұл тағы да біраз нөрселерді айтты. Барлығын жеткізе алмаған сияқты. Толқып тұрып, зорға айтты.

Қызыңсіз төмен қарады. Басын төмен игенде, мандаидың үстінде қалың шоғырланып, бүйра толқынын шырышқатап қарсы қайырған қысқа шашының бір шүйкесі қабакқа қарай сырғып түсті де, содан ба екен, сәл ғана дір еткен қызы ажары одан сайын тұқыра түскенде, болар-болмас иек қаққандай болды.

Бірақ қызда үн жоқ. Баяу дауыспен бұл тағы сөйледі:

– Ертең таңертең Саумалкөлге жүремін. Үйден ат-арбамен сағат 10-да шығамын. Әр жағы – Көкшетау. Егер қолың тисе, ауданға дейін шығарып сал.

Қыз әлі үнсіз. Не “иә”, не “жоқ” деген жауап естілмеді. Бұл тағы бір нәрсе айтпақ болып келе жатыр еді. Қарсы алдында, қара қоленкеде қымылсыз тұрган қыз басын тік көтеріп алды да, жүгіре жөнелді. Бұл тұрып қалды. Не ойларын білмеді. Қыз қылығын тұсінбей дал болды. Салы суға кеткендей болып салбырап үйге қайтқан. Келе жатып, бүгінгі болған оқиғаны қайтадан еске түсірді.

Құндіз мектеппен есеп айырысып, сабакқа келген мұғалімдермен қоштасты. Жалғыз-ак көре алмағаны Фабдұлхан ақсақал еді. Бұл кісінің кім еkenі жоғарыда айтылған. Кісілік парасаты үшін, жан-жақты терең білімдарлығы үшін Бәйкен оны қатты сыйлайтын. Өзінің туған ағасындағы құрметтейтін. Қақ-соқпен жұмысы жоқ, өзін түзу ұстап, тік жүретін тазалығы үшін Фабекен де Бәйкенді өзгелерден ерекше ұнататын. Сол кісімен қоштасып шыққалы үйіне келді.

– Жақсы келдің, Бәйкен шырағым. Өзім де бір соғар деп күткенмін. Алыс жолға барасын. Асықпай отырып, үйден дәм татып кет, – деп ақсақал жылы шырай білдірді. Отагасының сөзін естігеннен кейін бәйбішесі де дереу ас үйге шығып, өз ісіне кірісken.

Осы орайда жаңағы Бақыт атты қызды таныстыра кеттейік. Ол – Фабекеннің туған ағасының қызы. Өз үйі Ақмолада тұрады екен. Өткен жазда әкесіне еріп, қонаққа келіп жатқанда, осындағы мектептің басшылары әкесіне жалыннып-жалбарынып, қызды окуға алып қалыпты. Мұндағы орта мектепте оныншы класс ашайық десе, қажетті нормаға бір баланың саны жетпейді. Ал мектептің мәртебесін сактау үшін жоғарғы класты қалайда ашу керек. Сол үшін Ақмоланың орыс педучилищесінде 1 курсты (8 класс дәрежесінде) үздік бағамен бітірген Бақытты бір класс аттатып, 10-класқа алып қалады.

Сабакқа зерек, өзі қалада училищеде оқыған, ой өрісі кен, еркін өскен ашық мінезді өткір қыз тек Фабекен үйінің ғана емес, бүкіл мектептің еркесіне айналып еді. Сүйкімді мінезімен Бәйкен ағасына да сүйікті болған...

Фабекен үйінде біраз отырып, әңгімелесіп, қоштасып шыққан Бәйкен кете бергенде, қылышп тұрған қарындасына:

– Бақыт, ағаңды есіктен шығарып салмайсың ба? – деген назды тілек білдірген. Қыз сөз айтпастан еріп шыққан-ды.

Кекейдегі сөзді казір айтуда екенін біледі, бірақ айтпасына шыдамы қалмаған жігіт амалсыздан айтып еді жаңағы сөзді. Аяғы өзі құтпеген қолайсыздықпен аяқталып, енді амалы құрып тұр. Осыған ренжірін немесе алдағы тәуекел жолын ойларын білмеген күйі пәтеріне жетті. Жол қамын тез әзірлеп алды да, жатып қалды. Бірақ тұні бойы көзі іліккен жоқ. Сол дел-сал құйінде жолға шыққан.

Бұлар орталық қөшеден өтіп, аудан орталығының жолына бұрыла бергенде, бұрышта үстіне жол киімін киген, қолында шағын сумкасы бар таныс бейне көрінді. Бәйкеннің жүрегі луп ете қалған. Иә, бұл мұны шығарып салуға шыққан Бақыт еді. Арбаның екі адамдық қорабында жалғыз отырған Бәйкен оны қасына отырғызып алды.

Екеуінде де үн жоқ. Оң жағына келіп қатар орналасып, бір қырын отырған қыздың үндемеуі, әрине, түсінікті. Ал жігіттің үндемейтін себебі не? Сөз таппай отыр ма? Жоқ, сейлесе сөз табылады ғой. Бірақ кешегі үзіліп қалған сөзді жалғастырудың реті жоқ. Ал сол ғұрлы “қасиетті” сөзден кейін басқа бір көлденен әңгіме араластыруға мұның зауқы болмады. Кешегі кештен бастап өзіне мұлде ерекше жан болып көрінген адамның оң жақ бүйіріне тақалып отырғанының өзі бұған шексіз бақыт көрінген. Шинелінің оң жақ иығымен анда-санда “байқаусыз” жанасып қалып, көзінің қығымен бір қарап қойғанының өзі не тұрады?!

Торы аттың бір қалыпты бұлкілімен бұлар аудан орталығына бесін ауа жеткен. Әскери комиссариаттың алдына келіп тоқтағаннан кейін Бәйкен ат айдаушы балаға рақмет айтып, қоштасты да:

– Шырағым, түнге қалмай ауылыңа жетіп ал, – деп ат-арбаны қайтарды. Сонсоң Бақытқа бұрылып:

– Басқа шаруаң болмаса, осы жерде отыра тұр, мен жағдайды біліп шығайын, – деп комиссариат кеңесесіне кіріп кетті. Оnda көп айналған жоқ, қайта шықты.

Ертең таңертең машинамен жүреді екенбіз. Басқа да баратаң адамдар бар көрінеді. Оған дейін боспыз, – деп бөгеліп тұрып, сөзін қайта жалғастырды: – Жүр, бір жерден тамактанып алайық. Өр жағын тағы көре жатармыз.

Бұлар асханаға барды. Тамақ үстінде қыздың үй-жайын, туған-туысқандарын сұрастырыды. Тағы басқа жалпы әңгімелермен отырып, ауқаттанып алғаннан кейін аудандық клубқа қарай беттеді. Кинофильм бар екен, соған кірді. Бұлар кинодан шыққанда, қараңғы болып қалған кез еді. Клубтың алдында шағын ғана парк болатын, соған кіріп, шамалы уақыт серуенде жүрді:

— Ағай, осы жерден қоштасайық. Мен құрбымның үйіне барып қонамын да, ертең Ақмолаға қайтамын. Ағаның үйінен біржола қоштасып шықтым.

Бұлар аллеямен парктің бір көлегейлеу жеріне қарай өтті. Қызды жайлап қолтығынан алды. Оның сөмкесін өз қолына алып, қатарласып жүріп келеді.

— Аға, қорықпайсыз ба? — деп сұрады қыз кенеттен. Бұрын басқа оқушылармен бірге бұл да “ағай” деуші еді. Бұл жолы бірінші рет “аға” деді. Жігіт бұдан өзінше бір жақындық мән үққандай болды. Дауысы да әдеттегіден өзгешелеу, бәсен естілді.

Бұл сұраққа не деп жауап беру керек? “Қорықпаймын” десе жалған батырсыну болып естілетінін сезеді. Ал “қорықмын” деп үлкен басымен қыз алдында жасуды бұл өзіне намыс көреді. Сәл бөгеліп қалды.

— Мәселе корқуда емес, Бақыт. Бұл өте қатерлі соғыс. Эр түрлі жағдай болуы мүмкін. Ең қыны – өмірдің қызығын көрмей жатып, елге еңбек сінірмей жатып, тіпті жауындан жастығында да ала кетпей, бір қапылыста қаза болсан, әрине, ол өте өкінішті.

Бәйкен осыны айтты да, бір талдың тұсына келгенде тоқтады. Әскери киімін киіп келген жігіт шинелінің ілгектерін ағытып, қызды бауырына қарай тартты. Ол қарсылық білдірген жоқ, жып-жылы болып жақын жанасты. Қап-қара болып мәлдіреген көздерінің жанарын жоғары көтеріп, жігіт көзіне туралап қарады.

“О, ғажап! Мынадай да көзқарас, мынадай да көз жанары болады екен-ау!” Жыл бойы сабак беріп жүргенде, талай рет “ағай” деп еркінсіп, еркелей айтқанда, көзінен мұндай үшқынды, мұндай үнсіз сырға толы, терең мағыналы көзқарасты көрген емес еді. Жанарының қараңғылықты жарып откен үшқыны тура мұның өзегінен өтіп, бүкіл жан жүйесін аралап барып, жүрек тереңіне бір-ақ жеткендей еді. “Қан-

шама шынайылық, періштедей пәк тазалық пен риясыздық бар мына көздің жанарында!” Жігіт те қыз көзін көйрмай, кірпік тірескендей туралап қарап тұрып қалды.

— Жаңым! Бақыттың! — деп сыйырлады. — Ұмытпа мені. Күт қайта оралып келгенше! Хат жаз.

Бұдан әрі екі жақта да үнсіздік орнады. Жігіт жаңағы әсерін жоғалтып алмайын дегендей, тез аяңдап, қызды конатын үйіне жақындағы шығарып салған. Содан қайтып көрген жоқ. Арада тұра үш жыл өтті. Сүрапыл соғыстың ішінде жүріп, арасында, дамыл тапқан саябыр сәттерде қызға хат жазатын. Өзі де екі-үш рет хат алды. Беті ашылмаған бойжеткен не айта алсын. Амандығын айтатын. Аман келуін тілейтін.

Сөйтіп жүргенде бұл қатты жараланды. Майдан дала-сынан тылға, Сібірдің бір үлкен қаласына жөнелтілді. Ұзак уақыт емделді. Жарасы ауыр болды. Жарымжан болып қалатын қауіп төнді. Тіпті өлмегеннін өзінде жарымжан болып өмір сүрудің каншалықты мәні бар екенін біле алмай, бұл көп дағдарды. Содан бері қызға хат жазған емес. Госпитальда он ай жатып, таяқпен ақсандалап шықканда да көнілі жарым еді.

Жарым болуының басты себебі осы жарымжандығы болса, одан кейінгі көнілін күпті қылып жүрген күдігі – баяғы күт деп кеткен жас бойжеткен орнында ма, жоқ па? Егер орнында болса, өзінің осыншама уақыт хабарсыз кеткенін бұл немен түсіндірмек? Сонсоң... Майданға сау аяқпен кетіп, таяққа сүйеніп келген адамды кім қалай қабылдар екен?

Бұл сұрактарға жауап іздеуге жігіт жүрегі дауаламайды. Іздейтіні – қыздың қазіргі турағы. Майданға жазған бір хатында Ақмоладағы педучилищенің Шортан қаласына көшкенін хабарлап еді. Қазір онда бар-жоғын білмейді. Оны анықтау үшін алдымен Казгородокқа бару керек.

Бәйкен үйіне келіп, аз күн тыныққаннан кейін баяғы өзі мұғалім болған мекенине тартып кетті. Ондағы таныс-біліс, дос-жарандармен қауышып дидарласты. Фабдулхай ақсақалдың үйі әлі осында екен. Бұл соған қуанды. Ол кісіге арнайы барып сәлемдесті. Осында естіген жайсыз хабары да болды. Фабекеннің туған ағасы, Бақыттың әкесі Өсекен, қадірменді Әсет аға қайтыс болыпты. Соған көніл айтты. Шешесі дүниeden бұрынырақ өткен. Енді Бақыт жалғыз қалыпты. Оған да

арнайы көңіл білдіріп еді. Қыз үнсіз мұңайып төмен қарағанда, кірпігінің түбінен жылт еткен дымқылды көрсетпейін дегендей, мойнының бұрып әкетті.

Ертеңіне кешкісін мектептің клубында болатын жастардың сауық кешіне барды. Үйдегі апа-сіңлілерімен бірге Бақыт та келіпті. Кеше көптің арасында анықтап көз тоқтата алмаған. Бұғін тағы бір ғажап көрініске кез болды: үш жылдың ішінде адам қалай өзгереді. Әсіресе қыз баласы!

Бұл майданға аттанғанда он алтыдан жаңа ғана асқан жас бойжеткен енді көрсе, кемеліне келген акқұба арудың өзі. Бой сымбаты толысып, мұсін мүшелері жетіліп, мәуелі бактың балбырап өскен жемісіндей бабына келіпті. Бір кезде мандайына түсken толқынды шашы қазір қос өрім қылып арқасынан асыра жібергенде тура тобығына жетіп тұр.

Орайы келген бір оңашалықта Бәйкен Бақытпен тілдесіп қалды. Әдейі өзін іздең келгенін айтты. Ендігі хабарды Шортаннан күт дегендей емеурін білдірді. Қыз ләм деген жок. Ертеңіне бұл үйіне қайтты.

Мұның бәрі Бәйкен соғысқа аттанар алдында басталып, сонсоң ол госпитальдан шығып келгеннен кейін жалғасқан оқигалар еді. Оның бер жағында жігіт аудан орталығына келіп қызметке орналасты. Бірақ Казгородокта кездесуден кейін жаңа бір ыстық леппен қайта маздаған маҳабbat оты оның ішінде күннен-күнге лаулап қүшіе түсken.

Сыртқы пішіні жаңа жұмыстың ауанына елігіп жүрсе де, жан дүниесінде тыныштық жок. Есі-дертер Шортан жакта. Сөйтіп жүргенде бір күні қызмет бабымен облыс орталығына баратын жолсапардың сәті түсті, Бұл Көкшетаудағы шаруасын бітіргеннен кейін дереу Шортанға тартқан. Барса, Бақыт орнында жок. Жас математиктердің облысараптық олимпиадасына өзінің окушыларын алышп, Ақмолаға кетіпті. Үштөрт күнсіз келмейтін көрінеді.

Оны тосып жатуға мүмкіндік жок. Артта тығыз жұмыс күтіп тұр. Дереу қыскаша хат жазып, конверттің аузын бекітті де, мектептің оқу бөліміндегі қыздарға қалдырып кетті. Арада біраз күн өткеннен кейін телефонға шақыртып еді. Қыз келмеді. Енді не істей керек?

Бұл әбден дағдарды. Бірақ үмітін үзбеді. Баяғы қара көленеке кештегі өзіне тура қадалған риясыз жанардың мөлдір үшқыны үмітін үздірmedі. Әрі толғанып, бері толғанып ке-

ліп, қызға хат жазды. Откен тарихты түгел баян етті. Бұдан үш жыл бұрынғы айтылған сөздерді, қоштасқан сәтті, содан кейін майданда откен екі жылдың қансоқта жорықтарын, өмір мен өлімнің арасындағы екіталақ күндерді еске түсірді. Ажалдың аузында жүргенде оның бейнесі бойтумардай демеп жүргенін, содан қатты жараланып, госпитальда бір-ақ ес жиғанын, одан кейінгі он айда әуелі ажалмен арпалыс, сонсоң шалажансар жарымжан ғаріптіктің қатері үстінде жатқанын жазды. Мұнымен хабарласпаудың бірден-бір себебі осы екенін түсіндірді. Елге келіп, жұртпен араласып, енді ғана ес жия бастаған соң өзін іздел тапқанын, сол үшін бақытты екенін баян етті.

Хатының соңында өз көnlінің баяғыдай екенін, өз өмірін онсыз елестете алмайтынын тағы да шегелеп айтты.

“Маған хат жазбасынды да сеземін. Бірақ осы хатты алсан болды. Жауабын өзім іздел барып естірмін. Әзірge сау бол Сені сүйген Б.”

Хатты жазып болған сон, “заказное” деген белгі соқтырып салып жіберді де, арада бірер апта откен соң мектептің адресіне:

“Вас ждет письмо “до востребования” деген телеграмма соқты, аяғына қол қойған жоқ.

Елімізге Женіс қуанышын ала келген 1945 жыл аяқталды. Төрт жылғы азап-бейнет пен қайғы-қасіретті өзімен бірге ала кеткен ескі жылды елмен бірге аудан жұртшылығы да қошеметпен шығарып салды. Мекемелердегі жаңа жылдық мереке-салтанаттарда соғыс ардагерлеріне әр түрлі құрмет көрсетілді. Солардың калың ортасында Бәйкен Әшімұлы да жүрді.

Жаңа жыл бірсыптыра жаңа науқандарды ала келген. Со-лардың ең бастысы – Мәскеудегі үлкен Жоғарғы Кеңестің сайлауы. Откен жылдың аяқ кезінде Указ жарияланған. Сайлау алдағы наурызда өткізілмекші. Енді оған әзірлік колға алына бастады. Бәйкен бұдан бұрын екі сайлауды: Одақтық Жоғарғы Кеңес пен Республика Жоғарғы Кеңесінің сайлауларын бастан өткізген. Ол соғыстан бұрынғы отызыншы жылдардың аяқ кезі болатын.

Ал мына сайлауда – соғыстан кейінгі тұнғыш өткізілетін Жоғарғы Кеңестің сайлауында – барлық ұйымдастыру жұмыстары аудандық атқару комитетінде шоғырланбақ. Оның

калың ортасында, әрине, жауапты хатшы болмақ. Бәйкен сол жайын ойластырып отырған. Кенеттен телефон соғылды. Бұл “Қоскөл” колхозына барып, басқарма тәрағасының сайлауын өткізіп келуге тиісті екен. Айтқандай, аудан шаруашылықтары өткен жылғы жұмыстарды қорытындылап, аудан алдында есеп беріп жатқан. Содан кейін колхозшылардың жалпы жиналышы өткізіліп, басқарма тәрағасын сайлайтын науқан басталған.

Соғыс түсінде және оның алдындағы “әшкөрелеу” жылдары ұмытылып кеткен колхоз демократиясы қайтадан еске алынып, тәрағалыққа “өз қалағандарынды сайлап алындар” деген сөзді жансақ ұғынған кейбір жерлерде ауданнан ұсынылған адам өтпей қалып, “ая жайылғандық” болған жәйттар да бар. Сондықтан бұл мәселеге жауаптырақ қарап, сенимді өкілдер жіберу жағы ойластырылып жатқан.

Сондай ауылдардың бірі – Қоскөлге кімді жібереміз деңгендегенде, бірінші хатшы айтыпты: егін орағы кезінде өкіл болдығой, адамдарын біледі, Әшімовты жіберіндер, – депті.

Сонымен бұл Қоскөлге барды. Ауылдың кейбір адамдарының, әсіресе жастар жағының аудандық комитет ұсынған Біркен Шағатов деген кісіні өткізбейтін сыңайын анық байқады. Енді не істей керек? Бастауыш партия, комсомол үйымдарымен сөйлесіп, сез шығын қылғысы келмеді. Сәлем беремін деген сұлтаумен ауылдың беделді аксақалдарын аралап кетті. Өзі білетін және сыйлайтын Жауыр, Қожа, Қарабай, Аушакы деген қарттардың үйлеріне кіріп шықты. Ауданның ұсынып отырған адамының теріс емес екенін айтты.

– Ұят болып жүрмесін. Жастар жағына ие болыныздар. Ауыл өздерініздікі фой. Сіздерге ешкім жамандық ойламайды, – деген сөзді ұғындырыды. Расында да, жиналышта жастар жағынан бұра тартқысы келгендер болып еді. Жаңағы аксақалдар бірінен кейін бірі сөз алып, әлгі жастарды тыйып таstadtы. Өкілдің ұсынысын коллады.

Бұл оқиға аудан басшылары алдында Бәйкеннің беделін тағы да біраз көтеріп таstadtы. Ол өзі туралы аудан активінің көрнекті өкілі деген пікірді одан сайын нығайта түсті. Осыған көнілі жайланып отырғанда, облыстық атқару комитетінен телефон соғылды. Сайлау науқанына байланысты ауатком хатшыларының екі күндік семинар-кеңесі өткізіледі екен, соған шақырады.

Бәйкен қуанып кетті. Әнеугі хаттан кейін көнілі алан болып, Шортанға қашан, қалай баруды білмей жүр еді. Мына семинар дәл келе кетті. Ол жүгіре басып, төрағаға кірді, жаңағы телефон хабарын баян етті.

– Өте жақсы, – деді Василий Акимович. – Барып, облыстың барлық нұсқауларын түгел алып кел де, сайлауға дайындықты қыздыр.

Облыс оргалығында, облыстық атқару комитетінде өткен екі күндік семинар аяқталған күні бұл қайтқан жоқ. Келесі күні ертемен пойызға отырып, Шортанға барды. Іздеген адамын мектептен тапты. Қыз мұны ілтипатпен именіп қарсы алғандай болды.

– Сабактан босаған соң сөйлесіп жүріп қайтайық, – деді бұл амандық-саулықтан кейін.

– Мен қазір босспын, – деді қыз.

Екеуі қаланың көл жақ шетіне қарай шықты. Көл жағалап, екі жағында қатар-қатар қарагай өскен жол бойымен жүріп келеді.

Бәйкен сөз бастады. Хатты алған-алмағанын сұрады. Үн демеді, тәмен қарады. “Алған болды ғой.”

– Мениң барлық жағдайым сонда айтылған. Басқа не дейін? Ана жылы, соғысқа кетіп бара жатқанда айтқан сөзімді, сеңін шығарып салғаныңды, жазған хаттарыңды малданып мен жүрмін. Сондағы сөзім – сөз. Соғыстың екі жылында екі минут сені естен шығармадым десем, өтірікші болмаспын. Элі де сол күйдемін. Бірақ сондағы сені таба алмай қалып, қапаланып жүрген жайым бар.

Бұлар көлден ұзаңқырап, орманның қалындау түсындағы оңашалық бір түсқа келді. Жапырағын жайған үлкен қарайдың қасына келіп тоқтады.

– Таптым ба сол Бақытымды?

Қыз үн демейді. “Анадағы томага-түйық мінезі жоқ. Биязы. Сірә тапқан болармын.” Бұл қолтықтап келген қызды өзіне қарай бейімдеп, бауырына тартты. Қыз қарсылық білдірген жоқ. Мәлдіреген қара көзінің жанарын бұған туралап қадай қарады. “Құдай-ау, мынау баяғы жанар ғой!”. Жігіт жүрегі аттай тулады. Бетін тақай беріп, екі көзден кезек сүйді.

Қыстың шыңылтыр аязында бұлар ұзак жүрді. Арада өткен уақытта көрген-білгендерін екі жақ та ағынан жарыла

айтты. Түсіністі, табысты. Жігіт қойыны-қонышын қуанышқа толтырып кейін қайтты. Бурабайдан тұнделетіп өтетін поезға ілікті. Ертеңіне ауданнан көлік келген. Жүрегін қуаныш билеп, санасына сайлаудың дайындығын хаттаған күйі бүл кереметтей олжала болып оралған.

Жан-жакты дайындалып, көпшіліктің күші жұмылдырылған сайлау ойдағыдай өтті. Тағы бір үлкен міндетті атқарған Бәйкеннің ендігі бар ынtasы – Шортан жақта. Бір-екі рет телефонмен сөйлескен. 8 март – Әйелдер күнімен телеграмма арқылы құттықтауды да ұмыткан жоқ.

Міне енді сайлаудың қорытындысы жөніндегі толық есепті алып, Көкшетауға келді. Одан әрі, – әрине, Шортан. Қашан, қай жерге келетінін алдын-ала біліп отырган Бақыт бүл жолы уәделі жерден табылды. Салған жерден ет жақын адамдардың ортак емеуірінінде шүйіркелескен әңгімесі басталып кетті. Қыз соңғы кездесуден бергі уақытта жұмыста, жеке өз басында болған оқиғаларды риясыз көнілден өзімсіне әсерленіп айтса, жігіт соған елең етіп бас изей тұрып, ойға түйген бір қызықты қиялдарын ортаға салады. Соған екеуі бірдей елігіп, мәз болады. Жігіт осы әңгімелерді өрбітіп келіп, өздерінің болашақ өміріне қарай икемдейді. Ақырында ток етер түйінге келіп тіреледі:

– Бақыт-жан! Біздің осы кездесулеріміз өзіміздің жүрек қалауымызben өтіп жүргеніне мен кәміл сенемін. Сен де оған шубәланбайтын шығарсың. Олай болса, екі өмірді бір арнаға тоғыстырып бірігейік. Үй болайық. Қалай қарайсың?

Қыз әлденеден селт етіп қалғандай болды. Екі иығынан қаусыра құшақтап тұрған жігіт қолынан жайлап босанып шықты да, алыс көкжиекке көзін білеп ойланып қалды. Қимылсыз кірпік арасынан ұшқындал жалт еткен жанары әлдебір қияндағы ноқатты нысана еткендей қадалып тұр.

– Жастық шак әркімге өзінше кымбат болатын шығар. Біздің жастығымыз соғыстың өртіне шарпылды. Қиялдың қанатында шарықтайтын кезіміз үміт пен құдіктің тайтласында әлденені сарылып күтумен өтті. Тым ерте есейіп, естияр болдық. Енді ересектер катарына қосылайық дейсіз фой. Мен сізге сенемін. Ерік сізде болсын, ағатай!

Әуелі “ағай” деп жүріп, бірде “аға” деп қалып, енді “ағатай” деп қылышпайткан осы сезінде әлі беті ашылмаған қыздың бүкіл жан-жүрегін кернеген ыстық сезімнің жиын-

тығы бар еді. Ол соны лып еткізіп сыртқа шығарған. Осымен сөз бітті.

– Сен биылғы оқу жылыңды аяқта. Мен тамыз айында демалыс аламын. Осы ай менің өмірге келген айым еді. Екінші өмірімнің, сенімен бірге еткізер ұзак өмірімнің басы болсын. Алдағы сол тамызда тойымызды жасайық, – деді Бәйкен. Қыз ауыр күрсінді. Екі көзі мөлдіреп жасқа толды.

– Мен әке-шешемнің жалғыз баласы едім. Әкемнің мен дегенде жаны жоқ болушы еді. Ана жылы ойламаған жерден Казгородокта қалып қойғанымда, көзіне жас алып әрең кетіп еді. Бір жылға зорға шыдап шыққан. Сені (бұл жолы бірінші рет “сен” деп сөйлемді)... сені майданға шығарып салып, үйге келсем, анам ауыр науқас екен. Ол дүниеге біржола бетін бұрып, тек мені күтіп жатса керек.

– Қараышым... – деп маңдайымнан бір иіскеуге ғана шамасы келді де, үзіліп кетті. Папам сыңарынан айрылған аққудай болып, бар қасіретін скрипкаға тәгіп, екі жыл жоқтады. Ақырында өзі де мамамның соңынан кетті.

Сөйтіп, бір кезде әке-шешенің қолында бұла боп өскен қыз бұл күнде екеуінен де айрылып, жападан-жалғыз қалды. Бәйкен сол бір ауыр күндерде Бақыттың қасында болмағаны үшін, ең болмаса кезінде хабарласып, хат арқылы болса да жұбата алмағаны үшін өзін кінәлі санағандай ынғайсыз сезініп тұрды да, әуелі өзі ес жиды. Сонсон Бақытты бауырына тартып, аялап, шын көnlінен жанашырлық сөздер айтты. Мұнан былай бақытты болуына тілек қосып, сол үшін өз өмірін бағыштауға серт еткендей сенім білдірді.

Әке-шешесін еске алып, қатты қамығып қалған Бақыт та аздан кейін өзіне-өзі келіп, сөзін жалғастырды.

– Менің қазіргі әке-шешем – Тауға мен сол үйдегі тәтем. Сол кісілердің қыздары – менің апа-сіңлілерім, балалары – менің інілерім. Басқа туыс жоқ. Сондықтан менің жайымды сол кісілермен шеш. Ол кісілердің рұқсатынсыз мен ешқайда кете алмаймын.

– Жарайды, Бақыт-жан! Ғабекенді бұрыннан білемін гой. Қарсы болмас. Әуелі өзім барып тағы да сәлем берейін. Сонсон рұқсат алу жағын да ойластырармын. Меже тамыздың басы болсын.

Болашақ жұбайлардың бірлесіп тұйғен бұл ойлары түгелімен жүзеге асқан. Бірақ сол мерзімді күнге жеткенше арада әлі 4-5 айдай уақыт бар еді. Соның әрбір күнін Бәйкен тынымсыз дайындықпен өткізді. Бұл хабарды алдымен естіген үй-ішінің қуанышында шек болмаған. Алдымен құдайына құлдық деген анасы еді. Баласы жарадар болса да жаны аман келгенде бір ақсарыбас айтып еді. Енді мына күнге жетесін дегендегенде тағы бір тоба деді. Ал балалар жағының қуанышы өз алдына. Әсіреле Раушат қарындасты. Ол Бақытты біледі екен. Ана жылы Казгородок мектебінде бұл 7 класта оқығанда, Бақыт 10-кластың жұлдызы болыпты. Бүкіл мектептің қыздарымен бірге бұл да сыртынан қызыға қарап, соған ұқсанысы келеді екен. Енді сол Бақыт женгесі болады дегендегенде, тұра қөкке ұшып, жерге тұскендей шаттанды.

Осы тұста Бақыттың туған ата-анасы жайында біраз мағлұмат берे кетудің орайы келіп тұр. Әсет Әбдіғалымов деген ақсақал – Фабдулхай Рамазановтың туған ағасы. Туған жерлері – казақ зиялыштарының бір ордалы мекені болған Баян-ауыл өнірі. Сол жерде білімге үмтүлған замандастарымен бірге ағайынды екі жігіт жастайынан қазақша, орысша оқып, гимназия бітірген. Сонсоң Омбыға барып, семинариядан мұғалімдік мамандық алып шықкан. Оттызыншы жылдардың аласапыранында әр түрлі пәле-жалаудан бой тасалап, шетірек жерде мұғалімдік құрған. Кейін осы Қөкше жеріне келіп тұрактапты.

Бірақ сондарынан ерген пәле-жала сонда да індептіп келіп, Фабдулхай ақсақал отыз жетінші жылдың сүргініне ілігіп қалғанын, үш жылдай лагерь азабынын дәмін татып қайтқанын жоғарыда айтқанбыз. Сол жылдары інісінің үй ішін кішкентай жас балаларын қасына көшіріп әкеліп, асырап-сақтаған Әсекеннің өзі де жан-жақты білімдар, ақыл-парасаты мол, тәжірибелі ұстаз кісі екен. Педагогикалық техникумда тарих, география пәндерінен ұзақ жылдар бойы сабак жүргізіп келіпті. Жүйелі білімінің үстіне табиғат берген да-рыны мен ұстаздық дайындығы да мол болғаны ғой, тіпті музықадан да дәріс беріпті. Өзі әр түрлі музыкалық аспаптарды игеріпті.

Бәйбішесі Фатима ханым да текті жердің қызы болса керек. Әкесі Нұрғали деген кісі діни жоғары білім алып, үлкен мешіт ұстазған, жергілікті жердің адамдарына хазірет

атанған. Ол кісі өзінің қызын да медреседе оқытқан. Сондықтан Фатима апай жастайынан Құранның сүрелерін жетік білумен қатар Шығыстың әдебиетін жаксы білген. Араб, фарсы акындарының шығармаларымен ауызданып өскен.

Осындай тәрбиелі әке-шеше қолында мәпеленген Бақыттың табиғи зеректігінің үстіне шаһарлы жерлердегі іргелі оку орындарында өуелі орысша, кейіннен қазақша білім алғып, ой-өрісі кен, ашық мінезді, өткір қыз болып өсуі заңды болса керек.

Бәйкен Шортанға барып қайтқаннан кейін көп уакыт оздырмай, қасына жөн-жол білетін екі-үш естияр азаматын ертіп, Фабекенің үйіне тағы жол тартты. Бұл жолы кәдімгідей құдалық ретімен барып, Бақыт пен екеуінің үйленуіне ата-аналық ризалықтарын сұрады.

Бәйкенді ана жылдардағы Казгородок мектебінде мұғалім болып істегенінен бері білетін, оны інідей сыйлап, ұнатағын Фабекен көп ойланған жок. Бақыттың өзі қарсы емес екенін естігеннен кейін он батасын берді. Жалғыз-ак айтқан тілегі: ағасының әлпештеген жалғыз қызы еді, әке-шешесі жок деп, даладан кетіп жүрмесін. Бақытты өз қолымнан ұзатамын. Қашан болса да, осы жерден келіп әкетесіндер, – деді.

Апалы-сінлілі қыздар арасында сыр жата ма, Бақыттың мұндағы апалары уәделі күнді де біледі екен. Сондықтан Фабекен оку жылы аяқталғаннан кейін Нұрбике атты үлкен қызын Шортанға жіберіп, Бақытты өз қолына көшіріп алған.

Сонымен тамыздын бір сәтті күнінде Бәйкен күйеу жолдастарын қасына ертіп, райкомның пар атымен жез қоныраулатып Сырымбеттегі қалыңдығын алып қайтуға аттанған. Сол кездің рәсімі бойынша, дәлірек айтсақ, сол кездің партия, кенес қызметкеріне сыйымды тәртібі шенберінде тойын өткізіп, 1946 жылдың тамыз айында Бақыт Өсетқызына үйленіп тынды.

Егер осы әңгіменің желісінен аттап өтіп, қос жұбайдың үзак жылдарға созылған баянды да бақытты, тәрбиелі де тағылымды отбасылық өмірінен кадірменді оқырманды алдын-ала хабардар етер болсақ, оны Бәйекен сол жылдардың кейініректегі бір кезеңінде былай деп тебірене еске алар еді:

“Менің жеке өмірімде де, қоғамдық қызметімде де айналамның бәрін бүтіндеп, ерекше бір көніл хошын туғызып

отыратын қамқоршым да, алыс-жақын сапарларда әрдайым қасымда болатын жанашыр серігім де – осы Бақыттың. Бақыт десе – дегендей-ак. Қайда жүрсем де жан дүниеме нұрын төгіп, баянды бақыттың айнымас құбыланамасындай тура жолмен аман-есен алып келген де осы махаббатымның құдіретті қүші болар деп ойлаймын.”

Өз тағдырларына өздерінің дән ризалығын айта келіп, Бәйкен сол бақыт деген ұлы ұғымның мағынасын да өз кілтімен ашады: “Әрине, бақыт деген дап-дайын қүйінде аспаннан түсे қалмайды. Ауырды көтеріп, аңының дәмін тата білген адам ғана жетеді оған. Бізде де талай тақсіретті құндер болды. Соғыстан кейінгі он-он бес жылда біз де жүрттың қатарында түрмис таршылығын көрдік. Баспананың жоқтығы дейсіз бе, сәл ғана көтеріліп бара жатсан етектен тартуға дайын тұратын құншілдер мен жалақорлардың бопсалауы дейсіз бе – бәрін де бастан кешірдік”.

Иә, ол кездегі соғыстың қыын жағдайында да, соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда да адамдар алдынан кермедей тартылған түрмис тақсіреті аз болмаған. Соның бірі баспана мәселесі еді. Бәйкен Әшімұлы алғаш Саумалкөлде қызметке тұрып, пәтер жалдап алып, жанұяның алты адамы сонда сыйысып тұрғанын айтқанбыз: өзі, ата-анасы, бойжеткен қарындасты, мектеп жасындағы екі інісі. Енді солардың үстіне жаңа түскен жас жарын әкеліп енгізуге мәжбүр болған. Одан басқа амал жоқ еді. Әйткені қазынаның пәтерінен ешқандай үміт болмайтын. Жалдауға да кенірек пәтер табылмады.

Үй іші қанша тату болғанының өзінде, мұнша жанның бір бөлмеге тығызып құн көруі тіпті қыын еді. Сондықтан Бәйкен аудан басшыларына барып, ен болмаса соғыс мүгедегі ретінде мемлекеттен қарызға қаражат алып беруді өтінді. Аудандық әлеуметтік қамсыздандыру белімі мен банк кеңесін қатыстыра отырып, шектеулі мөлшерде карыз алды. Сейтіп жеке меншікті үй салдыруға кірісті. Тез арада салдырып та алды. Бірақ онысы да ақшаның тапшылығынан жалғыз бөлмелі болып шықты. Әйтеуір өзіндікі деген баспана. Бір тәуірі – ағаштан қиған кең бөлме. Ас үйі, сенегі, қоршаулы ауласы бар. Жазда соларды пайдаланып, қыста тұрғын бөлмені бөліп, ас үйдің бір қапталынан сөре жасап, амалдауға тура келді.

“Көніл сыйса, бәрі сыйды” деген кең қолтық қазекемнің жоралғысымен бұлар мәре-сәре болып, өздерінше тіршілік етіп жатты. Бақыт келген бойда аудан орталығындағы орга мектепке орналасып, өзінің Шортандагы кластарына математикадан сабак беретін болды. Көп ұзамай, бұрынғы жұмыс тәжірибесі ескеріліп, оған мектептің оку бөлімін басқару міндеті жүктелді. Бәйкен өзі ауаткомның ішкі жұмысын басқарып, дүрілдетіп жатты.

ӨЛАРАДАҒЫ АЛАСАПЫРАН

Бұл кезде аудан шаруашылықтарында егін орағы жүріп жатқан. Атышулы қырық алтының орағы. “Атышулы” дейтініміз, сол жылы Одақ көлемінде қатты қуанышылқ болып, негізгі астықты аудандарда егін шықпай қалған. Тек Қазақстанның бірсыныра өнірлерінде шығым тәуір болып, барлық салмақ соларға түсіп тұрған. Егін өсіреле Көкшетау облысында бітік шығып еді. Демек, науқанның ерекше қатты болғаны да сол өнірлер-тұғын. Ауданға облыстан, Алматыдан, тіпті Мәскеудің өзінен өкілдер қаптап кетті. Бәрі де: “Астық! Астық! Бермесен, қырамын да жоямын!” деп дікілдей келеді.

Бірақ құр айқай болмаса, олардың бірде-бірінің нақты көмегі жоқ. Тек тықсыру ғана. Ал колхоздар мен МТС-тердің қолында мардымды күш жоқ. Барлы-жоқты техниканың өзі әбден ескірген. Тоқтаусыз жүріске жарамайды. Бір күн жүрсе, келесі күні сынып, жөндеуге тұрады. Қуаты шамалы “СТЗ”, “ХТЗ” тракторлары тіркемелі комбайндарды тарта алмайды. Сондықтан алдынан өгіз жегіп, демесін қылуға тұра келеді. Ал ауданға да, аудан көлеміндегі шаруашылықтарға да беріліп жатқан тапсырма тау-тау. Және оның өзі де бескүндік сайын үстемелеп көбейіп жатады.

Осындай жан қысылған қиналыс үстіне бір күні облысқа Саяси Бюро мүшесі А. И. Микоян келе калсын. Ол келе сала, ешкіммен сөйлеспестен, облыстың аудан басшыларын шакыруға бүрірек берді де, касына обкомның бірінші хатшысын отырғызып алып, жақын манайдағы шаруашылықтарды аралауға кетті. Ол жоғарыда айтылған ауыр көріністерді өз көзімен көрді. “Жергілікті жерлердегі ауыр халді өзі көзімен

көрсін. Қолында қөп билігі бар мемлекет адамы фой. Бір жәрдемі тиер” деп дәмеленген обком хатшысы оның мәнжайды көзбен көргеніне іштей қуанып та қалған.

Бұлар қайта оралғанша бірсызыра аудан хатшылары жиналып та қалған екен. Оларды қүттіріп қойып, үлкен өкіл әуелі обком бюросының жабық мәжілісін шақыртты. Мәжілісті ашқан бойда-ақ бірінші хатшыға тиісті. “Какой позор! Как ты мог организовать так важную политическую кампанию?! Это не уборка, это настоящий бардак! (Ашу үстінде аузына түскені сол ма, әлде үйреншікті сөзі ме – не болса да дәл солай деді). – Ол хатшыға көзін ежірейте қарап тұрып, орыс тілін белінен баса тағы сөйлемеді: – Ти што за секретарь обкома? Тебе не областью руководить, а каким-то... каким-то промкомбинатом несчасным...

Бірінші хатшыда үн жоқ, жүні жығылып, төмен тұқырып қалды. Осыдан кейін аудан басшыларын кабинетке шақырды. Олардың жайласып отыруын да құтпестен жауап алуға кірісті. (Иә, бұл мәселе талқылаған мәжіліс емес, тұра жұртты орнынан тұрғызып қойып жауап алу еді).

Аудандардың тізімін алып, хатшыларды шетінен тұрғыза бастағанда, бірінші кезек Айыртау аудандық комитетінің хатшысы Бурлаковка келген:

– Ну-ка, скажи, голубчик, почему ты срываешь поставку хлеба? – деп Микоян бірден шүйлікті.

– Я не срываю, Анастас Иванович. Просто сил не хватает да погода не позволяет...

– Замолчи! – деп ақырды өкіл, аудан хатшысының сөзін бөліп жіберіп. Бұл жолы да сөз теріп жатқан жоқ, әлдене замандағы әпербақан әкімнің аузында ғана айтылатын әкірен сөзді қайталап. – Саботаж! Это же настоящий саботаж! Снять этого саботажника немедленно с работы и посадить в тюрьму! Сейчас же отберите у него партбилет и отправьте туда, откуда прибыл. Посадите там же в тюрьму! – деп ол енді обком хатшысына бұйыра сөйлемеді. Кабинет іші тымтырыс. Жұрт сілтідей тынып, жым болды. Обком хатшысы Бурлаковтың қолынан партбилетін зорға деп алып, залда отырған облыстық ішкі істер бастығына сілтеді. Ол дереу шығып кетті де, аздан кейін қасына екі қызыл жағасын ертіп қайта кірді. Олар обкомның бірінші хатшысының кабинетінен актив жиналысында отырған Бурлаковты топты жұрттың көзінше айдалап алышп кетті.

Микоян әлі зіркілдеп тұр. Аудан хатшыларына енді тапсырманы қағаздағыдан екі есе асырып, өзі бере баstadtы. Ешқайсысы ләм демей, өкілдің аузынан шыққан цифрды үнсіз жазып алғып жатты. Актив жиналысы осымен бітті. Үлкен өкіл әркімге тапсырманы беріп-беріп, сұсты көзімен жан-жаққа бір қарап өтті. Қарсы қарап түсken суретінен көп байқалмай ма, қырынан қарағанда имек мұрыны дәл итегінің тұмсығындағанда итініп, ұшы мұртының ішіне сұғына кіріп тұрады екен. Сол сұсты түсін жылытпаған күйі ол қасында отырған көмекшісіне бұйыра тапсырма берді:

— Бистро подготовьте самолет. Сейчас вылетаем в соседнюю область.

Жұрт отырған күйі тырп етпей отырып қалған. Обкомның бірінші хатшысы орнынан сылбыр тұрып, Үлкен өкілді шығарып салуға соңынан еріп кетті.

Алексей Трофимович Купаев деген кісі 1944 жылы Көкшетау облысы жаңадан құрылғанда обкомның бірінші хатшысы болып келіп, осы өнірді аяғынан тік тұрғызу үшін көп күш салған, сөйлесе сөздің жүйесін табатын, істесе істің жөнін білетін тәжірибелі басшы еді. Республика партия активінің алдында беделі бар саяси қайраткер ретінде танылған-ды. Амал қанша, бір қызылкөз зордың қырына ілікті де, сол соққыдан оңала алмады. Микоян Қазақстанның солтүстік облыстарында болған сол сапарынан қайтқанда Алматыға соқты деген. Сірө, соның шегелеп кеткенінен болар, ақыры орнынан босатылып, шаруашылық жұмысқа жіберілген.

Ашу үстінде Микоянның айтқаны келді ме, кім білсін, Алматының түбіндегі бір шағын шұға комбинатына директор етіп жіберілген екен, көп ұзамай денсаулығы бұзылып, қызметке жарамағандықтан, пенсияға шығарылыпты. Егін науқаны біткеннен ксійін Бурлаков та тұрмеден босатылған. Босатылмай қайтсін, сottауға, заң тілімен айтқанда, қылымстық құрамы жоқ болған соң. Бірақ ол да жазықсыз жазаланып, жұрт бетіне қарай алмай жер болып қалған соң, Айыртаудан басқа жаққа кетіп қалыпты.

Бурлаков үшін қатты қиналғандардың бірі Бәйкен еді. “Келіншектің бетін кім ашса, сол ыстық” демей ме қазақ. Айыртауға алғаш келгенде жылы жүзбен қарсы алып, жауапты жұмысқа орналастырған, соңсоң шын ықыласымен

талай қамқорлық жасап, ақыры сырлас дос болып кеткен жігіттің жақсылығын қалай үмітсін. Шын құлазып қайғырды. Кетерінде әйелі Лидия Васильевна екеуін үйіне қонаққа шақырып, жұбаныш сөздер айтты. Көшерінде Бақыт екеуі үйлеріне барып, шығарып салысты.

1947-нің жаңа жылы айыртаулықтарға жаңа бастықтарды ала келді. Бурлаковтың орнына бірінші хатшы болып Алексей Михайлович Гроздов деген кісі сайланып еді. Партиялық басшы ауысып жатқанда кеңесті аман қалдыра ма, Фисенко да ауыстырылып, орнына Шаймұқан Тәуекешанов деген кісі келген. Аудан қөлеміндегі басқа қызметкерлердей төменнен жоғарылап келе жатқан жас талап емес, бұл республика, облыс қөлемінде жоғары лауазымдарда болған тәжірибелі адам еken. Ол кісі бір кездे республиканың прокуроры, одан кейін Кекшетау облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып істепті. Кезінде сонау КСРО Жоғарғы Кенесінің депутаттығына да сайланыпты. Сондай биіктерден осылайша төмендегеніне қарап ешкім де күдіктенген жок. Жұрт оны қазіргі жұмысына қарап бағалады.

Осы тұста Бәйкен Әшімұлының өзі де қызметте бір саты жоғарылап, ауатком төрағасының бірінші орынбасарлығына сайланды. Атқом төрағасы басшылық жұмыстан тәжірибесі мол, көрген-білгені көп болуының үстіне, менмендігі жок, айналасында айқай-шусыз, саябыр, іскерлік ахуал жасай білетін адам еken. Сондықтан екеуі бірден тіл табысып, жақсы жұмыс істесіп кетті. Әлгіндей кішіпейіл қарапайымдығы мен тағылымды іскерлігі үшін төраға қызметтес жолдастар мен аудан еңбекшілері арасында тез беделге ие болып алды. Ал Бәйкен Әшімұлының да байсалды мінезі мен байыпты іскерлігі бір жарым жылдың ішінде аудан активіне жақсы танымал болған-ды. Екі басшының біріне-бірі үйлес келгені, әлбетте, олардың жұмыстарының жемісті болуының басты бір шарты еді.

Аудандық партия комитетіне жаңадан келген хатшы да жұмыс тәжірибесі мол, оқығаны көп болмаса да, тоқығаны көп, әсіресе ауыл шаруашылығының жай-жапсарына жетік адам еken. Жұмыста айналасындағы қызметкерлерге талапшыл екені де байқалды. Сірә, өзінен бұрынғы басшының тағдырын еске алатын болуы керек. Бәйкен үшін бір тәуір жері – шаруашылықтардың мұн-мұқтажын біletіндігі болып

көрінді. “Қай басшы нені талап етсе де, біліп талап етсеші” деген бір ой бұрыннан көкірегінде жүруші еді. Енді сол жора бұған екі жағынан да – талапкер ретінде де, жауапкер ретінде де – қатысты болғанын сезінді. Өйткені аудандарды ауыл шаруашылығының жайына екі адам жауапты болса, соның бірі өзі екенін ұғынған.

Ауаткомдағы соңғы жұмысында қағазбастылау болып, бірлі-жарым шаруашылықтарға науқандық өкіл ретінде барап қайтқаны болмаса, колхоздардың көпшілігінде бола қоймаган екен. Шынтуайтын айтқанда, бұған дейін ауыл шаруашылығымен қызмет бабында тікелей айналысадын реті келмеген. Баяғы техникумда алған білімінің де көбінше ізі суып, көмексі тарта бастаған сияқты. Соны қайта жаңғыртып, жержердегі істің жайымен көзбе-көз танысып, дереу белсенді жұмысқа кірісу керек.

Осындай тынымсыз жұмыс, токтаусыз жүріс үстінде қыс етті. Қектем келді. Қар кетіп, жер дегдіген кезде егіс басталды. Бәйкен бірде арбамен, бірде салт жүріп, егіс далаларын шарлады. Агротехникалық ережелердің қатаң сакталуын қа-дағалады. Борозданы бойлап, жыртылған жер қыртысының терендігін, тырмаланған атыздың майдаланып тегістелуін, себілетін тұқымның сапасын, себілген тұқымның мөлшерін көзбе-көз тексеріп, ауытқу болған жерлерді дереу түзетіп отырды. Колхоздың, бөлімшелердің мамандарын қасына ертіп жүріп, агротехника жолында қалай-қалай күресуді үйретті. Өзі жүрген жерде ғана емес, барлық шаруашылықтарда осылай болуын талап етті.

Осындай жолсапарларда елді мекендерді аралап жүріп, тұған жердің табиғатын тамашалады. Бұрыннан таныс жерлерімен қайтадан қауышып сүйсінді. Алғаш көрген өнілдерді бір жаңалық ашқандай таңдана қызықтады.

Шынында да бұл бір ғажайып көркем өлкे еді. Аудан орталығынан шығып, Саумалкөлді жағалап шығыска беттесен, артында мұнартып Айыртау тұрады. Арғы сілемдері Имантаудан басталып, Шалқар көліне дейін онтүстіктен солтүстікке қарай созылып жатқан қос жотаның қойны толған байлық: қайыңы мен карагайы, терегі мен самырсыны, сәмбі талдары қатар өскен қалың жыныс. Іші-сыртын еркін жайлап, құтты өріс қылған бұғы, марал, еліктер.

Қарсы алдында көлденеңінен көсілген атакты Сырымбет даласы: жазығы мен шоқысы кезек алмасып, бірде ақ сағымы көшкен елдей жөнкіген, енді бірде көк шалғыны көк теніздей толқыған жанды жайлау, жапан тұз. Мұның тарихы қандай шежіре?! Бір кезде жас Шоқанның қиялын шарықтатқан Ақбас пен сері Ақанның әнін қалықтатқан Құмдықөл осы өнірдің сәні болғанда, түгін тартсаң сорғалап майы шығатын қос қыртыс қара топырағы тіршіліктің нәрі емес пе еді?! Ертеде осы өлкені ен жайлаған қалың елді жан-жаққа тыркыратып қуып апарып, ұжымдастыру деген ұранмен бір-бір ауылдың аясына үйліктырған еді. Оның аяғы ақ сүйек ашаршылыққа апарып соктырды. Ана бір жылы: осының себебі не? – деп, санасын сыйбызының сызғырындай мазалаған сұрактың жауабын іздегендеге, жас өрім маман жігіттің ойы тас қамаудай түйікқа тірелген де, одан әрі аса алмаған. Асатын асу жоқ екен.

Осындай шытырман ойларды көңілінің бір түкпіріне тығып қойып, Бәйкен тізбек-тізбек көп науқаннның ағымдағы шаруалары шенберіндегі қызу жұмыстармен тағы бір жылды артқа таstadtы. Бірақ күні-түні тыным таппай шабуылмен жүргенде, денсаулығы сыр беруге айналды. Дәрігерлердің айтуынша, организм шаршап, зорығу алдында көрінеді. Дерене курортқа барып тынығуы, шипагерлік бақылау жағдайында емделуі керек екен. Бір тәуірі, алыстан курорт ізде-мей-ақ, Бурабайдағы одактық манызы бар санаторийге барса болады дейді. Бұл дерене облыстан жолдама алып, Бурабайға келді.

Шортан қаласына әрлі-берлі қатынағанда жолшыбай көз тастағаны болмаса, Көкшениң табиғатын анықтап көргені осы еді. Керемет екен! Неткен ғажайып сұлұлық! Ауасы қандай тамаша! Сонау госпитальдан емделіп шыққалы бері арқасының шындал босағаны осы екен, санаулы күннің ішінде емін-еркін қыдырып, жап-жақсы тынығып қалған.

Енді қалған күндерінде кітап оқыын, ауыл шаруашылығы жөнінде өзіне керекті арнайы әдебиет болса, соларды қарастырайын деген оймен бір күні санаторийдің кітапханасына кірген. Бір қыдыру кітап қоры бар екен. Төр жақта бір сөре толы қазақ кітаптары. Соның алдына барып қарап түр еді, бір қалың томға көзі тұсті. Қолына алып қараса сыртында “Сөбіт Мұқанов. Жұмбак жалау. Роман” деп жазылыпты.

Кітап 1938 жылы латын әрпімен шыққан еken. Ол жылы өзі өскер қызметіне алынған. Ол кезде көркем әдебиет окуға мұршасы, әрине, келе бермеген. Әсіресе қазақ тіліндегі кітаптар колына сирек түсуші еді.

Бірінші бетін ашып, көз жүгірте оқып қараса, міне қызық, осы Бурабай туралы еken. Дереу жазғызып алды да, палата-сына келіп окуға кірісті.

Бірінші сейлемінде-ақ салған жерден Бурабай көлі ата-лыпты да, әрі қарай сол көлдің жар қабағындағы кішкенс қарағай үйде айна алдында өзінің шашымен ойнап тұрған Ботагөз атты қызды көрді.

“Көлдің бурадай бұрықануы Ботагөздің қуанышты сезімін өзгертупді. Ол бересе көлге, біресе айнаға қарап, көлдің толқынына еліктегендей, толқынды бүйра қара шашын бұрынғыдан да жиңі желпе түсті.”

Осы тұсты оқығанда, әлдене есіне түскендей, Бәйкен өзінен-өзі селт ете қалып еді, кенет жүргегінің бір жақ шеті шымыр етіп, шаншып кетті. Ол өзіне таныс басқа бір толқынды қара бүйра шашты есіне алдып еді. Бұдан әрі кітаптан басын алмастан, күні-түні оқыш, аяғынан бір-ак шықты. Романның оқигаларынан, ішіндегі адамдарынан қатты әсер алды. “Бурабай төнірегінде шынында осындай адамдар болды ма еken, мына шының басында бір кезде расында да қызыл ту желбіреп тұрды ма еken?” – деп ойлаған күйі қадалып Оқжетпестің үшар басына көз тікті. Санаторийдің ауласында осылай қиялданып тұрғанда, іштен кезекші әйел мұны даяystap шақырды.

– Демалушы Бәйкенов, сізге телеграмма бар.

Бұл жалма-жан ашып, оқып жіберіп еді, өзі ойламаған бір қуаныш жүргегін кернеп кетті. Осылай қарай жүрерде жас зайыбы Бақыттың аяғы тым ауырланып қалып еді. Аманесен босанып, дүниеге бір қыз келіпті. Тұла бойын бұрын болмаған бір сезім биледі: бұл әке болыпты. Осындай бір өзгерісті іштей күтіп жүрсе де, соның нақты қалай боларын ойламаған еken. Мына қуанышты хабарды естігеннен кейін, бір күн де аялдаған жок, дереу үйге кайтты. Өзінін тұнғышын көріп, жас нәрестенің інгәлаған дауысын естігенде, ешбір сөзбен жеткізіп болмайтында шаттық сәтін бастан кешкен. Сол күнде құндақтаулы туманың қасына барып, үйқылы жүзіне тесіле қарап қалған еді, бір кезде басын еki

жағына кезек бұрып, әлденені аймалаған нәресте көзін ашып алды да, бұған көзін тоқтатып алып, аузын аша шалықтап езу тартты. Бұл одан сайын мәз болып, Бакыттың жаңына жетіп барды.

– Атын кім деп қоямыз?

– Мен бір атты айтып едім, үлкен кісілер макұлдан отыр. Мамам марқұм менің жас құнімде Шығыстың аңыз-ерте-гілерін көп айтушы еді. Сонда Нәйлюфар атты бір керемет қызы туралы ертегіні естітінмін. Мұның мағынасы “Нилдің бойында өсетін ғұл” деген сөз екен. Мысыр елінде өте жіңіз кездесетін осы есім есіме түсті, мен осы атты ұнаттым.

– Нәйлюфар... Жарайды, бізде де бір Нәйлюфар болсын. Мен де қосылдым, – деді Бәйкен сол мәз-мейрам күйінде.

Үйде осындай қуанышқа кенеліп жатса, қызмет бабында да өзгеріс бар екен. Ол бұрынғыдан тағы бір саты жоғарылап, аудандық партия комитетінің екінші хатшылығына ұсынылыпты. Обкомның шақыруымен бюорода бекітіліп келді де, жаңа қызметіне кіріsti.

Негізгі шұғылданатыны бұрынғыша ауыл шаруашылығы болғанымен, қызмет аясы әлдекайда кенейіп, жұмыс арта түсті. Аудан партия үйымының сан салалы өміріне бойлай араласып, қайнаған науқанды тіршіліктің қалын ортасында жүргүре тура келді. Облыс, аудан аумағында болып жатқан жаңалықтардың бірде-бірінен тыс қалмай, өз лауазымының шенберінде ылғи кимыл-әрекет үстінде болды. Солардың әрқайсысынан өзіне белгілі бір тағылым, сабак алып жүрді.

Бірлесіп жұмыс істеуге келгенде, бірінші хатшы да алды кен, мінезі ашық, қандай жұмыстың болса да бағыт-бағдарын айналасындағы адамдармен ақылдаса отырып белгілейтін және, ең бастысы, жеке өз басының қимыл әрекетін жария етіп ашық жүргізетін көпшіл адам болып шықты. Сондықтан Бәйкен де алғашқы құннен бастап барлық қызметін еркін, өз ісіне сенімді көніл күйде атқаратын болып қалыптасты. Әр түрлі саяси-шаруашылық шараларға қатынаса жүріп, астанадан, облыстан келген жауапты адамдармен арасаса жүріп, бірер жылдың ішінде кәдімгідей өсті, ысылды.

Өсірепе келесі жылдың жазында Алматыда өткен аудандық партия комитеті бірінші хатшыларының он құндық семинарынан алған әсерлері өте тағылымды болып еді. Ол кезде Гроздов кезекті демалыста болды да, оның орнына екінші хатшы Бәйкен Әшімұлын жіберу үйғарылған.

Он күндік семинарда Орталық партия комитетінің бюро мүшелері, бөлім менгерушілері, министрлер, республиканың көрнекті ғалымдары әртүрлі тақырыптарда лекциялар оқыды, баяндамалар жасады.

Семинардың соңғы күндерінің бірінде Қазакстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов келіп, екі сағаттық әңгіме өткізді. Республикадағы жалпы жағдай туралы баянданап, аудан басшыларының алдында түрған құрделі міндеттерге тоқталды, олардың жұмысына талдау жасап, көптеген мысалдар келтірді.

Әңгіменің соңында бірінші хатшылармен суретке түсіп, солардың арасында еркін әңгімемен тағы бірсызыра уақыт тұрып қалды. Сол кезде Бәйкен жұрттың арасынан сыналап өтіп барып, Жұмекенмен қолдасып сөлемдесті. Ол кісі де мұның жүзіне көз тоқтатыш қарап, бірден таныды. Өткен жылы егін жинау кезінде ол кісі Айыртау ауданына келіп, шаруашылықтарды аралаған. Сонда бұл қасына еріп жүріп, елдегі барлық жағдайды баяндаған. Бір-екі жерде дастарқандас та болғаны бар. Сонда мұның өз жағдайын сұрастырып, қанықканнан кейін:

— Соғыстан аман-есен келдің, қызметіне үқыпты бол, келешегің мол жігіт екенсің, — деп ықыласты ілтипат білдіргені, өмірде бақыт тілеп, батасын бергені бар-ды.

Сол жолы тағы бір қызықты кездесу болды. Семинардың негізгі жұмысы аяқталып, соңғы күні тындаушылар маңайдағы шаруашылықтарға экскурсияға кеткенде, Бәйкен бір шаруаларымен бармай калған. Ертегісін сол жұмысын тындырып, қолы босап қалып еді. Әлі күн ерте, тұс болған жок. Кешке дейін не істерін ойланып тұр.

Бір кезде былтыр оқыған кітабы есіне тұсті. Соны жазған Сәбит Мұқанов деген кісіні қөргісі келді. Реті келсе жолығып, аз да болса әңгімслесіп қайтпақ ниетімен Жазушылар одағын іздең кетті.

Сәті болғанда, ол кісі өзінің қызмет орнында екен. Қабылдау бөлмесіндегі хатшы әйелге өзінің кім екенін айтып еді, дереу: “Кірсін”, – депті.

Сәбит Мұқанов деген жазушыны бірінші рет көруі еді. Орта бойлы, өзі де орта жастан асқан, толық денелі, келісті кісі екен.

Кірініз, келініз, жоғары шығыныз, – деген сияқты ықыласты сөздермен қарсы алып, жөн сұрасты. Бұл өзінің кім екенін, қайdan келгенін айтып еді, ол кісі өзінің анқылдаған сәл жарықшактау даусымен салдырлап сөйледі.

– Бәрекелді. Біздің елдің жігіті болдың ғой. Айыртауды тіпті бала күнімде көргенмін. Кейін де барғаным бар, – деп, сөзді бірден-бірге жетелеп алып кетті. – Райкомның секретары болсаң, елдің жағдайын жақсы билетін болдың ғой. Әңгіменді айта отыр. Бұйымтайынды да тыңдайын.

– Ешқандай бұйымтайым жок, Сәке. Кітаптарынызды, газет бетінде жазғандарынызды оқып жүреміз. Соңсона жай сәлем беріп қайтайын деп келдім.

– О, бәрекелді, олай болса, – деп әңгімені әрі қарай тағы да өзі өрістетіп әкетті. Он үш жасында ауылдағы бір ағала-рына еріп, Қостанайдың солтүстігіндегі Жаманшұбардан Айыртауға барғанын, жолда Сырымбет тауын жайланаған елдерде бірнеше күн болғанын, өзінің арғы бір атасы сол Сырымбеттің бауырында туып, содан Сырымбет атанғанын айтты. Сол сапарда Ақан серіні көріп, өз аузынан әнін тыңдағанын әңгімеледі. Сол оқиғалар өзінің “Өмір мектебі” романында баяндалғанын айтты.

– Келгенің жақсы болды, Бәйкен інім. Елдің азаматы екенсің. Байланысып, хабарласа жүр. Уақытың болса үйге кел, дәм үстінде кенірек әңгімелесейік, – деп адресін айтты.

Бәйкен елге жүргелі жатқанын айтып, кешірім сұрады да, жылы-жақсы қоштасып кетті.

Осындай кездесулерден, өзі естіген көп-көп лекция, баян-дамалардан мол мағлұмат, жарқын әсерлер алып, елге көнілді оралған. Көп адамдарды көріп, көп нәрсені естіп, рухани байып, іштей есейіп қайтқан.

Соған орай, ауданда тағы бір жаңалық болғалы жатыр екен. Бірінші хатшы СОКП Орталық Комитетінің жанындағы кадрлардың білімін көтеру курсына екі жылға окуға баратын болыпты. Қазіргі қызмет орны өзінде сақталатын көрінеді. Оған жүктелетін барлық жұмысты екінші хатшы – бұл атқаруға тиіс екен.

Сөйтіп, екі бірдей хатшының жұмысын бір өзі атқара жүріп, күзгі науқандарды өткізді. Шыққан егін жинап алынып, түсімі түгелдей мемлекетке тапсырылды. Енді алдағы жылдың бас кезінде өткізілетін аудандық партия конферен-

циясына дайындалу керек. Ең қыны осы болатын түрі бар. Өйткені ол соңғы үш-төрт жылдың ішінде шаруашылық науқандардың талайын бастан өткізді. Көп нәрсеге көзі қанықты. Ал мынау бұрын мүлде істес болмаған дүние.

Бұл аудандық комитеттің барлық бюро мүшелерін жинап алып ақылдасты. Солардың әрқайсысына өз саласындағы партиялық жұмысты жинақтап, жан-жақты талдап, онын әдістері мен тәсілдеріндегі жемісті жақтарын, әсіресе шаруашылыққа басшылық етудегі, аудан еңбекшілерінің өндірістік белсенділігін көтерудегі икемсіздік пен енжарлықты тереңірск ашып көрсетуді есепті баяндамаңың негізгі өзегі етіп алға қойды. Бұл жұмысқа аудандық комитет аппаратының жауапты қызметкерлері түгел жұмылдырылды. Соның арқасында конференцияға дайындық күн бұрын қамтамасыз етілді. Барлық бастауыш үйымдарда есеп беру-сайлау жиналыстары дер кезінде өткізілді. Коммунистердің саяси белсенділігі де біршама көтерінкі болғандығы байқалды.

Сонымен кезекті аудандық партия конференциясын өткізетін күн де жетті. Есепті баяндама мазмұнды, іскер және өткір болды деген пікірлер айтылды. Аудандық комитет жұмысының дәрежесі әсіресе соңғы кезеңде едөүір жоғарылады деп бір ауыздан бағаланды. Оған тікелей басшылық жасап отырған Бәйкен Әшімов жолдастын жеке өз басының іскерлік қабілеті мен адамгершілік қасиеттері де атап көрсетілді. Сейтіп Бәйкеннің конференция үстіндегі көңіл-күйі жоғары болатын. Бірақ оның қорытындысында делегаттардың ешқайсысы күтпеген бір түсініксіз жағдай болды.

Аудандық партия комитеттінің жаңа құрамын, оның бюро мүшелерін, хатшыларын сайлау кезінде мұның аты аталауды. “Бұл қалай?” деп сұраған делегаттарға облыстық партия комитеттінен келген өкіл, өзі обкомың хатшысы Николай Лунев орнынан түрегеліп, мынадай сөздер айтты:

— Әшімов жолдастың жұмысына қоятын кінә да, тағатын мін де жоқ. Бірақ осы конференция алдында жоғары органдарға Әшімовтың үстінен түскен арыз бар. Ол партияға өтер кезде өзінің әлеуметтік тегін жасырып қалған көрінеді. Соңдықтан облыстық комитет оны бұрынғы жұмысына ұсынбауды, жалпы партиялық жұмысқа жібермеуді үйғарып отыр. Таяуда партиялық мәселесі қаралуға тиіс. Соңдықтан оның орнына обком Жұсіпов жолдасты ұсынады, — деп ол өзімен бірге ертіп келген кісіні нұсқады.

Делегаттардың ешқайсысы бір ауыз сөз айта алмады. Сөйтіп, ол демнің арасында барлық мансаптан айрылып шыға келді.

Бұл оқиғаға үй іші болып қайғырды. Осы хабарды айтып, үйіне оралғанда, Бәйкеннің өзі де қатты күйінште еді. Тіс жарып ештеңе айта алмады. Бейне бір өлім үстіндегідей атанасы да тым-тырыс. Әсіресе әлденеге өзі кінәлі болғандай, Қабдолла ағатайы жүні жығылып, мұлгіп қалды. Қашанғы әдетімен қандай қасіретті де үнсіз көнбістікпен қабылдайтын анасы қөзінің жасын бір сығып алды. Сол кезде үй ішін сергітіп, бәріне қайрат берген жұбайы Бақыт болды.

– Қой, бұған несіне қайғырамыз? Бір жұмыс кетсе, басқа күрек табылmas деймісіндер? Қолынан іс келетінін көрсеттің фой. Екеуміз де қызмет істейміз. Өлмеспіз, бірдеме етіп күн көрерміз. Тек бас аман болсын. Жасымайық, Бәке, – деді.

Көп ұзамай бұл обкомның бюросына шақырылған. Мәжіліс құндызға сағат 2-де басталады еken. Дербес мәселелер ен сонында карапатыны белгілі. Бұл ешкімге көрінбестен, ұзын дәліздің түкпіріндегі ұзынша орындықтың бір шетіне барып орналасты да, күтіп отырды.

Құн кешкіріп, жұмыс аяғы болды. Мәжіліс жүріп жатыр. Қас карайып, тұн болды. Мәжіліс әлі жүріп жатыр. Бұл сарылып құтумен отыр. Тұннің ортасына жақындаған бір уағында залға шақырылды. Мәжіліс өткізіп жатқан бірінші хатшының кабинеті адамның тынысын тарылтқандай қапырық әрі қара көленкे еken. Темекінің иісі қолқаны атады. Керосин шамның жарығы үлкен бөлменің орга тұсына ғана тұсіп тұр. Құні бойы қимылсыз отырған бюро мүшелері әр жерде бір қалғып отырған тәрізді.

Бірінші хатшы шашы тікірейіп, көзі ақиған шатақ мінезді кісі екенін бұл сырттай билетін. Кіріп келгенде алара бір қарады да, тұқырайып қағазға үнілді. Отыр деп те айтқан жок. Бәйкен есік жақтағы кінәлі адамға арналған онаша орындықтың қасында түрегеп тұр. Мәжіліс тәрағасы ешкімге сөз берген жок. Домалак арызды тексерген адам да, мұндай мәселенің мәнін баяндайтын парткомиссия бастығы да үнсіз қалды. Тіпті жазықты болып келген коммунистен де түсінік сұрамады. Бірінші хатшы құні бұрын әзірленген қаулының жобасын ғана жариялады: “Партияға өтерде әлеуметтік тегін жасырғаны үшін қатан сөгіс жарияланып, есеп карточкасына жазылсын. Өзі шаруашылық жұмысына жіберілсін”.

Жазыксыздан осылай жазалы болып, сағы сынған күйі ол коңак үйге келіп, жатып қалды. Бірақ тұні бойы көз ілген жоқ. Басына жан-жақтан құжынаған ойлар келіп, тыныштық бермеді.

Ана жолы, конференциядан шығып үйіне келгенде, ет қызыумен еш нәрсені ойламаған екен. Енді сол ойлар бірінешілдіріп жалғасып, анталап жатыр. Ол соғыстан кейін жарапы офицер күйінде өзінің туған ауданына келіп, жан аямай қызмет істеген бес жылын ойлады. Туған жерге тіккен туым берік болсын деп аямай тер төкті. Сонда ол өзін ең алдымен партияның солдатымын деп есептеген. Кеңес жұмысында болсын, партия аппаратында болсын, партияның тапсырмасын орындаپ жүрмін деп ойлаған.

Тіпті сонау жас жігіт кезінде, комсомол жұмысын атқарғанда да, әскер қатарында саяси жұмыс жүргізгенде де, одан кейін Отан соғысының отты жылдарында жанын пида етіп, қанын төккенде де, Отан мен Партия атын жүргегінде имандай сақтап аялаған. Осы өмірінде қандай қыншылық көрсе де, коммунистің төзімділігі мен адалдығын бетке ұстап, шыдап баққан. Партия жарғысынан жарты қадам аттап баспаған.

Ендеше неге бұлай әділетсіз жапа шегеді, неге жазықсыз жаза тартады? Және осындай әділетсіздіктен таяқ жеушілер жалғыз бұл ғана ма? Жалған айыптармен жан азабын тартқан Алексей Трофимович Купаевтің өзі қандай парасатты басшы еді? Осы облыстың негізін қалап, аяғынан тік тұрғызыған сол еді ғой. Жұмыста қандай іскер, қандай талапшыл бола тұрып, кадрларға қандай камқоршы еді? Мұның ұстінен сол кезде де бір жалған арыз домалап түсken. Соны өзге емес, өзінен кейінгі жауапты адам, обкомның екінші хатшысы Темірболат Сәрсеновке: “Осының ақ-қараасын анықта, – деп әдейі тапсырып тұрып: – майданға барып, қанын төгіп келген адам, қазір белсенді қызмет атқарып жүр екен, нахақтан күйіп кетпесін”, – депті. Домалақ арыз жалған болып шыққанын естігенде: “бәсе, солай болар”, – деп істі жапқызып тастапты.

Ал өзінің досы Бурлаков ше? Партияның ісіне берілген нағыз ақ жүрек сабаздың өзі еді ғой. Ол жүріп өткен жердің жұмысында бір селкеу қалмайды, жолын ылғи тазалап жүруші еді. Сол үшін де ауданда ерекше беделді болды. Бірақ, не

керек, бір зордың айтуымен “саботажник” атанды да, жұмысты дүрілдетіп тұрған кезінде тұрмеден бір-ақ шықты. Бүкіл өмірі өрткө күйгендей қор болып ол кетті. Неге оған ешкім араша түсе алмады? Осындай озбырлық пен жала-корлыққа неге жол берілді?

Осы сияқты сан түрлі ҫұрактың қамауына түсіп, тұні бойы дөнбекшіп шықкан Бәйкен тан алдында ғана көз шырымын алып, ертемен облыстық ауыл шаруашылық басқармасына барған. Олар бұған жұмысты әзірлеп те қойған екен. Сірә, обком жағынан нұсқау түскен болар: Зерендіге аудандық ауыл шаруашылық бөліміне менгеруші болып барасын, – деді. Бұл ойланbastan бірден келісім берді.

Басқарма бастығы Бәйкенге бұрыннан таныс, бір кездे Айыртауда МТС директоры болып істеген Талғат Тегісов деген жігіт еді, соған жалғыз-ақ өтініш айтты:

– Жаңа жерге барғанда аяғым тұсаулы болмасын, көлік жағынан көмектес, – деді. Ол сөз айтпастан, Грачев МТС-інің бір жұқ машинасын Зеренді ауданына бергізіп бүйрық шығарды. Сол бүйрықты қолына ұстаған Бәйкен сол машинаға мініп, жаңа қызметіне барды. Мұнда да таныс адамдар баршылық екен. Аупарткомның бірінші хатшысы Хаджан Темірбаевты да бұрыннан таниды. Айыртауда Бәйкеннен бұрын екінші хатшы болып, осы жаққа жоғарылап келген. Жақсы қарсы алды. Мұның жағдайын күні бұрын естіп, біліп отыр.

– Еш нәрсеге аландамай жұмысынды істей бер, – деді. Бұдан бұрын ауыл шаруашылық бөлімін басқарған кісі Украинаға кетіп қалған екен, дереу тиісті адамдарға телефон соғып: “Сагайдачныйдың үйіне біреуді кіргізіп қоймай, оның орнына келетін Әшімовке қалдырындар”, – деп тәртіп берді.

ЕР НАМЫСЫ – НАРҒА ЖҮК

Айтқандай-ақ, районың өзінен бұрынғы бастығының үйі тиғен күні ол Айыртауға жүріп кетті де, жанұясын көшіріп әкелді. Қанша өкпелі болса да, туған жерді кісі қия ма, бес жыл бойы еңбек етіп, бауыр басып қалған ел-жұрттымен жүргегі елжіреп тұрып қоштасқан. Бірге қызмет істескен, сыйлас-сырлас болған дос-жарандар да баршылық еді, барша-

сымен жылап айырылысқандай арттарына қарай-қарай кеткен үй іші алдарындағы жана мекенге де шүкірлік айтқан жақсы тілекпен келген.

Әсіресе жана пәтерге қуанысқан. Қарағайдан қызып салған еңселі үйдің кен, жарық екі бөлмесі бар екен. Бұрын сегіз жан бір бөлмеде сығылысып тұрган үй іші бейне бір хан сарайына кіргендей болды. Кен ауланың қора-қопсысы, койма-сарайлары да сай, күтімді көрінді. Бұлар келе салысымен қолда сиыр ұстайтын болды. Үйде жас нәресте, қарт ата-ана бар, ауылды жерде онсыз болмайтынын өздері бұрыннан сезіп жүрген. Қазір оған мүмкіндік туды. Қораның бір жағында шаруашылықты аралайтын ат қысқы-жазғы арба-шасымен, әбзел-сайманымен және өзір тұратын болды. Көрші-көлемдері де Бәкеннің өзімен қызметтес, мекемелес, таңыс-біліс адамдар болып шықты.

Бақыт облыстық оқу бөлімінің бүйрекшімен жанұялық жағдайына байланысты, осы ауданның орталығындағы орта мектепке бұрынғы жұмысыын сактай отырып ауысқан. Ба-лалар да осы мектепте өз кластарындағы сабактарын жалғастырып әкетті.

Бәйкен әсіресе өзінің жан жары Бақытқа дән риза. Мұның басына ауыр күн туғанда үй ішіне ес, өзіне сүйеу болғанын әлі де жалғастырғандай, жана қонысқа келе сала көрші-көлеммен тез араласып, үй ішіне өріс ашқаны бір болса, жана қызмет орнында да ешкімді жатырқамай, үлкен мектептегі ұстаздар ұжымымен, окушылар қауымымен тез тіл табысып кетті. Өзінің сүйкімді, ақжарқын мінезінен танбастақ жұрттың бәріне бірдей құрметті Бақыт Әсетқызы атанды. Облыс орталығына бір табан жақын келгендегі педагогикалық институттағы сырттан окуын ойдағыдай жалғастыруға да қолайлы болды.

Зеренді ауданы – Көкшетау облысының онтүстік-батыс бөлігінде, облыс орталығына таяу орналаскан әкімшілік аймағы. Табиғаты өте көрікті, жері бай өнір. Көкше сілемдерінің солтүстік қыраттары жарыса бой көтерген, шоғыршоқылы, ойлы-орманды, ащылы-тұщылы көлдер көп, Есіл өзенінің Жабай, Аршалы атты екі бірдей саласы кесіп өтетін, тастақты қыыршық құм мен құнарлы қара топырақ алмасып отыратын берекелі өлке. Қараңгір, Жыланды, Қаратаяу, Қошкарбай, Шымылдықты жоталары мен Қарағайлы, Айдабол,

Біркыз, Шымылдықты көлдері ежелден елдің жаз жайлауы, қыс қыстауы болған атамекені, құтты қонысы.

Солардың ішіндегі ең үлкені, табиғаты өсіреле көріктісі – шығыстан батысқа қарай созылып жатқан Зеренді тауы мен сол аттас айдын көлі. Таудың бауырында шалқып жатқан айдынның жағалауы – жазда демалатын пионер лагерьлері мен сауықтыру орындары. Қараңгір мен Жамантұздың сортаң сүсі – неше түрлі ауруға ем болатын шипалы дәрү. Жоталарды қуалай, өзен-көлдерді жағалап өскен ак қайынды, көк теректі, қызыл қарағайлы қалың ормандар – неше түрлі аңдар мен құстардың панасы.

Ауданда егін, мал шаруашылығы қатар дамыған. Олармен қоса орман шаруашылығы, спирт, май зауыттары, құрылыш және тұрмыс қажетін өтейтін шағын кәсіпорындар да аудан экономикасында әжептеуір орын алады.

Бәйкен Әшімұлы өзіне таныс ауыл шаруашылығын әрі қарай дамыту бағытында белсене жұмыс істеп, елеулі еңбек сінірді. Бұл ауданын жер көлемі шағын, жарамды жерлері түгелдей дерлік игерілген. Шаруашылықтары бір қалыпты жұмыс ырғағына дағдыланып, бір арнаға түсірілген. Сондықтан ендігі мәселе – егін шаруашылығының мәдениетін көтеріп, дақылдардың шығымдылығын арттыру, мал тұқымын асылдандырып, өнімділігін неғұрлым молайту бағытында қойылатын. Ауыл шаруашылық бөлімінің негізгі құш жігері осы арнада өрістетілді. Бәйкен Әшімұлы өзінің кезекті бастамаларын басшы орындар алдында көтеріп, тиісінше мақұлдау алғаннан кейін бөлім қызметкерлерін, шаруашылық басшылары мен мамандарын ұрымтал іске жұмылдырып отырды.

Бірінші хатшы – жоғарыда аталған Хаджан Әбдірахманұлы Темірбаев көп жылғы партиялық жұмыста басшылыққа төсеген, көп тәжірибе шеккен, жемісті жаңалыққа сергек жігіт екен. Бәйкеннің әрбір ұсынысын колдап, алдынан кен оріс ашқан.

Ауатком тәрағасы Григорашенко да бірлесіп жұмыс істеуге қолайлы, менмендігі жоқ, мейлінше қарапайым кісі. Мінезі мен жүріс-тұрысы да қызық, ерекше. Өзі еңгезердей денелі, өскери үлгіде тігілген гимнастерка мен бурасан шалбар киіп, белін қайыс белбеумен буынып жүреді. Аяғында қара санына дейін келетін ұзын қонышты етігі, үстінде был-

ғары пальтосы болады. Қыста сыртынан қалың тұлып киеді. Сөйтеді ді, салт атпен шаруашылықтарды аралап жүреді. Жұмысқа өте тыңғылыкты.

Сол қарапайымдық пен қол ісіне төселгендігі ғой, төрагалыктан босағаннан кейін, арланбай-ақ кәсіпшілік комбинацияна барып, кәдімгі балташы ағаш шебері болып істеді.

Бәйкен Әшімұлының Айыртауда жұмыс тәжірибесінде МТС-тер жөнінде қалыптасқан көзқарасын шет жағалай жоғарыда айтқанбыз. Ол өз алдына мәселе. Бірақ қазіргі жағдайда оларсыз шаруашылықтарға күн де жоқ. Сондықтан МТС-тің колхоздарға көрсететін көмегін неғұрлым тиімді ету керек. Ол тікелей басшылардың іскерлігіне байланысты. Сондықтан МТС директорларын ірікten алуға басты назар аударылуы керек. Зерендідегі екі МТС-тің екеуінде де осындаій басшылар істейді еken. Зеренді МТС-інің директоры В. И. Горячев те, Айдаболдағы К. Ахметов те қандай ауырға салсаң да қиналмай тартатын мықтылар екенін талай танытты. Ахметов жоғарылап, басқа жұмысқа ауысқанда, орнына сол МТС-те бас агроном болып істейтін Төлеу Сүлейменов деген жас жігіт тағайындалған. Ауыл шаруашылық институтын бітіріп келген жоғары дәрежелі маман осы қызметті атқара жүріп, өзінің үлкен ұйымдастырыш, іскерлік қабілеттің көрсетті. Кейін бұл ауыл шаруашылығы саласындағы жемісті жұмыссымен ерекше көзге түсіп, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды.

Бәйкен Әшімұлы аудан шаруашылықтарының жетекшілері Жұсіпов, Прутников, Бектасов, Әлімбаев, Шахматов, Мұстафин сияқты азаматтармен де тіл табысып, қоян-қолтық жұмыс істеді. Сөйтіп соғыс кезінде күйзеліп қалған колхоздарды көтеруге ортақ үлестерін кости.

Б. Әшімовтің Зерендіде ерекше зер салып, арнайы айналысқаны жылқы шаруашылығы еді. Мұның себебі – халқымыз үшін дәстүрлі ата кесіп болуымен қатар Көкшетау сияқты денсаулық сактау аймағына қымыз өте зәру де дәру тағам екені ескерілген. Мәселен, Бурабайда өкпе ауруын қымызбен емдейтін арнаулы санаторий бар. Зерендінің өз табанында жазда көптеген демалыс орындары ашылады. Соларды қымызбен қамтамасыз етіп тұрса, шаруашылықтарға қып-қызыл пайда екені анық еді.

Бәйекен ет салығына өзірше жылқы малын өткізуді доға-ра тұрып, аудандағы қылқұйрықтың барлығын қазақ ауылдарына топтастыруды, сейтіп бұл саланы шүғыл өркенде-туді ұсынды.

– Оларға жайылатын жерді қайдан табамыз? – деушілерге де жауабы табылды: облыста мемлекеттік жер коры көп емес пе? Солардан уақытша пайдалануға жер сұрау керек.

Осы ұсынысты жүзеге асыруға Бәйкен Әшімұлы белсене араласты. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының алдына мәселе қойып, оның он шешілуіне жоғары орындарды араластырып жүріп, қыста тебіндептіп, жазда желілете-тіп жылқы бағатын жерлер сұрап алды. Бұл мәселе өткен жазда қолға алынып, күзге қарай шешімін тапқан. Сөйтіп, қыстың басында барлық шаруашылықтардың жылқы баласы кос-кос болып, тебінге айдалған.

Содан бері екі-үш ай уақыт өтті. Қақаған қыс түсті. Биыл қар да қалың жауған. Қостағы жылқылар мен жылқышылардың жағдайын біліп қайтатын мезгіл болды.

Бәйекен бұл сапарға бірге баруға ауатком тәрағасының орынбасары Хамит Жуасовты көндірген.

Бұлар ұзак жолға өзірленді. Алталап, айлап жүретін жерлер. Тебіннің арғы шеті 300-400 шақырымдай. Сондықтан бұлар қыс киімін сайлап, қоржындарын толтыра азық алып, салт атпен жүріп кетті. Беталыстары – Көксенгірсөр, Қойтас сиякты, бұл күнде елсіз иен қалған мемлекеттік кордың жерлері. Ертеде ірі байлардың мыңғырған жылқылары қысы-жазы үйездеп жайылатын кен қоныс, қан жайлau. Тепсеннің қалың шүйгініне жануарлар түк кадап, тіс басатын мезгілі осы-ау деген есеппен шыққан.

Жылқы баласының өзі төзімді болғанымен, қыскы бағымы, әрине, ауыр. Алты ай қыс күні-түні қос басында, қар төсөніп, мұз жастанып дегендей, жылқы сонында жүруге ердін ері ғана шыдайды. Арқаның қалың қарлы, боран-шашынды, үскірік аязында ақ қырау болып жүріп сыр бер-мейтін ауыл жігіттерін көргенше асырып, бұлар да суыт келеді.

Екі-үш күн жүріп, ел шетінен шыққанда тебіннің бергі бетіндегі қостардың да қарасыны көрінген. Айналаның бәрі аппак қар, сірескен күртік. Солардың ортасында, ықтасын төбелерге арқа тіреп тігілген бірен-саран киіз үйлер. Әр қос-

тың жылқышылары үйлерін оңаша тігіп, бір-бірінен аулағырақ орналасқан. Соларды аралап, бұлар тебіннің өзінде аптадан артық жүрді.

Жылқышылардың айтуына қарағанда, биылғы қыстың күн рапы тым құбылмалы көрінеді. Бір күн ашық болып, келесі күні үйіп-төгіп қар жауады да, аяғы қызыл құлақ, сары шұнақ аязға айналады. Ит-құс та көп. Және биылғы қасқырдың беті қатты. Тіпті тата-тал түсте қосқа шабатыны бар. Сондайда жылқышылардың да құдайы беріп қалады екен.

Астарында қасқыр соғуға машықтанған ылғи жүйрік, жарай аттар. Жаннан безген ашқарап қызыл көздерді жапан далада ойдан қырға қуып жүріп, қақ сойылмен қалт жібермей соғып алады. Бұлар қай қостың жігіттеріне барса да, киіз үйдің жабығында катар-катар тізілген ақ қылау, қара қылышқы бітеу терілер ұзын құйрықтары шұбаландалап, керегеден төмен қарай салбырап тұрады.

Осы сиякты шаруалардың соңында жарғақ құлағы жастыққа тимей ат үстінде жүргендеге екі жылдан астам уақыт өтіпті. Жақсы істермен аудан басшыларына жағып, жүртшылыққа танылған Бәйкен бір күні мойнынан зілдей болып басып жүрген әділетсіз жазаны есіне алды. Соны алғызатын мезгілдің болғанын ойлады. Бірінші хатшыға барып ақылдасты. Ол кісі дереу арыз беріп, мәселе көтеруіне келісім берді. Сөйтіп, өзі есепте тұратын бастауыш үйімда каралып, аупарткомның бюросында мақұлданды.

Іс қағаз обкомға жөнелтілген. Арада біраз күн өткеннен кейін обкомға шакыртылды. Барса, бірінші хатшының өзі қабылдайтын көрінеді.

Бұл кезде облыс басшылығы өзгерген. Бұрынғы әпербақан хатшылар кетіп, жана адамдар келген. Бірінші хатшы болып Мәсімхан Бейсебаев деген кісі келіпті. Әңгімеге шакырған сол кісінін өзі екен. Бұл жерде де бір мән бар болып шықты. Көп жылдар бойы әр орында басшылық қызметте болған бұл кісінің біраздан бері ойлантып жүрген бір мәселе домалақ арыз беріп жалған жалакорлық болса керек.

Қырқыншы жылдардың аяғы мен елуінші жылдардың басында, басшы орындардағы көптеген лауазым иелеріне саяси сенімсіздік туып, жаппай тексеру болған кезде, ақ ниетті адал коммунистердің талайы жалған жала мен домалақ арызының күрбаны болып кеткен.

Осыны көзбен көрген Мәсекен ең болмаса өз қол астындағы үйымдарда мұндай зақымның жолын кесу үшін шара қолдану қажет деп тауыпты да, бұрын жазаланған коммунистердің ісін қайта қарар кезде, солардың не үшін, қалай жазаланғанын қайта тексерітпі. Шыққан тегі деген желеумен жауапты партия қызметінен аласталған коммунист Б. Әшімовтың ісі сол тұста қалқып шыға келген ғой. Оның үстінен тұскен домалақ арыздың иесі анықталмаған. Көрсетілген фактілер тексерілмеген де расталмаған. Жапа шеккен адамның нақақтан күйгени көрініп тұр. Соны өз аузынан естиін деп әдейі шақыртыпты.

Жайлап сейлесе де, ойлап сөйлейтін, әр нәрсенің байыбына бару үшін ішкі мәніне үнліп, тереніне көз жіберуді машық еткен Мәсімхан Бейсебайұлы осы сияқты соракылықтардың біраз фактілері негізінде мәселе дайындал, “Домалақ арыздар мен жалған жалақорлыққа қарсы құрес шаралары туралы” қаулының жобасын әзірлеуге тапсырма берді. Б. Әшімовтің өтініші бойынша мәселе қарағанда, оның мойнындағы қатаң сөгісті алу үстіне, әлеуметтік тегі жөніндегі домалақ арыздың негіzsіз екені қосымша тексеру кезінде анықталғанын атап көрсететін тағы бір пункт қабылданды.

Сөйтіп, екі жылдан астам уақыт әділетсіз жазаны арқалап жүрген Бәйекен мойныны босап, сүттен ақ, судан таза күйінде үйіне қайтып оралған. Арада шамалы уақыт өткеннен кейін ол облыстық партия комитетіне қайыра шақырылып, облыс орталығына қызметке алынатын болды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы төрағасының орынбасарлығына тайындалды.

Біраз жылдар бойы аудан көлеміндегі басшы орындарда жауапты лауазымдар атқарып, бірсыыра тәжірибе жинақтағанымен, Бәйкен Әшімұлы облыстық деңгейдегі шаруашылық жұмысына бірден төсөліп кете қойған жок. Басқармадағы мұның тікелей шұғылданатын саласы мал шаруашылығы екен. Негізгі мамандығы егін шаруашылығы, агрономдық қызмет бола тұра, мына саланың мұн-мұқтажына да қанығуға тұра келді.

Облыста он алты аудан бар. Солардың ішінде Қызылту, Еңбекшілдер сияқты алыс аудандарда мал шаруашылығы басым. Қалғандарында аралас, ал кейбіреулерінде егін шаруашылығының үлес салмағы артығырақ көрінеді.

Сондыктан бұл екі салада да ешқандай жаңалық ашудың қажеті жоқ. Қалыптасқан арақатынасы, мөлшерлі тепе-тендігі көлемінде басты назарды саланың өнімділігін арттыру, мал түкімын асылдандыру, барлық шаруашылықтарда да жем-шөп базасын нығайту, сөйтіп, саланың ішкі өсімі арқылы тұраты турде ілгері басуын қамтамасыз ету қажет.

Осындай жалпылама ойларын басқарма бастығымен, өз қарауындағы мамандармен, облыстық партия комитетінің, облыстық атқару комитетінің тиісті қызметкерлерімен ақылдасып алу керек те, іске кірісу керек. Ал енді соларды қалай нақтылаймын, неден бастаймын деп ой толғай бастағанда, іздегенге сұраған дегендей, бір күні өз орайы келе кетті.

Бір күні ертемен үйден шығып, жаяу жұмысқа кетіп бара жатыр еді, артынан “Победа” машинасымен обкомның бірінші хатшысы Мәсімхан Бейсебаев қуып жетті. Мұны көлігіне мінгізіп алып, қызмет орнына дейін апарып салды. Алғашқы жобасында орта мектепке арнап салынған үш қабат үйде облыстық атқару комитетінің кенесесі, соның төменгі қабатында ауыл шаруашылық басқармасы орналасқан-ды.

Жолшыбай келе жатқанда Мәсекен жаңа орындағы жұмысының жайын сұрады. Бұл өзір ойланып-толғану үстінде жүргенін, неден бастап, қай бағытта өріс алатынын өзір аныктай алмай жатқанын, бірақ әйтеуір кезек күтіп тұрған мәселелер барышылық екенін айтты.

Есік алдына келіп тоқтағаннан кейін, Бәйкенді түсірді де, өзі жұмысына кетіп бара жатқан Мәсімхан Бейсебайұлы оны сәл кідіртіп:

— Түстен кейін маган келші, жұмыс жағдайын ақылдасып, әнгімелесейік, — деді. Осы ілтипатынан ол кісі өзінің жұмыс орнында отырғанда да өзгерген жоқ. Бәйкен кірген бойда жұмыс үстелінен түрегеліп, мәжіліс өткізетін ұзын үстелдің басына барып отырды да:

— Кел, Бәйкен, мына жерге қарай жақынырақ отыр, — деп қасына шакырып алды. — Көне, не ойың бар, алдымен өзің айтшы.

Бәйекен өзінің ойындағы жалпы мәселелерді қысқаша тұжырымдап айтты да, әрі қарай таратынқырап баяндады.

— Аудандардың көпшілігінде ірі қарағой. Бұл енді ерте-ден қалыптасқан, бір арнаға түскен сала екенін өзініз білесіз. Қыста қорасы жылы, жем-шөбі жеткілікті болса, жылма-

жыл өз төлінен өсіріп, өнімін молайта бергеннен басқа, онша көп бейнеті жок. Тек әйтеуір індептен аман сақтап, тұқымын асылдандыра берсе болды. Оны да науқансыз-ақ іске асыра беруге болады. Біздегі қын шаруа – қазақ аудандарындағы жылқы мен қойдың бағымы. Ерекше көніл бөліп, үнемі қам-қорлыққа алып отыратын екі аудан бар. Олар – Қызылту мен Еңбекшілдер. Өсіретін малдары – сол жылқы мен қой. Қысы-жазы жайылымда болады.

Бәйкен бұдан әрі Зеренді ауданының жылқы қосындағы өз көзімен көрген жайларды әңгімеледі. Сондай жағдай мына екі ауданда да болса керек. Соларды көріп қайткысы келетін ойы бар екенін айтты.

– Сайып келгенде, Мәсеке, – деді Б. Әшімов, әңгімесін түйіндей келе, – үйірлі жылқы мен отарлы қой біздің қазактың тұрмыс салтымыздың басты бір белгісі ғой. Бұл саланы экономиканың негізгі түріне айналдырган аудандар мен шаруашылықтар басқа облыстарда да барышылық екенін өзініз білесіз. Біз де солардан қалыспай, жыл он екі айдамал сонында жүретін адамдардың жай-күйіне жанашуырылқпен қарауымыз керек қой. Соны өз көздерімен көру үшін мемімен бірге тұтынушылар одағының, мәдениет, байланыс мекемелерінің өкілдері де барып қайтса дұрыс болар еди.

– Жарайды, осы айтқандарының бәрі орынды. Мен қолдаймын. Ал жаңағы мекемелердің басшыларына тапсырма берейін. Соларды бастап, өзің барып қайт. Келген соң көр-ген-білгенінді маған толық хабарларсын.

Айтқанындаі-ак, Бәйкен Әшімұлы бастаған топ Қызылту, Еңбекшілдер аудандарының мал отарларын аралап, ондағы малшылардың еңбек және тұрмыс жағдайларымен танысты. Көптеген шаруашылықтарда болды. Жиырма шақты күннің ішінде әр түрлі жағдайларды, тіпті бір-біріне үксамайтын керегар жәйттерді де көзбен көрді.

Мәселен, Қызылту ауданында орталықтан шалғай жатқан 3-ші ауылдық кенеске қарайтын үш шаруашылықтың үшеуінде жағдай үш түрлі. Басшылары да жөн білмейтін адамдар емес. Малшылар да жұмысқа әбден көндіккен қандай қыншылық болса да қынқ демей жүре беретін момын жандар. Бірақ соларға ең бір зәру, құнделікті тұрмысқа ең қажетті деген заттар жетіспей жатады.

Кеңшарлармен салыстырғанда, ұжымдық шаруашылықтардың халі әлдекайда төмен, қолдарында ешқандай мүмкіндіктің жоқ екенін Б. Әшімовтың тобы Еңбекшілдер ауданында тіпті айқын көріп еді. Бұлар “Восточный” атты кеңшарға келген. Бұл сонау отызынши жылдары үйімдастырылған ірі шаруашылық екен. Директоры Қаржасбас ғана деген кісі. Әбекенің өзі де бұл шаруашылықта көп жылдан бері істеп келе жатқан, істі қалай жүргізуің мөнісін жете білетін тәжірибелі басшы көрінді. Оның үстіне мүмкіндіктері де баршылық.

Біріншіден, олар мемлекеттен тікелей қаржы алады. Сондықтан жайылымдағы малшыларға ай сайын белгілі мөлшерде жалақы төлеп тұрады. Демек, олардың ас-суы, киім-кешегі, құнделікті тұрмысқа керек-жарагы сай. Баспаналары да дұрыс. Киіз үйлері бүтін, жылжымалы вагондары жылы, ішінде темір пеші бар, оған жағылатын отыны да әрқашан әзір. Орталықтағы мәдениет үйінен ауық-ауық көркем өнер-паздар үйірмесі келіп, ойын-сауық үйімдастырып, кино көрсетіп тұрады. Ал әлдекалай орталықпен шұғыл хабарласу қажет болып калса, шағын рациялары дайын.

Ал енді осы кеңшармен көршілес “Сөүле”, “Құдық-агаш” ұжымшарларында жаңағы айтылғандардың бірі жоқ. Алыс жайылымда қысы-жазы мал соңында жүретін еңбек адамдағына жалақы төлейтін басқармада қаржы болмайтыны өз алдына ғой. Одан басқа керек-жарактан да ныспы білінбейді. Орталықпен байланыс болмағандықтан, бұларға ешкім ат ізін салып хабарласпағандықтан, “анау жоқ, мынау жоқ” деп санамалап жатудың да орны жоқ сияқты.

Бірақ айында бірер катынаса да, жазғы-қыскы киім мен шай-қантын жеткізіп тұратын автодүкенін, бала-шаға мен көрі-құрттан адамдарды қарап тұратын дәрігердің келмейтінін айтпауға да, оны еш нәрсемен актауға да болмайды екен.

Тіпті өзгені былай қойғанда, қыстығұні қақаған аязда жылқы қосы мен қой отарын айнала торып, қаптап кететін қас-қырға да ешқандай дәрмен қыла алмайды. Өйткені қолдарында құрықтан басқа қару жоқ. Мылтық пен оған керекті оқ-дәрі дегенді көз көрмейді.

Осы және басқа кемшіліктер мен олқылықтарды жинақтап және оларды болдырмау үшін қолданылуы қажет ша-

раларды ойластырып алғаннан кейін Бәйкен Әшімұлы уәде бойынша бірінші хатшының қабылдауына келді. Мәсімхан Бейсебайұлы өзінің асықпайтын байсалды міnezімен бір сағаттай отырып Б. Әшімовтың әңгімесін тындалды. Соңсөн біраз ойланып отырып, баяндаушының бетіне туралап қарады да, биязы даусымен:

– Бәйкен, не істейміз енді? – деді. Бәйекеннің ойластырып келген жауабы әзір еді:

– Айтылған мәселелерге қатысы бар мекемелердің басшыларын облыстық атқару комитетіне жинап, өзініздің қатысуынызben мәжіліс өткізсе жөн болар еді. Мен жергілікті жерлердегі істің жайын баянdap, хабарлама жасайын, – деді ол.

Мәсекен бұл ұсынысты мақұлданап, кабыл етті. Айтулы күні облыстағы мал шаруашылығымен айналысатын ұжымшарлардағы жағдай туралы үлкен мәжіліс шақырылып, егежей-тегжейлі әңгіме болды. Жиналыста обкомның бірінші хатшысы сөйлеп, тиісті мекемелерге жеке-жеке тапсырмалар берді. Бұл маңызды істе қажетті тәртіп орнатылуын шегелеп талап етті. Сонынан обком мен облаткомның біріккен қаулысы қабылданып, нақты шаралар белгіленді. Солардың ішіндегі ең маңыздысы – жылқы, қой малын жыл бойы жайып бағатын колхоздардың ерекше жағдайын ескере отырып, оларға облыстың ішкі мүмкіндіктерінен ақшалай көмек көрсету, қарызға қаражат бөлу шаралары көзделді.

Сейтіп, сол жылы облыстағы жайылымды мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандар (негізінен қазақ аудандары) біrsыпра жәрдем алып, жағдайлары едәуір жаксарап қалған еді. Нәтижесінде облыс көлемінде мал шаруашылығын біршама тұрактандырып, оның ілгері басуына едәуір кепілдік туғызылды деп айтуда негіз бар еді.

Осы тұста бұқіл еліміздің өмірінде төтенше оқиға болды. Ол Сталиннің қайтыс болуы еді. Бұл оқиғаның төтенше болатын себептері көп болатын. Солардың ішінен басты бірекеуін ғана атап өтейік.

Біріншіден, Сталиннің денсаулығы нашарлады деген ешқандай сыйбыс естілмейтін және бұл жөнінде Кенес Одағының ешбір пендесіне ешқандай күдікті ой келе алмайтын.

Екіншіден, соңғы отыз жылғы өмірлері сол кісінің есімімен ғана байланысты болып, онсыз тіршілік барын естен

шығарған кеңес адамдары үшін “ұлы көсем”, “кеменгер ұстаз”, “қамқор әке” жоқ жерде не болатынын ойлаудың өзі асқан күпірлік саналар еді.

Сөйтсе, табиғат заны жеке адамдар былай тұрсын, тұтас бір державаны мекендеген халықтың тілегінен де құшті екен. Атак-данқы дүние жүзіндегі ақыл-ой иелерін бірде атағымен арбап, енді бірде айбынымен жасқаған құштінің өзі де өлімге карсы тұра алмайтын өзекті жан екен.

Сталиннің науқасы жайындағы үкімет хабары ол қайтыс болардан бір-екі күн бұрын ғана жарияланды. 1953 жылы 5 наурыз күні актық демі біткені туралы қаралы қазанама беріліп, ен жоғарғы билік орындарының халыққа арнаған үндеуі жарияланған кезде, обалы не керек, бүкіл ел күніренді. 9 наурыз күні Мәскеудін Қызыл аланында Стalinді жерлеуге арналған азалы жиынды ашып тұрып, оның артында қалған “сенімді серіктерінің” бірі Молотов өзі кемсендегенде, радио нұктесіне құлак тұрген миллиондар түгел егілді.

Халық деген қызық. Ортақ қайғыда да, жаппай қуанышта да біртұтас. Ішкі есеп, әлденені ерсілеу, әлдекімнен жатырқау деген атымен жоқ. Қосылып ән салады, бас салып көріседі. Бірақ басылmas қуаныш та, тоқтаусыз қасірет те жоқ. Өмір өз ағынымен ілгері жылжып өте береді.

Көсемнің күйігі де бірте-бірте басылған. Жоғары жақтағы мықтылардың арасында болып жатқан аударыспақ жайында еміс-еміс “ұзын құлакты” естіп қойып, олардың ара-арасындағы ресми хабарларды елең етіп қабылдаған қарапайым көпшілік күнделікті тіршілік қамына кірісken.

Елу үштің қыркүйек айында Одактағы ауыл шаруашылығын өрге бастыру шаралары туралы мәселе талқылаған СОКП Орталық Комитетінің пленумы туралы ақпараттық хабар жарияланды. Газет беттерінде сол Пленумда Орталық Комитеттің бірінші хатшысы болып сайланған Н. С. Хрушевтің баяндамасы басылды.

Ұзақ сонар баяндаманың ішінен Бәйкен Әшімұлының назар тоқтатқаны ұжымшарлардың жағдайын жақсарту бағытындағы, әсіресе соңғы жылдары оларды тұралатып келген салық ауыртпалығын жеңілдету жеңіндегі кейбір пікірлер болды. Сондай-ак МТС-тердің өздеріне жүктелген міндетті толық атқара алмай келе жатқандығы жеңіндегі сынның да жаны бар еді. Бұлар тұрасында Бәйкен көнілінде түйілген түйткілдер бұдан біраз жылдар бұрын-ак белгілі болған.

Ал беделді баяндама мен пәрменді қаулының жағдайды ондауга бағытталған шаралар жөніндегі бөлімінде үміттен төрі көнілге қаяу салған құдіктер басым сияқты көрінді. Әсіреке ауыл шаруашылығындағы шағын мекендерді тарату, қазіргі ұжымшарлар мен кеншарлардың орнына қала үлгісіндегі көп қатарлы үйлері бар, бірақ ол үйлердің төнірегінде ауыл-село тұрмысына тән белгілерден ныспы жок әредік мекендер салу туралы ұсыныстарды, сондай-ақ топырақ өңдеудің ғасырлар бойғы агротехникалық ғылым мен дикандар тәжірибессіне негізделген әдіс-тәсілдерін теріске шыгаратын идеяларды Бәйкен де, оның әріптестері де түсіне алмаған.

Қалай болған күнде де, өмірге жер жарғандай ысқырықпен келген бұл қаулының дақпырты ауыл-село жұртшылығы байыбына барып болғанша ізім-ғайым жок болып үлгерді. Оның орнына орталық жақтан жаңа бір идеялардың лебі ескендей болған. Солардың ішінде шындыққа айналғаны елімізде тың және тынайған жерлерді аса зор көлемінде игеру идеясы еді. Сонымен бірге бұл мәселенің қойылышында жебенің үшкір жағы Қазақстанға карай бағытталғаны да мәлім болған.

Бұл әңгіменің сол кездегі жұртшылық пікірінде қалыптасқан жай-жапсары мынадай еді.

1954 жылдың бас кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы толық құрамында СОКП Орталық Комитетінің Президиумына шақырылды. Республиканың ауыл шаруашылығы саласында орын алғып отырған кемшіліктер қатты сынға алынды. Соларға жол бергені үшін, оларды жою бағытында тиімді шаралар қолдана алмай отырғаны үшін Қазақстан басшылығына ауыр-ауыр кінәлар тағылды. Республикалық партия басшылығының жұмысына қанағаттанғысыз деген баға берілді.

Арада онша көп уақыт өткен жоқ. Алматыда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы шақырылды. Оған Мәскеуден СОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшелігіне кандидат П. К. Пономаренко мен жоғары дәрежелі әскери-саяси қызметтегі Л. И. Брежнев келді.

Пленумды өзі ашып, кіріспе сөз сөйлеген Пономаренко жақында Президиум мәжілісінде талқыланған мәселе бойынша республика партия үйімінің басшылығы ешқандай ко-

рытынды жасамай, шарасыздық білдіріп отыргандығы үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов және екінші хатшысы Н. И. Афонов жолдастар қызметтерінен босатылатынын хабарлады. Олардың орнына Президиумның шешімі бойынша бірінші хатшылыққа өзі, ал екінші хатшылыққа Брежнев ұсынылатынын жария етті.

Сол күндері орталық баспасөзде елімізде тың және тыңайған жерлерді игеру, соның негізінде астық өндірісін молайту туралы қаулы жарияланды.

Бұл қаулының негізгі мәнісі мынаған саяды екен: елдегі астық өндірудің көлемі ен дағдарысты нұктесіне дейін құлдырапты. Бұл шыныраудан шығу үшін егіс көлемін 30-35 миллион гектарға дейін арттыру қажет. Мұндай нәтижеге Батыс Сібірдің кейбір аудандарында тыңайған жерлерді, ал басым бөлігі – Қазақстанның иен жатқан бос жерлерін игеру арқылы ғана қол жеткізу мүмкін. Сондықтан ен шұғыл мерзім ішінде 20-25 миллион гектар тың жерлер игерілуге тиіс. Демек, бұл үшін елдің барлық мүмкіндіктерін осы шараны жүзеге асыруға жұмылдыру міндет.

Сейтіп, 1954 жылдың ерте көктемінен бастап республика-мыздың солтүстік облыстарында тың жорығы басталды.

ТЫҢ ДАСТАНЫНЫҢ ӘРҚИЛЫ ТАРАУЛАРЫ

– Ал, Бәке, дайындал үлкен науқанға, – деп күле қарсы алды Мәсімхан Байсебайұлы кабинетіне кіре берген Бәйкен Әшімұлын. – Шынында да өте үлкен науқан, үлкен жорық басталайын деп жатыр Қазақстанда. Біз соның қалың ортасында болатын түріміз бар. Сені басқарма бастығының бірінші орынбасары етіп бекітеміз. Енді сол шабуылдың ен алдыңғы шебінде өзін боласын.

Бұдан әрі Мәсекен әуелі Алматыда, сонсоң Мәскеуде болған үлкен жиындар туралы біраз әңгіме айтты.

– Қалай болғанда да бұл үлкен шаруа, Қазақстан үшін үлкен сын. Содан сүрінбей өтіп, мынау елдің елдігін, халықтың тірлігін таныту керек. Күні ертең дүрбелен басталады. Тың игеруге Одактың түкпір-түкпірінен қантап механизаторлар келе бастайды. Қөшшілігі, әрине, жастар болады.

Соларды алдымен жақсылап қарсы алу керек. Соңсaн орналастыру керек. Олар негізінде жаңа жерге қоныстанатын болады. Ондаған жаңа совхоздар ұйымдастырылады. Биылдың өзінде біздің облыста бір жарым миллион гектар шамасында жер жырту керек. Тағы басқа толып жатқан науқанды шаралар болады. Оның бәрін бюорода талқылап, нақтылаймыз. Ай-айға, әр аптаға белгіленген жоспарлы тапсырмалар болады. Мен сол шаруаларды саған алдын-ала ескеरтіп, дайын болсын деп жатырмын. Алдымен сол бірінші орынбасарлық қызметіне кіріс. Алдағы бюро мәжілісінде бекітілесін. Эр жағын өздерін қолмен атқарып, салмағын мойынмен көтерсіндер. Ал жолын болсын!

Бейкен Әшімұлы Алматыда болған өзгерістерден хабардар. Мәскеуден жарияланған қаулыны да зер салып оқып шықкан. Оның негізгі салмағы өзі сияқты ауыл шаруашылығының басы-қасында жүрген мамандарға түсетінін де сезеді. Бірақ осы орайда ә дегеннен көнілінде пайда болған бір сұрактың жауабын таппай әрі-сәрі күнде жүр.

Осыдан екі жыл ғана бұрын, партияның XIX съезінде сол кездегі СОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г. Маленковтың есепті баяндамасында дәл мынадай бір түйін бар емес пе еді: “Зерновая проблема в нашей стране решена окончательно и бесповоротно”, – деп еді ғой ол кісі.

Ал арада екі жыл өтпей жатып, дәл сол лауазымдағы Н. Хрущев былтырғы қырқүйек пленумында да, енді мына акпан-наурыз пленумында да мүлде кері пікір айтып отыр. Бұл қалай?

Жаңағы Мәсекен айтқан сөздерге орайластырып, осы ойын ортаға салғысы келіп бір түрдө да, іркіліп қалды. “Жоқ, оны қазбалап қайтеміз? Әйтеуір өзіміз атқаратын жұмыс болған соң бәрібір емес пе?” деген ойдың жетегінде кетті.

Мәсекенің айтқан сөздерінің бәрі аз күннен кейін қаулаған қалың науқан түрінде шындыққа айналған бастады. Жалғыз-ак өзгешелігі – сол науқаның басы-қасында Мәсімхан Бейсебайұлының өзі болған жоқ. Ол кісі жоғарылап, Республика Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болып кетті. Оның орнына Республикаға сол тың игерушілер катарында келген М. Г. Рогинец деген кісі сайланды. Осыған байланысты болса да немесе қызу науқан кезінде жұмыстың қауырттығынан болса да, әйтеуір аз уақыттың ішінде облыс-

тағы басшы орындардың жұмыс стилі өзгеріп сала берді. Мәсекенің мінезі қандай салмақты болса, жұмыс стилі де сондай байсалды болатын. Ол кісі шаруашылық құрылыштың небір құрделі проблемалары мен шұғыл мәселелерін шешуге сабырлы байыптылықпен, жанашыр жақындықпен, түбегейлі білгірлікпен қарайтын. Ал қазіргі алашапқын асығыстық пен алабұртқан қызулық кезінде неше түрлі үстірттік пен қателіктер де болып жатты. Бірақ әйтеуір қауырттықтың сылтауына бәрі де сыйып, кейбірулери іс үстінде түзетіліп кеткендері де болды. Науқанның аты – науқан. Және бұл жай кезекті науқан емес, кезендік мәні бар ұлы қозғалыс, жалпыға ортақ дүбірлі аттаныс түріндегі науқан болып келді.

Қазақстанның тың игерілетін солтүстік облыстарына то-лассыз тасқынмен Ресейдің орталық облыстарынан, Украина мен Белоруссиядан еріктілер тиелген арнаулы эшелондар, ауыл шаруашылық техникасы, құрастырмалы үйлер, құрылыш материалдары тізбек-тізбек пойыз керуендерімен ағылып келе бастады.

Әрбір ауданда жаңадан игерілетін тың жерлердің аумағын анықтау, оларда ұйымдастырылатын кеншарлардың орнын белгілсу, орталық мекендердің бас жоспарларын жасау, үздіксіз келіп жатқан әр түрлі жүктерді түсіріп, тиісті жерлеріне жеткізіп беру сияқты сан қылышын жұмыстар қатқабат жүргізілді.

Солардың ішіндегі ең жауаптысы – арнайы пойыз эшелондарымен келетін адамдарды салтанатты түрде қарсы алу, соңсоң оларды уақытша тұратын палаткаларға, сүйретпе вагондарға орналастыру, азық-тұлікпен, ыстық аспен қамтамасыз ету, олардың мәдениетті демалысын ұйымдастыру, т.б. Ал келіп жатқан адамдар бірлі-жарым емес, сан мындалап саналады. Және бір күндік емес, апталап, айлап созылатын тұрақты шаруа.

Жаңа кеншарлар ұйымдастыру ісі иен далада, такыр орында жүргізілді. Болашақ мекенге қазық қағылғаннан кейін-ак оларға ат қойылды. Көбінесе өздерінің келген облыстары мен қалаларының аттары қойылып жатты. Содан соң көшелері жоспарланып, тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс нысандары салына бастады. Осындай шаралардың барлығы тың игерудегі негізгі мақсатпен, басты міндетпен қат-қабат жүргізілді. Былайша айтқанда, егін көлемін арттырып, астық

өнімін арттыру ісі бір сәт те кейінге қалдырылмай, барлық шаруашылықтарда осы алғашқы көктемнің алғашқы күнінен бастап дереу жүзеге асырыла бастады. Зауыттан жіберілген жана трактор платформадан түсіріле сала, оған жолдамамен келген тынгер механизматор отыра қалып, болашак кеншардың анызына алғашқы борозданы тартқан салтанатты сәттер талай жерлерде бірінен соң бірі қайталанып жатты.

Соның нәтижесінде 1954 жылдың алғашқы көктемінде Көкшетау облысында 1 миллион 428 мың гектар тың жер жыртылды. Ауыл шаруашылық дақылдарының жалпы егіс көлемі өткен 1953 жылғы 992,8 мың гектар көлемінен асырылып, 1 миллион 262,3 мың гектарға жеткізілді. Мұның нақты нәтижесі де көп күттірген жоқ, сол жылдың күздінде-ақ кәдімгі қолға ұстатаңдай қайтарыммен Отан қоймасына қызыл асттық болып құйылды. Көкшетау облысында 995,3 мың гектар дәнді дақылдар егісінен 821,7 мың тонна өнім алынып, соның 409,1 мың тоннасы мемлекетке сатылды. Мұның ішінде 332,9 мың тоннасы бидай болатын. Бұл сияқты көлем мен қарқын бұрын түске де кірмейтін еді.

Міне осы сияқты алып жұмыстың басы-қасындағы үйимдастыруышылардың алдынғы қатарында Бәйекен жүрді. Сол кездегі қарбалас пен тұтқыл шұғылдықты дәл майдандагы шабуыл кезімен ғана салыстыруға болатын еді. Бәйкеннің есіне осыдан он шакты жыл бұрынғы Батыс Украина жерінде тегеуірінді соғыс қымылдары түседі. Жау әскерлерін дүркірете қуған шабуыл еліміздің батыс шекарасына жеткен кездегі үйкісіз түндер мен арпалыс құндердің елесі келеді көз алдына. Осы тұста әлдеқандай бір алма-кезек ұқастық нышаны да жалт береді ойында. Ол жылдары бұл украин жерін жаудан тазарту жолында шайқасып еді. Аз қазір Украина жігіттері келіп, қазақ жерін, оның ішінде мұның туған өлкесі – Көкше өнірін көгерту үшін енбек етіп жүр.

1954 жылы күрт басталған тынға шабуылдың көлемі мен қарқыны келесі екі жылда да үдете жалғастырылып, тың игеру жоспары алғашында көзделген мөлшерге жақындарап-ақ қалған-ды. Алғашқы үш жылдың ішінде бүкіл республика бойынша 19 миллион 875 мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылған болса, Көкшетау облысының диқандары екі жылда-ақ 2 миллион 356 мың гектар жер жыртып, өздеріндегі тың жерлердің негізгі бөлігін игеріп алған-ды.

Осынша мол егістіктің алғашқы қомакты жемісі де сол кезде айқын көрінген. 1956 жылы Қазақстан мемлекетке бір миллиард пүт астық өткізіп, өзінің атак-данқын бүкіл дүние жүзіне паш еткен.

Әрине, мұншалықты қысқа мерзімде ғаламдық қөлемде жүзеге асырылған ұлы істің үстінде асығыстықтан болған ағаттықтар мен саясаттағы салқын көзқарастың кейбір зардаптары да болмай қалған жоқ.

Біріншіден, тың игеру үшін Қазақстанға ағылып келген адамдардың, әсіресе жастар жағының барлығы бірдей шын мәнісінде патриоттық сезімнің жетегімен, астық молшылығын жасайық, елді көркейтейік деген оймен келе қойған жоқ. Олардың ішінде жеңіл күнкөріс, мол пайда тілеген теріс ниеттілер, тұтқындау орындарынан босап шыққан бұзакылар мен ұры-карылар да болып еді. Ондайлар алғашқы кезде әр жерде жұрт жұмыла кіріскең иғілікті істің шырқын бұзып, ши шығарып жүргенімен, көп ұзамай өз жөндерімен кетті. Қоғам иғілігі жолында адал енбек еткендердің керуен көшине ілесе алмайтындарын сезді.

Екінші бір келенсіздік орталықтан тағайындалып, нақты лауазымға жолдама алып келген кейбір өндіріс командирлесінің, яғни кеңшар директорларының “өзім – би, өзім – тес” деген меммендігі еді. Олар жанадан үйимдастырылған шаруашылықтардың бар билігі өзімізде деп түсінгендейді, жергілікті басшылық орындарымен мүлде санақысы келмеді.

Тың игерудін алғашқы кезеңінде бірде Бәйкен Әшімұлы Қызылту ауданына бара калды. Бұл – бұрыннан жақсы таныс, бір кезде бірынғай мал шаруашылығымен айналыскан қазак ауданы. Сондағы басшылары да іс басында. Бірақ жағдай бұрынғыдан өзгеріп кеткен. Тың жерлерді игеру жөнінде бұл ауданға да мол тапсырма берілген. Соған орай бірсыншыра жаңа кеңшарлар құрылып, орталықтан жаңа басшылар, көп жастар келген.

Олардың көпшілігі әлі дұрыстап орналаскан жоқ. Біразы палаткаларда, жылжымалы вагондарда тұрады. Орталық мекендегі мектептің, мәдени-түрмис, сауда орындарының құрылышы жүрмей жатыр. Тек пәленбай гектар жер жыртылды деп, соған мәз болып жүр.

Ал осындағы киын жағдайды көре тұрып, жаңа кеңшарлардың директорлары өз беттерімен қыдырып жүреді. Ешбір

сұраусыз, ескертүсіз көршілес Омбыға барады. Тіпті Мәскеукеуге немесе өздерінің келген жерлеріне кетіп қалатын да жағдайлары болды. Қыс болса, моторлы шанаға отырып алып, қасқыр атуға кетеді. Жаңағы жүрмей жатқан жұмыстармен аудандық партия комитеті және атқару комитеті шұғылда-нуға тиіс, солар жауап берсін деп есептейді.

Өзгесі өзге-ау, тіпті сырттан келген бұзақылардың бас-сыздығына да тыйым салмайды. Бір жерде шектен шыққан сорақылақ болып жатса, оны да жергілікті орындардың жұ-мысындағы кемшілікке жатқызылары келеді.

Осы жәйттердің барлығын аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жайлаубай Алакөзов Бәйкенге оңаша әң-гімде сыр қылып айтты. Өздерінің не істерге білмей дағда-рып жүргендерін де жасырмады.

Бәйкен мұндай жағдайлардың біразын басқа жерлерден де байқап жүретін. Бұл жолсыздықтарды қалай жөндеу керек деп біраз ойға салып алғаннан кейін, осы ауданға іссапармен келіп жатқан обкомның совхоздар жөніндегі хатшысы Ивановқа барды. Ол сол кездегі көп өкілдердің әдетімен аудандық комитеттің бір кабинетін алып алған да, ішіне кереует орнаттырып, ас-суымен, ыдыс-аяғымен біржола орнықкан екен. Өзі де тың игерушілер қатарында Мәскеуден келген адам. Сондыктan тың кеншарларының директорларына шан жүқтүрмайды. Ал обкомның бірінші хатшысы А. Е. Клешев оларды “тыңның маршалдары” дейді, басқаша атамайды. Ен-деше олар еркінсімегенде кайтеді?!

Ивановпен бұл жөнінде әңгіме қозғаудан нәтиже болмайтынын билетін Бәйкен басқа бір жайларды сөз қылып отырды да, аудан шаруашылықтарын екіге бөліп алып, аралап шығу жөнінде келісті. Бұл өзі “Бидайық”, “Толбухин”, “Горьковский”, “Херсонский” совхоздарына кетті. Солардағы істің жайымен егжей-тегжейлі танысты. Бұл өнірде бұрынғы ұжымшарларды біріктіріп, ірілendіру негізінде құрылған совхоздардың басшылары болып, Қазақстанда көп жылдардан бері енбек етіп келе жатқан Яворский, Моргун, Козанец, Важин, Пунда, Чжен, Беднарская тәрізді тәжірибелі шаруашылық басшылары істейтін. Соларға ауданда қалыптасқан келенсіз жағдайлар туралы айтты. Сондай жолсыздықтарды болғызбайтындаі қалыпты ахуал жасау үшін бұлардың мұрындық болулары қажет екенін түсіндірді.

Айтқандай-ақ, бір-екі күннен кейін ауданда өткізілген актив жиналысында олар тың игеру сияқты маңызды мемлекеттік жұмыс үстінде ең алдымен іскерлік ахуал, бірлік пен ынтымақ керек екенін, барлық шаралар аудандық партия, кенес орындарының басшылығымен, солардың бақылауымен жүргізуі қажет екенін баса айтты. Бұл пікірлерді обком хатшысының өзі де мақұлдауға мәжбүр болды. Сөйтіп, аудандағы ахуал біршама жөнделгенін, ашық әңгіме пайдалы болғандығын кейін аудан басшылары рақметтерімен қоса айтып жүрді.

Алайда, осы орайда айта кету керек, мәселе жекелеген шаруашылық басшыларының ауа жайылуында ғана емес. Жаңағыдай жолсыздықтардың тамыры одан тереніректе, атап айтқанда, жоғарғы орындар мен жоғары лауазымды кейбір басшылар тарапынан Қазақстан жөнінде және оның жергілікті тұрғындары жөнінде жағымсыз, үстірт көзқарастың орын алуында жатыр еди.

Алғашында өте ыссылықпен, Республиканың бұрынғы басшылығына қарсы үлкен наразылықпен басталған тың науқаны, бейне бір Қазақстанда көп жер болғаны үшін әлдекімдер кінәлі болғандай, жергілікті адамдарға бір түрлі сенімсіз, сезікті көзқарас болғаны жасырын емес-ті. Сондықтан болар, тың жорығының бастапқы жылдары, ал кейін Тың өлкесі құрылғаннан кейін де, осы іске жауапты басшылар барлық мәселені тек Мәскеу арқылы шешуге, барлық жұмысты тек солармен ғана ақылдастып, солармен ғана келісіп жүргізуге тырысты. Төменнен болатын сын, ескертпе атаулының зәредей де көрінісіне олар мейлінше төзгісіз болды.

Тың игерудің алғашқы кезінде кауырт науқаншылдық пен үстірт бұйрықшылдықтың салдарынан кей жерлерде агротехниканың іргелі ережелері сақталмай, жер жыртуудың, тұқым себу мен егін орудың технологиясы өрескел бұзылған жәйттер де болды. Аты бос жер екен деп, егін түгіл жай шөп те шықпайтын тақыр алаптар мен шакат жерлерге, орман қойнаулары мен жол жиектеріне дейін жыртып таставу фактілері орын алды. Мұның өзі малдың өрісін тарылтып, басқа бір маңызды салада қолдан қындық туғызды.

Кейбір алқаптардың қара қыртысын копара төңкеріп, күні бұрын жыртып таставағандықтан, құнарлы топырағы желге ұшып, егінге жарамсыз болып қалған жағдайлар да кездесті.

Немесе егіннің нақты шығымы ескерілмей, міндегі түрде бөлектеп жинау жөніндегі нұсқауды орындау салдарынан орақ науқанын кешіктіріп, астық ысырабына көрінеу жол берілді.

Бір тәуірі, бұл сияқты жосықсыз кемшіліктер іс үстінде түзетіліп, жұмыс тиісті жолға салынып отырды. Республикадағы ауыл шаруашылық ғалымдары мен мамандары жер қыртысын аудармай, сыйыра жыртудың тиімді әдісін ойлап тапты. Эрозияға қарсы қолданылатын құралдар жеткізіліп, анызақ желдің зардабы азайтылды. Алғашқы жылдардағы жаппай жер жыртудан кейін егіс көлемін арттыруға қажетті алқаптар жөнімен іріктең алынатын болды.

Сейтіп, республика көлемінде де, облыс шаруашылықтағында да тың игеру ісі белгілі бір арнаға түсірілді. Агротехникалық шаралар жүйесі қатаң сақталып, егіннің шығымдылығы едөуір арттырылды және біршама тұрақтандырылды.

1959 жыл келді. Тың дастанының талай беттерін көппен бірге аударысып, талай науқандарды бастаң өткерген Бәйкен Әшімұлы облыстық партия комитетінің аппаратына ауысып, ауыл шаруашылық бөлімінің менгеруші болған. Арада бірнеше ай өткенде бұдан да жоғарылап, обкомның екінші хатшылығына сайланды.

Иә, Бәйкен обкомның екінші хатшысы болды. Иә, бұл үлкен қызмет. Жоғары лауазым. Бәлкім, қарабайыр үғымдағы бағзы біреулер үшін бұл мансап та шығар. Ал жұмыс бабында өзіне тапсырылған істі адал атқару үшін барлық күш-жігерін де, ақыл-парасатын да жұмсал жүрген адам үшін бұл – ең алдымен жауапкершілік.

Өзі дербес енбек жолына түскен жиырма жыл ішінде ол әскери қызметте атқарды, ел ішіндегі азаматтық жұмыстың да әр түрінде болды. Соның барлығында да адамды ар мен абырайдан аттаптайтын бір күшті сезім болса, ол бұған осы жауапкершілік сезімі болып көрінеді де тұрады. Тіпті сонау кан майданда өмір мен өлімнің шекарасы түйісіп кеткен тәуекел үстінде жанды шүберекке түйіп жүргенде де, сенің өзге алдындағы борыш сезіміндегі өзіннің алдындағы осы жауапкершілік сезімін билеп, оны өзіне жұтып алатын сияқты көрінуші еді. Және қызмет дәрежен өсken сайын оның да молая түсетінін кайтерсін?! Қатардағы қызметкөр болсан өзің үшін ғана жауаптысын. Ал одан әрі бір-бір сатылап есе

берсен, – бөлімшен үшін, бөлімің үшін, мекемен үшін, баскарман үшін, т.б. Ал енді казір – тұтас бір облыс үшін. Рас, сенен жоғары тұрған бірінші бар, бүкіл облыс партия үйімі үшін жауапты бюро бар. Бірақ екінші хатшы басыңмен өз жауапкершілігінді басқа біреуге қалай аударасың?

Бәйкен Әшімұлы әуелі осыны ойлайды. Сол-ақ екен, ойдан ой туындал, өрістеп жөнеледі. Сонда алдымен ойға оралары – осы лауазымға бекітілер алдында әңгімелесуден өткен Алматы мен Мәскеудін бірсыныра кабинеттері. Солардағы мұны қабылдаған биік лауазым иелерінің барлығы да бір ауыздан: “Сізге үлкен сенім көрсетіледі” (немесе: “көрсетеміз”) “Вам оказывается (или “оказываем”) высокое доверие” деген сөздер айтылған. Осындағы ерекше шегелеп айттылған “сенім” (“доверие”) деген сөзден Бәйкен өрекше салмақ – салық салмағын сезгендей болған. Соны өзінше “жауапкершілік” деп қабылдаған.

Осы сөзді өзіне ең алғашқы болып айтқан кісі – бірінші хатшы Алексей Ефимович Клещев еді. Бәйкенге айдан анық бір шындық бар: мұны осы қызметке өзгеден бұрын ұсынған – сөз жоқ, Клещевтің өзі. Егер бұл кісі келісім бермесе, әрине, ешкім зорлап өткізе алmas еді. Жаңағы сөзді бұл Алматыға кетіп бара жатқанда айтқан және “жол болсын” деген осы кісі болатын. Ал бүгін обкомның пленумында сайланып келгеннен кейін, өзінің кабинетінде құттықтал тұрғанда, бұл кісі басқаша бір сөздер айтты: “Я верю тебе и на тебя полагаюсь”, – деді. “Сенемін және сүйенемін” дегені ғой.

Сонда бұған анау өзгелер бір түрлі салық салғандай қылыш айтқан салқындау: “оказываем доверие” мен мына кісінің оңашада тебіреніп тұрып айтқан: “верю и полагаюсь” деген сөзінің арасында үлкен айырма бар сияқты көрінген. Мына сөз адамның жүргегіне, арына жүгінгендей болып естілген.

Бәлкім, өзінің денсаулығының нашарлығын, сондықтан қызмет бабынан тыс басқа бір жанашыр жақындыққа мұктаждығын ескертіп, өзінің жүрген жерінде, істелген ісінде мені жоқтатпа дегең тілегін қоса білдірген ықыласы болар ма? Қалай болғанда да, ағынан жарыла айттылған мәнді сөз еді.

Жалпы, осы Клещев деген кісінің мінезінде көп ерекшеліктер бар. Қөпті көрген, тәжірибелі адам. Ұлты – белорус. Соғыс кезінде, Белоруссия жау қолында қалған жылдары партизандардың үлкен отрядын басқарған қолбасшы. Генерал-майор, Кенес Одағының Батыры. Сол кезде қалыптасқан мінезі ме екен, кім білсін, кейде жергілікті жағдайға, жеке адамдардың іс-қызметіне бір ғана өлшеммен қарайтыны бар. Өзі көп сөйлемейді, бірақ мінезі тік. Жұмыстан бір кемшілік көрсе, батыра сөйлейді.

Іссапармен ел аралап шыға қалғанда, бір нәрсеге көnlі толмаса, дереу телефон соғады: “Пәленбай ауданнан сөйлеп тұрмын, бірақ мен бұл жерден аудан көріп тұрганым жок”, – дейді. Әр жағындағысын өзін түсіне бер: бұл жерде онып тұрган бір іс жок, бәрі қирап, бүлініп жатыр, – дегені.

Сөйте тұра, кадрларға кең, кешірімшіл. Әсіресе тың игеруге келген кеңшар директорларына шаш тигізбейді. Оларды “тыңның маршалдары” деп құрметтейді. Обкомның бірінші хатшысы бола тұра, партиялық жұмысқа көзқарасы да әрқылы. Мәселен, облыстық комитеттің штаттық құрылымында ұйымдастыру-партия бөлімі мен ауыл шаруашылық бөлімін ғана мойындайды. Қалғандарын қажетсіз деп санайды. Ал енді насиҳат бөлімінің қызметкерлерін материалдық өндіріске түк қатысы жок, бос сөздін адамдары деп бағалайды.

Тегінде, жалғыз Клещев емес, тың игеру науқанының толқынымен облыска келіп қалған басқа да басшы қызметкерлер арасында көп нәрсеге бір жакты көзқарас бары әр тұста байқалып қалатын еді. Тіпті тікелей ауыл шаруашылығымен айналысатын лауазым иегерінің өздері де тек тың игеруді, астық өндіруді ғана бірінші орынға қойып, басқа салаларға мән бермейтіні анық білініп жүрді.

Осындағы қылыш-қылыш көзқарастар мен қым-қиғаш қатынастар арасынан жол тауып, жалпы жұмысқа дұрыс бағыт беріп отыру қажет екенін Бәйкен Әшімұлы жаңа басшылыққа келген алғашқы құндерінде-ақ байқаған-ды. Сондагы оның ең алдымен ойға алғаны жалпы облыс халқының, әсіресе жергілікті тұрғындардың тұрмыс жағдайы болды.

Әрине, деп ойлады Бәйекен, елге астық керек. Оған ешқандай дау жок. Бірақ орыста “не хлебом единим...” деген бір мәтел бар гой. Рухани жағын былай қойғанның өзінде, елге наннан басқа да азық керек: ет керек, сүт керек. Жай-

қалған егінмен қатар малға жайылымдық кең өріс, қалың шабындық қажет. Ана бір жылдары, Мәсімхан Бейсебайұлының тұсында, алыстағы малды аудандардың жағдайын жақсарту бағытында бірсыныра иғлікті істер қолға алышып еді. Көп үзамай, ол кісі Алматыға ауысып кетті де, артынша тың жорығы басталды. Сонымен ол жұмыс аяқсыз қалды. Және жылқы мен қой малына керекті жайылымдық көп жерлер жыртылып кетті. Олардың ендігі халі не болмақ?

Бәйекен бір сыйбыс естіген. Тың игерген бір көрші облыста қазыналық жылқы мен қой малы мүлде жойылып кетіпти. Мемлекеттік шаруашылықтарда бірде-бір қой басы қалмағандықтан, сол облыстың басшылары жоғарыдан келген сыйлы меймандарға қонақасы беру керек болғанда, соятын қойиды жекешелдерден сатып алады екен, дейді.

Мұндай үятты жағдайға ұрынбау үшін алдын алу керек. Қашаннан қазақтың құты болған жылқы мен қой малын сақтаудың барлық шараларын осы бастан ойластыруымыз керек деген ой түйеді Бәйкен Эшімұлы. Ол үшін қазак аудандарын, малы бар аралас аудандарды басқарып жүрген Тәшкенбай Қантарбаев, Баян Жанғалов, Жайлаубай Алакөзов, Кәмали Мырзакметов, Тәткен Boқанов, Ахмет Жүсіпов, Қабдолла Нұғыманов, Мәулетбай Қөрімов сияқты жолдастармен ақылдасу қажет болар-ау. Алдымен мына жұмысқа кірігіп алайық, содан кейінгі басты бір шаруа осы болар деп жоспарлайды ішінен.

Ауыл шаруашылығына тікелей жауапты обкомның екінші хатшысын қатты толғанта бастаған тағы бір үлкен мәселе – күш-куаты шамалы шағын қазақ колхоздары. Тың игеру басталғалы облыста жұз қаралы жана кеншарлар үйимдастырылды. Оларға үкімет тараپынан қажет деген қаржы тоғызғанда берілді, әлі де беріліп жатыр. Тың игерушілер топ-тобымен алғаш келген бетте-ақ оларға арналып қала үлгісінде сәнді орталық усадьбалар салынған. Әрбір жанұя үшін үлгі жобамен ағаштан, кірпіштен үйлер салынып, олардың орамжайлары абаттандырылған.

Жақын маңайдағы қазақ ауылдары соларға бөлімше дәрежесінде қосылып, тұрмыстарын біршама жақсартқан сияқты. Өйткені кеншар жұмысына тартылғандары ақшалай, заттай ақы алыш тұрады. Бірақ оның есесіне өздерінде әкімшілік билік жоқ. Жекешелер отын-су, жем-шөп, көлік, т.б.

керек-жарақ жөнінде тікелей кеңшар басшылығына тәуелді. Тілектері бірде орындалады, бірде аяқсыз қалады. Мәдениет, оқу-ағарту мәселелері мүлде жабылып қалды.

Ал алдырықтағы оңаша ауылдар әлі ұжымшар күйінде қалған, бірақ оларға мемлекеттен ешқандай қолдау, көмек көрсетілмейді. Сондықтан әлі сол баяғы күйзеліс халден шыға алмай келеді. Олардың да жағдайын ойластырып, мемлекеттік деңгейде бір онтайлы шешімін табу қажет.

Осындай бірсыныра ойларын әзір сыртқа шығармай, іштей толғанып жүргенде көктем егісі де келіп қалды. Алдымен осы науқанды дұрыстап өткізіп алу керек. Былғы жоспарлы егіс көлемі екі жарым миллион гектардан әжептеуір артыпты. Жоғарыдағы ойларының біразын осы бастан ішінана жүзеге асыра беру үшін биылғы көктемде екі нәрсені құнтара керек сияқты. Біріншіден, жайылым мен шабындықты сактау үшін енді тың жерлерді жырта беруді ірку керек. Екіншіден, сүрлемдік жүгери мен шалғындық, көпжылдық екпе шөп көлемін едәуір арттыру керек.

Бәйкен Әшімұлы осы ойын бірінші хатшыға білдіріп, соның қажеттілігіне келісіп алды да, пәлендей дабыраға айналдырмай, аудан басшыларына ауызша түсіндірді. Сонсоң нақты жоспарға енгіздіртті. Сөйтіп, көктем егісі дер кезінде, қолайлы агротехникалық мерзімде өткізілді. Мұны өзі алғашқы сәтті қадам ретінде ішке түйіп қойды.

Сонсоң мал азығын дайындау науқаны кезінде, керісінше, оның көлемі едәуір арттырылып, қыстаманың алғашқы негізін қалауға жағдай туғызылды. Жылқы мен қой жайылатын тепсек жерлер мен тау алқаптарының, ықтасын қопалы қорыстардың күйқасын қыскы маусымға арнап сактай тұру жөніндегі өз ойларын Бәйкен тиісті аудан басшыларына ауызша айттып ескертті.

Сонымен жаз ортасы болды. Алдағы орақ науқанына әзірлік мәселесі қолға алына бастағанда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Тың игеру жөніндегі бюросы неғізінде құрылып жатқан Өлкелік комитет облыстың бірінші басшыларын кеңеске шақырды. Клещев өзінің науқастанып қалғанын айттып, рұқсат сұрапты да, оның орнына Бәйкен Әшімұлы баратын болды. Бұл оның мұндай бас қосуға бірінші рет қатысуы еді. Өз кезегі келгенде, облыстың жалпы жағдайы жайында басқалар қатарлы хабарлап шықты. Содан

кейін үлкен науқан алдында беделді басшылардың аузынан соны ойлар, тұбегейлі нұсқаулар күткен. Пәлендей пәрменді уәждер естілмеді. Өлке басшылары жұрт білетін жалпылама сөздерді қайталап, жаппай ескертүлер жасады да, сонымен тынды. Тұстік мезгілінде кеңес аяқталды.

Бұлар түгел дүркіреп, тәменгі қабаттағы асханаға беттеген. Ішін жайнатып, оңаша залда дастарқан әзірлеп қойыпты. Ішімдік жағы да молырак көрінеді. Өлкелік комитеттің бірінші хатшысы Тихон Иванович Соколов тіпті көңілденіп алған. Жұртты аузына қаратса сөйлеп, салтанатты тост көтерді. Сондай рәсімді сөздер бір-екі рет қайталанғаннан кейін жұрт дуылдап ала жөнелді.

Жаңағы кеңесте айтылған сөздер, алға қойылған шұғыл міндеттер жайына қалды. Облыс басшыларының қайсысында қандай корық, қандай су айдындары, қайда қандай ан, күс, балық түрлері бар – негізгі әнгіме осы тәніректе өршіп, біреуден біреу асыра сөйлеген бәсеке жарыс жамырап жөнелді. Енді бір сәтте біреуді-біреу құшактап, шарт-шұрт сүйісу басталды. Неше түрлі тұздықты анекдоттардың да тығыны ашылды.

Бәйекен дәл мұндай жиынды бұрын көрген жоқ еді. Жиын ба, жын ба, оны да ойлап бас қатырған жоқ. Шыққан бойда келген ізімен қайтып отырды. Келісімен Клещевқа кіріп, кеңесте айтылған әңгімелерді түгел жеткізді. Сонынан болған “сабан тойды” да қалдырмай айттып берді.

– Тоже мне деятели, – дегеннен басқа сөз Клещевтің де аузына тұсken жоқ. Сәл отырып, ентігін басқаннан кейін айтқаны:

– Өзің көріп отырысың, Байкен Ашимович, мен сыркаттаңып қалдым. Тынысым тарыла береді. Біраз жатып, емделіп алайын. Сен жұмысынды істей бер. Ешкімге аландама. Мен саған сенемін, – деп ана жолы айтқан бір сөзін тағы қайталады.

Өлкедегі бастықтардан қайыр жоқ екенін бұл өзі де сезіп келген. Олардан ақыл сұрап, нұсқау күтсөн, адастырып та жіберуі мүмкін. Немесе дұрыс басқан аяғына тұсау салып, матап қоюы да ғажап емес. Сондықтан өз білгенімізше тіршілік ете берейік деп ойлаған. Мына бірінші хатшы да сол ойдың үстінен шығып отыр.

Егін орағына дейін әлі бірсыптыра уақыт бар. Шаруашылықтарда шөп шабу, егін жинауга әзірлік жұмыстары жүріп жатыр. Соларды қөзбен көріп, ел жағдайына жаңа бір биктен қарап кайтпак оймен бұл біраз аудандарды аралап кетті.

Алдымен баяғы жайылымда мал бағатын Қызылту, Еңбекшілдер аудандарына барған.

Тың игеру басталғаннан бері бұл талай мәрте барып қайтып жүр. Бірақ ондағы қам-қарекет жайы мұлде басқаша болатын. Соқа салатын жаңа жерлер іздеу, оларға тың совхоздарын қоныстандыру, жаңадан келген адамдарға баспа-на, мекен-жай салу, осы жұмыстармен байланысты тағы да толып жатқан шаруалар.

Ал бұл жолғы келісінің жосығы бөлек. Сол шаруалардың барлығы жүзеге асырылып, тынымын тапқаннан кейінгі көрініс қандай? Бұл – бір. Екінші, ең бастысы – сол кезде бірыңғай малмен айналысып, отарлап қой, үйреп жылқы өсірген ауылдардың ахуалы қандай? Бұл осы սұракқа жауап іздеп, бұдан жеті жыл бұрын, облыстың ауыл шаруашылық бөліміне келгендегі қөзбен қайта бір қарау үшін келе жатыр.

Әрине, өзгеріс көп. Жалпы алғанда жаксылық нышандары да аз емес. Бірақ малшылардың тұрмыс жағдайында онған өзгеріс шамалы. Қайта, көп ретте төмendet кеткен тәрізді. Басты өзгеріс – бұрынғы кен өріс, жалпақ жайылы жок. Жер танабы тарылған. Соңсaн адамдардың мінез-құлқы да басқаша. Бұрын не көрсе де, жандарын жалдап жүре беретін. Неге болса да төзетін. Ал қазір маңайындағы жаңадағана орнаған тың кеншарларының күрсіген тұрмысын көріп, қаралай күйінетін болыпты. Біз неге сондай емеспіз? Біздің енбегіміз үкіметке арам болып па? – деп ашына айтады. Бұған жауап айту да киын.

Бәйкен Әшімұлы көрікті тың кеншарларының ортасында күтімсіз қалған оқшау аралдай жүдеубас ауылдарды көріп налыған күйде аудан басшыларына өз басында жинақталып қалған ойларын шегелеп айтты:

– Біз быыл осындей екі-үш шетін мәселені талқыладап, же-ке-жеке қаулы қабылдармыз. Соны іске ілік қылып бетке үстаңдар да, алдымен қолда қалған жылқы мен қойды аман сақтаңдар. Шама келгенинше жонышқа егіндер, сүрлемдік жүгері мен көп жылдық шөптің көлемін көбейте беріңдер. Біз де бар мүмкіндікті сендерден аямаймыз. Ел болуды бірлесіп ойлайық, – деп аттанды.

Дәл осындай жағдайды Бәйекең өзінің туған ауданында да көрді. Ондағы қазақ ауылдары үштен-төрттен бірігіп кеңшарға айналамыз деп, өздері шешіп те қойыпты. “Сарыбұлак”, “Шолақөзек”, Молотов атындағы колхоздар “Сырымбет” кеңшары; “Егіндіағаш”, “Дауқара”, “Қарақамыс” колхоздары – “Айыртау” кеңшары болып бірікпек. Бізге осы мәселені шешіп беріндер деп, мәселені буйірінен қойып отыр.

Бәрі де қисынды. Бірақ бұл жуыр манда шешіле қоятын мәселе емес. Сондықтан оған қаратпай, өзі ойластырып жүрген мәселелерді жинақтап, бір жүйеге келтіріп, облыс көлемінде шешімге келу керек. Сөйтіп, мұдделі аудан басшыларының қолын босатып беру қажет.

Облыс орталығына қайтып оралғаннан кейін Бәйкен Эшімұлы облатком төрағасы Рохманюкпен сөйлесті.

– Дмитрий Дмитриевич, – деді ол, – мен бірсыныра шаруашылықтарда болып қайттым. Келенсіз жәйттер баршылық. Әсіресе әлеуметтік және мәдени-тұрмыс мәселелерінің жайы сын көтермейді. Тың игеру жөніндегі облыстың алдына қойылған міндеттерді шештік қой. Енді соның игілігін халыққа көрсетуіміз керек емес пе? Біз Алексей Ефимовичпен бұл жайында сөйлесіп, ортақ пікірге келдік. Енді сіз де ойланып көрсөніз. Соңсоң обком мен облаткомның кеңейтілген ортақ шешімін қабылдап, осы жөнінде ұзақ мерзімге арналған жұмыс бағдарламасын жасасақ. Соның кезектегі бөлігін осы бесжылдықтың қалған бірер жылына арнай орайластырып, күрделі нысандарын келесі бесжылдықтың басына қарай ыңғайластырғанымыз қажет болар еді.

Осыған облыстық кеңес тарапынан пайдаланылатын қаржы-қаражат жағын анықтап, тиісті жобаны өзірлеу үшін обком қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс істейтін мамандар бөлсөніз. Соңсоң осы мәселені жеделдете дайынdap, бірлескен мәжілістің талқысына салсақ. Сіз осыған қалай қарайсыз?

– Өте дұрыс, – деді төраға. – Бұл менің де ойымда жүрген мәселелер еді. Сондықтан қызу қолдаймын және оны өзірлеуге белсене ат салысамыз.

Сонымен бұл мәселе дайындалып, талқыланды. Тиісті қарап қабылданды. Бұл жердегі Бәкеннің кол жеткізгені – назардан тыс қалып жүрген қазақ ауылдарының жай-күйін жүртшылық қаперіне іліктіру, әсіресе олардағы мәдениет

ошақтары мен мектеп, оқу-ағарту жұмысын жандандыру болатын. Сол ой көптен бері бірінші рет ауызға алынып, қағаз бетіне түсірілді.

Осы мәселемен қат-қабат тағы бір жұмыс тобының әзірлеген мәселесі облыстағы деңсаулық сактау жұмысының жайы, облыстың тамаша табиғатын пайдаланып, сауықтыру орындарының жүйесін жасау болатын. Соларға қажетті қымыз өндіру ісін өркендешту үшін облыста арнаулы жылқы шаруашылықтарын үйимдастыру қажет деген баптың енгізілуі де орнына келген іс болды. Ал жылқы жүрген жерде қойға да жол ашылатыны қай қазакқа болса да мәлім. Ол кейін өздігінен-ақ өрісін таба береді.

Аталған мәселелермен қатар бұл күндері Бәйкен Әшімовтың тікелей өзі шүғылданған тағы бір шаруасы облыстың аудан, шаруашылық орталықтарына, әрбір елді мекендеріне баратын жол қатынасының жайы еді. Бұл да өте қат, өте зәру, кезек күттірмей, жедел қолға алуды қажет етіп тұрған мәселе. Оны қандай тұрде де қолға немесе ауызға алу үшін алдымен республикадағы мұдделі мекемелерге шығып, солардың ау-жайын байқап көру керек. Бәйекен дәл солай істеді. Ол автомобиль жолдары министрімен, Орталық Комитеттің транспорт және байланыс бөлімінің менгерушісімен жалғасуға шықты. Бұл екеуі де өз істерінің белсенді жаршысы және қызу жақтаушысы екенін сырттай естуші еді. Телефон арқылы болған алғашкы әңгімеге олар бірден елең етті. Екеуі де бұл мәселені барынша қолдайтынын бір ауыздан білдірді. “Алдымен өздерініз бастама көрсетініздерші. Жергілікті жерден сәл қозғау болса, біз бұл жақтан іліп әкетуге әзірміз. Егер жыл аяғына дейін осы жұмысқа өз тарапыныздан ынта білдіріп, есеп-қисаптарынызды жасап, келесі көктемнен кірісе бастасыздар, біз моральдық та, материалдық та колдау көрсетеміз. Соңсонаң сіздерді осы иғлілікті істін бастаушысы ретінде көтермелеп, республиканың өзге өнірлеріне үндеу жасаймыз”.

Осындай әңгімeden кейін Бәйекен облыстың тиісті мекемелеріне тапсырма беріп, қажетті құжаттарды әзірлеуді шүғыл шаралар тізіміне тіркетіп қойды. Демалыс аймақтары мен сауықтыру орындары жөнінде де дәл осындай бағыт үсталды. Облыстағы өнеркәсіп орындары мен өндірістік саладағы мекемелерге өз мүмкіндіктерін қарастырып, соңсонаң

тиісті қолдау көрсетеу жөнінде өздерінің салалық басшы орындарына шықсын және өздеріне қолайлы жерлерді осы бастан лайықтап аныктай берсін деген тапсырмалар берілді.

Сөйткенше болған жок, орақ науқаны да таянып қалған. Бұл кезде тың игерген аймактардағы егін өнімділігі біршама тұрақтандырылған. Биылғы шығымы да жаман емес. Бірак екі миллион жеті жүз мың гектардың астығын қыска мерзімде жинап алу, әрине, оңайға түспейді. Әсіресе қырман басындағы астықты тазартып, кептіру, сонсоң мемлекет қоймасына тасымалдап жеткізу жұмыстары көп уақыт алады. Бұған үлгеру үшін қыркүйек пен қазан айлары ашық болуы шарт. Биыл, керісінше, жауын-шашын молдау болып тұр.

Осындай қарбалас күндердің бірінде облысқа Республика Министрлер Кеңесінің төрағасы Дінмұхамет Ахметұлы Конаев келетін болды. Клещев тағы да науқастанып, көнілсіз жүр еді.

— Мейманды аэропорттан бірге қарсы алайық. Сонсоң барамын деген жағына өзің ертіп баарсын, — деген.

Айтқандай-ақ Димекенди Бәйкен Айыртау, Рузаев, Арықбалық аудандарына алып кетті. Ол кісімен алғаш рет жүзбезжүз кездесу еді. Егін орағының барысымен танысты. Жергілікті басшылармен, мамандармен, қатардағы енбеккерлермен әңгімелесті. Жұртпен сойлескендеге сыпайы кісі екен, басқалардың сөзін зейін қойып ізетпен тындаиды. Өз пікірін айтқанда, үзілді-кесілді қылып бұйыра, талап ете айтпай, ақылдасу түрінде, былай істеуге болмас па еді деген сиякты, езгеге ой сала сейлейді екен.

Жергілікті жерлерден айтылған өтініштерге де ол кісі аяқ астынан арзан уәде бере салмайды; ойластырайық, қарастырайық деп, сөздің салмағын арттыра қабылдайды. Айыртау ауданындағы қазақ ауылдарының ұжымшардан кеншарға айналдыру жөніндегі тілектерін естігендеге, ол ерекше бөгеліп қалды:

— Мұндай ұсыныстар әр жерден түсіп жатыр. Олардың бәрін қабылдап, колхоздарды біржола жауып тастау жөн болар ма екен? Мұны жалпы республика, қала берді Одақ көлемінде ойластырып шешу керек деген пікірлер бар. Тілектерінізді сол кезде ескереміз, — дегенді айтты.

Димекенниң ел аралаган кезде халықпен араласу машинына, сыпайы сөзі мен орнықты ақыл-кеңестеріне куә бола

жүріп, Бәйкен Әшімұлы тәжірибелі қайраткер басшының мұндағы қырларын да көңілге түйіп қалып еді. Облыстық партия комитетінде де ол кісі жолсапардан алған әсерлерін бірінші хатшыға жүйелеп, жинақтап айтты.

Сол кезде Димекен облыстық бірінші хатшы мен Келлер ауданының бірінші хатшысы Береза арасында телефон арқылы болған бір әнтек әңгіменің де куәсі болған.

– Береза, как идет уборка? – деп сұрады Клещев телефон түтігін алған бойда, өзіне тән белорус акцентімен дауысы карлығыңырап. Ана жакта ауа райының қолайсыздығына шағым айтылды ма, әлде басқа бір шарасыздық нышаны білдірілді ме, кім білсін, әйтеуір облыс басшысы бір сөзben тыбып тастап:

– Ну и трапка ты! – деді де, телефон түтігін тастай салды.

Димекен не қымылмен, не дыбыспен ешқандай сыр білдірмеді. Кейін Бәйкен Әшімұлы қызмет бабында кездескен сайын ол кісі партиялық екі бастықтың сол әңгімесін еске алып, шын ниетімен қарқылдап құлуші еді.

ПАРЫЗДЫҢ ӨТЕЛМЕГІ – ПАРАСАТТАН

1960 жыл келді. Өткен жылдын аяғында науқасы тым мендеп кеткен А. Е. Клещев Мәскеуге барып емделуге мәжбүр болды да, ауыр операциядан кейін белсеніп жұмыс істей алған жок. Астанаға кетіп бара жатқанда, алдында айтқан бір сөзін қайталап:

– Барлық жұмысты қолыңа ал. Басқа жаққа қарайламай, өз бетінмен істей бер, – деп еді. Сол бойынша Бәйкен Әшімұлына биыл да бірінші хатшының жұмысын атқаруға тұра келді.

Алпысыншы жыл – СОКП-нің кезектен тыс өткізілген XXI съезінде қабылданған жетіжылдық жоспардың екінші жылы. Олай болса, өткен жылдың – жетіжылдық жоспардың алғашқы жылының – қорытындыларын ой елегінен қайта бір өткізіп алғып, алдағы жылдың жоспарына жаңаша тұрғыдан көз салған теріс болмас. Әсіреле әлеуметтік сала, мәдени-тұрмыстық құрылымдар тұрғысынан. Бұл – бір.

Екіншіден, елімізде тың игеру науқанының басталғанына биыл жеті жыл толады. Егер бұдан былайғы өміріміз же-

тіжылдықпен өлшенетін болса, осы мерзім ішінде аталған салада облыс бойынша тындырылған жұмысты да қорытындылап қойғанымыз дұрыс болар. Біз қазір бұл бағыттағы партия белгілеген тапсырманы толық жүзеге асырдық деп айта аламыз фой.

Демек, біздің бұдан былайғы басты бағытымыз өнеркәсіп өндірісін жоспарлы түрде дамыта отырып, ауыл шаруашылығын ішкі өсім есебінен, яғни егіншілік пен малышылықтың мәдениетін көтере отырып, өнімділігін арттыру арқылы өркендешу болмак. Содан үнемделіп, корланған қаржы-қаражат ресурстарын әлеуметтік салаға жұмсасақ, бізге ешкім кінә арта алмас.

Бәйкен Әшімұлының жыл басында алғашқы түйген ойлары осындаған еді. Осы ойларын нақтылап таратқанда саятын арналары да айқын. Біріншіден, бұдан әрі тындан жер жыртып, егіс көлемін арттыра берудің қажеттігі жок, және ондай жер де көп емес. Сондықтан, ен алдымен агротехника ережелерін дұрыс қолданып, жер өндеу мәдениетін көтеру керек. Шығымдылығы мол, қуаңшылыққа төзімді тұқым сорттарын іріктеп, оны шаруашылықтарда жеткілікті мөлшерде корландыру қажет. Мол егісті тез сеуіп, тез арада жинап алатындағы өнімді техника құралдарымен камтамасыз етілудің маңызы да бұлардан кем емес.

Сонсоң, мал шаруашылығы саласында: мал базы табиғи мұмкіндіктер шеңберіндегі мөлшерге жеткеннен кейін, оның тұқымын асылдандыра отырып, өнімділігін шұғыл арттыру шараларын қарастырған макұл. Малды өз төлінен өсіруді мыйзамайтын ереже деп қабылдаған жөн.

Ой ағыны әлеуметтік тұрмыс мәселелеріне қарай ойысқанда, Бәйекен өткен жылы қабылданған үш қаулыны алдымен еске алады. Солардың төнірегінде биыл бірсыныра нақты іс тындыру қажеттігін іштей мазасыздана сезінеді.

Әрине, осы бағыттағы жұмыстардың қай-қайсысы да жалғыз-жарым адамның немесе азғана топтың құшімен істелмейді. Ол үшін ен әуелі бюро мүшелерін, обкомның өз аппаратын, облыстық атқару комитетінің жүйесін, кәсіподак пен жастар үйімін түгел жұмылдыру, бұл маңызды салада ынталы, тәжірибелі басшыларға сүйену қажет. Шүкіршілік, облыста ондай кадрлар бар. Тек соларды серпілтіп, мұдделі іске құлшынта білу керек. Бұл күндері өзімен ынтымақтасып

қызмет істеп жұрген облатком тәрағасы Дмитрий Рожманюк пен оның бірінші орынбасары, ауыл шаруашылығының тәжірибелі маманы Айтбай Әбішев, өз салаларын жақсы мен-герген жауапты лауазым иелері Василий Ерофеев, Александр Петров, Дмитрий Омельяненко, Сергей Иванов, Тәшкенбай Қантарбаев, Мұсіреп Есенжанов, бұдан бүрын әр түста аттары аталған аудан басшылары – қандай істе де сенімді тірек бола алатын адамдар.

Осы мәселелер төңірегінде ой толғап келіп, тиісті адамдармен алдын ала пікірлескеннен кейін Бәйкен Әшімұлы обкомның кеңейтілген мәжілісіне мәселе дайындау жөнінде тапсырма берді. Онда өткен жылғы қауыларда көрсетілген шараларды енді облыс көлемінде кеңейте толықтыруды, әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық салада облыстың жетіжилдік жоспарында белгіленген нысандарды ілгерірек жылжытуды, олардан басқа жаңадан тұргызылатын ғимараттардың қажеттілігін дәлелдеп, айыра көрсетуді ескертті. Соларға қосымша қажет болатын қаржының жергілікті көздерін, республикадан сұралатын қаржының көлемін жеке есептеп шығаруды айырықша тапсырды.

Мәселе дайын болып, талқыға тұсken мәжілістегі қорытынды сезінде Б. Әшімов кеңінен толғап, күн тәртібіндегі жәйттердің мәнін теренде аша сөйледі.

– Әлеуметтік-мәдени мәселе еріккеннің ермегі емес. Ол әлдебір астамшылықтан туған әсемпаздық та емес. Тіршілікте адамның тұрмысына соқпайтын бірде-бір қарекет жоқ. Біз мемлекетімізге берген астығымыз берен басқа да өнімдерімізді салық етпейміз. Бірақ Қекшетау облысы еліміздегі игерілген тыңың бір мықты кіндігі екені бекер ме? Ендеше сол атак-данқымызға сай қөркіміз бар ма? Мынау бас қаламыздың облыс орталығы болғанына биыл он алтыншы жыл екен. Әлі орта қол аудандық мекен дәрежесінде ғана. Үлкен қала үлгісінде бой тұзеген бірде-бір көшені көре алмайсың. Мәдениет ошақтары шартты тұрде ғана айтылады. Жанрлы театрларды былай қойғанда, жөні тұзу бір кинотеатр жоқ.

Мектеп үйлері жетіспейді. Облыста бірде-бір жоғары оқу орны әлі күнге ашылмаған. Облыс қатты тапшылық көріп отырған мұғалім кадрлары мен агроном, зоотехник сияқты мамандарды өзімізде дайындалап алудымызға болар еді ғой.

Ал енді табиғат байлығын игеріп, адам иғлігіне айналдыру жағы – біздегі көтерілмей жатқан тың. Мұндағыдан көркіті табиғат көп елдердің түсіне де кірмейтін болар. Бізде анау жоқ, мынау жоқ деп санамалай бастасақ, есебіне жете алмаспсыз. Және солардың жоқтығына ешкімді кінәламайық. Бұл сала – біздің әлі қолымыз тимеген, мұршамыз келмеген сала. Енді ғана мүмкіндік туда бастады. Сондықтан мына қаулының жобасындағы шараларды болашақтағы зор істердің бастамасы ғана деп қабылдайық та, жолын тауып іске кірісейік.

Бәйкен Әшімұлы бұдан басқа да көп нәрселерді айтты. Дәлелдей, көзді жеткізе айтты. Жиналғандар ден қоя тыңдап, әрқайсысы өзіне тиісті шаруаны көнілдеріне түйіп алып жатты.

Осының бәрін алдағы бітер істің бастамасы деп қабылдаған хатшының өзі енді сол ұлан-ғайыр жұмысты тікелей үйымдастырып, қай жағдайда да соның мұрындығы болу міндеті өзіне жүктелетінін де айқын сезінген еді.

Бәйекең бағамдап отырса, әр кезде құнделікті тіршілік тауқыметінен туған осы ойларды жиынтықтап келгенде, бұл өзі бірінен-бірі туындастынын, бірімен-бірі астасып байланысып жатқан тұтас бір шаралар жүйесі болып шығады екен. Осыларды әрі қарай әлі де діттеп, бір өзектің айналасына топтап, иін қандыра түссе, тұтас бір бағдарлама, яғни осы аймақты – мына Көкшетау облысы мен оның орталығы Көкшетау қаласын – өркендедүдің белгілі бір мерзімге арналған тұжырымдамасы, яғни концепциясы болып шықпай ма?!

Республиканың перспективалық жоспарынан бөліп алмай, оған қарсы да қоймай, содан туындастып, облысқа бөлінетін күш-мүмкіндіктерді өз қарауымызша жүйелеп, белгілі бір нысаналы мақсаттың төнірегіне шоғырлана пайдалансақ, оның аты концепция емей немене? Және оны жүзеге асырсақ, одан келер кімге қандай зиян болмақ?

“Жә, біз осылай істейміз. Көкшетау өнірін көгертудің бес жылдық, тіпті одан да арғы мерзімдерді қамтитын тұжырымды жоспарын жасаймыз да, соны жүзеге асыруға кірісеміз”.

Өлке орталығындағы кезекті мәжілістен қайтып келе жатып, асфальт жолдың данғылында жер танабын қуырып зуылдаған женіл машина ішінде жанағы бір ойлардан өзіне-өзі

шабыт алған Бәйекен қиялы өлдеқайда шарықтап кеткен. Ой жүзіндегі ол Көкше өнірінің болашағын ойлайды. Қиял қанатында самғап, соның жерін аралайды. Табиғатын тамашалайды.

Әне, көкжиектің екі жақ басын жалғастыра көлденендең созылған қарағайлы ормандары көрінді. Солардың төбесінен бұйраланған сауырын қүнге тосып, Көкшениң үлкен жотасы көрінеді. Алда ақ сәулеге малынып Абылайдың аланы жатыр. Мына жол айна көлдің шетіне тізесін батырған алып батырдай Оқжетпестің шынын он жақта қалдырып, Шабактының қайқаңына бір-ақ қарғып шықты да, бетін қалаға қарай туралап алды.

Бәйекен әлі қиял жетегінде. Тұған жердін табиғатын ой жүзінде шарлап келеді. Осы облыстың ортан белін бастырмалата, бастыстан шығысқа қарай созылып жатқан Көкшетау жоталары үзын ыргасы төрт жұз шақырымдай. Онын бірімен-бірі қатар жарысып, бірін-бірі жалғастырып жатқан тау сілемдерінің жалпақ ені жұз шақырымнан асады.

Алыстан қарағанда мұхиттың қалың толқынына жотасын көлденең тосқан алып киттің жонындағы тұтаса қарауытқан осы тау тізбегінің ішіне кірсөн, жаңағыдай сілемденіп, жанжаққа тарап жүре береді. Эрқайсысы өз алдына жеке көштей созылып, өз тіршілігін құйттеп жатады. Солардың қойын-колтығы, қолат-қалтарысы осы өнірдің халқына ежелден күттү қоныс, малына жыл он екі ай құнарлы еріс болған. Орман-тогайы мен айдын көлдері малға қыста пана, жазда сая болып, тіршіліктің қан базар мекеніне айналған.

Солардың табиғи бітім-болмысын аттарына қарап-ақ аңғаруға болады. Жер-суға ат қоюға келгенде қазекем қандай шебер. Және оған берер бағасын да қосып айтады. Көкшениң орта тұсындағы оңтүстік қанталында оңаша отау тігіп оқшау тұрған әне бір биік жотаны Жаксы Жалғызтау деп атапты. Тегі, сонымен бой таластырмак болып тыраштанған тағы бір бақталасын жақтырмай Жаман Жалғызтау деп тұқыртыпты. Сірә, қүйқасының малға оты кем болды ма, әлде теріскейден соққан өкпекке ықтасыны жетпеді ме – кім білсін. Одан әрі іркес-тіркес жарысқан Имантау мен Зеренді, Сандықтау мен екі жақтан бой көтерген қос Бұркітті, тағысын тағылар. Таулардың аңғар-алқаптарында айнадай жарқыраған күміс көлдер мен мөлдір бұлақтар, ағынды өзендер.

Солардың асу-белестерін, куыс-ұнгірлерін қуалап кеткен сүрлеу-сокпақтардан осы он бес жыл ішінде Бәйекен із тастамағаны, сірә, кемде-кем болар-ау. Қай шаруашылықтың қай ферма, қай бригадасына болса да бұл кісі күні бүгінде адаспай тура бара алады.

Іә, он бес жыл. Жаралы жауынгердің соғыстан кейін әскер қызметінен босап, елге келгенінен бері осынша уақыт өтіпті. Содан бері өмірдің қаншама өткелдерінен өтіп, қаншама белестеріне көтерілді. Мәселе мансапта емес, мәселе – сенін еліңе сінірген адад еңбегінде, туған жеріне төгілген маңдай териң мен табан ақында.

Елі мен жеріне еңбегін сініре, терін төге жүріп, Бәйекен осы он бес жыл ішінде қаншама тәжірибе шегіп, өмірден қаншама мол сабак алса, соны теория жүзінде баянды етерлік жүйелі білімін де терендете түсті. Ол өндірістен кол үзбей оқытатын Ленинградтағы Қолданбалы зоология және фитопатология институтын бітірді. Содан кейін СОКП Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебінің толық курсынан етті.

Осы мерзім арасында бұл өнірде қаншама өзгерістер болды. Таяуда Бәйкен Әшімұлы статистика басқармасынан тың дастаны басталғаннан бері ауыл шаруашылығында атқарылған жұмыстың мәліметін сұратып алды. Қазір сол цифrlарды еске түсіріп келеді. Болған өзгерістер де, қол жеткен табыстар да ғаламат. Солардың бірсыптырасы мынадай екен:

1954-1960 жылдар аралығында, жоғарыда көрсетілгендей, 2 млн. 734 мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылып, ауыл шаруашылық дақылдардың егіс көлемі 1953 жылғы 992,8 мың гектардан 3 млн. 258,7 мың гектарға жеткізіліпті. Соның ішінде дәнді дақылдар көлемі 740 мың гектардан 2 млн. 669,5 мың гектарға жеткен. Дәнді дақылдардың жалпы түсімі 1953 жылы 669,2 мың тонна болса, биыл 2 млн. 360 мың тонна шамасында жиналады деген болжам бар. Шаруашылықтардың барлық тұрлери бойынша мемлекетке 1953 жылы 291,3 мың тонна астық сатып алынса, 1960 жылы 1 млн. 400 мың тонна шамасында астық, соның ішінде 1 млн. 360 мың тоннадай бидай сатып алынбақ. Осы мерзім ішінде мал басының өнімі де бір жарым – екі есе шамасында. Жалғыз-ақ жылқы саны едәуір кеміп кеткен. Оның себептері түсінікті. Бәйкен Әшімұлының бұл олқылықтың қайткенде

де орнын толтырамыз деп құлшынуы сондықтан болса кепрек. Тыңға шабуыл басталғалы облыста жұз каралы кеншар үйымдастырылып, олардың жалпы саны қазір 130-ға жетті. Елімізге сапалы астық беруде Көкшетау көршілес Қостанай мен Ақмола облыстарынан кейінгі үшінші орынға бекініп алды.

Міне осындай табыстарға қол жеткізуде бес-алты жыл бойына жарғақ құлағы жастыққа тимей шабуылдан жүрген Бәйекенің де сінірген еңбегі аз емес. Оны бұл кісі занды түрде мактандырылған етеді. Сөйті тұрып, облыс халқының енді он бес жылдағы түрмис дәрежесі мен қоғамдық шаруашылық деңгейі қандай болады дегендеге, Бәйекен ішкен асын жерге қояды десек, асыра айтқандық емес.

Өзі ойластырган үлкен жоспар жайын қазір жатпай-түрмай қолға алып жүргені де сондықтан еді. Әсіресе соңғы кезде ол үнемі республиканың әр түрлі шаруашылық мекемелері мен басқару органдарына шығып, облыстың болашағына байланысты тілек-талаптарын өткізіп жүр.

Орталық Комитеттің пленумына, Жоғарғы Кеңестің сессиясына, тағы басқа әр түрлі кеңестер мен жиналыстарға барған сайын Ресспубликаның Мемлекеттік Жоспарлау және Жабдықтау комитеттеріне кіріп, өздерінің қойғалы, көтергелі жатқан мәселелерін алдын-ала кузап, нақты уәделер алып келеді. Мәселең, таяуда Орталық Комитеттің іс басқармасына кіріп, обком мен аукомдарға үлгі жобамен кенсе үйлерін салу жөнінде, Жоғары білім министрлігімен 1962 жылдан бастап педагогикалық институт ашу туралы нақты келісіп келді. Көп басшылар мен мамандар осы кісінің тіке-лей шақыруы бойынша әр түрлі жобалармен өздері де келіп кетіп жатыр.

Соңғы екі жылы, әсіресе осы жазда, астананың ғылыми мекемелерімен, мәдениет орындарымен, шығармашылық одактармен байланыс орнатып, олар облыс халқына қызмет көрсете бастады. Республиканың белгілі өнер, қалам қайраткерлері бір келіп кеткенде халықтың көңілі едәуір көтеріліп, серпіліп қалатынын да өз көзімен көріп жүр.

Осыдан бір-екі ай бұрын Көкшетау облысына қасында бір топ жолдастары бар Сәбит Мұқанов келіп кетті. Көптеген шығармаларына арқау болған Көкше өніріне ол кісі өзінің 60

жасқа толған мерейтойына байланысты оқырман қауыммен жүздесіп, сұхбаттасу үшін келген болатын. Сондықтан қасына ерткен қаламгер әріптері мен өнер өкілдері де ете танымал кісілер екен: Фабит Мұсірепов, Иван Шухов, Сырбай Мәуленов, әнші Жұсіпбек Елебеков, актер Нұрмұхан Жантөрин, т.б.

Сәбенің өмірі мен шығармашылық жолы туралы Жазушылар одағының солтүстік облыстардағы өкілі Жайық Бектүров қала орталығында баяндама жасады. Сол кездегі ең тәуір деген клубқа жиналған жұрт сыймай кетгі. Жоғарыда аталған қаламгерлер С. Мұқанов жайында қызықты да тағылымды әңгімелер айтты. Арасында өнер шеберлері жазушы шығармаларынан үзінділер көрсетті, әсем әндер шырқалып, тәтті қүйлер тамылжыды. Кеш сонында атақты жазушының өзі сөйлеп, жиналған жұртты естен кетпестей ләззатқа бөледі. Осындаи әдеби кештер қала мен облыстың біраз жерлерінде өткізілді.

Бәйкен Әшімұлы обком мен облатком атынан қабылдау кешін үйымдастырыды. Онда да емен-жарқын әуендерін дастаркан басында өздерінің ризашылық ықыластарын білдірді.

Сондай бір сөздің ретінде төрде Бәйекенмен қатар отырған Сәбен бұған қарай екі иығымен бірдей бұрылып:

– Бәйкен, сен осы ана жылы маған Айыртаудан келіп сәлсмдескен жігіт емеспісін?

– Иә, мен сол жігітпін, Сәке, – деп күлді Бәйекен.

– Бәсе, аэропорттан қарсы алған бойда-ақ ойлап едім, осы жігітті қайда көрдім деп. Содан бері он жыл өтті ме? Е, бәрекелді, еңбегің осылай жемісті бола берсін, шырағым.

Халық күрметіне бөлениген ағаның аузынан естілген бұл сөз Бәйкен үшін осы кездесу құндеріндегі ең үлкен сый болды.

Осы сапардағы алматылық меймандардың Бәйекеннен алған әсерлерін Жайық аксақал кейінірек жазған бір естелігінде былай деп суреттеген еді:

“Маған сол бір шағын отбасылық кештей әдемі мәслихат-дәм үстінде Бәйкен өте кішіпейіл, байсалды, үлкенді де, кішіні де өз орнында қадір тұта білетін инабатты, салмақты да салиқалы, “түсі игіден түнілме” дегендей, бет-пішіні де келісті, отырыс-тұрысы да орнықты көрінді”.

Осындай қарбалас жұмыстармен биылғы жылдың жазы да өтті. Егін жинау науқаны басталды. Тың игеру басталғаннан бергі дәнді дақылдардың ең көп көлемі осы 1960 жылдың еншісіне тиіп отыр: 2 миллион 670 мың гектарға жуық егін жинау керек. Қыруар жұмыс. Және оның тағдыры техника мен адам құшіне ғана байланысты емес. Негізгі тетік – ауа райында. Қыркүйекте құн ашық болып, біраз шаруа денделіп қалғандай еді. Қараашаның беті теріс ыңғай келіп тұр. Соңғы құндері жаңбыр тым жиілеп кетті.

Сондай бір лайсан құні өлкे жақтан телефон соғылды.

– Бұғін пойызбен Тихон Иванович сендерге барады. Күтіп алындар. Егінжайды арапап көреді. Жұмыстың барысымен танысады. Сол естерінде болсын.

Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Соколовтың арнайы вагонмен жүретіні белгілі. Бейкен Әшімұлы темір жолдағы жолдастары арқылы ол кісінің қашан келетінін анықтап біліп алды да, вокзалдан қарсы алды. Бұғін таң атқалы жаңбыр. Сондыктан үлкен бастықты қай жаққа апарарын білмей, дал болып тұрған.

– Поехали в Арықбалақский район, – деп баарар бағытты келген бастықтың өзі айтты. Вертолеті құні бұрын келіп тұр екен. Дереву соған отырып, бұлар Арықбалаққа тартты. Александр Федорович Кровяков дейтін бірінші хатшысы бар болатын, сол қарсы алды.

– Ал, не істейміз? – деп сұрады Тихон Иванович.

– Алдымен тамақтанып алайық. Бұғін менің туған құнім еді, – деді ауком хатшысы.

– Ну, тогда тронемся, – деп үлкен бастық келісе кетті. Аудан орталығында асханада мол дастарқан жаюлы тұр екен. Ауданың төрт-бес басшысы, Соколовтың қасындағы екі-уш көмекшісі бар, айналасы он шақты адам кең бөлмеге жайғасып алып, іске кірісті. Тал түсте асхана есігі іштен тарс бекітілді.

Соколов тұрып, алғашқы тосты Кровяковтың денсаулығы үшін көтерді. Соңсоң аукомның бірінші хатшысы құрметті мейманнның келгеніне өте қуанышты екенін білдіріп, сол кісінің өзі үшін ішуді ұсынды. Одан кейін отырған аудан басшыларының, үстел басындағы өзге де адамдардың денсаулығы үшін ішіп жатты.

Бір кезде Соколов дастарқан үстінде баяу кимылдап, бай-
кап ішіп отырған Әшімовке:

– Ты чего так мало пьешь? – деп бір қарап койды да, бір тәуірі, өзі қызып алғаннан кейін, өзгенің бәрін ұмытып кетті. Осындай дырдумен кешке дейін отырған қонақтар әбден мильтынан шыққан кезде ду етіп көтерілді де, сыртқа шыкты. Жанбыр басылған екен, бірак егін-жай ешкімнің есіне келген жок. Соколовтың тобы вертолетке отырып алып, облыс орталығына келді де, вагондарымен түп-тура кейін қайтты.

Осы келіс Бәйкен Әшімұлын ойландырып кетті. Қынжылтуы және бар. “Мұны қалай түсінуге болады? Шаруашылықтардағы карбалас жағдай мынау. Көктемде жерге диханың терімен бірге тәгілген егін күні кеше жайқалып тұр еді, бүгін төпелеп жауған жанбырдан кейін бастарын төмен салбыратып мұлгіп қалды. Оның жағдайын алдымен ойлайтын басшыларымыздың түрі анау. Сонда бес-алты жылдан бері тын-тын деп тыным алмаған ұлы сүргіннің жеткен жері осы болғаны ма? Қой, олай емес шығар. Бір тұста мұлт кеткен жаңылыс болар...”

Бәйкен былтыр дәл осы тұста, дәл осындай жанбырлы қүндерде келіп кеткен Димаш Ахметұлын еске алды. “Неткен керегарлық?! Арасы жер мен көктей! Жанбырдың астында жұртпен бірдей су болып жүріп, кісімен сөйлескендегі ілтипат қандай еді! Енбек адамдарының хал-жағдайын сұрандағы сыпайылық пен олардың талап-тілектеріне ықыласпейіл қандай еді?

Мәселе өзгеде емес, мейлін басшы бол, немесе, бағышыншты қосшы бол, әркімнің өз ісіне деген жауапкершілікте, ел алдындағы парызын ойлаған парасаттағой. Сенің қызмет дәрежен қаншалыкты жоғары болса, соған сай борыш сезімің болмаса, ақыл-парасатың болмаса, жұрт көзіне тұра қарауың да қын болар-ау түбі...”

Олкелік басшының осылай келіп кетуінің Бәйкен Әшімұлына тигізген бір пайдасы да болды. Ол облыстың іргесіне келіп орнап алған өлкे адамдарынан, жұмыста қосымша мазасыздық болмаса, өзге қайыр-береке аз екенін осы жолы анық түсінді. Сондықтан өз ісіне ерекше мұқият болып, бірде-бір салада мұлт жібермеуді, іркіс болдырмауды қатты қадағалады. Соның нәтижесі болар, егін жинау нау-

қаны жер қарада аяқталып, мемлекет алдындағы басты міндет орындалды. Биылғы бүкіл жұмыстың тағдырын шешетін басты сыннан облыс мұдірессіз етті.

Бұл Бәйкен Әшімұлы үшін де едәуір сын еді. Олай болатыны, облыстағы барлық жұмыстар мен неше түрлі мәселе-лердін тоғысып жататын торабы – облыстық партия комитеті болса, соның ең ауыр бөліміне келіп, бес-алты ай ғана істеген бойда, мұны екінші хатшылыққа сайдады. Ол жұмысқа төсөліп үлгермей жатып, науқасқа шалдықкан бірінші хатшының міндетін атқаруға тура келді.

Бұл кімге болса да сын еді. Бәйекен соның үлкен бір белесінен сүрінбей өтіп отыр. Бұған, әрине, іштей қанағат сезінеді. Бірақ сонымен бірге осы екі жылда жеке өмірде көнілге қатты қаяу түсірген ренішті мезеттер де болды. Со-лардың ішіндегі ең ауыры өзіне өмір бойы қарагаштай пана, жанашыр қамқоршы болған ата-анасының қайтыс болуы еді.

Өзі ес білгелі әке орнына әке болған Қабекенді – Қабдолла отағасыны бұл шын ниетімен ағатай деуші еді.

Ол мұның туған әкесін жоқтапаған шынайы қамқор тілекшісі болған еken. Енді міне, сол кісіден кейін бір жыл өткенде, осы алпысыншы жылдың күзінде, туған анасы дүние салды. Жастай жесір қалып, жок-жітік тіршіліктің талай талқысын көргенде, еш уақытта жоқ деп саспайтын, бар деп аспайтын, өзін әрдайым бір қалыпты ұстайтын сабырлы да байсалды жан болатын.

Ендігі сөзді Бәйекеннің өзіне берейік:

“Ол мені барлық қыншылықтардан аман алып қалып, өзінше дұрыс тәрбие берген әзиз анам ғана емес, өзім көрмеген әкемнің бейнесін көзіме елестетіп, рухын жеткізген қадірлі сыйласым мен сырласым еді.

Әкем ауыр науқасқа душар болып, өлім халінде жатқанда, басында жылап отырған жас жарына айтады еken:

– Жылама, неге жылайсың, сенде анау бар ғой, анау ... – деп, жөргекте жатқан мені нұскайды еken.

Анам айтқан осы әңгімені мен әрдайым мезгілсіз кеткен әке арманы деп қабылдаушы едім. Сондықтан да болар, ата-анаға деген бүкіл перзенттік сезімім өзім ес білгелі тілекшім болған анама ариналып еді. Соған орай, ол кісінің де барлық мейірі, жан-тіні үй ішінің, бала-шағасының, немерелерінің үстінде болды”.

Бәйекен үшін өсіресс қымбаты – туған анасы мен алған жарының арасындағы айнымаған татулық. Олар бірін-бірі ене мен келін емес, туған ана мен тетелес қызындай көрді. Алғашқы жылдары, тұрмыстың қоңырқай тұсында, мұғалім келіні қыс ішінде даладан тонып келген бойда киім-кешегімен жылы көрпе астында жатқан енесінің қойынына кіріп кететін кездерін Бақыт Әсетқызы күні осы уақытқа дейін елжірей еске алып отырады. Сол үшін де Бәйекен өмірлік серігіне ерекше ризалық сезіммен жүреді.

Бұлардың үш перзенті бар. Үлкендері Нәйлюфар биыл он үште. Одан кейін араларыша үш жылдан салып, үлдары Ондасын мен қыздары Рауза дүниеге келді.

Осындай құт-береке мен қуаныш ордасы болған отбасы – жанұясы да Бәйекеннің өз қолымен мәпелеп өсірген сая бағы еді. Сонау соғыстан кейінгі жылдары жааралы жауынгердің кібіртік қадамынан басталған еңбек жылдары мәуелі жеміс беріп, азамат абыройына бөлеген Көкшетаудың туған топырағында он бес жыл өмірлері өтті. Алда аяқпен алар қандай белестер, арқамен көтерер қандай жүктөр бар – сонын бәріне де бұл кісінің белі буулы, тәуекелі бекем еді.

ЖАҢА БЕЛЕСТЕР, ҚЫМБАТ ЕСІМДЕР

1961 жылдың басында Бәйекен Әшімұлы Алматыға, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне шақыртылды. Бірінші хатшы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өзі қабылдады. Жылды шыраймен қарсы алып, бірден шүйіркелі әңгімеге, сыралғы сұхбатқа жетелердей емін-еркіндік әуен туғызды. “Осыдан шыққан соң екінші хатшыға баарсың. Қарағанды облысына атқару комитетінің терағасы болып баراسын деген ұсыныс айтылар”, – деп мәселенің тоқ етерін бірден айтып алды да, одан әрі сол облыстың жағдайы туралы, республика өміріндегі осынау көмірлі аймақтың маңызы, алар орны туралы жүйелі әңгіме бастап кетті. Сөзінің сонында Димекен жасалып отырған ұсыныстан бас тартпауға кенес берді.

Ол кезде Орталық Комитеттің екінші хатшысы Н. Н. Родионов болатын. Сол кісіде болып, жаңағы ұсыныс төніретінде әңгімелскеннен кейін, ертеніне Бәйекен Мәскеуте ұшып кетті.

СОКП Орталық Комитетінің ұйымдастыру-партиялық бөлімінде Қазақстан жөніндегі арнары сектор болатын. Республиканың номенклатурадағы кадрларын қызмет бабында бір орыннан екінші орынға ауыстыру, жана лауазымға тағайындау мәселелерінің бірде-бірі сол секторға соқпай, сондайы дағы адамдардың келісімін алмай, жергілікті жерде өздігінен шешілмейтін. Бұл жолы да дәл солай болды. Эуелі нұсқаушыдан басталған әңгіме әрі қарай сектор менгерушіндегі, бөлім менгерушісінің орынбасарында жалғасты да, бөлім менгерушісі әрі Орталық Комитеттің хатшысы қызметін қоса атқаратын В. Н. Титовта аяқталды.

Бір-екі күннен кейін Орталық Комитет секретариатының мәжілісіне шақырылды. Сонда Бәйкен Әшімұлының қатысуымен, облыстық атқару комитетінің тәрағалығына ұсынылсын деген қаулы қабылданды. Бұл кісі 1961 жылы ақпанның 25-і күні Қарағандыға келді, дәл сол күні енбекшілер депутаттары облыстық кенесінің сессиясында атқару комитетінің тәрағасы болып сайланды.

Отken жазда Теміртау қаласында Кенес Одағында бұрын болып көрмеген, соғыстан кейінгі кезеңде бірлі-жарым бола қалған күннің өзінде ресми түрде жарияланбаған бір оқиға орын алған-ды. Қарағанды металлургия комбинатын салып жатқан құрылыштың жастар арасында мәдени-тұрмыстық жағдайын нашарлығына байланысты наразылық туып, оның аяғы ұйымдастқан бой көтеруге ұласқан.

Бұл оқиға Одақ қөлемінде төтенше жағдай деп бағалаңып, сол үшін облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Исаев және басқа бірсыныра басшы қызметкерлер орындарынан алынған.

Кейін “Теміртау оқиғасы” деп аталып кеткен осы әңгіменің ізі әлі суи қоймаған кез еді. Сондықтан облыстағы ахуал әлі ауыр, әуені тымырсық, басыр күйде екен.

Сырттан келген Бәйекене жағдайын дәл осылай болып қалыптасқаны үшін обкомның жаңа басшылары: бірінші хатшы М. Соломенцев пен екінші хатшы Н. Банниковтың өздері кінәлі сияқты болып көрінді. Бұлар Теміртау оқиғасынан кейін Мәскеудің Қарағандыға әдейілеп жіберген адамдары еді. Сондықтан болса керек, олар жергілікті қызметкерлерге бір түрлі сенімсіздікпен қарап, істін мән-жайы сез болғанда, көбінесе соның көленкелі жағын ғана көруге бейім

болған. Және бір оғаш жері, ол жайында республиканы орағытып өтіп, тұра СОКП Орталық Комитетінің өзіне шығып отырған.

Бәйкен Әшімұлы Қарағанды облысына басшылық жұмысқа жіберілгенін, әрине, өзіне көрсетілген үлкен сенім және құрмет деп қабылдады. Өйткені, Қарағанды облысы – барша жұртшылыққа мәлім, Қазақстанның сол кездегі ірі индустриялық, ғылыми және мәдени орталығы. Мұнда бүкілодактық мәні бар бірегей көмір бассейні, жоғары дәрежеде дамыған металлургия, химия, машина жасау, женіл және тамақ өнеркәсібі, аса қуатты энергетика және құрылым базасы, ғылым, білім және мәдениет мекемелерінің кен жүйесі шоғырландырылған.

Ол өз алдына, сонсон, бұл облыста кейінгі кездері екі рет бөлініп, өз алдына дербес облыс болған, ал қазіргі кезде қайта қосылған Жезқазған-Балқаш экономикалық аймағына қарасты, дүниежүзілік көлемде әйгілі болған тұсті металлургия алыптары және соларға қызмет ететін, солардың төнірергінде өсіп дамыған өнеркәсіп орталықтары бар.

Бәйекен облысқа келгеннен кейінгі алғашқы қадамын ірі ірі өнеркәсіп орындары мен құрылымы нысандарына барудан бастады. Мұның өзі өндірістік ұжымдардағы енбек пен тұрмыс жағдайларын көзben көріп танысуына, олардағы басшы кадрлармен арада іскерлік байланыстар қалыптасуына жол ашатын еді.

Бірінші кезекте ол Қарағандының ең ірі шахталарының бірі “Первая вертикальная” деп аталатын қәсіпорынға барды. Қасына “Қарағандыкөмір” комбинаты бастығының орынбасары, республиканың сол тұстағы белгілі өндіріс командирі Файзolla Серғазинді, “Октябрькөмір” тресінің басқарушысы Дмитрий Обуховты, Октябрь аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жұмаш Әубекіровті ертіп барды. Сонсоң осы тәртіппен Қарағанды, Соран, Абай және Шахтинск қалаларының бірқатар шахталарына түсіп қайтты.

Сол сапарларда оның жер астындағы кен қабаттарын қуалай үнгіп, құлата копарып жатқан кеншілермен тікелей іс үстінде дидарласуына мүмкіндігі болды. Олардың енбек және тұрмыс жағдайымен жақынырақ таныса келе, арадағы тікелей жүзбе-жүз таныс-білістігі қалыптасты.

Жалғыз Қарағанды емес, одан алыс-жақын қашықтықта жаткан Теміртау, Балқаш, Жезказған, Қаражал, Ақшатау сиякты өнеркәсіп орталықтарына баруды да ол жиілете түсті. Эрине, ондай сапарларда тек кәсіпорындардың өндірістік өмірімен шектеліп қалмай, облыс қалаларындағы мәдениет, білім, тұрмыс және сауда мекемелерінің жұмысымен де жақынырақ танысуға тұра келіп жүрді.

Сол жылдары Қарағанды облысында күрделі құрылым кен қанат жайған-ды. Тұрғын үйлер, мектептер, жоғары оқу орындары, мәдениет, тұрмыс және сауда ғимараттary көптеп салынып жатты. Ескі үйлердегі, ертеде салынған барактардағы, көмір кендерінің үстінде орналасқан пәтерлердегі шахтерлердің үй-іштерін жаңадан салынған сәнді-сәулетті, жақсы-жайлы мекендерге ауыстыру ісі мықтап қолға алынған-ды.

Осы мақсатқа арнап облыс орталығының онтүстік-шығыс жағынан жаңа тұрғын үй ауданы игеріле бастаған. Сол ауданға қажетті байланыс, жылу, су жүйелері тартылды. Майдықтан ірі жылу-электр орталығын салу ісі қолға алынған.

Облыс орталығынан басқа қалалар ірі-ірі комбинаттардың, кәсіпорындардың балансында болатын. Сондыктan оларда құрылым жүргізу, ішін көркейтіп абаттандыру, тағы басқа қала шаруашылығының қам-қарекетін облыстық атқару комитетіне “Қарағандыкөмір” комбинатының, халық шаруашылығы кенесінің басшыларымен бірлесіп шешуге тұра келетін.

Осы орайда айта кету керек, ол кезде Қарағандыда көптең іскер де тәжірибелі өндіріс басшылары болды. Солардың ішінде Б. Братченко, Е. Рожченко, П. Трухин сынды, есімдері республика былай тұрсын, тіпті Одак көлемінде мәшіүр болған нағыз өндіріс қолбасшылары болатын. Көмір бассейні мен халық шаруашылығы кенесін осы кісілер басқарды. Жезказған комбинатына В. Гурьба, Балқаш комбинатына П. Матюшин, Қарметкомбинатқа В. Куликов, “Қазметаллургқұрылым” тресіне кейін Қазақстан Компартиясының екінші хатшысына дейін көтерілген А. Коркин басшылық етті.

Партия және кенес органдарының басшылығында: Қарағандыда М. Жарков, В. Саламатов, Қ. Қонақбаев; Теміртауда – Л. Катков пен Ермоленко; Балқашта – В. Мишурев, Н. Гу-

ляев және Г. Руденко; Жезқазғанда – Н. Давыдов пен Ж. Жасасов болды.

Облыстық атқару комитеті солармен және басқа да қалалардың басшыларымен бірлесе отырып, өнеркәсіп орталықтарының сан салалы міндеттерін, құрылымы, тасымал, қалалық шаруашылық және мәдени-тұрмыстық қызмет мәселелерін мезгілінде шешіп отыруға тырысты. Жезқазғаннан бөлінген Никольск қаласына академик К. И. Сәтбаевтың есімі берілді. Құрылымы да, коммуналдық шауашылығы да артта қалған осы қаланың тезірек бой көтеріп кетуіне ерекше қамқорлық жасау қажет болды. Жедел қарқынмен көп қабатты тұрғын үйлер салу, мектептер мен мәдениет мекемелерін тұрғызу, қала халқының тұрмыстық қажетіне жағдайлар туғызу, қаланы абаттандырып, сәулетін келтіру міндеттері алға қойылды. Бәйкен Эшімұлы мәртебелі қызметтің алғашкы құндерінен бастап осы сияқты ұлан-ғайыр жұмыстардың үнемі басы-қасында болды, өзінің іскерлік ақыл-кеңесімен солардың ойдағыдан ілгері дамуына иғі ықпалын тигізді.

* * *

Осындай бір ырғакты, жемісті жұмыстың барысында, жана келген тәраға жұмыстың ішкі мәніне тереңірек үніліп, мудделілікпен қызмет істей бастағанда, бүкіл еліміздің өмірінде калыптасқан тәртіпке күрт өзгеріс енгізген бір жағдай болды. Сол кездегі ел билігін өз қолында ұстап тұрған Н. Хрушевтың кезекті бір реформашылдық әуесқойлығы салдарынан ел басқарып отырған Коммунистік партия өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының ыңғайына қарай екіге бөлінді де, қала мен ауыл-селоның ара жігі ашылып, ажырап кетті.

Рас, олардың арасында ашық араздық қатынас болған жоқ. Бірақ әрқайсысы өздерінің ықпал ету аймағында тек өз бағыттарын ғана жүргізді. Бұл әрекет әріптестерінің мақсат-мұдделеріне кайшы келіп жатқан жоқ па, ол жағын мүлде ескермейтін болды.

Абыройға қарай, Бәйкен Эшімұлы өз қарамағындағы адамдарды мұндай қызбалыктан аулақ ұстauға тырысты. Қала халқының тіршілік жағдайына байланысты мәселелердің бірде-бірін баса-көктеп өтуге жол берmedі.

Шынында да, бір аймақтың халқын алалап, қалайша жол сыйзыққа баруға болатын еді? Караганды облысында ха-

лықтың 80 проценті қалада тұрады екен. Ендеше оларды азық-түлікпен, ауыл шаруашылығының тағы басқа өнімдерімен қамтамасыз етуден осы облыстың жерінде отырып қалайша сыртқары қалуға болады? Б. Әшімов осы облысқа атком тәрағасы болып келген бетте-ақ мұны өзінің басты міндеті деп түсінген. Сондықтан, ажырамақ былай тұрсын, өнеркәсіп еңбеккерлерінің тұрмыстық қажетінен теріс айналмақ былай тұрсын, кайта, облыстық атқару комитетінің, сонсоң селолық облыс партия үйымының, аудандық кенесстердің, шаруашылық орындарының күш-жігерін азық-тұлік өнімдерін арттыра өндіруге бағыттауды Бәйекен өз жұмысының өзекті буыны деп санаған.

Осы ретпен алпысынышы жылдардың бас кезінде қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының төнірегінде кеншарларды белгілі бір шаруашылық саласына мамандандыру, атап айтканда, оларды көкөніс, ет-сүт өндірумен, құс өсірумен айналысадын етіп арнайы өндіріске бейімдеу бағыты берік ұсталды. Және осы бағытта айтартлықтай жұмыс тындырылып, оның игілігін қала халқы көріп жатты.

Бәйекен Әшімұлы басқарған селолық партия үйымы бұл жылдары ауыл-село тұрғындарының төл мәселелерімен де зер сала шұғылданды. Айтalyқ, ауыл шаруашылығының кеzekті маусымдарын мұлтіксіз өткізу, ауылды жерлердегі өндіріс нысандарын салу, еңбек процестерін механикаландырып, техника құралдарымен қамтамасыз ету шаралары басты назарда болды. Егіншілік мәдениетін көтеру, агротехникалық шараларды толымды түрде қолдана отырып, барлық дақылдардың шығымдылығын арттыру, мал шаруашылығының жем-шөптік базасын нығайту, ол үшін сүрлемдік жүгери, біржылдық және көпжылдық шөп егісінің көлемін кеңейту мәселелеріне жергілікті басқару орындарының күш-жігері үдайы жұмылдырылып отырды.

Бір тәуірі, облыстың өндірістік күш-куатын, оның адам және материалдық мол мүмкіндіктерін қала мен ауыл деп кисынсыз бөліп-жару тәртібі көпке барған жок. 1964 жылдың күзінде болған белгілі өзгерістерден кейін көп ұзамай барлық жағдай қайтадан баяғы қалпына келтірілді. Бәйекен Әшімұлы өзінің бұрынғы облыстық кенес атқару комитетіндегі тәрағалық қызметіне қайта сайланды. Сөйтіп барлық жұмыс өзінің бұрынғы арнасына түсіп, бір ыргақпен өз байнда ілгері қарай дами берді.

Бұл жылдары Ертіс-Қарағанды каналын тартып, іске қосу жұмыстары жүзеге асырылғаны мәлім. Соның нәтижесінде Қарағанды-Теміртау өнеркәсіп торабын сумен қамтамасыз ету проблемасы шешілді. Сонымен қатар каналдың екі жақ өнірінен көптеген жерлерді суаруға, суландыруға мүмкіндік туды. Сол аймақтардан картоп, кекөніс, сүт өндіретін жана шаруашылықтар үйімдастырылды.

Табиғи ылғалы тапшы Жезқазған төңірегінде Жезді бөгөні салынyp, сол аймақтағы өнеркәсіп орталықтарын азықтұлікпен тұрақты тұрде қамтамасыз ететін суармалы шаруашылықтар құрылды.

Осы бағыттағы игілікті істерді жинақтап, нақтылап айтар болсак, бұрынғысы бар, жаңадан құрылғаны бар, “Қарағанды”, Ленин, Ильич, Свердов атындағы, “Бидайық”, “Бұрма”, “Красная поляна” сияқты кеншарлар, Тельман, Ульянов, Жаңаарқа, Шет, Нұра, т.б. аудандардың мамандандырылған шаруашылықтары осы жылдары облыс халқын сұтпен, картоппен, кекөніспен тұрақты тұрде қамтамасыз етудің негізгі базасына айналды.

Ауыл шаруашылығын өрге бастыруда, әлбетте, маңайдағы өнеркәсіп және құрылыш үйімдарының көрсететін қамқоршылық көмегінің маңызы өте зор. Бірақ сол тұстағы облыстың селолық аудандары басқаларға иек арта бермей, өз мұқтаждарын өздері өтеу жөнінде де зор ынта-жігер білдіріп жүрді. Облыстық атқару комитетінің бұл бағыттағы үйімдастырушылық, бастамашылық үлгі-өнегесі тиісті нәтижесін беріп жатты. Ең бастысы, кеңес органдарын басқаларға тәуелсіз етпеу жағы ылғи ескеріліп отыратын.

Мәселен, өзгені айтпағанның өзінде, облыс шенберіндегі бюджетті ойдағыдай орындаудың, белгіленген жоспарлы шараларды мезгілінде қаржыландырып отырудың бұл істе маңызы өте зор. Ол үшін қаржы жүйесіндегі қызметкерлер өз жұмыстарын мүлтіксіз үйімдастырып, әсіресе бюджеттің кіріс белгін толығымен қамтамасыз етіп отыруы шарт. Соның нәтижесінде мұнда әр түрлі төтенше жағдайға арналған белгілі бір бос қаржы қоры жинақталып отыратын да, әлеуметтік-тұрмыс жүйесінде кезектен тыс ділгер қажеттерді өтеуге ылғи мүмкіндік табылып отыратын.

Осындағы ойламаған киындықтардан жол тауып, жағдайды дұрыстап жіберуге қабілетті іскер адамдармен қызметтес

булудың өзі бір ғанибет болса, сондай қызметкерлерді ірік-теп алып, өз маңайына топтастыра білу де басшыға қажетті қасиет екеніне Бәйкен Әшімов іс жүзінде талай көз жеткізіп жүрді. Сондықтан да ол облыстық атқару комитетіндегі өзінің жақын әріптестеріне, ауыл шаруашылық өндірісімен шұғылданатын Я. Пазенко, күрделі құрылым, коммуналдық шаруашылық және сауда, қоғамдық тамақтандыру жөне тұрмыстық қызмет жағына жауапты Т. Аханов сынды орынбасарларына дән риза еді.

Риза болатыны, бұл және осы сияқты басқа да бірсызыра жолдастар бұл жылдары әрдайым бір майданның жауынгерлері сияқты, қандай керегар жағдайда жүргенде де, ылғи бір мұдде, бір мақсат төңірегінде қызмет етті де, бәріне ортақ ынтымақ, бірліктен айнаған жоқ. Бүкіл басқару орындары қала болып, село болып екіге жарылып кеткен кезде, бұлар ылғи да қол ұстаса, иық тіресс, баррикаданың бір жағында жүрді. “Япыр-ай, осы “баррикада” деген сез ауызға қайdan түсіп кетті, ойфа қай жақтан келіп оралды? Біз бір қоғамда, бір әлеуметтік құрылышта, бір партияның құрамында жүріп, баррикаданың екі жағында, яғни майдан шебінің екі бетінде жүрдік пе? Шынында қалай болғаны сонда?”

Бәйкен Әшімұлының бұл облыста қызмет істегеніне жеті жылдың жузі болып қалды. Соның алғашқы екі жылы мен соңғы екі жылы бір жағдайда – кенес органдарының басшылығында өтсе, ортадағы үш жылы сырт қарағанда сол бір орында, бір құқық аумағында, бір дәрежеде сияқты көрінгенімен, нақты іс жузіне келгенде, билік жүйесін екіге бөліп тастап, бұрынғы тұтас бір қоғамда екі ұдай алалық туғызғандай жағдай болды.

“Ал егер шынында да сондай бір алалық туған болса, қай жерден ши шығардық? Иә, турасын айтқанда, қала мен селоны, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын, жұмысшылар мен шаруаны екіге бөліп жіберіппіз фой. Сонда біздің Кенес одағында тапсыз қоғам орнады, қала мен село арасындағы айырмашылық жойылып келеді деген насиҳатымыз қайда қалды?”

Бұл – үлкен бір сұрақ. Соңсоңғы бізде көлегейленіп келген тағы бір мәселе – қоғамдағы кенес органдарының орыны. Мемлекетіміз Кенес одағы, үкіметіміз – Кенес үкіметі

аталғанымен, шынайы билік тұтқасы соның қолында ма? Жок. Кеңестер қайда болса да, ылғи екінші дәрежелі жұмыспен шұғылданады. Мәдени-ағарту, сауда-саттық, кара-пайым тұрмыс, коммуналдық шаруашылық, тағысын тағылар. Соның өзінде де партия орындарының бақылауында, солардың жетегінде. Кешегі Хрушев реформасынан кейін, қала мен село, жұмысшы мен шаруа екі жүйеге бөлініп кеткен кезде, олардың арасындағы айырмашылық, егер философия тілімен айтатын болсақ, қайшылық қүшейіп кетуге бет алған жок па?

Қазір өз сабасына қайта түскен кезде, Бәйкен Әшімұлы осы жайларды ойлайды.

Жарайды, өндіріс саласын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы деп шартты тұрде екіге бөлуге болады еken дейік. Ал бір халықтың ортақ рухани өмірін, мәдениетін, ғылым-білімін қалай екі жаруға болады? Бәйекен сол алалау кеziңдегі мынадай бір сорақылықты қынжыла еске алады. 1964 жылдың күзінде осы облыста халықтың сүйікті перзенті, атақты жазушы Сәкен Сейфуллиннің 70 жылдық мерейтойы өткізілді. Сталиндік құғын-сүргіннен кейін халқына қайтып оралған осы ұлы адамды еске түсіруге облыс жұртшылығы үлкен ынтамен әзірленген-ді. Ал соны нақты ұйымдастыру ісі қалай болды?

Айтуға ұят! Облыс орталығындағы алғашқы салтанатқа селолық обком жүйесі, басшыларымен қоса, қатыстырылмады. Алматыдан келген құрметті қонақтарды олар тек селолық аудандарға барғандағанда қарсы алуға тиіс болды. Бірақ олар жолдан жығылған жок.

Мерейтойға Қазақстанның барлық облыстарынан арнайы меймандар шақырылған. Алматыдан Жазушылар одағының делегациясын Сәбит Мұқанов бастап, құрамында Сәкеннің бәйбішесі Гүлбарам, інісі Мәжит, жазушылар Қажым Жұмалиев, Сәйділ Талжанов, Сейтжан Омаров, Тұрсынбек Кәкішев, Ақмола Совдепінің алғашқы төрағасы Захар Катченко, бір кездегі Сәкеннің серігі Сүйіндік батыр, өзге де көптеген адамдар келді.

Селолық облыстың басшылары мерейтой шаралары Сәкеннің туған елі Жанаарқа, Нұра аудандарының жеріне ауысқандағандаған билікті өз қолдарына алды. Атасудың аудан орталығына қараган бетінде ашық далада киіз үйлердөн ап-

пақ ақ шаңқан ауыл орнады. Иманақ тауының етегіне аттылы-жаяу халық лық толды. Сөйтіп осы өнірде баяғыдан бері ұмытылып кеткен ұлан-асыр той болды. Жиналған жүрт ат жарыс, балуан күрес, қыз қуу, теңге алу сияқты ұлт ойындарын көріп, қызыққа кенелді. Осындай игілікті істі үйымдастыруға Бәйкен Әшімұлының әсер-ықпапты мол болғанын ауыл-село жүртшылығы көзбен көріп еді?

Жаңаарқадағы той тарқар кезде сырттан келген қонақтар Нұраға карай шеру тартқан. Сол кезде жүрттан бұрынырақ кеткен селолық облыстың екі басшысы Б. Әшімов пен Я. Пазенко С. Мұқанов бастаған жазушылар делегациясын екі ауданның шекарасы – Есенгелді өзенінің құйылысында тосып алған. Сол беттерімен бұл екі басшы тұннің бір уакытына дейін сыйлы қонақтардың касында болды.

Олар қалаға жүрер алдында Сәбен Бәйкенге мынадай тілек білдіріп еді:

– Бәйкен қарағым, біз ертең осы жерден Целиноградқа жүреміз. Ақмола Сәкеннің рухани отаны фой. Соған жалаулатып барайық, мына қара арғымағынды тастанап кет маған, – деген.

Сірә, Сәбен Тың өлкесінің сырттан келген бейтаныс басшыларына көз қылайын деген болуы кеек. Соны бірден сезген Бәйкен Әшімұлы астындағы жалтыраған қара “Волгасын” Сәбене қалдырып, өзі облатком тәрағасы Пазенконың көлігіне мінгесіп кетті. Жазушы кауым мұны да Бәйекеннің жөн білетін кішіпейілдігіне балап, риза болысқан.

Осы тұста атап айту керек, Бәйкен Әшімұлы Қарағандыда жұмыс істеген жылдары Мәскеуден келген одактық дәрежедегі талай басшыларды, тіпті шетелдік ресми адамдарды, өзіміздің республиканын не бір атақты зиялышарын қабылдап, солардың әрқайсысымен өз дәрежесінде әңгіме-сұхбат құрып, тиісінше ілтипат көрсету кезінде өзінің де кісіліктілік, біліктілік деңгейінен, сыпайылық, кішіпейілділік көрсетудің жөн-жоралғысынан жаңылған емес.

Сондай бір оқиғаны қарағандылық жазушы Жайық Бектұров ақсақал өз естелігінде былай деп жазады:

Күз айы еді. Ақмоладан Ғабит Мұсірепов үйге телефон сокты. “Ертең Қарағандыға келемін, конак үйден орын алып кой. Дәл қашан келетінім белгісіз, өйткені Целиноград жігіттері мені Қарағандыға машинамен шығарып салмак”, – деді.

Мен Фабене үйден қонақасы беруге ыңғайландым. Демалыс күні еді. Қолың қыска, жаяу адамбыз. Бірлі-жарым орта қолды басшыларға телефон соқтым, көмек болмады. Жаяулап базар бардық, бірақ лайықты ас-су табылмады. Сонсон, ренжи қоймас деп, Бәйкен мырзага телефон соқтым.

– Көмектессеніз қайтеді? Бүгін Целиноградтан Фабит ағамыз келетін еді. Үйден бір дәм татқызсам деп едім, – деп етініш айттым.

– Жарайды, қазір облаткомдағы Ә. Омаров сізге хабарласады, – деді. Ілеңде Омаров телефон соқты.

– Біздің ана “Чайка” демалыс үйіндегі пәлендей әйелге барыңыз, содан керегінізді аласыз, – деді. Куандым. Енді дәндейін дегендей, Бәйкенге қайта телефон соғып, жаяулығымды айттым.

– Қазір машина жібертейін, – деп, өзі мініп жүрген кара “Волгасын” жіберді. Әйеліміз екеуіміз шауып барып, өзіміздің тыын-тебенімізге қажетті ас-сұымызды алдық. Құстың сүтінен өзгенің бәрі бар, жарыдық та қалдық. Енді тіпті дәніктім.

– Бәйкен Әшімович, жақсылық істесеніз, аягына дейін болса қайтеді? Фабенді Теміртаудың әр жақ, бер жағынан жолда қарсы алуға машинасызды берсөніз бола ма? – дедім. Бәйкен сөзге келмestен:

– Жарайды, онда мен өзім де ол кісінің алдынан шығайын, – деп, мені қасына ертіп, мектепте оқытын бір баласын алып, Теміртау жаққа шықты. Осы екі арадағы Итжон қырқасында көп тостық...

Інірде Фабен біздікіне келмек. Бәйкен мырза оған дейін “Шахтер” стадионында басқа жақтан келген бір футболшылардың ойынын көрмек, маған машина жібермек. Сонсон өзі де біздің үйге келіп, Фабит ағасының қасында болмақ. Айтқандай-ақ, түннің біраз уағына дейін Фабенің қасында болды. Есік көзінде машинасы да күтіп тұрды. Бауы ұзын телефонмен Фабенді Алматымен қайта-қайта сөйлестіріп, ағасына інілік, кішілік ілтипат көрсетумен болды”.

Өзіне ерекше өсер етіп, еш уақытта ұмытылмастай болып есте қалған қымбат есімдер, солармен арада болған тағылымды сөздер, жүрек толқытар қымбат сәттер туралы әңгіме козғағанда, Бәйекен тағдырының өзіне тарту еткен сыйындағы еске алып жүретін мына бір кездесуді тебіреніп әңгімелер еді:

“1962 жылы ақпан айының соңғы бір күндерінде Қарағандыға республика Фылым академиясының президенті академик Сәтбаев келді. Облыстық атқару комитетінің төрағасы болып істейтін кезім. Бірнеше күн бойы сол кісіге еріп жүріп, облыстың біраз жерлерінде бірге болдық. Ол кісі КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына бізден кандидат болып ұсынылған. Сондықтан біздің бұл сапарымыз негізінен сайлаушылармен кездесу ретіндегі салтанатты жиналыштар түрінде өтті.

Содан Алматыға қайтар күні облыстық атқару комитетінде оңаша отырып, шай үстінде ұзақ уақыт әнгімелестік.

– Үйге жүріп, қонақ болыңыз, – деген ұсынысымнан сыйпайы бас тартты. Денсаулығының онша болмай жүргенін айтып, аз үнсіз отырып калды. Сондай бір көңілсіз, ойлы кездері мен қажыңқыраған бейтарап сәттерін жол үстінде де байқаған жәйттерім болған еді. Тіпті тамакқа да самарқау болып, шай мен қымыздан басқа дәм татпаған кездері болып еді.

Жаңағы әнгіме үстінде Қанекен “Большой Джезказган. Геология и металлурия” деген үлкен кітабына өз колымен арнау сөздер жазып, маған тарту етті. Бұл томға Жезқазган өнеркәсіп аймағының өндіргіш күштерін дамыту проблемалары бойынша 1961 жылы Жезқазған қаласында өткізілген республика Фылым академиясы ғылыми конференциясының материалдары енгізілген екен.

Осы кітапты ұсына отырып, ол кісі Қазақстанды индустрияландыру ісіндегі Жезқазғанның ролі туралы, қазақ же-рінің койнауындағы сарқылмас мол қазына, байлық туралы кереметтей шабыттанып әнгіме айтты. Сол байлықтарды тиімді түрде, іждаһаттылықпен пайдалана алатын маман кадрлар даярлау міндетін сөз қылды. Жезқазған кеніштерінде, Қарағанды шахталарында, Кенді Алтай мен Онтүстік Қазақстан өнірлерінде ондай мамандар өсіп келе жатқанын, өсірепе ғылыми-техникалық кадрлардың жетіліп қалғанын қанағат сезімімен айтты”.

Бұл Қанаш Имантайұлының ауыр науқас жаңа басталып келе жатқанда елді соңғы рет аралауы екен. Оңаша әнгімеде айтқан жаңағы сөздерін Бәйекен еске алғанда, тек өзіне ғана айтқан сыр емес, бүкіл болашақ үрпакқа айтқан өсінетіндегі ұғынып жүрді.

Бәйкен Әшімұлының осындай лұғатты кездесулерінің бірі жайында жазушы Жайық ақсақал жоғарыдағы естелігінде тағы да былай баяндайды:

“1967 жылдың күзінде Қарағандыға С. Мұқанов келді. Ол Қарағанды театрында өзінің “Сәкен Сейфуллин” атты пьесасының премьерасына катысу үшін келді. Мен бәйбішеммен екеуміз Сәбитті арамызға алып, театр залынын алдыңғы жағына қарай отырдық. Бізден екі-үш қатар кейінрек Б. Әшімов, өзге де кейбір жетекші қызметкерлер отырды.

Б. Әшімов Сәбенді анда-мында апаруым үшін маған бір машина беріп қойған. Ертеңінде мен С. Мұқановқа күні кешегі тас түрмелерді апарып көрсөттім. Ертең Сәбенді сол сүр “Волгамен” Целиноградқа ертіп апармақпын. Таңертен облат-комнан Б. Әшімовтың көмекшісі телефон соқты.

– Бәйкен Әшімович түнде асығыс Алматыға үшіп кетті... Жүрерінде ол кісі: “Сәбит Мұқановты Целиноградқа менің машинаммен апарып салындар, – деді. – Ол жаққа қашан жүретін едініздер?” – деп сұрады.

Міне, ағаны, әдебиетті, мәдениетті қадір тұта білудің тағы бір әдемі, жарасымды үлгісі осындай. Жасы жетпіске келіп қалған Сәбит ағамыз Бәйкен інісінің бүл нұськауына қатты қуанды”.

Сонымен арада жеті жыл уақыт өтті. Өзі ойламаған көп істердің басы-қасында болып, өмірдің әр түрлі құбылысынан мол сабак алып, талай жарқын тәжірибе шеккен Бәйекен Қарағанды жерімен де қош айттысты.

ЖЕТІСҮ ЖЕРИНДЕ

1967 жылғы желтоқсанның аяқ кезінде Алматы мен Мәскеуде Бәйкен Әшімовті Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына ұсыну туралы шешім қабылданды. Бұл облыс елуінші жылдардың аяқ кезінде таратылып, түгелдей Алматы облысына қосылған болатын. Енді соны қайтадан калпына келтіріп, жаңадан облыс құру ісі колға алынып жатқан.

Талдықорған облысы, баршаға мәлім, онтүстігінде Алматы, солтүстігінде Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облыстарымен шектесетін, етек-жені жинақы, экономикасы

өркенді облыс. Табиғаты бай әрі көркем, кәдімгі “жер жаннаты – Жетісу” аталатын, еліміздің аса бір көрікті өнірі. Шекарасы Іле өзені мен Қапшағай айдынынан басталып, шығысқа қарай Жонғар Алатауының биік шындарына барып тіреледі де, солтүстікте батысы Балқаштан Сасыққөл, Ұялы, Алакөл айдындарына қарай созылып кетеді. Суы мол: Ала-таудан Балқашқа қарай жарыса аққан жеті өзеннің бесеуі осы облыстың жерін кесіп өтеді. Олар: Көксу, Қаратал, Аксу, Лепсі және Тентек.

Ауа райы тіршілікке өте қолайлыш. Қысы жұмсақ, жазы ыссы, топырағы құнарлы, ылғалы мол. Тау бектерлері мәуелі жеміске, өзен-көл арналары – диканшылыққа қолайлыш болғанда, төскейі мен құмды жазық өнірлері – қысы-жазы малға өріс: қыста тебін, жазда жайлау.

Жерінің құйқасы қандай құнарлы болса, қойнауы да пайдалы қазбаларға сондай бай, көмір мен тұсті металл кеніштері қалын қабатты, таулы өзен арналарында су-энергетика ресурстары өте мол. Катынас-байланыс жүйесі де едәуір да-мытылған. Түркістан-Сібір темір жолының бірқатар ірі тораптары осы облыстың жерінде. Одан шығысқа қарай тарталип, Қытайға баратын тармақ та осы облысты басып өтеді. Қыскасы, экономикасын әрі қарай өркендетудің мол мүмкіндіктері бар.

Облыс алғаш рет 1944 жылы құрылып, 1959 жылы таратылған. Осы он бес жыл ішінде облыстың шаруашылығы мен мәдениеті біршама жақсы өркендеп, республикадағы үлес салмағы едәуір болған. Енді соның бұзылғанын қайтадан қалпына келтіріп, үзілгенін әрі қарай жалғастыруға тұра келетін еді.

Жаңа облысқа келген бойда бірінші басшының алдында екі түрлі құрделі міндет тұрды. Біріншісі – облыстық үйимдарды басшы кадрлармен толықтыру. Ол үшін республикалық органдармен бірлссе отырып, бісыптыра қызметкерлерді Алматыдан және басқа облыстардан шақыруға тұра келді.

Бірінші хатшыдан кейінгі облыстың үлкен басшысы – облыстық кенес атқару комитетінің төрағалығына Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып істейтін Ф. П. Завгородний, оның бірінші орынбасары лауазымына Алматыдан А. М. Ерсалиев, обкомның екінші хатшылығына П. П. Евсенев, идеология жөніндегі хатшы

қызметіне Алматы қаласындағы бір аудандық комитетте бірінші хатшы болып істейтін Камаш Бегімов жіберілді. Обкомның өнеркәсіп жөніндегі хатшылығына Талдықорған қалалық комитетінің бірінші хатшысы В. П. Копытин сайланды.

Облыстық атқару комитеті тәрағасының орынбасарлары болып Б. Сақауова, В. Завдовьев ұсынылды. Облыстық прокурор лауазымына Х. Мыңбаев, мемлекеттік хауіпсіздік комитеті басқармасының бастығына Ш. Мұқанов, Ішкі істер басқармасының бастығы қызметіне Д. Тоқпанов тағайындалды. Облыстық комсомол үйімінде Сиязбек Мұқашев жетекшілік етті.

Облыстық партия комитеті мен атқару комитетінің аппаратын жасақтау және обкомның номенклатурасына кіретін жауапты қызметкерлерді іріктеу ісіне обкомның үйімдастыру бөлімінің менгерушісі, өзі Гурьев обкомында осы қызметте істеп келген Әміржан Ысмағұлов басшылық етті. Ол кісі Талдықорған облысы таратылмай тұрғанда, осында обкомның насиҳат бөлімін басқарған екен. Партиялық жұмыстан көп тәжірибесі бар және жергілікті кадрларды жақсы білетін Әбекен бұл шаруаны тиянақты етіп тындырды.

Жаңадан құрылыш жатқан облысты аяғынан тік тұрғызып, нығайту ісіне бұл аталған қызметкерлердің қай-қайсысы да үлкен ынта-жігермен келді де, күткендей өздеріне лайықты үлес қости.

Екінші маңызды міндет мекемелерді әкімшілік үйлерімен, ал қызмет адамдарын пәтермен қамтамасыз ету болатын. Бұл бірінші міндеттен гөрі құрделірек еді. Өйткені белгілі бір салада тәжірибесі бар, іскер қызметкерді, өз келісімі болған жағдайда, жоғарғы орындардың араласуымен шақыртып алып, бос лауазымға бекіте кою онша қынға соққан жоқ. Ал арадағы он шакты жылдың ішінде иесіздікке үшірап, күтімсіз қалған немесе бір кездегі әп-әдемі әкімшілік мекен-жайларын бұзып, талқандап, басқа бір шаруашылық мақсаттарға пайдаланғаннан кейін, оларды бұрынғы қалпына келтіреміз деп әуре болғаннан гөрі жөндемірек жобамен жаңадан салған жөн болады екен.

Бұл сияқты жаңа орындағы құрделі құрылыштың бірден кең өрістетіп жіберуге, әрине, мүмкіндік шектеулі. Сондыктан алғашқы кезде қаладағы бар үйлерге қысыла-қымты-

рылып орналаса тұрып, жаңа құрылышты біртіндеп, жеделдете жүргізуге тұра келді. Әр салаға қарайтын әр түрлі мемекемелер өздеріне қажетті әкімшілік және тұрғын үйлерді өз беттерімен сала бастады. Сөйтіп, қысқа мерзімнің ішінде өзгелерден гөрі зәрулеу байланыс, баспасөз, саяси ағарту, кәсіподак сияқты мекемелердің үйлері тұрғызылды. Облыстық атқару комитетінің басқармалары мен бөлімдері түгелдей дереу өздерін қызмет үйлерімен қамтамасыз етті.

Бұл бір женілдік болса, екінші женілдік облысқа басқа жақтан шақырылған жетекші қызметкерлердің жауапкершілікті саналы түрде сезінуі болды. Олар келе сала тықақтап пәтер талап етпей, алғашқы кездері салт бастарымен жатақхана үлгісіндегі көвшілік үйлерінде өзгелермен бірлесіп немесе шағын бөлмелерде оңаша тұрып, уақытша төзімділік білдірді. Ал өздері тиісті қызметтерін белсене атқарып, облыстың экономикасы мен мәдениетін көтеруге, халықтың қалыпты тұрмыс жағдайын қамтамасыз етуге, қоғамдық тәртіп пен зандылықты сақтауға әркім өз тарапынан белсене атсалысуда болды. Соның арқасында тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыстық және коммуналдық қызмет орындары да өз ауанымен біртіндеп пайдалануға беріле бастады.

Талдықорған табиғаты әрі әсем, әрі жайлы, оның үстіне жаңадан құрылып жатқан, Алматыға таяу облыс болғандықтан, оған сырттан келетін меймандар да көп еді. Соны ойлаған Бәйкен Әшімұлы реті келген мүмкіндікті пайдаланып, қаланың сыртында, тоғай ішінде, ауасы таза, жері көрікті бір мүйісте жақсы үлгімен екі қабат резиденция салдырған. Күндердін күнінде, бұл кісі басқа жұмысқа ауысып кеткенде, Талдықорғаннан келген бұрынғы қызметкерлері:

– Сіз салдырып кеткен сол үй құрметті қонактарды қабылдауға жақсы болды, – деп ризашылықпен айтып жүргені бар.

Осындай сөздерді естігенде, Бәйекеннің де көнілінде қанағат сезімін туғызатын әр түрлі жәйттер болатын. Ол осы қатарлы басқа да бірталай көрнекті ғимараттар еді.

Жоғарыда айтқанымыздай, біrsыпира жыл бойы тәмен-қолдау, қатардағы елді мекен деңгейінде қалған қалада не жөнді құрылыс базасы болсын? Әрине, жок еді. Сондықтан бұл кісі республикадағы құрылыс үйымдары мен министрліктерінің басшыларымен тығыз байланыс жасап, көп көмек

алды. Астананың көптеген жобалаушы-сөүлетші мамандарын облыс орталығына шақырып, қаланы көркіті қөшелермен, зәулім ғимараттармен, әсем үйлермен, қала халқы демалатын абатты алаңдармен, саялы бақтармен, қараған кісінің көзі тоятын тағы басқа нысандармен ерекшеледе жағына баса назар аударған. Солардың біразы санаулы уақыттың ішінде жүзеге де аса бастаған, біразының негізі қаланып, қаланың бас жоспары әжептеуір нобайға келіп калды.

Осындай тың да тынымсыз жұмыстардың бірімен-бірін жалғастырып, жұмыла іске кіріспін жатқан жаңа облыс халқының алғашқы қадамдарын қындастып жіберген көлденен кедергі келесі жылғы қыстың өте қатал болғандығы еді. Табиғаты жұмсақ онтүстік облыстың барлық өнірлерінде дерлік кар әдеттен тыс қалың жауды. Сақылдаған сары аязы мен ақ түтек бораны солтүстік аймактардан бір кем болған жок. Оның үстіне қыс аяғы тыым ұзакқа созылды.

Мұның өзі ең алдымен малды өнірдің қыстамасын қындастып жіберді. Әсіресе мал отарларындағы жағдай мүшкілге айналды. Малдың көбі, әсіресе өз аяғымен жайылатын қой мен жылқы ашық аспан астында тебінге жарамай қалды. Оларға жем-шөп жеткізіп берудің де мүмкіндіктері болмады. Шаруашылықтарда малдың өлім-жітімі көбейе бастады.

Осындай қысылшаң жағдайдың түсінда Бәйкен Әшімұлының ең бірінші ойлағаны – жергілікті жерлердегі басшыларға, әсіресе шаруашылық жетекшілеріне қысым жасап, жүрттың дегбірін алмау. Айқаймен, жазалаумен жағдайды түзеуге болмайтынын, қайта, асқындырып жіберуі ықтимал екенін түсінді. Бұл жерде ең алдымен іске жанашыр қамкорлық, жүргіншілік жеткізу жолдарын қарастыру жағы алдыңғы орынға шығарылды. Өйткені шаруашылықтың басы-қасындағы адамдардың аянып қалмайтыны белгілі еді.

Сондықтан бірінші кезекте мал қыстайтын жерлерге барытын жол қатынастарын қалпына келтіру, қар басқан жолдарды аршу, қыстаудағы адамдарға азық-түлік пен жылы киім-кешекті, басқа да керек-жаракты, малға жем-шөпті тасып жеткізу шаралары қолға алынды. Осы жұмыстарға бұқіл облыс жүртшылығы жұмылдырылды. Менікі-сенікі демей,

қайда жағдай қынырақ болса, басты назар сол жаққа бағытталды.

Осындай ойластырылған пәрменді шаралардың нәтижесінде, едәуір мал басының шығын болғанына қарамастан, қатты жұтқа онша бой алдырмай, облыс қыстап біршама аман шықты. Әсіресе төлдейтін саулық, үргашы мал басы сақталып, келесі жылдың өсіміне нұқсан келмейтін жағы қарастырылды.

Осы орайда көніл толтыра атап айтартылған бір жәйт, қыстың қысталан жағдайында облыста бірде-бір шаруашылық басшысы орнынан алынып, жауапқа тартылған жок, ешкімге әкімшілік жолмен жаза қолданылған жок. Іс басындағы кадрларға осылай сақтықпен қарауда алдымен облыстық партия комитетінің өзі үлгі-өнеге көрсетті. Әрине, мұндай қыын кезеңде істелген жақсылықта, көрсетілген киянатта айтылмай қалмайды фой. Бәйкен Әшімовтің осы істің басында көрсеткен байсалдылығын Жетісу жұртшылығы кейін ұзак уақыт бойы аныз қылып айтып жүрді.

Катал қыстың артынан жайма-шуак көктем келді. Күні күркіреп, жазы жарқырап дегендей, онтүстіктің төскейі қырмызы қызғалдаққа малынды, бөктердегі сая бақтары бусана бүр жарып, толыса түйнек байлады. Жер аяғы кеніп, жаздың жылы лебі бөктерден қияға қарай өрмелеп бара жатты.

Бәйкен Әшімұлы жаз шыға ел аралап, Жетісүудың жерімен танысуға кірісті. Алғашқы сапарда, онтүстікті Арқарлы тауынан бастап, солтүстік-шығысында Алтынемел, Шолақ, Қатутау жоталарының бөктерлерін бойлай, жайлауға қарай өрлеген қалың малышлар қауымын бір аралап қайтканда, осы өнірдің батыс жақ қарсысында, темір жолдың арғы бетінде сонау Балқаштың онтүстік жағалауына дейін созылып жаткан Іріжар, Жаманқұм, Бестас, Жалқұм, Үліккүм далаларындағы қысқы жайылымдардан да мол мағлұмат ала келген.

Келесі бір сапарда солтүстік аймақтағы аудандарды аралап, сонау Алакөл жағасына дейін барып қайтты. Одан бергі жолда Аксу, Сарқант аудандарының шаруашылықтарын аралады. Бірсыныра тарихи жерлер мен табиғи ескерткіштерді көрді. Атышулы Жонғар қақпасына дейін барды. Табиғаттың не бір тамаша көріністерін тамашалады.

Сол жолдан кайтып келе жатқанда, тағы бір ұзын-ырға ой сілемдеріне елігіп кеткені бар. Сонда мына Жетісудың төрт құбыласын түгел көріп, әр түкпірінің өз әрін, өз ерекшелігін көнілге түйе жүргендегі бір таң қалғаны – табиғатының кереметтей көркі және әр қайсысының өзіне жарасқан, өз шоқтығын биіктеткен асқақ келбеті еді.

Осылай тамаша табиғат көркіне тәнті бола отырып, Бәйекен өзінің туған жері – Қекшетау өнірін еске алады. Оның да көз жауын алар көркі ешбір өлкеден кем емес. Қазақстанның жалпы климаты мен жағдайы бірдей онтүстік өлкесінде “жер жаннаты” атанған Жетісудың табиғаты қалай ерекшеленсе, солтүстіктің катан құрылыштық бедерінде Қекше өнірінің келбеті де дәл солай кербезденіп көрінер еді. “Жер шоқтығы – Қекшетау” деп ел аузына ілінгені бекер емес еді.

Осы ойды жалғастыра, Бәйкен Әшімұлы туған жер топырағында қызмет істеген соңғы жылдарын қөніл қөзіне елестетеді. Арғы жылдарды айтпағанының өзінде, бірінші басшының міндеттін уақытша атқарған соңғы бір-екі жылдың ішінде облысты жаңа бір серпінмен өрге бастыру жөнінде бірсыныра жоспардың басы кайырылып еді. Қазір не қүйде екен? Соны бұл қазір өзі басқарып отырған Талдыкорған облысының бүгінгі жағдайымен және өздері жобалап отырған болашағымен салғастырады.

Япир-ай, деп ойлайды ол, қарап отырсан, осы екі облыстың жағдайында, екі орталық қаланың тарихи тағдырында бір ұқсастық бар сияқты. Екі облыс та соғыстың ауыр кезеңінде бір жылы құрылды. Ұйымдастыру, сонсон оны аяғынан тұрғызу шағын бастан бірдей кешіріпті.

Қекшетау мен Талдыкорған қалалары да бір кезеңде, отаршылықтың арам ойлы есебінен туындал барып, үлкен жолдың үстіндегі ұрымтал бекініс ретінде салынған шағын мекендер еді. Үлкен әкімшілік орталығы болмағандықтан көп жылдар бойы өспей, қалашық қалпында қалып қойды. Содан облыс орталығы болған соң енді-енді ғана бой көтеріп келе жатыр еді.

Талдыкорған облысы жойылып кеткеннен кейін қаланың жайы мынадай болыпты. Қекшетау ондай сапырылыстан әзір аман. Иләһи, алда да аман болсын. Және алдағы жылдарға арналған ойлар жүзеге асып, көркейе берсе екен.

Ойы осы тұсқа келгенде, неге екені белгісіз, Бәйкен жүрепінің бір пүшпағы шымыр етіп сыйдалап кеткендей болды да, бұл шарықтаған қиял қанатын бір сәтке жиып ала койды.

Бірақ қолға тұсау болса да, ойға тұсау бола ма? Бәйекен-нің ойы тағы бір қыырды шарлап кеткен. Ол осы қөктемнің бас кезінде Алтыннемелдегі Шоқанның басына барып қайтқан. Сол маңда Аманкелді атында бір үлкен кеңшар бар екен. “Үлкен” деген сөз бұл жерде бекер айтылып отырған жок. Кішігірім аудан орталығына татитын өте аумакты шаруашылық. Осыған таңданған Бәйекен қасындағы жергілікті жігіттерден:

– Осы селода қанша үй бар? – деп сұрағанда, аузына сөз түсे қоймаған бір бастық қысылғаннан асырыңқырап айтса өзі біледі:

- Кемінде бес жұз үй, – деп қалған.
- Қанша ұлт өкілдері бар?
- Бәрі қазақ, бұл жерде басқа ұлт жок.

Міне, Бәйекенді шын таңдандырған осы сөз еді. Бұл кісінің өзі туып-өсken өлкедегі ұжымдық шаруашылық құрып отырған қазақ ауылдары мықтағанда жұз үйден аспас еді. Көбі 70-80 үй қаралас болып келеді.

Ал мұндағы көрініс тіпті басқаша, Жаңағы Аманкелді сияқты басы бірігіп, іргесі тұтасып отырған кентке бергісіз ауылдар мұнда некен-саяқ емес, тіпті жіңі кездеседі. Сондағы өзінің тұған өлкесі мен қазіргі тұрған өлкесін салыстырғандағы соңғысының айырмашылығы да осы бірыңғай ұлттық сипаты екен. Бәйекеннің жаңағы ой үстінде жүрегін сыйдастып өткен бір шашу осы еді.

Эрине, көптің аты көп. Олар біріне-бірі үлгі, біріне-бірі тірек. Жаксы дәстүр жалғасын тауып, өркен жая береді. Ондағы шаруашылық басшылары мен мамандар да солай үйелменімен үрдіс өседі. Мысалы, аты Республикадан асып Одакқа мәшіһүр болған ұжымшар басшысы екі мәрте Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов дүниеден өтіп еді, орнын басқан кейін-гілердің іскерлік қабілетін жұрт Нұрекеннен бір де кем атамайды. Немесе, бұрын артта қалған шаруашылыкты өзі сұрап алып, алдыңғы қатарға шығарған жап-жас әйел Зылиқа Тамшымбаеваны алып қараңыз. Сөзге де, іске де бірдей: сайрап та тұр, жайнап та тұр. Дәл Нұрмолдадай атағы алысқа кеткен екі мәрте Еңбек Ері, елдегі колхоз қозғалысының

тарланы Николай Головацкиймен өлгі екеуінің атағы бірдей шығып жүр.

Сол сияқты аудан басшылары А. Алпысбаев, М. Усатаев, Ш. Сапиев, Т. Махметов, Р. Махметовтер, қала басшысы М. Талқынбаев, ірі зауыт директорлары С. Нұрпейісов, Н. Қапсаматов, обкомның белді кызметкерлері Т. Әбдірашев, Б. Баталов өздерімен лауазым жағынан денгейлес А. Брагин, И. Пушкарский, З. Пушкарскийлерден кем түспейді.

Осылай ертеден қалыптаскан дәстүрлі жағдай: жергілікті халықтың еңбекқорлығы, халық шаруашылығы салаларында істейтін басшылар мен мамандардың тәжірибелі іскерлігі, табиғат байлықтары, әсіресе жердің шұрайлышы мен судың молдығы бұл өлкенің ырыс-дәулетін жылдан-жылға молайта беру үшін шексіз мүмкіндіктер туғызатын еді.

Бірінші басшы осы жайларды саралап ойға салып, қазіргі нәтижесі мен болашақ өрісін салмақтай келгенде, көніліне қанағат үялап, бір жақсы нышан көрсе, жаны жадырап қалады. Бірде ол Үштөбе жактағы қүріш өсіретін шаруашылықтарды аралады. Бұл жұмыста көбінесе өздерінің ата кәсібін енгізіп жүрген корей халқының өкілдері істейді екен. Бір тәуір плантацияға келгенде, алдынан ашық мінезді жігіт шығып, жайран қаға қазақша сәлем берді:

– Ас-салам-уагалейкөм, ақсақал, қош келдіңіз!

– Уағалейкөм, – деп қарсы сәлемдескен Бәйекен түрі корей, тілі қазак жігітке іштей таңыркай қараған. Жаңағы жігіт бірден ағыла сөйлеп, шаруа жайымен таныстыра бастады. Тілі тіпті жатық. Осыған риза болған Бәйекен кетерде қоштасып тұрып:

– Қазақша жақсы сөйлейді екенсіз, інішек, – деп еді. Оның да жауабы жараса кетті:

– Жақсы аға, біз де өзімізді Жалайырдың бір баласымыз деп жүрміз ғой. Соңсоң сөйлемей кайтеміз?..

Тауып айтылған осы бір уәжге айнала қаумалап тұрған жұрт та мәз болып ду құліскен еді. Осындай көнілді жайда жадырап аттанған Бәйекен былай шыққан соң жолда келе жатып ойға қалды: “Апыр-ай, әлгі корей жігітінің өзімсініп айтқан сезі қандай жарасымды. Осылар ғой ана бір жылдары сонау Қыыр Шығыстан шұбырып жер ауып келді. Бірақ бұрын көрмеген елді жатсынбай, бірден бауыр басып, жергілік-

ті халықпен туысып кетті. Өздері қандай енбеккор. Сөйлеген сөзі әлгіндей.”

Бәйекен бұдан әрі өзі өскен өлкеге бұдан бір ғасыр бұрын келген переселен ағайындарды, олардан кейін үздіксіз ағылып жатқан келгіндерді ойлады. “Жоқ, олардың әлпеттері мұлде басқаша. Ой-ниеттері өзгеше болған соң, тілдері де кейін тартып тұра ма екен, әйтпесе солар неге қазақша сөйлеп кетпеді?...”

Жаңағы жадыраған көніл бірден басыла қалып еді, машинаның терезесінен он бүйіріндегі өнірге мойын бұрып, алысты шолған Бәйскеңнің көзіне қырдан ойысып төмен түсіп келе жатқан бір есек-арба шалынды. Екі аяқ шағын арбаның үстіне үйеме қылыш шөп артқан шаруа адамы тағы бір тіршілік өрісін көзге елестеткендей.

“Апыр-ай, мына тұліктің тұқымы бұл жақта аман сакталып қалған екен әйтеуір” деп таңырқады бұл. Сол ойға жалғаса Хрущев еске түсті. Қазақстанға келген сайын жылқыға тиісетін ол жазған тағы бір келгенінде “есекті неге құртпайсындар?” деп әлек салып еді. Билігі жүріп тұрған кісі кейде артын ойламай айта салады екен-ау. Еті арам болса да еңбегі адаптацияның үй маңындағы, ауыл арасындағы ұсақ-түйек жұмысқа замандар бойы қызмет еткеннен басқа не жазығы бар еді соңша шүйлігетін?

Тағы да ойдан ой туындалап, Бәйкен Әшімұлы Никитаның Қазақстанға сонғы келген сапарын еске алды. Бұл кісі Қарағандыда селолық обкомның бірінші хатшысы болып істеген кезі. Тыңның он жылдық мерекесін өз көзіммен көріп, бәрін тікелей өзім өткіземін деген оймен сол кездегі үлкен басшы бір көш нөкерін ертіп, поїзызben сапарға шыққан.

Әуелі Батыс Сібір мен Алтайдың тың игерген өнірлерін аралап, соңсоң Қазақстанға келді. Ол кезде Целиноград атап-таптың қазіргі Астананың вокзалынан номер бірінші тыңгерді Республика мен Тын өлкесінің басшылары, жұртшылық өкілдері аса зор қошеметпен қарсылап алған. Сондағы бір ерсі көріністер әлі күнге дейін Бәйекеннің жадында сақталып қалып еді. Бұл кісі соны тағы да көз алдына елестетті.

— Мен сендерге тірі капиталисті алыш келдім, — деп кеңілдеп күлген Никита қасындағы сорайған бір американ алпауытын көрсетті. Сол-ақ екен, жан-жағына басын шұлғылап, екі қолын аспанға көтерген әлгі ұзынтураға вокзал ба-

сындағы жұрт ду қол шапалақтады. Бірақ не үшін қол сок-каның ешкім пайымдамаған болуға керек. Соларға еріп, бас-тыктың соңындағы нөкерлері де қол соғып жатыр. Өздері әбден жолсоқты болып, біреулері үйқыдан жаңа оянғандай мен-зен, енді біреулері аяқтарын тәлтіректеп зорға басқан “күрметті конактардың” кескін-кейіптері дәл сол мезетте көзге тым оғаштау көрініп еді.

Сол күні жұрт Тыңгерлер сарайына салтанатты мәжіліске жиналды. Әрине, зал лық толды. Мерекенің сыртқы рәсімдері түгел сақталған. Ресми баяндамадан кейін мінберге Хрушев шықты. Қолындағы қалың папканың қампиюына қарағанда, біrsыпра уақыт сейлейтін түрі бар. Бірақ Никитаның оны түгел оқып тұруға шамасы келмейтін белгілі болды. Жолай вагонда тым шаршап, қажып келген екен. Айтқандай-ак, ұзақ сонар баяндаманың жарым-жартысын ғана оқығаннан кейін Бас хатшы болдыра бастады да, жазулы мәтіннің парактарын аударуға кірісті. Сондағы бар айтқан түсінігі: “мына жері бұрын айтылған”, “мына тұсын жұрт бұрыннан біледі”, “мынау арасы ертең газеттерде жарияланады” деген сиякты сөздер болды. Сөйтіп, ол баяндамасын аяқтады. Жұрт орындарынан тік түрегеліп, ду қол шапалақтады. Тағы да не үшін шапалактағаның ешкім анық білмеді-ау деймін. Маңызды бірдеме естігендері үшін бе, әлде ұзақ баяндаманың дінкені құртып барып, әйтеуір біткені үшін бе? Ол арасы вокзал басындағыдай, бұл жолы да беймағлұм болатын...

Сол күні кешкісін Никита Сергеевич демалу үшін Бурабайға кетіп еді. Түнде дереу Мәскеуге ұшып кетіпті деген хабар келді. Артынан көп ұзамай орнынан алынды. Сірә, сол құндерде-ақ оған бір тықыр таянып жүрсе керек.

Содан бері бес жыл өтті. Хрушев заманындағы қиям-пұрыстықтар жойылды, өмір сабасына түсіп, бәрі қалпына келтірілді. Солардың қатарында бұрын жойылып кетіп, қазір қалпына келтіріліп жатқан Талдықорған облысы да бар еді. Аз уақыттың ішінде жас облыс әжептеуір бой көтеріп, республиканың маңызды әкімшілік аймағына айналды. Тұрмыс түзеліп, өмір қалыпты арнасымен ілгері қарай жылжи беруге тұракты бағыт алды. Соның ең басты кепілдіктерінің бірі ретінде басқару аппаратының барлық буындары іскер кадрлармен нығайтылды. Облыстық мекемелер түгелдей дерлік әкімшілік үйлермен, ал қызметкерлер тұрмысқа қолайлы мекен-жайлармен қамтамасыз етілді.

Облыс бір кезде едәуір көлемде астық, мал шаруашылығы өнімдерін, қыруар қант қызылшасын, жүгері дәнін өндіріп, едәуір бөлігін сыртқа шығаратын дәрежеде болатын. Текелі қорғасын-мырыш комбинаты өз кеншілерінің қорымен өнеркәсіп кешеніне өте қажетті өнім беретін. Ал қорғасынды аккумулятор заводы өз өнімдерімен бүкіл республиканы қамтамасыз өте бастаған.

Қазір экономиканың барлық салаларында сондағы көрсеткіштерге қол жетті деп айтуға болады. Егер осы деңгейге облыс жұртшылығының дәл бүгінгі еңбекке деген құлшынысы мен туған жерге деген ынта-ықыласын қосар болсақ, Жетісу өлкесінің ырыс-дәuletін дүрсіте еселей беруге мүмкіндік молынан бар деп сеніммен айтуға болатын еді.

ҮКІМЕТ ҮЙІНДЕГІ ҮРДІСТЕР

Жаңа облысты аяғынан тік тұрғызуға байланысты бірсыныра үйымдастыру жұмыстары жүзеге асырылып, енді өмірдің қалыпты арнасымен ілгері басу жайын ойластырғандағы ең бірінші кезекте тұрған шұғыл міндеттердің бірі халықтың денсаулығын жақсарту мәселелері еді. Сондықтан Бәйкен Әшімұлы республикалық министрлік басшыларымен келісіп, Алматыдан бір топ маман дәрігерлер шакыртып, кең көлемде облыстық кеңес үйымдастырған.

Ол топты министрдің орынбасары, денсаулық сактау ісінің білікті үйымдастырушысы Халық Мұсабаев деген жігіт басқарып келді. Топ құрамында Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының директоры Сәкен Нұғыманов, Өкпе аурулары ғылыми-зерттеу институтының жетекшісі Эйкен Терлікбаев және басқа, солар сияқты әр саланың айтулы мамандары келіп, алқалы жиын еткізілді. Олар таяу мерзімде жергілікті халық арасында кең көлемде емдеу-профилактикалық шаралар жүргізу, облыстың дәрігерлік мекемелеріне медициналық жабдықтар мен консультациялық көмек жөнінде қамқорлық көрсетудің бірқатар нақты ұсыныстарын айттып, бұл саланы ілгерілетудің жөн-жобасын айқындаپ беріп еді.

Осы жұмыстың басын қайырып, келген қонақтарды аттандырып, бір демдеп отырған күйі еді, қызмет аяғына таман Алматыдан тікелей телефон сыйдыр ете қалды. Орталық Комитеттің үйымдастыру-партия жұмысы бөлімінін менгерушісі В. К. Севрюков екен. Қысқаша амандықтан кейін ол кісі дереу Мәскеуге ұшып, ондағы Қазақстан өкілдігінде Қонаевпен кездесуі керек екендігін хабарлады. Мұндайда өздері айтпаса, не шаруа жайы деп сұрамайтын тәртіп бар, сондықтан бұл кісі хабарды үнсіз қабылдады да, үлкен астанаға аттанып кетті.

Мәскеуге келіп, мейманханаға орналасқаннан кейін, кешкілік Димаш Ахметұлы өзі телефон шалды. Таңертең Чистые пруды бульварындағы Тұракты өкілдікке келіп, өзіне жолығуды тапсырды.

Айтқандай-ақ, Бәйекен келесі күні ертегелеп Республика өкілдігіне келді де, Бірінші басшының үстінгі қабаттағы арнаулы резиденциясына көтерілді. Димекен өзінің табиғи жыллы жүзімен ашық шырай білдіре қарсы алды. Жаңа облыстыры жай-жағдайды сұрастырып сәл отырды да, республика-дағы жағдайды қысқаша әңгімелеп өтті. Соңсоң сөздің токетеріне қарай ойсты.

– Кадр мәселесінде біраз өзгерістер жасауға тура келіп түр, – деді Бірінші хатшы. – Министрлер Қенесінің басшылығын нығайту ойымызда бар. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті үкіметтің тәрағалығына сіздің кандидатураңызды ұсынбақшы. Бірақ мәселенің түпкілікті шешімі, әрине, СОКП-нің Орталық Комитетіне байланысты. Соңдықтан біз Брежнев жолдастың қабылдауында болып, сол кісінің келісімін алуымыз керек.

Бәйкен Әшімұлы бұл шақырудың тегін емес екенін іші сезіп келген. Бірақ дәл мұндай бұрылыс болады деп ойлаған емес-ті. Ишінен электрдің тоғы сияқты бірдене жүріп өткендегі болды. Сыртқы бет әлпетінен ешқандай сыр білдірген жок. Үнсіз калды. Екі кісі киініп, сыртқа шығуға ыңғайланды.

Бас хатшының жұмыс орыны Ескі алаңдағы Орталық Комитет үйінің бесінші қабатында болатын. Соған көтерілген бойда-ақ Қонаев кідірместен кабинетке кіріп кетті де, Бәйкен Әшімұлы қабылдау бөлмесінде күтіп қалды. Арада он шақты минут өткеннен кейін бұл кісі ішке шақырылды.

Брежnev стол басынан түрегеліп, бұған қарсы жүрді де, жылы шырай білдіре, өзінің қою қоныр дауысын көтере амандасты. Облыстың жағдайын сұрастырды. Содан кейін Ұлы Отан соғысының қай майдандарында болғанын егжет-тегжелеп сұрай бастады. Сірәғысында, ол кісі соғыс жайында әңгімелесіп, естелік айтқанды еліге тындастын тәрізді екен. Димекен әңгімеге араласпай, үнсіз тындалап қана отырды. Сұхбат он бес минуттей созылды. Соңан соң Бас хатшы жылы қоштасып, бұл кісінің бос екенін анғартты.

Сәлден кейін Димекен шықты. Леонид Ильич Әшімовті Министрлер Кеңесінің төрағалығына ұсыну жөніндегі пікірді мақұлдайтынын айтты. Бұл мәселені Секретариатқа әзірлеп, одан кейін Саяси Бюроның қарауына енгізу жөнінде Орталық Комитеттің хатшысы И. В. Капитоновқа тапсырма берілгенін хабарлады.

Бұл 1970 жылдың 5 наурызы күні болған оқиға еді.

Конаев Алматыға ұшып кетті. Әшімов “Мәскеу” мейманханасындағы өз телефонының нөмірін қалдырыды да, одан арғы нұсқауларды күтіп жата берді. Келесі күні Капитоновтың өзі мұнда телефон шалып, Бәйекенің хал-жайын білді де, ешқайда ұзап кетпеуін тапсырды:

— Сіздің мағлұматтарыңызды Саяси Бюро мүшелеріне баяндаі бастаным. Бәлкім, олардың кейбіреулері сізben сөйлескісі келсе, өзір тұрыныз. Өзім дереу шакыртып аламын, — деді.

Сонымен, 6 наурыз күні кешке дейін, ертеңіне тағы түске дейін бұл кісі тапжылмай күтумен болды. Бұл кезде ешқандай жүйелі ой, болашаққа көз жүгірткен көшелі жөн-жоба деген атымен болған жок. Әлбетте, алғашқы сағаттардағы ішкі толқынысқа енді әртүрлі құдік пен күмән араласып, “әлде қайтеді, кіммен қандай әңгіме болады?” деген сияқты аландаушылық қана бар.

Осылай сарыла күтумен келесі күн де өтіп барады. Тіпті болмаған соң, Бәйекен Орталық Комитет хатшысының көмекшісіне өзі телефон шалып, басшылардың есіне салып қоюды өтінейін десе, Капитонов Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиналысқа кетіп қалыпты. Содан оралғаннан кейін ол кісі өзі хабарласты:

— Ертең мереке фой. Үйінізге кайта беріңіз. Саяси Бюро мүшелерінің ешқайсысында сіз жөнінен сұрап тұған жок. Секретариат пен одан арғы үлкен мәжіліске мәселені өзіміз енгіземіз, — дегенді айтты. Бәйекен хатшыға алғысын білдіріп, телефон арқылы қоштасты.

Орталық Комитеттің қызметкерлері ұшаққа билет алуына көмектесті де, бұл кісі түнгі рейспен Алматыға ұшып шықты. Ұшактың ішіне жайласып, әуе кемесі өзінің қалыпты гүілімен ұзак сапар жолына көсліп түскеннен кейін-ақ екі күннен бері Бәйекенің басында қордаланып қалған қалың ой жан-жақтан қаумалап, бірінен соң бірі лек-легімен лап

берген. Кешеден бергі мазаны алған басты ой Саяси Бюро мүшелерімен арадағы өнгіме қалай болады деген төңіректе өрбіген. Енді ол түтіл, үлкен мәжілістің үстіндегі әр түрлі ықтимал ілме-шалма сұраптардан сүрініп кету қаупінен де ада. Сондықтан одан арғы әртүрлі қыдырма ойлардың да сап болғаны түсінікті еді.

Енді ол алдымен казіргі республика үкіметінің жай-жапсарын ойлады. Соңғы жылдары өзі партия жұмысында болғандықтан, іс мәселелерін көбінесе Орталық Комитет қызметкерлерімен шешетін. Сондықтан дәл қазіргі Үкімет аппаратымен жете таныс емес. Өзгелерден жақсырақ билетіні – бүгінгі Үкімет төрағасы Мәсімхан Бейсебаевтың өзі. Анау бір жылдары, бұл аудан деңгейінде шаруашылық жұмыста жүрген кезде, Мәсекен домалақ арыз атаулыға ымырасы жоқ кісі екен, мұны жалған жаладан аршытып алып, облыстық қызметке алдырган.

Табиғатында ел адамдарына жаны ашығыш, өзі де ауыл шаруашылығының жай-күйін жетік билетін болғандықтан, сол салада қызмет істеп жүрген бұған ерекше ілтипат білдіріп, белсенді қарекетке тартып еді. Өкінішті бір жері, республиканың солтүстік өнірлерінде жаппай тың игеру басталған қатты қарбалас науқан кезінде ол кісі облыс басшылығынан ауысып кетті. Содан бері ұзақ жылдар бойы үкімет төрағасының бірінші орынбасары, төрағасының өзі болып істеп келеді.

Көп жыл басшылауазымдар атқарған, одан бұрын да ұзақ уақыттар бойы мемлекет аппаратында жауапты қызметте істеп, көп адамдармен істес болған, сондықтан адам тани алатын, мінезі орнықты, барлық істі ойлап істейтін, еш уақытта арнасынан аспайтын байыпты да байсалды Мәсекенде Бәйкен Әшімұлы әрдайым сырттай сыйлап, күрмет тұтып жүреді.

Одан бұрын бұл орынға екі рет келіп кеткен Димаш Ахметұлының жөні мүлде бөлек. Сонау соғыстың киын кезеңінде үкімет құрамына келген жас инженер ондаған жылдар ішінде экономиканың аса бір күрделі саласында басшылық жұмысына араласа жүріп, үлкен мектептен өтті. Фылым мен техника саласындағы жүйелі білімін жемісті практикалық жұмыспен ұштастыра жүріп шындалды. Сөйтіп үлкен мемлекет қайраткері қатарына көтерілді. Қазірде дүниежү-

зілік көлемдегі ұлы державаның тағдырының шешетін санаулы саяси тұлғалар санатында республикамызды өрге бастырып келеді.

Бәйкен Әшімұлы ұшак ішіндегі ойды тербеткен бір қалыпты уыз тыныштық әуеніне беріле отырып, соңғы екі күнде Димекенмен бірге өткізген, онашада оның әңгімелерін тыңдаған сәттерін тағы бір еске алды.

Сол тұста өзіне байланысты айтылып, мұның бүкіл ішкі дүниесін сілкінтіп өткен жаңалықтың тебіреністі сезімдерін тағы бір бастан кешіргендей толқу үстінде отырды да, одан әрі бірден бірге өрбіген әр түрлі ой жетегімен соңғы он шақты жыл бедерінде бұл кісімен жолыққан кездерін көз алдына елесттetti.

Онашалықта отырып, өткен-кеткен кейбір одағай оқиғаларды еске алғанда қарқылдан күлетін риясыз құлқісі, тек өзіне ғана арналғандай ағынан жарылып айтқан кейбір құпия сырлары немесе ерекше шегелеп тапсырған аманаттары жаңа бір әсер құшімен жаңғырып ойға оралады да, енді бұл өзін бір сәтке ғана сол кісінің орнына қойып қараса, оның көп нәрсеге кешірімшіл кенпейілді адамгершілігімен қатар, бұған деген ақ ниет, өзімсіген ықыласы мен ерекше сенім артқан құдіксіз қөнілін көргендей болады. Сондықтан да бұл кісіге деген ризашылығы мен алғысты сезімін өз қөнілінің бір төріне түйіндең кояды.

Жанағы үкімет жайындағы ұзын ырғалы ой сілемдері әрі қарай жалғасып кете береді. Сонда мұның көз алдына алыстан тұлғаланып көрінетін бір адам – Нұртас Оңдасынов. Анық қанша жыл екені есінде жоқ, әйтеүір үкімет басында тіпті көп отырған да сол кісі. Сонау отызынышы жылдардың ойранды астан-кестенінен кейін іле-шала билік басына келген ол Ұлы Отан соғысының қыын-қыстау кезеңін бастан өткізіп, одан кейін құйзелген ел тұрмысын біршама қалпына келтіргенше тапжылмай үкімет басында отырды. Ел көзіне кестендей көп шалынбай, алыстан болса да әрдайым асқақ көрінетін, аз сөйлеген сөзінің әрқайсысында мағыналы салмақ бар, қандай қыын жағдайда да иілмей, бойын тік үстайтын пан тұлғасы тіпті Мәскеудің өзінде де сыйлы екен деп еститін ел.

Жаксы көрген азаматының атын асқақтатып, асыра айттын да мінезі бар бұл елдің. Соның бір көрінісі ме, әлде

шыны солай ма, әйтеуір: “Оңдасынов Сталиннің өзінде болып, Қазақстанда мал өсірудің арғы-бергі тәжірибесінен көп тағылымды әңгіме айтып, ұлы қосемді таң қалдырыптымыс. Ол кісіні Одактық үкімет төрағасы Молотов ерекше құрметтейді еken, сондықтан Нұрекен келе жатқанда, бұқіл совнарком қызметкерлері аяктарынан тік тұрып қарсы алады еken” деген дақпырт кезінде жер жаратын.

“Қалай болғанда да сонша жыл үлкен республиканың үкімет басында отырып, абыраймен кеткен адам тегін болмаса керек”, – деп түйеді ұшақ ішінде оңаша ой үстінде отырган Бәйекен.

“Бірақ... бірак...” деп тағы бір тіркесті ой елегінің ұшынынан ұстай бергенде, қиял қанатты қөніл құсы кенеттен басқа бір киянға қарай бұрып ала жөнелді:

“Қазақстанда гой Кеңес өкіметі орнағалы жарты ғасыр болды. Сол уақыттың ішінде республиканың үш тармакты билік басына талай басшылар келді. Тіпті жі ауысып отырган кездері де болды. Сонда деймін-ау, деп сабактайды Бәйекен ойын әрі қарай, нақты істе болмаса, заң жүзіне келгенде үкімет деңгейінен жоғары дәрежеде болған бұрынғы Орталық Атқару Комитеті, қазіргі Жоғарғы Кеңестің Президумы бар және бұл екеуінен де билік хұқығы биік тұрган партия басшылығы бар, соларда істеп кеткен көп басшылардың қайсысы қандай іс тындырыды? Қайсысы қандай ісімен халықтың жадында қалды?”

Бұл ұраққа ешқандай жауап жок. Өйткені, біріншіден, олардың бірде-бірінің қазір аты аталмайды. Жиырмасыншы жылдарда Кеңес өкіметін өз қолымен орнатқан революцияшылдардың біразы “алашордашыл”, енді біразы отыз жетінің аласапыранында “халық жауы” деген айыппен атылып кетті. Солардың ара-арасында “кедеймін!” деп кеуде соққан белсенділер болса-болмаса да атаусыз қалды.

Осы тұста жаңағы көріне түсіп жок болған “бірағы” қайтадан қылаң беріп еді, онисы жаңағы сөздерден кейін өзінің қисынды жалғасын таба алмай, “ендешеге” ауысып кетті: “Ендеше жаңа құрылыс тұсында біздің топырақта қалыптасқан басқару мектебі де жок болғаны гой?”

“Күдай-ау, дәстүр жалғастығы үзілген жерде мектеп қайдан болады? Қалыптасқан мектеп жүйелі дәстүр жалғастығы болған жерде пайда болмай ма?”

Осы араға келгенде негізгі ой арқауы түйікқа тірелді де, тұні бойы ұшактың гүлімен бірге араның ызыныңдаид үймелеген көп кептер бірін-бірі алып қашқандай зым-зия болып сейіле бастады. Таң алдындағы тәтті үйқы женген болар, креслосының биік қабырғасына шалқалаған Бәйекен қалғып кеткен.

“– Құрметті жолаушылар! Біздің ұшақ Алматы әуежайына қарай құлдилай бастады. Орындықтарыныңдаид арқасын көтеріп, белбеулерінді бекітіп алыныздар”.

Жолсерік қыздың биязы дауысынан селт етіп ояңған Бәйекен ұшактың дәңгелек терезесінен көз тастап еді, шығыстан атып келе жатқан таң Алатаудың ақбас шындарына қызыл арай сәулесін түсіріп, табигат түрленіп келеді екен. Салондағы жұрт абыр-сабыр болып, шығуға әзірленгенше, ұшактың тегершіктері тық етіп жерге тиіп те үлгерді.

Бірінші қатарда отырған ол жұрттан бұрын алдыңғы есіктен шығып, жерге түсे қалса, өзінің машинасы ұшактың қасына келіп тұр екен. Бұл дерене отырып алып, Талдыкорғанға қарай тартып берді. Жетісу жері наурызыңда жылы лебімен еркін тыныстап, бусанып жатыр. Бұл да танғы таза ауамен кеудесін кере дем алып, ілезде сергіп қалды.

Тұндегі құжынаған көп ойдың бірі жоқ. Жоламайды. Жолай да алмайтын еді. Себебі, олардың бәрін кейін серпіп тастап, бүгінгі күннің үйреншікті қам-қарекеттері алдыңғы орынға шыққан.

Біріншіден, күні кеше алыс Мәскеудегі ұлken мейманханың нөмірінде тапжылмай отырған кісі бір түннің ішінде ұшқыр темірқанатпен өз үйіне, дәстүрлі әйелдер күннің мерекелі дастарқанына жетті. Сүйікті отбасының мәре-сәре қызығына кенеліп, басқа шаруаның барлығын бір сәтке болса да ұмытқандай жайда еді.

Екіншіден, таяу күндер мен апталарға белгілеп қойған бірсыныра шұғыл шаралар бар. Соларды жақсы дайындықпен нәтижелі етіп өткізу керек. Үшіншіден, Жетісүудың жарқыраған мына күні қөттемнің келгенін хабарлап, есік как-қандай еріксіз елең еткізетін сиякты. Жомарт жердің берерін ала білу үшін де өнегелі іскерлікпен қатар өнімді еңбек керек. Соған әзір тұру керек.

Осындай ойларды қөңілге түйіп алып, бір тұн үйінде тыныққаннан кейін, ертеңіне жұмысқа сергек келіп, алдымен

Димекене телефон шалып, өзінің Мәскеуден қайтып оралғанын хабарлады. Ол кісі Капитоновпен өзі де сөйлесіп, мәнжайды біліп отыр екен:

— Енді орталықтың шешімін күтеміз, – деді. Соны айтты да, облыстағы жұмысты бұрынғы қалпында жүргізе бер деген мағынада кеңес берді. Және де КОКП Орталық Комитеттіне барып қайтқаныңды ешкімнің білмей-ақ қойғаны жөн дегенді де ескертті.

Бұл жоспарлы жұмыстарды өз ауанымен жүргізе берген. Жоғарыда айтылғандай, таяуда облыс көлемінде халықтың денсаулығын сақтау мәселесін қараған кең мәслихат өткізілген. Кезекте әкімшілік және тәртіп корғау орындарының жұмысы жөнінде дәл сондай бір шара тұрған-ды. Наурызың 30-ы күні тиісті адамдар сол кенеске жиналды.

Мәжіліс облыстық ішкі істер басқармасының үйіне шақырылған. Оған Алматыдан республика прокуроры Өтеген Сейітов, республикалық әкімшілік, заң корғау органдарының басқа да басшылары келді. Бәйекен қысқаша кіріспе сез сөйлеп, кенесті ашты. Баяндамашыдан кейін күн тәртібіндегі мәселені талқылау әрі қарай жалғасты. Сонымен тұс болды. Бұл кісі үзіліске барып келіп, тағы да кенеске қатысып отыр еді. Бір кезде көмекшісі Тұрсын Әбдірешев деген жігіт аяғын жіті басып залға кіріп келді де, Төралқа үстеліне көтеріліп:

— Сізге Орталық Комитеттің екінші хатшысы В. Н. Титов тығыз турде телефон соқсын деп жатыр, – деген хабар айтты.

Виталий Николаевич Қазақстанға дейін ұзақ уақыт КОКП Орталық Комитеттінің аппаратында үйымдастыру-партия жұмысы бөлімінің менгерушісі, ал кейінірек Орталық Комитеттің осы сала жөніндегі хатшысы болып істеген. Мінезі шапшан да қатқыл, өзгеге көп ашила қоймайтын түйік, кіділеу кісі болатын. Және бір ғажабы, өзінің жұмыс кабинетінде облыс басшыларын, министрлерді, басқа да салалық мекемелер басшыларын қабылдаған кезде, екі арада болған әңгімені қара қарындашпен өзінің қойын кітапшасына жазып отыратын ғадеті бар екен. Соны көргенде, алдында отырған кісі көніліне еріксіз секем алышп, бір түрлі ыңғайсыздық сезінетін:

— Бұл не үшін керек? Жазып алған сөздерін қай уақытта, калай пайдаланбақшы екен? – деген сезікті күйде отыратын.

Телефон соққан Әшімовке де тықақтап:

— Осы бүгін Алматыға жету керек. Ертең таңертең Орталық Комитеттің бюро мәжілісі болады, – деді.

Ол кезде Бәйекеннің балалары Алматыда болатын, үлкен қызы Нәйлюфар мен ұлы Оңдасын Қазақ политехникалық институтында, кіші қызы Рауза № 54 мектепте оқытын. Үшеуі екі бөлмелі шағын пәтерде тұратын. Бұл кісі қасына бәйбішесі Бакыт Әсетқызын отырғызып, айтқандай-ақ, сол күні кешкілік Алматыға келді. Балаларына тұсті.

Ертеңгісін, наурыздың 31-і күні Орталық Комитеттің бюросына келді. Ол кездегі Бюро мүшелері мына кісілер еді: Бірінші хатшы болса-болмаса да Д. А. Қонаев, одан кейін Орталық Комитет хатшылары В. Н. Титов, Г. А. Мельник, С. Н. Имашев, А. С. Колебаев, Г. А. Козлов, Жоғары Кеңестің Төралқа төрағасы С. Б. Ниязбеков, Министрлер Кеңесінің төрағасы М. Б. Бейсебаев.

Мәжілістің бастапқы бөлігіне Бәйкен Әшімұлы қатынасқан жок. Өйткені онда Министрлер Кеңесінің төрағасын зейнетке шығару жөнінде мәселе қаралып жатқан болатын. Оның жайы былай еді. Осыдан екі жылдай бұрын, дәлірек айтқанда, 1968 жылдың қазан айында Мәсімхан Бейсебайұлы алпыс жаска толған болатын. Сірә, енді ол кісінің демалатын уақыты жетті деген үйғарым жасалған болар. Көп ұзамай, Бәйекен залға шақырылды. Мәжілісті жүргізіп отырған Қонаев сөзін Бюро мүшелеріне арнап былай деді:

— Министрлер Кеңесінің төрағалығына Бәйкен Әшімов жолдасты тағайындау туралы ұсыныс енгізіледі.

Бюро мүшелері түгелдей Бәйекене көздерін қадап бір сәтке ұнсіз қалды.

— Ұсынысқа бұл кісінің өзі қалай қарайды екен? – деген бір бәсекен дыбыс естілді. Соңдағы Бәйкен Әшімұлының қайтарған жауабы сөзбе-сөз келтіргенде дәл мынадай еді:

— Мен өзімді дәл қазір дайын тұрган төрага деп есептемеймін. Көп нәрсені менгеруге, игеруге тура келетін болар. Қайткен күнде де тезірек істің мән-жайына тереңірек үңіліп, басты бағыттарды байыптауға, сөйтіп неғұрлым нәтижелі жұмыс істеуге тырысармын. Сонымен бірге, өз жұмысында Орталық Комитеттің бюро мүшелері тарапынан, әсіресе Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өз тарапынан тиісінше колдау мен көмек болар деп ойлаймын. Өйткені бұл кісіде рес-

публикаға басшылық етудің, әсіресе үкіметті басқарудың ұзақ жылдарда жинақталған мол тәжірибесі бар екені мәлім.

Бұл сөз отырган жұртқа тиісінше әсер еткендей болды. Үкімет басшысына тағайындау жөніндегі ұсыныс бір ауыздан қабылданды. Сол күні кешке Бәйкен Әшімұлын Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы етіп тағайындау туралы Республика Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығы жарияланды.

* * *

1970 жылғы сәуірдің бірі күні Қонаев екеуі Министрлер Кеңесіне келді. Төраға кабинетіне онын орынбасарлары шақырылды. Ол кезде орынбасар болып мына кісілер істейтін: А. М. Вартанян, И. Г. Слажнев, М. И. Ильин, И. И. Зорин, Б. Б. Бөлтірікова, К. К. Кетебаев, С. А. Хачатуров. Димекен Бюроның кешегі қаулысымен таныстырыды да кетіп қалды. Орынбасарлармен сәлемдескеннен кейін жана төраға қысқаша мынадай сөздер айтты:

– Мен бүгіннен бастап Министрлер Кеңесі Төрағасының қызметін атқаруға кірісемін. Сіздер өздерініздің белгілеген жоспарларының бойынша жұмыс істей берініздер. Әрқайсынызben жеке-жеке әңгімелесіп, нақты жұмыстар жөнінде сөйлесерміз. Мен аз күннің ішінде жалпы істің мән-жайымен танысып алайын. Сіздерге айтар өтініш – өзірше облыстар мен министрліктердің қаржы және материалдық ресурстар бөлу жөніндегі сұрауларын қарамай, кідірте тұрыңыздар. Соңсaн, осы және басқа мәселелер жөнінде Одактық үкіметке, басқа да орталық органдарға қатынас-қағаз жолдамай тұра тұрарсыздар.

Орынбасарлармен кездесу аяқталғаннан кейін Бәйкен Әшімұлы Мәсекенмен оңаша қалды. Өзара сырласқан әңгіме бірер сағатқа созылды. Бәйекенің ол кісіні көп жылдардан бері білетінін, оны қадірлеп сыйлайтынын біз жоғарыда айтқанбыз. Ол тегінде бүкіл республикадағы құрметті кісілердің бірі бол саналатын. Бірталай облыстарда және Министрлер Кеңесінде жұмыс істей жүріп, көп тәжірибе шеккен және ортақ мұддеге мол еңбек сіңірген адам. Соңықтан Бәйекене сыр қылып ішкі ренішін айтқанда, Бәйкен Әшімұлының көнілі елжіреп, жаны ашыды. Орталық Ко-

миттептің бюро мәжілісіне дейін онымен ешкім әңгімелесіп, орнынан босатылатынын ескертпегеніне бұл да таңданды.

Осындай жабырқау үстінде Бейсебаев Бәйекеңе қызмет бабында орын алатын кейбір тұсініксіз жайларды да шет жағалап айтты.

Соңғы жылдардың бірінде одактық үкіметтің Улкен Кеңесіне жыл қорытындысы туралы есеппен барап алдында, керекті мағлұматтарды түгел жиыстырып алғаннан кейін, соны жинақтап қорытынды есепті Мәскеуге жөнелту жөнінде тиісті адамдарға тапсырма беріпті де, өзі күні бұрын демалыс алып, астана түбіндегі Барвиха санаторийіне жүріп кетіпти. Соңсоң мәжіліс басталар күні Мәскеудегі Үкімет үйіне келеді.

Сонда Улкен Кеңесті ашып тұрып, А. Н. Косыгин екі одактас республика басшысының есепті баяндамаға қатыстырылмайтынын хабарлайды. Бірі – Азербайжан, екіншісі – Қазақстан.

– Оның себебі, – дейді Одақтық Үкімет төрағасы, – бұл екі республикадан жылдық есеп уақытында келіп түскен жок. Сондықтан олардағы істің жайы бүгін қаралмайды. Бұл сияқты тәртіпсіздікке жол бермеу үшін біз осындай шара қолдануға мәжбүр болдык.

Ойламаған жерден абырайсыздыққа қалып, ренішпен қайтқан Мәсекен үйге оралғаннан кейін де осы жолсыздыққа кінәлі адамды таппады. Іс аяғы құрдымға батқандай бірден-бірге бұлдырап барып із-түзсіз кетті.

Осы бір тұсініксіз жайды әңгімелеп келіп, бұрынғы төр-аға өзі отырған мәртебелі орынға Бәйекенің келгеніне куанышты екенін айтты. Жұмыста табысты болуына тілекtestіk білдіріп қоштасты.

Жанағы тосын әңгімеге көңілі бөлініп, сөл ойланып қалған Бәйекен селт етіп есін жиды да, іс басқарушыны шақыртып алды.

Өзімен сәт сайын істес болатын жауапты қызметкермен жақынырақ сөйлесіп, егжей-тегжейлі танысқаннан кейін Республика Үкіметінің ішкі жұмысы, аппараттың құрылымы, жеке бөлімдердің әкімшілік-хұқықтық мәртебесі жайындағы ереже құжаттарды сұратты. Іс басқарушыға бөлім бастықтарын шақыртып алып, солармен қысқаша танысты. Үкімет үйіне үздіксіз келіп жататын алуан түрлі мәселелердің

тағдыры алдымен бөлімдерден бастау алып, ақтық шешімін тапқанда да осыларда тәмамдалатын болғандықтан, сол бөлімдердің басшыларымен жүздесіп алуды жаңа төраға қажетті деп санаған.

Алғашқы жұмыс күнінің қалған бөлігін және келесі күнді түгелімен ол өзінің орынбасарларымен әңгімеге арнаған. Үлкен Республиканың сан салалы экономикасы мен әлеуметтік өмірінің бар түйінді мәселелері өз арналарымен түйдектеліп келіп, осы бір шағын топтың алдында тоғысады да, солардың пікірімен, ұсынысымен үкіметтің неше түрлі қаулы-қарарлары, төрағаның бүйрық-жарлықтары, бұрыштама нұсқаулары түрінде шешімін тауып жатады. Көп істің кілті солардың колында.

Демек, олармен алғашқы әңгіменің өзі екі жаққа бірдей сын. Белгілі бір мәселенің жай-жапсарын бір жақ баяндан, бір жақ тындағанда, жекелеген мәселелерді дәлдеп анықтағанда, егжей-тегжейлі сұрастырганда, соған орай қосымша мағлұматтармен толықтырып дәйектегендеге, әлбетте, білікті маман мен билікті басшы бір-біріне іштей сынап қарап, бір жағынан өз денгейлерін өлшестіре, көзқарастарын салғастыра отыратыны да бекер емес. Бірақ үлкен жауапкершілік үстінде ортақ мұdde бірлігімен ұғысып, ортақ мұддеден табысуға ұмтылған болашақ әріптестер осы алғашқы жүздесу үстінде-ақ өзара жақсы әсермен молығысып, жайдары көнілмен толығысып қалған-ды.

Жұмыс аяғында Төрағаның үлкен кабинетінде оңаша қалған Бәйекен әкі күнгі әңгіме-дүкеннің ұзын-ыргасын еске алып, соны ортақ бір өзек төнірегіне топтастырмақ болып еді. Қайда, әрбір орынбасардың өз құзырындағы топ-топ мәселелердің өздері жеке бір-бір арнамен Үкімет үйінен кері қарай ағындан, Республика аумағына қарай тарап жатқандай әсер туғызды. Бұл солардың әрқайсысын ой көзімен шолып, әр тұста, әрбір іірім-иіндерге жон арқасын биіктете “мен мұндаған” қалың шаруаның ақ толқын айдынында көніл кемесімен жүзіп кеткендей болды.

Министрлер Кеңесінің тау бектерінде орналасқан демалыс үйінің аумағындағы Төрағаға арналған саябақта жаңа жайласып жатқан отбасына келіп, кешкі ас үстінде бала-шағасымен мәре-сәре болған аз үзілістен кейін, саябақтың

кең аллеясына шығып, көктемнің жібек самалымен кеуде керіп демалған оңашалықта манағы кабинетте өрбіген қалың ой торабы қайтадан қаумалады. Ерте көктемде жапырақ жайып, бүршік жарған, гүл құлтелерін ашып, алғашқы түйнектері байланған бастаған жеміс ағаштарының хош ісіне де аланнадатар емес. Екі күн бойы бірінен сон бірі жалғаса жамырап, ақыл-ойын билеп алған қам-қарекет тасқынын ойлағанда, бір сәт жүргегі дір етіп, қобалжығандай да болады.

Өйтпегендеге ше? Бізде Үкімет басшысын әзірлеп, бір күннің ішінде оны басқаруға дайын етіп шығаратын оқу орны жоқ. Ондай оку, сірә, дүние жүзінің бірде-бір елінде ешқашан болған да емес. Және Қазакстан сиякты үлкен республиканың жап-жақсы дамыған экономикасын, оның сан салалы өнеркәсібін, ірі ауыл шаруашылығын, құннен-құнгеге қанат жайып өрістеп жатқан құрылышын, өркенді мәдениеттің басқарып, миллиондаған енбек адамдарының тұрмыс-жағдайын, жалпы халықтың талап-тілегін қамтамасыз етіп отыратын үкіметтің билік тұтқасын бір қолда берік ұстап отыру үшін іштен бастық болып туған да, арнаулы окуын бітірген де адам болмайды.

Сонда қалай ету керек? Әрине, алдымен өзіннің тәжірибелді негіз ету керек. Ол енді өзінің саналы өмірінде бастаң кешкен ширек ғасырлық тәжірибесін еске алды. Соның он бес жылы аудан, облыс деңгейіндегі орындаушылық қызметпен Көкшетауда өтті. Бұл негізінен ауыл шаруашылығымен, оның егіншілік, малшылық салаларымен байланысты жылдар. Олардың ішінде әсіресе тың игеру кезіндегі қызу науқанмен өткен кезең. Содан кейінгі біраз жыл Қарағанды облысындағы басшы партия, кенес жұмыстарымен өтті. Республикамыздың ең шешуші өнеркәсіп салаларынан аса құнды тәжірибе шекті. Қөп нәрсені үйренді. Соңғы екі жылы Талдықорған облысындағы бірінші басшылық деңгейінде өтсе, оның да өзіндік ерекшеліктері мол болды. Табиғаты көркем, климаты жұмсақ, су көздері мен ылғалы жеткілікті бұл өнірде жер суару, техникалық егістерді өндеу тәжірибесін игерді. Өзгені былай қойғанда, бір ғана қант қызылшасы мен дәндік жүгеріні өсіру тәсілдерінің өзі неге тұратын еді?!

Сол жылдары ол қаншама адамдармен істес болды, қаншама мамандардың іс тәжірибесін көрді. Қаншама адамдар-

дың аузынан ақылды сөздер естіді. Жақсы басшы боламын деген адам шаруашылықтың әр саласын менгерген мамандардың, әрбір істің құпия сырын игерген ісмер шеберлердің тәжірибесіне дең қоя білуі керек.

Бәйекен кешкі саябақтың тыныштығында өзінің өткен өмірінің ең тағылымды деген сабактарын ой сүзгісіне салып сарапап, байтақ республиканың өзі көрмеген өзге өнірлерімен салыстыра, мөлшерлеп караса, мұның алдындағы міндеттер тіпті зорайып, бірнеше есе есіп кетеді екен. Жаңағы бір өзірде жүргегін дір еткізген де осы жәйт болатын.

“Қайтеміз енді, қалғанын өмірдің өзінен үйреніп көреміз-дағы...” – деген тәуекелге бекінген күйі жана жайдығы жан-ұясына карай бет алған.

Келесі күннің ертеңінде, кеше жұмыс аяғында өзі белгілеп кеткен тәртіппен, республиканың министрлерін қабылдай бастады. Бұл да ақыл мен ойды, билік пси тәжірибелі түгел жұмылдырып, кісінің назарын үнемі қалт жібермей қағілез ұстауды керек ететін жұмыс екен. Сайыска түскен екеудің жекпе-жегі дерсін. Бір жағында өз ісінің ұнғыл-шұңғылын түгел менгерген, талай сыннан мұдірмей өткен машины мамандар. Одактық-республикалық, жай ғана республикалық деңгейдегі министрліктердің, республика үкіметінің құрамына кіретін басқа да маңызды мекемелердің басшылары. Бірінен-бірі өтеді. Өнкей дүлдүлдер. Солардың қарсысында – мәртебелі бейтаныс басшы. Іштей сынай караса да, сыртқы бет-әлпетінен сыр бермей, бәрін де қимылсыз тыңдалап отырды. Неше алуан мәселелерді жүйе-жүйесімен жымдастырып, іркіліссіз баяндаушының сөзін анда-санда бір үзіп, кейбір жәйттерін, құнгірт кеткен тұстарын қайыра сұрастырып, бажайлай түскенде, сөйлеушінің қайта-қайта бас шұлғып бәйек қағатын кездері де болмай қалған жок.

Бірақ, қалай болғанда да, бір аптаға созылған бұл әңгімелер жана келген төраға үшін өте пайдалы болды. Алғашкы екі құнделі Төралқа мүшелерімен, яғни өзінің салалық орын-басарларымен әңгімелескен кезде нобайы көрінген жалпы жағдай енді көп реттерде егжей-тегжейленіп аныктала түсті. Сондағы әсіресе айқындала түскен – республикадағы экономо-

микалық дамудың жалпы жағдайы, одан да гөрі дәлденкіреп айтқанда, үстіміздегі бесжылдық жоспардың аяқталар кезеңіндегі орындалу барысы болды.

Қалған уақытта басты назарды қай салаға қалай шоғырландырып, белгіленген тапсырмаларды қалай қамтамасыз етудің нақты шараларын айқынданап алуға мүмкіндік бар сияқты. Мұның өзі де, әрине, үлкен олжа.

Екінші бір ойға түйген нәрсе, әлгіден гөрі көнілсіздеу жәйт – кейбір салалық басшылардың өз жұмысындағы олқылықтарға сылтау іздегенде, “Үлкен үйге” яғни Орталық Комитетке немесе өздері бағынатын одақтық ұйымдарға сілтетуі. Бұл — түбінде терен сыр жатқан мәселе.

Еліміздегі өмірдің барлық тыныс-тіршілігіне басшылық ететін Коммунистік партия екені баршаға мәлім. Ол арғы тарихында саяси бағытты белгілеу мағынасында ғана енгізілген қафіда болатын. Бірақ бара-бара сол қафіда тым кенеңтілген көлемде өмірге енгізілді де, көптеген бүрмалаушылықтарға жол ашты.

Айталақ, экономиканың жекелеген салаларымен шұғылданатын шаруашылық орындарының жұмысы тікелей үкіметпен байланысты, соған бағынышты. Өйткені олардың даму жоспары үкіметте шоғырланады. Оны жүзеге асыруға қажетті қаржы-қаражат көздері, материалдық ресурстар үкіметтің қолында. Үкімет орындарының құрылымдары да осы жұмыстарды ойдағыдай ұйымдастырып, жүзеге асыру мақсатына сәйкес жасакталады.

Бірақ, осыған қарамастан, дәл осындай салалық бөлімдер партиялық органдарда да құрылады. Сондықтан билік күші өз қолында тұрған партия комитетінің қызметкерлері үкімет органының жұмысына араласпай тұра алмайды. Тіпті салалық партия бөлімдері тарапынан кенес органдарының жұмысына қол сұғатын жәйттер де болады. Нәтижесінде үкімет органдары қызметкерлерінің төл міндеттерін жүзеге асыруда колбайлау фактілері орын алады немесе олардың беделі төмендейді, кейде тіпті оларды абырайсызыққа душар етеді.

Мұндай жолсыздықтың көріністері әсіресе жергілікті жерлерде жиі ұшырасады, Аудандық, облыстық буындарда қызмет істеген кездерінде Бәйкен Әшімұлы мұны талай рет көз-

бен көрген. Сол жолсыздыктардың республикалық деңгейін-дегі бастаулары мұнда айқынырақ байқалады екен.

Партия басқарған кеңестік құрылыштың табиғатынан туын-дайтын мұндай кінәратка қарсы тұрамын, үкімет органдарының беделін көтеремін деген кейбір қызба, ұрыншақ басшылардың тағдыры немен аяқталғанын Бәйекен, өзгені былай қойғанда, республика өмірінен жақсы біледі. Сондықтан бұл жерде жөнсіз кеудемсоктық қәдеге аспайды.

Бірақ барлық табыстардың басты кепілі республикадағы басшы орындардың ынтымақпен бірлесіп жұмыс істеуінде екеніне анық көз жеткізген Үкімет төрағасы бұл мәселені де ақылға салып, парасаттылық жолымен реттеуге әбден болар деп ойлады. Республика басшылығында Димекен сияқты аса тәжірибелі, көпті көрген, ақыл-парасаты мол кісі тұрғанда, бұл кінәраттың жолын кесудің онтайлы шарасы табылатынына сенеді. Өйткені өз басының бұған пейіл екені Бәйекеннің өзіне аян.

Осы төніректегі бірсыныра жәйттерді өз ішінде сарапқа салып, ойланып-толғанғаннан кейін Бәйекен Әшімұлы кезекте тұрған шаруаларына оралып, Бірінші хатшыға телефон шалды.

– Димеке, Сізге жолыбып қайтатын бір шаруалар болып тұр, – деді бұл кісі сәлемдескеннен кейін.

– Бәйекен Әшимович, – деді Димекен бұл кісінің орысша аты-жөнін қазақ тіліне бейімдеп жұмсаста айтып, – сізге қашан келсөніз де жол ашық. Қаласаңыз, қазір келіңіз.

Бәйекеннің Бірінші хатшыға жаңа лауазымдағы қызмет бабында алғаш рет барғаны осы еді. Ол осы күндері үкімет мүшелерімен жеке-жеке әңгімелесіп, істің жайымен танысқанын хабарлады. Сонсоң сәл бөгеліп отырып:

– Димеке, – деді, – мұндағы қызметке кіріскеніме біраз күн болып қалды рой. Енді Одактық үкімет төрағасына ба-рып көрінгенім дұрыс шығар.

– Отे дұрыс, – деп Димекен өзіне тән жұмсақ мінезімен жымып күлді. – Барып сәлемдесіп қайт.

Бәйекен Әшімұлы шығуға ынғайланғанда, сәт сапар тілеп отырып, Димекен тағы бір сөз қости:

– Бұл жолы басқа жаққа бұрылмай-ақ Косыгиннің өзінен қайтарсын.

БАСШЫЛЫҚ БАСҚЫШТАРЫ

Бәйкен Әшімұлы бұған дейін А. Н. Косыгинмен бетпе-бет кездесіп, ауызба-ауыз сөйлесіп көрген емес. Бірақ Коммунистік партия мен Кеңес мемлекетінің көрнекті қайраткері ретінде сырттай атына қанық. Әсіресе Қарағандыда істеп жүрген кезінде Мәскеуден жиі келіп тұратын еліміздің ірі-ірі өндіріс басшылары, ауыр өнеркәсіптің салалық министрлері, Одаққа мәлім айтулы мамандар Косыгінді жиі ауызға алып, Алексей Николаевич деп құрметпен айтатын. Өнеркәсіптің білгірі деп ілтипат білдіріп отыратын.

Карап отырса, өмірбаяны да өте бай, басшы жұмыска ерте араласқан кісі. 1938 жылы 34 жасында Ленинград қалалық атқару комитетінің тәрағасынан бастап, 35 жасында Одактық тоқыма өнеркәсібінің халық комиссарлығына жоғарылатылған. Ал 1940 жылдан бастап Кеңес үкіметі тәрағасының орынбасары болып үздіксіз қызмет атқарған. Ара-ара сында Қаржы министрлігін, Жоспарлау комитеті мен Халық шаруашылығы кеңесін қоса басқарып, ел экономикасының ең шешуші тұтқаларын ұстаған. 1964 жылдан бері – Одактық үкіметтің басында. Хрущевтің құбылмалы құйтырқы саясатынан арылып, елімізде “лениндік ахуал” атты қалыпты қоныржай әуен орнағалы үкімет айналасында бір қалыпты іскерлік жағдай жасалғанын біletін жұрт қанағатпен атап жүретін.

Бәйкен Әшімұлы Косыгинге белгіленген сағатта келіп жеткен. Оның жұмыс кабинеті Кремльде, Министрлер Кеңесінің басшылығы орналасқан үйде, екінші қабатта екен. Кезінде бұл кабинетте И. В. Сталин, одан кейін Н. С. Хрущев отырыпты. Бұл кісі келгеннен кейін қабылдау бөлмесіндегі хатшы кабинетке кіріп шықты да:

– Кіріңіз, Алексей Николаевич сізді күтіп отыр, – деді.

Кеңес үкіметі тәрағасының кең кабинетінде басы артық жиһаз жок, іші өте қарапайым жиыстырылып, қызмет орнына ғана бейімделген екен. Төрде әдеттегідей жұмыс столы, оның бір бүйіріне тақалып, тағы бір шағындау стол қойылған. Оның үсті толған телефон аппараттары, бәрі реттімен қатар тізіліпті. Оң жакта, қабырганы бойлай ұзыннан тартылған мәжіліс столы, беті жасыл шұғамен қаптал-

ған. Төрағаның келген кісілерді қабылдайтын және шағын көлемді мәжіліс өткізетін орыны осы.

Қабылдау бөлмесіне кірген бетте оң жақта бір кішігірім кабинет көрінді. Бәйекен кейін білді, мұнда телетайп аппараты орнатылған еken. СОТА-мен тікелей байланысы бар бұл бөлмеге жедел түрдегі маңызды одақтық және шетелдік ақпарат хабарлары түсіп жататын көрінеді.

Одан әрегіректе № 5 зал деп аталатын бөлмеге кіретін есік. Жұмыс бабындағы әр түрлі мәжілістерді Төраға сонда өткізеді еken. Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Қаржы министрлігінің, тағы басқа үкімет органдарының қатысуымен жылдық және бесжылдық халық шаруашылық жоспарларының жобасын қарайтын, мемлекеттік бюджетті талқылайтын, сондай-ақ осы мәселелер бойынша одақтас республикалар үкіметтері басшыларының баяндамаларын тыңдайтын кеңестер де осы залда өткізіледі еken. Оған кейінгі жылдары Бәйкен Әшімұлы өзі де қатынасып жүрді.

Кабинеттің екінші жақ қапталында сопақша келген тағы бір ұзын зал бар. Ішіне 250-300 қаралы адам сыйытын бұл залда сонау Ленин заманынан бермен қарай Министрлер Кеңесі төралқасының мәжілістері өткізіледі еken. Үкіметтің толық құрамының отырысы да осы жерде болады.

Бәйкен Әшімұлы кіргенде, Коғыгин орнынан түрегеліп, оған қарсы жүрді де, ұзын кабинеттің орта тұсына аялдады. Бәйекен оған тақалып бармай, бірнеше қадам қашықтықта тоқтап, өзінің әскер қызметінен қалған дағдысымен баяндау түрінде тіл қатты:

– Мен, Әшімов, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тағайындалуыма байланысты Сіздің алдыңызға келіп тұрмын, – деді.

Алексей Николаевич бұл кісімен колдасып амандастып, жылды лебіз білдіре құттықтады да, үстел басына қарай шақырды. Бойы ортадан жоғары, дене бітімі таралғы, қимыл-қозғалысы ширақ кісі еken. Сол кезде жасы 66-да болатын.

Бәйекеннің бұған дейін қайда істегенін сұрастырды, республика жағдайынан әр түрлі сауалдар берді. Әсіресе бұл қызмет істеп кеткен облыстарды егжей-тегжейлеп бағамдады. Көкшетау облысы жайында сөз болғанда, Бурабай курортын еске алды. Жиырмасыншы жылдары, Сібірде тұтыну кооперациясы жүйесінде істеп жүргенде, өкпе ауруына шал-

дығып, сол жерде емделгені бар екен. Бәйекен қазір бұл өнірде кен жүйелі емдеу-профилактика аймағы жасалғанын айтты.

Одан әрі Ұлы Отан соғысы кезінде қай майдандарда соғысқанын сұрастырыды. Сол жылдары еліміздің батыс аудандарындағы майдан шебінде қалған ірі қәспорындарды Шығыска, оның ішінде Қазақстанға қарай көшіру кезіндегі киындықтарды әнгімеледі. Сол барған жерлерінде өндірісті қауырт мерзімде жолға қойып, майдан мұддесіне өнім бере бастаған жәйттерді бір сыйырғы егжей-тегжейлеп айтты. Бұл Коғыгиннің сол кездегі белсенді қызметі жайында маршал Г. К. Жуковтың естелік кітабында жақсы айтылғанын еске алды. Бірақ сөз қоспай, үнсіз тыңдал отырды.

Содан соң Алексей Николаевич Қазақстанның қазіргі жайына, елдің жалпы экономикалық балансындағы республиканың алатын орнына, халық шаруашылығын өркендетудің таяу болашақтағы өрісінде Қазақстанның мүмкіндіктеріне қаншалықты зор маңыз берілетініне қысқаша тоқталып етті.

– Өзінізге мәлім, Қазақстан – өте үлкен республика, – деп жалғастырыды сөзін Одактық үкімет тәрағасы, – көлемі қандай зор болса, табиғи ресурстары да сондайлық мол. Соны бүгінгі мүмкіндіктерінің бен қажеттіліктерінізге қарай тиімді де ұтымды пайдалануға тырысыныздар. Ол үшін ең әуелі өздерінің инициативалы да іскер болғандарыңыз жөн. Орталықтағылардың жергілікті жерлерге колы да, қамкорлығы да жете бермейді. Сондықтан ынта-жігер де, бастама-қостама да көбінесе өздерінізден болып жатсын.

Жасыратын несі бар, мұндағылар алуға жомарт та, беруге саран. Демек, не сұрасаңыздар да, дәлелдеп, дәйектеп, одактық мұддеге орайластыра сұрағайсыздар.

Соңғы айтарым, орталық органдармен тығыз байланыс болуы керек. Және де бұлай қарай шығатын қызметкерлер сөзі өтімді, өзі беделді, пысық та іскер адамдар болсын. Пысықай емес, пысық. Пысықайлар басқа өнірлерде жетіп жатыр, – деп Тәраға ақырын ғана миығынан күліп қойды.

Бұл сіздің жеке өзінізге ғана арнап айтқан кеңесім. Есінізде болсын, – деп тағы ескертті.

Бәйекен үнсіз ғана бас изеп қабыл етті бұл сөзді.

– Ал енді қандай тілек, өтінішіңіз бар? – деп сұрады Тәраға әнгіменің түйікталып келе жатқанын аңғартып.

— Әзірге ешқандай өтініш жоқ. Мен жаңа жұмысқа жақындаған кірістім ғой. Бұл жолы тек Сізге көрініп, сәлемдесейін деп арнайы келдім, — деді Бәйекен де жауабын қысқа қайтарып.

Бәйекен Әшімұлы Коғыгиннен едәүір қанағат сезімімен көтерінкі көңіл құйінде шықты. Енді Алматыға қайтар жолда осы сапарға сабактас тың өрістерден ой толғаған. Ең алдымен ол республика өкілдерінің орталық органдармен байланысы жөнінде ойлады. Коғыгиннің айтқан сөздерін тағы да еске түсіріп, сана сарабына салды. Бұл өзінің де көкейінде көптен бері жүрген мәселеле болатын.

Бірак анда-санда, әр түрлі орайда кенеттен қылаң беріп өте шыққанымен, анық тұжырымға келіп, аузынан шыққан емес. Екі басының да сүйір үшкірі бар әнгіме. Сондықтан да болар Үлкен Төрағаның: “сіздің жеке өзінізге ғана арнап айтқан кеңесім”, — деп тұбықтағаны. Әрине, екінің біріне айта беретін сөз емес.

Ал бұған ашылып айтқаны – ұнатқаны болар. “Кісі көңілі кейде бір ауыз сөзге де жығыла қалады-ау, сірә. Соңсоң, жоғарыда отырған адамның екі жаққа да бірдей әділ болғанына не жетсін. Расында да, Қазақстанның орталыққа беріп жатқаны аз емес, сондықтан өзіне тиесіліні алып отырсын десе, ол да әділдік емес пе?”

Бәйекен осы ойды әрі қарай сабактайды:

“Хош, сонда бұл қарым-қатынастың ебін тауып, онтайынан шығудың жолдары қандай болмақ?” Әрине, үкіметтің өз тарапынан тартылған жол болса, әр жағы бұл кісінің тікелей өзіне байланысты. Ал одан кейінгі үш үлкен арна: Қаржы министрлігі мен екі мемлекеттік комитет – Жоспарлау және Жабдықтау органдары. Осы арналардың жолы ашық болса, қалған өнеркәсіп салалары: көмір, мұнай-газ өндірістері, әр тараптағы құрылыш үйімдары, тағы басқа одактық-республикалық құрылымдар өздері-әк өзара тіл табысып, ауыз жаласып жатады. “Мықтап есте ұстайтын – алғашқы ойға оралған арналар. Демек, бізге осы салаларда ойы өрісті, сөзі отімді, тәжірибелі адамдар керек. Шіркін, Ілекен, Илияс Омаров әлі де жоспарлау саласында тұра тұрғанда дұрыс болады сен. Қазір ол басқа салаға ауысып кетті. Дегенмен, сол кісімен істес болған, сабак алған іскер жігіттер қалған шығар. Соларды пайдалану керек”.

Бәйкен Әшімұлының ұшақ ішіндегі жолын қысқартқан ойлардың екінші бір парасы – биыл аяқталатын сегізінші бесжылдықтың өтіп бара жатқан соңғы жылы. Сөз жоқ, оның жоспары Қазақстанның Одак көлеміндегі өз орнына сәйкес ойдағыдай аяқталуы керек. Оның басты көрсеткіштерінің накты орындалу жайына өзі әлі терендеп үніле алған жоқ. Барған бетте осыны қолға алмаса болмайды. Қабылданғанда басы-қасында болмаса да, аяқтағандағы жауапкершілікті өзгеге аудара салмайтыны белгілі. Сондықтан бірінші тоқсанның қорытындысын талқылағанда, тек жыл басынан бергі жұмыспен шектеліп қалмай, өткен жылдардың олқылықтары мен алдағы айлардың міндеттерін қоса қамту қажет.

Бәйекенді қатты ойлантып отырған нәрсе бүл емес, басқа шаруа. Бүл бесжылдық болса-болмаса да өтті ғой. Тынған іс ешқайда кетпес. Төрағаны тебірентіп келе жатқан нәрсе – келесі бесжылдықтың қамы: “Мына бесжылдық елді он жыл билегенде талай рет жарға апарып соқтырған Хрущевтің айран-ботқасынан кейін ес жиып, еңсе көтерудің, бүлінгенде бүтіндел, кирағанды қайтадан қиуына келтірудің бесжылдығы болды. Жана үрдістерге қарай үдере жылжып, ілгері кетуге мұрша болған жоқ.

Бірақ әйтеуір елдің іргесі бүтін, тірегі берік. Ел ішінде тыныштық әуен орнаған тәрізді. Бұра тартып, арна бұзатын арын байқалмайды. Сондықтан қолдағы бар мүмкіндікті дұрыс пайдаланып, елдің әлуетін әлеуметтік-мәдени салаға, халықтың қарапайым тұрмысын жақсартуға қарай бұрған макұл”.

Осы тұста Бәйекен өзі қызмет істеп жүрген кездегі жергілікті жердегі жүдеу-жадау тұрмысты еске алады.

“Не көрмеді бүл халық? Әріге бармағанның өзінде, соғыстан қалжырап шыққан ел денесіне сол соғыс түсірген жараны жазып, күйзелген шаруашылықты зордың күшімен калпына келтіріп еді, ойда-жокта Хрущевтың құйтырқылары басталды.

Бір тәуірі, тың игеру науқанының әр түрлі асыра сілтеулеріне қарамастан, жалпы нәтижесінде Қазақстанның экономикалық әлуеті ілгері басты. Егіс көлемі еселеп өсіп, астық өндірісі артты. Қазақстан – ел ырысы деген баға жалпы Одак көлемінде қалыптасты. Соған қарамастан, біздің республи-

када да халықтың тұрмысында кем-кетік көп. Димекеңмен ақылдасып, сол кісі қолдаса, халықтың қамын ойлайтын кісі фой, қарсы бола қоймас, жаңа бесжылдықта басты назарды осылай қарай бағыттаған жөн-ақ болар еді".

Төраға Мәскеуден қайтып оралса, Үкімет аппараты түгелдей бірінші тоқсанның қорытындысын шығарып, оны Үлкен Кеңесте талқылауга әзірленіп жатыр екен. Бұрыннан қалыптасып, дәстүрге айналған жоспарлы жұмыс болғандықтан, Төрағадан нұсқау күтпей-ақ өздігінен жүзеге асып жатқан шара. Соны мақұлдай отырып, Бәйкен Әшімұлы жол бойы санасын билеген көп ойларының бұл мәселеге қатысы бар бір ұшығын ғана сыртқа шыгарды.

– Әнгіме тек бірінші тоқсанның қорытындысы жайында ғана болмасын. Жылдың қалған уақытында бүкіл бесжылдықты толық орындаудың шаралары кеңінен қарастырылсын. Осы жағын мықтап ойластырыңыздар, – деген пікірін ғана білдірді.

Министрлер Кенесінің жаңа Төраға жүргізген бірінші Үлкен Кеңесі есте қаларлық болды.

Негізгі баяндамалардан кейін Әшімов экономиканың басты салаларын басқарып отырған министрлер мен бірсыпыра облыстық кеңес төрағаларын түгелдей дерлік талқылауға шакырды. Төралқа мүшелері де істің жағдайына өздерінің тарапынан талдау жасап, орын алып отырған кемшіліктеге көбірек назар аударды. Олардың себептерін ашып көрсетуге тырысты. Сөйтіп, кеңес отырысы жоғары іскерлік дәрежеде өткені айқын болды.

Төрағаның талқылау барысында берген сұраптары, айтқан ескертпелері, корытынды сөзі қатысуышыларға зор әсер етіп, оның әмбебап дәрежесін танытқандай болды. Ол мәжілістен кейінгі күндері ондағы туындаған мәселелердің ізін сүйтпастан, тиісті басшыларды жеке-жеке қабылдап, қосымша ақыл-кеңестерін айтты, ескертпелерін де іркіп қалмады. Нәтижесінде жүрттың бәрі де ортақ түсінікке келгендей еді.

Және сол әнгімелердің барлығында: үкімет мүшелерімен кездескенде де, аппарат қызметкерлерімен жүздескенде де, Үлкен Кеңестегі алқалы жиында да жаңа Төрағаның баса назар аударып, шегелеп айтқаны: біз халықтың сенімін ақтайдыз, өзімізге жүктелген міндетті абыраймен атқарамыз

десек, бәріміз де – лауазымның үлкен-кішісіне карамай, әркім өз орнында өзіне сеніп тапсырылған іс үшін жауапкершілікті ұмытпасын, әрдайым жауапкершілік сезімінің жетегінде болсын деген ақыл-кеңес еді.

* * *

Мәжілістен кейінгі апталарда Төраға республиканың бұрын өзі болмаған бірсызыра облыстарын аралап қайтты. Алдымен кенді Алтайдың түсті металлургия алыптарын барадып көрді. Павлодардың жазық даласын қопара көтеріп, көмір шығарып жатқан алпауыт комбайндармен, сол негізде салынып жатқан жылу-энергетика орталықтарының құрылышымен танысты. Қайтар жолында Семейге соғып, ондағы женіл, тамақ өнеркәсібінің жай-жапсарына қанықты. Ұлы Абай мен Мұхтар Әуезовті берген Шыңғыстау жеріне тәуап етіп кайтты.

Ендігі бір сапарда Батыс Қазақстанның мұнай-газ кеніштерінде болды. Жердің жетіқат астынан бұрғы тартып, мұнай ағызып жатқан өндірісшілердің өнімді істеріне, жана кен орындарын барладап, болашақ байлық көздеріне із тастап жатқан геолог мамандардың шабытты әңгімелеріне тәнті болды.

Сөйткенше көктем өтіп, жаз да келіп қалды. Республиканың ұшан-теніз егін далаларында көктем егісі бабына келтіріліп, агротехникалық қолайлы мерзімде өткізілді. Қыстама да ойдағыдай аяқталып, мал басы жас төлмен толысты. Жыл ортасы жақындалап, енді халық шаруашылығының жалпы көлемінде бесжылдық тағдырына қайта оралатын мезгіл жетті.

Жарты жылдың қорытындысы Үкіметтің үлкен кеңесінде қайтадан қаралып, көктемдегі әңгіме әрі қарай жалғастырылды. Сондағы айтылған біраз олқылықтардың орны толтырылып, істің ілгері басқаны байқалды. Бесжылдықтың төбесі айқын көріне бастағандай. Алдымен осы істі жеріне жеткізіп, белгіленген белескे көтерілу керек. Әр жағында сол асудан асып, жана бір биіктерді нысанана алатын да кезең алыс емес.

Осы жәйттерді ойластыра келіп, Бәйкен Әшімұлы Димекене барып ақылдасты. Үкімет отырысындағы жарты жылдықтың қорытындысын талқылаумен таныстырды. Келесі

бесжылдықтың басты бағыттары жөнінде айтылған кейір ұсыныстарды баян етті.

— Димеке, — деді Үкімет Төрағасы байсалды үнмен, — бұл бесжылдықтың басты көрсеткіштері бастапқыда өздерінің ойластырыған ұддеден шыққалы түр. Оны сеніммен айтуға болады. Ендігі мәселе алдағы жылдардың басты нысаналарын айқындаپ алуда гой деген ой келеді. Республиканың қазіргі аяқ алысы жаман емес екенін өзініз білесіз. Әрине, ауыр өнеркәсіптің өзіміздегі бар салалары да, жаңадан қолға алынатындары да, сөз жоқ, басты назарда болады. Оған ешқандай талас жоқ. Бірақ, сонымен қатар, ауыл-селодағы әлеуметтік-мәдени құрылыш мәселелеріне басымырақ назар аударатын да мезгіл жеткен сияқты. Халықтың тұрмыс жағдайы бізді қатты аланғатуға тиіс. Әсіреле қазақ ауылданында.

Біз биылғы жарты жылдықтың қорытындысын Орталық Комитеттің бюросында баяндаپ берсек. Үкімет мәжілісінде белгіленген шараларды бюро мүшелерінің ұсыныс, пікірлерімен толықтырып, бұл мәселенің басын біржолата ашып алсақ. Әр жағында болашақ бесжылдықтың бағыттары жөніндегі ойлар өздігінен өрбитін болар. Соларды ортақ бір арнаға түсіріп, Орталық Комитет пен Үкімет Төралқасының келісілген бағыты бойынша жаңа бесжылдық жоспардың жобасын белгілеуге кірісер едік.

— Бұл айтқандарыңыз дұрыс, Бәйкен Әшимович, — деді Димекен. — Бесжылдықтың қорытынды жылын ойдағыдай аяқтау мәселесін бюро мәжілісінде қарау мұнда да жоспарланып отыр. Соған баяндаманы өзініз әзірленіз. Ойынызды түгел ортаға салыныз. Әр жағын көре жатармыз. Қандай мәселені болса да келісіп алып, бірлесіп шешу деген пікіріңіз орынды. Мен қолдаймын.

Сонымен Үкімет төрағасы халық шаруашылығының да-му барысын бесжылдық жоспардың негізгі тапсырмалары мен салыстыра отырып, жарты жылдықтың қорытындылары туралы Орталық Комитеттің бюросына егжей-тегжейлі баяндама жасады. Бұл мәселе Үкіметтің үлкен кеңесінде биыл екі рет талқыланып, онда бірінші тоқсан мен жарты жылдықтары жұмыс нәтижелері қаралғанын, орын алған олқылықтарды жою бағытында бірқатар шаралар белгіленгенін хабарлады. Соларды жүзеге асырып, бүкіл бесжылдық қоры-

тындысында республиканың Одақ көлемінде абыройлы биіктен көрінуі үшін жергілікті кеңес, шаруашылық органдарының партия үйымдары тарапынан қандай қолдау мен көмекке мұқтаж екенін айтып өтті.

Бұдан әрі Төраға алдағы бесжылдықтың белесінде қандай асуладардан асу керек, сол жоспардың басым бағыттарын белгілегендеге, қандай міндеттер нысананаға алынуы керек деген мәселелер төнірегіндегі пікірлерін ортаға салды.

– Элбетте, – деп сабактады ол өзін толғандыратын жәйттерге қатысты ойларын, – Қазақстанның қарыштап өркендеген экономикалық құш-қуатын одан әрі өрге бастыру, қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің деңгейі мен талаптарынан туындастын жаңа бағыттарды жеделдете дамыту тұракты түрде назарда болуы талассыз ақиқат. Оған ешкімде ешқандай күмән болмауы тиіс.

– Сонымен бірге, – деп, Бәйкен Әшімұлы бұдан аргы айттар ойын тұжырымдаңырап алғысы келгендей сәл бөгелліп, ойланыңқырап тұрды да, сөзін әрі қарай жалғастырды, – жасыратыны жок, біздің ауыл-селодағы еңбекшілердің әлеуметтік-мәдени тілектерін қанагаттандыру жайы қажеттілік деңгейінен көп төмен жатыр. Әсіреле халықтың тұрмысы мен материалдық ахуалында жетімсіздіктер баршылық. Мениң әйтпағым мынау: бізде тың өңірлерді игеру кезінде бірнеше жүздеген жаңа кеншарлар құрылды. Оларға негізінде мемлекет тарапынан қажетінше қаржылай және заттай көмек көрсетілді. Нәтижесінде жаңа үлгідегі абаттандырылған, тұрмыска қолайлы мекен-жайлар пайда болды. Ал бұрынғы ұжымшарлар сол баяғы жарлы ауыл-деревнялар күйінде қалып қойды. Осы тенсіздікті жойып, ауыл шаруашылығының барлық енбеккерлерін толымды тұрмыстың ортақ деңгейіне шыгаруымыз керек. Біздің есебіміз бойынша, республикада әлеуметтік даму жағынан мұлде кейін қалған кемінде 40-50 аудан бар. Соларды ерекше қамқорлыққа алмасақ болмайды. Біз бұл жөнінде, егер Орталық Комитеттің бюросы мақұлдаса, арнайы бағдарлама жасап, қолданылатын шарапардың накты жобасын жасамақпыш. Бұл үшін жаңа бесжылдық жоспарда Одақтық үкімет тарапынан қосымша ресурстар бөлуді сұрастырған жөн деп ойлаймыз. Осыған байланысты бір маңызды мәселе бар.

Біздің республика өте аумақты екенін өздерініз білесіздер. Табиғат жағдайы әр аймақта әр түрлі. Зәру мұқтаждық та болмай түрмайды. Сондай төтенше оқиғалардан сақтандыру үшін құрылған арнаны қорымыз да болатынын өздерініз білесіздер. Оның бер жағында ағымдағы жоспарлы қажеттіктерге арналған материалдық ресурстар резерві өз алдына. Соның барлығы үкіметте шоғырландырылған. Бәрі де өз кезегінде рет-ретімен бөлініп отыруға тиіс. Солай бола тұра, біздің кейбір жолдастар жергілікті жерлерге барғанда, өз құзырындағы мекемелер мен үйымдарға өз тарапынан косымша материалдық қорлар бөлу жөнінде уәделер беріп жатады екен. Ондай мүмкіндік дәл қазір бар ма, жок па, – оны ескермейтін сияқты.

Жомарттық – жақсы мінез, әркім де жомарт болғысы келеді. Кейде сол жомарт ердін қолын жоқтық байламай ма? Мениң айтпағым, қандай зәрүлікке қандай қолқабыс тигізу қажет болса да, оны ақылдастып шешейік. Қолда бар мүмкіндікті бір жерден, бір адамның билігімен бөлейік. Жаңағыдай әдет Төраға орынбасарлары тарапынан да байқалады екен. Мен оған тыйым салдым. Бюро мүшелерінен де өтінерім осы – бұл салаға тікелей жауапты Төрағаның келісімінсіз ешкім сырттай билік жүргізбесе екен.

Құрметті Димаш Ахметұлы! Құрметті Бюро мүшелері! Мен тағы бір мәселе жөніндегі ойымды ортаға салғым келеді. Мені дұрыс түсінулерінізді өтінемін.

Біздегі өмір тіршілігінің барлық саласына бағыт беруші, басшылық етуші – партия. Бүкіл елдегі сияқты, республика үкіметі де, қоғамдық үйымдар да партияның басшылығымен жұмыс істейді. Ал сонымен бірге үкіметтің жауапты атқарушылық қызметінде белгілі бір дербестік, өз ісінде сенімділік болуы үшін, бізде маңызды мәселелерде күні ілгері келісілген ортақ пікір, ортақ көзқарас, өзара түсініскен ортақ принцип болса екен деймін. Әрбір жауапты қызметкер, әрбір буындағы басшы жан-жакқа жалтақтамай, өз ісінде бекем, сенімді болуы үшін осындай іскерлік өуен, жолдастық қарым-қатынас өте қажет деп ойлаймын.

Тағы да өтінерім: мені дұрыс түсінініздер. Мен мұны үкіметке ерекше хұқық беру мағынасында айтпаймын. Тек кана үкімет аппаратының қызметкерлері шұғылданып жатқан жұмысқа сырттан араласуышылық, дөrekілеу тілмен айт-

қанда, жол-жөнекей қол сүғушылық болмаса екен деген мағынасында айтып тұрмын. Әлбетте, Министрлер Кеңесі істін жалпы бағдарын Орталық Комитеттің бюросымен қашанда келісіп анықтайды. Сол келісімді жұмыс үстінде қатардағы орындаушылар тарапынан ұсақ қамқорсу, қосымша нұскаулар бола бермесе деген мағынада айтып тұрмын.

Үстіміздегі бесжылдықтың алғашқы қорытындылары және оны ойдағыдан аяқтау жөніндегі үкімет тарапынан айтылған пікірлер мен колданылып жатқан шараларды Бюро мүшелері түгелдей мақұлданап, костады. Өздерінің де ойлағын ортаға салып, бірсызыра орынды ұсыныстар енгізді. Болашақ бесжылдықтың бағыттары жөніндегі пікірлер де бір ауыздан қолдау тапты. Оның үстінен, Орталық Комитеттің нақты салалармен айналысатын хатшылары халықтың әлеуметтік жағдайын, мәдениеті мен тұрмысын көтеру бағытында батыл-батыл пікірлер білдіріп, бұл салаларды мықтап қолға алу кажеттігін баса айтты.

Қорытынды сөзінде Димаш Ахметұлы да мәжілісте айтылған пікірлерді қостап сөйлемеді:

– Эшилов жолдас үстіміздегі бесжылдықтың саяси да, экономикалық та мәнін өте дұрыс көрсетіп өтті. Бұл дұрысында, еліміз бен партияда лениндік өуен қайтадан қалпына келтірілген жағдайда өтіп отырған бесжылдық, одан да гөрі нақтылап, дәлденкіреп айтатын болсақ, елімізде кенестік бесжылдықтарға қайтадан оралған кезде қабылданған алғашқы бесжылдық. Соңдықтан оның ойдағыдан орындалуын қамтамасыз ету – осы отырған сіздер мен біздің партиялық, ал кенес халқының патриоттық парызы. Бұл – бір.

Екіншіден, бұл жоспарды ойдағыдан орындау – Қазақстан үшін ерекше абырайлы іс. Өйткені қазір біздің республиканың жалпы одактық баланста алатын орны өте зор. Демек, бесжылдықтың алғашқы белгіленген бақылау цифrlары шенберінде қалып коймай, басты көрсеткіштерді едәуір артығымен жүзеге асыруға тырысуымыз керек.

Үшіншіден, алдағы бесжылдықтың негізгі бағыттары жөнінде жолдастардың алдын-ала қам жей бастағанын мен барынша құптаймын. Жалғыз-ақ осы тұста бір ескертетінім, біз болашақты ойлағанда, бір ғана бесжылдық емес, оның арғы жағындағы алысырақ болашаққа да көз жіберіп қарауымыз керек. Біздегі табиғи ресурстардың мол екені өзде-

рінізге мәлім. Енді соларды молырақ игеру жағын ойлас-тыруымыз қажет. Қазіргі ғылыми-техникалық прогрессін тегеуіріні өте күшті. Техниканың бұрын естілмеген жаңа салалары есік қағып тұр. Соларға керекті минералдық ресурстар көзі бізде. Солардың негізінде бізде ғылым мен техниканың тіпті ойға келмеген, көз көрмеген жаңа салалары, жаңа өнер-кәсіп орталықтары пайда болып, ілгері дамуы ықтимал. Ал, оның бергі жағында, таяу бесжылдықта, өзгені былай қойғанда, отын-энергетика саласы мықтап дамытылады. Көмір, мұнай кендерінің қазіргі орталықтарындағы өндіріс каркының жеделдетумен қатар жаңа көздерін игере бастауымыз қажет. Бұл орайда одактық ведомстволардың көбі бізбен ақылдасып кимыл жасауға өздері мүдделі болады әлі.

Осында әлеуметтік-тұрмыс мәселелері төңірегінде бір-сыпыра сөз болды. Бұл — жалпы Одак көлеміндегі дерпті мәселе. Мен сіздерге айтайын, мына Сібірде, Қыыр Шығыс пен Қыыр Солтүстікте, тіпті Орталық Ресейдің көп жерлерінде, өзгені былай қойғанда, азық-тұлік проблемасының өзі өте киын. Оларға қарағанда, біздің жағдайымызды шүкірлік деп айтуға болады.

Бірақ, соған қарамастан, халықтың материалдық әл-ауқатын, ауыл-селодағы әлеуметтік ахуалды жақсартуға назарды күшешту міндет. Оны бесжылдық жоспар жобасында мықтап ескеру қажет те, соған одактық бюджеттен жылма-жыл қаржы бөлдіріп отыру керек. Бұл үлкен мәселе. Бәлкім, бір мәжілісте оның бас-аяғын біржола тәмамдай қою киын да болар. Бәйкен Әшимович, Сізбен бұл жөнінде кейінірек кенесе жатармыз.

Осы орайда бюро мүшелерінің назарын аударатын тағы бір мәселе – алдымызда таянып келе жатқан Қазақ КСР-нің 50 жылдық мерейтойы. Бұл өте үлкен саяси маңызы бар оқиға екенін сіздерге түсіндіру қажет емес деп ойлаймын. Бізде ертерек ойластырылған бағдарлама болатын. Соны қайтадан нақтылап, жедел дайындықты қолға алу керек.

Біздің мерейтойымызға Леонид Ильичтің келемін деген уәдесі бар. Олай болса, барлық республикалардан, Мәскеу мен Ленинградтан жоғары дәрежелі делегациялар шакыруға тұра келеді. Туған Қазақстанның өркенді өмірі мен сән-салтанатын көрсетеміз десек, соған дұрыстап дайындалатын болайық.

Бәйекен Орталық Комитет бюросының мәжілісінен кейін, сонда айтылған пікірлер мен ұсыныстарды ой жүзінде қорытып, бұған дейін көнілге түйген мәселелердің шенберін әрі кеңейте, әрі нақтылай түсті. Сөйтіп келесі бесжылдық жоспар жобасын әзірлеуге және кезі келгенде тиісті Одактық орындардың алдында қорғауға дайындалды.

Арасында онтүстік өнірдің біраз жерлерін аралап қайтты. Алдымен, Қызылорда облысына барған. Бұл жақты бірінші рет көргені еді. Әсер онша болмады. Облыс орталығы бір кезде Қазақстанның астанасы болған қалаға. Әрине, ол кездегі жағдай басқаша. Республика жаңа ғана автономия алып, елдіктің іргесін енді-енді бекіткелі жатқан, сондықтан қалаға да сын болмаған шығар. Ал бірақ қазір де сол күйінен онша ілгері кетпеген сияқты. Аудан орталықтарының жағдайы, ауылдардың көрінісі көнілге мұн ұялатқандай екен. Бәйекен Арапды барып көргісі келді. Вертолетпен теніз жағалауына дейін барып, бірсыпра айналып ұшты. Қала бір кезде теніздің жағасында болса керек, қазір сол жағалау жай көзге бұлдыrap та көрінбейді. Аудан орталығына қайтып оралса, ауыз су жоқ. Қаланың су тартқыш жүйесі істен шығыш қалыпты.

— Бұл қалай? — деген сұрауға қасында еріп жүрген облыс басшылары да жарытымды жауап айта алмайды. Қалай айтады, бәрі де көрініп тұр. Тозған техника, жетпейтін каражат. Эйтеуір сұлтау көп. Біріне-бірі сілтейді.

Бәйекен Әшімұлы дереу Алматыға телефон соғып, коммуналдық шаруашылық министрін таптырып алды да, катыл тапсырма берді:

— Осы казір мұндағы жағдайды анықтаңыз да, күні ертең осында жетініз. Шұғыл тұрде шара қолданып, жағдайды дұрыстаңыз. Нәтижесін маган хабарланыз.

Төраға келген ізімен кері қайтты да, жолда Түркістанға аялдады. Иесіздіктің аз-ақ алдында құлазып тұрган Әзірет Сұлтан кесенесін көріп, одан әрі Кентауға тартты.

Фажап көрініс! Осы сапар үстінде көргендерінің бәріне керегар. Жүйелі жобамен салынып абаттандырылған осы заманның шап-шагын қаласы. Тұп-тұзу асфальтты қөшелерде қаз-қатар тізілген әсем үйлер, тап-таза тротуарларды бой-

лай тартылған арықтарда сылдырап ағып жатқан мөлдір су. Қала жап-жасыл болып жапырақ жайған күтімді ағаштардың көленекесінде үйездеп тұр. Шөл даланың алтап ыстығы мынау абатты кенттің кең тынысын тарылта алар емес.

Шымкентке келгенде де облыстық ежелгі қаланың қуйлі тұрмысы бірден сезілген. Бірінші көзге түскені – жасыл же-лектің молдығы. Кентаудағыдан шаһардың жанға жайлыштыым тыныштығы емес, сауда-саттығы мол, сапырылышқан тіршілігі бар қанbazар онтүстік қаласының өз сөні, өз дәстүрі өзінде екені байқалады. Байтақ республиканың өзіндік бақуат мүйісі ғой деген бір тоға көніл ауанымен Төраға Алматыға оралған.

Келген бойда Мәскеуде болатын Орталық үкіметтің Үлкен кенесіне өзірлікті әрі қарай пысықтады. Мұндағы Төралқа мен Бюро мәжілісінде талқыланған жарты жылдық қорытындысын жүйе-жүйесімен көнілге мықтап түйінде алды. Алдағы бесжылдықтың негізгі бағыттарын да аз сөзben тұжырымдал, зердесіне құйып алғандай болды.

Содан кейін үш нұктелі телефон тұтқасын көтеріп, Бірінші хатшыға хабарласты.

– Димеке, – деді ол өзінің жайдары жұмсақ үнімен, – Мәскеуге жүргелі жатырмын. Үкіметтегі жарты жылдықтың қорытынды мәжілісіне барамын. Содан кейін Қаржы, Жоспарлау, Жабдықтау мекемелеріне барып, басшыларымен таныспақпын. Сізбенен ақылдасайын дегенім бір мәселенің жайы еді. Одақтық баланстағы біздің өндірісті қалаларымыз беріліп көсіпорындарымызды республика бюджетіне көшіреміз деп Қаржы министрлігіндегілер мазалап жүргені өзінізге мәлім. Мен жана бесжылдық жоспар жасалар тұста осы жөніндегі өзіміздің ау-жайымызды анфарта келмекпін. Сол орайда Мәскеудегі Орталық Комитеттен алдын-ала бізге бір колдау жасалmas па екен?

– Бұл өте үлкен, біз үшін аса маңызды мәселе. Оны үкімет арналары арқылы өзініз дәлелдеп қорғай берініз. Біз беріңіз олармен айқасатын күндеріміз өлі алда. Іс насырга шауып бара жатса, Долгихті де, Цекадағы басқаларды да кейін көмекке шақыралмыз. Өзірге өзініз сөйлесіп көрініз.

Улken Кеңестің мәжілісінде орталықтан және одактас республикалардан төрт-бес адам сөйлегеннен кейін кезек бәйкен Әшімұлына келді.

Мәжілісті жүргізіп отырған А. Н. Коғыгин кысқаша кіріспе сөз сөйлеп, таяуда Қазақстанда үкімет басшысының өзгергенін, бұл лауазымға тағайындалған Б. Әшімовтің Одақтық үкіметтің Төралқа құрамына енгізілгенін хабарлады.

Мінбеге жайлап көтерілген Бәйкен Әшімұлы жылы лебізі үшін одақтық үкімет Төрағасына алғыс айтты да, қолына ұстап барған папкасын мінбердің оң жақ бұрышына қарай жинап қойып, жүрттүң бөріне анық естілетін жағымды ашық дауыспен салмақтап сөзін бастады. Белгіленген санаулы минут мөлшеріндегі өлшеулі сөзін барынша тұжырымдап, жинақы түрде айттып шықты. Бесжылдықтың өткен төрт жылышындағы бақылау цифrlарының орындалу жайын басты көрсеткіштер бойынша нақты цифrlармен жатқа санамалап келіп, соңғы жылдың алғашқы жартысындағы мәліметтерді толығырақ жеткізді. Олар да нақты цифrlар түрінде, процентке шаққандағы салыстырмалы нәтижелер бойынша ретретімен баяндалды.

Бұл кісі арасына бөтен сөз қоспай, қалыптасқан ресми жәйттердің өзін орыстың сауатты, жатық тілімен тартымды етіп жеткізіп тұрғанда, Төраға мойынын оң жақтағы мінберге шұғыл бұрып, сол қолымен жағын таяна қимылсыз тыңдап қалғанын тып-тыныш зал қапысыз байқаған. Бағзы біреулер күні бұрын әзірлең әкелген сөзін қағаздан бас алмай оқып тұрғанда мұлде құлықсыз тыңдайтын Төрағаның мінезі баршаға мәлім болғандықтан, мына шешенге білдірғен ілтипатын залдағылар айтпай-ақ анық аңғарып еді.

– Сонымен, бесжылдық жоспарды Қазақстан толық орындаш шығады гой? – деп сұрады Төраға Әшімов сөзін аяқтаған кезде.

– Әлбетте, Алексей Николаевич, Одақтық үкіметтің қамкорлық көмегімен республиканың үкімет органдары бесжылдық тапсырмаларын ойдағыдай орындаш шығуға барынша пейіл.

– Жарайды, отырыңыз, жолдас Ашимов.

Үкімет төрағасының аузынан шыққан жылы лебіз жұмсақ лебімен зал ішін тағы бір желліп өткендей болды. Жайлап барып орнына отырған бойда сағатына үңілген Бәйекен өзіне берілген уақыттан бір минут аспағанына іштей қуанып еді.



Социалистік Еңбек Ері Б. Әшімов.



Б. Эшімовті тәрбиелеп
өсірген ағасы
Қабдолла Жақыпұлы



Б. Эшімовтің
анасы Сақып
Шүләнбайқызы




Бақыт Эшімованың
әкесі Әсет, 1930 жыл




Есбай
Сүлейменов



Байкен Эшімов ауылшаруашылық техникумының студенті.
Жолдастарымен бірге.



Б. Эшімов әскер қатарында, жолдасы жауынгер
Әбдірахмановпен бірге



Ұлы Отан соғысы
жылдарында



Бәйкен Әшімов пен Бақыт Әсетқызы жұбайлық
ғұмырының алғашқы жылдарында



Бақыт Әсетқызы үл-қыздарымен



А. Клещев, Б. Әшімов
және А. Петров
Көкшетау облысының
жүгери егістігінде.
1958 жыл.



Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші
хатшысы Д. Қонаев пен Қазақ КСР Министрлер Кенесінің
төрағасы Б. Әшімов Қостанай облысының астықты алқабында.



КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы Н. А. Тихонов пен
Б. Әшімов Жезқазған шахтасында.



Қазақстан әкілдері Кремльде.



Б. Әшімов атақты актёр Серке Қожамқұловқа
мемлекеттік награда тапсырып тұр.



Б. Әшімов Түрікменстанның
60 жылдық тойында.



Жоғарғы және
төменгі суреттеде –
Б. Әшімов
Үндістанда



Б. Эшімов зайыбы Бақыт Эсетқызымен



Республиканың қос басшысы зайыптарымен бірге
Жаңа жылды қарсы алғанда



Есентуки
курортында



Жұлдызды қалашықта, 1985 ж.



Ғұмырда сирек
демалыс сәтінде



Б. Әшімов пен Бақыт Әсетқызы ұлы, Солтүстік Қазақстан
Мемлекеттік университетінің ректоры Оңдасын Бәйкенұлы
Әшімовпен



Бәйекенді
90 жылдығымен
Қазақстан
Республикасының
тұнғыш Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаев
марапаттады.



... Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының спикері
Қасымжомарт Тоқаев құттықтады.



Женіс
күнінде




Бәйекенің 90 жылдығы атап өтілген күндерде.
Астана



Б. Әшімов пен
Бақыт Әссетқызы
гауһар тойында
үрім-бұтағымен



Демалған да жақсы.
Бурабай.



Ғұмыр бойғы бір серігі – кітаппен

Алғашқы үзіліс кезінде қасына республика үкіметінің Мәскеудегі тұрақты өкілін ерткен Бәйкен Әшімұлы одактық Қаржы министрімен, Мемлекеттік жоспарлау және Жабдықтау комитеттерінің төрағаларымен танысты да, ертенге қабылдау сұрады. Олардың әрқайсысымен белгілі бір уақытқа келіскеннен кейін, мәжілістің сонында Төрағаның Үкімет үйінде отыратын дербес орынбасарларына кіріп, сәлемдесіп шыкты.

Ертеңіне, келісілген уақытта, алдымен қаржы министрі В. Ф. Гарбузовқа барды. Кенес Одағындағы бүкіл қаржы қорының бірден-бір билікшісі – бұл лауазымда жиырма жылдан астам уақыт бойы істеп келе жатқан әрі мол тәжірибелі, әрі өте ықпалды, кәдімгі кәрі көкжалдың өзі. Қаржы-қаржат әлемін қалай менгерсе, жоспарлау ісін де жетік билетін, қызмет тәртібіне берік адам. Соған орай мінезі де тік, дөрекілеу деп естітін Бәйекен.

Барып, сыпайы сәлемдескеннен кейін, министрдің келте қайырған қатқыл сұрақтарына Бәйекен сабырмен салиқалы жауап қайыра отырып, әңгіменің жібін едәуір жібітті де, өзінің негізгі мәселесіне көшті. Алдағы бесжылдықтың өте күрделі міндеттерін толық қамту үшін Қазақстан одактық Қаржы министрлігінің қамқорлық қомегіне зәру екенін айта келіп, осы уақытқа дейін одактық бюджеттен қаржыландырылып келген қалалар мен кәсіпорындарды сол қалпында қалдыруды өтінді.

– Қазақстан қашанғы ауызын аша береді Одакқа қарап? Өз қаржыларынмен күн көретін уақыт болды емес пе? – деді министр тіксініп.

– Василий Федорович, Қазақстанның Отан қазынасына жыл-ма-жыл қосып жатқан үлесін менен гөрі Сіз жақсы білесіз. Оны менің дәлелдеп жатуым қажет болmas, – деп күлді Бәйкен Әшімұлы. Министр сөзден тосылып, сәл отырды да, мәселені екінші жақ бүйірінен бұрып өкелді:

– Ол үлесті қосып жатқан қалалар емес, өнеркәсіп орындары ғой.

– Құрметті Василий Федорович, біздегі ауыр өнеркәсіптің орталығы саналатын шағын қалаларда негізінен сондағы кәсіпорындардың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері және сол кәсіпорындарды үлгайту мақсатында енбек етуші құрылышшылар тұрады. Олардан басқа санаулы

еңбекшілер сол кәсіпорындардың еңбек ұжымдарына мәдени-тұрмыстық, тағы басқа қызмет көрсетумен шүғылданады. Сондықтан оларды негізгі кәсіпорын ұжымдарынан бөліп тастау әділетсіздік болар еді.

– Тегінде, – деп жалғастырды Бәйкен Әшімұлы уәжді ойын әрі қарай сабактай түсіп, – бұл қалалар, алғашқы тарихында сол маңайдағы табиғи қазба байлықтарды игеру қажеттігінен барып пайда болған. Олар өздерінің сол табиғатына күні осы уақытқа дейін адалдығын сақтап келеді. Бұл – бір. Екіншіден, Қазақстандағы “Қарағандыкөмір” бассейніне қарасты барлық шахталар, трестер, қара және тұсті металл кеніштері, комбинаттары мен заводтары, мұнай, фосфор, тағы басқа минералдық заттар және түрлі одактық көмір, қара және тұсті metallurgия, мұнай-газ, химия өнеркәсібі министрліктеріне тікелей бағынып, солардың балансында отырғанда, шығарған шикізаттары мен өнімдері солардың билігінде болған жағдайда, олардың жеке құрылымдарын немесе, айталық, Теміртау, Лениногор, Зыряновск, Рудный, Кентау, Қаратая сияқты өнеркәсіп орталықтарын одактық бюджеттен шығарып тастау қысынды бола қояр ма екен? Сол қалалардың қазіргі абаттанған мәдениетін көпсінеміз бе? Сол көріктіренен айырып, көрінеу жүдетькендеге не мақсатқа жетеміз?

Бәйекен осы сөздерді айтқанда, оның көз алдына өнеркәсібі бар Кентау мен ондай өндірісі жоқ Түркістан, екі бірдей алып заводы бар Шымкент пен ондай ірі кәсіпорындары жоқ Қызылорда қатар елестеп еді. Сірә, біздің Төрағаны осылай шүғыл сөйлеткен де сол көрініс болса керек.

Осы дәлелдерді бастаң-аяқ тындалп отырған одактық министр тағы сәл үнсіздікten кейін өзінің бірінші орынбасары В. В. Деменцевті шақырып алды.

– Бұл мәселенің біздің министрлікте көтеріліп жүргені рас, – деді бірінші орынбасар. – Бірақ соны көтерушілер істін мәніне терең бойламайтын сияқты. Ондай ірі кәсіпорындар мен тұтас қалаларды қалай, кім арқылы болғанда да біз қаржыландыруға міндеттіміз. Ал егер салалық министрліктерге бермей, Қазақстанның өзіне беретін болсақ, сол қаржының қандай мақсатқа, қалай жұмсалғаны жөнінде біз Қазақстан үкіметінен есеп талап ете алмаймыз. Ал салалық министр-

піктерге берсек, олар өздерінің өркендеу мүддесі үшін тиісті мақсатқа біз айтпай-ақ пайдалануға мәжбүр болады.

— Олай болса, — деп аргы сөзді министрдің өзі түйінеді, — бұл әңгіме осымен біржола тоқтатылсын. Бұрынғы тәртіп өзгерітілмесін. Ал сіздер, жолдас Ашимов, — деп енді ол Бойекене бұрыла басын изеді, — бұл жөнінде ешбір алан-дамай, өздерініздің төл қажеттерініздің каражат шығынын тартынбай жоспарлай берініздер.

Алғашқы қадамы сәтті басталған Бәйкен Әшімұлы осы бетпен Жоспарлау және Жабдықтау комитеттерінің төрағалары Н. К. Байбаков пен В. Э. Дымшицке кіріп, олармен де жылы жүзді сәлемдесіп шықты. Бұл жолы пәлендей өтініші жоқ екенін, алдағы бесжылдықтың жобалы цифrlары анықталғаннан кейін нақты ұсыныстармен келетінін айтып, алдарынан өтті.

Мәскеуден алғашқы ресми сапарда олжалы болып, көнілді қайтқан Бәйкен Әшімұлы келген бойда Димекене барып, Үлкен Кеңестің қалай өткенін баяндағы. Сонсон, Гарбузов-шын арадағы әңгіменің нәтижесінде жылма-жыл аландатып жүрген даулы мәселенің біржола он шешілгенін айтты. Бірінші хатшы әсіресе осы олжага қанағаттанған ризашылығын білдірді. Содан кейін екі басшы кезектегі біраз мәсептерді сөз қылыштырып да, Димекен әңгіме арнасын егін-жайға қарай бүрган.

— Биылғы егіннің өзіргі бой көтеруі жаман көрінбейді. Маусымдағы өліараның жаңбыры бір төгіп берсе, ылайым солай болсын, онда астықтың астында қалармыз деген үміт бар. Сондықтан, Бәйкен Әшимович, үлкен оракқа мүқият ғүзірлік керек. Сірә, биыл солтүстік облыстарды ертерек арапап, егін шығымын көзбен көріп қайтармыз. Оған дейін сіздің адамдар дайындық жағын қузанқырап, керекті техниканың жетпейтін жағын есепке ала бергені мақұл.

Димекен берер нұсқауын осылай ақылдасу, пікір білдіру түрінде жеткізетінін Бәйкен Әшімұлы бұрыннан билетін. Сондықтан кабинетіне қайта оралған бойда ауыл шаруашылығымен шұғылданатын орынбасары Слажневті шақырды.

— Қалай, Иван Гаврилович, биыл астық бола ма? Сіздің болжамыңыз қандай? — Бәйекен кабинетіне кірген орынбасарын осындай сұрақпен қарсы алған.

– Біздің Қостанайда бір мәтел болушы еді, “если метеостанция не соврет” деген. Сол айтқандай, ауа райымыз уәде-сінен айнып кетпесе, биылғы түсім мол болуы керек, – деп орынбасар да жайдары пішінмен жеделдете жауап қайырды.

– Ал дайындықтың жайы ше?

– Дайындыққа ел дағдыланды ғой. Биылғы ораққа жарамды деген техника түгелге жақын жөндеуден өтіп, сапқа тұрғызылды. Дайындық сапында. Ал жетпейтін техниканың түр-түрі жеке көрсетіліп, одактық үкіметке ерте күнде тапсырыс жібергенімізді өзініз білесіз. Ендігі мәселе соның уақытында жеткізілуі ғой. Біз соны қадағалаймыз.

Арада тағы біраз уақыт өтті. Жаздың жылы жаңбыры дәл керек кезінде бүкіл солтүстікті түгел қамтып, молынан нөсерлетіп өткен. Бір мезгілде себіліп, дүркірей көктеген егін кейінгі ашық күндері қаулай көтеріліпті. Дихандар қауымы алақайлап қол соғып жатыр деген хабар Алматыға да жеткен. Бірінші хатшы мен Үкмет төрағасы егінжайды аралауға шықты. Бәйекен ораққа қатысы бар басшыларды: Ауыл шаруашылығы, Астық өнімдері, Автомобиль транспортты мінистрлерін, Казельхозтехника, Мемлекеттік Жабдықтау комитеті, мұнай өнімдері мен темір жол басқармалары бастықтарын сол маңда болындар деп алдын-ала аттандырған. Бұлар сапарды Ақмоладан бастап, жолай Көкшетау мен Солтүстік Қазақстан облыстарына соғып, Қостанайда аяқтады. Осы облыстардың ең астықты деген Державин, Есіл, Рузаев, Сергеев, Федоров, Қостанай, Урицкий сияқты аудандарының егінжайларын арапап көрді.

Көкпенбек көк айдын теңіздей толқып, Арқаның самалынан тербеле шалқыған шетсіз-шексіз егін даласы күн көзінің құбылысына қарай біресе қаракөк қарауытып, біресе ақшабдарлана жарқырап, бүкіл дала бір ырғакпен ақырын жылжып, әлде қайда көшіп бара жатқандай әсер береді.

Осынау ғажайып көрініске айналасындағы топтан мойын оздыра биіктен қызыға қараған Димекен дымданған көзін орамалымен сүртіп қойып, жан-жағына құлімдеп қарайды:

– Қалай, жолдастар, мұнша астықты дұрыстап жинай ала-мыз ба?

– Жинаймыз, Димаш Ахметович! Оған шұбәланбаңыз. Тек сұраған техникамыз қолымызға уақытында тисе болды. Арғы жағы көріп жүрген шаруамыз ғой, – деседі бір ауыздан облыс басшылары.

- Тасымалдайтын автокөлік жағы молырақ болса теріс сөмес-ау, – деген бір пәсттеу дауыс және естіледі.
- Оны мына Бәйкен Әшимовиچке естірте айтындар, – деп, Әзимекен бір жағын әзілге айналдыра, қаттырақ күледі.

* * *

Бәйекең осы сапардан келе сала Мәскеуге телефон шалды. Тура Косыгиннің өзіне шықты.

– Алексей Николаевич, – деді амандақ-саулықтан кейін тура іске көшіп. Биыл құзде Қазақ Республикасының елу жылдық мерейтойы фой. Соның құрметіне Қазақстан елімізге мол астық бергелі түр. Осыған байланысты Сізге барып ақылдасатын шаруалар бар еді.

– Жарайды, келініз, мен өзірге үйдемін.

Қазақстанның биылғы жылда белгілентген қоры бойынша болінетін автомобилдер мен тракторға тіркелетін жақтаулы арбаларды мерзімінен бұрын жеткізіп беру туралы қаулыға өзінің кабинетінде Әшімовтің көзінше қол қойып отырып, орталық үкімет төрағасы:

– Тағы қандай көмек керек? – деп сұрады.

– Жоспардан тыс қосымша автомобиль бөлуге болmas па скен? Бізде комбайннан қырманға, одан қоймаға астық таситын көлік жағы ылғи да жетіспей жатады. Әсіресе биыл киын болатын түрі бар.

Косыгин дереу Автомобиль өнеркәсібінің министрі А. М. Гарасовқа телефон соқты да:

– Жоспардан тыс шығарылған автомобильдер бар ма? – деген сауал койды. Министр “бар” деп жауап берген болуы керек, бұл кісі жеделдетіп:

– Дәл қазір Қазақстанға бір мын ауыр салмақты жүк автомобилдерін жеткізу туралы қаулыға қол қоямын, – деді.

Келесі күні ертегісін Бәйекеннің мейманханадағы нөміріне Автомобиль өнеркәсібінің министрі телефон шалып, кеше өзімен Үкімет төрағасының сөйлескенін айтты.

– Мен сол кезде ол кісінің қабылдауында отырганмын, – деді Бәйекен.

– Өзім де солай шығар деп ойладап едім, – деді министр. – Біз, мұндағы мәскеуліктер, Алексей Николаевичтің сізге срекше ілтипат білдіре бастағанын, сіз көтерген мәселелерді

жедел шешетінің байқап жүрміз. Бірақ бұл жолы бір ынғайсыз жағдайға тап болып қалдым. – Тарасов сәл мұдіріңкіреп барып сөзін жалғастырды: – Кеше мен ол кісіге жоспардан тыс өндірілген автомобилдер бар деп қалып едім. Сейтсем, жоқ болып шықты. Енді қалай деп ойлайсыз?

– Александр Михайлович, ғафу етініз. Мен бұл әнгімеге араласа алмаймын. Өзіңіз қайтадан баяндаң, жоқ екенін айттын боларсыз.

– Жоқ, олай болмайды. Алексей Николаевичтен үят болады. Бір амалын жасап, тапсырманы орындауға тырысармыз, – деді министр. Айтқандай-ақ, ол мүмкіндігін тауып, республикаға бөлінген автомобилдерді дер кезінде жібертті.

Бәйекене осы бір өткінші оқиғаның өзі едөуір әсер етті. Ол Косыгиннің айналасына өте беделді адам екенін анғарды. Жүрт оны іскерлігі үшін және сыпайы талапшылдығы үшін құрметтейді екен. Министрлер Кенесінің бір мәжілісінде жұмысында үлкен олқылық болып қалған бір басшыға:

– Что, сообразиловки не хватило? – деп еді жайлап қана, соның өзі ана кісіге қатан сөгістей болып естілген.

Жә, ол өз алдына әнгіме. Біздің айтпағымыз: Бәйекен Мәскеуден бұл жолы да табыспен оралды. Арада тағы біраз күндер өтті. Биылғы орак науқанына байланысты тапсырыс берілген техника жеделдетіп келе бастады. Қазақстанның мерекесіне тілектестік білдіргендей, биылғы қырқүйек те басынан аяғына дейін айдай ашық, күндей күнес болып, жайнады да тұрды. Қалың өсіп, қауырт піскен егінді республика дикандары қызу қарқынмен сол ашық күндерде ең сере жығып алды.

Қырмандар тау-тау қызыл астыққа толды. Мемлекет қоймаларына қарай күндіз-тұні ағылған автокөліктеге тыным болмады. Еңбегі жанып, есесі қайтқан дикандар қауымы елмен бірге үлкен мереке қарсанында емен-жарқын күйде еді.

Бір күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бүросында мынадай шешім қабылданды:

“Қазақ КСР-ның 50 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы.

1. Аталған мерейтойдың құрметтіне Алматының В. И. Ленин атындағы сарайында астана жұртшылығының салтанатты жиналысы өткізілсін.

2. Салтанатты жиналышта Қазақ КСР-ның 50 жылдық мерейтойы туралы баяндама жасау Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д. А. Қонаев жолдасқа тапсырылсын.

3. Салтанатты жиналышты ашу, жүргізу және корытынды сөз сейлеп жабу Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Б. Э. Әшімов жолдасқа тапсырылсын".

Қаулының жазбаша мәтінін алғаннан кейін Бәйекен оңаша отырып, ойланып қалды. Бұл қаулы бюро мәжілісінде бұдан біраз күн бұрын қабылданған. Онда көп мән бере коймаса керек. Енді оның қағаз жүзіндегі нұсқасын көрінедегі әсері басқаша болды.

Бұл кісі төрағалық қызметке кіріскелі аттай алты ай болыпты. Сол жарты жылдын ішінде көп шаруа тындырылған сияқты. Өзі де бұл жұмысқа төселіп қалғандай. Алдымен Үкімет төралқасымен қарым-қатынас жақсы іскерлік арнада қалыптасып келеді. Бәрі де өз жұмыстарының қыр-сырын менгерген тәжірибелі, іскер адамдар. Қандай мәселенің болса да жән-жосығын байыпташ алып, өз пікірлерін ашық айтады. Айтылған ескертпе мен берілген тапсырманы қалтқысыз қабылдал, артынан соның қалай орындалғанын мүқият хабарлап отырады. "Түсінісп әлемдегі өзіншілдік" деп, жақсыға жорыған Бәйекен мұны да қоңілге түйіп қояды.

Министрлермен арада да еркін іскерлік қарым-қатынас орныға бастады. Бәрі де істің барысы жайында егжей-тегжейлі толық хабарлама жасап тұрады. Алған тапсырмаларын екі етпей орындал, нәтижесінен жедел хабардар етеді.

Мұның бәрі – істің ішкі жағы, бергі беті. Бұдан басқа тағы бір үлкен қыры бар. Ол орталықпен қарым-қатынас мәсесі. Бұл жағы да әзірге ойдағыдай қалыптасып, дұрыс арнада дамып келе жатқан тәрізді. Әсіреле одақтық үкімет төрағасымен арадағы қатынастың алғашқы аяқ алыстары қоңілге қанағат үялатқандай. Артық сөзі жоқ, мінезі жұмысқа, сабырлы кісі көрінеді. Мұндай кісімен тіл табысып, жемісті жұмыс істеудің өзі бір ғанибет-ау деп ойлады. Орталық мекемелердің де біраз басшыларымен таныс-біліс болып қалды. Бәрі де Қазақстанға тілекtes екенін, өздерінің сала, арналары бойынша істің барысын қанағат тұтатынын алдымен ауызға алып, бұдан былай да болысу білдіруге пейіл екендігін айтады. Бұл да, әрине, жақсы нышан.

Ендігі бір тың жатқан бейтаныс беткей – халықпен арадағы байланыс, астана жұртшылығымен аралас-құраластық. Бәйекен облыстарда қызмет етіп жүргенде, халық арасындағы абырой-беделі жоғары болды. Ондағы жағдай, әрине, бұдан басқаша. Ел арасында жиі боласын. Ауыл адамдарына жақынырак келіп, еркінірек әңгімелесуге мүмкіндік көбірек. Олардың жағдайларымен де етene жақын танысадын. Жұзбезжұз білісесін. Ал астана халқымен олай дидарласа бермейсін. Алдарына шығып, мінбеден сөйлеудің мүмкіндіктері шектеулі. Сондықтан зиялды қауыммен етene таныс-бліс болудың әлі реті келе қойған жоқ. Рас, мұнда келгелі екі-үш рет кіслерді қабылдағаны бар. Ал ондағы әңгіменің түрі бөлек. Солардың өтініштері төнірегінде болады. Келушілер де әр қылыш. Арапарында бірлі-жарым зиялды қауым өкілдері жүреді: жазушылар, ғалымдар, өнер қайраткерлері. Олардың сұрайтыны қебінесе пәтер, машина. Өздерінің кәсіптік шығармашылық немесе ғылыми жұмысынан бір ауыз сөз айтпайды, ешқандай мәселе қоймайды. Ол жактарымен тек Орталық Комитет айналысатынын жақсы біліп алған. Үкіметке келгендегі шаруасы жаңағыдай заттық мәселелер.

Ал мына қаулы бойынша орталық қаланың зиялды жұртшылығымен алғаш рет кездескелі отыр. Мұның ерекше жаупкершілікті талап ететін бірнеше себептері бар. Біріншіден, салтанатты жинальыстың мәртебесі жоғары. Оған елдің, партияның бірінші басшысы, одактас республикалардың басшылары қатысады. Екіншіден, баяндама жасайтын – Республиканың бірінші басшысы, одак көлемінде биік мәртебелі, танымал қайраткер. Ұшіншіден, уақыт шенбері шектеулі. Санаулы минут ішіндегі ресми сөзде не айтуға болады? Баяндамадағы айтылған сөздерді қайталай алмайсың. Газет бетінде, әр түрлі мінбелерде күнде қайталанып жататын жаттанды сөздермен абырой алмайсың. Сондықтан бұған жақсылап дайындалу керек те, тек өзін айттар сөзді ғана іріктеп айту керек.

Бәйекен осы жайларды ой сарабынан өткізіп, сәл отырыңқырап қалды да, Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысына телефон шалды. Елу жылдық мерейтойды өткізу жөніндегі қаулыны алып отырғанын айтты. Хатшы төрағаның одан әрі не айттарын біле қалған адамдай, ойын аяктатпастан, өзі сөйлеп кетті. Және өзінің айттар сөзіне күні бұрын риза болғандай, алдын-ала карқылдап құліп алды:

— Бәйкен Әшімұлы, Сіз бұл жөнінде қам жемей-ақ қойыңыз. Сіздің сөзіңізді біз өзіміз қатырып әзірлеп береміз.

Бәйекен бұған қарсы да болған жок, алғыс та айткан жок. Өнгімені басқа жаққа бұрып жіберді де, сөзді көп созбастан, телефонды іліп қойды. Біздегі қалыптасқан тәртіп бойынша осылай істелетінін бұл кісі, әрине, көптен біледі. Ауылда да, ауданда да, тіпті облыста да осындай. Бірақ дәл мына республика орталығындағыдан бірнеше сатыдан өткізіп, әбден қандастырып, өзіннің бір ауыз сөзіне орын қалдырмастай қылып, “қатырып” беретінді көрген жок еді.

Салтанатты жиналыстан бір-екі күн бұрын дайындал жібергендері дәл осылай “қатырған” сөз болып шықты. Тіпті “салтанатты жиналысты жабық деп жариялаймын” деген сөйлемнен кейінгі бірнеше минуттық уақыттың “сценарийіне” лейін қағаз бетіне түсіріліпті. Көлемі машинкаға басқанда 2,5 беттей. Соның соңғы жарты беті жиналыс жабылғаннан кейінгі рәсімдерге арналыпты. Демек, бұл кісінің өз сөзіне торт минуттай уақыт берілген.

Бәйекенің шын ойланатын тұсы енді келді. Әр секунды санаулы сәтте не айтып үлгеруге болды? Алдымен соны ойлады. Соңсоңғы ойға келгені елу жыл ішіндегі туған республикасының, туған халқының қол жеткен табыстары ғой. Тарихи табыстары.

Ұтымды, бейнелі сөзбен соны тұжырымдауға керек. Бірақ бұл тарихи табыстарға смең. Тарихи тағдырлар да ғой. Тарихтың талай талқысынан өтіп келіп қол жеткізген табыстар талай үрпақтың тағдыры еді ғой. Аттарын атамаса да, кай үрпақ қандай тұлғалар туғызғанын болашақтың өзі айыра жатар. Ал біз қазір халық тарихының әр кезеңін өз үрпағымен ұлықтасақ болмай ма?

Сонсоң — болашақ. Қазақстанның таяу кезеңдегі ұлы болашағы. Фылым-білімнің шарықтап тұрған шағындағы кемел үрпақ келелі істер тындырап болса, сол елдің болашағын ұлы деп айту артық па? Алдымызда жарқырап тұрған жұлдызды жылдарға қарай қарыштап қадам басуға үмтүлсак, сол асығыстық бола ма?

Бәйекен осы ойларын баршаға түсінікті ортақ тілде орайына келтіре өрнектеп алды да, көмекшісін шақыртып, осы жақында өзінің туған күніне тарту етіп, орталық үкімет аппаратының іс басқарушысы сыйлаған шетелдік диктофонды

алғызды. Соған оңаша ойланып отырып жатқа айтып шықты. Сөйтті де, көмекшісіне тапсырды:

— Мынаны қағазға түсіріп, өзің қарап шық та, машинкаға бастырып алып кел – деді.

Көмекшінің дайын еткен мәтінін алып қалып, ертеңіне қайтадан қарап шығып еді, көлемі үш бет екен. Алты минут. Төрт минутқа екі минут қосылса, оған төрағаның хұқығы жететін шығар деген оймен мәтінді папкаға салып қойды.

Осы жылғы наурыз айында өзінің кабинетінде қабылдауда болғаннан кейін Бәйкен Әшімұлының Брежnevті көруі осы жолы еді. Әуежайда қарсы алу кезінде көппен бірге қол беріп сәлемдескені болмаса, арнағы тілдесудің орайы келмеген. Сондыктан салтанатты мәжілісте, төралқа үстелінде қатар отырған Бас хатшыға Бәйекең осы жұмысқа бекітіп, көрсеткен сенімдері үшін раҳмет айтты.

Ол кісі де осыған орай жылы лебіз білдіре жауап қатты:

— Сіз туралы Орталық Комитетте, Саяси Бюорода қалыптасқан жақсы пікір бар. Осы бетпен алансыз жұмыс істей беріңіз. Келесі съезде Орталық Комитеттің құрамына сайлаймыз, — деген сөзді туралап айттып қалды.

Салтанатты жиналыстың соңында Бәйекең әзірлеп алған қорытынды сөзін орыстың таза тілімен асықпай, анықтап, нәшіне келтіре айттып түрғанда, зал толы жұрт іштен тына тындалап қалған. Салтанатты жиналыс жабық деп жарияланғанда, жұрт ду қол шапалақтап, ұзак овация жасады. Мұндай құрметтің ішінде жарқын мереке де, мазмұнды баяндама да, тұжырымды қорытынды сөз де бар еді.

Сол күні кешкілік үкімет атынан ұлken қабылдау жасалды. Қонақасы дастарқанын басқарған да төрағаның өзі болды. Ол жаңағы қорытынды сөз айтқан нәшпен өрбір сөйлеушінің өзіне лайық ілтиpat білдіре, құрмет көрсете отырып, рет-ретімен сөз бере бастады. Ен бірінші сөз, әлбette, мерейтой салтанатының аса құрметті мейманы, елдің бірінші басшысы Бас хатшыға берілді. Оның атак-дәрежесі мен мол-мол марапат белгілері түгел аталды. Жұрт ду қол шапалақтап, тегіс орындарынан тұрып, колы жеткендері онымен көзе соғыстырып, құйылған шарапты тауыса көтеруге тырысты. Жауап сөзінде Бас хатшы өзінің қою қоңыр даусымен шабыттана сөйлеп, қымбатты жерлестерін – барлық

қазақстандықтарды даңқты мерекемен құттықтай келіп, қалдірлі досы Димаш Ахметовиңтін және бүгінгі мәжілісте жарының корытынды сөз сөйлеген, мына дастарқан басындағы отырысты да тамаша жүргізіп отырған үкімет төрағасы Байкен Ашимовиңтің денсаулығы үшін тост көтеруді ұсынды.

Брежнев аузымен азғана топ тындаушылар арасында айтылған көтерме сөз бағана салтанатқа қатынасқан жұртшылық өкілдері арасында тіпті асқақ естіліп еді. Бәйкен Әшімұлының астана халқымен алғашқы жүздесуі осылай Төрғаның абырой-беделін жайғана асырып қоймай, бұқара арасында бұл кісіге деген бір құшті тілекtestіk сезімін де тұғызыған еді.

* * *

Жылдын аяғына дейінгі қалған уақытта Үкімет аппараты қызметкерлерінің негізгі назары етіп бара жатқан бесжылдықтың ақтық қорытындысын шығару және алдағы бесжылдықтың басты бағыттары мен негізгі көрсеткіштерін анықтау жұмысына шоғырландырылды. Бұл мәселенің ерте қолға алынғанын жоғарыда айтқанбыз. Бірақ барлығы бір адамның қолынан шығып, бір күнде тәмамдала қоятын жұмыс емес. Бұған барша облыстардың, бірнеше республикалық мекемелердің жүздеген қызметкерлері апталап қауырт науқан туғызып, жұмыла кірісіү керек-ті. Қорытынды да, жоспар нобайы да барлық салаларда, барлық сатыларда бірден-бірге жинақтала келіп, әр буында қайта-қайта тексеріліп, ишсе дүркін салғастырылып, жоспар қолда бар мүмкіндіктермен өлшеніп-пішіліп келіп, республикада бір түйінделгендей болды. Бұл екі арада одактық бағыныстағы салалар бесжылдықтың болашакқа белгіленген жаңа нысандарын Мәскеудегі өз орталықтарымен келісіп, оған қажетті қаражат пен ресурстарға алдын-ала біршама кепілдік алған. Осьдан кейін барып, республиканың жоғары басшылығында ортақ пікірмен зандастырылған көрсеткіштерді алып, қасына тиісті орындарын мамандары мен басшыларын, үкімет аппаратының жауапты қызметкерлерін ертіп, Төраға Мәскеуге аттанды.

Бәйкен Әшімұлының бұл ғұрлы үлкен шаруамен алғаш баруы болғандықтан, ол үлкен демей, кіші демей, сол Жоспарлау, Жабдықтау комитеттерінің, сол Қаржы министрлі-

гінің, сонсоң одактық үкімет аппаратының жетекші бөлімдеріне кіріп, осы істің бастауында отырган мамандармен ақжарқын сәлемдесіп, танысып шықты. Сонсоң орынбасарларға, бірінші басшыларға кіріп, негізгі мәселелер төнірегінде көдімгідей бой теңестіре отырып пікір алысқан. Эр жағындағы әр мәселенің оң шешімін табу кейінгі орындаушылардың құзырында калған.

Жоба мен қажетті қаражат мөлшері тиісті орындарда анықталғаннан кейін, одактық үкіметте қаралғанда, оның барлық көрсеткіштері қорғалды, дәлелденді. Сөйтіп, алып келген ұсыныстар тиімді деңгейде қабылданып, түгелдей өткізілді.

Республика экономикасының қалыпты жағдайда ілгері басып, еркендеуі үшін бұл шаралардың қаншалықты маңызды екенін Төраға осы алғашкы сапарында-ақ айқын аңғарған. Кейін, ескі бесжылдық қорытындыларын одактық үкіметтің Үлкен кенесінде баяндап, жаңа бесжылдықтың жоспарын республика Жоғарғы Кенесінде зан түрінде бекіткен кездегі Бәйкен Әшімұлының көнілге мықтап түйгені мынау болды: егер республика үкіметі халық шаруашылығының тұтқасын колда берік ұстап, оны менгере алғысы келетін болса, онда алдымен біздің өмір салтымызға мықтап сіңген бесжылдық жоспарлардың жобасын дұрыстап жасай білуі және оны одактық орындардың алдында қорғай білуі қажет екен. Бірақ іс онымен де бітпесе керек. Бекітіліп, занға айналған бесжылдықтың әрбір жылын қорытындылаған кезде туындаитын қосымша мәселелерді де дәйекті түрде дәлелдеп, солардың шешімін тауып отыру өте маңызды болмақ.

Демек, бір ғана осы жұмыстың өзін – істелген істі жинақтап, байыптау мен алдағы жүрер жолынды анық бағдарлау белгілі бір жүйеге келтіріп, оның бүге-шігелерін, егжей-тегжейлерін барынша жетілдіру қажет екен. Жинақтап, уақыттан озынқырап, алдын-ала айттар болсақ, Үкімет төрағасы Бәйкен Әшімұлының ұзак жылғы қызметінде мұндай тәжірибе бірден-бірге жетілдіріліп, жүйелі түрде қалыптасқан еді.

Бәйекен республика үкіметін басқарған жылдары үш рет бесжылдық жоспардың өткенін қорытындылап, жаңасын одактық үкімет алдында қорғапты. Одактық үкіметтің Үлкен кенесінде он төрт рет жылдық жоспардың қорытындысын

баяндап, келесі жылдың міндеттерін нактылапты. Соның орындалуына қажетті ресурстарды одақтық басшы орындардың алдында дәлелдеп корғапты да, керегін ала біліпті.

Оның бер жағында сол үш бесжылдықтың жоспары тұралы Қазақстан Компартиясының кезекті съездерінде және республика Жоғарғы Кеңесінің сессияларында баяндама жасапты. Ал енді әр бесжылдықтың өз ерекшеліктерін еске-ретін болсак, бұл өмірдің өз талабынан туындастын ақыл-ой мен іскерліктің нәтижесі екеніне көз жеткізер едік.

ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЫЛДАР

Жетпісінші-сексенінші жылдар Қазақстанның көп сала-лы индустриясы мен ауыл шаруашылығының аршындан іл-гері басқан кезені болды. Әсіресе күрделі құрылыштың қар-кыны мен ауқымы арта түсті. Әлеуметтік саланың тынысы кеңейіп, ғылым мен мәдениет жана бір өрістерге қарай өркен жайды. Елдің енбек ұжымдары жұмыла жұмысқа кіріспін, ғамаша істерді тындырып жатты.

Қазақстан өзінін экономикалық қуаты мен ұлттық бай-лығы жағынан Одақ бойынша Ресей Федерациясы мен Украинадан кейінгі үшінші орынды тұрақты түрде алып тұрды. Оның жер қойнауында тұнып жатқан мол қазына Кенес Одағының біртұтас халық шаруашылық кешеніндегі маңызын құрт арттырды. Республика жалпы одақтық өндірістегі мыс-тың үштен бірін, мырыштың 44, қорғасынның 75 процентін беріп тұрды. Хромит, уран және фосфор кендерінің қоры жағынан да жетекші орынға ие болды.

Одақтағы кара металлургияның көптеген алыптары біз-дегі темір кендерінің шикізатын қорек етті. Отын-энергетика ресурстары орасан зор қөлемде молая түсті. Ауыл шаруашылығының салалары да астық, ет, сүт, жұн тәрізді құнды азық-түлік және шикізат өнімдерін көтеп бере алатын дәре-жеге жетті. Қазақстанның құшті бидайы нан тағамдарының құнарын арттыратын бағалы қоспа ретінде Мәскеудің бөлуі арқылы Одақтың түкпір-түкпіріне жөнелтіліп жатты.

Осы жылдары республикада жалпы одақтық маңызы бар ірі-ірі өнеркәсіп орындары қатарға қосылды. Қарағанды ме-таллургия комбинатында ак қаңылтыр шығаратын алып цех

жұмыс істей бастады. Ол Одақтағы консерві өнеркәсібін былай қойып, бұл бағалы бүйымды шет елдерге де шыгаратын болды.

Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатында темір кенін жентектеп өндейтін қуаттар пайдалануға берілді. Сөйтіп бұл кәсіпорыннан Одақтың металлургия зауыттарына бағалы концентрат жөнелтуге жол ашылды.

Мұнай өндіру мен өндеу саласында жылына әрқайсысы 6 миллион тоннадан мұнай айыратын Павлодар және Шымкент зауыттары салынды. Оларға Тұменнің мол мұнайын жеткізіп тұратын қуатты құбырлар тартылды. Солтүстіктің ірі астықты облыстарын мұнай өнімдерімен үздіксіз жабдықтап тұру үшін Қызылжар – Көкшетау – Ақмола, Травники – Қостанай құбырлары салынды.

Табиғат-климат жағдайлары ауыр, өндірістік мүмкіндіктегі жеткіліксіз жағдайда Маңғыстау облысының Бозашы түбебіндегі Қаламқас, Қаражамбас мұнай кендері жаңадан игерілді.

Қаратай фосфор кенінің шексіз қазынасы негізінде Жамбыл мен Шымкент қалаларында сары фосфор, фосфорлы тыңайтқыш, жемдік фосфат және жуғыш зауыттар өндіретін ірі-ірі заводтар салынды.

Сол жылдары республикада отын-энергетика қорлары мықтап өркендетілді. Қарағанды бассейнімен қатар Екібастұз электр қуатын өндіруге жарамды мол көмір кеніші игеріле бастаған. Соның негізінде жалпы қуаты 16 миллион киловаттық төрт жылу-электр станциясының құрылышы қолға алынды. Солардың тұңғышы – 4 миллион киловаттық қуаты бар ГРЭС-1 және ГРЭС-2-нің алғашқы блоктары қысқа мерзім ішінде іске қосылды.

Осы өнірден маңайдағы облыстарға қарай энергия жеткізіп тұратын жоғары вольтті электр жүйелері тартылды. Екібастұз ГРЭС-терінің мүмкіндігі Қазақстанды былай қойып, электр қуатын сонау Оңтүстік Уралға және Ресей Федерациясының орталық аудандарына да жіберуге жеткілікті болды.

Бұл жаңа құрылыштар ғана еді. Олардың сыртында бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан өндіріс алыптары қаншама? Атап айтқанда, Балқаш пен Жезқазган кен-металлур-

ния, Өскемен қорғасын-мырыш, Лениногор, Ашысай полиметалл, Зырян қорғасын комбинаттары, Шымкент қорғасын шауыты, тағы сондай ірі-ірі кәсіпорындар.

Республика үкіметінің күнделікті назары мен қамқорлығы арқасында, индустриямыздың жетекші саласындағы осы аталған ұжымдар өнім сапасын барынша арттырып, қазақ топырағынан шығарылған асыл бұйымдардың абыробын арттыруды. Қазақстан таңбасымен өндірілген мыстың, қорғасын мен мырыштың, алтын мен күмістің бағасы қайда болса да көтеріңкі болды.

Осындай ірі-ірі жетістіктср нәтижесінде Қазақстан сол кезде бірсыныра тұғырлар жөнінде өркениетті капиталистік елдердің бір қатарымен иық теңестіріп қалған-ды. Мәселен, ісмір кендерін шығару мөлшері бізде Франция мен Швецияға тең, ал шойын қорыту деңгейі Ұлыбритания мен Канада деңгейінде болды. Цемент өндіру жөнінен біздің республика Канада, Швеция, Норвегия елдерімен бір қатарға шықты.

Сол жылдары Талдықорған аккумулятор, Шымкент шина, Қарағанды резина-техникалық бұйымдар зауыттары салынып, өнім бере бастады. Соның арқасында Қазақстанның халық шаруашылығын автомобиль, комбайн аккумуляторымен, шинамен, резина-техникалық бұйымдармен жабдықтау мәселесі едәуір жеңілденіп қалды. Қостанай облысының Рудный қаласында отқа төзімді бұйымдар зауыты іске қосылды.

Ауыр индустрия салаларындағы ірі қуаттармен қатар жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында да үлкен құрылыштар жүргізілді. Алматы мақта-мата, Қостанай мәуіті комбинаттары, Қекшетау және Қапшағай фарфор зауыттары қалыптаға қосылды. Бірқатар тігін, үйық-шұлық, ызба-тоқыма, і.б. бұйым фабрикалары өнім бере бастады. Осы заманың іогті тағамдарын шығаратын тандаулы кондитер фабрикалары, ет-сүт өнімдерін өзірлейтін мәдениетті технологиясы бір кәсіпорындар пайда болды.

Тоғызынышы – он бірінші бесжылдықтар ауыл шаруашылығы енбеккерлері үшін де жемісті болды. Ең алдымен, бұл кезеңде астықтың шығымдылығы едәуір артып, кәдімгідің тұрактандырылды. Республика диқандары мемлекетке жыл-ма-жыл бір-бір жарым миллиард пүтка дейін астық беріп түрді. Шаруашылықтар экономикалық жағынан нығайды.

Мұның өзі ауыл-селоларда тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық нысандар құрылышын ерістетуге, ауыл шаруашылық техникасын жеткілікті мөлшерде сатып алуға мүмкіндік туғызды.

Астық қабылданап алатын және оны ұзақ мерзімге сактайтын сенімді қоймалар жасау проблемасы шешілді. Жалпы алғанда, республикада 22 миллион тонна мемлекет астығын сактап, оны механикаландырылған әдіспен өндей алатын жағдай жасалды.

Астық өндірудің жалпы деңгейі жөнінен Қазақстан сол тұста Италия, ФРГ, Ұлыбритания, Жапония сиякты ірі мемлекеттердің алдына шықты.

Республикада астық мәселесінің осылайша түпкілікті шешілуді біздің солтүстік облыстардағы егіншілікке қолайсыз табиғат жағдайында агротехникалық ережелерді мінсіз сактап, тиісті шараларды түгел қолданудың арқасында мүмкін болған жағдай еді.

Ал онтүстік облыстарда дәнді дақылдармен қатар техникалық және жарма дақылдар, бау-бақша, көкөніс шаруашылықтары да айтарлықтай ілгері басты. Өйткені оларда сенімді суару жүйесі жасалды. Әсіресе мақта, күріш және қант қызылшасы егістерінің көлемі едәүір ұлғайтылды. Шығыс өнірлерде Ертістің суын пайдалану арқылы жем-шөп, көкөніс, картоп егістерінің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік туды.

Осы жылдары республикада мал шаруашылығы да мықтап ілгері басты. Ірі қара саны 9,3 миллионға, қой-ешкі – 39 миллионға, жылқы мен түйе – 1,6 миллионға жеткізілді. Мал басы бізде бұрын-соңды мұндай мөлшерде болып көрмеген еді. Соның нәтижесіндес біз ет өндіруден Швециямен, мал майын өндіруден Жапониямен, Италиямен теңесіп, сүт өнімдерін шығаруда Швециямен шамалас деңгейге жеттік.

Ішкі қажеттерімізді етегеннен кейін республика жыл сайын 15-16 миллион тонна астық пен 330-400 мың тонна етті Ресейге жіберіп тұрды.

* * *

Республика экономикасын мұншалықты дәрежеде жанжақты өркендетіп, халықтын тұрмысын жақсарту, әлеуметтік-мәдени саланы көркейту, әрине, ең алдымен үкімет орын-

дарының басшылығына, олардың істі дұрыс үйымдастыра білуіне байланысты еді.

Осы орайда белгілі экономист-ғалым, ұзақ жылдар бойы Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып істеген Фарай Сағынбаев өзінің естеліктерінде қызықты деректер келтіреді.

“Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев пен Бәйкен Әшімұлы басқарған сол жылдары, — деп жазады Фарай Қалапашұлы,

жанадан 3 облыс, 40 аудан, 4 қала, 31 кент, 490 ауылдық кеңес құрылды, 300-ге жуық ірі кәсіпорындар іске қосылды. Еліміздің экономикасы алға басты. Жалпы ұлттық өнім (1973 жылғы салыстырмалы бағамен есептегендеге) екі есеге жуық, оның ішінде өнеркәсіп өнімі – 2,1 есе, ауыл шаруашылығы – 1,4 есе, құрылыш – 1,8 есе артты. Сөйтіп, Қазақстан 1985 жылы ай сайын 1961 жылдың көлемінде өнім шығаратын болды” .

Осы үзіндінің соңғы сөйлеміне ой тоқтатып қарайықшы. 24 жылдың ішінде республикада өнім шығару көлемі он екі ессе өсken екен. Сол кезеңнің ең қарқынды тұсы соңғы он бес жылына келетін еді. Осы орайда еске түседі, біз сөз қылышп отырған үш бес жылдықтың біреуінде, яғни бес жылдың ішінде, бір Қазақстанның орнында екі Қазақстан пайда болды деген бейнелі сөз айттылып жүрген еді.

Бәйкен Әшімұлы үкімет басына келген алғашқы күндерден бастап, халықтың тұрмысын, хал-ахуалын жақсарту жайын жиі айта бастап еді деседі онымен қызметтес болған адамдар. Мұның нәтижесін мынадай мәліметтерден айқын кореміз. Халықтың нақты табысы 1970 жылмен салыстырғанда 1975 жылы 24,6 процент, 1980 жылы – 48,8 процент, 1985 жылы – 72,5 процент өсken. Қоғамдық қорлардан берілестін көмек пен әр түрлі женілдіктер екі есе, зейнетакы мен стипендия – 2,5 есе көбейтілген. Халықтың тұрмыстық қажетін өтеу жолында 17 мың кәсіпорын мінсіз қызмет істеген.

Оку-афарту, денсаулық сақтау, сауда және мәдениет саласына үкімет тарапынан күнбе-күн назар аударылып, тиісінше қамқорлық жасалып отырды. Осы жылдары тұрғын үйлер, коммуналдық мекемелер, сауда орындары, мектептер мен балабақшалар, ауруханалар мен мәдениет мекемелері контекстінде салынды.

Нақтылап айттар болсак, 15 жылда 16,4 миллиард сом каржы жұмсалып, 2 миллионнан астам тұрғын үйлер іске қосылды. Сөйтіп, 7 миллионнан астам адам пәтер алды. Қаладағы үйлер негізінен сумен, жылыту жүйелерімен жабдықталды. 86 процентіне газ, 90 процентіне канализация тартылды.

Байланыс жүйесінде де көптеген ілгерілеушілік болды. Телефон нұктелері үш еседен астам көбейді. Ең шалғайдағы елді мекендерге дейін телефон байланысы тартылды. Тың өлкесі тұсында солтүстік облыстар республикалық теледидар жүйесінен сырт қалып қойып, масқаралық жағдай орын алып еді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін шұғыл түрде Ақмолаға дейін радиореле магистралі жүргізілді. Сөйтіп, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қекшетау және Ақмола облыстарының тұрғындарына Алматыдан телевизия хабарларын алып тұру мүмкіндігі туғызылды.

Сол кездері бүкіл республика жүртшылығының маңтанышына айналған жарқын жетістіктердің бірі – республика астанасы – Алматы қаласының ажары ашылып, сәulet сөннінің түрлене тұсуі болатын. Бұл күндері тәуелсіз еліміздің онтүстік астанасы атанған сүйікті қаланың даңқын асырган не бір гажайып ғимараттар нақ сол жылдардың жемісі екені баршаға белгілі.

Әл-Фараби атындағы үлттық мемлекеттік университеттің кешенді мекенжайы – ҚазГУград, Үлттық ғылым академиясының бірқатар ғылыми-зерттеу институттары орналасқан Академия қалашығы, бірқатар жоғары оку орындарының сәүлетті жаңа корпустары, Үлттық кітапхана мен Мемлекеттік мұражай үйлері, М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының, Жамбыл атындағы республикалық филармония мен мемлекеттік цирктің мекен-жайлары, Неке үйі, Оқушылар сарайы, темір жол жөне өуежай вокзалдары, зәулім “Қазақстан” мейманханасы – Алматының алтын тәжі іспепті сол кезде бой көтерген бірқатар жаңа құрылыштар осындай еді.

Қазақстан халық шаруашылығының белгілі бір кезеңіндең бұл аталған жетістіктерді қай уақытта да маңызы кемімейтін ел тарихының жарқын беттері деп санауга әбден болатын еді. Егер осы шындықты мойындар болсак, соны қамтамасыз еткен үш жағдайды да теріске шығармас едік.

Олар: бірінші – сол тұстағы республиканың экономикалық әулетінің күштілігі; екінші – ортақ мұдде үшін үнемі ілгері басуға ұмтылған халық бұқарасының еңбек құлшынысы; және, үшінші – осыншама мол күш-жігер мен мүмкіндікті лұрыс үйымдастырып, менгере білген мемлекеттік басшылықтың саралығы болатын.

Ал енді жанағы үшінші факторды сараланқырап қарасак, осы үш бесжылдықтың басы-қасында болып, үкіметті басқарған Бәйкен Әшімұлының ерекше еңбегін сүйініш сезімімен атарымыз да орынды болмак.

Орынды болатын себебі, республиканың өз мүмкіндігі мен Одақ көлеміндегі орыны қаншама зор болғанымен, неғізгі билік орталық орындардың қолында болғанын ұмытпағанымыз жөн. Ал Мәскеуден қаржы сұрап алу оңай шаруа болмайтын. Ол былай тұрсын, Республикаға қажетті қаржыны орталық еш уақытта қолға тұтасынан ұстата салмайтын. Жеке-жеке шаруашылық салаларына бөліп, әрбір жаңа пысанның жобасын, салынатын орынын, мерзімін анықтап, алдын-ала тексеріп алғаннан кейін ғана арнаулы тізімге енгізеді. Содан мұдірмей өтіп, қажетті қаржыны қармап қалу үшін әрдайым дәйекті дәлелдер мен қажетті құжаттар күн ілгері әзір болуы керек.

Сондықтан да жылма-жыл қаржы бөлісу кезінде Республиканың үлесіне тиетін мөлшер аз болмайтын. Оны мына цифrlардан көруге болады. Жан басына шакқандағы әр республикаға бөлінетін қаржы мөлшері: сол жылдары Өзбекстанға – 334, Грузияға – 348, Украинаға -382, Белоруссияға – 436 сомнан тигенде, Қазақстанға – 536, Ресейге – 598 сомнан ийналған кездер болды.

Мұндай дәрежеге жету үшін жалпы одактық баланстағы Қазақстанның комакты үлес салмағымен қатар оның басында отырган адамдардың орталық басшы орындар алдында тор беделі және орталық тарапынан сол адамдар өздеріне жасалып отырган артықша мүмкіндіктерді мұлтіксіз пайдалана алады деген қалтқысыз сенім болуы шарт.

Қай уақытта да артық айтып, асу-тасуды білмейтін байсалды Іюйкен Әшімұлының мына бір сездері еріксіз ойға оралады. “Л. Н. Косыгиннің тәрағалығымен өтетін үкіметтің ресми отырысында, – деп жазады ол кісі, – республикамыздың жылдық жоспарлары мен бюджеттің талай рет баяндауыма,

яғни сол кездің өз тілімен айтқанда, корғауыма тұра келді. Қазір еске алып отырсам, өз басымда зор қанағат сезімін туғызатын бір жәйт, біздің жобаларымызды талқылау кезінде жасаған баяндамаларымызға немесе солар бойынша енгізген ескертпелеріміз бен білдірген өтініштерімізге әрдайым тиісінше түсіністік ілтиpat көрсетіліп отыратын еді. Мұның өзі, ең алдымен, А. Н. Косыгиннің өз тарапынан басталатын”.

Әрине, әделкіде бір қабылданған жоспар өмірдің күнделікті туындал жататын тосын тұтқылдарына үнемі төтеп бере алмайды. Қосымша қаржы-каражат қажет болады. Ондайда тағы да тың дәлел-дәйектерге жүгінуге тұра келеді.

Бірде ауыл шаруашылығына бөлінген қаржының айналымдағы мұқтажына бір миллиард сомға жуық акша жетпей қалды. Бұл сол кездің өлшемімен қыруар акша еді. Төраға одақтық қаржы министрі В. Ф. Гарбузовқа телефон шалды. Екі жақ ұзак сейлесті.

Министр олай-былай жалт беріп, бұл мәселені өздігінен шеше алмайтынын білдірді. Бәйкен Әшімұлы дерек орталық Үкімет төрағасына шықты.

Келесі күні Мәскеуге жүргуге тұра келді. Өзімен бірге ұшқан көмекшісі Николай Колинко бұл сапарды былай ән-гімелейді:

– Әуежайдан тұра Гарбузовтың қабылдауына келдік. Министрдің көмекшілері өздерінің бір кадірлі адамдары келгендей, төрағаны шұрқырасып куана қарсы алды. Бәйкен Әшімұлы да әрқайсысына лайықты сез арнап, жылы шыраймен сәлемдесіп жатыр.

Василий Федоровичті бірінші рет көруім еді. Өні сынық, ажарында қатты шаршаған адамның рені бар. Құннің жылдылығына қарамастан, үстіне қалың жұннен тоқыған кеудеше киіп алышты.

Екі женінің сыртында шынтағына дейін қара сәтеннен тігілген кәдімгі қарапайым қаптама. Аяғында жұмсақ башмақ. Кәдімгі аудандық қаржы бөлімінің қатардағы бухгалтері дерсін.

Біз кірген бойда екі басшы құшақтасып, сүйіспін көрісті. Хатшы әйел шыны аяқпен шай алыш келді. Мына кісілер бұрыштағы кішкене столдың маңына жайғасты. Мен сыйайылышқа сақтап, кабинеттен шығып кеттім.

Бәйекен министрдің кабинетінде қырық минуттай айналды. Бірақ шығарында көңілді көрінді. Қабылдау бөлмесінде отырған көмекшілермен қауқылдасып, тағы да емен-жарқын қоштасты да, үкімет үйіне қарай бет алды. Сағат 11-де Ко-сыгиннің қабылдауында болуы керек.

Алексей Николаевич кешегі телефон арқылы сөйлескен өзгіменің жалғасын тыңдал алды да, Гарбузовқа телефон шалды. Ол кісі қаржының қажет екенін қостаған болуы керек.

– Олай болса, біз тиісті жарлықты шығарайық, өтінішті қанағаттандырындар.

– Алексей Николаевич, бәлкім, Орталық Комитеттен тиісінше рұқсат алған дұрыс болар?

– Алдымен мына қаржыны жібере беріндер. Ол жаққа өзіміз хабарласармыз.

Бұлар қайтар жолда Караганды арқылы жұргуғе тиіс боладын. Бәйекеннің шұғыл түрде Теміртауға соға кетуі қажет еді. Жолда келе жатқанда, көмекшісіне ескертті:

– Мәскеуден хабар бола қалса, қай уақытта болса да мені гауып алып, айтатын бол.

Айтқандай-ақ, келесі күні бұлар қала сыртындағы “Космонавт” мейманханасында жатқанда кешкісін Мәскеуден, Ко-сыгиннің қабылдау бөлмесінен телефон соғылды. Республикаға сұралған қаржы бөлу туралы жарлыққа қол қойылыпты.

Кейінірек Бәйкен Әшімұлы одақтық үкімет аппаратынан келген катынас қағаздар арасынан бір құжаттың көшірмесін коргені бар. Онда былай деп жазылыпты: “КОКП Орталық Комитетіне. КСРО Министрлер Кеңесі өзінің өкімімен республика кеңшарларының айналым қаржысындағы олкышықты толтыру үшін Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің құнырына одақтық бюджеттен 800 миллион сом қаржы бөлді. Осыны білдіру ретінде хабарлаймыз. А. Ко-сыгин”.

* * *

Кейде бұл сияқты төтенше мәселелерді орталық үкімет өнисшіларынан басқа жанама арналар арқылы шешуге тұра келді. Ол да оңайлыққа түспейтін. Әйткені ондай төтенше жиілдайды туғызатын ақаулар мен жолсыздықтар көбінесе

біздің өз кінәмізден болады. Сондықтан ретін тауып, жол берілген қателіктерді жуып-шаюға тұра келеді. Алматыдағы Пионерлер сарайын тұргызу кезінде осындай бір қолайсыз оқиға орын алды. Бұл құрылыстың алғашқы идеясын ұсынған Димекеннің өзі болатын. Ол кісі Корей халық-демократиялық республикасына барған сапарында Пхеньянда осындаі бір әсем сарайды көріп келген еken. Өте қызығып әңгімеледі. Бізде де сондай ғимарат салу үйғарылды. Келесі жылдың жоспарына енгізіліп, құрылысы басталып кеткен.

Бірақ іс үстінде сметалық жобадан ауытқушылыққа жол беріліп, құрылыстың архитектуралық шешімі мен сыртқы көркінде анық астамшылық орын алыпты. Әсіресе, Қазакстанда мрамор көп деген желеумен осынау қымбат материал онды-солды орынсыз қолданылыпты. Сөйтіп, алғашқы сметалық құн екі есе қымбаттап кетіпті. Сондықтан банк қаржыландыруды тоқтатып қойған.

Осы мәселені реттеуді Бәйкен Әшімұлына Димекен арнағы тапсырды. Амал жоқ, тағы да Мәскеуге баруға тұра келді. Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары В. Я. Исаевқа, Құрылыс комитетінің төрағасы Г. Н. Фоминге барып жолығып, мән-жайды түсіндірді. Ақыры, оларды қоюндар, сметаны қайта қарауға, артық жұмсалған қаражатты ескеруге жазбаша келісімдерін алып қайтты.

Осындай түсінбестік кейінгі бір жылдары Алматыдағы әйгілі “Арасан” монша-сауықтыру кешенінің құрылысы кезінде де болды. Оны барапқыда-ақ халық шаруашылық жоспарынан тыс, жергілікті ресурстар есебінен салу көзделген болатын. Орталықтың тиісті органдарынан келісім де алынған. Бірақ кейінірек, одактық үкіметтің бір мәжілісінде осы нысанның жоспардан тыс салынып жатқаны және онда көп астамшылыққа жол берілгені жайында мәселе қөтеріліпті. Осы пікірдің жаңғырығы “Правда” газетінің бас мақаласында өткір сын түрінде көрінді.

Аталған мәжіліске Бәйкен Әшімұлы қатынаспаған. Кезекті демалыста болатын. Артынан екі рет барып, сол кездегі үкімет басшысы Н. А. Тихоновтың қабылдауында болды. Тиісінше түсінік берді. Алматының халқы үшін бұл бірегей құрылыстың қаншалықты қажет екенін, бір ғана Алматы үшін емес, бүкіл Одак көлемінде оның қаншалықты ұлгілі нысан болатынын түсіндірді. Содан кейін барып қана рес-

публика атына айтылып жүрген қолайсыз өнгіме су сепкендей басылды.

Кейде осындай жекелеген мәселелер төнірегінде түсінбестіктен немесе алдын-ала қалыптасқан жеңілtek пікірлер салдарынан ойламаған киындықтар туындал жатса, кейде үлкен бір кешенді проблемалардың алдынан жол оп-онай ашила қалатыны болады. Гәп – сондай сәттерді құр жібермей, пайдаланып қалуда.

Бір жолы Бәйекең Мәскеуге жылдық қорытындымен барғанда Министрлер Кеңесінің іс басқарушысы М. С. Смирнюков алдын-ала ескерту жасады:

– Сіз жарыссөзде бірінші болып сөйлейсіз. Мәжіліске ІІ. И. Брежнев қатынаспақшы, – деді.

– Түсінікті, – деді Бәйкен Әшімұлы. Сөйтті де, дайындал әкелген мәселелерін қайта бір қарап, ой елегінен тағы бір откізе, пысықтап алды. Өйткені Косыгиннің алдындағы мұндағы мәжілістерде қағазға қарамай, сөзді ауызша сөйлеудің қаншалықты ұтымды болатынын Бәйекең жақсы билетін.

Айтқандай-ақ, Жоспарлау Комитетінің тәрағасы Байбаков пен Қаржы министрі Гарбузовтың баяндамаларынан кейін сөзді Бәйкен Әшімұлы алды.

Халық шаруашылығының дамуы мен бюджеттің орындалуы жөніндегі жылдың қорытындысын қысқаша баяндалғытті. Орын алған олқылықтар мен кемшін тұстарын да жасырмай айтты. Орталық органдардың құзырына жататын кейбір мәселелерді атады.

Сол кезде зер сала тындал отырған Л. И. Брежнев:

– Балқаш кен-металургия комбинатындағы жағдай қалай? – деп сұрады. Әшімов комбинаттың қалыпты жұмыс істеп тұрганын айтты. Кенді негізінен Жезқазған беретінін хабарлады.

– Коныраттың халі нешік? – деп сұрады Бас хатшы тағы да. Сірә, ол кісі бір кезде Балқашты көнмен сол қамтамасыз стекенін ұмытпаған болуы керек.

– Конырат кенинің қоры сарқылуға айналды. Қазір одан баланстың сыртында косымша ғана кен алынады, – деп жауап қайырды да, Бәйекең ойын әрі қарай жалғастырып әкетті: – Балқаштың солтүстік жағасында, таяу жердегі Саяқ мыс көнінің мол қорын тезірек игеру жөніндегі біздің белсене мәселе көтеріп жүргеніміз де сондықтан, Леонид Ильич.

Сабырмен салмақтай айтылған бұл сөзді хош көргендей, Бас хатшы үнсіз бас изеген. Сөйтіп ойламаған жерден Саяктың бағы көтеріліп, алдынан даңғыл жол ашила кетті.

Мәжіліс аяқталғаннан кейін кешкісін Бәйекен түскен мейманхананың өзіне бекітілген нөміріне Кремль телефоны арқылы Смирнюков хабарласты. Жақсы сөзімен күттыхтағы. Алексей Николаевич те ұнатқан көрінеді.

* * *

Бәйкен Әшімұлы өзінің еңбек жолын он сегіз жасында, отызыншы жылдардың дәл ортасында бастаған еді. Соның отыз бес жылын ауылда, аудан, облыс көлемінде өткізді. Басшылық жұмыстың үлкен мектебінен өтіп, билікті қызметтің биік деңгейіне көтерілгеннен кейін де бірсыпыра жылдар артта қалды.

Осы үзак мерзім ішінде ол талай адамдармен таныс-біліс болды. Солардың көбімен істес, бастас, әріптес ретінде жақын араласты, дос-жолдас, сыйлас-сырлас болып, жадында жақсы әсерлер, ұмытылmas қымбат сәттер сакталып қалды. Ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс дегендей, көп адамның тартымды міnezі мен татымды ісінен ауысқан тағылымы да, өз басынан өзгеге өнеге болғандай мезеттер де аз болмағандай еді.

Солардың ішінде Бәйекеннің өмірінде орны ерекше бір адам бар. Ол – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Өзінің бұл биік дәрежеге көтерілуіне бірден-бір себепкер болған Димекен екенін Бәйкен Әшімұлы жақсы біледі. Сонсоң, өзінің алыстан күрмет тұтатын сыйлы адамыңмен жақын келіп істес болу кісіге сын екенін де түсінеді. Абырой болғанда, төраға пендешілік тұрғыдан ынғайсызың туғызатын бұл екі сыннан да ойдағыдай өтті.

Одан алып шықкан екі нәрсе – өзінің міnezі мен жүрістүрьсінің табиғилығы және адамгершілік алдындағы адальығы еді. Оған Төрағаның мына бір естелік сырлары куә:

“Үкімет басындағы мәртебелі қызметкес келген алғашқы күннен бастап маған Д. А. Қонаев зор камкорлық, ілтипат білдіріп отырды, жұмыста күнделікті көмек көрсетіп, жаңа жағдайға төсөліп кетуіме жәрдемдесті.”

Әдепкі аяқ алысы осылай сәтті басталған Бәйекенің көп үзамай көз жеткізген бір ақиқаты – Димаш Ахметұлының ұзақ жылдар бойы басшылық жұмыста жинақталған мол тәжірибесі және соған лайық республика жүргіші мен ресми орындарда орнықкан зор беделі еді. Төраға ол кісімен қызмет бабында көп аралас-құралас болды. Ел ішін жиі-жіі бірге аралады. Мәскеуге бірге сапарлас болып, орталық билік орындарында бірге жүрді. Сонын бәрінде де бұл кісіге леген құрмет пен ілтипат ерекше болатын.

Сондықтан жоғарыда айтылған Қазақстанның жұлдызды жылдарында кол жеткен табыстар мен шыққан биіктеге /Димекенің өз үлесі де және ол кісінің абырай-беделі арқасында тындырылған істер де мол болды.

Осымен байланысты, Бәйкен Эшімұлының тағы бір қанатат сезімімен еске алары – осындай ігі істер мен үлкен мақсаттар жолында республикадағы партия басшылығы мен үкімет билігі арасында толық бірлік пен өзара түсіністіктің болғандығы. Әрбір істің басында, әрбір сапардың үстінде екі басшының ортақ пікірден табылғандығынан да шығар, бәлкім, әйтеуір билікші екі үйдің арасындағы ынтымақ пен іс-керлік ахуал министрліктер мен басқа да басқару жүйелерінде де, жергілікті әкімшілік органдарда да өзек тартып, өз жемісін беріп отырды.

1977 жылы Бәйкен Эшімұлының алпысқа келуіне байланысты оған Социалистік Еңбек Ері деген атақ берілді. Бұл сол кездегі одактас республикалар Министрлер Кеңесі төртінші орындарының ішінде ең бірінші берілген атақ еді. Осы оқиғага байланысты өуелі Брежнев, сонсоң келесі күні Косыгин телефон шалып, Эшімовті туған күнімен, жоғары атақпен құттықтады. Екеуі де жылы-жылы сөздер айтты. Бұл кісі де өз орайында еңбегінің жоғары бағаланғаны үшін оларға алтыс білдірді.

Мерейтой күні Орталық Комитеттің Бюро залында бюро мүшелері, үкімет төрағасының орынбасарлары жиналды. /Л. А. Қонаев жиналғандар атынан сөз сөйлеп, Б. Эшімовке Орталық Комитеттің құттықтау адресін тапсырды. Ескерткіш сыйлық берді.

Жалпы алғанда, қай істе де Димекен Төрағаны қолданап отырды. Тіпті ел аралап жүргенде де, кандай жағдайда болсын, бұл кісімен келіспей, ең аяғы, материалдық көмек же-

нінде де ешкімге өздігінен уәде бермейтін еді. Бәйекен осыған риза.

Ал қызметтен тысқары кезде бұл кісілер бірін-бірі құрметтеп, үй іштерімен тығыз араласып тұрды. Тегінде, Ди-мекен өзі де, бәйбішесі Зухра Шәріпқызы да сыйласуға жаксы, алдары ашық, қонақжай кісілер болатын. Бәйкен Әшімұлының үй ішімен талай рет бірге демалып, сапарлас болып, көршілік карым-қатынаста да көлеңке түсірмеуге тырыса-тын мәдениетті адамдар еді.

ОҢАШАЛЫҚТАҒЫ ОҚШАУ ӘҢГІМЕЛЕР

Бәйкен Әшімұлының үкімет төрағасы ретінде жемісті қызмет атқаруында шешуші маңызы болған тағы бір жағдай Одақтық үкімет басындағы А. Н. Косыгиннің бұл кісіге әрдайым ілтиппатты ықылас білдіріп, он көзімен қарағандығы екені жоғарыдағы көп оқиғалардан байкалған болса керек. Оның солай екені де рас еді. Өйткені, Алексей Николаевич, біріншіден, Б. Әшімовтің жеке басының іскерлік және адамгершілік қасиеттерін жоғары бағаласа, екіншіден, әсіресе, елдің жалпы халық шаруашылық кешеніндегі Қазақстанның алатын орнын жақсы түсінетін. Сондықтан республиканың мұн-мұқтажына ерекше мұқият қарайтын.

Бәйекен бұл кісімен қызмет бабынан басқа жағдайда, сапар үстінде талай рет істес болғаны бар. Аз сөйлейтін, өзін көбінесе ресмілік шеңберде ұстайтын бұл кісі сапарлас кезде мінезі ашылып, өзін ете биязы ұстайды екен. Сондай бір жол 1979 жылы наурыз айында Үнді еліне қарай түсіп еді.

Ол кезде Үндістан халқы 740 миллионная асып кеткен. Астанасы Делидің өзінде 6,5 миллионға жуық адам тұратын. Екі жарым ғасырдай ағылшын отаршыларының кол астында болып, 1947 жылы тәуелсіздік алған алып ел 1950 жылы өзін республика деп жариялаганы мәлім. Елдегі бүкіл атқарушылық өкімет билігін президент атынан жүзеге асыратын Министрлер кеңесінің төрағасы қызметін он бес жыл бойы абыраймен атқарған Индира Ганди бұл кезде үкімет басынан кеткен болатын. Кеңес делегациясын бұдан екі жыл бұрын билік басына келген Джаната-Партидің өкілі, премьер-министр Десаи карсы алды. Делегация құзырына кіретін келіс-

сөздердің барлығы осы үкіметпен арада жүргізілді. Делегация бірнеше күн бойы ел ішін арапап, жергілікті өмірмен танысты.

Делиден Мәскеуге қайтып келе жатқанда, делегация мінген ұшак жолда ешқайда қонбастан, он сағат бойы ұшты. Орталық үкімет басшысына бекітілген ИЛ-86 ұшағының іші оте жайлышты жабдықталған еken. Орта тұсындағы кең салонда жұмсақ дивандар, креслолар, әңгімелесіп отыруға шағын столдар қойылған. Салонның екі жақ басында екі орындық онаша кабиналар бар.

Қайтар сапардың алғашқы жартысын делегация мүшелері үлкен салонда өткізді. Әркім Үндістаннан алған әсерлерін айтып, қызу әңгіме басталды. Елдің экономикалық жағдайы, халықтың тұрмыс-халі сез болды. Қоғамның аттобеліндей азғана тобы байлыққа батып отыр еken де, басым копшілігі нағыз қайыршылықта күн кешеді еken. Қайда барсан да, үй іштерімен шұбырып, баспанасыз қанғырып жүрген бір халық. Тіпті, астанасының өзінде де осындай көрініс.

Салондағы тұстікten кейін Коғыгин өзінің бөлмесіне кетті. Аздан соң Әшімовті шақыртты. Екеуара ұзак әңгіме болды. Алексей Николаевич республикадағы хал-ахуалды сұрастырыды. Халық шаруашылығының жеке салалары жайлышы, елдің тұрмыс жағдайы туралы Бәйекеннің айтқан сездерін зер сала тындал отырды. Бір кезде ол кісі:

– Кеңшарлардың ылғи зиян шегіп отыратын себебі не ліктен? Тіпті, егін шығымдылығы тәуір болған жылдары да олардың жағдайы неге бір оналмайды? – деп сұрады.

– Қазақстан жағдайында, – деп жауап қайтарды Бәйкен Әшімұлы сөл ойланыңқырап отырып, – астық диқанға оңайта түспейді, Алексей Николаевич. Өйткені біздегі жер қыртысы мен ауа райының жағдайы өте күрделі, кысы ұзак әрі тым қатал, жазы тым ыссы және куанышлықты болып келеді. Мұндай жағдайда егіннен тіпті орташа өнім алу үшін де қыруар қосымша жұмыстар атқару қажет болады.

Бәйкен Әшімұлы креслоға жайланаңқырап отырып әңгімесін жалғастыра тұсті:

– Айталық, миллиондаған гектар егістікке қыста қар тоқтатып, көктемде топыраққа ылғал жинау керек. Бізде арам шоп деген бір пәле бар. Соны құрту үшін барлық анызға

ауыл шаруашылық авиациясының көмегімен химиялық өндіріс жүмысы жүргізіледі.

Солтүстік, шығыс және батыс облыстарда малдың қолда бағылатын мерзімі қазан айынан мамыр айына дейін, яғни кемінде 7 айға созылады. Осыншама уақытта малға жем-шөп жеткізу үшін шаруашылықтар жылына 30 миллион гектарға дейін шабындықтың шебін шабуы қажет. Ал малды қыстығұні жылы орында ұстасу үшін іргелі қора-жай салу керек. Бұған да қыруар ақша жұмсалады.

— Содан кейін, — деп Бәйекен сөзін тағы бір өріске қарай өрбітіп әкетті, — біздін ауыл шаруашылығымызға өнеркәсіптің әзірлеп беретін техникасының жұмыс өнімділігі өте төмен. Мәселен, дәнді дақылдарды ору үшін қолданылып жүрген жатканың алымы 4-6 метрден аспайды. Ал оны тіркейтін комбайнның астық бастыру қуаты егіннің шығымдылығы 12-15 центнерден айналатын болғанның өзінде алымы 10-12 метрлік жатканың орган егінін емін-еркін бастыра алады. Шөп шабуға да гектарынан 3-5 центнер пішен бере алатын шабындықта шалғысының ені 2,4 метрлік шөп машиналары қолданылады. Дұрысында оның алымын бірнеше есе арттыруға еркін болар еді.

— Енді көктемгі егіс жұмыстарының жайына келейік, — деп Бәйекен Әшімұлы әңгіме желісін кеніте түсті. — Бізде топыракты майдалап тегістеу, түқым себу, минералды тыңайтқыштар енгізу, сонсон танаптың табанын тығызыдау жұмыстары неше дүркін етіп жеке-жеке жүргізіледі. Ал осылардың барлығын әмбебап сеялкамен бір-ақ жола істеп шығуға болар еді рой. Мұндай құралдарды Целиноградтың ауыл шаруашылық машиналар зауыты қөптеп шығара алар еді. Мәселе – соны жүзеге асырудың басқа мүмкіндіктері жоқтығында.

Республика үкіметі төрағасының қөптен бері көкейінде жүрген көп-көп кептерді, сыртқа шығарудың онтайы өздігінен келіп қалғанда, жүйелеп айтқан уәждері Орталық Үкімет басшысына қатты әсер еткендей еді. Төмен қарап, біраз үнсіз отырған Косыгин де ойын түйінде айтты:

— Сатып алу бағалары жөнінде өзір еш нәрсе істей қою мүмкін емес, — деді ол кесімді түрде. — Егер нанның, еттің, майдың сатып алу бағасын есірсөн, бөлшек сауда бағасын да өзгертуін керек. Ал халықтың күнкөріске ең керекті азық-

түлігін қымбаттатуға өсте де болмайды. Сондай-ақ, сатып алу мен бөлшек сауда бағаларының арасындағы айырмашылықты жабатындай дотация беруге әзірше мемлекеттік бюджетімізде мүмкіндік жок.

– Ал енді, – деп Косыгин ойын мәселенің екінші жағына аударды – ауыл шаруашылығына неғұрлым өнімді техника беру жөніндегі проблема назар аударуға әбден тұрапты. Жоспарлау комитеті мен Ауыл шаруашылық машиналарын жасау министрлігіне тапсырма берейік. Сіз болсаңыз, Министрлер Кеңесінің кезекті мәжілісінде өзіңіз сөйлеп, осы жағдайдың бәрін айтыңыз.

Алдын ала айта кетейік, Одақтық үкімет төрағасының осы тапсырмасы бойынша Б. Әшімов КСРО Министрлер Кеңесінің мәжілісінде бірнеше рет сөйлеп, ауыл шаруашылығына өте өнімді, кең алымды және кешенді әмбебап техника беру жөнінде ұсыныстар енгізді. Тың иерген астықты аудандарға лайықтап арнаулы техника – топыракты тереңдете қосытатын соқалар, ұшқір тісті тырмалар, әмбебап сялкалар, кең алымды жаткалар мен шөп шапқыш машиналар, т.б. құрал-саймандар шығару жөнінде Кеңес үкіметінің біргалай қаулы-каарлары қабылданды.

Енді жаңағы әңгімемізге қайыра оралайық. Бәйекен үшактың оңаша кабинасында басталған осынау бір пейілді әңгімені жалғастыра түсіп, тағы бір мәселенің жайын баяндаپ қалуға тырысты.

– Сізге арнайы хат жазып, бір маңызды мәселемен өзінізге кірейін деп жүр едім. Соны осы жерде көтеруге рұқсат болар ма екен, Алексей Николаевич? – деді ол.

– Кәне, олай болса, тыңдайық. Уақыт бар фой.

– Қазіргі Қарағандының ескі жағы, – деп бастады Бәйкен Әшімұлы ендігі әңгімесін, – сонау отызыншы жылдары көмір шахталарының айналасына тақап салынған жеке поселкелер. Олардың тұрғын үйлері, мектептері мен клубтары, әнсаулық мекемелері бұл күнде әбден тозығы жетіп, істен шығуға айналған. Су, жылу, канализация жүйелері де сондай.

Оның үстіне қаланың сол жақ бөліктерінің астындағы комір қабаттары үнгіп алынған да, асты қуыс болып қалған. Сондықтан көптеген құрылыштар қисайып, отыра бастаған. Қирағандары да баршылық. Ол былай тұрсын, көмірі алын-

ған оқпандардың тесігінен жер бетіне метан газдары шықкан оқиғалар байқалады. Осының бәрі ол аудандарғы тұрғындардың өміріне қауіп төндіріп отыр. Ал олардың көшілігі – енбек ардагерлері, байырғы шахтерлар.

Демек, осында қауіпті аудандардағы халықты жаңа үлгіде салынған жақсы-жайлы үйлерге дереу көшіру қажет. Қаланың оңтүстік-шығыс жағында жаңа тұрғын ауданды игеру басталды. Бірақ республиканың бюджеті мен Қемір өнеркәсібі министрлігінің қорынан бөлінетін там-тұм қаржы бұл міндетті таяу жылдарда шешуге, әрине, мүмкіндік бермейді. Осында қызын жағдай Қарағанды бассейнін Соран, Абай, Шахтинск сияқты басқа қалаларында да қалыптастып отыр.

Б. Әшімовтің бұл әңгімесін де мұқият тыңдағаннан кейін А. Н. Косыгин:

– Жоспарлау комитеті мен Қемір министрлігіне тапсырма берейін, – деді.

Айтқандай-ақ, одактық үкімет басшысының осы уәдесі бойынша басталған жұмыс жаңағы үлкен проблеманы шешшуге негіз болды. Қарағанды қаласының өзінде және бассейнің басқа да елді мекендерінде тұрғын үй, коммуналдық және мәдени-тұрмыс объектілерінің құрылышын жеделдегуте үлкен серпін беріп еді.

Бәйкен Әшімұлы, жоғарыда айтылғандай, А. Н. Косыгинмен қызмет жайларынан тыс, демалыс кездерінде де кезде-сіп, бірге болған кездері болды. Мұндайда Алексей Николаевич өзім деген кісіге тіпті үйірсек, кішіпейіл, өзін өте сыпайы үстайды. Өзінің жеке тұрмысында да мейлінше қаралапайым, жүріс-тұрысы жұпны, жұртпен қарым-қатынаста көпшіл, ашық әңгімеге бейім, өте мәдениетті адам еді. Демалыс кезінде жаяу серуендеуге көп шығады. Қыс күндерінде коньки, шанғы тебеді. Жазда су спортымен айналысады. Сөйтіп, өзін өрдайым бой-басы жинақы, таралғы, сергек күйде үстайды.

Бұл кісілер Кисловодскідегі “Красные камни” санаториінде екі мәрте бірге демалды. Сонда Бәйекенің бір таң қалғаны: мұнда келген үлкен басшылар жалпы жұрттан аулағырақ, жеке саяжайда тұрады. Ал мына кісі көпшілікке арналған корпуста екі бөлмелі ғана палатаға орналасады.

Бәйкен Әшімұлын серуенге жиңі шақыратын. Қасына ертеген кісілер көбірек болған кезде өткен-кеткен құндерден қызықты әңгімелер айтады, есінде қалған оқиғалардан хикая шертеді. Өзі қатардағы инженерден өсіп, жастай үлкен жұмыстарда болған, отыздың ортасында “Сталин наркомдарының” қатарына іліккен, әсіресе соғыс кезінде өте жауапты істердің басы-қасында жүрген адамның әңгімесін тыңдау әрі қызық, әрі тағлымды болатын. Сол кездерде барлық деңгейдегі кадрлардың өздерін жинақы ұстағанын, іске жауапты қарағанын, жұртта патриоттық сезім күшті болғанын бұл кісі срекше мән бере айтатын.

Алексей Николаевичтің тағы бір қасиеті – өзімен істес болған, өзі жақсы билетін адамдар туралы ғайбат сөз айтпайды екен. Хрушевтың бұл кісіні қалың жұрт алдында сынғашып, намысына тиетін сөздер айтқаны бір кезде бұкіл Одак-қа мәлім болған-ды. Тіпті, соған қарамастан, Никита Жөнінде де тіс жарып, бөтен сөз айтпаса керек. Экономиканы, осіресе ауыл шаруашылығын жақсы билетін басшы деген сияқты жалпы сөздермен ғана шектеледі. Тіпті әрі кеткенде: “Жан-жақты ойланбастан өзгерістер енгізуге өуестігі көп іске зиянын тигізіп, берекесін кетіргенін” ғана іштей өкінішпен еске салып өтеді. Ал Брежневпен бірге істескен кездерін нұызға алмайды.

Санаторийдегі демалыс мерзімі бітіп, елге қайтқалы жатқанда, Бәйкен Әшімұлы қоштасып шыққалы Косыгиннің номіріне кірді. Бірге демалып, біраз уақытты бірге өткізгені үшін рақмет айтты. Сол кезде ол кісі дереу киініп, Бақыт Әсетқызымен қоштасу үшін бұлардың неміріне келді. Бірге отырып шай ішті. Көмекшісін шақырып алып, соның аппаратымен ескерткіш үшін деп суретке түсті. Солай жылы қоштаскан күйде Бәйекендер Мәскеуге жүріп кетті.

Мәскеудің түбінде, жасыл орманның ішінде, мәлдір сулы оленинің жағасында, Одактық Үкіметтің іс басқармасына қарайтын демалыс үйі бар. Қызмет бабымен үлкен астанаға өнірінде, Бәйекен көбіне сонда түсіп жүретін. Бірде қысқынғұн Бақыт Әсетқызы екеуі балаларын алып, сонда демалуға барғандары бар.

Бірде жұмыс күнінің аяғында сыртта серуенде жүрген Іойскеңе Смирнюков кездесті.

— Көп кешікпей осындағы мұз айдынына Алексей Николаевич келеді. Сіздер ешқайда кетіп қалмаңыздар. Сонынан бірге отырып тамақ ішеміз, — деді.

Косыгиннің қасында қызы Людмила мен күйеу баласы Д. М. Гвишиани деген грузин жігіті бар екен. Біраз уақыт коньки тепкеннен кейін бұлар демалыс үйінің бір бөлмесіне барап тамақ ішті. Алексей Николаевич отырған адамдардың барлығының денсаулығына деп тост көтерді де, бір рюмке коньяк ішті. Соңсона тездетіп тамақ ішіп-жеді де, тұрып кетіп калды. Бәйекен бұған аң-тан: “Мұнысы несі? Біздің келгенімізді жаратпағаны ма? Оnda неге шакырттырады?”

Осындай күдікті ой туғанын сезгендей, іс басқарушысы Михаил Сергеевич жуып-шайған:

— Алексей Николаевичтің әдеті сондай, үстел басында көп отыруды ұнатпайды. Оның үстіне, бүгін бірнеше папка қаздарын ала келген. Соларды қарап, нөмірінде жұмыс істейді, — деді. Бұлар тамақтарын іше берді.

— Менсіз жерде шешетін мәселелерінізді Байбаков пен Дымшиц арқылы реттеп жүре берініз, — деді Одактық үкімет төрағасы, кейінгі бір көніл күйін дауыс ырғағымен де, ажаршырайымен де танытып.

Озі көтерген мәселелердің Үкімет үйінде жедел қаралып, көбінесе он шешілетіні ең алдымен Төрағаның қас-қабагына байланысты екенін Бәйкен Әшімұлы бұрын да сезетін. Ал бұл жолы жаңағы аталған кісілерге арнайы тапсырып қойғанын да айқын аңғартты.

Одактың Жабдықтау комитетінің төрағасы Э. В. Дымшиц бір жағынан Үкімет төрағасының орынбасары болып есептеледі. Елдегі атакты шаруашылық басшыларының бірі, талайды көрген бұл да бір көкжал. Сонау отызыншы жылдардан бастап әуелі Украинада, соңсона Ресей Федерациясында ірі-ірі кәсіпорындарды аяғынан тік тұрғызған. Үндістандағы Бхилаи металлургия зауытының құрылышында бас инженер болып, мына қызметке содан келген. Өзім деген кісіге мейлінше ақжарылқап, ашық мінезді кісі. Не нәрсені болса да бір айтар, тікбақайлығы да бар. Бәйкен Әшімұлы келген сайын құшак жая қарсы алып, бар мәселені іскерлікпен шешіп береді.

Бірде тіпті көп мәселемен артынып-тартынып келгені бар. Вениамин Эммануилович барлық орынбасарлары мен

басқарма бастықтарын кабинетіне шақырып алғып, бұл кісінің әр түрлі материалдық-техникалық ресурстарын сұрапан көп хаттарын өзінің көзінше қарағы. Бәрін де тиісті адамдарға бөліп беріп, арнауы тапсырмасын қосымша айтты. Өзі тікелей қатаң бақылауға алатынын да ескертті.

Одақтың жабдықтау орталығының осындай ықыласы арқасында республикада әрдайым металдың, ағаштың, электр жабдықтары мен кабель бүйімдарының, т.б. керек-жарактың қажетті қоры болушы еди.

Осындай іскерлік көзқарас бара-бара үй ішлік сыйластық қарым-қатынасқа ұласты. Бәйекең мен Бақыт Әсетқызы курортта, тағы басқа жағдайларда кездесіп жүріп, Дымшицтер жанұясымен жақын араласып кетті. Бірнеше рет үйлерінде қонақта да болды. Вениамин Эммануиловичтің дәл өзі сияқты ақ жарқын, ашық мінезді, мейлінше қонақжай, өте сынайы зайыбы Лима Борисовна да Әшімовтермен әрдайым шүркүрап көрісетін қадірлес дос-жар адамдары болып кетті.

Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы Н. К. Байбаков мінез-құлық жағынан Дымшицтей емес, мұлде басқа адам. Бірақ, Әшімовке деген ықыласы дәл сол сияқты. Бәлкім, жасының үлгайғандығынан ба, Бәйекенде бір түрлі ерекшелік жақын көріп, іштарта сөйлейтін. Бұл да жасы отызға жетпей жатып, халық комиссарының орынбасары, сонсоң паркомның өзі болып, Косыгин сияқты, Мәскеуге Ленинград Кенесінің төрағалығы қызметінен келген өте тәжірибелі, жұмысқа жан-тәнімен берілген, Одак қолеміндегі бүкіл жоспарлау ісінің бүге-шігесін жатқа білетін, оның тұтқасын оз қолында берік ұстап тұрган адам.

Бір күні Бәйекең келсе, елдің бас жоспаршысы қатты қалжырап, көнілсіз отыр екен. Бұл кісінің келгеніне бір түрлі қуаныш, жадырай қалды. Ренішін де жасыра алмай, шағына сойледі:

— Шаршадым, Бәйкен Ашимович. Әбден қажыдым. Жасым да асып кетті. Басымды да ұстай алмайтын болдым, деп басын бұрынғыдан да қаттырақ селкілдеткендей болды. “Босатындар” десем, жібермейді. Орныңа өзіндей адам тап дейді. Біразын атап едім, қабылдамады. Енді сіз ғана қалдыңыз. Сізді айтсам, бәрі де келісе кетер еді. Рас айтам, Бәйкен Ашимович. Құдай ақы, келіңізші осы госпланға!

— Рахмет, Николай Константинович, мен жөніндегі жоғары пікірінізге. Бұл жерде ауыртуға біздің бас жарай қоймас, — деді Бәйекен күліп, бір жағын әзілге айналдырып.

— Нет, не будет ваша голова болеть здесь. Она у вас крепкая. Я серьезно говорю, приходите сюда. Если вы согласны, я сейчас же буду рекомендовать.

— Еще раз спосибо вам, Николай Константинович! Мне и там, в родном Казахстане, неплохо.

Ойынды-шынды айтылған осы сөздердің өзінен-ақ Бәйекене бұл мекемедегі ықылас-пейілдің қандай екенін және кай жақтан соққан леп екенін айқын аңғаруға болатын еді.

ӨКІЛЕТТІ БИЛІК ӨРІСТЕРІ

1984 жылдың 31 наурызы күні Қазак КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Бәйекен Әшімұлы Әшімов Жоғарғы Кеңес Төрағасы болып сайланды. Қазақстан Үкіметінің Төрағалығына тағайындалған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа жемісті жұмыс тілеп, Бәйекен республика парламентіне аудисты.

Әмірде қызық бір сәйкестіктер болады. Осыдан он төрт жыл бұрын, дәл осы наурыздың 31-і күні бұл кісі Қазак КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып бекітіліп еді. Енді міне, араға 14 жыл салып, дәл сол күні мына лауазымға тағайындалып отыр. Және бір ғажап сәйкестік бар. Бәйекен республиканың үкімет басшысы болып он төрт жыл қызмет істеді. Қазақстан республика болып өз алдына отау тіккелі, шаңырак көтергелі соның үкіметін басқарған он төртінші төраға екен. Солардың ішінде ең ұзак істегені де өзі екен.

Бәйекен Әшімұлы осыдан өзінше ырым жасайды. Жаксылыққа жориды. Сонау бір жылы осы жұмысқа жоғарылады. Мәскеуге барып келе жатып, ұшақ ішінде ойлағаны бар еді. Республика үкіметін өзіне дейін басқарған адамдарды еске алған.

Әрілеп келгенде, бұл өзі осы лауазымға тағайындалған адамның әмірлік жеке тағдырына ықпал ететін және сол лауазымның мәртебесінде белгілі бір із қалдыратын құбылыс. Сонымен бірге, Қазақстан сияқты бір кездердегі өзіндік дербес мемлекеттіктің үлгісі болған, одан кейінгі ұзак га-

сырлар бойында ел билеудің тарихи дәстүрі қалыптасқан кең аймақта жаңа қоғамдық тәртіп негізінде жаңаша үкімет билігін қалыптастыра қою оңай шаруа болмағаны түсінікті.

Осындай құрделілікті ескерген болар, Орталық алғашқы кезеңнің үйымдастыру жұмыстарын жолға қоя алатын тәжірибелі адам, сенімді өкіл ретінде Одак көлеміндегі белгілі кайраткер, Қазан төңкөрісіне белсене қатысқан В. Радус-Зенковичті жіберіпті. Ол кісі бірер жыл қызмет атқарғаннан кейін, қазактың өз топырағынан шыққан және сол ғұрлы білім-тәжірибесі бар-ау деген оймен Мұхамет-Кафий Мырзагалиев деген азаматты тағайындаған еken, ол да бұл орында бір жыл ғана тұрақтапты.

Одан кейін республиканың үкімет басына келгендер Қазақстанда кеңес үкіметін орнату жолында белсене құрескен большевиктер, белгілі қоғам кайраткерлері: Сәкен Сейфуллин – 2 жыл, Нығмет Нұрмаков – 4,5 жыл, Ораз Исаев – 9 жыл қызмет істепті. Бұл шектеулі мөлшерде автономия берілген өлкеде “кеңес өкіметін нығайту”, “бай-феодалдарды төркілеу”, “ұлтшыл-алашордашыларды әшкереleу”, “қара шаруаларды жаппай үжымдастыру” деген сиякты асыра сілтесу ұрандармен өткен қиян-кескі заман еді. Соның аяғы отыз жеті – отыз сегізінші жылдардағы сталиндік репрессияға үласты да, жаңағы аталған азаматтар өздері сол науқаның құрбаны болып кетті.

Бұлардан кейінгі өмір біршама арнасына түсіп, қалпына келді дегенмен де, қыншылығы мен қысымшылығы өткен жылдардан кем болмаған кезеңдерде бірінен кейін бірі үкімет басында болған Нұртас Ондасынов, Елубай Тайбеков, Әїнмұхамед Қонаев, Мәсімхан Бейсебаев халықка адал ниетгерімен қызмет етті. Үкімет билігі мен халық бұқарасының арасы бірте-бірте алшактай түскен заманда әрқайсысы өз уақытының талаптарына сай, өз мәртебелеріне лайық қайраткерлік танытып, арттарына ел ағасы деген жақсы атактарын қалдырыды.

Үкімет басына екі рет келіп кеткен Димекен жиынтығы қырық жылдай жоғары дәрежелі басшылық қызметте болса, соның жеті жылын үкімет басында, жиырма жылдан астамын партиялық билік басында біріншілік қызметте өткізіп, Одак көлеміндегі саяси басшылықтың ең биік сатысына көтерілді. Өз өзгешеліктері өзінде болған белгілі бір бұрылыш-

ты кезендерде байсалдылық танытып, төрт-бес жыл байыпты қызмет атқарған Елекен мен Мәсекен де ел алдында абыройлы болды. Солардың ішінде ең ұзақ уақыт үкімет басқарып, халыққа кеңінен танылған, Сталин заманының қатаң талаптарынан сүрінбей өтіп, Одақтық үкімет құрамында беделді болған Нұртас ақсақал еді.

Елдің ат арқасындағы есті азаматтары шетінен атылып немесе айдалып кетіп, қалған бас көтерерлері түгелдей қанды соғысқа аттанған қыын-қыстау кезенде құніренген халық пен құйзелген шаруашылықты біржола тұралатып алмай, Қазақстанды майданның берік тірегіне айналдыра алған екі басшы – Жұмабай Шаяхметов пен Нұртас Ондасыновтың есімдері әлі құнғе дейін ел аузында зор құрметпен аталады.

Осының бәрін ой сарабынан өткізіп келгенде, Бәйкен Эшімұлы өзінің он төртінші болып, он төрт жыл үкімет басында отырғанына іштей зор қанағат сезімімен шүкіршілік айтады. Осыншама ұзақ уақытта талай істің жүйесін тауып, талай міндettің шешімін іздегенде, өзін бір сүріндірмеген тағдыр-талайына, қайда барса да құрметпен қарсы алып алқалаған ел-жұрттына дән ризашылығын білдіреді. Өзінің әлі де тұғырдан түсіп отырғанын шамалап, сол халқына сарқыла қызмет етіп қалуға пейіл екенін сезінеді.

Жоғарғы Кенес төралқасының ішкі жұмысымен таныса келгендегі Бәйекенің ең алдымен еске алғаны баяғыда алғаш кенес қызметіне араласқандағы аудандық атқару комитетінің қыбыр-қыбыр шаруасы болды. Жоғарыдан келетін көп нұсқаулар мен төменге таратылатын көп тапсырмалардың қайсысы іске асып, кандай нәтиже беріп жатқанын ешкім білмейді. Эйтеуір өуре-сарсан, ілгері қарай зымырап барада жатқан науқанышыл тірліктің соңынан итпектеген жадағай арба сияқты еді.

Осы бейқунә жайбарақаттық Төралқа аппаратының ішкі жұмысында да анық байқалады. Мұндағы жұмыстың сипаты Министрлер Кенесіндегіден өзгеше. Жоғарғы Кенес Төралқасы экономика салаларының құнделікті жұмысына араласпайды. Барлық жұмыс аумағы облыстық атқару комитетінің бірынғай кеңестік, тіпті дәлірек айтсак, кенселік жұмысынан аспайды. Кезекті сессияларын өткізу, сонсоң белгілі шенберде әлеуметтік-тұрмыс, мәдени-агарту салаларының таза үйымдастыру шараларымен ғана шүғылданады.

Ол кездегі конституциялық тәртіп бойынша республика Парламентінде халық шаруашылығы мен әлеуметтік-мәдени өмірдің жеке салалары бойынша жұмыс істейтін Жоғарғы Кенес депутаттарынан құрылған тұрақты комиссиялар болатын. Олар өз қызметтері бойынша құзырындағы барлық мемекемелер мен үйымдардың жұмысын тексеруге және сол тексерудің қорытындысын Жоғарғы Кенес Төралқасының мәжілісіне ұсынып отыруға хақылы болатын.

Жаңа келген Төраға алдымен осы комиссиялармен байланысты күштейтіп, олардың жұмысын жандандыруды колға алады. Белгілі бір саладағы жұмыстың көлеміне және ондағы істің жай-жағдайына қарай тұрақты комиссияларға әр түрлі ішпесірмалар беріліп, сол бойынша Төралқа мәжілістерінде мәселе қараудың айлық, тоқсандық жоспарлары жасалды. Солармен жұмыс істейтін аппарат қызметкерлері белгіленді.

Мұның өзі, бір жағынан, Төралқа беделін көтеруге, екінші жағынан, республикадағы істің жайын жақсартуға белгілі дөрежеде септігін тигізді.

Жоғарғы Кенес Төралқасының жұмысындағы тағы бір маңызды сала – әкімшілік-құқықтық орындардың қызметтімен байланысты еді. Айтальық, республикалық Прокуратура, Жоғарғы сот, Әділет және Ішкі істер министрліктері, ішінше басқа заң жүйелері басшыларын Жоғарғы Кенес бекітеді. Соларға қатысы бар өте маңызды құжаттар: әр түрлі шешілдер, кодекстер, тағы басқа да хұқықтық актілер парламентте қаралып, бекітілгеннен кейін ғана күшіне енеді. Сондай құжаттарды сапалы түрде өзірлеп, парламенттің қарауына ұсыну және олар қабылдағаннан кейін толық көлемінде жүзеге асырылуын бақылауға алу түгелдей аппараттағы заң болімі қызметкерлерінің құзырына жатады.

Бәйкен Әшімұлы келгелі бері осы жұмыстардың баршасының деңгейі едәуір көтеріліп қалып еді.

Одақтас республика Жоғарғы Кенесі Төралқасының төрлігінің тағы бір конституциялық ереже бойынша одақтық Жоғарғы Кенес Төралқасы Төрағасының орынбасары болып сипаттеледі. Және сол рәсіммен жылына бір ай орталықта орынбасардың кезекшілік міндегін аткарады. Бәйкен Әшімұлы жаңа орынға келген алғашқы жылы-ақ осындаі кезекшілікке барған.

Мұндағы қызметтің өзіндік ерекшеліктері бар екен. Сондағы басты бір міндеті – Одақтың әр киянынан неше түрлі өтініштермен, арыз-шағымдармен келетін адамдарды қабылдау. Олардың біреуі заңсыз жұмыстан шығарылған болса, енді біреуі баспана сұрап келеді. Біреулер зейнетақысының мөлшеріне риза болмаса, тағы біреулері сottың немесе басқа бір хұқықтық орынның шешіміне наразылық білдіре келеді.

Азаматтарды қабылдау Манеж алаңында, Көрме залына таяу, Ленин атындағы мемлекеттік кітапхананың қарсысындағы бір оңаша үйде жүргізілетін. Бір кезде Бұқілодактық староста атанып, халық құрметіне бөлентген М. И. Калинин де жұртты осы жерде қабылдаған. Осы үйдегі ішкі ахуалдың барлығы қабылдаушы адамды да бір түрлі көтерінкі көңіл күйіне келтіріп, кішіпейіл мейірбандыққа жетелеп тұратын сияқты ма, қалай? Әйтеуір осы үйдегі қабылдау сағаттарын Бәйекен ылғи да қанағат сезімімен өткізіп жүрді.

Кезекші орынбасарға қабылдаудан кейін жүктелетін бір міндет – сottалған азаматтардың кешірім сұраған немесе жазалау үкімін өзгертуді өтінген арыз-шағымдарын қарайтын комиссияның жұмысын басқару. Бұл комиссияның құрамына атқаратын қызметтеріне қарай Одақтық бас прокурор, Жоғарғы сottың төрағасы, Әділет және ішкі істер министрлері, Одақ көлеміндегі басқа да лауазымды адамдар кіреді екен. Бәйкен Әшімұлы бұл комиссиядағы жұмыс кезінде адамгершілік парасат пен ұстамды жауапкершілікті қатар танытып, өзге мүшелердің бір ауызды ынтымағын туғызып отырды. Әзі де Одақ көлеміндегі бірсыпypyra әкімшілік басшылармен жылы шырайлы таныс-білістік қарым-қатынаста болды.

Бәйекен кезекшілік сапарына зайыбы Бақыт Әсетқызы мен үлкен немерелері Лаураны ала барған. Үшеуі Грановский көшесіндегі арнайы қызмет пәтерінде және қала сыртындағы “Снегири” демалыс аймағында тұрды. Сол күндері бұлар Кремльдің сарайлары мён храмдарын, Шереметьево мен Останкиноның салтанатты көрме залдарын емін-еркін аралап көрді. Кремльдің Съездер сарайында, “Россия” концерт залында, Үлкен театрда, кіндік астананың басқа да сауық орындарында болып, не бір тамаша спектакльдерді, атақты өнер шеберлері қатынасқан концерттерді тындалды.

Бақыт Эсетеңізы мен Лаура құндізгі бос уақыттарында тарихи орындарды, атақты мұражайлар мен көрме залдарын көріп, тамашалады.

Сол жылы Бәйкен Әшімұлы одақтың Жоғарғы Кеңес делегациясын басқарып, Йемен Халық-Демократиялық Республикасына барды. Бұл – Араб түбебінің онтүстік-батыс пұшпағында орналасқан шағын мемлекет. Онтүстік Йемен халқы алпысыншы жылдардың екінші жартысында ағылшындардың отарлығынан құтылып, демократиялық республика жариялаған. 1970 жылы қабылданған конституациясы сол халықтық-демократиялық құрылышты баянды етіп, заң жүзінде бекіткен. Астанасы – Аден қаласы, Қызыл теңіз бен Араб теңізін жалғастырып тұрган Аден шығанағындағы үлкен порт. Көп жылғы отарлық қамытынан енді ғана босаған слідің экономикасы мешеу, халқының тұрмысы да кедей скен. Ауыл шаруашылығына жарамды деген жерлеріне егін егіп, танаптарын суландыру үшін суарма жүйелерін салуға комек көрсетіп жатқан Кеңес Одағының адамдарына зор құрметпен қарайды екен. Б. Әшімов басқарған делегацияны да лайықты ілтиpatпен қарсы алып еді. Бұлар да соған орай иғі тілектер білдіріп, протокол бойынша елді аралап көргеннен кейін аман-сау елге қайтты.

Келесі, 1985 жылдың аяғында, тағы бір кезекшілікті жалғастыра Кеңес Одағының делегациясын басқарған Бәйкен Әшімұлы сонау Онтүстік Америкадағы Перу Республикасына барып қайтты. Онтүстік Американың батыс жағында, Тынық мұхиттың жағалауында орналасқан бұл елге Мәскеуден ИЛ-86 лайнерімен бір тәулікке жақын ұшады екен. Жолда екі жерге қонып аялдауға тұра келді. Бірі – Канада жерінде, екіншісі – Куба астанасы Гаванада. Осы рейспен ұшқан жолаушы экваторсызығын кесіп етіп, жер шарының бір жартысынан екінші жартысына ауысады екен. Осы оқиғага байланысты қалыптасқан дәстүр бойынша, кеңестік әуе флоты сапар шеккен әрбір адамға арнайы грамота тапсырады екен.

Бәйекене ұсынылған рәсімді қағазға былай деп жазылышты: “Грамота. Құзырынызға мағлұм болсын, еліміздің азаматы Б. Ә. Әшімов Аэрофлот ұшағымен экваторды кесіп отті.

Аспан әлемінің ежелгі әміршісі Сварог осы грамотаға ие болған бақытты жан иесін бүгіннен бастап әрдайым өзінің құдіретті қамқорлығына алады және жер шарының бір жартысынан екіншісіне әуеде кесіп өткен әрбір жолаушыға лайық құрмет көрсетілуіне хұқым шығарады". Одан әрі Сварогтың тапсыруымен 86523 әуе кемесі командирінің қолы қойылышты да, "Рейс 343/344, 1985 ж. 2 тамыз" деген мағлұматтары көрсетіліпті.

Бұл ұзақ сапарда көңілді көтеру үшін ойластырылған қулкілі ойын ретіндегі рәсім еken. Соның өзі жалыққан жолаушыларды біраз сергітіп тастағанды.

Ал сапардың шын мәніне келетін болсақ, Кеңес делегациясы жалпылама сайлауда женіске жетіп, Перу президентінің мәртебесіне ие болған Алан Гарсиа Перестің қызметке кірісуіне байланысты шараптарға қатынасу үшін барған. Өкілдер сол рәсімге қатынасты.

Меймандар елге жақсы танымал үйым – Перу-Кеңес мәдени байланыстар кауымдастырының белсенділерімен кездесті. Сондағы жылы шырайлы әңгімeden кейін Бәйкен Әшімұлы сонау қыыр шалғайда, Онтүстік Американың аргы жағалауында жатқан бейтаныс мемлекеттің жұртшылығын Қазақстанмен толығырақ таныстыру үшін сол елдің ең ірі басылымдарының бірі “Республика” газетіне кенейтілген сұхбат берді. Оның Ұлттық конгресінде сөйлеген сөзінің мазмұны “Коммерсио” газетіне басылды. Делегацияның сапары жөніндегі ақпарат хабарлары “Перуано”, “Оxo” т.б. басылымдарда беріліп жатты.

Қайтар жолда бұлар Гаванада бір тәулік аялдады. Делегация мүшелері Кубаның басшыларымен кездесті. Сонсоң қаланы аралап көрді, шетіне шығып, айналасымен танысты. Мексика шығанағына дейін саяхаттап барып қайтты.

Бұл Бәйекенің шет елге шыққан соңғы ресми сапары еді.

АЗАТТЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ЛЕБІ

1985 жылы 68 жасында Бәйекең зейнетке шықты. Сол түмөрдің 50 жылы, яғни, аттай жарты гасыры, тынымсыз сүбекпен өткен екен. Қара бастың қамы үшін емес, үй ішілік тіршілік үшін емес, түгелдей қоғамның игілігі үшін жұмсалған еңбек. Адал еңбек, өзінің азamatтық арының және айналадағы органдың алдындағы, өмірінің әр түрлі кезеңінде ор түрлі міндет арқалатқан қоғамның алдындағы жауапкершілікті сезіне жүріп, туған жердің топырағына төккен, құырттығын шала үйкімен, ғапылдығын нала көңілмен өтеген, соның барлығын ақыр-соңында халық алдындағы зор абырай-беделмен қайтарған қайырлы да қайырымды еңбек.

Әрине, әр нәрсенің де шегі болады. Өмір заңы өктем, оттерісіне тыным жок: жас қартайып, үрпақ жаңарып жайды. Осы шындық санасына ерте орныққаннан да болар, қызметтен босатылғаны жайындағы ұсынысты Бәйекең абыржымай, аптықпай, сабыр сактап карсы алған. Бірақ кенеттен ғылған оқиғаның кейінгі тәпсірі ақпарат хабарындағы “зейнетке шығуына байланысты...” деген жалғыз ауыз сөзben ғиммамдалғаның көргенде, көңіл шіркін қобалжып-ақ қалғанды. Ақыл-парасат бір ғана сәтке жүректі шымырлатып өткен ғұл қынжылысты да жеңді. Сабыр салауаты көңілге қайта келіп орнықты.

Ендігі мәселе – осындай күрт өзгерістен кейін еңсені ғүсіріп алмай, томага-түйікталып қалмай, көңіл күйін қалыпты ұстай білу. Бұрынғы істес, сыйлас болған жолдас-жорадан көз жазып, қол үзіп қалмау, оқшаулыққа бой алдырмай, әрдайым қатарда болу.

Бұл – жеке бастың жүріс-тұрысы тұрғысынан келгендері пенделік жайы. Оның бер жағында үй ішілік тіршілік те, шүкіршілік деп айтқанда, кол қусырып, жерге қаратып қоятын жағдай емес. Балалар ержетіп, өз өрістерін тауып

кетті. Немерелер бар. Олар өз алдына бір көздің қуанышы, көнілдің жұбанышы. Бұрын қызмет бабымен жүргенде көп қол тие бермесе, ендігі еркіндік солардың құзырында.

Осылардың сыртында өлі де ен басты, өте маңызды саналатын нәрсе – елдің өмірі, халықтың дем-тынысы. Өзін ел азаматы, қоғам қайраткері деп санайтын әрбір адам, мейлі ол іс басында болсын немесе зейнеткер санатында болсын, халық тіршілігінің қан тамырын әрдайым өз қолымен басқандай анық қадағалап отыруға, қажет деген жерде өзінің ақыл-қайратын кәдеге асырып отыруға тиіс. Оған мүмкіншілік көп те, ешқандай шектеушілік жоқ. Тек заман тыныш болсын, әр түрлі қоғам ұйымдары, зейнеткерлер қауымдастығы бар, солардың жұмысына қатынасып, пікір айтып, колғабыс тигізіп тұруға жол ашық.

Ал енді рухани қажеттік жағын ойласаң, оның да мол кездері қалды. Үйде сөре толған кітап бар. Өмір бойы таңдал жүріп жинастырған мол қазына. Қызмет істеп жүрген кезде көркем әдебиетке уақыт қала бермейтін. Енді бәрі еркінде. Шетінен ал да, шертіп оқи бер.

Арасында ел арала. Бұл жөнінде де шүкіршілік, барамын деген кісіге Қазакстанда көрген де, көрмеген де жерлер баршылық. Халықтың тұрмысын көру, олармен дидарласып, сұхбаттасу деген өз алдына ғанибет емес пе?! Туған елдің табиғатын тамашалаудың өзі де адамның көңілін сергітіп, жаңын жадырататын шипа ғой, шіркін!

Бәйекен алғашкы күндері өзімен-өзі қалып, оңаша сырласқанда ойына оралған жәйттері осындаі еді.

Иә, расында да, өзіне-өзі оқшаулық тілеп, қоғамнан әдейі қол үзгісі келген адам болмаса, өмірде кісіге жалғыздық жоқ екен. Қайта, Бәйекеннің өз басына да, үй ішілік аралас-құраласқа да өзгеше жайма-шуақ, кең қолтық жаңа бір өріс ашылғандай болды.

Бұрын биік лауазымды қызмет бабындағы реcмилік жағдай бетке шіркеу болғандай, тілекtestіk көnіlдеріn еркіn білдіруге біr түрлі ынғайсызданып, тартынып келген көп адамдар енді өз ықыластарын үй ішілік жағдайда, дастарқан басында, дәm үстінде білдіргісі келіп, жиі-жиі қонаққа шақыра бастады. Қайда дәстүрлі той-думан, мүшелді мерейтой бар, сол жердің бәрінде жұбын жазбай, дастарқаның көркі, алқалы тойдың абыройы болып Бәйкен аға мен Бақыт жең-

гей отыратын болды. Бұрынғы билік басындағы төраға енді халықтың қалың ортасындағы ақ тілеулі елаға атанды. Арасында сол кездің тәртібі бойынша мәртебелі қызметтөн ауысқан зейнеткерге Отан алдындағы сіңірген еңбегі үшін көрсетілетін женілдіктерді пайдаланып, бұрынғы үйренген жерлеріне барып демалып та қайтты.

Сөйтіп жүргенде 1986 жылдың желтоқсаны келді. Бәйекен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің бүкілодактық съезінے катысу үшін арнайы шакырумен Мәскеуге кеткен. Мәжіліс ашылатын күні ертенгісін қаннен-каперсіз Одактар үйіне барған беті еді, үлкен астананы дүңк еткізген бір жайсыз хабар алдынан шыға келді. Одактың ен беделді газетінде “Алматыдан хабар” деген тақырыппен қысқа ғана бір сұықта сүйт оқиға жария болыпты. Алматыда бір топ бұзақы жастар орталық алаңда тәртіпсіздік жасап, қоғамдық орындарды, мекеме үйлерін талқандапты, адамдарға зақым келтіріпти.

Мұндайда СОТА арқылы берілетін тілші хабары емес, дерек көзі көрсетілмеген жұмбак жарияланым. Оқыған бойда Бәйекеннің іші мұздап кетті. “Бұл қалай? Адамның үш үйіктаса ойна келмейтін тосын оқиға. Оған не себеп?”

Мұның алдында болған оқиғаларды еске алды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болмақ еді. Онда үйімдастыру мәселесі қаралып, басшылық өзгереді деген қауесет бар-ды. Не нәрсеге жорырын білмей, алаң көнілмен елге қайтып еді. Мән-жайды келген соң білді.

Ешқандай тәртіпсіздік болмаған. Ешқандай бұзақылар тобы қала көшелеріне ойран салып, жолсыздық жасамаған. Бірде-бір мекеме үйін бұзып кіріп талқандамаған, сауда орындарын да тонамаған. Бар болғаны – астана оқу орындарының бірқатар студенттері мен кейбір көсіпорындардың жас жұмысшылары топтанып көшеге шығып, республика басшылығына сырттан кездейсоқ адамды әкеліп отырғызуға қарсы наразылық білдірген. Бейкүнә: “Ұлт саясаты бұрманланбасын!”, “Одақты мекендереген халықтардың ұлттық мұддесіне нұқсан көлтірілмесін!”, “Билік басына әр ұлттың өз оқілі сайлансын!” деген сияқты ұрандарын көтеріп, Лениннің суретін бетке ұстап, орталық көшелерде бейбіт шеру откізген.

Ал осында тұрған қандай сөкеттік, қандай басбұзарлық бар еді? “Кеңестік қоғамды демократияландыру қажет”, “Жариялыштық жол ашылсын”, “Пікір алуандығына қолдау көрсетілсін” деген ұрандарды М. Горбачев билік басына келгелі өзі көтеріп жүрген жоқ па еді? Жастардың жаңағы кимылдарында оған қайшы келетін қандай сөлекеттік бар?

Ешқандай сөлекеттік жоқ еді. Билік басындағы адамның жанына жағымды сөз болса, ол пікір алуандығының көрінісі (плюрализм) болады да, ал жанына жағымсыз тиетін нәрсе болса, ол бөгде ойлылық (инакомыслие) деп бағаланып, оған саяси астар берілетін тоталитаризмнің ескі дерті еді. Бұл жолы да дәл солай болып шыққан.

Ол ол ма? Қала жастарының жаңағы бейбіт шеруі заңға қарсы өрескел қылмыс деп бағаланып, қарулы күшпен аяусыз жазаланған. Тек қасекі жауғағана жұмсалатын арнаулы әскер белімдері оларды темір өкшениң тепкісіне салып, бетауыз, бас-көз демей, темір қүректің жүзімен тілгілеген. Жас өрім қазақ қыздарын шаштан сүйрелеп, итке талатқан. Сонсон “қара құзғын” аталағын жабық машинаға тиеп алып, қойдай тоғытып, түрмеге камаған. Жаралыларды далаға апа-рып лақтырған.

Бәйекен аз күндік сапардан оралған бетте Алматыдағы осындай сүмдықтарды естіп, қатты назаланды. Іштен тынып, тастүйін түйікталып қалды. Орталықтан келген төтенше комиссияның астанада әнгіртаяқ ойнатып, жаппай жазалау науқаның жүргізе бастағанын көріп, біржола түнілді.

Қазақстандағы билік басына келген Колбин комиссия кеткеннен кейінгі алғашқы кезенде жаңағы жазаларды өрі қарай жалғастырып, өз білгенін істеп жатты. Басшы қызметкерлерді аттестаттау, оларға баспасөз бетінде жұртшылық мінездемесін үйімдастыру деген сияқты бірденелермен шұғылданып, сонымен біраз уақыт өткізді. Желтоқсан оқиғасының үйімдастырушыларын іздестірген болып, соларды “жалғаның жарығынан алып шығатын” мерзімін де жария етті. Бірақ еш нәрсе таба алмады. Жоқты қайдан тапсын? Бар бітіргені желтоқсанның азалы күндерінде қолға түскен жастарды, ақты-қарасына қарамай, жаппай жазалап, соттау-қаттаумен айналысты. Қолға түспегендерін індептіп іздестіру науқаның үйімдастырып, жоғары оқу орындарындағы студенттерді топ-тобымен оқудан шығартты. Көп адамдарды қызметтен аластады.

Осының бәрін ол “желтоқсан зардаптарын жою шаралары” деп көрсетуге тырысты. Мұның аяғы Саяси биороның қаулысында “асқынған казақ үлтшылдығы” деген сорақы саяси тұжырыммен түйінделіп, бүкіл халыққа қара күйе жағумен тынды.

Ал енді республиканың ішкі өміріне басшылық жасау, әсіресе оның құрделі экономикасын ілгері дамыту мәселе-леріне келгенде, не сол денгейдегі білім-білігі, не байыпты басшылық тәжірибесі жок Колбин өзінің мүлде дәрменсіз екенін танытты. Ақыры, көптеген жалған уәделердің шырмауына оратылған абыройсыз басшы қатал әділетсіздіктің құрбаны болған қазақ жастарының қаны мен карғысын арқалаған күйі өзінің келген ізімен тайып тұруға мәжбүр болды.

Әрине, мәселе ондай кездейсоқ басшылардың келіп-ке туінде ғана емес еді. Мәселенің ең үлкен түйіні ғасырлар бойы озық ойлы адамдардың арманы болған бостандық пен тендік идеясын бұрмалап, оны “аша тұяқ қалмасын” дейтін әулеқілік ұранмен тоталитарлық тәртіпке апарып ұрындырган, сөйтіп, ел ішін “казармалық социализмін” тар қапасына айналдырыған жарамсыз басқару жүйесінде еді.

Бүкіл ел болып бір адамның аузына қарап дағдыланған қонбіс халық одактық билік басына келген Горбачевтың “кайта құру”, “реформалау”, “демократияландыру” деген жалған ұрандарының бірде-біріне қарсы уәж айта алмай, бас шүлғи берген.

Содан біржола еркінсіл алған ол билеуші партияның баяғыда ұмыт болған конференциясын шақырып, елдегі саяси жүйені өзгерту туралы ашықтан-ашық қарап қабылдатқанда да партократияның ең жоғарғы билік басында отырған өкілдері “бұл қалай” демеген.

Ел ішіндегі, партия ішіндегі осындай бейтарап ахуалды пайдаланған бас хатшы сол конференцияда мемлекеттік басқару жүйесін түбебейлі өзгертудің бұдан арғы шаралары халық депутаттарының бүкілодактық I съезінде қаралып, заңдастырылсын деген тағы бір шешім қабылдатқан.

Оның арғы жағы белгілі. Одактық Жоғарғы Кеңестің бұрын сайланған депутаттарының заңды өкілеті мерзімінен бұрын тоқтатылды да, олардың орнына халық депутаттары дейтін жаңа өкілдіктің әр түрлі мекемелерде, ұйымдарда, бірлестіктерде ашық дауысты сайлауы өткізілген-ді. Неше

түрлі даңғаза шу үстінде негізінен Горбачев реформаларының жақтастары сайланды.

Сол белсенді топтар съезде де көпшілік дауыска ие болды. Көпірме айтыстар мен сан-саққа бұра тартыстарға күні бұрын әзірленіп келген олар алғашқы сағаттардан бастап кенестік тәртіп пен көп ұлтты мемлекет тіршілігін жөнді-жөнсіз даттап, іске алғысыз қыла бастады. Қалай болғанда да, кенестік дәуірдің күні өткені, халық енді ол жолмен жүре алмайтыны белгілі болды.

Дегенмен жаңағыдай көп даңғазаның арасында елдің болашағын, Одаққа біріккен ондаған-жұздеген халықтардың тағдырын ойлайық, солардың оңтайына дөп келетін, шинайы бостандық пен тендіктің туын көтерген іргелі елдікті еске алайық деген азаматтық үндер де естіліп жатты.

Сондай парасатты пікірді алғаш білдірушілердің бірі Қазақстанның сол кездегі басшысы Нұрсұлтан Назарбаев еді. Оған ілесе мінбеге көтерілген белгілі ақын Олжас Сүлейменовтің: “астымыздағы қайықты ерсілі-карсылы шайқай бермей, ақылға келейік” деген сөзі де көп адамдардың көкейіне қона кеткен еді.

Бір күні жұртпен таласа-тармаса, сөз кезегін еріксіз алып, съезд мінбесіне ақын Мұхтар Шаханов көтерілді. Біз болашакта қай бағытқа қарай бұрылсак та, кешегі кенестік озбырлықтан ада-құде арылып барайық деген пікірді айта келіп, ол осыған дейін ауызға алынбай келген бір шындықтың басын ашып салды. 1986 жылғы Алматы алаңында болған қызыл қырғын сойқанды оқиғаны жария етті. Сөйтіп, Горбачев пен Колбиннің соншалықты аярлықпен жасырып келген айуандық әрекеттері бүкіл адамзат алдында өшкере болды.

Сонымен аптадан аптаға, айдан айға созылған мәжілістер аяқталды. Топан судай тасқындаған қызыл сөз женді. Кенестік өкімет билігінің жоғарғы органды жойылды деген қаулыға оның соңғы тәрағасы қазақ жазушысы Энуар Әлімжанов қол қойды.

Кенестік жүйенің жойылғаны шындыққа айналғаннан кейін, оның құрамындағы одактас республикалар өз беттеріне тарай бастады. Алдымен Балтық бойындағы елдер кетті. Сонсон бір кезде КСРО-ны құрған құрылтайшылар ретінде Ресей, Украина және Белоруссия басшылары оңаша бас қосып,

Одақтың таратылғанын жария етті. Олар өз алдарына дербес мемлекет болып өмір сүрге бет алды.

Міне осы кезде тарих сахнасында жарқ етіп Қазақстанның жұртшылық таныған жаңа басшысы Нұрсұлтан Назарбаев шыкты. Ол Орта Азиядағы туысқан одақтас республикалардың басшыларын Алматыға шакырып алып, жеке-жеке егемен ел болудың жайын ақылдасты.

1990 жылдың қазан айында Қазақстанның дербес ел ретіндегі егемендігі жарияланды. Сол жылы желтоксанда парламенттік негізде Президент басқаратын тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасы құрылды. Оның тұнғыш Президенті болып халықтың бір ауызды қалауымен Нұрсұлтан Назарбаев сайланды.

АРЫСТАР РУХЫН АЛҚАЛАП

Кеңес Одағы сияқты қуатты державаның құлауы онайлықпен бола қойған жок және ол бір күnnің шаруасы емес еді. Жетпіс жыл өмір сүрген мемлекет сыртқа қаншама айбынды көрінгенмен, ішін қеулеген өзінің дертінен өзі мерт болды. Қайта құру саясатының сілкілеуін көтере алмай күйреп түсті.

Қазақстанда өмірді демократияландыру процесінің бой сергітер салқын самалы сексенінші жылдардың аяқ кезінде ақ біліне басталған-ды. Соның бірінші көрінісі өткен тарихымыздың өшіп қалған беттерін қайтадан қалпына келтіріп, идеологиялық өктемдік тұсында аттарын атауға қатаң тыйым салынған ұлы тұлғалардың есімдерін ел есінде қайта жаңғырту жөніндегі шаралар еді.

Бұл орайда ең алдымен ауызға алынар сүйінішті оқиға гасыр басында казақ халқының ұлттық санасын оятып, оны оркениет биігіне қарай өрлету жолына бүкіл өмірін арнаған Алаш арыстары Шәкерім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймауытов есімдерінің акталып, халық тарихының төрінен оздеріне лайықты орындарын алуды болды. Олардың есімдері акталумен бірге баға жетпес асыл мұралары халықтың рухани қазынасына қосылып, қалың жұртшылықтың игілігіне айналды.

Осы ретпен Алаш қозғалысының басқа да қайраткерлері бірінен соң бірі ақталып жатты. Оларға ескерткіш кесенелер салынып, аяғы елдің ежелгі әдет-ғұрпымен дәстүрлі мере-кеге айналды. Осының бәрі халықтың руҳын көтеріп, елдік санаасын оятуға сеп болды.

Сексенінші жылдардың аяқ кезіндегі қайта құрудың құр-дымына қамалғандай, ел еңсесі түсіп кеткен алмағайып ке-зеннен секем алып, бәсекеніп қалған Бәйекен қөnlі төуел-сіздікке қарай бет алған тоқсаныншы жылдардың бас кезінде қайтадан сабасына келіп сабыр тапқан. Осындаи екіталаи құндерде елге ес болып, егемендіктің тілеуін халықпен бірге тілесу керек-ау деген оймен ол кісі ел аралауға, халықтың қалың ортасында болып, ақыл қосуға, ой бөлісуге шықкан.

Алдымен өзінің туып-өскен жері – Көкше өніріне, жа-сынан бауыр басқан Айыртау алқабына қарай беттеді. Сол кезде есіне түскен бір шындық – кешегі қызу науқан, қарба-лас қызмет кезінде ел аралап, еркін қызыруға мұрша кел-мейтін. Анда-санда жол түсе қалса, жұмыс бабындағы ресми кездесулерден мойын бұрылмайтын.

Соның бір есесі қайтын дегендей, бұл жолы Бәйекен үй іші, бала-шағасын алып, машинамен шыққан. Сонысы тіпті ақыл болыпты. Алматыдан шыға бергенде-ақ Қаскеленнен қарсы алып, Ақшиге қарай асырып салған ағайын ажары бір солғын тартпай, бірден-бірге жалғасты да отырды.

“Ел іші – алтын бесік” деген ескі сөздің ескірмеген мәнін Бәйекен осы жолы айқын сезінген. Баяғы Саумалқөл Айыр-тау ауданының орталығын он бес жасар бала жігіт сонау бір бағдарсыз сапарында бірінші рет көріп еді. Арада қаншама рет келіп кетіп жүрді. Соғыстан кейінгі енбек жолын да осында бастап, өзінікі деген отауын осында көтерді. Бірақ зердеде қалғаны – алғашқы бейнесі. Онда ешбір танысы, туысы болмаса да, кейінректе тұған ел деген ұлы ұғымның бейнесі болып көкіректе орнығып қалған ыстық мекен. Қа-зір, әрине, бәрі өзгерген. Тіпті сонысымен де қымбат. Баяғы Шалқар көлінің жағасында бір тамаша саябақ демалыс ке-шени орнықкан екен. Сонда қона жатып, бұл кісі қасына бәйбешісін, сонына бала-шағасын ерткен күйі маңайдағы ауыл-аймакты түгел аралап шықты. Ақмолда, Шұқыркөл, Сырымбет, Бәсентиін ауылдарын өлі де қоныс етіп отырған ел адамдарымен әнгімелесті. Баяғы ата-баба мекені – Ша-

бақбайға барып, ол дүниелік болып кеткен аруактарға, атанасының бейітіне тәуеп етті.

Осы сапарда Бәйкен Әшімұлына ерекше әсер еткен нәрсе Ақан сері туып өскен Кеңаңды ауылының жаңа жерден қоныс теуіп, сол арадан жаңа үлгіде салынып жатқан мекен-жайынын құрылышы болды. Бұл кезде қекшетаулықтар бүкіл Республика жүртшылығымен бірге атақты сазгер ақынның жүз елу жылдық мерейтойына өзірленіп жатқан.

Сол дайындықтың алғашқы қарлығашында болып қазақ даласында ауылды жерлерде әдетке кірмеген сәулет сәнімен бой көтергелі тұрған көрікті де тұрмысқа жайлы шағын қалашиқ, жаңа кент осы екен. Үлгі жобамен салынып жатқан тұрғын үйлердің жалпы саны жетпіске таяу. Соған шақталып салынатын мектебі, клубы, әр түрлі коммуналдық ғимараттары бар көз қуанышындағы құтты мекен болғалы тұр.

Осындай жақсы болашақты және халықтың соған ұмтылған талпынысын көріп, Бәйекең ағалық ақ жүректің тілекестік сезімін білдіре жүрді:

— Мынау ел де, жер де өздеріндікі. Егемендікке қосқан үлестерің сол болсын, өз беттерінмен тіршілік етіп, ауқатты да дәулетті тұрмыс құруға ұмтылындар. Ешкімге жалынбай, жалтақтамай, ұйымшылдықпен еңбек етіп, елді де, өздерінді де жарылқайтын замандарын енді туды. Осыны ұмытпаңдар, ата жүрттың шаруа бакқан үрпағы да, сол шаруаның ендігі қожасы да өздерің екені үнемі естерінде болсын, — деген ақыл-кенесін шегелеп айтумен болды.

Тоқсаныншы жылдардың бас кезі тарихымызыдағы ақ таңдақтардың орнын толтыру ісі мен репрессия жылдарында құрбан болған арыстардың мүшелді тойлары тұспа-тұс келген ерекше бір есте қаларлық оқиғалар кезеңі болды. 1993 жылы жазда Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 120 жыл толуына орайластырылып, Торғай топырағында “Ақаң мен Жақаңның құндері” өткізілді. Келесі тоқсан төртінші жылы кеңестік дәуірдегі үлттық жаңа әдебиетіміздің негізін салған тарлан талант иелері Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиппинің, Илияс Жансүгіровтың 100 жылдық мерейтойлары Алматыда және сол арыс ағалардың туған жерлерінде зор орлеу үстінде аталаған өтті.

Алдымен Илияс Жансүгіровтің мерейтойы маусым айында облыс орталығы Талдықорғанда және ақынның туған же-

рі – Ақсу ауданында өткізілді. Салтанат мерекеге орайлас үйымдастырылған кітапхана мен ақынға арналған ескерткіштің ашылуымен басталды. Жансүгіровтің есімі берілген аудан орталығының маңында, ак шағаладай қатар тізілген киіз үйлі ауылда мындаған адамдардың бас қосқан жиыны өтті. Ақынның өмірі мен шығармашылығын бейнелейтін театрлық көрініс жиналған жүртқа қатты өсер етті. Бір жерде ақындар сайыска түсіп, екінші бір сахнада артистер өнер көрсетсе, тағы бір аланда халық неше тұрлі ұлт ойындарын қызықтап жатты.

Сол жылдың тамыз айында Қостанай жерінде Бейімбет Майлиннің 100 жылдық мерейтойы да үлкен өрлеу үстінде дүрілдеп өтті. Осы тұста ескерерлік бір жәйт, аттары ел жадында қастерленген ардақты ақын-жазушылардың мерейтойын өткізу дің жалпы ресімі бірдей болғанымен, әр жердің өз дәстүріне, әр қаламгердің өз өміріне, шығармашылық ерекшелігіне қарай, мерейтой бағдарламаларының, оны өткізуши адамдардың тағдырлық тәжірибесіне қарай, әр мереңенің өз ерекшелігі, өз қызығы өзінде болды.

Мәселен, Би-агаңның кіндік қаны тамған Ақтөбе ауылы, данқты перзентінің құғынға ұшырағаны үшін қоса жазаланғандай, ұзақ жылдар бойы басшылық назарынан тыс қалып, көп жүдеушілікке ұшыраған еken. Облыс басшылығының колдауымен осы ауылдың ескі жүртіна жаңа ұлғіде өңкей қызыл кірпіштен түрғызылған бір қабат, екі қабат сәулетті коттедждер қалашығы орнатты. Әрқайсысының жеке аулалары, үй іргесіндегі бау-бақшалық жер телімдері, мал ұстайтын қора-жайлары бар, қысқасы, елді мекендегі түрмисқа не керектің бәрі сай, әрі қала, әрі ауыл түрпатты, шаруа қонысының жаңа бір үрдісі пайда болыпты. Солардың нақ ортасында енселі клуб, қанатын екі жакқа кеңінен жайған мектеп үйі. Кентті ауылға кіре берістегі көк күмбезді мешіт ғимараты. Осының бәрі бұл ауылдың қандайлық ғибадатты адамдарға арнап салынғанын жариялад түрғандай еді.

Бәйекен осының көргенде, өткен жылды ғана өзі көрген Ақан ауылының жаңа қоныс-жайы есіне түсіп еді. Осы көрініске сүйсініп тұрып: “шіркін-ай, қазақ ауылдарының бәрін осылай жайғастырса, сонсон оны аздырмай күтіп ұстап үйренсе, қандай тамаша болар еді!” – деп ойлаған.

Мерейтой күндері осы ауылдың салтанатты түрде ашылуы, сонсоң облыс орталығы – Қостанайда өткізілген бұқаралық шаралар, вокзал алаңында қоладан құйып орнатылған қаламгер мүсіні, Би-ағанның алғашқы жылдары өзі қызмет істеп кеткен облыстық газет үйіне қағылған ескерткіш тақта, күрылышылар сарайындағы өнер шеберлерінің тамаша концерттері, тағысын тағы тамашалар – Бейімбет Майлін жүз жылдығының есте қалған бір-бір белестері еді.

Жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің классигі, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің халық жүргегіндегі орны ерекше құрметті. Жастайынан ерте есейіп, жігіт кезінде-ақ арқалы азамат ретінде танылған ол Қазақстанның үш бірдей астанасы – Орынбор, Қызылорда, Алматы қалаларында жемісті еңбек етті. Жиырмасыншы жылдардың басында үлттық жас республика үкіметінің төрағасы болды. Сол кездегі еліміздің түкпір-түкпірін аралап, жаңа өмірдің жақсысына сүйсінді, артық кеткен немесе тыртық қалған кемістеріне кейіс білдіріп, ақын жүргегімен күйінді.

Сондықтан, Сәкен тойының тек астанамен және туған жерімен шектелмей, Қазақстанның барлық өнірлерінде қатар өткізуі заньды еді. Әсіресе, Сәкен ақын шабыттана жырлаган Көкше жері, оның революциялық құрес күндері өткен Ақмола аймағы, өзінің алғаш қанат қағып үшқан үясы Жезқазған, Қарағанды атырабы бүл мерейтойдың туын қалай шалқытса да орынды еді.

Солардың бәрінен шақыру алған Бәйекең Сәкеннің кіндік мекені – Жезқазған жеріндегі салтанатқа қатынасты. Бетшары облыс орталығындағы ақын ескерткішінің ашылуымен басталған ұлан-ғайыр той думаны ақынның алтын бесігі болған Жанаарқада жалғасып, одан әрі Сәкеннің ата-бабасының мекені Ақадырға қарай асып кеткен. Бірден-бірге жаңа бір күшпен, әркайсысының өз қызығымен қыза түскен мерейтой мерекесі қырқүйектің аяғында басталып, казанның үлгашқы апталарына ұласып кетті.

Сондағы аралаған жерлер – Бәйкен Әшімұлының Қарағандыда қызмет еткен жылдары талай келген, көзге таныс, конілге ыстық өнірлер. Адамдары да ылғи сағынысып көрісетін, сыйлас, дәмдес болған жайдары жандар еді. Мерейтой құшағындағы елдің бүгінгі жүздері тіпті жарқын, ықыласпейілдері кең. Он жылданап бір келетін Сәкен тойынан, әсіресе

биялғы жұз жылдық мерекесінен аянып қалатын түрлері жок.

Айтқандай-ақ, жаңағы жұз жылдықтар жүлдесіне жалғаса, келесі екі жылдың егіз мерекесі болып ұлы ойшыл данышпан Абай мен жыр албы Жамбылдың жұз елу жылдық мерейтойлары келген-ді.

Ұлының аты – ұлы. Оның өлшемі мұлде өзгеше. Биіктігін аспан ғана біледі. Ұлықтығына ұлы даланың ұшы-қызыры мен ұзын-ырға тарихын ой көзімен шарласаң ғана, тереңдігіне – ұлы мұхиттың тұнғибына шомғандай, халқының ғасырлар бойы қорланған ақыл-парасатынан мейірінді қандыра нәрленсөн ғана жетесін. Ал Абай мен Жамбылдың мерейтойына өріс іздегенде, бүгінгі жердің жүзін түгел қамту керек екен. Соны ойлаған Елбасымыз ең шүу деп өзірлік басталғанда-ақ дүниежүзілік қауымдастықтың бас төрешісі – Біріккен Ұлттар Ұйымына жүгінген-ді.

Қазак қазак болғалы аты дүйім дүниеге мәшһүр деп жүрсек, осыдан жарты ғасыр бұрын ғана өмірге келген сол ұйымның тізімінде бірде-бір қазақтың аты тіркелмеген екен. Оған таңдануға да болмайды. Уш жұз жыл бойы патшаның бодандығына байланып, одан кейінгі өркениет заманының жетпіс жылында “аға халықтың” көленкесінде қалып келсек, бізді кім біледі? Бізге кім емексиді?

Осы тұста біздің тұнғыш Президентіміз болмасты болғызды. Абайдың кім екенін, Жамбылдың кім екенін және соларды дүниеге келтірген қазақтың кім екенін дәлелдеп танытты. Бұл – бір деңіз.

Екінші алғызбайтын қамал – БҰҰ-ның жанындағы ЮНЕСКО-да тіркелген атақты адамдардың мүшелтой мөлшері тек соңғы цифrlары екі және одан да артық нөлге біткенде ғана атап өтіледі екен. “100”, “200”, “300”, т.б. деген сияқты. Ал біздің ұлылардің 150 жыл ғана.

“Сөз тапқанға қолқа жок” деп халық бекерге айтпа-ған: Нұрекен осыған да дәлелдеп уәж айта білді. Бұл – екі. Ақыры ЮНЕСКО екеуін де өз шенберінде дүниежүзілік көлемде атап өтуге шешім шығарды. Біз бөркімізді аспанға атың Алатаудың шынына бір-ақ шығардық. Сейтіп, әуелі 1995 жылдың тамыз айында, Абайдың туғанына дәл бір жарым ғасыр толған кезде, дүние жүзінің бізбен дипломатиялық қарым-қатынастағы елдерінің көпшілігінен зиялды қауым-

шың ең көрнекті деген өкілдері шақырылып, казак жерінде өүрүн көз көріп, қулақ естімеген ұлан-ғайыр мерекелі мереітой өткізілді. Әуелі Алматыда халықаралық ғылыми сессия өткізіліп, Абай мұрасына дүниежүзілік ақыл-оидың ең биігінен баға берілді. Оның аяғы ұлы ақынның туған жері Семейде жалғастырылып, Жидебайда тәмамдалды.

Ол мерекенің шоқтығы қаншалықты биікке көтерілгенін мұнадан көруге болатын еді. Басқа меймандарды былай қойғанда, ЮНЕСКО-ның сол кездегі бас директоры Федерико Майор мырзаның өзі келіп, салтанатты жиналыста бірінші болып сөз алды. Содан тойдың ақырына дейін Президенттіңіздің қасында еріп жүрді.

Осы мереітойға дайындық қолға алынғаннан бастап өзі гікелей соған қамкорлық жасаған Нұрсұлтан Әбішұлы да сол кешті өзінің жүрекжарды сөзін айтты: “Мен Абайды бүкіл дүние жүзіне танытуды өзімे зор міндеп етіп алып едім. Құдайға шүкір, дүние жүзінің жиырма бес елінде тойланды... Біз алдымен осыған тәубе етейік. Абай есімі дүниені армансыз асқақтата шарлады. Қазақтың бір перзенті ретінде сіздерді ұлы Абайдың 150 жылдық мүшел тойымен құттықтай отырып айтарым, біз бәріміз де Абайдан тәлім алайық, бар міnez-ісімізben оған ұқсауға тырысайық. Жаңа оркенді Абай сөзімен тәрбиелейік”, – деді.

Осыдан аттай бір жыл өткенде, талай ақындардың сөзімен нәрленген Ұзынағаш жерінде жыр нөсері Жамбыл ата-ның 150 жылдық мереітойы да дәл осындағы асқақтықпен, тағы да ЮНЕСКО-ның туы астында, тағы да Елбасының мәртебелі денгейінде өтіп еді. Егеменді ел халқының рухын көтеріп, ойына ой, бойына қуат қосуда бүл мерекенің де маңызы ерекше болғаны айдан анық еді.

КӨКЖИЕГІН – КӨҢІЛІНІҢ ЖЕТКЕН ЖЕРИНДЕ

Бәйкен Әшімұлы қазақтың арыс-абыздарының талай мүшелді мереітойларының құрметті меймандары қатарында жүргенде немесе басқа бір алқалы жиындарда өзіне сез көзегі келгенде, әуелі сол оқиғаның ішкі мәнін аша, біздің қазіргі және келер үрпақтар үшін тағылымдық маңызына көбірек мағына бере сөйлер еді. Тіпті, жай халықпен төтен-

нен жұздесе қалған сәттерде де ел-жүртты түгел толған-дырған көкейтесті мәселелердің төнірегінде өзекті ой өрбітіп, ағалық, аксақалдық ақыл-кенестерін айтудан тартынбас еді.

Әсіресе, заман өзгеріп, ел басына алмағайып ауыспалы құндер туған өліара шақта ақыл-естен айрылып абдырамай, сабырдан айрылып сасқалактамай, әліптің артын бағуға, заман ағымының бет алысын дұрыс анғарып, байсалды ойдан байыптылық танытуға шақырудан танбас еді. Сонымен бірге Бәйекең осы сапарларда еліміздегі зиялғы қауымның көрнекті өкілдерімен, жергілікті басшылармен, әр өнірдің ақылман ақсақал карттарымен кездесіп, солардың сөздерін тындалап, өзі де көп ғибрат алды. Әсіресе, ғалымдардың түйінді, тұжырымды, жазушылардың ойлы, өрнекті пікірлеріне, ақындардың жалынды, жарқын өлеңдеріне құлак түріп, солардың көбімен оңаша сәттерде сұхбаттаса сырласып, рухани молығып, жан дүниесін байытып қайтатын болды.

Сөйтеп тұра, бұл кісі елмен бірге арыстар аруағын алқалап жүргенде, өз өмірінің де талай белестеріне көтеріліп қалып еді. Бірақ соны екінші катарда ұстайтын қашанғы қарапайымдық әдетіне бағып, біразына ырық бермеген.

1987 жылы Бәйекең жетпіске келді. Алпысында ел басқарып жүріп, кеудесіне “Орак пен Балғаның” алтын жұлдызын таққанда, оны лайығымен атап өту рәсімін жүртшылықпен атқарған. Ол орынды да еді. Ал мына жетпістің жеткен шағы мерекеге тіпті де бет қаратпайды. “Желтоксанның зардалтары” деген бір зарлауық сарын арқадан аяздай қысып барады. “Асқынған қазақ ұлтшылдығы” деген кара таңбаның бүкіл халыққа таңылғаны анау. Қайрат сынды жас өрім боздақтардың жазықсыздан ату жазасына кесіліп жатқаны мынау.

– Қойындар, шырақтар, мерейтой деп ауыз ашпаңдар. Тірлік болса, кейін де бір кезі келетін шығар, – деп Бәйекең үй іші, бала-шагасына да, көнілдес жора-жолдасқа да басу айтқан. Ол сонымен өтіп еді. Айналымға келмей жатып, жетпіс бесі тағы келіп қалыпты. Бұл жолы Бәйекеннен ешкім келісім сұрап жатпады. Бәрі де оқиғаның өз ауанымен занды түрде жүріп кеткен.

Алғашқы қозғау салған Президенттің өз тарапы сияқты. Ол кісі арнайы құттықтау хат жолдапты.

“Сіздің өмірбаяныңыздағы жарты ғасырдан астам еңбек жолының, – деп жазылыпты онда, – республика халық шаруашылығымен тығыз байланысты. Қызметініздің барлық кезеңдерінде Сіз Жоғары адамгершілік қасиеттеріңізден: үлкен еңбеккорлықпен, алға қойған мақсаттарға жетудегі таандылықпен, азаматтық жауапкершілікпен ерекше көріндіңіз”.

Аз сөзге бүкіл өмірдің мән-мәністері түгел сыйып түр. Елбасының аузымен айтылған мұндай уәлі сөзге кісі қайтіп тебіренбес, Бәйекен де шын тебіренген. Сол күндері бұл сияқты иғі тілек, ізгі ниет білдірген құттықтаулар еліміздің әр түкпірінен-ақ келіп үлгерген. Солардың барлық жыныстығы Республиканың жетекші екі газетінің бетінде “Б. Ә. Әшімовке жолданған құттықтаулар” атты ҚазТАГ хабарында жарияланды.

Мұның бәрі, сөз жок, адал еңбек пен ақ тілекті өзінің өмір жолына бағдар еткен әр адам үшін абырай, жүрекке жылу үлататын мерей еді.

* * *

Бәйкен Әшімұлының зейнеткерлікке шыққаннан бергі уақытта жан жылуы жағынан жалпы бүкіл өміріндегі ерекше есте қаларлық оқиға тағы бір бес жылдан кейін келген 80 жылдық мерейтойы еді. Бұған да мұрындық болған өзі емес, жұртшылық. Бұл жолы да ешкім одан рұқсат пен келісім сұрап жатпады. Үкімет орындары мен қоғамдық үйымдар, қауымдастар бүкіл жолдас-жора, замандастар айналасы бір ауыздан уәделесіп алғандай осы күнді кен түрде атап өтуге ортақ ықылас танытты.

Бұл жолы да алғашқы лебізді Елбасы білдірді. Нұрсұлтан Әбішұлы мерейтойдың алдында, едәуір күн бұрын, Бәйкен Әшімовті қабылдап, онымен емен-жарқын әңгімелесті. Жылы шырайлы сұхбат үстінде елдің өткені мен қазіргі өмірінің келелі мәселелері жөнінде мұдделі пікірлер білдірілді, ортақ тілектер айтылды.

Әңгіме сонында Президент журналистерге Б. Әшімовтың ел экономикасын, оның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамытуға, онтүстік астананың қайталанбас сәулетін құруға косқан зор үлесі, оның жоғары іскерлік қабілеті мен адамгершілік қасиеттері туралы айтып берді.

Осы пікірін Президент мерейтойға байланысты жолдаған күттүктауында да пысықтап айтты. “1970 жылдан бастап он жылдан астам уақыт бойы Сіз Қазақстан Министрлер Кеңесінің Төрағасы болдыңыз. Кебіне Сіздің ұйымдастыру қабілетініздің, біліктілігініздің, жауапкершілік сезімініздің арқасында бұл кезең республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы елеулі табыстар мен мемлекеттік басқару органдарындағы жұмыс деңгейінің жоғарылауымен сипатталады. Сіздің жоғары азаматтық қасиеттеріңіз бен кішіпейілдігіңіз, адамдарға деген ілтишатыңыз, олардың мақсатмұдделері мен арман-тілектерін жақсы түсіне білгеніңіз де жоғары бағаға лайық”, – деп жазды ол кісі.

Мерейтой құндерінде Бәйекенің атына басқа да басшылық орындарынан, қоғам ұйымдарынан, көрнекті мәдениет, ғылым кайраткерлерінен көптеген жылы лебізді, шын ниетті тілектестік білдірген күттүктау хаттар келіп, телеграф, телефон арқылы өз сезімдерін білдірген сәлемдер жолданып жатты.

Алматы қаласының орталық концерт залында Б. Әшімовтің 80 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиналыс болды. Онда Республика ардагерлер үйімінің төрағасы Мақтай Сағдиев, онтүстік астананың әкімі Виктор Храпунов, еki мәрте Еңбек Ері Николай Кузнецов, академик Өмірзак Сұлтанғазин, тағы басқа адамдар сөйлеп, мерейтой иесін шын жүректен күттүктауды.

Кеш соңында Бәйкен Әшімұлы бір ғана осы кеш емес, бүкіл мерейтой салтанатын жинақтағанда қорытынды сөз сөйлеп, біздің тәуелсіз жас мемлекетімізге өркенді өмір, оның халқына бақыт, біздің Отанды мекендереген әрбір отбасына игілік тіледі. Өзін күттүктаған барлық ұйымдар мен жеке адамдарға шын жүректен шыққан алғысын білдірді.

Осы мерейтой кезінде Бәйекенді аксақалдық жасымен күттүктаған көп-көп тілектестік сөздер, ол кісінің азаматтық және адамгершілік қасиеттерін сүйсіне баяндаған жылы лебіздер “Ел сенімін актаған” атты кітапта жинақталып жарық көрген еді. Сол басылымға алғысөз ретінде жазған толғамды арнауында еліміздің белгілі қоғам қайраткері, көрнекті қаламгер Әбіш Кекілбаев Бәйкен жөніндегі халық жүргегінде қалыптасқан баға мен орныққан сезімді былай деп білдірді:

“Біз бірін-бірі жаксы білгісі келсе, бір-бірінен: “Елінде кімін бар?” деп сұрайтын жүртпыш.

Құдайға шүкір, мұндай сауалдың тұсында сақал сипап қалған жеріміз жок. Жау бетке – білектімізді, дау бетке – біліктімізді, жарастыққа – жақсымызды жұмсаған халықпаз.

Жоралыда жолдан ұтылмауға тырысатын халқымыз егемендік туын көтеріп, адамзат санатында қабырғалы ел атап нып жатқан тұста, арғы-бергіден де, көзі тіріден де: “Кіміміз бар еді?” – деп қатар түгендескеніміздің еш айыбы жок деп білемін. Сонда: “Жақсы кім еді?” дегенде ауызға алдымен ғүсер абыройлы тұлғаларымыздың бірі және бірегейі Бәйкен Әшімұлы екендігі даусызы”.

Әбіш Кекілбайұлының бұл сөздері қалың жүртшылық қауымында “бәрекелді” деп бас изескен, “дұрыс-ак” деп үндерстік білдірген қолдау, костау пікірлерін туғызған еді. Сол күндері Бәйкен Әшімұлына Алматы және Қекшетау қаларының құрметті азаматы деген атақ берілуі де мерейтой иесіне көрсетілген қошеметтің белгісі еді.

* * *

Мерейтой. Адам мерейінің тойы. Дүниеге “Өмір!” деп жар салып, өнегелі адамгершілік ұрығын себуге келген әрбір адам мерейлі болуға хақылы. Бірақ ол жаңағы адамгершіліктің ұрығынан жақсылықтың жемісін ору арқылы ғана мерейлілік мәртебесіне ие бола алады. Сонда әлгі Әбішжанның айтып отырған жарастыққа елші бола алатын жақсылары осы денгейден көрінуі керек екен-ау, шамасы.

Немесе мәртебелі Президентіміздің жолдау хатында ерекше атап айтылған жоғары адамгершілік қасиеттер: кішінейілдік, адамға деген ілтипат, солардың мақсат-мұдделері мен арман-тілектеріне сергектік күндердің күнінде, кезегі келген сәтінде, сенің кішілігінді зорайтып, кіслілігінді молайтып, ел алдындағы мерейінді көтеретін шапағатшың болып шығады екен-ау.

Бәйкен Әшімұлының мерейтой салтанатының дүбірі тарқап, онаша қалған бір сәтінде санасын билеген ой үшყытары осындаидай еді. Біріне-бірі жалғасқан ой сілемдерінің жетегіне елігіп, қала сыртындағы саялы бақтан ашық кең алаңға шыға бергенде, жаңағы көп үғымдардың ішіндегі “сергектік” деген бір сөз бұл кісінің зердесіне айшықты зердей ілініп қалған екен, сол қайта есіне тұсті.

“Осы да бір киелі сөз-ау. Адамның барлық іс-қимылына, жүріс-тұрысына, сана-сезіміне қағылez қозғалыс беретін қуатты қасиет бар екен-ау өзінде. Абай айтпаушы ма еді: “Жүргегі – айна, көнілі – ояу, сөз тында мас ол баяу”, – деп. Кенет бір жақсы сөз естісең елең еткізіп, көнілінді баурап әкететін осы мінез гой, осы сергектік қой...”

Бәйекең ашық аспанның етегіндегі алыс көкжиекке көз тігіп қарап қалды. Жан-жағына мойын бұрып, сонау көз ұшындағы аспан мен жердің шендерескен тұсындағы белдеуленген көгілдір сзызықта жанарын қадап түр.

Біз айта беретін көкжиек осы. Бірақ ол да бір қалпында тұрмайды. Ашық аспан көкпенбек болып биіктеп кеткенде сенің көкжиегің де кеңейіп, қанатын әрі қарай соза түседі. Бұлтты, тұманды, бұлыңғыр күні көкжиегің бір түрлі аласа-рып, көз жанарынның көру аясын тарылта түскендей сезінесің. Демек, сенің көкжиегің қашанда көзіңің жеткен жерінде.

Ал жаңағы Абай айтқан көніл ше? Көніл! Қазактың тілінде осы сөздің мағынасы өзге тілдермен, мәселең, өзіміз білетін орыс тілімен салыстырғанда, мағынасы өте кең сияқты. Адамның көніл күйіне оның белгілі бір сәттегі жан дүниесі, сезім-түйсігі, акыл-оый, дем-тынысы, жүрек лүпілі, тіпті, қиял-арманы да – міне осының бәрі кіретін сияқты.

Тағы да Абайға жүгінейікші. “Сап-сап, көнілім...”, “Өзгеге, көнілім, тоярсың...”, “Көніл құсы құйқылжыр...”, “Көнілім қайтты достан да...”, “Көнілімнің санасы” тағысын тағылар. Жан жүйесінің осы сияқты сан түрлі құбылысын жиып әкеліп, “көніл” атты бір үғымға түйіндесек, сонсоң оны жаңағы көкжиекке телісек, не болып шығар еді? Көніл көкжиегі ғой.

Кездің жетер көкжиегі анау аспан мен жердің шендерескен тұсы екен. Оны күнде көреміз. Бірде биік, бірде аласа. Бірде жақын, бірде алыстау. Ал көнілдің көкжиегі ше? Оның өлшемі қандай болмақ? Нактылап, жаңағы мерейтойларға байланысты айтсақ ше?

Бәйекең осы бес жылдың ішінде бірнеше мерейтойдың иесі болыпты. Жоғарыда біз әңгіме қылған жетпіс бес жылдық, сексен жылдық. Солардың арасында тағы да екі атаулы мерзім өтті. Женістің елу жылдығы. Бұл кісінің майданда

кан төккен соғыс ардагері екенін еске алсақ, мұның мерейі де аз болған жоқ. Соның келесі жылында – Бақыт Әсетқызымен екеуінің үй болған елу жылының алтын тойы. Аты үй ішілік дегенмен, бұл кісілерді қаумалаған қалың жолдас-жоралар арасында мұның қуаныш-мерейі тіпті өзгеше болып еді.

Соның бәрі мерейтой. Адам мерейінің тойы. Адамның көнілін өсіріп, аспанға шығаратын биік мәртебелі тойлар.

Демек, олардың өмірлік көкжиегінің аумағы сол шыңын үшар басынан қарағанда ғана анық көрінбек. Көніл құсының самғап көтерілер бір биігі сол болмак.

Соған шүкіршілік айтып, Бәйекен іштей тәубе қылады.

АЛҒЫСҚА ТОЛЫ АҚ ЖҮРЕК

Тоғызыншы тілек тілеңіз –
Төрөніз тақтан таймасқа,
Тоқсандарғы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа

Бұқар жырау

Кешегі Кеңес заманында көп жылдар үкімет билігінің басында болған, одан берідегі зейнетке шыққан жиырма шақты жылдар бойында орайы келгендері оң тілек, орамды сөзімен Ел ағасы атанип, Тәуелсіз мемлекетіміздің мерейі арта беруіне ақыл-кеңестерімен ат салысып жүрген аксақалымыз Бәйкен Әшімұлы тоқсанға да келді.

Қазақтың ескі үғымында бұл адам өмірінің ең биік өріне сирек көтерілетін сүйегі асыл, жаратылысы мықты жандардың пешенесіне ғана жазылатын құрметті жас мөлшері. Сондықтан оны қалай қадірлеп, қандай қошемет көрсетсе де сыйымды. Өзіміз ерекше сыйлап, ардақ тұтатын ағамызды осы мерейтоймен құттықтап, сәлем берейік, хал-ахуалын білейік деген оймен алдына тағы бір келіп жүгінген жайымыз бар-ды.

– Немене, Жұмеке, ертең өзің де тоқсанға келгенде қалай болатынын біліп алғың келе ме? – деп аксақал жеңіл өзілмен қағыта лебіз білдірді. Жасы кіші адамға да пәленшекен деп сыпайы сөйлейтін кішіпейілдігінен бұл жолы да жаңылған жоқ. Сейтті де, сәл бөгелінкіреп отырып, ойын сабактаған.

– Тоқсанға келген жасым бар, көпті көрген басым бар, аман жеттім бұл күнге, – деп Жәкен, Жамбыл атаң айтпап па еді. Біздікі де сол, аман жеттік. Әр жағы елдің өзіне мәлім. Жұрт білмейтін бізде сыр жоқ. Кезінде бәрі айтылған. Оны өзгелерден гөрі өзің жетігірек білесін.

Бәйкен ағаның айтып отырғаны рас. Бұл кісінің республиканың жоғарғы билік басында болған соңғы он бес жылы түгелдей халықтың көз алдында өтті. Айналасының бәрі ашық, алды кен болды. Истеген ісі жария, нәтижесі елдің жадында еді. Осыдан он жыл бұрын, сексенге келген мерейтойы қарсанында, “Ел сенімі – ең қымбатын” деген атпен бұл кісінің көлемді естеліктері кітап болып шыққан. Соны күнделік дәптерден құрастырып, баспаға әзірлеу кезінде аздаған қолқабысым тигені бар еді, кейін солардың негізінде ғұмырнамалық хикаятын да жарияланған. Жаңағы өзің жақсы білесің дегенде, Бәйекең соны мензеген.

Сол мерейтойлар кезінде бұл кісімен ертелі-кеш істес болған адамдар ағынан жарылып, жарыса естеліктер жазды. Олары “Ел сенімін ақтаған” деген атпен және басылып шықты. “Бізде жұрт білмейтін сыр жок” дегенде де ағамыз соны аңғартқандай.

Міне, содан бері тағы да он жыл өтіпті. Бәйкен Әшімұлы тоқсанға келіп отыр. Әлі де баяғы ақыл-парасаты орнында, бой-басының қадір-қасиетін жоғалтпаған, елге ес, алыс-жақын ағайынға абыройлы қалпында; бар айырмасы – шынайы абыз ақсақалдықтан әрі қарай батагөй бабалыққа ден қойып, бұл дүниенің бүкіл данагөй әулиелігін бір басына қондырғандай иманжүзді ізгіліктің бейнесін танытады.

* * *

Тоқсанның биігіне көтерілген ардақты ақсақалдың өткен өмір жолын баяндай келіп, мына Тәуелсіз ел өмірінің көпті көрген көреген көзбен қарағандағы өсерлерін білгіміз келді. Бұл кісі біздің емеурінімізді түсінгендей рай білдірді.

– Мына тоқсан деген жасыңыздың, – дейді әз ағамыз сәл тебірене отырып, – толғамы көп те, бір арнадан тоғысатын тоқтамы мен үшін біреу ғана болып тұр. Ол – Тәуелсіздігіміздің бүгінгі биігінен көрінетін ертеңгі болашағы, өркеният жолымен кең өріске қарай бет түзеген ұлы көшіміздің көлікті де көрікті болуы. Кісінің жасы ұлғайған сайын, өмірінің арғы бастаулары алысталп, көмескі тартқанына мойын ұсынғандай, содан бір түрлі баз кешеді екен де, бүгінгі болмыстың әрбір қырқасына бір үзік ой байламын тастанап кетіп, жаңағы ортақ арнаның иірімінен бүгінгі үрпақ игілігіне де-

ген ізгі тілектің жаңа бір легін оздырып отырады екен. Сонда көкейден жарып шыққан өзекті ой – ел бірлігі, халықтың үйтқысы саналатын ұрпақтар тұстастығы болмақ керек екен.

Біз сияқты қарттар үшін зерде тереңінен әлгіндегі ой тери мен кітап бетін актарып, естілер айтқан ескі сөздерді сауу да бір ермек. Ақын Иса Байзақұлының “Құралай” атты даста-нында қартайып келген шағында азамат баласы опат болып, соған тоқтау айтуға сөз таба алмай қаңтарылған жүрттына уәжді Монтай бидің өзі бастайды ғой. “Үйірінен бөлінсе құланның күйі болар ма, өз тобынан бөлінсе батырдың бағы жанар ма?!” деп көкірек шерін бір шығарып алады да, “Қартайғанда басқан ой қара бастың қамы емес” деп және ес-кертіп койып, Монтекең ойын әрі қарай өрбітеді: “Жақсы туся халқымнан, бар ма менің арманым. Айрылmasам сал-тымнан, ол да менің онғаным”. Осы бір қысқа жолдарда қазір бізге керек ойлардың бәрі қамтылған.

Сондағы халық арманын арқалаған жақсы кім? Біздің бүгінгі болмысымызға қарай бұрып айттар болсак, ол – өзіміз Елбасы деп ардақ тұтқан Президентіміз. Біз оны қолдауы-мыз керек, қабылдаған қаулы-каарларын, бүйрек-жарлықтарын бұлжытпай іс жүзіне асырып, өз жолымызды өзіміз аршып отырғанымыз мақұл.

Әлі есімізде, Тәуелсіздіктің ілкі жылдарында ел шаруасы күйзеліп, айнала дағдарыс мендеп, баар бағыт айқындал-май тұрганда, дұрыс жолды нұсқап, елді тығырықтан алып шыққан сол тұнғыш Президентіміз еді ғой. Алғаш рет елде егемендік жарияланып, халық өзін бірауыздан Елбасы сай-лағанда, ол көгілдір туымызды қолына ұстап, әлемнің басты-басты елдерін жағалай аралап шықты. Дүниеде Қазақстан деген ел бар екенін, сол ел егемендік алып, дүние жүзілік қауымдастыққа кіргенін жария етті. Солардың көбімен дип-ломатиялық қатынас орнатты. Жанағы көгілдір туды Бірік-кен Ұлттар Ұйымының төбесіне апарып қадап, жас мемле-кетімізді соған мүше етті.

Одан кейін біртінде елдің бейбіт жағдайда еркін дамуы-на керекті барлық мүмкіндіктерді іздестірді. Солардың ішін-дегі ең бастысы – кеңестік құрылыштан қалған атом қаруы-ның барлық қорынан бас тартып, есесіне әлемнің ең ірі бес елінен өз тәуелсіздігімізді қамтамасыз етуге кепілдік алды. Сонан соң бірқатар әлуитетті елдермен мәмілеге келіп, елдің

жер қойнауындағы кен байлықтарын іске жаратудың көзде-
рін ашты. Сөйтіп, санаулы жылдардың ішінде дағдарыстан
шығып, жағдайымызды түзеп алдық. Енді таяу болашақта ең
күшті дамыған елу елдің қатарына шығуға күш салып жа-
тырмыз. Өрлеу, өркендеудің данғыл жолы деген осы емес
не?!

Тәуелсіздікке қол жеткізген жас мемлекеттің мәртебесін
көтерудің жолдары сан түрлі. Солардың барлығын бірдей
біржола қатар жүргізу, әрине, мүмкін емес. Нұрсұлтан
Әбішұлының алдымен қолға алып, қауырт кіріскең бір ісі –
Астана мәселесі. Аса кен өлкені алып жатқан болашағы үл-
кен елдің қалыпты тіршілік етуі үшін кіндік қаланың жайын
қатты ойланып, түбегейлі шешімін табу онай шаруа емес еді.

Президент сол жолда зор көрегендік танытты. Байтақ ел-
дің дәл орта тұсынан орын тауып, Ақмоланы астанаға айнал-
дыру тәуекелшіл ерліктің және әріден ойлайтын тапқырлық-
тың бейнесі болды. Бұл ата қазаққа ертеден жайлыш қоныс
болған құтты мекен еді. “Қазактың бар қатты өсе бастағаны
құба қалмақтың жұрты бұзылған соң, осы Сарыарқаға ор-
нықкан сонғана болса керек”, – деп ұлы Абайдың тебірене
айтуы тегін емес-ті. Президентіміз барша халықтың көні-
лінен дәп түсті.

Қазір Астана дүркіреп өсіп келеді. Көркіне қарасаң кез
тоймайды. Сандаулы жылдар ішінде бұл екі ұлы құрылыштың
орта тұсынан әлемге шарапатын шашатын зәулім шаһар бо-
латыны сөзсіз.

Сонау тоқсаныншы жылдардың аяқ кезінде, Алматыдан
жаңа астанаға мемлекеттік рәміздерді жөнелткен салтанатты
сәтте, Президент елдің бірқатар беделді адамдарын жинап,
өзінің көп-көп ойларын ортаға салғанда, оның бұл бастама-
сын жүрт бірауыздан қолдаған. Сонда мен екі алақанымды
жайып отырып, болашақ бас қаламызыға шын көнілімнен бата
бергенімді әлі күндерге дейін қанағат сезімімен еске ала-
мын.

Дәл қазіргі шақта еліміздің саяси өмірінде өте елеулі оқи-
ғалар болып жатыр. Бұл өзі кенінен ой толғап, өткен мен
келешекті қатар салыстыра отырып байыптайтын үлкен әң-
гіме. Сөл шегініс жасап, елімізде егемендік жарияланған
бастапқы күндерді еске алайықшы. Тәуелсіз мемлекетті қо-
ғамдық-саяси құрылыштың қай жолына саламыз, ел басқа-

рудың қандай түріне тоқтаймыз деген мәселе парламентте қызу талқыланған. Әртүрлі пікірлер сарапқа салынды. Сонда Нұрсұлтан Әбішұлы президенттік жолды қалап, біз үшін ең қолайлышы сол екеніне ел көзін жеткізді.

Бұл ете дұрыс таңдау еді. Жаңа ғана аяғынан қаз тұрған жас мемлекетті ешқандай көлденен кедергілерге ұрындырмай, дұрыс жолға бастау үшін бізге өзірше елді тастүйін біріктіріп отыратын дара басшылық керек еді. Айтқандай-ақ, Президент осы құнгे дейін елді ешбір бұралансыз тұра жолмен жедел басқарып келді.

Қазір, шаруашылығымыз ретіне келіп, экономика саласы карқынды дами бастаған кезде, халықтың еңсесі көтеріліп, саяси санасты біршама жетілген тұста, демократияның да өрісін кенейтіп, президенттік өкілеттің бір бөлігін халық сайлаған партия өкілдері жүзеге асыратын болсын, сөйтіп біз ел басқарудың президенттік-парламенттік жүйесіне көшейік деген тың бастаманы Президентіміздің өзі көтерді. Бұл нағыз адамгершіл, шын мәнісіндегі халық билігінің ілгергі елдерде ғасырлар бойы ұстемдік құрып келе жатқан дәстүрлі үлгісі екеніне дау жоқ. Сондықтан қазір ел ішінде жүргізіліп жатқан саяси наукандарды осы тұрғыдан түсінгеніміз абзal.

Ендігі бір уақ біз мерейтой иесінің назарын басқа бір өріске – Тәуелсіздік жылдарындағы халықтың рухани өміріне қарай бұрғанбыз. Бәйекен бұл саладан да жүйелі ой өріп, шабыттана сөйлеп кетті.

– Егемендік рухының қазақ халқына тарту еткен үлкен бір олжасы – Кенес тұсында жеті қабат жер астына жіберіліп, ел санастынан ұмытыла бастаған Алаш қайраткерлерінің мұрасын жалғаның жарығына алып шыққандығы. Бұкіл өмірле-рін туған халқының бостандығына арнал, сол мақсаттарына жете алмай кеткен Әлихан Бекейханов, Шекерім Құдайбер-діұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржакып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймауытов, Жанша мен Халел Дос-мұхамбетовтар, Мұстафа Шоқаев пен Мұхаметжан Тынышбаев секілді ұлы тұлғалар өздерінің барлық асыл қазынала-рымен қазір халықтың рухани өміріне біржола енді. Бұл да болса, біздің Президентіміздің іскерлік қабілеті арқасында мүмкін болғанын ерекше сүйініш сезіммен айтуымыз керек. Ол кісі Одак тарамай тұрғанда, республика партия үйимын

басқарған кезінде-ақ, осы мәселенің көтерілуін іліп алып, оған дереу жол ашып берген-ді.

Бұл орайда тағы бір сүйінішпен еске алар үлгілі үрдісіміз деп бұлардан да бұрынғы, кезінде толық мағынасында халық санаасына жеткізе алмай келген ұлыларымызды ұлттық қолемде ұлықтауды дәстүрге енгізе алғанымызды айттар едім.

Мәселен, Абайдың 150 жылдық мерейтойын атап өтуді алайық. Бұл бұрын біздің топырағымызда болып көрмеген керемет оқиға еді. Ұлы ойшыл ақынымыздың аруагын әспеттеуге бүкіл дүние жүзінің небір атақты тұлғалары жиналады. Абайға дейін бірде-бір қазактың аты ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізілмеген еken. Сол тізімге алғаш рет біздің ұлы ақынымыздың есімі жазылды. Мерейтойға сол кездегі ЮНЕСКО-ның бас хатшысы Федерико Майор мырзаның өзі қатынасты.

Сол ұлы жыында Нұрекенің тебіреніп тұрып айтқан тарихи сөзі әлі есімізде.

– Мен Абайды бүкіл дүние жүзіне танытуды зор міндет етіп алып едім. Құдайға шүкір, жиырма бес сырт елде тойланды... Біз алдымен осыған тәубе етейік... бәріміз де Абайдан үлгі алайық, бар мінез-ісімізбен соған ұқсауға тырысайық. Жаңа өркенді Абай сөзімен тәрбиелейік, – деген еді Президент сол мерейтойда. Бұл сөз кезінде үрпактан-үрпак-ка тарайтын тағылымды аманат сияқты естілген болатын.

Осы үлгімен кейінгі жылдары Жамбылдың 150, Махамбеттің 200 жылдық мерекелері Біріккен Үлттар Ұйымының шеңберінде дүрілдеп өткізілді. Одан берідегі Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Габит Мұсірепов, Габиден Мұстафин, Ахмет Жұбанов сынды алыптардың жүз жылдық тойлары да сол дәстүрдің лайықты жалғасы болды. Сол шаралардың қай-қайсысында да Президент тапсырмасын қалтқысыз жүзеге асырған көрнекті мемлекет қайраткері Иманғали Тасмағамбетов інімізге де халық дән риза болған.

Елімізде қазір қолға алынып отырған “Мәдени мұра” бағдарламасы да – жақсы ойлап табылған жаңалық. Соның аясында “Бабалар сөзі” айдарымен жарық көріп жатқан көп томдық басылым, халқымыздың бағзы замандардан бері қарай корланған саяси-әлеуметтік, ғылыми-философиялық ойпікірлерінің жинақтары – өте бағалы құндылықтар. Біз соларды қастерлеп ұстауымыз қажет.

Біздің ел – көпүлтты мемлекет. Кеңестік ұлт саясатының солақайлығы салдарынан көп халықтар тарихи мекендерінен қотарылып келіп, біздің елімізден екінші отандарын тапты. Солармен тату-тәтті бірліктे болу – біздің жас мемлекетімізді өрге бастырудың басты шарты. Осы іске мұрындық болу үшін Президенттің қолдауымен құрылған Қазакстан халқы Ассамблеясы да –өте құптарлық құбылыс.

Елімізде тындырылып жатқан игілікті істермен қатар қадірменді ақсақал өзін толғандыратын жәйттерді де еске салып өтті. Соның бірі қазіргі ауылдың хал-ахуалы екен. “Ауыл – біздің елдігіміздің тарихи тірегі. Тіліміздің де, діліміздің де, дініміз берінде салт-дәстүріміздің де түп-тамыры ауылда жатыр. Тіпті ұлттық болмысымыздың нәр алатын бірден-бір қайнар көзі ауыл десек те артық емес. Сондықтан басы Президенттің болып, бүкіл мемлекет, билік басындағы барлық азаматтар, барлық басқару орындары ауыл жайын бір сәт те естен шығармауы керек”, – дейді өз ағамыз.

– Қазір біздің Қазақстаннымыздың да, тұнғыш Президенттің Нұрсұлтан Әбішұлының да абырай-атағы аспандап, бүкіл әлемге танылып тұр. Қазақстан бұрынғы Одақ кеңістігінде дағдарыс жағдайдан өзгелерден бұрын шығып, нарықтық қатынасқа көшкен бірінші ел атанып еді. Сол бетімен экономиканың барлық салаларында өндіргіш күштерді жедел қарқынмен дамытып келеді. Ал Президенттіңіздің дүниежүзілік қауымдастық шенберіндегі ең тұлғалы, ең іскер, ең жаңашыл, не бір соны идеялардың ту ұстаушысы болып отырғаны бәрімізге аян. Ол – бүкіл елімізге абырай, зор мақтаныш.

Бәйекең сәл бөгеліңкіреп отырып, сөз аңысын тағы бір тың өріске бастап кетті.

– Қазіргі бәріміздің де ішкі тілегіміз – Нұрекенің айналасында оның іскерлік мектебінен өткен, білімді, тәжірибелі жастар, сенімді серіктер көбірек болса екен. Тегінде, болашақта ел басқарудың ауыр жүгін бірге көтерісетін талантты қайраткерлер мектебі осындай бірегей тұлғалар төнірегінде қалыптасады ғой. Жастар қазір жақсы өсіп келеді. Бірақ солардың көбінде әзір іскерлік тәжірибе, қазақы ұлттық мінез, халық мұддесі бәрінен де жоғары деген берік сенім әлі де жете қалыптасып үлгірмей келе жатқан сияқты. Ғылымда

тізбекті реакция деген үғым бар ғой. Кадр мәселесінде де бірімен бірі жарыса туындал, бірінен бірі асып жататын қайраткерлер үйелмені үздіксіз өсіп-жетіліп жатқаны ғани-бет қой.

– Жақсы, Бәйкен Әшімұлы. Шешіліп айтқан тағылымды сұхбатыңыз үшін зор ракмет. Сөз сонында өзініздің от басыңыз туралы да жұртқа арнап қыскаша айта кетсөніз.

– Жоғарыда сөз ретімен айтып кеткенмін. Бәйбішем Бақыт Әсетқызына соғыстан қайтқаннан кейін 1946 жылы үйлендім. Өзін мектепте оқып жүрген кезінен білетінмін. Сабакқа зерек, міnezі ашиқ, қофам жұмысына белсенді қыз еді. Майданға кетіп бара жатқанда жұртпен бірге шығарысып салған. Ара-тұра хат та жазысып тұрдық. Елге келсем, окуын бітіріп, орта мектепте физика-математикадан сабак беріп жүрекен. Көніл жарастығы жалғасты да үйлендік. Міне содан бері қарай менін жеке өмірімде де, қоғамдық қызметімде де айналамның бәрін бүтіндеп, ерекше бір көніл хошын туғызып отыратын қамқоршым да, алыс-жақын сапарларда әрдайым қасымда болатын жанашыр серігім де – осы Бақыттым. Бақыт десе дегендей-ақ.

Бәйбішемнің өзім ерекше риза болатын бір міnezі мен қандайлық мәртебелі қызметте жүрсем де, бірде-бір рет соған араласып көрген емес және пендешілік жасап, асыптасткан да емес. Жұрттың бәріне бірдей жылы шырайлы, биязы да сыпайы міnezін сақтай білді. Өзіміз ішер ас, киер киімнен басқа дүние жинап көрмедік.

Үш бала тәрбиелеп өсірдік. Үлкен қызымыз Нэйлюфар 1948 жылы Айыртауда қызмет істеп жүргенде туған. Орта мектепте жақсы оқыды, Алматыдағы политехника институтын бітірді. Мәскеуде Болат және құймалар институтында кандидаттық диссертация қорғап, сонда біраз жыл доценттік қызмет атқарды.

Ұлымыз Ондасын 1951 жылы Зерендіде туды. Ол да өзіміздегі политехника институтын энергетика мамандығы бойынша бітірді. Кандидаттық диссертациясын Киевте, докторлық диссертациясын Мәскеудің Энергетика институтында қорғады. Техника ғылымының докторы, 1995 жылы Ұлттық Фылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланған. Қазір толық мүшесі.

Кіші қызымыз Рауза 1954 жылы Көкшетау қаласында дүниеге келген. Қазак мемлекеттік университетін бітірді, техника ғылымының кандидаты. Диссертациясын Мәскеуде Жүйелік талдау институтында қорғады. Қазір оқытушылық қызметте. Балаларымыздың бәрі де сабакты жақсы оқыды, кайда болса да өз талаптарымен жол тауып жүрді. Біз соған ризамыз. Немерелеріміз, шөберелеріміз бар, шүкіршілік, бәрі де жақсы өсіп келеді.

– Жарайды, қадірменді Бәйкен аға! Тоқсанға келген мәрейтойының күттү болсын! Әлі де шаршамай-шалдықпай, ел егемендігінің қызығын халқыңызбен бірге көре беріңіз, – деген тілек тіл ұшына орала берген.

* * *

Той билігінің тізгінін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы өз қолына алған.

– Мерейтой мәзірін Алматыда өткіземіз деп ешкім әуре болмасын. – Астанада бүкіл ел жұртшылығы алдында, ерекше өзірлікпен, өзіміз өткіземіз, – деген.

Айтқандай-ақ, астанадағы Құләш Байсейітова атындағы опера театрында сол жының қыркүйектің 19-ы күні, сәрсенбінің сәтті бесінінде ашылды. Бұл тойға қатынасу үшін Алматыдағы Бәйекеңе тілекtes дос-жарандар Астана пойызына тіркелген арнаулы ұш вагонға тиеліп, көшкен елдей көтерінкі көңілмен барғанбыз. Театр Астананың ігі жақсылары мен әр өнірден келген меймандарға лық толы екен. Мәжілісті Президент өзі ашып, жүрек жарды құттықтау сөзін айтты. Жауп сөз тоқсанның биігінен тұрып тебіренген ақсақал жүргегінен актарылған. Одан кейін Бәйкен ағаның өмірін бүкіл ел тіршілігінің тынысымен байланыстыра кеңінен көсілген белгілі қаламгер-қайраткер Әбіш Кекілбайұлының мазмұнды баяндамасы тыңдалды.

Арада біраз уақыт салып, Елбасы жөнінде халық атынан айтылар алғысты сөзді Бәйкен Әшімұлының аузынан естуге тұра келгенде, Астананың 10 жылдық мерекесі күндеріндегі бір сұхбатты көрнекті публицист-ғалым Сауытбек Абдрахманов “Егемен Қазақстан” бетінде жеткізген.

Төменде сол материалдар жарияланып отыр.

НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Қадірлі Бәйкен Әшімұлы!
Қадірменді қауым!

Біз бүгін еліміздің ардақты азаматы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, халқымызың танымал тұлғасы Бәйкен Әшімұлының 90 жасқа толуына арналған ғибратты да салтанатты кеште бәріміз бас қосып отырмыз. Бұл оқиға – карияларымызды қадірлеудің жарқын бір қөрінісі. Сондықтан бүгінгі Қазакстанның ел басындағы барлық басшы азаматтары осы жерде қатынасып отыр, өздерінізben бірге.

Бәйкен Әшімұлы еліміздің әр аймақтарында, Үкіметте басшылық қызметте болған жылдарында іскер үйімдастырушылық, талмас табандылықтың үлкен үлгісін көрсеткен адам. Қай жерде, қандай лауазымды қызметте жүрсе де өзіне тән сабырлы мінез, салиқалы ой, сарабдал пікірін ұстана білді. Тұған елдің мәртебесі мен мерейі үшін адап да перзенттік парызбен қызмет жасаудың тәлімін танытты.

Кешегі Отан соғысының отты жылдарында Бәйкен ағамыз қолына қару алып, қан майданда жауынгерлік ерліктің үлгісін көрсетті.

Тұған елге жеңіспен оралып, еңбек майданының алғы шебіне шықты. Ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Сол кездегі Қоқшетау облысының Айыртау ауданында алғашқы мемлекеттік қызметін бастады. Ең жоғары сол кездегі атақ – Еңбек Ері атағын алып, қеудесіне Алтын жүлдyz қадады. Бәйкен Әшімұлының өмір жолы – елге, Отанға адап қызмет етудің шынайы қөрінісі болып саналады.

Халқымыздың қыран мінез ақындарының бірі Мұқағали: “Біздің мынау қолтаңбамыз басулы, күрметтендер жиырмасыншы ғасырды” деп жазған еді. Ақын айтқандай, Сіздің, Бәке, қолтаңбаның жиырмасыншы ғасырға айқын басылған адамсыз.

Сол кезендерде, сол шақтарда Сізбен қоян-қолтық қызмет атқарған, бірге жауапкершілік жүгін көтерген жылдарымды мазмұнды да мәнді кезендер болды деп әрқашан ризашылықпен еске аламын. Сіздің төрағалық еткен Қазақ-

станнын үкіметін маған беріп, Сіздің жылы орныңызға орныққалы бергі барлық табыстарды кейде соған балаймын.

Ел егемендігін алып, ата-бабамыз армандаған азат құндерге қол жеткен кезден бері Сіз әрқашан Отанымыздың абыройы мен беделін көтеру жолындағы адаптиация, азсал жүректес жан болдыңыз. Қазақстанның астанасын Арқа төсіне көшіру түсында осынау бастамаға баянды ғұмыр тілеп, ез ой-пікірлеріңді ашып айта білдіңіз. Халықтық қозғалысқа қолдау жасадыңыз. Жаңа заманың жарқын қозғалысын жан-дүниенізben жатырқамай қабылдан, үнемі адаптивтік үстінде келесіз.

Бұра тартпайтын байсалды мінезіңіз, халыққа деген камкор көңіліңіз Сізді әркез парасат биігінен көрсетіп отырды. Сіз көпке үлгі-өнеге болған, тәлім-тәрбиесін берген ұлафатты үстазсыз. Сізben қызметтес болған, алдыңызды көрген, камкорлығыңызды сезінген жандар үшін Сіздің 90 жасқа толған мерекеніз ерекше куанышты оқиға деп есептеймін.

Халқымызда: “Қарты бар ел – қазыналы ел” деген дана сөз бар. Біздің қадірлі қарияларымыз өздерінің акыл-парастымен, тәлім-тәрбиесімен, тілек-ниетімен әдемі қартаудың үлгісін көрсететіні ләзім. Сол үлгіні барлық қарттарға Сіз көрсетіп келесіз. Сіз осы құрметті топтың көшбасындасыз. Халқымыздың жақсы қасиеттерін бойыңызға жинап, енді соны көпке, кейінгі буынға, жас үрпаққа тағылым етіп, жеткізіп келесіз.

Үрпақтар жалғастығын үзбей келе жатқан, ұлттымыздың ұлы қасиеттерін бойларында сақтаған қарияларымызға деген құрмет пен қамкорлық ешқашан толастамауы қажет. Біз Сіздерді мақтан етеміз, қымбатты Бәкеке!

Сондыктан да 90 жасқа толған күнінізде мен өзімнің Жарлығыммен мемлекетке сінірген айырықша еңбегіңіз, белсендей қоғамдық қызметтіңіз үшін еліміздің ең жоғары наградасы – “Отан” орденімен марарапаттадым. Бұл Сізге деген мемлекеттіңіздің құрметі мен ілтипаты деп қабылдаңыз.

Халқым деп соққан қадірлі жүрек түсініздегі бүгін еліміздің ең жоғары “Отан” орденін таға тұрып, Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасыңыздың баянды бақыт, өзініңізге амандастық тілеймін. Ардақтың жеңіліміз Бақыт Әсетқызы екеуініздің көрер қызықтарының көп, куаныштарының мол болсын!

Тойларыңыз тойға үлассын!

БӘЙКЕН ӘШІМҰЛЫ ӘШІМОВТІН ЖАУАП СӨЗІ

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Ең алдымен алғысымды, тілегімді, ақ батамды өзінізге арнаймын.

Бүгінгі салтанатта сейлекен сөзіңді тебірене тындағым. Үлкен жасымды сыйласп, еңбек жолымды жоғары бағалап, еліміздің үлкен наградасы – “Отан” орденімен марапаттадының, мерейтойымды өткізуге тікелей қамқорлық жасадының. Дән ризамын!

Ел-жүрткымыздың жарқын келешегі үшін тынымсыз да нәтижелі енбегінің келешектерде табысты болсын. Өзінізге денсаулық, бақытты өмір тілеймін.

Бүгінгі салтанаттың республикамыздың жаңа орталығы Астана қаласында өтіп жатқаны да куанышты жағдай. Астана қысқа мерзімде сұлу қала атағына ие болды, оның әсем гимараттары, көшелері мен аландары көз қызықтырады. Осынын бәрі Елбасының тікелей басқаруымен, сәулетшілер мен көп мындаған құрылышылардың енбегінің арқасында қол жеткен табыстар.

Салтанатты кешке қатынасып отырғандар – Алматыдан келген ардагерлер, менің қызметтестерім, дос-жолдастарым, Астана қаласынан – ағайындар, мекеме басшылары мен қызметкерлері, туып-оскен, жас шағымда қызметте болған Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Талдықорған, тағы басқа облыстардан келген қонақтар мен туыстар.

Баршаңызға ак ниетті тілек білдіруге келгендеріңізге ризамын.

Дорогие товарищи и друзья!

90 – конечно, большой возраст.

Чувство удовлетворения от того, что эта большая жизнь прожита вместе с народом. Вместе с народом пережил и годы народной трагедии, какими были страшный голод в начале 30-х годов, массовые репрессии 1937 года против передовых представителей национальной интеллигенции, войны против немецко-фашистских захватчиков. Вместе с народом и в радостные годы трудового созидания.

Весь жизненный и трудовой путь – вместе с народом. Поэтому на свою жизнь у меня нет обид.

В послевоенные годы, работая в районах, областях, а также на руководящих постах республиканского масштаба, стремился внести посильный вклад в подъем экономики республики, неуклонный рост народного благосостояния.

В своей практической работе всегда считал, что доверие народа – превыше всего, стремился его оправдать.

За годы многолетней трудовой и общественной деятельности знал много умелых организаторов промышленного и сельскохозяйственного производства, капитального строительства, рядовых тружеников, руководящие кадры районов, городов, областей и Республики, деятелей науки и культуры, которые своим трудом вносили достойный вклад в общее дело социально-экономического развития родной республики.

Продолжительное время работал с Кунаевым. Будучи на руководящих постах, из них почты четверть века Первым секретарем ЦК Компартии Казахстана, Динмухамед Ахмедович внес большой личный вклад в подъем экономики, науки, образования и культуры республики, рост народного благосостояния. Он был крупным политическим и государственным деятелем.

Нурсултан Абишевич Назарбаев с декабря 1979 года – у руководства Республики.

В советское время, будучи секретарем ЦК, председателем Совета Министров, Первым секретарем ЦК Компартии Казахстана, активно и со знанием дела занимался социально-экономическим развитием Казахстана.

После распада единого Советского Союза, наш народ единодушно избрал своим первым Президентом Нурсултана Абишевича Назарбаева. Он – провозгласив независимость Казахстана, умело возглавил преодоление тяжелейшего кризисного состояния переходного периода, становление и укрепление государственности, подъем экономики.

В моей большой жизни особое место занимают годы независимости нашей Родины. Будучи на заслуженном отдыхе, я не сидел дома сложа руки, а постоянно был в гуще народа, участвовал в общественной жизни, вместе с народом поддер-

живал политический курс и практическую деятельность нашего Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева.

Радостно сознавать, что под умелым руководством Главы государства, трудом народа экономика республика теперь находится на пути устойчивого развития. Созданы необходимые условия для более успешного решения проблем улучшения материального благосостояния населения.

Не говоря о всех вопросах этой сферы, надо отметить важность широко развернувшегося во всех областях капитального строительства, особенно сооружения жилых домов для населения. В этом хороший пример показывают Астана и Алматы.

В стране осуществляется политическая реформа. Ныне высок международный авторитет Республики, ее признанного лидера Нурсултана Абишевича Назарбаева.

На руководящие посты выдвинуты молодые кадры. Это – положительный фактор.

Хотел бы высказать пожелания, чтобы руководители разных рангов почаще встречались с народом, внимательнее относились к их предложениям с мест.

Этому они должны учиться у нашего Президента, который постоянно встречается с населением.

Я уверен, что наш Родной Казахстан, используя свои потенциальные возможности, станет экономически сильным государством, займет достойное место среди цивилизованных стран мира!

Ал енді, Ақсақал адам сөзін тілекпен, батамен аяқтағаны жөн шығар.

Тұнғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басқарған туған еліміз аман болсын! Елімізде тыныштық, молшылық болсын, халқымыз бақытты болсын!

Баршаңызға денсаулық, бақытты өмір тілеймін.

Рахмет!

АСҚАР ТАУДАЙ АБЫРОЙ

Атам қазак өткеннің қадірін кәрінің райына, ертеннің аужайын жастың шырайына, заманның ыңғайын көптің сыңайына қарап таныпты. Бұл жағынан келгенде, мына біз-

дерге Жаратқан Иеге қанша рет тәуба десек те артықтық етпес түрі бар. Тоқсан жасқа келіп, торқалы той жасатып отырған абзал Ағаға деген шынайы ниет пен ардақ Азamatқа деген қалтқысыз құрмет елдігіміздің келісті бір көрінісі. Ондай орасан биік абыройға екінің бірінің тап бола бермесі хак. Ал мәндайы жарқырап, қак төрімізде отырған марқасқа ағаның мұндай жалпыхалықтық марапатқа әбден лайық екендігі ешкімге ешқандай күмән туғызбасқа керек.

Тағдыр оған әу бастан дәуірмен өрелес, тарихпен тамырлас болуды бүйіртыпты. Бұл – бір жағынан, ілуде біреуге тап болатын сирек бақыт; екінші жағынан, ердің де ерені, ереннің де перені төтеп бере алатын төтен сый. Бүгінгі мерейтой иесі – ондай-ондай сойқандарға толы сотқар тағдырың қай соқтықканына да қабағын шытына қоймаған қайсар тұлға.

Өйткені, қай кезде де оп-оңай бола қоймаған жұмыр бастыларға бүйірмас жұмбағы мол тіршілік ол өмір сүрген заманда әбден шектен шыға ширығып кеткені белгілі. Құллі адамзат тағдырында өшпес із тастап, бүтін әлемді қарс айырып екіге жарып, барша қоғамдық ойды екі ұдай қүйге түсіріп, кос үрейлендіріп кеткен атышулы 1917 жылдың мамыр айында дүниеге келіпті. Ата-анасын әлі танып үлгермеген алты айлығында әкеден айырылыпты. Ол кездің жән-жорасымен айтсақ, аттары алты алашқа белгілі Ақан Сері мен Құлагер сәйгүлікті түлеткен Атығай-Қарауылдың Шабақбай әuletіндегі, бүгінгі рәсімге салсак, Сырымбет пен Айыртау арасындағы пейіштей өнірде ат құлағында ойнап өткен әйгілі сейіс Жақыпұлы Әшім жөргектегі тұла бойы тұнғышын сүйіп құмарын қандырмastaн, қырық құйқылжығалы тұрған құбылма заманың қиямет-қайымына қызылشاқа кезінде жападан жалғыз тастап, дүние ауып кете барыпты. Ал жалпақ әлемді жауыр тұғырдың алба-жұлба тоқымындағ қағып-сілки бастаған қатыгез тарихтың, әсіресе жайдак түзде жайбаракат жатқан алқам-салқам қазақ болмысын алабөтен алқымнан алып, екі аяғын бір етікке тығып, апшысын куырғаны кім-кімге де аян.

Мұндай алағай-бұлағайдан әркімнің өз ыждаһаты болмаса, біреудің шарапаты құтқарып қала алмасына жетімек Бәйкен қаршадайынан-ақ қанықты. Алайда, оның бағына сол бір тауқыметті жылдарда да арқасынан қағып, мәндайы-

нан сипайтын қайырымды жандар аз жолықпапты. Оларға бүгінде тек жер үсті ғұмырдың талай сенғірін артқа тастаған ақ самай аға ғана емес, бүкіл қазақ ұлты алғыс айтқандай. Ойткені, олар бұғанасы қатып ұлгермен бозөкпе ұланды ауыл арасының көппен көрген ұлы той дейтін үйреншікті сүрлеуіне түсірмей, заманның сыңайына қарап, өз бағын өзі сынап бағатын нар тәуекелдің жолына жармастырыпты.

Сол бір жердегі ізден ғөрі көктегі жұлдыздарға көбірек телміретін ежелгі керуеншілердей тәуекел сапары оны үш үйиқтаса түсіне кірмеген бейтаныс өлкелерге ғана емес, бұрын тіпті қиялдан та көрмеген атымен соны кәсіптерге тап қылды. Өз ауылында намазға жығылып, аятқа тілін сыйндырса, көрші ауылға барып әріп таныды. Айыртаудан Ақмола, Ақмоладан Қекшетау, Қекшетаудан Қызылжар аса жүре осы заманғы кәсіби біліммен де ауыздана бастады. Тіпті құмалақ пен кидан басқа көрмеген қойши ауылдың түлегі май-май бөренелер мен тат-тат темір-терсектердің арасында шалқалап жатып, апшысынан жер қуырылатындай алапат “болат тұлпардың” аяқтарына үңіліп, ыбырсыған қым-қуыт тетіктердің бірін босатып, бірін бекітіп, жеті бабасында ешкім ешқашан шұғылданып көрмеген тосын бейнеттің дәмін татты.

Самала далада құйрықтарын тепкілеген бес түлікпен бірге шапқылап ойнап, әбден құмарынан шығып ұлгермен түбіт иек жас қаралай иығын басқан қара жұмыстан бас котере алмады. Паровоз жөндейтін слесарь атанды. Бұл – оның бірінші лауазымы. Ең алғашқы жұмыскерлік мансабы. Қойши, жылқышы, сиырши, түйешінің бәрі де бақташы екенін білетін қыр баласы бұл дүниеде маман, мамандық дейтін ұғым бар екенін сонда анғарды. Үсті-басы жер май сасып, ауызы тот татып, қапелімде темір өзек жанға айналдырып жіберетіндей көрінгенмен, жана кәсібінің де адамды аштан өлтіре қоймайтынын білді. Алайда капуста қажап қалған қоянның басқа шөп-шаламды місе тұта қоймайтынындей, ауылдан ауыл, қаладан қала аса жүріп, ала қағаз ақтарып ауызданған бозбала тағы да бағын сынап, оқудың сонына түскісі келіп, алабұртты да тұрды.

Сейтіп, Қызылжар аймағындағы Покровка ауылшаруашылық техникумынан бір-ақ шықты. Бұрынғы мал бағып, егін егіп, шаруа баптаудың өз алдына бір ғылым екенін енді

түсінді. Алғыр шәкірт жаңа окуға құштарлана кірісті. Көп үзамай көзге ілікті. Шәкірттердің жетекшісіне айналды. Бұл – оның азаматтық тағдырының ұлы арнасын тауып берген бастапқы сүрлеу болды. Аудандық жастар үйымы бөлім басшылығына шақырды. Агроном-диқан мамандығын алды. Бірақ, егінжайда да баяғы паровоз депосында ұзак баяндатпады. Жасы толып, әскер қатарына аттанды. Батыс Украинада жауынгерлік парызын орындал, Сырымбетке оралды. Ондағы орта мектепте шәкірттерге әскери дайындық сабағын жүргізді. Мұғалімдікке енді бауыр басып келе жатқанда, әскери комиссариаттан тағы да шақыру келді.

Бұл жолы қыска мерзімді оқып-жаттығу емес, етігімен су кешкен ұзак сүргін, ұлы майданға тап болды. Бейбіт кезде шаруашылық пен мектептегі жастардың серкесі бол үлгерген ол арнайы әскери мектепті бітіріп, майдандағы қанды кейлек жолдастарына саяси қошбасшылық етті. Екінші дүниежүзілік соғыстың әйгілі қолбасшылары Г. К. Жуков, К. К. Рокосовский сынды саңлақ сардарларының қол астындағы құрамаларда шындалған жас офицер жалынды сөздерімен ғана емес, жеке басының жанқияр ерліктерімен өзгелерге өнеге бола алды. Тіпті поляк елінің астанасы Варшаваны фашистерден босату жолында жан алып, жан беріскең қиян-кескең шайкастарда ауыр жаракаттанған капитан Бәйкен Әшімовке атамыш ерлігі үшін Польша мемлекеттінің жоғары дәрежелі ордені берілді. Ол оған 1995 жылы үлкен салтанатпен тапсырылды.

Ал оған дейін қазак сайыпқыраны жасампаздық майданың халықаралық танымалдық деңгейіндегі атышулы сардарына айналды. Варшава түбіндегі ауыр жаракаттан Новосібір қаласынан бір-ақ шыққан жас қазак офицері далиып жатқан қазак сахараасын бір көруден, ондағы өзі өсken Қекшетау өнірінің макпал топырағына уысын толтырып, бір іискеуден басқа ештеңе көксеген емес еді. 1945 жылы шілде айында госпитальмен коштасып, жан жолдастында болып алған шинелін арқасына таңып, қиялшыл бала кезінің қызғалдақтай құлпырған небір жарқын көріністері қаз-қалпында самсаپ тұрған Саумалкөлді көргенде, ақсандай басқан балдакты жігіттің анадайдан көздері боталап, алакандары өзөздерінен дуылдап қоя берді. Бұл алдында тұрған жаңа жасампаздық енбектегі мігірсіз құрестерге көрінген еді.

Ауаткомның бос тұрған жауапты хатшылығынан басталған екінші майдан – еңбек майданындағы жорығы кешегі күрк-күрк оқ түкірген қан майданнан әлдеқайда ұзақ, әлдеқайда күрделі, әлдеқайда қызық болып шықты.

Оның мұндағы шыққан биігі, мұндағы алған асуы туған елінің тарихы мен туған халқының ыстық махаббатының аялышы төрінде біржолата тұрақтатты. Әмір жолында өзіне жастайынан серік болған жұртшылық сенімі оның қолындағы балдақты да тастатты, аяғындағы ауыр жарақатты да ұмыттырды. Бейбіт еңбекке білегін сыйбандырып, белсене кірістірді. Жасөспірім кезіндегі В. Р. Вильямстай ақының агроном болмақ ойын да қайта есіне түсірді. Ленинградтың атақты қолданбалы зоология және фитопатология институтын бітіріп, ол мақсатына да жетті. Осыған дейін өзінен басқа ешбір жанға тісінен шығып көрмеген тағы бір тылсым іш құлтасы бар еді. Оның да орайы енді түсті.

Азғантай мұғалім болған кезінде алдыңғы партадан көкірегіне шоқ болып қадалған қарақаттай қос жанаң қардай бораған оқ астында жатса да көз алдынан кеткен емес. Майданға аттанарында жұрттан жасырынып тұрып, жүрексіне қоштасқан жалғыз ауыз сөзі жаралылар төсегінде ажал аузында жатқанда да құлағында үздіге сыйырлап тұрды. Қөзінен бұл-бұл ұша жаздаған жаймашуақ дәуренінің жаунарындағы болған сол қарақат көздерді баяғыда өзі қия алмай амалсыз тастап кеткен Шортан көлінің жағасынан қайта тапты. Ол – бүгінде айдай жарқырап ағамыздың қасында жүрген Бақыт Әсетқызы Әбдіғалымова-Әшімова ханым еді. Ол Бәйкен ағамыздың баяғы Қобыландының айбалтасын өзі саптап, ақ сауытын өзі қақтап, тай күнінен дүлдүл болған Тайбурылын өзі балтап, бес қаруын белінен өз қолынан іліп, Қазанның қара қаласына өзі аттандырған Қызы Құртқасындағы аяулы да асыл жары, ініміз бен қарындастырылған сүйікті анасы. Немере мен шөберенің мейірбан әжесі.

Бәйкен Әшімұлының екінші дүниежүзілік соғыстан бергі еңбек жолы да күн сайын көне қиссалардағы Қазанды шапқандай қат-қабат шайқастарға бергісіз арпалыстарға толы болды. Бір қындықтан соң бір қындық туғызып, бір зобаланнан соң бір зобалаң орнатып, қофамды жүрттың зәрекүтін алу жолымен тыныш ұстауға тырысатын тоталитарлық саясат соғыс біткен соң қаңтардың қара суығындағы қа-

харлана түсті. Онсыз да төрт жылға созылған соғыстан әбден қажып-қалжыраған халық, ауыздағысын жырып майданға жөнелтіп ыныршағы айналған тұлкікүрсак тұрмыс, ит сілік-песі шықкан итырқылжың экономика, мүгедек ересектер мен жетімек жеткіншектер, жаралы еректер мен қаралы әйелдер айтқанды екі етпей, кеуделерінен жандары шығып кеткенше “Отан!” деп омақасса да, сырттан көз аларткан нағыз жау мен өздері ойдан тапқан жасанды жауларды тілге тиек етіп, көк желкеден көк сұнгі кезеніп, зіркілдеп үйренген жендет әкімгерлік өзін жаңа өмірдің бүлжымас салты сезініп, бұрынғыдан бетер масайрай бастады. Сағынып көрген женістің рахатына бөленіп, жетім-жесірдің көз жасын сұртіп, шырқы кеткен сұрықсыз өмірге біртіндеп шырай береміз фой деген дәме әбден мерейі тасып, машықтанып алған жеке адамға табынушылық пен жаппай шолақ белсенділікке жем бола бастады. Аудандық деңгейдегі мемлекеттік қызметте жүрген Бәйкен Әшімұлының жадына 1947 жылдың жұт қысы мен жұпымны жазы өмірбаки ұмытылмастай болып орнап қалды. Қырсыққанда қымыран іриді дегендей, жергілікті жерлердегі жайбасарлықты жою үшін жер түбіндегі Кремльден саяси бюро мүшесі Анастас Микоян сап ете қалды. Онсыз да астық тапсырудың жоспарын орындаі алмай, мұрнына су жетпей жүрген Айыртаудың басшысын жерден алып, жерге тықты. Құштері жетпей жатқандығын, ауа райының да қолайсыз болып тұрғанын дәлелдеп көрген сабазды көктен тамшы тамызбай қойған құдайымен қосып “саботажник” деп сынап, табан астында партиядан шығаруды талап етті. Жазықсыз жанның партбилетін тартып алуға тайсалған обком хатшысының өзін кеп үзатпай қызметінен қуғызды.

Осындағанда жоқта пышақсыз бауыздайтын қызыл сой-канның ортасында жүріп те, Айыртаудың бауырын көтере алмай тұралап қалған ауыл шаруашылығын аяғынан тік тұрғыза білген Бәйкен облыстық дәрежедегі басшы қызметтерге жоғарылатылды. Ол тұста жалғыз өзінің атағы аспанды алақандай, жерді тебінгідей етіп тұрған күн көсем де күйс өзекті пенде болып шығып, аяқ астында қайтыс болды. Қоғам тіршілігі ақылға сыйымды арнаға түсе ме деген үміт оянды.

Кар кетіп, тоң жібіп, сен жүргендей сезіліп, тарихта “жылымық кезең” аталған ол дәурен де көпке созылмады. Өз-

пірім билік, әулекі белсенділік, данккүмарлық пен даңға-
залық қайтадан бел ала бастады. Бір кезде таптық курес
ұранымен өріс алған жаппай ел асып, жер ауу науқаны енді
экономикалық энтузиазм желеуімен құлаш жайды. Ол жана
науқанның да алдымен бас салғаны қазақ даласы болды.
Бұрынғы тікен-тікен сым шарбактармен қоршалған жер
аударылғандар қосынының іргесінен ойдан-қырдан эшелон-
эшелон болып шұбырған тың игерушілер қосындары орын
тепті. Алдымен катель қарулардың сыннак аландары, сосын
алып құрылыштар атанған ауыр өндіріс орындары самиян
Сарыарқаның қебесін сөгіп, көкке ұшырып, Алтайдың арса-
арсасын, Қаратудың борша-боршасын шығарды. Атырау
мен Жайық бойының үңғыл-шұңғылын жіліктің майын сор-
ғандай құныға тіміскілеп бақты. Мұндай жағдайда қыр қа-
зактары “ауылынды жау шапса, өзін де бірге шап, әйтпесе,
булінгеннен бұлдіргі тимей, құр алақан қаласын” дегеннің
кебін киіп, өзгермелі тіршілікпен бірге өзгеруге тырысып
бақты. Бақташи бағбанға, сақманшы диқанға айналумен
тынбай, бір кездегі бала Бәйкендей жеті бабасының құлағы
естімеген небір бейтаныс мамандықтарды игерді. Үл – “қы-
рық жыл қырғын келсе де, ажалды өледі”, “қандай киямет-
қайым орнаса да, амалын тапқан аман қалады” деп санаған
мын өліп, мың тірілсе де, қынадай қырылыштың қалмай, үрпа-
ғын өрбітіп, жапырағын жая білген қарға тамырлы қазақтың
сынаптай сусыған баянсыз уақыттан қарымта қайыра алған
тарихи өміршемдігінің айқын көрінісі еді.

Мұндай шешуші кезенде әлгіндей дәуір дабылына сонау
отзызыншы жылдары-ак үн қата білген үрпактың өкілі Бәй-
кен Әшімұлы алдыңғы шептен таныла білді. Ол басқарған
Көкшетау облысының ауыл шаруашылығы тың игерудің 1954
жылғы алғашкы көктемінде бір жарым миллион гектардай жер жыртып, алғашкы он жылда оны екі есе қөбейтті.
1956 жылғы Қазақстан өткізген алғашкы миллиард пүт тың
астығына айта қаларлыктай үлес қосты. Әу баста кешегі
соғыс түсінде титықтап ашықкан халықты тойындыру же-
леуімен қолға алынған бұл бастама көп ұзамай дүмбілездік
таныта бастады. Басқа аймақтардан ағылған қаракүрим
жұрт бейбіт өлкенің елі мен жерінің бас-көзіне қарамай,
баса-көктей жөнелді. Әсіресе эшелон-эшелон көшкіншілерді
бастап келген “тың маршалдарына” әй дейтін әже, кой дей-

тін қожа табылмады. Олар ештеңені елең етпеді, ешкімді менсінбеді. Аяғы жеткен жердің бәрін жыртып, қүйкалы топырактың құнары тозаң болып аспанға ұшты. Жермен бірге ел де құнарсызданды. “Бір жамандықтың бір жақсысы болады” дейтін халқымыз жүздеген жаңа мамандыктарды менгергенімен, “бір жақсының мың жаманы табылып”, ең бастысы – ел өзіндік сипатынан айырылып, өзге болып кете жаздады. Тарихи дәстүр, әдет-ғұрып, тәл мәдениет азып-тозды. Басқа тілде сөйлеп, ана тілінен айырылу мақтанға айналды. Алматыны менсінбей, бәрін Мәскеу арқылы шешетін “тың маршалдары” жергілікті мамандарды беттеріне қаратпады. Жергілікті халықтан шықкан басшылардың өулекілеу жағы “заманға қүйлеп” атымен лағып кетті. Жібі түзулері тың игеруге қамқорлық дегенді малданып, қандастарының да біртіндеп тұрмыстары оңала бастағанын шүкіршілік етті.

Сондай сырты бүтін, іші тұтін күй кешкендердің бірі Бәйкен Әшімов еді. Көкшетау обкомының екінші хатшысы, Қарағанды облысының төрағасы болып қызмет атқарған жылдары білгір маман, алғыр басшы, ақылға жүйрік азamat болып танылса да, еңбегінің экономика саласындағы өтемінен айта қаларлық қанағат алса да, туған халқы мен руханияты саласындағы өтемінен ондай нәтижеге жетуге колы байлаңып, аяғы тұсалып, дымы құрыды. Сол кездегі тың майданының бас қолбасшыларының бірі Тихон Соколов Арықбалыққа келген бір сапарында шетсіз-шексіз егінжайлардың ара-арасында шөкім-шөкім болып, өз көніне өзі құңсіп қалған қазак ауылдарының көрер көзге жылдан-жылға сұрықсызданып бара жатқан мәдени-әлеуметтік хал-жайын сұрас-тырудың орнына, дастархан үстінде: “Ашимов, ты чего так мало пьешь?” – деп дікендеумен болды. Бірақ, аспаннан доп жауып, ойпаң-тойпаңы шықкан оқыр-шоқыр окпандардың жиектерінде де қызгалдак гүлдейді гой!

Сондай-ақ тың игеру кезені – тек бұрынғы одактас республика экономикасының ғана емес, қазақ ұлттық санасының да “түніле жүріп, отықкан” жылдары еді. Оны бір ғана ғылыми-мәдени зиялды қауыммен шектеп қою жеткіліксіз. Бұл үдеріс ол жылдары ауылды да, қаланды да, үлкенді де, кішіні де тегіс қамтыды. Оған сол жылдары әдеби кітаптарымыз бен журналдарымыз жүз мындаған дана болып та-

ралғанын айтсақ та жеткілікті. Таралымды соншалықты ұлғайтқан етіктерінің қонышына жорнал, шекпендерінің қойынына кітап тығып қой бақсан малшыларымыз екені тағы белгілі. Қойшыларымыздың бәрі-бәрі әлгіндей көзі ашық озғын болғанда, ойшылдарымыз көздерін шел басқан ақиқөз азғын болды деу ақылға сый қоймас еді.

Солай екендігіне сенімді айғақ бола алатын азаматтарымыздың бірі де осы Бәйкен аға. Ол Қарағанды облыстық кенесінің аткомын басқара жүре, көмірлі Қарағанды, кенді Жезқазған, мыс балқытқан Балқаш аймағының өндірісі да-мып, шаруасы шалқуына ғана емес, тұрмысы көркейіп, өнері өрістеге де баса мән берді. Ол Ұлытаудың жыры, Жезқазғанның сыры, Жаңарқаның өні, Қарқаралы мен Дағбаның күйі бұрынғыдай тұншығып шықпай, саңқылдан, сампылдан естілген жылдары болды. Қарағанды Қазақстанның шын мәніндегі екінші астанасына, аса ірі техника, ғылым, білім, мәдениет орталығына айналғанда бастады. Тұрғын үй, оку орындары, мәдениет, сауда аймақтары көбейді. Облыс қалалары мен ауылдарының сәулетіне жаңа шырай ене бастады. Бұл қазыналы өлкенің басшыларының бірі болып Б.Әшімовтей халқына жаңы ашитын үлтжанды азаматтың келгендігіне байланысты екендігін әркім-ақ сезді. Оның туған мәдениеттіміздің жәй-күйін тонның ішкі бауындағы көріп, іші бұрып тұратынына К. Сәтбаев, С. Мұқанов, Ф. Мұсірепов, Ф. Мұстафин, К. Жұмалиев, Г. Сейфуллина, Ж. Елебеков, И. Шухов, Н. Жантөрин, Ж.Бектұровтардың дуалы ауыздарымен күәлік айтылды. Жаладан жапа шегіп, озбырлықтан опат болған Сәкен Сейфуллиннің акталуын туған жерінде алғаш рет ұлан-асыр той қылып, арнайы атап өткіздірген де сол еді. “Қарына тартпағанның қары сынсын” деген ежелгі мақалдың бұрынғыдай ағайынгершілік аядан асып, жалпы үлтшылдық қағидаға айналғанын алғаш сезінген санаулы қазақ саясатшыларының санатынан табыла білді. Қарағандыдағы Бәйкенге үқсан, Алматыдан келген ұлт ардақтыларына астындағы көлігін түсіп беруді қанағат тұтпай, төл басылымдардың жазылымын, өнер адамдарының, ұлт мектептерінің мұн-мұқтажын үзбей қамдастыру басқа аймақтағы басшы қызметкерлердің де үрдісіне айналайын деді.

“Жігітті жұрт мактаған қызы жақтаған” дегендей, еңбек-корлыққа елжандылығы жарасқан басшыға жоғарғы жақтың

да көзі түсे бастады. Ол 1967 жылы Талдықорған облысына бірінші басшы болып тағайындалды. Оның алдында 1944 жылы құрылып, 1959 жылы таралған облыстық қайтадан қалпына келтіріп, орта жолда оқыс үзіліп қалған даму жолын одан әрі жемісті жалғастыру міндеті тұрды. Бұл сол кездегі кеңес-қытай қатынастарының әбден шиеленіскең жағдайында бұрынғы КСРО үшін үлкен стратегиялық басымдыққа ие шаруа еді. Ұйымдастырушылық пен басқару шеберлігінің арқасында Алматы облысының шалғай аудандары дәрежесінде кенжелеп қалған шеткөрі өнірдің экономикасы мен мәдениеті алдынғы шептегі корғаныстық сипаты бар шешуші шепке лайық ерістеу тапты. Одақтық дәрежедегі аса жауапты мақсатты ойдағыдай жүзеге асырған Бәйкен Әшімов республикалық та, одақтық та басшылықтың назарын аударды.

Бұл – жеке адамға табынушылықпен құресті тағы да қолдағы билікті бір жақты қызықтап, ойына не келсе, соған оңай бұлтарған Хрущевтің құйқылжыма жаңалықтарының кезені еді. Мұндай тұста үлкен геосаяси маңызға ие ұйымдастырушылық, шаруашылық міндеттерді діттеген жерге жеткізу кім-кімге де оңай тимейтін еді. Оның үстіне бірінен соң бірі жоғарыдан жіберілген қонақ басшылардың аз жылдың ішінде көп шаруа бітіріп көзге тұсуді ойлаған көзжұмбайлыштарының шыргалаңына түсіп, шырқы бұзыла бастаған Қазақстанның экономикалық жағдайында да, саяси жағдайында да санаулы жылдарда еңсерткізе қоймластай елеулі келенсіздіктер кордаланып қалып еді.

Ең бастысы, республика ғасырлар бойы тарихи қалыптасқан өзіндік сипатынан түгелдей айырылып, түбегейлі өзгеленіп кете жаздал еді. Байырғы халық өз жерінде өгейлік көріп, Қазақстан жәй әншейін географиялық атауға айналып үлгеріп еді. Тың игеруге іле-шала жалғасқан екпінді құрылыстар қойдай қоздады. Демографиялық арасалмақ түпкілікті халықтың пайдасына шықлады. Қандастарымыздың салыны қырық пайыздан да төмендеп, құлдырап кетті. Соған орай ауыл мен қала түгілі ауыл мен село арасында ат шаптырым айырмашылық туды. Бір кездегі Столыпиннің көшпендейлерді бақташылық пен шөлге, көшкіншілерді шалғын мен көлге бейімдейтін көзапара алалаушылық саясаты қайта асқындағы. Жастарды орта мектепті бітірген бойда жоғары

білім алу мен өндіріске араласудан жерітіп, ақ таяқ ұстаған ата кәсіппен шұғылданғанын дәріптеу – қазақстандық отаншылдық тәрбиенің басты мазмұнына айналды. Қазақ мектептері Оралдан Өскеменге дейін созылып жатқан теріскей бойлықта түгелге жуық жабылды. Онтүстігіздегі ұланғайыр алапта сәулетті қалалардың да, дәuletті селолардың да қатарына жолай алмай, баяғы колхоздастыру кезеңіндегі қолапайсыз қалпынан алысқа ұзап кете қоймаған олпы-солпы қыстақтардағы кесек дуалды кетік тамдарға қамалды. Республикадағы оқу-ағартудың басшылары қазақша окуды артта қалушылық санап, ондай мектептері бар аудандарды мәдени-экономикалық жағынан “кенжелеп қалған”, “артта қалған”, “азып-тозған”, “регрессивті” кеңістіктер ретінде сипаттады. Байырғы тұрғындар мекендейтін өнірлердің бүйтіп экономикалық жағынан да, өлеуметтік жағынан да манымай қалуы ағымдағы саясаттың ақаулығы саналмай, әу бастан құдай солай жаратқан табиғи заңдылық ретінде қарастырылды. Сондықтан оларды дамыту, жетілдіру емес, тек мүлдем құрып кеппеуіне септігі тиетіндей азды-кем көмек беру мәселесі ғана сөз етілді. Ол да тек қолы ұзын жоғары дәрежелі мансаптар ел қамына елгезек басшыларға тигенде ғана мүмкін болды. Мәселен, кеңестік кезеңінде 15 жылында әлгіндей 40 ауданның тізімі жасалып, онда атқарылар іс те айқындалып, орындалуы бақыланып отырды. Оларды тиісті мамандармен қамтамасыз ету үшін жылына 3 мыңға жуық жастары оқуға емтихансыз қабылданды. Соның өзі “қазақ ұлтшылдығы” туралы өсек-аянды қаулатқаны белгілі. Большевиктердің бір кездегі онды-солды желеулеткен ұлт саясаты өз ұлтын алға ұмтылдыруға емес, өз ұлтын ұмыттыруға бағыттады. Сондықтан басқаларды қойып, қазақ қызметкерлерінің өздері ұлттық даму сөз болғанда, республиканың қанша астық, ет, сүт, жұн өндіретінін, Менделеев кестесіндегі элементтердің табиғи қорының қайсысы Қазақстанда қанша пайыз көлемінде табылып отырғанын, аралас мектептер мен аралас некелердің қаншаға жеткенін санамалап бақты. Қазақстандықтар осылай “жетістіктерін” айтып желпінген сайын қазақтардың ұлттық санасы одан әрмен құлдырап, одан әрмен алжаса, одан әрмен есенгірей түсті.

Хрущев данғойлығымен күрескендер бастапқы кезде “бірінші тыңгердің” ашықтан-ашық жүргізген жаппай орыстандыру саясатын одан әрмен аныйландырмауға тырысты. Әсіресе, дүкендергі колбасаға дейін “халықтар достығын” нығайтудың қаруына айналған Қазақстанды басқарудағы жергілікті кадрларға деген орынсыз сенімсіздікті бүркеме-леуге ыңғай танытты. Кейін су аяғы құрдымданып кеткен бұл бағыт әсерін жоймай тұрған кезде, 1970 жылы наурызың басында, Бәйкен Әшімов Қазақ Конестік Социалистік Республикасы Министрлер Конесінің төрағасы болып тағайындалды. Ол тұста одактас республиканың орталық комитетін де, үкіметін де, жоғарғы кенес төралқасын да қазак азаматтары басқарды. Сейтіп, ежелдегі Ахемендер империясындағы жергілікті адамдардың ешбіріне сенбей, тек орталықтан жіберілетін сатраптар арқылы басқарылатын үрдіс үзілгендей болды. Алайда, оның есесіне “сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын” әбжіл әдіс әбден жетілдірілді. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев басқаратын Орталық Комитеттегі бірінші хатшының өзінен басқа бес хатшының тек біреуі ғана қазақ, қалғаны орыс, Бәйкен Әшімов басқарған үкіметтегі жеті орынбасарының екеуі қазақ, бесеуі орыс еді. Оның үстіне, орталық жіберген екінші хатшыға Кремль бірінші хатшыдан артық сенім көрсетпесе, кем сенім көрсетпеді. Бір кездегі француз сарайындағы корольдің өзін уысында ұстаған Ришелльедей орталық жұмсаған “сүр кардиналдар” билік тізгінін өз қолдарынан шығармауға тырысты. Қысқасы, бүкіл одактың бар тізгінін бытыратпай бір шенгелде мығым ұстаған Кремль жергілікті жерлерге ұсыныс жасауға, болмаса, шешім қабылдауға ерік бере қоймады. Алайда “қарыстан сүйем жақын” деген ғой. Қазақстандағы жоғарылауазым иелерінің өз азаматтарымыз болуы бәрібір өз нәтижесін көрсетпей қалмады. Дінмұхамед Қонаев пен Бәйкен Әшімұлы басқарған сол жылдары жаңадан 3 облыс, 40 аудан, 4 қала, 31 кент, 490 ауылдық кенес құрылыпты, 300-ге жуық ірі кәсіпорындар іске қосылыпты. Еліміздің экономикасы алға басты. Жалпы ұлттық өсім (1943 жылғы салыстырмалы бағаммен есептегендеге) 2 есеге жуық, оның ішінде өнеркәсіп өнімі 2,1 есе, ауыл шаруашылығы – 1,4 есе, құрылыс – 1,8 есе артты.

Мұның бәрі, әрине, Қазақстанның бір өзіне жұмсалған жоқ, сол кездегі одактық экономиканың мұддесіне қызмет етті. Алайда, бал ұстаған бармағын жаласа да, аш қалмайды деген бар ғой. Жан басына шаққанда әр республикаға бөлінетін қаржы мөлшері: сол жылдары Өзбекстанға – 334, Грузияға – 382, Белоруссияға – 436 сомнан тиғенде, Қазақстанға – 536, Ресейге – 598 сомнан айналған кездері болған. Қазақстанда түрғын үй, мектеп, бала бақша, аурухана, мәдениет орындарының ең көп салынған тұсы да сол жылдары екен. Тек Алматының өзінде КазГУ, академия қалашығы, ұлттық кітапхана, мемлекеттік мұражай, филармония, цирк, Орталық концерт залы, киностудия, неке үйі, оқушылар сарайы, теміржол және әуе вокзалы, зәулім “Қазақстан” мейманханасы мен Республика сарайы, мұз айдыны салынды. Фылыми-шығармашылық зиялды қауым өкілдерінің үлкен тобы одактық, халықаралық сыйлықтарға ие болып, кеңінен танымалдана түсті.

Бұл, әрине, қой үстінде бозторғай жұмыртқалап, аспаннан шұға жауғандықтан емес еді. Ата-бабамыздан қалған аумақымыздың шексіз байлықтары мен адамдарымыздың қажырлы енбегінің арқасы еді. Солардың арасында бесіктен белі шықпай жатып, білім ізделеп, кәсіп қуған Бәйкен Әшімов те бар еді. Қан майданнан оралғаннан кейін 41 жыл бойына табан серіппестен еңбек етті. Шаруашылықты үйлестіріп, ел басқару биік мансап қана емес, ауыр еңбек еді. Бәйкен аға соның 15 жылын өзі туып өскен Көкшетау, 7 жылын Қаранды, 3 жылын Талдықорған облыстарына арналты. Кейінгі 16 жылын республиканың жоғары билік орындарындағы қызметке жұмсады. Мұндай келелі еңбекті әлгіндегі кезең-кезенге бөлгенде, әрқайсының алатын орны ерекше. Бірақ, бәрі қосылып, туған ел мен жердің гүлденіп өсуіне аянбай жұмсалған қын да қызықты, абырайлы ғұмырды құрайды. Оның ішінде 1970 жылғы 31 наурыздан 1984 жылдың 31 наурызына дейінгі аттай 14 жылдың орны атымен бөлек. Оған дейін он үш үкімет басшысы болыпты. Он төртінші премьер ең ұзак істеген премьер болды.

Мұндай саяси өміршендіктің сыры неде? Бұл сұрапқа бір жақты жауап беруге болмайды. Аталмыш қайраткерлердің қай-қайсысы да тұсында іскерлігімен, табандылығымен көзге түсken. Соған қарамастан, саяси өмірбаяндарын сәтсіз

аяқтаған. Ораз Исаев таптық шайқастар тұсында Сталинге ұнамай, “халық жауы” атанса, Ұлы Отан соғысы мен ауыр бесжылдықтар тұсында алғырылығымен, орнықтылығымен танылған Нұртас Ондасынов тың игеру мен республикалар арасындағы жер бөлісу тұсындағы ұлтжандылығы үшін, ұшып-қонған үйитқыма Н. С. Хрущевтің жел жағынан шығып қалды. Оның мұндай бірде мүйіз, бірде киіз кірпияз-дығынан Дінмұхамед Қонаев та аз зардал тартқан жоқ. Мәсімхан Бейсебаев ауыл шаруашылығындағы аударма-төңкермелер тұсында таяқ жеді. Ел басқару қай кезде де онай емес еді. Әшімовке де онай болған жоқ-ты. Ол кезде сәтсіз реформалардан кейін бәрінен аяқ тартқан саяси тоқырау белен алды. Осыған орай тоқмейілсүшілік асқындал, көзбояушылық көбейді. Ішкі партикуляризм менеді. Билік жолындағы тартыс пен билік етушіге ықпал етуді көздейтін шайқас күшейді. Ашық емес, астыртын өрістеді. Жұрттың бәрі мансапқорлыққа бой алдырып, жылы-жұмсаққа таласып жатқан кезде де жұмыс істейтін адам керек еді.

Бәйкен Әшімов – қызметке берілген, еңбеккор, ыжда-нatty, қай тапсырманы да аяқсыз қалдырмайтын табанды, қай мәселені де жеті рет ойлап, бір рет кесетін сабырлы, арнамысын жоғары ұстайтын, адал да парасатты азамат еді. Көзінді ала беріп, аяғынан шалатын айла-шарғы мен кенсе жағалаған өсек-аяң кеңінен етек жайған Кремльге одақтық экономиканың бар қамытын бір мойнына ілген, жанкешті А. Н. Косягин қандай қажет болса, дәл сол одақтық экономиканың ең шытырман бөлігі саналатын Қазақстан шаруашылығының майлыш-сулығына жете қанық, арқасына қанша жұқ артсан да, арымайтын аршынды қара нар керек екендігі түсінікті еді. Бәйкен Әшімов дәл сондай жампоздың нағыз өзі еді. Оның үстіне, республиканың бірінші басшысы Д. А. Қонаев көптен білетін-ді. Үлттық ауқымда ой толғап, халқына жаны аштын қажырлы азамат екенине көзі жетіп, қызмет бабында өсуіне өзі себепші болған-ды. “Шалқайғанға шалқай, ол құдайдың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, ол әкенінің құлы емес” дейтін үлттық этносымыз қалыптастырыған үлкенге қызмет, кішіге ізет, жақсылығын көргенге жамандық ойламау, арзымызға бола абырой төкпеуге тырысушылық – Бәйкен Әшімовтің кісілік болмысының арқауы еді. Сол мінезінен Бәйкен ага кешегі бір тырнак астынан кіріздеген, күйелі ағашын әркімге бір ала жүгірген алабұлік

жылдарда да еш айныған емес. Ардакты ұстазы, аяулы әріп-тесі жөнінде бір ауыз артық сөз тісінен шыққан емес. Бұл да ел бола білу мен соған лайық ер бола білуді көздейтін адамдар үшін есте тұрар өнеге.

Расында да, ол, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, “қызымет парызын мінсіз атқарудын үлгісі болып табылатын үлкен әрі қажырлы еңбек жолын артта қалдырып, тағылымы мол өнер мектебінен өтті”. Алайда, кеткен заманның қандай өнегелі мектебі мен табысты тәжірибесі де келер заманның атымен соны қатал сынына тайсалмай төтеп беруге аздық етеді. Оған шектен асқан стратегиялық көрегендік пен тактикалық оралымдылық, сарқылмас реформаторлық тапқырлық керек еді. Әсіресе, отаршылдық пен тоталитаризм зардабын тартудай-ак тартқан Қазақстан жағдайында қалыптасқан аса құрделі әлеуметтік факторларды аз жылда түбөгейлі еңсеріп, мемлекеттік дербестікті, саяси тәуелсіздікті, үлттық шарықтауды жедел қамтамасыз етудің ешкімді қайталамайтын өзіндік үлгісін жасау қынның киыны еді. Бұгінгі Қазақстанның соған кол жеткізе алғанын алыс-жақын жарыса мойындауда. Бір кезде аймақтық бәсекенің өзіне құшпен төтеп бере алған Қазақстанның қазір әлемдік бәсекеге тәуекел ете аларлық үйымдастырушылық талант пен жасампаздық құш-жігерге ие екенін әркім-ак қөріп-бліп отыр. Бірақ, мұндай тарихи үдерісті уақтылы үғып, әділ мойындау үшін де терен парасат пен биік адамгершілік керек еді. Бәйкен аға – дәл сондай сара ақыл, сарапшы көзқарастың иесі.

Асыл азамат қызметтеген кеткен сон да дегдарлық қасиетін жоғалтқан емес. Қоғамдағы оң өзгерістер, тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болуымыз өзіне дейінгі әріптерестері киген кепті кигізген жок. Ел үшін еткен ұзак жылғы жемісті енбегін бір сөтте ұмытып, көзтүрткіге айналдыратын кесапат киліккен емес. Оған ең алдымен әлеуметтік әділетті ту еткен жаңа дәуір себепші болды. Б.Әшімовтің тарихи енбегі – қандай қиянатқа да қимайтын тым құнды, тіптен ересен енбек еді. Ол үлес қосқан өзгерістер тәуелсіз мемлекетіміздің де тез тыңайып, тез ержетуіне шешуші ықпал етті. Ол кезде қалыптасқан аса ірі экономикалық, әлеуметтік, рухани әлеует бұгінгі кемелденуімізге де сенімді старт бола білді. Басқа республикалардың экономикасына екі аяқ, екі қолынан бір-

дей байланған кіріптарлықты көп кешендіктен одақтық байланыстар құрт құйреген кезде оңбай омақасқан қазақстандық экономикамыз жан-жақты, базистік іргетастары берік болғандықтан қанша зымырап құлдиласа да, кайта қанат қағып, кекке самғап шыға келетін ертегінін самұрығында жанаша шарықтап, алыс-жақынды бірдей танғалдырып отырғаны белгілі. Оған Қазақстан қоғамының өткендеңі тәжірибелі мүқият елеп-екшеп, оңдысын орнымен пайдалана білген іскерлік pragmatizmі ойдағыдай қөмектесті. Қазақстан тәжірибесі үрпактар сабактастығы қоғамды түбөгейлі өзгертертін ауыспалы кезенде өлшеусіз зор пайда тигізетіндігін жете дәлелдеді.

Бұл – жана үрпактың алғырылығымен қоса, қалыптастан аға үрпактың тарихи жауапкершілігі мен әлеуметтік көрініндегі тікелей байланысты еді. Қазақстандағы әлеуметтік орнықтылыққа үлтаралық келісіммен қоса, үрпакаралық жарасым да өлшеусіз үлес қосып отыр. Бұған, әсіресе, тарихтың талай тар өткелінен өтіп, талай қындықты бастан кешкен тарлан үрпактың ықпалы айрықша еді. Олар қай сын кезенде де әлеуметтік шырқын бұзбай, сабырлылыққа, ынтымақ пен бірлікке шақырып отырды. Қазақстанның қазіргідей дәүлетті де берекелі ел болуына аянбай еңбек сінірген Бәйкен Әшімұлының бұл жоралы жолда да алатын орны үлкен, қоскан үлесі көп. Ол өзі өскен ортаға, өткен өмір жолына, біте қайнасқан қоғамына, бірге жүрген әріптестеріне мың ойлап, мың толғанған асқан сабырлылықпен, азаматтық сергектікпен көз салады. Өткенге кесек атпайды, бүгінге топырақ шашпайды, ертең жайында сарыуайым са-пирмайды. Жаманына қиналышпен, жақсысына қуанады. Ал-қымнан алған тоталитарлық әумесерлік тұсында да қамын қамдап, мұнын мұндаған туған халқының тәуелсіздік алғанына жаны қалмай қуанды. Ол тап болған қындықтарға қабырғасы қайысты. Ауыспалы кезенінің халық басына тап қылған тауқыметтеріне апшудай-ақ апшиды. Бірак, күдерін үзіп, кертартпалыққа бой алдырған жоқ. Жақсының жолын, жастықтың тілеуін кеспейтін атам қазақ салтымен, енді түлеп жатқан тәуелсіз мемлекет пен азат қоғамның бүгінінен пәле іздел, ертеңіне күмән арту жасы үлкен кісіге жараспайтын іс деп түсінді. Әлеуметтік ахуалдың ауыспалы кезенде кездеспей қалмайтын ағаттықтарынан арылып, түбөгейлі сауығуының жолы мемлекеттікі нығайтып, тәуелсіздікті ор-

нықтыру, билік пен қоғамның арасын жымдастыру, ол үшін жұртшылықтың конституциялық негіздегі талапшылдығы мен биліктің конституциялық талаптарға сай халық алдындағы жауапкершілігін бірдей биіктете беру деп ұқты. Осыған орай пікір түйіп, сөз айтты. Осыған орай ұстаным құрып, ұсыныстар жасады. Соның арқасында оның билікке де, қауымға да бірдей сөзі өтті. Президенттен бастап барша отандастарына бірдей беделді. Мұндай азаматтық ахуал Абырой деп аталады.

Оның өткен өмір жолы ғана емес, бүгінгі иеленіп отырған әлеуметтік мереі де кісі қызығарлықтай. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткери. Тәуелсіз елдің тағдырын орнықтырып, бағын асыратын ардақты қызметтің бірі – мемлекеттік құрылыш пен кешенді экономиканы кемел басқарудың көзі тірі өнегесі, қадірі аскан ардагері. Тарих жадынан шықпас тарланы. Оның омырауынан аспан төріндегі Темір-қазықтай Алтын Жұлдызы жарқырайды. Ол кешегі ерен енбегіне берілген Ерлік жұлдызы. Бүгінгі өнегесіне берілген Абырой жұлдызы. Кеше – ол Қазақстан үкіметінің төрағасы. Бүгін – ол Тәуелсіз Қазақстанның ел ағасы. Оның көкірегіне ел махаббатының жұлдызы қонақтаған. Ондай Жұлдыз ешқашан алласармайды. Дәйім биіктен жарқырайды.

Көрер жарығыңыз бергей, аблазал Аға!

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ.

ЕЛІМЕН ЕТЕНЕ ЕЛБАСЫ

Ел аман болсын,
Ел бағына тұған
Ер аман болсын!

Бәйкен ӘШІМОВ

Бәйкен ағаның: “Сауытбек қарағым, Алматыда бір болғанында хабарласып, үйге келсенші. Кең отырып кенесейік. Ел мен жер хақында ой тербетейік. Мына мерейтойы жақынданап қалған Астана жайында, сондай ғажайыпты Арқа

төсіне орнатушы Нұрсұлтан Әбішұлы жайында әңгіме айтып берейін”, деген сөзі құлакқа тигесін-ақ аңсарымыз Алатау баурайына ауған. Тіпті таяуда ғана құтты орнына қайта қонған министріміз Мұхтар Құл-Мұхаммед Акордадағы бір жиыннан кейін жақында редакцияға кіріп шықпақ ниеті барын айтқанда және бізге келмек құні ардақты ағамызбен уағдаласқан кезге дәл түскенін білгенде ағымыздан жарылып, “Мен Бәйкен ақсақалға айтып қойып едім, айтып ет-песеніз, барып қайтайын”, дегенбіз. Мұхаң да өзге жұрт министрді шақыртып келтіре алмай жүргенде мұнысы несі деген жок, “Дұрыс екен, Бәйкен ағаның жөні бөлек, келіскең күннен қалмағаныңız жөн”, деп казакы қалыппен көне кетті. Сөйтіп, көп ұзамай ардақты ағаға сәлем беріп, халқымыздың абыз ақсақалымен сұхбаттасудың реті де келе кетті. Осы арада еліміздегі үлкен шаңырақтың өнегесіне жана-судың, ағамен аттай алпыс екі жыл отасқан абзал ана Бақыт Әсетқызының ізгілікті мейір-шуағына бөленудің қандай ғанибет екендігін де айтпай тұра алмаймыз.

Көңілімізге ұялаған екі жағдай бар еді. Қазақстан Үкіметін үздіксіз тұра он төрт жыл басқарып, республика Жоғарғы Кеңесінің Төрағалығына сайланған Бәйкен Әшімовті 1984 жылдың 31 наурызында сол құтты қызметте еліміздің болашақ тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев алмастырып, Үкімет билігінің эстафетасын жалғастырды. Одан соңғы тарих көз алдымызда. Ал 2005 жылғы желтоқсандағы президент сайлауында тарих пен халық таңдауы тағы да Нұрсұлтан Назарбаевқа түскен кезде Акордада құллі ел арда-герлерінің, ордалы жұрттымыздың атынан Елбасымызға батаны басқа емес, нақ Бәйкен Әшімұлы беріп, әлемдік аламан додада сәт сапар тілеген болатын. Міне, осы сәтті сабактастықты да біз жақсы ырымға балап, одан тәнірдің өзі орайластырған оң нышанды көргендейміз. Тоқсан жасқа толған торқалы тойында Әбіш Кекілбаев біздің газет бетінде өнегелі өмірін келістіре бейнелеп баяндаған асыл аға – Бәйкен Әшімұлымен сұхбатымыз да осындай ынғайдан басталып кетіп еді.

Енді сол сұхбатқа назар салыныз, қадірменді оқырман.

– *Құрметті Бәйкен аға, сіздің үлкен шаңыраққа келуді өз басымыз үшін ерекше күн деп есептейміз. Оның үстінен*

еліміз, халқымыз ұлыстың ұлы күнінің алдында, қат-қабат қуаныштың қарсаңында отыр. Құдай қаласа, сонау бір осы қалай болар екен дерлік қызын күндерде Елбасының батыл шешімімен Арқа төсіне көшіп келіп орынқұан Астана байтагымыз 10 жылдығын тойлагалы жатыр. Бәрімізге ортақ мерей, салтанат қой бұл. Бүгінде бір кездегі күмән-құдіктегі артта қалган. Осында Сіз не айтасыз?

— Иә, бәрі рас, бәрі дұрыс. Осы ретте, айтайын дегенім, ең бірінші тәубе деріміз де, тәу етеріміз де — Тәуелсіздігіміз. Баз біреулер ойлайтындаи, оған қол жеткізу де оңай болған жоқ, бодан елге бостандық топ етіп көктен түсе де қалған жоқ. Тәуелсіздігіміздің бұганасын бекітіп, дербес мемлекеттілігіміздің қаз бастырып қалыптастыру жолында ер етікпен су кешерліктең талай қындықтар болды, небір аларап сындар ұшырасты. “Бұл өзі қалай болар екен?” деген алмагайып замандар өтті. Сондай қызын уақытта Елбасымыз елінің ерік-жігерін жасасыттай, алға бастай білді, біліктілік көрсетіп, табандылық танытты, әрдайым тығызырықтан шыгар тұра жолды дұрыс тауып отырды, көп үлтты, көп тілді, көп дінді елде бірлік пен татулықты сақтай білді. Нұрсұлтанды халқымыз да қолдады, өз тағдыр-талайын ел алгаусыз сенген Ерінің қолына берді. Эне, сол тауқымет қындықтардан аман-есен шықтық емес пе. Енді, мінеки, экономикамыз көтерілді, халықтың тұрмысы, әлеуметтік жағдайы жақсарып келеді, еліміз оқшауланып қалмай, бірте-бірте дүниежүзілік қогамдастыққа кірігіп, оркениетті даму жолына түсті. Соның бір айғағындаи, халықаралық беделіміз де биіктеп, 2010 жылы ЕКЫІУ-га торағалық еткелі отырмыз. Эне, бар-жоғы 10 жылдың ішінде жаңадан салынып жатқан Астанамыз қандай болды. Бұл табыстар да аспаннан түскен жоқ. Елдің еңбегі, елді бастаған Елбасының еңбегі. Айналайын Нұрсұлтаным азамат қой, елді қалай басқаруды біледі. Басқару қабілеті кемел, қай жағдай, қай салада да әбден іі қанып төсөлген. Президенттіміздің тынбай айтып журген мәселесі — Тәуелсіздік жетістіктерін көздің қараашығындаи қорғап, сақтап, молайта беру. Ұлттымыздың да ұлы мұраты осы болса керек.

— Нәк осы үлт мұраттары жолында үйису жөнінде Нұрсұлтан Әбішұлы қазақ тілді газеттерге берген сұхбатында кең толғап айтты еді.

— Сөгән келе жатырмын. Ол сұхбатты да оқыдым, “Егемен Қазақстанды” мен үзбей оқып тұрамын. Сондай салиқалы, салмақты, салауатты газет шыгарып жатқан сендердің де өркендерің өссін. Әр нәрсениң желлідетпейтін, жөнін айтатын ұстамдылықтарың жақсы. Осыларыңнан тайманадар. Иә, сол сұхбатта Елбасы Тәуелсіздігімізді қорғау, елдігіміздің еңсесін биіктему орайында көптеген сарабдал ойлар айттыпты. Соларды енді билік басындағы азаматтар, әкімдер басшылықта алуы керек қой. Елбасымыз елдің шикізатқа қарап қалмауга тиістігін қадап көрсетіп отыр. Бұл қатты ойланатын жай. Нұрсұлтан Әбішұлы мұнай масылдығына ұрынып қалған кейбір елдердің қателігін қайталауда жөнінде ескертті. Жер деген мәңгілік нәрсе. Ол тек қазіргі үрпақтың гана ырзығы емес деп отыр. Оның қызығын балаларымыздың балаларының балалары көре беруі керек. Біз қазба байлықтарды солар үшін де сақтауымыз керек. Нұрсұлтан Әбішұлының кейінгі жылдарда қолга алған ірі істерінің арасынан мен оның экономиканы әртараптандыру бағытындағы жүргізіп жатқан жұмысын ерекше айттар едім. Біз мұнайы да, газы да жоқ ел сияқты өмір сүруді үйренуіміз керек дегенді айтады Нұрсұлтан. Мұнайдың да көмір сияқты, темір сияқты бір кезде таусылағынын, қазба байлықтардың орнына келмейтінін айтады Нұрсұлтан. Мұны әр азамат есте ұстауды керек. Елбасымыз гылымга, білімге, жаңа технологияларга шақырып отыр халықты.

— Президент экономикалық жағынан кіріптар болмайтын ел гана іс жүзінде тәуелсіз мемлекет саналады, дейді.

— Дұрыс қой. Қазақстан сондай ел, бірақ босаңсымауга тиіспіз. Қазақстан – қазыналы ел. Ал қазына жүрген жерде қатер де қоса жүретінін ұмытпау керек деп ескертеді. Алдымызда азық-түлікке байланысты қыншылықтар болуга тиістігін айттып сақтандырады. Мал шаруашылығындағы жайларақаттықта қынжылыс білдіреді. Біздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің бөсекеге қабілеттілігі сынга туستеп көздер келе жатқанын айтады.

Меніңше, Елбасы айтқан сөздердің астарына жіті үçi-ліп, зерделеу қажет. Президенттің аузынан шыққан бір сөз де жерде қалмауы керек. Бұл да елдікке, елдік мәдениетіне

сын. Мысалға жаңагы азық-түлік қауіпсіздігін алайықшы. Бұл – үлкен мәселе. Біле білсек, азық-түлік қауіпсіздігі тәуелсіздігіміздің тұғыр-тиянағы болып табылады. Елбасы соны меңзеп айтып отыр. Жалғыз бұл жерде емес, талай жерде айтты. Ескертті. Тапсырма берді. Алға міндем қойды. Енді Үкімет, министрліктер соган орай бағдарлама жасап, шара қолдануы керек. Халықты кім асырайды? Әрине, ауыл. Өйткені, жаңагы мал шаруашылығың да, егіншілігің де, Нұрсұлтан айтқандай, астықты Америка фермерінен алты есе аз өндіріп отырган фермерің де, шаруа қожалықтарың да ауылда. Ал, ауылдан жастар жасагы тік қопарыла кетіп қалып, үйден шыға алмайтын шал-кемпірлер отырып қалса, ондагы еңбекті кім жасайды, халықты кім асырайды? Ендеши, сол еңбек қолы боларлық жастарды тұрақтандыру үшін, тозыңқырап кеткен түрмисын қайта ғулдендіру үшін ауылды қолга алған жөн, көтерген абзал. Президенттің ана кезде Ауыл жылдарын текке жариялаган жоқ-ты. Сол мүмкіншілікті де ұтымды пайдаланбай, уақытты өткізіп алдық емес не. Енді жаттай-түрмай елдегі шаруа қожалықтарын біріктіріп тірлік жасамаса, азық-түлік жағдайымыз онша болмайды. Қазақстанның шеттен ет, сүт, басқа да азық-түлік өнімдерін алдыртуы, жұмсартып айтқанда, ыңғайсыз шаруа.

— *Расында да, өсіресе ауыл шаруашылығы саласында біз елді асыраушы гана емес, кәдімгі сырт елдерге сататындаи ірі экспортшы бола аламыз. Өткен жылы Елбасы сапарын көрсетуге Бразилияга бардық. Сонда мұхиттың аргы жасының да аргы жасындағы сол елден ет сатып алу туралы келісімге қол қойылғанын көргенде таң қалғаным бар еді... Байыбына барып қарасам, ресторандарға керекті ерекше ет түрлері жөнінде еken әңгіме. Сонда да, ондай етті малды да өзімізде өсіруге болады гой?*

— Қазақстан ешuaқытта мал өнімін сырттан сатып алған емес. Ет жөнінде де солай болатын. Бір қынжыларлық нәрсе, біздікілер өзімізде тек сүттей гана сататын көрінеді. Қаймақ – Мәскеуден, ірімшік – Бішкектен, пәшкі-пәшкі майыңыз тағы басқа жерлерден келеді. Жүгері еккізді деп Хрущевті күлкі қылдық. Малазығындық сурлемге сол жүгері де керек қой. Бидайық, жоңышқа, қашшама пәленбай миллион гектарга екпе шөптер егілуші еді. Әрине, осындаи

негіз болмагасын азық-түлік әлеуеті әлсірей береді. Елді асырайық десек Елбасы тапсырмасын орындаған, барлық жағдайлары ескерілген бағдарлама жасалуы керек.

Елдегі сауданы нашар деуге болмайды. Бірақ тіс шұқуыш пен түймeden бастап сатылып жатқан бүйімдардың бәрі шеттен тасылады. Мата да, бәтіңке де, басқасы да. Ал, Елбасы өз тауарыңды шыгарып, сапасын жақсарт деп отыр. Мына заман жанталастың, жағаластың заманы деп отыр. Қайда сол біздің әлемдік базарга түсушілеріміз? Елбасы жар салып шақырганда шықпай ма маңдайлары жарқырап? Қашагайды фарфор зауыты, Костанай, Қаргалыда мауыты-мата комбинаттарымыз, “Жетісу” аяқ күім фабрикамыз, т.с.с. болушы еді. Солар көрінбей кетті. Италияның аяқ күімі, әрине, әдемі де шыгар. Әйткенмен, ол асфальтта, қала ішінде кигенге жақсы. Біздің жұмысшыларымызға, ауыл тұргындарына ол не керек? Осы айтқандарды өзімізде өндіріп, өз тауарымызды өзіміз неге тұтынып пайдаланбасқа? Шама келсе, шетелге шыгарудың жолдарын қарастыrsa да құба-құп.

— Шынында да, жаңағы Сіз айтқан “Жетісүдің” аяқ күімдері өз жұмыскерлерімізге де, тәжік, түркімен, қыргыз агайындарға да жарайтын-ақ нәрсе гой. Киіс те береді, арзанга да түседі. Келіссе, алыс-беріске басқа тауарлар да табылар еді. “Орталық Азия – ортақ базар” идеясын өнірдегі елдер қолдаса, қандай тамаша болар еді деген ой келеді.

— Осы өте дұрыс идея. Нұрсұлтан тереңнен ойлан, тубін болжап, көршилес агайындарды бірігүгө, бір жағадан бас, бір жеңінен қол шыгара қымылдауга, ортақ мұрат-мұддені көздел ойластыруға шақырудай-ақ шақырып, айтудай-ақ айтып жатыр. Әттең, амал не, Абай айтқан “бас-басына би болған” баһадүрлердің дұрыс сөзге шілкепейтіні өкінішті-ақ. Бірлік жоқ. Жасыратын несі бар, кейбір көршилер іштарлық етеді. Ар жағында көре алмауышылықтан да құрагалақан емес. Әйтпесе, немене болты сонша, әнеки, Еуропа бірігіп жатыр гой. Біріккеннен солар кем болды ма? Көзге көрініп тұрган сол жақсы улгіні неге қабылдамаймыз? Тіпті реті де, оңтайы келіп тұр гой. Біріксек, бұрынғымыздан күштірек болмаймыз ба. Сыртқа жалымыз күдірейіп, айбын-беделіміз аспас па. Өз ішімізде алмасатын, жаңағыданай,

кәкір-шүкірден бастайтын өзіміздің ортақ нарық базарымызды жасамаймыз ба. Орталық Азиядагы агайындар “бөлінгенде бөрі жейтінін”, “түгел төртеуге төбедегі келетінін” түсінетін уақыт жеткен сияқты. Өз-өзді сыйласып жатсақ, өзгелер де аяқтарын байқап баспас па.

Есіктен кірмей жатып төрге үмттылатын алшаң басуышлар көбейіп бара жатқан сыңайлы. Сырттан келетін жұмыс күші, заңды-заңсыз мигранттар да байқамаса, қадағаламаса үлттық қауіпсіздігімізге нұқсан екендігін Елбасы шегелеп тұрып айтты. Мұхиттың аргы жағындағы, бергі жағындағы елдер де қазыналы жерімізге көз тігуде. Содан шыгарып айтпағым, өз кадрымызды жеделдете даярлат, мұнай көздерін қолымызга алмасақ болмайды. Ертегі кеш шетел компаниялары иелігіндегі мұнай кәсіпорындарын, өнеркәсіп орындарын өз құзырымызга қаратып, мал иесіне қайтаруымыз керек.

— *Әрі олардың жарғылық капиталы күн санап арта береді де, қайырып алу уақыт откен сайын қындаидай береді гой.*

— Иә, сонысы да бар. Сол өндіріс ошақтарының бәрі пайдамен жұмыс істейді. Және солардың өздері бетімен кетіп барады. Біздің жұмысшыларды жолатпайды, кем құқықпен үстайды. Дер кезінде ауыздықтамаса, бірте-бірте буынга түсіп, бой бермей кетуі кәдік. Енді бойкүйезденіп уақытты өткізе берсек, кейін кері қайтарып алу қиямет болады. Кім болса да қайтарады өз менишігін өзіне, ана араб елдері де сөйтті. Рас, шу дегенде ақша, инвестиция, технология керек болды, осылай етуге мәжбүр болдық. Қазір шүкіршілік, тыңайдық. Қаражатымыз да бар. Сен тұр мен атайын дейтіндей білікті жігіттеріміз өсіп жетілді.

Тағы мынандай жағдайды айтайын. Президент өзде-риңмен сөйлескенде демография мәселесін қозғапты гой. Бұл мәселенің мәселесі дер едім мен. Біз көбеюіміз керек. Біздің осал бір тұсымыз болса, ол осы. Аздығымыз. Демографиялық өсім бізде бар. Халқы азайып бара жатқан, елі қартайып бара жатқан елдердей емеспіз. Бірақ өсу қарқыны онша емес. Бұл қалыппен жылжы беретін болсақ, мына жерді, мұнша кенді өз күшімізben игере алмайтынымызды, амалдың жоғынан сырттан жұмыс күшін шақыратынымызды Елбасымыз ерекше ескертіп отыр. Президент ел

халқының санын 20 миллионга жеткізуді меже етіп отыр. Осыны меже деп қана емес, міндем деп те қарасақ деген тілегім бар. Қазақтың қазақça қазіргі жасайтын басты жақсылығының бірі – өзінің үбірлі-шұбірлі болуы. Әркім өз отбасындағы перзенттің қамын ойласа, онда бүкіл халықтың қамын ойлаганы. Ауылға да біз ең алдымен осы жағынан қарасуымыз керек. Ауыл – қазақтың алтын құрсағы.

– Ал енді тіл мәселесіне қатысты не айтар едіңіз?

– Не айтайын? Президент бұл жағын да жеріне жеткізіп айтыпты гой. Ана жолы Ассамблеяда сөйлеген сөзінде тіпті: “Он алты жылда аюга да тіл үйретуге болар еді”, деп те айтты. Халықта, тілге жсаны ашиған адамның аузынан күйінгендегі шығатын сөз гой. Нұрсұлтан бұл істегі негізгі мәселе ұлттық намыста екенін қадап көрсетті. Біздің ұрпақтан ұрпақта жеткізетін ең басты байлығымыз осы тіліміз болуы керек. Қазіргідей мүмкіндік кезінде біздің түсімізге де кірмейтін. Алматының ортасынан жалғыз қазақша бала бақша ашамыз деп шат-шәлекейіміз шыққан жоқ па? Ал енді қазіргі жағдайда отырып, Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деген сөзді Елбасының өз аузынан естіп отырып, биыл балалары, немерелері мектепке баралын әке-шеше, ата-әже ойлануы керек. Балам, немерем қай тілмен өмір сүреді деп. Балам, немерем қазақтың гажап тілін гасырдан гасырга, ұрпақтан ұрпақта жеткізуғе қандай үлесін қосады деп. Басшы атапулы кадр мәселесінде ана тілін білетін адамга артықшылық беруге тиіс. Қызмет бабында да қос тілді қатар менгерген, тіпті болып жатса ағылышыншаны қоса менгерген адамдарға көзқарас басқаша болуы керек. Тілдің керек екенін нақты көрсететін тетіктерді жасай алсақ, бәрі де орнына келеді.

– Бәйкен ага, енді әңгімеміздің бетін Астанага қарай бұрсақ. Өзіңіздің тілегіңіз де елорданың тоғына қатысты ойларыңызды ортага салу еді гой. Астананың Ақмолага көшірілуі туралы идеяны алғашқыда қалай қабылдаудыңыз? Жаңалық көкейіңізге бірден қонды ма? Алғашқы әсеріңіз, көңіл-күйіңіз қандай болды?

– Сауытбек қарагым, бұл өзі былай гой, Тәуелсіздігіміздің сипаты неден көрінді дегенде, ең ауыз толтырып айтартымыз осы Астана дер едім. Әсіресе, анталаған көз алартушылары көп, тағдыр-талайы қашаннан сын үстінде бол-

ган, алмагайып қауіптен әлі де арыла қоймаган Қазақ елі ушін Түн қай жерге тігу мәселесінің мән-маңызы орасан зор еді. Ендеше, қай тұргыдан алғанда да елдіктің ең айшықты тұрде үлкен көрінген тұсы осы болды.

Жаңалықты естіп-білгесін-ақ, мен Ақмолага көшуді шу дегеннен қолдадым. Елбасы осы мәселеге арналған бір жиын өткізіп, жүрт жиналды. Сонда сойладім. Алдымен болашақ астананың орны дұрыс таңдалғанын айттым. Әсіресе, жағрапиялық орналасуы жағынан. Басқа да қолайлы жақтарын санамалап бергенім есімде. Соның бәрі қазір баспасөзде көп айтылып та, жазылып та жастыр гой. Ол қандай артықшылықтар екенін бүгінде екінің бірі біледі. Иә, аумақтық тұргыдағы басқару орталығы ретінде өте қолайлы да ыңғайлы. Тогыз жолдың торабы. Басқасын былай қойғанда, тағы бір сұлу қала пайдады. Одан біз не жоғалтамыз деп едім. Айтқанымыздай, мінеки, Сарыарқаның төсінде досты сүйіндіріп, дүшпанды күйіндірген, айбынын асырган сән-салтанатты, сәулетті шаһар орнаган жоқ па. Бүгінде көз қуандырған, көніл сүйіндірген гажайып Астананың бас сәулетшісі Нұрсұлтан Назарбаев десек, еш артық-кемі жоқ. Құрылыш салу, қала салу оңай емес. Құрмейі көп, қын іс. Барлық жоспар-жобаларын өз қолынан өткізді. Ақшасын тауып берді. Бар күш-жігерін салды. Енди, міне, Астана мақтанашибымызға айналды, Тәуелсіздігіміздің басты жетістіктерінің бірі ретінде бағалануда. Астана кейінгі үрпаққа мәңгілік ел мұрасы болып қалағын деп тұр.

Жалпы, құрылыш салуга да үйреніп қалған сыңайлымыз. Айтайын дегенім, елімізде, жерімізде құрылыш жүргізуіндің ресурстары орасан мол. Цемент те, кірпіш те бар. Жамбыл облысы тұнып тұрган мәрмәр мен гранит. Маңыстаудың ұлутасы қандай тамаша нәрсе. Үкімет өз өндірісімізді ойлап, соның бәрін пайдалануды жолға қойғаны мақұл. Өзіңде бар нәрсені сырттан тасу обал-ақ. Келешекте негізінен өз құрылышыларымыздың әлеуетіне арқа сүйеген абзal.

Әрине, Астананың проблемалары да жоқ емес. Соның бірі – ауыз су мәселесі. Су тапшылығы бірте-бірте білінуі мүмкін. Нұраның суы жарамайды. Ендігі бір шыгар жол ретінде Ертіс-Қараганды каналының Молодежный, Вишневканы басып өтетін тораптарынан топтама құбырлар тарту жайын байқап көруге болар еди деп ойлаймын. Бат-

пақты жер деген де әңгімелер қылаң беріп қалады, бірақ мына заманғы құрылыш үшін ол проблема емес. Ана Петр Біріншінің нағыз батпақтың көкесінің үстіне салған Санкт-Петербургына қараңызыбы қазір. Неткен гажсан! Әйтпесе, су үстінде тұрган Венецияны алыңыз. Қазір солардан біздің Астана да кем емес. Әйткені, баспен ойлан салған қалага батпақ бөгөт болмаса керек. Қазірдің өзінде бар әлем таңданып, таңырқаган Астана халқымыздың жасампаздығын паши етептін асқақ айбынымыз, елдігіміз бен ерлігіміздің белгісі, Тәуелсіздігіміздің шежірелі нышанды болып отыр. Ал, елорданың келешегі бұдан да гажайып! Мен айтсам, Астана сәулетіне Нұрсұлтан жүргегінің нұрлы шуагы құйылған. Астанага әрбір барған сайын ерке Есілдің жағасындагы жаңа қаланың айдан-айга, күннен-күнге көркейіп көріктенгенін көріп көңілім оседі. Өткен жылды қаладан маган да бір пәтер беріліп еді, барғанда сонда түсемін. Сол жағалаудың сәнді гимараттары, олардың керемет сәулеті шаттыққа болейді. Бүгінде кім болса да он жыл ішінде Президент Назарбаевтың аса батыл шешімімен, алғыр ақылы һәм қоғаның регендерімен әлемнің тағы бір кереметтің дүниеге келгендейгіне қол қояры сөзсіз.

— **Бұл енді қазіргі, бүгінгі көрініс қой, ага. Ал бұдан 40-50 жыл бұрынғы жағдай қандай еді? Елуінші жылдардың аяғы, алпысынышы жылдардың басында Сіздің Тың өлкесінің құрамындагы Қокшетауда қызмет еткеніңізді, обкомның екінші хатшысы болғаныңызды білеміз. Сонда Ақмола-Целиноград Қазақстан тыңының бейресми астанасы деп те жарияланған. Сол кездегі Ақмола қаласының жай-күйін, қоғамдық-саяси ахуалды, откеннің суреттепін көзге бір елестетіп отсаныңыз?**

— Иә, ол кездегі Ақмолада астана аттану амбициясы болған. Бірақ ол басқаша тұргыдан. Хрушевтің зымиян ойы Тың өлкесін тұптің түбінде Ресейге қарату еді гой. 61-ші жылдың ақпанында мен Қарагандыға облисполколом тәрагасы болып келдім. Хрушевтің кеудемсоқтығымен осы Қарагандыны да қосып алу мәселесін Политбюрода қарауга дейін әрекет жасалды емес пе. Оны шаптан тұртпін, қолтығына су бүркіп Қазақстанның солтүстігіндегі облыстарды Ресейге қосу керек деп шаптыгушылардың мұндағы дөкейі Тың өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы, делқұлы-дөкір

Тихон Соколов болатын. Ол Қазақстан басшылығын жүре тыңдал, Алматыны қомсынып, Мәскеуге тікелей багынуга ұмтылды. Кейбір реттерде іс жүзінде солай болып та тұрды. Тамыры әріде жатқан осы сепаратышылдық пигыл бертінде қоламтасын Горбачев көсеген бес облыстың дауына ұласқаны белгілі. Әнеки, астана байтаққа нақ Ақмоланы таңдаган Нұрсұлтанның саяси көрегендігі сол әңгімелерді сап тиып, өлгіндегі даукестердің аузына құм құйған жоқ па. Тек бұл гана емес, Арқа төсінде, елдің терістік өтінде қуатты қалқандай Астананың орнауы ұлы көршілеріміз Ресеймен және Қытаймен шекараларымызды түпкілікті тиянақтап айқында алудымызға да септігін тигізгені анық. Өйткені, алдын-ала болжанғандай, Астана Арқага қазақты арқаландырып алып барды. Айдай әлемге елдің иесі, жердің киесі қазақ екенін тайга таңба басқандай етіп көрсетіп берді. Астананың айбын асыруының арқасында солтүстік-тегі іргеміз бекіп, кеудеміз бұрынғы бишігін тауып, әнеки, Петропавл мен Павлодар атауларын қазақ қалыпқа көширу жөнінде де Елбасымыз нық талап қойып, нығыз нұсқауды үәлі аузымен қадап айтуы қуандырады. Осы орайда өз пікірімді айтсам, Петропавлга Қызылжар аты лайық. Ал енді Павлодарды Кереку деп өзгертер болса, ол өзі орыс көпесінің фамилиясынан шыққан сөз дейді гой. Бір өкініштен екіншісіне ұрынып қалмайық. Азаматтар осы жағын да ескеріп ойлай жатар. Тарихтан да табуга болады, жаңа ат қоюға да болады.

— Айтқандай, Астанага жаңа ат қою деген мәселе де көтеріліп жатыр гой. Бұган қалай қарайсыз?

— Нұрсұлтанның мұндай ұсыныстарды өткізбейтініне сенемін. Оны өзі де айтты. Бұл – болашақтың еншісіндегі шаруа. Бүгінде Елбасымыз марапатқа мұқтаж да емес. Шынын айтқанда, “Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес” деп Пушкин айтқандай, Астананың авторына Арқа төсіндегі елордамыздан артық еңсөлі ескерткіштің болуы да мүмкін емес.

— Дәйексөзге Пушкинді келтіріп жатырысыз. Әңгімеге кіріскенге дейін жеке кітапханаңызды біраз қарап едім, Пушкинге қатысты әдебиеттің көптігіне назар аудардым.

— Мен Ленинградта оқыдым гой. Пушкин өскен Лицейдің, Пушкин жүрген Нева проспектісінің руҳын жсанымызға сіңі-

*ріп, Пушкин жырларын жаттап өстік қой. Пушкинді жа-
нымдай жақсы көремін. Пушкинді оқымайынша, Пушкинді
жаттамайынша адам орыс тілінің сырлы сазын толық се-
зіне алмайды. Жалпы, орыс тілін еркін меңгергеніміз – қа-
зактың қымбат қазынасы. Одан айырылмауымыз керек.
Оган енді ағылшын тілін қосуымыз керек.*

*– Жаңагы мәселеге оралсақ, менің өз ойым мынандай.
Оны жақында бір жерде айттым да. Президенттің ор-
тага салынған ұсыныска қарсылық билдіруі – ұлық болған
сайын кішік бола түсетін кіслігінің келісті көрінісі. Бұл
мәселенің шешімі, жаңа өзіңіз айтқандай, Уақыттың ен-
шісінде. Ал, бірақ, атымен бұлай етуге болмайды деудің де
реті келмейді. Негізінде, мәселенің осылай қойылышында
түрган әбес ештеңе де жоқ. Бар мәселе мәселенің қашан
койылуында. Жүртшылық адам аттарымен аталған қа-
лаларды, соның ішінде ел басқарған тұлғалардың аты
қойылған астаналарды көлденең тартып жатады. Дұры-
сында, адам атымен аталған тұтас мүйістер, бұгаздар,
аралдар да бар. Бар емес-ау, көп. Мысалы, Кеннеди мүйісі.
Мысалы, Магеллан бұгазы. Мысалы, Крузенштерн аралы.
Адам атымен аталған қалалар, астаналар түрмак, тұ-
тас мемлекеттер де бар. Мысалы, Колумбия. Христофор
Колумбтың аты қойылған. Мысалы, Боливия. Симон Бо-
ливардың аты қойылған. Тіпті, адам атымен аталған
тұтас құрлық та бар гой. Мысалы, Америка. Америго Вес-
пуччиодің аты қойылған. Сондықтан, осы мәселе бойынша
келешек келісімді шешім қабылдан жатса бұл біздің елдік
сана бүтіншінде көтерілуіміздің бір белгісі болады.*

*– Осы арада астананы Арқага, оның ішінде Ақмолага
көшірудің де түңгыш бастама көтерген ту ұстар жар-
шысы Нұрсұлтан Әбішұлы болғандығын айтудымыз керек.
Кейде бір “бұрын ана кісі айтқан екен, мына жерде жазы-
лыпты” деген әңгімелер құлаққа шалының қалады. Ал енді,
мен айттар едім, халқымыздың өз қолымен, өз ерік-қалауы-
мен орнатып жатқан баянды, бақты, нагыз өзіне тән төл
астанасын көшірудің, соны нақ Ақмолага ауыстырудың
идеясы толықтай, басы бутін Елбасынікі. Оган ешкімнің
енишілесі, алты аласы, бес бересі жоқ дегім келеді.*

*– Астана деп ой толғап жатырмыз. Өзіңіз айтқандай,
Астананы жарық дүниеге әкелуші де, бас сәулетшісі де*

Нұрсұлтан Әбішұлы екендігі қазір көміл ақиқат. Енді әңгіме Нұрекеңе ойысқан соңғы жерде сұрамай қалуга болмас, өзіңіз Қараганды облысының басшылығында жүрген біраз жыл бедерінде Теміртауда жалындан өсіп келе жатқан жас Назарбаевқа назар аударған кездеріңіз де болған шыгар?

— Иә, Нұрсұлтанды алпысынышы жылдардың басынан, Теміртауда жүрген шағынан білемін. Алғыр, өткір болатын. Ондай болайын деп тұрған өткір де өндір өрен өзіне назар аудартпай қояр ма?! Өзі де бір жсанып тұрған от еді, сонда домна пешінде алаулат жсанған оттың алдында тұрып шынықты гой. Металлургия комбинатында тогыз жыл еңбек етіп, жұмысқа әбден төсөліп шыңдалды. Одан қалалық партия комитетінде екінші хатшы болды. Комбинаттың партком хатшысы болып жүрген кезінде бір съезге келіп, тексеру комиссиясының мүшелігіне сайланғаны да жадымда. Элі күнге дейін есімде, зор үйымдастыруышық таланттымен дараланған ол 1979 жылы, 39 жасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің республика өнеркәсібін қадағалайтын хатшысы болып сайланды. Ал 44 жасында Кеңес Одағындағы ең жас премьер болды. Бес жылдан кейін Нұрсұлтан Назарбаевты Орталық Комитеттің бірінші хатшысы етіп сайлады. Нұрсұлтан Әбішұлының шебер саясаткер және дара тұлғалы мемлекет қайраткері ретінде қалыптасуында осы кезеңдердің маңызы зор.

Тұңғыш Президенттіміздің Тәуелсіз Қазақстанды қалыптап, өркениет өріне алып шыгудагы айшықты қолтаңбасын, өрен еңбегін бір ауыз сөзбен түйіп айтудың қынын. Өзім әрдайым әрбір ісіне “Бәрекелді, Нұрсұлтаным, жарайсың, азаматым!” деп риза болып, сүйсініп, тілегін тілеп отырамын. Әсіресе, еларалық қатынастарда келісуге шебер, кімнің де болсын тілін тауып, өзін мойындатады, дипломатиясы мықты. Тәңірдің көзі түсіп, елдің бағына тұган, халқымыздың маңдайына бұйыртқан Азамат. Құдай тілкөзден сақтап, аман болсын. Азамат аман болса, бәрі болады. Тек бірлік болсын деңіз. Ана жылы бір жігіттеріміз арсын-күрсін албаты сөз шыгарып жүргенде азаматтардың сыйластығы, елдің бірлігі жөнінде мақала жарияладық. Сонда “Жамандама жерінді – кірер көрің. Жамандама елің-

ді – шыгар төрің” деген сөздерді келтіргенбіз. Марқұм Зейнолла Қабдолов үйге қонырау шалып, мынау сөзіңіз дұрыс екен деп ілтипат білдірді. Кейінірек бұл мақаламызды Елбасы да мақұлдаган шырай танытты.

– Ага, дипломатиясы мықты дегеніңізден шыгады. Өзім он жылдай алдымен Орталық Комитетте, одан кейін Президент аппаратында жұмыс істедім гой, осыған байланысты біраз жайдан хабардармын. Бір мысал айтқым келіп отыр. Мәскеуде қос азаматтық туралы мәселе қаралып жатқан кезде біздің Елбасымыз әуелі Ельцинмен қос азаматтық болмасын деп келісіп алған гой. Ертеңіне келіссөз басталады. Сонда айналасындағы Шохин сынды нөкөрлері қос азаматтықты қолдан, өздеріне икемдеп әкетіп барады дейді. Ельцин үнсіз отырады. Сол арада Нұрсұлтан Эбішұлы: “Что-то я не понял, кто в этой стране Президент?” деп саяул тастапты. Осы серіппелі сөз сақ етіп шамына тиген Ельцин үстелді қойып қалып: “Нет, нет, я же сказал своему другу Нурсултану, все, прекратите, не будет никакого двойного гражданства, и на этом конец!” деп, мәселені біздің пайдага шешіп жіберген екен.

– Иә, бұл бір оқиғадан мен де хабардар едім. Саясаттагы сұңғыла ақыл, тісқақжандық дегеніңіз осы. Айла да ақылдан шыгады. Тауып айтылған бір ауыз сөз бүтін бір елдің муддесін орайына келтіріп, мерейін асырып тұр емес не? Ал Нұрсұлтанның мұндағы жұлдызды сәттері мыңдан саналады. Қыын шақтарда президенттік міндеттің қара нарадай тартып, егеменді жас мемлекеттіңізді талаі тауқыметті тұйықтардан тура жол тауып алып шықты. Откен жылдарда нарық экономикасының негіздері қалыптастырылып, тұрақтылықта қол жетті. Қазақстанга миллиардтаган шетел инвестициялары құйылып, әлемдік жаңа технологиялар тартылды. Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақстан – 2030” атаптатын нысаналы бағдарламасында дамуымыздың темірқазық багыттары, нақты жсолдары айқын белгіленіп берілді. Әлемнің ең мықты елу елінің қатарына кіру мұраты, Еуропа төрінде төбе би болу һәм басқалары, шынын айтсақ, ата қазақтың өңі түгіл, түсіне кірмеген нәрселер гой. Ашығын айтатын болсақ, бізде мемлекеттіліктің толық атрибуттарының өзі бұрын ешқашан түген-

делмеген еді гой. Өзіміз он төрт жыл Үкіметті басқардық, сонда Орталықтың, Мәскеудің тырп еткізбейтін тегеу-рінін күн сайын сезініп отыратыныбыз. Қай жерде қала салу түрмак, қай жерде қандай комбинат салуга дейін Мәскеумен келіспесеңіз болмайтын. Соның бәрінде Орталықтың өз мұддесі алға қойылатын. Нұрсұлтан сендерге берген сұх-батында айтыпты гой Екібастұзды көмірі болған соң салды, Теміртауды темірі болған соң салды деп. Дәл солай. Енді, міне, Президенттің шалқар шабытының туындаи желбіреп, халықты қуанышқа болеген жаңа Астана даңқын жаһанга жайып, дәулетті де сәулетті елдің айбыны болып отыр. Осы галамат еңбек, гажайып жемістер Елбасы тул-гасын да көз алдымызда толагай біктерге көтере түсude. Халқымыз да, баршамыз да ол еңбекті көріп, түсініп, баға-лан отырмыз.

— Заман дамуының, алдыңғы толқын агаларды кейінгі буын алмастыруының заңдылығы болар, Министрлер Кеңесі төрагасының эстафетасын Сізден кейін Нұрсұлтан Әбішұлы жалгастырды. Сіздің сол қызметтіңіз құтты болып, елдің қалауымен пешенесіне Қазақстанның тұңғыш Президенті болу құрметті бүйірды. Тарих таң-дауы солай екен. Соңғы Президент сайлауы откесін Нұр-сұлтан Әбішұлына өзіңіздің ағалық,abyzdyk, ardagерлік ақ батаңызды бердіңіз.

— Сауытбек қарагым, өзің де айтып жатырсың, раҳмет, біледі екенсің, соның бәрі рас. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенттімен өмір жолымызды тарих пен тағдыр осын-дай нышанды сәттерде қыыстырганы, халқымыз үшін сын-дарлы сагаттарда тогыстырганы үшін Құдайга мың тәу-бе. Мен бақытты адаммын. Еліммен бірге жасасып келе-мін. Елбасымыз да әр кездескен сайын ыстық ықыласын, ілтипат-мейірін аямайды. Оган да раҳмет. Тоқсан жыл-дығымды Үкіметке тапсырма беріп, елдің тойы қылып Ас-танада өзі бас болып откізді. Тойыма келип, көңіліме шуақ құйған тамаша тілек айтты. “Мениң мына жұмыста же-місті жүргенім қызмет эстафетасын, Бәйкен ага, Сізден, Сіздің қолыңыздан алғанымнан деп білемін. Сіз жылы ор-ныңызды маган қалдырып кеттіңіз гой. Сол орын құтты әрі қыдырлы орын екен”, деген мейірімге толы сөздері мерейім-ді көтергені рас. Соның барлығы үшін “Егеменнің” беті

арқылы да ақсақалдық алғысымды арнаймын. Біздей кәріге осындаиді ілтипаттан артық не керек. Мінеки, Астана тойының да құрметті қонағы болып барып, қуанышқа бөлгенгелі жатырмыз. Айналайын Нұрсұлтанымда ақ батамды тағы да беремін: Асқар тауық асқақтасын. Ақорданың айбыны ассын. “Бәйттерегің” саялатсын. “Хан-Шатырың” аялатсын. Тәуелсіздік түлпары майпаңдасын. Береке-бірлігіміз шайқалмасын. Раҳметіңді өзіңді көкке көтерген, қадіріңді білген, қасиетіңді таныған халқың мен еліңе айтқын. Қазақстаниңды жарқын болашаққа бастай бер. Өзің салдырган Астананың тойы құтты болсын. Қосегең еліңмен бірге көгерсін. Ел аман болсын, елі сенген, елдің багына туған өзіңдей Ер аман болсын! Ақсарбас айттық жолыңа, айналайын Нұрсұлтаным!

– Әңгімеңізге раҳмет. Өзіңіз де елдің қыдыры, абыз қарты болып жасай беріңіз, Бәйкен ага!

Сұхбаттасқан
Сауытбек АБДРАХМАНОВ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Бәйкен Әшімұлының зейнетке шыққанына биыл жиырма үш жыл екен. Біrsыпра уақыт. Өмірге жаңа келген нәрестенің ержетіп, азамат болатын кезі. Ол дүниеге келіп, алғаш рет көзін ашқанда нені көрсе, одан кейін ес біліп, естиярлыққа жеткенде нені үғынса, соның бәрін ол табиғилық деп қабылдайды. Оған бәрі заңдылық болып көрінеді.

Ал енді өзінің саналы өмірін түгелдей бір заманда өткізіп, өзінің азаматтық борышын сол қоғамда атқарып барып, сонсонаң одан мұлде өзгеше заманда табиғи бейтараптыққа көшкен адамның көзімен қарағанда, ол адам жаңағы басқаша кезенді қалай қабылдамақ керек?

Бұл жөнінде кесіп айтар келте жауап болмауы ықтимал. Әркім өз шама-шарқынша әрқалай түсінеді. Өткен заманың жылы-жұмысағын еркін татып қалған бағзы біреу “халық ұстінде қалқығанды” өгейсіп, бүгінгі болмысқа теріс қолын жаятын болар. Артына топырақ шашып әдеттентен кейбір кері тұяқтар өткен тарихты түп-түгел қаралауға бейім тұрар.

Бәйекен сынды байсалды ойдың адамдары, әлбетте, ондай ұшқары ұғымдардан бойларын тартып ұстар еді.

Откен заман болмысының қай биігінен қарауға да мұмкіндігі бола тұра, ондай парасатты ақыл иелері сол болмыстың ішкі мәніне терең үңілмей, оның қыртыс-қатпарларындағы бірімен-бірі үндеспей, үйлеспей, қайшыласып жататын алалықтарына көз жіберместен, жоғарыдағыдай үстірт үкім шығаруға әсте де бармас еді. Оған Бәйкен Әшімұлының бұдан сәл ертеректе газет тілшісіне берген мына сұхбаты дәлел:

“... Біздің үрпақ кешегі кеңес болмысында тәрбиеленіп өсті. Басқа қоғамдық құрылышты олар көрген жоқ. Сол кезеңнің барлық құбылыстарын бірден-бір заңды, әділ және қажетті деп ұқты. Дәуірдің дәйексіз тұстарының қалың қазаққа зобалан-зұлмат әкелгеніне есеп те бере алған жоқ. Біздің замандастарымыз, жақсы болсын, жаман болсын, өз заманының перзенттері еді.”

Таяуда шетелдік беделді газетке берген сұхбатында Елбасы осы мәселені тағы бір қырынан алып, әрі қарай қарастырды. “Мениң болашағым – өткен өмірімде” дейтін ескі

қағиданы еске алып, оның тағылымы – өткеннің қателігін қайтала мауда екенін тілге тиек ете келіп, Президент ойын былай сабактаған:

“Расында да, кеңестік кезенде ұлы жетістіктер болды: мешеу ел индустрияланды, соғыста жеңдік, Юрий Гагарин ғарышқа үшты, “ен оқығыш ел” жаппай сауаттанды, мәдениет саласында шалқыған кездер болды. Бұл – бізді ұялтпайтын ортақ тарихымыз”.

Бірақ осының бәрі қашшалықты қымбатқа түсіп еді. Президенттің айтуынша, адам жақсылыққа тез үйренеді. Қөрген жәбір-жапа мен қорлық-зорлық та тез ұмытылады. Құні кешегі сипыра сүргін мен жаппай жоқшылықты, идеологиялық өктемдік пен ұлт мәселесіндегі орталықтың олақтығын ұмыта қоятын ретіміз жок.

Көрдіңіз бе, Елбасы да, Елағасы атанған ардагер ақсақалымыз да кешегінің келеңсіз кептерін еске алғанда, бүгінгі тәуелсіздіктің он жылдық биігінен алға қарай сеніммен көз жеткізгендіктен де осылай батыл айтып отыр.

Ия, бүгінде біздің елде Тәуелсіздікке басқа балама да, таласқа түсер басқа тандау да жок. Артта қалған он жылдағы егеменді еркін өмірдің аңызы мен тұщысын өз тағдырымыздың талайы деп қабылдағандықтан, еліміз дүние жүзілік өркениеттің данғыл жолына біржола шыққандықтан, біз, қазақстандықтар – казактар, басқа да отандастар ертегінде күнімізге деген қалтқысыз сенімімізді “Тәуелсіздік” атты жалғыз сөздің діңіне тастайын қылып өреміз де, өз жүргімізге имандай үйіріп әкеліп орнықтырамыз. Әйтпесе, өткеннің кедірбұдырына айналышықтал не ақымыз бар?!

Тәуелсіздіктің он жылы. Президентіміздің тауып айтқанындей, жүз жылға татитындей он жыл. Сонда оның әр жылында он-он жылдың жүгі болғаны ғой? Ия, дәл солай еді. Қызығы мен қындығы да, үміті мен құдігі де, берекесі мен бейнеті. де соның ішінде болатын. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы тағылымы еді.

Бәйкен Әшімұлы сол жылдардың әрбір күнін қалт жібермей қадағалап отырды десек, артығы жок. Қазір бәрі жадында.

Кеңес үкіметінің соңғы бес жылындағы қайта құру қүйтырқысы елді құрдымға апарып құлатуға айналғанда жаны

күйзелген ақсақал кенет “Тәуелсіздік” деген бір тосын сөздің жаңғырығын естіп елең еткен. Іле-шала еліміз Тәуелсіз республика деп жарияланып, оның тұңғыш Президентіне Нұрсұлтан Әбішұлы сайланғанда, “Ия, сәт!” деп көңілі бір серпіліп қалған. Оның өз жөні бар еді.

Сонау алпысыншы жылдардың басында Қарағандыға қызметке келгенде, “Теміртау оқиғасының” салқыны әлі де сейіліп болмаған кезі еді. Сол өмірді тезірек қалпына келтіру бағытында комбинат жастарына үйтқы болып жүрген жігерлі жігіттің жалынды сөзін естіп, бір айызы қанғаны бар. Кейінірек, сол комбинаттың саяси басшысы дәрежесіне көтерілген кезде, үлкен олқылыққа ұшыраған көсіпорынның барлық тіршілігіне жан-жақты талдау жасап, орын алған кемшіліктердің себебін ашқан және оларды жоюдың онтайлы жолдарын нұсқаған “Правда” бетіндегі көлемді мақаласын оқығанда, болашақтағы іскер өндіріс басшысының бейнесін көрген. Содан бергі бүкіл өсу жолы көз алдында: Қарағанды сынды үлкен облыс басшыларының бірі. Жетпісінші жылдардың аяғына қарай Орталық Комитеттің хатшысы. Экономиканың ең жетекші саласын басқаратын білікті маман осылай келіп еді. Тұрасын айту керек, сол кезде есімі Одақ көлемінде дүрілдеп тұрған Қонаевтың төңірегіне топтасқан республика басшылығының ішінде Нұрсұлтан Назарбаевтың бейнесі іскерлігімен бірден жарқ етіп көрінген.

1985 жылы Бәйкен Әшімов Жоғарғы Кенес Төрағасына ауысып бара жатқанда, өзі көп жыл басқарған Үкімет Төрағасының құтты орындығын Нұрекене өз қолымен ұсынып тұрып, ағалық шын көңілден ак тілегін айтқан. Занды уақыты келгенде, енді міне, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті мәртебесіндегі тарихи міндетті атқаруға кірісіп кетті.

Бәйекен содан бері өзін Елбасының ең белсенді тілекшілерінің бірі деп санайды. Қайталап айтайық, содан бері Президенттің айтқан әрбір сөзі бұл кісінің жадында, әрбір іс-кимылы көз алдында. Алғаш рет халыққа арнаған сөзі де есінде:

— Мұндай мүмкіндік әрбір халықтың маңдайына бес жұз жылда бір-ак рет жазылады екен. Тарихтың тағылымы солай

дейді. Ендеше соны пайдаланып қалайық, халайық! – деп еді тебіреніп тұрып. Сол мүмкіндікті пайдалануға алдымен өзі жанын салды. Жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп, бүкіл жер жүзін арапап шықты. Еліміздің көгілдір жалаушасын төлкүжаттай қолына ұстап жүріп, дүние жүзіне қазак деген халық бар екенін, Қазақстан атты ел бар екенін жар етті. Халықаралық қауымдастыққа таныстырыды. Біріккен Ұлттар Ұйымының есігінен енгізіп, төрінен бір-ақ шығарды. Төбесіне Қазақстан Республикасының көк туын желбіретіп тігіп қайтты. Бәйекең сонда бір риза болған.

Сол тәуелсіздіктің іргесі қаланып жатқан кезде егемен елдің кіндік қаласын Қазақстанның қақ ортасына апарып орналастырып, тағы бір тарихи іс тындырыды. Бәйекең екінші рет риза болып, Астананың алғашқы тұсаукесер рәсімінде ақсақалдық ақ батасын берген-ди.

* * *

Бір кезде өрісін өрден іздеген жас талап, одан кейін маңдайы жарқыраған жайсаң жігіт, одан әрі қарай: ел қамын ойлап, ерте тұрып, кеш жатқан ер азамат; көшелі елдің көшін бастаған көреген аға; елге ақылын айтып, ағынан жарылған абзал ардагер; жол айырығында жөн сілтеп, жол амандығын тілеген абыз ата. Биресми ел пікірінде осындаі биік мәртебе алған ардақты ақсақал Бәйекен Әшімовтің өмір жолы жайындағы осы бір деректі хикая аяқталып келеді.

Ал өмір әрі қарай жалғасуда. Сексеннің сенгіріне сескенбей өрмелеп шығып, одан тоқсанның құзар күнесіне көтерілген ақсақал қазір ел тілегі үстінде ортамызда жүр. Откен ғасырдың бозала танында дүниеге келген нәресте сондағы арынды заманның тұңғығына батып кетпей, асau толқынның ақ жалынан ұстаған қүйі, адамдық, азаматтық борышын ел алдында, уақыт алдында актаумен келді. Жаңа ғасырдың табалдырығында Тәуелсіздік атты тұллар мінген елінің күміс қоныраулы күймесінен күрметті орын алды.

Жалғаннның жарығына келген жан иесінің ен қасиетті арман-тілегі туған елінің тәуелсіздік туын көтерген жұлдызды сәтін көріп, соның бұла болашағын таусыла тілеу екенін

жан-жұрегімен сезінген пендеде арман болмаса, сол армансыздың бірі осы Бәйкен ағамыз болса керек.

“Туған еліңе бір себін тисе, сен де бақыттысың...” деп еді ол жоғарыда келтірілген газет сұхбатында. Ендеше өмір бойы сол еліне еселеп септігін тигізген адамды шексіз бақытты деп те айта аламыз.

Сондай армансыз, бақытты кісілер, өркениеттің өр биігіне қарай жол тартып бара жатқан елінің тілеуқор аксақалдары көбейе берсін, илләхи!

МАЗМҰНЫ

ЗАМАНА ПЕРЗЕНТИ

Тамыздың таңында	3
Бағдарсыз сапар	11
Қара айырдың жалында	14
Жер кұнары – елге күт	35
Алдыңғы шепте	46
Жауынгерлік сапта	54
Жорық жолдары	62

ХАЛЫҚ ҚЫЗМЕТИНДЕ

Туған жерге тігілген ту	71
Мәлдір көздің жанары	86
Өларадагы аласапыран	100
Ер намысы – нарга жүк	113
Тың дастанының әрқиылды тараулары	126
Парыздың өтелметі – парасаттан	143
Жаңа белестер, қымбат есімдер	154
Жетісу жерінде	166

БИЛІК БИІГІНДЕ

Үкімет үйіндегі үрдістер	178
Басшылық басқыштары	194
Жұлдызды жылдар	221
Онашалықтағы оқшау әңгімелер	234
Өкілетті билік өрістері	242

ЗЕЙНЕТКЕР ЗЕРДЕСІНІҢ АЙШЫҚТЫ ЗЕРЛЕРИ

Азаттықтың алғашқы лебі	249
Арыстар рухын алқалап	255
Көкжиеғің – көnlіліңнің жеткен жерінде	261

ТОҚСАННЫҢ ТОЛҒАУЫ

Алғыска толы ак жүрек	268
Президент Н. Ә. Назарбаевтың құттықтау сөзі	277
Бәйкен Әшімұлы Әшімовтің жауап сөзі	279
Аскар таудай абырай. Ә. Кекілбаевтың баяндамасы	281
Елімен етене елбасы	297
Тәуелсіздік тағылымы	313

Жұмағали ЫСМАҒҰЛОВ

БӘЙКЕН ӘШІМОВ

Fұмырнамалық деректі хикаят

Редакторы *H. Оразбек.*

Суретшісі *H. Наурызбаев.*

Компьютерде беттеген *K. Оразбек.*

ИБ №127

Басуға қол қойылды 12.11.08. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$
Каріп түрі “Таймс”. Қағазы оффсеттік. Басылым оффсеттік.

Есепті баспа табагы 20,0+1,0 б. т. фотосуреттер.
Таралымы Мемлекеттік тапсырыс есебінен 2000 дана + Баспа есебінен 500 дана.
Тапсырыс №1106.

ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”

Алматы қаласы,
Прокофьев к-си, 226/1.
Тел./ факс (727) 241-25-47

635 т.

 ЖШС РПБК “Дәуір”, 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru